

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ  
УНИВЕРСИТЕТ  
SOUTH KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY



SOUTH KAZAKHSTAN STATE  
PEDAGOGICAL UNIVERSITY



**«Тәуелсіздік және тарихи тұлға»**  
атты Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойына және Абылай ханның 310  
жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция  
жұмысының  
**ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК НАУЧНЫХ СТАТЕЙ**  
международной научно-практической конференции  
посвященный 30-летию независимости и 310-летию Абылай хана  
**«Независимость и историческая личность»**

**A COLLECTION OF SCIENTIFIC ARTICLES**  
international scientific and practical conference  
dedicated to the 30th anniversary of independence and the  
310th anniversary of Abylai Khan  
**"Independence and historical personality»**

**I том**

**Шымкент – 2021**

ӘОЖ  
ББК  
Б

*Ұйымдастыру алқасының төрайымы*

Сугирбаева Гулжан Даулетбековна - ОҚМПУ ректоры

*Ұйымдастыру алқасы:*

Исабек Баршагүл Қашқынқызы	- т.ғ.к., доцент
Бегалиева Рауан Нармаханқызы	- п.ғ.к., доцент м.а
Анарбаев Қайрат Сапарханұлы	-т.ғ.к
Оразбаева Эльмира Бейсенбайқызы	- ф.ғ.к., аға оқытушы
Нүрпейісов Нариман Жұмашұлы	- ф.ғ.к
Ибашова Альмира Байдабековна	- п.ғ.к., аға оқытушы
Саулембаев Алтынбай Тагабаевич	- т.ғ.к., аға оқытушы
Тұрысқұлов Өмірәлі Жүсіпұлы	- п.ғ.к., доцент
Байбатшаева Айдайқыз Еркінбекқызы	-п.ғ.к., доцент м.а

«Тәуелсіздік және тарихи тұлға» атты Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойына және Абылай ханның 310 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысының ғылыми мақалалар жинағы. - Шымкент: «Оңтүстік Полиграфия» баспасы, 2021. – бет

Сборник научных статей международной научно-практической конференции посвященный 30 - летию независимости и 310-летию Абылай хана «**Независимость и историческая личность**» «Оңтүстік Полиграфия»: - Шымкент, - 2021. – стр.

A COLLECTION OF SCIENTIFIC ARTICLES international scientific and practical conference dedicated to the 30th anniversary of independence and the 310th anniversary of Abylai Khan "**Independence and historical personality**» Оңтүстік Полиграфия": - Shymkent, - 2021. - p.

ISBN

Жинаққа Қазақстандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері ендірілді. Барлық жарияланымдар авторлардың редакциясымен берілген.

ӘОЖ  
ББК

ISBN

## АЛҒЫ СӨЗ

**Сүгірбаева Гүлжан Дәулетбекқызы**

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры,  
тарих ғылымдарының кандидаты.

Өркениетті қоғам құруға бет алған жұрттың бәрі де алдымен өзінің тарихи тамырын, географиясын танытып, тарихи жадын қалпына келтіруге күш салады. Қазақ тарихы осы күнге дейін отаршылдардың еркінше бұрмаланып келді. Ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылықтар бүркемеленіп, оның орнына жасанды, қазақ менталитетіне жатпайтын рухани өлшемдер орнатылды. Осының салдарынан халық өз географиясы, тарихы туралы шындықтан адасып қалды. Ұлтымыздың ғасырлар бойы армандап, аңсаған, қол жеткізген тәуелсіздігі – мемлекетіміздің егемендік тұғырын биіктетіп, елдің іші-сыртын бүтіндеп, шекарасын белгілеп, өркениет үрдісінде өзіндік даму жолын таңдауға қол жеткізді. Халқымыздың асыл ұл-қыздары, адал перзенттері, тоталитарлық жүйенің дәуірлеп тұрған кезінің өзінде де, тағдырына арашашы болып, тәуелсіз ел болып, егемендікке қол жеткізіп, байып-көркеюіне үлес қосуды өздеріне мұрат тұтқан. Солардың бірі – Қазақ хандығын нығайтып, үш жүздің басын біріктірген, солтүстік-батысында Ресейдің, шығысында Қытайдың тырнағынан елімізді аман сақтап, жоңғар мен қалмақтың, Хиуа мен Қоқанның шапқыншылығын тойтарған көреген саясаткер әрі дарынды қолбасшы - Абылай хан. Қазақтың ұлы ханы, аса көрнекті саяси қайраткері және қолбасшысы Абылай ханның биыл 310 жылдығы мен ел тәуелсіздігінің 30 жылдығы орайласып келіп отыр. Бүгінгі Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті ұйымдастырған «Тәуелсіздік және тарихи тұлға» атты Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойына және Абылайханның 310 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның мақсаты – Абылай ханның саяси қайраткерлігін, тұлғалық болмысын, мұрасын дәріптеу, Абылай ханның өмір жолын, Қазақстан тарихының межелі сәттерін зерделей отырып, тәуелсіздігіміз бен ұлттық құндылықтарымызды зерделеу, Абылай ханның қазақ халқының тарихындағы рөлін зерделей отырып, қоғамның бірлігі мен тұтастығын насихаттау, ел тәуелсіздігін ұлықтау болып табылады. Конференция барысында Абылай хан тұсындағы Қазақ хандығының дамуына қатысты жаңа ойлар, тәуелсіздік тарихына терең үңілетін ғылыми-пікірлер ортаға салынады деп ойлаймын. Конференция жұмысына сәттілік тілеймін!

## ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ДАМУЫНДАҒЫ АБЫЛАЙ ХАННЫҢ ОРНЫ

**Исабек Б.Қ.** – Оқу және оқу әдістемелік істер жөніндегі проректор,  
т.ғ.к., қауымдастырылған профессор  
ОҚМПУ, Шымкент қ.

### Резюме

*В этой статье рассматривается деятельность известного казахского хана Абылая как исторической личности, чуткого полководца и дальновидного, последовательного правителя Казахского ханства, сыгравшего важную роль в его дальнейшем развитии. В работе дана оценка дипломатической мудрости Абылай-хана, проявленной к двум империям – России и Китая, сумевшего сохранить оптимальный вариант отношений между ними, раскрывается также его внутренняя политика.*

### Summary

*This article focuses on the activities of the famous Kazakh khan Abylai as a historical figure, responsive military leader, farsighted and consistent ruler of the Kazakh Khanate, which played an important role in its further development. The paper assesses the diplomatic wisdom of Abylai Khan, manifested in two empires - Russia and China, who managed to save the best relations between them, where were developed its internal policies.*

Азаттықтың арқасында тарихи тамырымызды танып, тарихи жадымызды қалпына келтіруге мүмкіндік алдық. Бұрмаланған жерлері қайта қаралып толықтырылуда. Елдің елдігін, ұлттың болашағын сақтап, халықтың қамын жеген ұлы бабаларымыздың өмір жолдарын зерттеп білуге көңіл қоя бастадық. Солардың бірі ХҮІІІ ғасырда ел басына күн туған қиын кезеңде қазақты жауға қарсы жұмылдырып, талай шайқастарда ерлігімен көзге түскен қолбасшы, көреген дипломат, кеменгер тұлға - хан Абылай.

Абылай (шын есімі Әбілмәнсүр) шамамен 1710-1711 жылдары дүниеге келген. Абылай Қазақ хандығының негізін қалаған Жәнібек ханның тоғызыншы ұлы Жәдіктен тарайтын әулетке жатады, әкесі сұлтан Уәли (Көркем Уәли), атасы - сұлтан Қанішер Абылай, арғы бабасы – атақты Салқам Жәңгір. Әке-шешесінен ерте айырылып, көп қиындықты бастан кешірген. Күн көру үшін өзін Сабалақ деп таныстырып, тегін жасырып, мал бағып, өз еңбегі мен ақыл-парасаттылығының, батыл қимылының нәтижесінде жоғары лауазымға жеткен.

Халық эпосы, жырлар, қиссалар, мақал-мәтелдер мен ауыз әдебиетінің өзге де көптеген үлгілерінен Абылай хан хақындағы тарихи шындықты көруге болады. Осыларда оның тұлғасы даңқты қолбасшы, халқымыздың қорғаны, панасы, көсемі болып сипатталған. Абылай туралы оның ақылшы-кеңесшісі болған Бұқар жырау жырларында көп кездеседі. Ол өз толғауларында Абылайдың балалық шағындағы ауыр күндерін, оның барлық атақ пен даңққа бойындағы қасиеттерінің ұшталуына халықтың қолдауының арқасында жеткенін айтады. Үмбетей, Тәтіқара, Ақтамберді жыраулар толғауында да Абылай атына, оның батырларына айтылатын мадақ Бұқар өлендерімен сарындас келеді [1].

Ресей патша өкіметінің саяси идеологы А.И.Левшин 1832 жылы жазылған кітабында Абылайдың парасаттылығына, ақыл-ой даналығына, тапқырлығына оң баға беріп, ірі тарихи тұлға ретінде таныған [2,254-б.].

Абылай хан туралы зерттеуде шөбересі ғалым Шоқан Уәлихановтың жинастырған материалдарының алатын орны ерекше. Оның ХІХ ғасырдың 60-жылдары жазған "Абылай" атты мақаласы бар. Ол негізінен айбарлы да ақылды хан жөніндегі тұңғыш ғылыми еңбек болып саналады. Абылайды Шоқан Уәлиханов жазғандай қазақтар «ұлы істер атқару үшін Алланың өзі жіберген елшісі, әруақ иесі деп ұққан...» [3,6-б.].

"Абылай есімі - тарихымыздың ескерілмей, қалтарыста елеусіз жатқан беттерінің бірі. ХІХ ғасырдың сонау 60-жылдарында Шоқан Уәлиханов жариялаған "Абылай" деп аталатын шағын ғана мақаладан басқа, күні бүгінге дейін бұл тұлға жөнінде жазылған бірде-бір зерттеудің болмай келуі өкінішті-ақ", - деп жаза отырып, тарихшы-ғалым Р.Б. Сүлейменов кеңестік дәуір кезінде-ақ Абылай хан туралы зерттеуін тайсалмай бастаған еді. Соның дәлелі Р.Сүлейменов пен В.Моисеевтің «Из истории Казахстана ХVІІІ века» деген кітабының алғашқы аты «Абылай» болатын. Бірақ сол кездегі билік басындағылар шығарма хан

Абылайдың атымен аталуы тиіс емес деп, еңбектің атын өзгертті. Иван Грозныйға, Петр I-ге арнап іргелі монография жазуға болғанда, неге қазақтың ұлы ханы Абылайға арнап еңбек жазуға болмайды деген талпынысы мен тұлғаның тарихи оқиғалар барысындағы қызметін түсіндіруге жасаған әрекетінің нәтижесінде тарихшылардың қолы жеткен нәрсе кітаптың атынан соң жақшаның ішіне «Абылайдың ішкі және сыртқы саясаты» деп жазуы болды [4].

1991 жылы 2 тамызда Көкшетауда хан Абылайдың туғанына 280 жыл толуына арналған республикалық конференцияда жасалған ғалымдардың баяндамалары кейін арнайы жинақ болып, басылып шықты [5].

Абылай Қазақ даласына шығыстан Жоңғар хандығы, Циндік Қытай агрессия жасаған, солтүстіктен Ресей империясы, оңтүстіктен Орта Азиялық хандықтар көз салған қиын да күрделі заманда өмір сүрді. Ол жорықтарда алдыңғы қатардағы жауынгер боп қатысып, ерліктерімен еленіп, халықтың құрметіне бөленді.

Шындығында, Абылай өмір сүріп, елінің азаттығы жолында жанкештілікпен арпалысқан XVIII ғасыр қазақ елінің басына қара күн туып, құрып кету қаупі төнген, халқымыз «Ақтабан шұбырындыға» ұшырап, «Елім-айлап» күңіренген зар заман екені бүгінде әркімге аян. Сол кезде солтүстіктегі алып көршіміз Ресей барынша күшейіп, бүкіл Сібірді бауырына басып, Қазақ жерін жан-жағынан құрсаулай қысып, батыста Еділ мен Жайықты, солтүстікте Ор мен Тобыл, шығыста Ертіс өзендерінің бойын иемденіп, берік орнығу үшін Омск (1716 ж.), Семей (1718 ж.), Павлодар (1720 ж.), Өскемен (1720 ж.) бекіністерін салып, ішкерілей еніп келе жатты.

Абылай 1740 жылы Орынборда Ресеймен бодандық шартына қол қойғанмен, 50-80-жылдары Қытай мен Ресей империясының арасындағы қарама-қайшылықтарды пайдаланып дербес мемлекет үшін күресті. Абылай хан екі империялық мемлекетпен де байланысты үзбей, сол кез үшін сыртқы саясатта бірден-бір дұрыс бағыт ұстанды. Бұл Абылай ханның сыртқы саясатындағы ірі жетістігі еді. «Абылай ыңғайына қарай біресе орыс үкіметіне, біресе Қытай үкіметіне бағыныштымыз деп жүрді. Ал, шын мәнінде тәуелсіз саясат жүргізді», - деп жазады орыс тарихшысы А.И. Левшин.

XVIII ғасырдың 50-жылдарында жоңғар феодалдарының арасында алауыздық туғанда, Абылай жоңғардың қарама-қарсы топтарының көмек сұрайтын адамына айналады. Дауаци мен Әмірсана екеуі біріге отырып, Лама Доржимен соғысады. 1751 жылғы соғыс барысында Дауаци мен Әмірсана жеңіліп қалып, қазақ хандығына келіп, Абылайды паналайды. Енді екі елдің арасындағы қарым-қатынас қайтадан шиеленісе түседі. Лама Доржи 1751-1753 жылдары қазақ хандығына қайта шапқыншылық жасады, Абылай бастаған қазақ әскерлері Лама Доржидың әскерімен соғысты. Жоңғар билеушісі Абылайдан Дауаци мен Әмірсананы дереу қайтаруды талап етті. 1752 жылдың күзінде Абылай Ұлытауға үш жүздің басшы өкілдерін жинап кеңес құрды. Жиында Дауаци мен оның сыбайластарын жоңғарларға қайтарып беру керек пе, әлде бермеу керек пе деген мәселені күн тәртібіне қойды. Бірақ ел басшылары, оның ішінде Әбілмәмбет хан да бар, Малайсары да бар, барлығы елді тағы да титықтатуы мүмкін жоңғар шабуылынан сескеніп, қашқындарды қайтарып беруді қолдады. Алайда, кеңеске қатысушылардың көпшілігі Абылайды жақтап, Дауаци мен Әмірсананы ұстап бермеуге шешім қабылдады. Ұлы ханның мұндай шешімге келуі болашақта бұл мәселе қазақтар үшін пайдалы екендігін білгендігінде деуге болады. Мәслихатта Абылай айтты деген мына сөз орыс деректерінде сақталған деп жазады Р.Сүлейменов: «Дауаци - аты мәлім ірі ноян, алдағы уақытта қазақ үшін оның тигізер пайдасы жоңғардың қазіргі билеушілерінен молырақ болуы мүмкін. Егер қазір оны ұстап берген болсақ, кеудесінде жаны қалса, хан мұрагері ретінде таққа отырар, қалмақ жұртын билеп, қаһарына мінер күн туса, ол басқа жаудан гөрі біз үшін қатерлірек болар».

Мәслихатта Абылайдың ұсынысының өтуі, жоңғарлармен қақтығысқа әкеп тіреді. Қазақ әскерлерін Абылайдың өзі басқарып, жауға бірнеше дүркін соққы беріп, біраз қалжыратып та тастайды. 1753 жылдың 12 қаңтарында Дауаци мен Әмірсана хан ордасына

басып кіріп, Лама Доржиді өлтіреді. Оның орнына Дауаци отырады. Абылайдың көрегендікпен болжағанындай, хан тағын иеленгеннен кейін Дауаци Абылай мен өзге қазақ билеушілеріне дереу бітімге келіп, одақ болу жөнінде ұсыныс жасайды. Алайда, Жоңғарияда бейбітшілік орнай қалған жоқ. Дауацидің күні кешегі одақтасы Әмірсана одан халықтың жартысын бөліп беруді талап етті. Екі ноян арасында күрес басталады. Дәл осы кезде жоңғар хандығының ішкі де, сыртқы да жағдайы мүлдем әлсіреп, тұйыққа тіреледі «Соны пайдаланып, қалмақ елінің билеушілерінен кек алуға мүмкіншілік те туды, бірақ Абылай оған барған жоқ, ол елді қырып-жойып шапқан жоқ. Осы кезде Абылай хан асқан адамгершілік, парасаттылық танытып, қалмақ елін талқандаудан бас тартты», - деп жазады Қ. Әбуев [6]. Саяси күрес барысында Әмірсана жеңіліске ұшырап, Цин империясының қол астына қашып барып көмек сұрайды. Оның ойы Цин әскери күшін пайдаланып, Дауациді құлату, сөйтіп ел билігіне ие болу еді. Жоңғар хандығын жоюдың қолайлы кезеңін қашаннан тосып жүрген Қытай императоры Хун Лидің көктен тілегені жерден табылып, ол Әмірсананы күшақ жайып қарсы алды, өз әскерінің қалың қолын Жоңғарияға төкті. Енді Дауациге қарсы соғыс деген бұркеушілікпен өз саясатын іске асыруға кірісті. Қытай әскері жоңғар жеріне баса-көктеп кіре сала қырып-жоя бастады. Дауаци ұзамай қолға түсірілді, Пекинге жіберілді, бірақ Қытай әскері кетуге асықпады. Олар шептер салып, ойраттарды бағындыруды жүргізе бастады. Нәтижесінде Жоңғар хандығы тарих сахнасынан жоғалды.

Абылайдың дипломатиялық шеберлігінің арқасында қазақ елі Ресей империясының бодандық торына бірден шырмалып қалмай, бір ғасырдан астам өз дербестігін сақтап қалды. Егер осы кезде Абылай бастаған қазақ хандығы Жоңғар хандығы сияқты шаңырағы ортасына түссе, онда бүгінгі қазақ ұрпағының тарихи тағдыры жоңғар тарихына ұқсап қалуы мүмкін еді.

Белгілі тарихшы И.В.Ерофеева шет елдегі мұрағаттардан Абылай ханның өзі жазған 105 хаты және Әбілмәмбетпен бірге жазған 8 хаты барын анықтады [7]. Абылай жоңғар тұтқынында болған кезеңінде ойрат тілін үйреніп алған.

Жоңғарлармен, Қытаймен соғыс аяқталған соң Абылай Ресей және Қытай мемлекеттерімен сауда қатынасын дамытуға барлық күш-жігерін салды. Қазақстанның солтүстігі мен оңтүстігін байланыстырған жол «Хан жолы» деп аталды.

1757 жылы жазда қазақ хандығының елшілері Ханжығар, Өміртай, Долан, Ираншы, Танаш, Бекенайлар Бейжіңге барып, Ежен хан ордасына тарту тартып қайтты. Бұл қазақ елшілерінің алғаш рет Бейжіңге баруы еді. Осы 1757 жылдан 1830 жылға дейінгі жетпіс жыл ішінде қазақ хан сұлтандарының елшілері жыл сайын, кейде жыл аралап Бейжіңге барып, Ежен ханға жолығып тарту-таралғы жасап отырды.

1757 жылы 22 маусым күні Абылай хан Ежен хандығының әскери бастығы Жоумен кездескенде қазақтардың сауда-саттық жасауы үшін Ұлыұңгір жағасына сауда жәрмеңкесін ашуды ұсыныс етті. Бірақ Жоу: «Ұлыұңгір алыс, саудаға қолайсыз, жәрмеңке ендігі жылы /1758 жылы/ шілдеде Еренқабырғада және Үрімжіде ашылсын, қазір Үрімжіде әскери елшілік жұмысы жүргізіліп отыр, бұл сауда-саттық істеуге тиімді жағдай» деп жауап берді. 1758 жылдан бастап үш жерде - Тарбағатай (Шәуешек), Іле (Құлжа) және Үрімжіде қазақтарға арналған сауда жәрмеңкесі ашылды. Мұнда қазақтар көбінесе жылқы әкеліп сатты. Өйткені, Ежен ханның әскерлеріне және әскери егіншілік ісіне ат аса қажет еді. Одан басқа сиыр және қой әкеліп өткізіп отырды. Ал, қазақтар көбінесе торғыш-торқа, мақта-мата тағы басқа тұрмыс бұйымдарын саудалады. Бұл базар қатынасы үкімет пен қазақ феодалдары арасындағы сауда-саттық сипатында болды. Мысалы, мыңдаған қылқұйрық Абылай хан атымен келіп саудаланып отырды. 1758 жылы 17 қыркүйек күні Қабанбай Үрімжіге үш жүз ат әкеліп сатты. Қазақ елі мен қазақтар қоныстанған жерлерді басқаруда, Жунгоның Ежен хан үкіметінің маңыз берген басты мәселелері Мемлекет шекарасының амандығы және ел іргесінің тыныштығы ғана еді. Бұдан басқа мәселенің барлығын қазақтың хандары мен

сұлтандары өзі билеп-төстеді. Ежен хан бекіткен Абылай, Әбілмәмбет, Әбілпейіз хандар қазақтың дәстүрлі дағды-салт заңдарын қолданды.

Жоғарыда келтірілген деректерге сүйенсек, Абылай дәуірінде Қазақстан мен Қытай арасында тұрақты бейбіт, саяси қатынас қалыптасып, сонымен қатар сауда-саттық биік дәрежеге көтерілгенін байқаймыз. Шәуешекте, Тарбағатай, Құлжада, тағы басқа қалаларда ашылған жәрмеңкеде қазақтар малдарын қытай тауарларымен айырбастап алуға мүмкіншілік туды. Қазақ жері арқылы Ресейдің, Орта Азияның мемлекеттерінің сауда керуені Қытай қалаларына келіп-кетіп жатты. Қытаймен бейбіт қарым-қатынасты өрбіте отырып Абылай Ресеймен де қалыптасқан саяси және экономикалық қатынасты үзбеген. Ресей патшалығы болса Қазақстанда өз саясатын Абылайдың қолдауынсыз іске асыра алмайтындығын мойындаған. Ол кезде Ресей үкіметімен айырбас сауда Орынборда, Троицкіде, Семейде, Қызылжарда жүргізілген.

1771 жылы Әбілмәмбет хан дүние салуына байланысты дәстүр бойынша оның балаларының бірі хан сайлануы тиісті еді. Алайда, үш жүздің өкілдері жиналып, Түркістанда Қожа Ахмет Ясауи мешітінде Абылайды ақ киізге отырғызып, ақ боз ат сойып, хан етіп көтереді. Өз халқының қолдауына сүйенген Абылай хан өзін Ресей үкіметінің билікке бекітуін қажетсінген жоқ және де сый-сияпатын алудан бас тартты. Қазақтар арасындағы беделді тұлғаның өз жағында болуын қалаған патша үкіметі араға жеті жыл салып барып, 1778 жылы Абылайды хан деген атаққа ие деп жариялады. Орыс тарихшысы Левшиннің айтуына қарағанда, орыс патшасы Абылайды хан деп таныған. 1778 жылы 22 қазанда Ресей патшасының Абылайды хандыққа бекіткен куәлік хаты, оған қоса ханға арналған тон, тәжі және әскери қылыш дайындалады. Сонымен, бірге Абылайды бұл заттарды Орынборға келіп алуға және Орынбор, Троицк яки Сібір шекара шебіне келіп, Ресейге ант беруге шақырады. Абылай бұл ұсыныстан бас тартады «Мені үш жүздің ханы етіп халқым сайлады, ендеше бұған қоса айрықша куәлік алудың қажеті жоқ», - деп дайындалған куәлік пен шен-шекпендерді алмады. Бұдан соң орыс үкіметі Абылайға бұларды өз ордасында қарсы алып, Ресей елшісінің алдында ант беруін ұсыныс етеді. Абылай бұл ұсынысқа да тойтарыс береді. Әбден амалы таусылған соң патша үкіметі Абылайдың хан ордасына арнайы елші жіберіп, сөз етілген Грамотаны және көптеген сыйлықтарды тарту етті.

Елдің ел болуы оның ұлттық бірлігінің сақталып қалуында екенін Абылай жете түсінді. Халқының ұйымшылдығын сақтау үшін сұлтандар мен билердің алауыздығына жол бермеді. Сонымен қатар, ол елін бір қолда ұстай отырып, өзінің батыл қимылы мен ақыл-парасатын ұлт мүддесінің кәдесіне бағыттады.

Қазақ жұртының шаруашылығын жандандыруға қатысты іс-әрекеттерге Абылайдың өзі тікелей басшылық жасаған. Кезінде хан жөнінде дерек жинау үшін арнайы жіберілген патша кеңесшісі М.С.Бекчуриннің 1780 жылы 16 маусымда жазған мәліметтеріне қарағанда Абылай Қазақ даласында егіншілікті де қолға алған.

Абылай хан Оңтүстіктегі қазақтың байырғы қорған-қамалдарын қалпына келтіруге де белсенді араласқан. А.И.Левшиннің хабарлауынша, Абылай хан «...живя тут, построил он сыну своему султану Адилю по просьбе повиновавшихся ему киргиз-казахов Большой орды при речке Талаше дом, обнес оный валом, основал около него селение из каракалпаков, привыкший к хлебопашеству» [2,256-б.]. Сөйтіп қазақ жерінде егіншіліктің, отырықшылықтың дамуына кең жол ашты.

Абылай қазақ даласында қалаларды жандандыруға да аса зор мән берген. Хан жарлығымен салынған тағы бір бекініс деп Оңтүстік Қазақстандағы Сайрам ауданының Қарабұлақ ауылынан терістікке қарай алты шақырым жерде, Арыс өзенінің иініне орналасқан Ханқорған қамалын айта аламыз. Осы сияқты бірнеше мемлекеттік және шаруашылық зор мәні бар ішкі істерге Абылай өзінің даналығымен, ақыл-ой парасаттылығымен қилы заманда қажымай-талмай, қазақ қауымына адал ниетімен еңбек етті.

Абылай мемлекеттік билікті нығайтуға ерекше көңіл бөлді. Абылайдың кезінде тіке ханға бағынышты ұланы – төлеңгіттері болды. Оның саны бірнеше мыңға жеткен [8,88-б.]. Олардың бір бөлігі Кенесарыға жетті. Орыс офицерінің хабарлауынша: «Скопище султана Кенесары Касымова состоит и собственных его тюленгутов до 1000 кибиток, которые достались ему от Аблай хана, и большая часть калмыцкого происхождения» [9,107-б.].

Абылайдың тірі кезінде көне заңдардың баптары толық орындалды, ұсақ қылмыс үшін қылмыскер жазаланды, қазақтар арасында барымта болмады, ең кедейінің малы сол кезде 500-ге жетті, ал байларының мал саны 5 мыңнан асты және 15 мыңға жетті [10,85-б.].

Абылай қазақ музыкасы дамуына да өзіндік үлес қосты. Абылай ханның күйлерінің тақырыбы нақтылы өмір құбылыстарына арналған және де ел қамы мен халық тағдыры жөнінде толғанған ойларын сипаттайды. Абылай ханның күйлері туралы Ш.Уәлиханов, А.Затаевич сияқты ғалым–зерттеушілер кезінде жазған. Олар: «Ақ толқын», «Бұлан жігіт», «Дүние қалды», «Қайран елім», «Қоржын қақпай», «Жетім торы» т.б. Қазақ музыка үлгілерін жинаушы А.Затаевич «Терісқақпай» атты шығарманы Абылайдың салтанатты шеруі кезінде ат үстінде отырған домбырашылар ойнаған деп жазған: «этот марш при торжественных выездах хана Средней Орды Абылая играли конные домбристы»[11,479-б.].

Өз халқының жарқын болашағы үшін, бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күрескен Абылай хан жетпіс жасында қайтыс болды. Сүйегі Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне жерленген. Абылайдың қабірін археологиялық зерттеу жұмыстары нәтижесінде оның антропологиялық бет-бейнесі анықталды [12].

Абылай ханның ұстанған саясаты, мақсаты - қазақ халқының бостандығы мен бірлігі, мемлекеттілігі мен тәуелсіздігі еді. Бұл арман толық орындалып, қазақ елі өркениетті елдер қатарында өмір сүріп келеді.

#### **Әдебиеттер:**

1. Абылай хан. Тарихи жырлар. Бірінші том. Алматы, 1993; Абылай хан. Тарихи жырлар. Екінші том. Алматы, 1995.
2. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. Алматы, 1996.
3. Уәлиханов Ш. Абылай// Тарихи жырлар. I т. Абылай хан. Алматы, 1995.
4. Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А. Из истории Казахстана XVIIIв. ( О внешней и внутренней политике Абылая). Алма-Ата,1988.
5. Абылай хан Кенесары. Алматы, 1993.-119 с.
6. Әбуев Қ. Қазақстан тарихының «ақтаңдақ» беттерінен Алматы, 1994
7. Ерофеева И.В. Хан Абылай: батыр, полководец, политик // Казахстанская правда, 2011, апрель, №111-112, 118-119.
8. Кушкумбаев А.К. Военное дело казахов в XVIII-XIX веках. 2001.
9. Бекмаханов Е. Казахстан в 20-40 годы XIX века. Алматы, 1992.
10. Ерофеева И.В. Родословные казахских ханов и кожа XVIII-XIX вв. Алматы, 2003.
11. Затаевич. А. 1000 песен казахского народа. Москва, 1963.
12. Смағұлұлы О., Қожаев М., Оразаққызы А. Абылай хан. Алматы, 1999



# ҰЛТТЫҚ ИДЕЯНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ҚОҒАМДЫҚ- ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ҚОЛДАУ

УДК:347.02

## 30 ЛЕТ НЕЗАВИСИМОСТИ КАЗАХСТАНА: ФОРМЫ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ВЛАСТИ В ПРЕДЕЛАХ ПОЛНОМОЧИЙ ПРЕЗИДЕНТА

**Битурсын Г.Ш.** – магистр Права, член Казахстанского союза юристов

Руководитель центра профориентации и карьеры Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, старший преподаватель кафедры "География", Шымкент, Казахстан

**Мадалиева А.А.** – кандидат юридических наук

Профессор кабинета разработки и продвижения образовательных программ филиала Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан по Кызылординской области, Кызылорда, Казахстан

**Нуржанулы А.** – студент 2 курса Института экономики и права Кызылординского государственного университета имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан

*Түйін*

*Бұл мақалада президенттің өз өкілеттілігі шегінде мемлекеттік билікті тиімді басқару мәселелері қарастырылады. Әрбір мемлекет – өзіндік құрылымы бар дербес әлем. Сол мемлекеттің стратегиялық дамуына және өсіп-өркендеуіне жауапты тұлға ол Президент. Егеменді еліміздің тәуелсіздік алған жылдардан бергі Орта Азия елдері арасындағы орны таразыланды. Сонымен қатар ел экономикасының артуы, ғылым мен білім көкжиегінің кеңеюі, елдегі қоғамдық тәртіп пен саяси тұрақтылықты қамтамасыз етудегі мемлекеттік биліктің феномені баяндалды.*

*Summary*

*This article deals with the issues of effective management of state power within the powers of the President . Each state is an independent world, consisting Of a structure. The president responsible for the strategic development and prosperity of any state. Since the independence of our sovereign cjuntry, the place between the countries of Central Asia has been weighed. They also touched upon the issues of increasing the country`s economy, expanding the horizons of science and education, the phenomenon of state power in ensuring public order and political stability in the cjuntry.*

Каждое государство – самостоятельный мир, состоящий из структуры! Президент, ответственный за стратегическое развитие и процветание любого государства.

Глава государства – это ответственное лицо, которое открывает путь к процветанию и развитию своего народа, процветанию жизни. Не так легко попасть в судьбу всего народа и удовлетворить их нужды! Внедрение проблем своего народа в повестку дня ООН и содействие принятию положительного решения, подходящего к пользу населения, требует большого опыта, глубоких знаний и умных усилий.

Запланированные успехи нашей страны в Стратегии «Казахстан-2030» осуществлялись с достижением главной задачи и мы создали независимый Казахстан. Периодически оформились наши границы. Сформировано интегрированное экономическое пространство страны. Заново наложены и

укреплены в стране производственные связи. Поэтому сегодня все регионы работают в неразрывной связке друг с другом.

Кроме того, проведены исторические важные конституционные и политические реформы, которые создали современную систему государственного управления, основанную на разделении ветвей власти. Была построена новая столица страны – Астана (нынешний Нур-Султан), который стал нашим символом и гордостью.

Стратегия «Казахстан – 2050» является как новый политический курс для дальнейшего совершенствования национальной государственности в Казахстане. Стоящая перед нами новая задача требует усилить вектор дальнейшего развития нашего национального государства на долгосрочный период.

Наша главная цель – к 2050 году достичь уровня 30 самых развитых государств мира. Ибо Стратегия «Казахстан – 2050» - это продолжение гармоничного развития Стратегии «Казахстан – 2030» по новому политическому курсу. Как было отмечено «Мировой кризис подтвердил, что мы состоялись как государство и общество. Наши границы, политическая система, экономическая модель больше не является предметом серьезных разногласий и дискуссии ни внутри страны, ни за ее пределами. «Стратегия – 2030» сработала, современный Казахстан состоялся».

Национально-государственное строительство как процесс и составная часть механизма любого государства связано с адекватным отражением в теоретических представлениях таких понятий, как «классовое», «национальное» и «этническое», «интернациональное», «национальное сознание» и «психология». Четкость представлений способствует определению закономерностей развития этого противоречивого процесса. На конкретном этапе, очень большое значение приобретает концептуальное отражение той конкретной меры государственно-правового воздействия на развитие национальных (межнациональных) отношений, которая могла бы служить действительным стимулом социального прогресса всех наций и народностей. Вместе с тем необходимо уяснить тот факт, что процесс развертывания духовных потенции каждой наций есть процесс самодвижения. Его развитие обеспечивается национально-государственными формами. Очень важно всегда учитывать того, что эти формы никогда не смогут полностью охватить движение всех внутренних связей. Национальная государственность – категория историческая.

Основные принципы национально-государственного строительства в Казахстане закреплены в Конституции Республики Казахстан 1995 года. Учет их в практике национально-государственного развития – необходимое условие согласования интернациональных (общегосударственных) и национально-государственных интересов, разрешения противоречий, складывающихся между современной национально-государственной формой организации общественной жизни.

В развитии национальной государственности в Казахстане с первых же дней

независимости учитывались взаимодействие национальных и интернациональных интересов, но вопрос этот специально не исследован, хотя опубликовано немало работ, посвященных единству национального и интернационального в функциях национальной государственности и научная значимость такой разработки в современных условиях становится необходимостью.

Для понимания взаимодействия национальных и интернациональных интересов в нашей национальной государственности большое значение имеет правильное определение этих категорий. Рассмотрим сущность социального интереса в условиях развития национальной государственности в современный период.

Ученые с различных позиций приходят к определению интереса. Некоторые, отрицая объективный характер интересов, признают их субъективность, отмечая, что интерес – это не «повествовательные мотивы в образе мышления людей», а «двигательные импульсы их поведения» [1, 62с.]. Г.П. Ковалевский определял интерес как «акт сознания, относящийся к области волевых отношений» [2, 158с.].

По определению С.П. Макарова интерес можно отнести к конкретной направленности людей на удовлетворение своих потребностей [3, 111с.]. Т.А. Кулиев [4, 10с.], А.Г. Здравомыслов [5, 29с.] рассматривают интерес как единство объективного и субъективного.

Интернациональное – это то прогрессивное в жизни народов, что по своим качественным характеристикам становится общезначимым для части или для всех народов. Интернациональное в нашей стране возникло и развивается, ибо политические, экономические и культурные взаимоотношения различных национальных этносов преследуют единую цель.

Наша Республика развивается по конкретной формуле: «сначала – экономика, потом – политика» политические реформы, проводимые в нашей стране увязываются с уровнем экономики, последовательно движемся по пути политической либерализации, приближаемся к высоким стандартам демократизации и прав человека. В Конституции закреплены фундаментальные права и свободы граждан, имеющие равные права и возможности. Н.А. Назарбаев отметил, что «Мир и согласие, диалог культур и религий в нашей многонациональной стране справедливо признаны мировым эталоном. Ассамблея народа Казахстана стала уникальной евразийской моделью диалога культур. Казахстан превратился в центр глобального межконфессионального диалога»  
Вместе с тем эти интересы как результат объективного отношения народов, наций классов подразделяются рядом авторов на экономические, социальные и политические [6, 12с.]. Сторонники другой точки зрения дифференцируют их на глобальные, локальные, устойчивые и неустойчивые [7, 77с.].

Однако конституции государств, как бы связывающие в единое целое систему их нормативных правовых актов, в то же время составляют фундамент для построения всей системы законодательства, занимают в ней особое место.

Они в определенной мере задают общий тон, ритм, направление правовому развитию [8, 17с.].

С нашей точки зрения пробел может быть восполнен либо самим Парламентом, либо Конституционным Советом при толковании, который может установить меру и пределы допустимого нормотворчества Президента. Эта проблема актуальна в контексте правовой охраны Конституции и нуждается в законодательном урегулировании. Целесообразнее всего принять самостоятельный закон, в котором необходимо, прежде всего, установить, цели и предмет делегирования. Необходимо также установить определенные формы контроля за законами, которые могут быть приняты в таком порядке, закрепив в Конституции положение об обязательном их рассмотрении в Конституционном Совете, равно как и указов, имеющих силу закона[9, 16с.] .

Утверждена концепция местного самоуправления, который позволяет повысить качества управления на аульном, сельском уровне, который расширит участие граждан в решении вопросов местного значения. Предусмотрено создать Национальную комиссию по кадровой политике, принципиально новый класс профессиональных управленцев – корпус А, который ответственен за реализацию конкретных направлений государственной политики. При этом уточняется что «отныне государственный служащий должен продвигаться по карьерной лестнице поэтапно, переходя от одной ступени в иерархии власти к другой, совершенствуя свои навыки и повышая свой профессиональный уровень.

В послании указывается, что «особая ответственность за реализацию нового стратегического курса «Казахстан-2050» лежит прежде всего на казахах. Мы не должны забывать, что адекватный ответ вызовам времени мы сможем дать только при условии сохранения нашего культурного кода: языка, духовности, традиций, ценностей».

В заключение мы надеемся, что в эпоху современной глобальной глобализации, внедряя передовой мировой опыт, на основе сотрудничества со всеми государствами можно открыть путь в светлое будущее.

#### Литературы

1. Михайлов М. Проблемы интересов в социалистической экономике // Вопросы экономики. – 1965. – №4. – с. 62
2. Ковалевский Г.Т. Основное производственное отношение и основной экономической закон социализма// Методологические проблемы экономической науки. – М., 1967. – с. 158
3. Макаров С.П. Централизованное управление производством в условиях реформы. – М., 1972. – с. 111.
4. Кулиев Т.А. Проблемы интересов в социалистическом обществе. – М., 1967. – с. 10
5. Здравомыслов А.Г. Проблемы интересов в социалистическом обществе. – Л., 1964. – с. 29
6. Сабикенов С. Право и социальные интересы. – Алма-Ата, 1986. – с. 12
7. Теоретические вопросы пролетарского интернационализма. – М., 1972. – с. 77
8. Ударцев С.Ф. - Конституция в контексте исторического развития. Вестник КазНПУ им. Абая серия Юриспруденция №2(32), 2013г. – 17 стр.
9. Караев А.А., Касымбек А.О. - Конституционный контроль законов как объекты предварительного конституционного контроля: опыт Казахстана и зарубежных стран. Вестник КазНПУ им. Абая серия Юриспруденция №1(43), 2016г. – 16 стр.

ӘОЖ

## ҰЛТЫМЫЗДЫ ҰЛЫҚТАУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ МӘСЕЛЕЛЕРІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕРДІҢ ОРНЫ

магистр- оқытушылар: Жарылқасын Ә. Ғ, Умбеталиева А.М, Сейдаева А.Н

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент,

Қазақстан

Резюме

*В этой статье будет рассмотрен вопрос национальной идеи, которая свяжет народ Казахстана в единое русло, который на данном этапе является самым актуальным. Национальная идея - это инструмент, определяющий критерии развития общества в определенном направлении. Национальная идея играет роль основного объединяющего фактора общества. Однако в настоящее время в связи с отсутствием в обществе конкретной национальной идеи возникла взаимная борьба различных идей, которая, вместо того чтобы мобилизовать население в одном направлении, вызывает неопределенность.*

Summary

*This article will consider the issue of the national idea, which will connect the people of Kazakhstan in a single channel, which at this stage is the most relevant. A national idea is an instrument that defines the criteria for the development of society in a certain direction. The national idea plays the role of the main unifying factor of society. However, at present, due to the absence of a specific national idea in society, a mutual struggle of different ideas has arisen, which, instead of mobilizing the population in one direction, causes uncertainty.*

Ұлттық идея құндылықтары мен ұстанымдарын екі әлеуметтік қауым арасында мейлінше дәйекті бекемдеу қажет. Ең алдымен бала бақшада тәрбиеленуші бүлдіршіндерден бастап, университет аудиторияларында отырған жастарға жеткізуден ештеңені аяуға болмайды. Содан кейін мамандар мен зиялылардың ұлттық идеяға қалтқысыз берілу сезімін қалыптастыру. Осылардың санасына, өмір салтына сіңген ұлттық идея кімді болсын өз иіріміне ала жөнелетініне күмән жоқ.

Ұлттық идея барша халықтың күш-жігерін, іс-әрекетін уақыт алға қойып отырған аса жауапты тарихи міндетті шешуге жұмылдыратын, баурап әкететін күш болуын қалаймыз. Өткен күндерден айғақ дәлел келтірер болсақ, ХІХ ғасыр аяғындағы Ресейде ұлттық идея міндетін "Самодержавие, православие, народность" деген атау-терминдер атқарса, кешегі Ұлы Отан соғысы жылдарында большевиктер ұлттық идеяның арқалар жүгін "Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін" деген ұранға сиғызды [2, 26]. Кез келген мемлекетке ұлттық идея қажет, ал оның ұғым-түсінігі, атау-термині әр кезеңде әрқилы болып келуі объективті заңдылық. Сондықтан да бүгінгі ұлттық идея міндетті түрде ұзақ немесе қысқа мерзімді қамтып жатуы керек деп шарт қоюдың негізі жоқ.

Республика президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде: «Мәдени дәстүрлер қашанда әлеуметтік қайта түлеудің қайнар көзі болып келді. Өзінің тарихи, мәдени тамырларына қайта оралу бұл әрине оң процесс. Қазақстанда ұлттық тілді,

өнерді, мәдениетті дамытуға барынша қолдау жасалып отыр деген сөзі мұның бірден-бір айғағы. Ұлттық идеяның мән-мағынасын дәл қазіргі таңда "Қазақ елі, Азаттық, Бірлік" деген ұғым-түсініктер аша алады [3, 69].

Идеология – кез келген мемлекетте қоғамды дамытуға, оның мүшелерін бір мақсат жолында біріктіруге, ішкі және сыртқы саясатты жүзеге асыруға, ғылымды, білімді, мәдениетті ілгерілетуге, жаңа адамгершілік құндылықтарды орнықтыруға пайдаланылады. Бір сөзбен айтқанда, идеология мемлекет дамуының басты құралы қызметін атқарады. Тұтас ұлт бәсекеге қабілетті болмайынша, мемлекет әлемдік экономика мен қоғамдастыққа кіріге алмайды [3].

Идеология ұлттың бойында саналы түрде, өз еркімен, құлшыныспен, патриоттық сезіммен орын алғанда ғана тиімді қызмет етеді. Сонымен қатар, идеологиялық қызметтің табысты болуы, ең алдымен патриоттық тәрбие беруге келіп тіреледі. Патриот еместерге, өз елін, Отанын сүюге немқұрайлы қарайтындарға мемлекет идеологиясымен бірге, ұлттық идеяларды да сіңіру қиынға соғады. Елбасы Н.Назарбаевтың сөзімен айтқанда, “шынайы отансүйгіштікті, нағыз азаматтықты қалыптастыру жеке бастың өзін саяси тұрғыдан айқын сезінуін, өз Отанын саналы түрде таңдауын көздейді. Әрбір адам біздің мемлекетімізге, оның бай тарихына, болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай іс-қимыл жүйесін талдап жасауы қажет. Елдің проблемалары да, келешегі де барлық адамға жақын әрі түсінікті болуға тиіс.

Ұлттық идеяны "Қазақ елі. Азаттық. Бірлік" ұғым-түсініктерімен бейнелеу жалпақшешейлік, жалтаңкөздік, баяғы көнбістік емес, қайта саяси, танымдық, рухани кемелдігіміз бен оралымдылықты паш етсе керек. Қазақтың нартұлға ұл-қыздары идея үшін, ал тоталитаризм тұсында қасаң идеяның ойранымен жанын аз қиған жоқ, енді идея қазақ мұраты үшін құрбан болғанын тілейік. Қазақ елінің, азаттығымыздың, ынтымақ-бірліктің мүддесіне қызмет етіп, діттегеніне жеткен күні қош-есенге кете баратын кемел де кесірсіз ұлттық идеяны бекемдеу әрқашан жауапты міндет болып қала бермек. Сондықтан ұлттық идеяны ұлт мұраты деп алып, қабылдайтын болсақ, мәселенің тоқ етерін тапқанымыз. «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, деген екен бабаларымыз. Ал ондайлар алтаудан да көп болғандықтан, этностың өз ішіндегі ала-құлалық ұлттың, мемлекеттіліктің болашағына қатер туғызбай қоймайды. Алғашқыда ұлттық тұтастықтан, содан мемлекетінен айрылудың әкелер қасіретін-бек ұлдардың құл болатынын, пәк қыздардың күн болатынын осыдан ХІІІ ғасыр бұрын Күлтегін тасына қашап жазған байырғы түркілер даналығына қалайша бас иеміз. Олай болса, Елбасымыз, Н.Ә. Назарбаевтың: «Қазақтың сана-сезімі өткендегі, қазіргі және болашақтағы – тарих толқынында өзінің ұлттық «Мен» дегізерлік қасиетін түсінуге тұңғыш рет енді ғана мүмкіндік алып отыр. Бірақ бұл мүмкіндік қана: ол шындыққа тек қазақтардың ғана емес, барлық қазақстандықтардың жаппай санасына орныққан фактіге айналуы қажет», деп жазуында өмірлік мәні бар шындық жатыр [4]. Ұлттық идея ұлттық «Менді»

қалыптастырып қана қоймай, жаппай бәрін өрге сүйрейтін құдірет деп білгеніміз жөн, армансыз адам-қанатсыз құспен тең, дейді халқымыз. Осыдан-ақ шығарар қорытындымыз, ұлттық идеясыз нендей жағдайға душар болатынымыз белгілі жәйт, дейтұрғанмен, көлдей жайылып, келе жатқан жаһанданудың табанында жаншылып қалмау үшін де ұлттық идеяның өзектігі мен қажеттігі күн санап артып келеді.

Халық идеясыз, ал мемлекет идеологиясыз өмір сүре алмайды. Көпұлтты ірі мемлекетті ұстап тұру үшін де құдіретті идеология керек екені әлемдік тәжірибеден белгілі. Батыс елдерінде ұлтты азаматтық деп түсінуі аясында мазмұны-нағыз ұлттық, ал пошымы – азаматтық идеология ұзақ жылдар бойы қалыптасып, берік орнықты. Ал Қазақстанда қазақ халқының бейбіт сүйгіш, өзінің ұлан-ғайыр даласындай кең пейіл менталитетінің еліміздегі саяси тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді орнықтыруы өзгелер қызығарлықтай қуатты идеологияның функциясын табиғи түрде атқарып тұр. Идеологияның өзі мемлекеттің басты сүйенер діңгегіне емес, бүкіл қазақстандық азаматтардың ортақ ісіне айналуы тиіс. Осы орайда, Президентіміз мемлекеттік идеологияның негізгі діңгегі ретінде бес мәселені айрықша атап көрсетіп жүр: Достық, Ұлттық идея мен мәдениет, халықты заңға бағынуға тәрбиелеу және экономиканың үйлесімді бірлігінен жалпыұлттық идеологияның күш-қуаты арқылы халықты түрлі ұлт өкілдерінен құралған біртұтас азаматтық және саяси қауымдастыққа айналдыру. Ұлттық идея – мемлекеттік субъекті болып табылатын саяси-этникалық қауымдастыққа тән болса, өз кезегінде әр түрлі мүдделер мен қауымдастықтарды тұтастырушы ортақ құндылық ретінде мойындалады және өз кезегінде қоғамның трансформациясы барысында ұлттық рухпен тұтасып, мәні де, заты да бір мемлекеттік идеологияны құрайды.

Достоевскийдің: «Асқақ идеясыз адам да, ұлт та өмір сүре алмайды» деп жазғанындай, ондағы асқақ идея әр ұлттың болмысына байланысты қалыптасқан ұлттық идея деп білеміз. Ұлттық идея этникалық сезімдердің негізінде пайда болады, дейтұрғанмен, ұлттық идея бері салғанда ғасырлық, әрі салғанда дәуірлік мұратын айқындайтын, келер ұрпақтарға да шамшырақ бола алатын заманалық рухани философия, тарихтың жоғалтқанын бүгіннен іздеу, бүгінгінің талабын тарихта кеткен қателіктерден арыла отырып қанағаттандыру, келешекке халық тарихының философиясы арқылы үнілу.

Ал енді «қазақстандық ұлт» идеясын ұсынып ұлттық идеяға айналдырмақ болып жүрген ғалымдарымыз Қазақстандағы қазақ ұлтының тарихи орнын ұстап, азаматтық делінетін ығыжығы қауымдастық құруға итермелейді, мұндай жағдайда исі қазақ этникалық қанын сұйылтып, жер мен мемлекеттің мұрагері ретіндегі құқынан айырылады. Елімізде «қазақстандық ұлт» құрудың қандай қажеттілігі бар екендігі белгісіз. Мүмкін өзге ұлт өкілдерінің этникалық сезімін сұйылтып, қазаққа айналдыруға ұмтылған түріміз бе? Жаһанданудың қазақстандық үлгісін жасағымыз келді ме екен? Бұл ешқандай нәтиже бермей, тарих та, бүгінгі күн де, ертеңгі келешек те кешірмейтін күнә болар еді. [5, 69-105].

Зер салған адамға қазір қазақ ұлтының рухани жаңарып, өшкенін жандырып, өлгенін тірілтуге тырысып жатқандығы көрінер еді. Осыған қарап қазіргі кездегі ұлттық пассионарлық кернеудің шамасы – шындығында да өрлеу сатысында екендігіне толық көз жеткіземіз. Демек, келесі пассионарлық жарылыстың да этностық кеңістік үшін уақыты аса алыс болмауы керек.

Қазіргі тарихи кезеңде, яғни, ХХІ ғасырдың басында қазақ халқының ұлттық санасы мен дүниетанымы жаңарып, өзін-өзі тану, өзін басқаға таныту, өзінің бай ежелден қалыптасқан тарихы мен ұлттық дәстүрлерін құрметтеу, ұлы тұлғалары мен ойшылдардың бүкіл дүниеге таныту, бай рухани және мәдени қазынасы әлемдік өркениетпен ұластыру бағытында қыруар шаруалар атқарылды. Дегенмен, осы заманауи маңыздылығы бар нағыз рухани қайта түлеу мағынасындағы іс-әрекеттердің іргетасы сонау ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының шынайы, халық сүйгіш қызметтерімен астасып жатады. Сондықтан тарихи тамырластықтың көрінісін жандандыру арқылы этностық мәдени мұрамыздың рухани келбетін өзектендіре түсеміз, данагөй тұлғалардың есімін халық жадында сақтаймыз. Демек, қазіргі уақытта алдыңғы ағалар Шығысқа, артқы інілер Батысқа қарап тұрған заманда ұрпақтар сабастығы, рухани сабақтастық өз шешімін таппаған мәселе болып қала бермек. Абай атамыз тәлімтәрбие беретін адам болса, оны қабыл алатындар жоқ емес десе, сол үлгі өнеге болып көрінетін ағалар тарапынан қандай нәтиже бермек, жас ұрпақ қандай ұстанымға келуде, ойға салмақ түсіп, нені үлгі етуде? Әке мен бала мәселесі бүгінгі күні қайта қарастырылуды қажет етеді, яғни, келешек ұрпақтың бағыт-бағдарына қоғамдағы көзқарасы мен ойы әділ бағаланатынына сенімді жағдай тууы тиіс. Дейтұрғанмен, мазмұны космополиттік ағайындар сауалдамаларына, осындай, мылтықсыз шайқаста, Ұлттық идея жауап беруге тиіс, ал заман биігінен табылуды намыс мұраты ету ұлттық идеяның күретамыры болып табылады.

Жалпы, қазақ ұлтының тұлғалануы, қазақ ұлтының жетілуі – ұлттық мұраты жолында Бөгенбай мен Қабанбайша қайраттанып, Абай мен Ахметше толғанып, Шәмші мен Нұрғисаша тебіренуі ғана қалды [6, 56]. Алда бұралаң жол, асу бермес асулар, өткел бермес өзендер, кешу бермес көлдер, шеті жоқ мұхиттар бар. Сол ұзақта, қызық сапарға өзгелермен иық қағыстырып тағы бір халық тәуекелдің кемесіне қаймықпай мінді. Ол қазақ халқы. Оның өзінің гиді болуы тиіс, әрі бар да, ол өз әлінің рухын жоғары ұстап, ақ парус астында әлемдік мұхиттар айдынан көктей өтіп, сара жолдай адасуға мүмкіндік бермей, туған халқының айбарын асыра береді деген сенімдеміз.

#### Әдебиеттер

- Қалиев С. Халық педагогикасын насихаттаудың маңызы мен мәні // Мұрагер. – 1992.  
Артановский С.Н. Историческое единство человечества и взаимное влияние культур. – 1967.  
Қасымжанов А.Х. Болашақ және менталитет. – Алматы: Ниса. – 1998.  
Әбжанов Х. «Алаш ұлықтаған ұлттық идея» // Егемен Қазақстан. – 2008. – № 174. – 13 маусым.  
Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғылым, 1999.



ӘОЖ 321(574)

## **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ЖАҢҒЫРТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Тажитаева Р.С. с.ғ.к., доцент**

**Қуандық Н.Ж. саясаттану магистрі**

**Қылышбаев А.Д. саясаттану магистрі**

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, Шымкент, Қазақстан

*Резюме*

*В статье рассмотрены основные содержания и направления стратегической программы и ее влияние на модернизацию политических процессов, происходящих в Казахстане.*

*Summary*

*The basic contents and directions of the strategic program and its impact on the modernization of the political processes, taking place in Kazakhstan, are considered in the article.*

Еліміздің қазіргі кезеңдегі дамуында саяси жаңғыртудың рөлі маңызды, өйткені қоғамдық құрылыстың сабақтастықпен, әрі жүйелі демократиялануы мемлекеттің де, бүкіл ұлттың да бәсекеге қабілеттілігі дамуына қажетті жағдай болып табылады.

Батыстық әлеуметтану ғылымында «жаңғырту» ұғымы әлеуметтік-экономикалық, сонымен бірге жалпы қоғамдық дамуды сипаттайды. Саясаттану ғылымында саяси жүйенің бір түрден екіншісіне өтуін «саяси даму» немесе «саяси жаңғырту» ұғымдарымен байланыстырады. Бұл екі ұғымды ажыратып қарастырған жөн.

Сонымен, саяси даму дегеніміз саяси жүйенің өзгеруші әлеуметтік жағдайға икемді бейімделу қабілетінің дамуы және талап-қолдау мен саяси шешім-әрекет арасында кері байланыстың тиімді механизмінің қалыптасуы. Саяси дамудың мақсаты қандай да бір тиынақты саяси қатынас пен қалыпты қалыптастыру немесе өзгерту емес, саяси институттар мен ашық түрдегі саяси жүйе арқылы бірте-бірте күрделеніп келе жатқан әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешу. Саяси даму процесі саяси жүйе мақсатының әлеуметтік-экономикалық даму, тұрақтылық, теңдік, қатысу т.б. сияқты факторлармен өзара байланыста болуын талап етеді. Табысты бөлудегі теңсіздік пен саяси қатысуды күштеп шектеуге талпынған қоғамда әлеуметтік қиналыс, саяси тұрақсыздық күшейеді, сөйтіп саяси даму процесі бұзылады.

Саяси дамудың эволюциялық жолы үшін қажетті жағдайлар мыналар:

тұрғындардың шешім қабылдау мүмкіндігін кеңейту, қоғамдық сұраныс пен мүддені есепке алу;

билік үшін күресте әділ және еркін бәсекелестікті орнату;

шиеленісті шешудің тиімді механизмін қалыптастыру;

саяси жетекшілердің біліктілігі, хабардарлығы, қарсыласымен келісімге келе білу қабілетінің жоғарылығы мен күштеуге жол бермеу.

Саяси жаңғырту дегеніміз әлеуметтік жүйенің дамуын қамтамасыз ететін саяси жүйенің әлеуметтік мақсаттардың жаңа түрлеріне бейімделу қабілетінің артуы

мен институттардың жаңа түрін құру болып табылады. Жаңғырту объективті (әлеуметтік-экономикалық және мәдени) және субъективті (саяси жетекшінің саяси жүйені тиімді өзгеруін жүзеге асыру қабілеті) факторларға тәуелді.

Саяси жаңғырту концепциясы XX ғасырдың 50-жылдары пайда болған. Африка, Азия, Латын Америкасының кейбір елдеріндегі билік ұйымдастыру және мемлекет пен азаматтар арасындағы қатынастардың батыстық стандарттарын игеру тәжірибесі сыннан өте алмады. Шын мәнінде, батыстық билікті ұйымдастыру стандарттары мен бұл елдердің тарихи даму жағдайы арасындағы қайшылықтар қоғамның барлық саласын дағдарысқа ұшыратты. Яғни, қоғам өмірінің кез-келген саласына енгізілген өзгеріс, тіпті қалаулы болса да сол елдің қалыптасқан тарихи даму жағдайына, дәстүрлі мәдениетіне, оның ішінде тұрғындарының менталитетіне сай келмесе қоғам тарапынан қабылданбай. Демек, жаңғырту жинақтаушы ұғым, ол әлеуметтік жаңғыртудың бір бөлігі, әлеуметтік жүйенің барлық негізгі салаларында: экономика, әлеуметтік сала, мәдениет, білім беру және т.б. қайта құрулар болуы тиіс. Бұл жөнінде Н.Ә. Назарбаев: «Біз экономикалық және әлеуметтік жаңғырту барынша синхронды жүруі тиістігін ескеруіміз қажет» – деп жазған болатын [1]. Сондықтан да, жаңғырту мақсаты да ауқымды, ол экономикалық даму, теңдік, демократия, тұрақтылық, әл-ауқат, әділеттілік, тәртіп сияқты әлеуметтік құндылықтарға жету бағытын ұстанады. Сонымен бірге, қазіргі кезеңде еліміздегі реформада экономикалық және саяси жаңғырту қатар жүргізілуі тиіс, себебі олар бір-бірімен тығыз байланысты. Экономикалық даму орта таптың үлесі көбеюіне, олар болса саяси жүйені жаңғырту талабын күшейтеді, сөйтіп азаматтық қоғам институттарына арқа сүйейтін саяси жүйеге өту, демократиялық институттардың дамуына алып келеді.

Саяси жаңғырту теориясын зерттеген көрнекті ғалымдар Г. Алмонд, С. Верба, Л. Пай, С. Хантингтон, Д. Дарендорф, Р. Даль болып табылады. Бұл күрделі құбылысты зерттеу, елімізге тән сипаттарын анықтау, саяси тұрғыда тұжырымдар жасау ғалымдардың алдында тұрған жауапты міндеттердің бірі. Еліміздегі саяси жаңғырту мәселелері Р.Б. Әбсаттаров, А.С. Балғымбаев, Л.А. Байдельдинов, А.Х. Бижанов, С.М. Борбасов, К.Н. Бұрханов, Е. Ертісбаев, Л.М. Иватова, Р.К. Қадыржанов, А.И. Лұқпанов, Т. Мансуров, Д.Н. Назарбаева, Г.Р. Нұрымбетова, Ә. Нысанбаев сияқты танымал ғалымдардың еңбектерін жан-жақты талданған.

Саясаттану оқулықтарында саяси жаңғыртудың түрлерін атап көрсетіледі, олар:

1. классикалық спонтанды үлгі, (Батыс Еуропа елдері, АҚШ, Австралия) феодалдық қоғамның әртүрлі құрылымының жүйелі жаңғыртуы негізінде қазіргі қоғамның басты құрылымдарының пайда болуы;
2. жаңғыртудың кешіккен және негізгі емес үлгісі, (Жапония, Бразилия, Аргентина, Пиреней түбегі) жаңғыртудың кейбір алғышарттарының (нарықтық қатынас, азаматтық қоғам, құқықтық мемлекет т.б.) болмауымен ерекшеленді, өзгерістер синхронды емес, авторитарлы сипатқа негізделінеді;

3. кешігу жаңғырту үлгісінде (Испания, Португалия) бірінші саясат екінші экономика деген қағида ұсталынады. Дамыған қоғамға өту саяси мәселелерді шешуден, мемлекеттік институттарды құрудан, конституция даярлаудан, ұлттық-мемлекеттік құрылымның жалпы қағидаларын анықтаудан басталды. Ал, экономикалық жаңғырту кейінге қалдырылып, оған тек саяси мәселелер шешімін тапқан соң қайта келеді.

Еліміздегі саяси жаңғырту мен даму стратегиясының негізгі бағыттары «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасу және даму стратегиясы» (1992 ж.), «Қазақстан- 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» стратегиялық бағдарламасы (1997 ж.), «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» (2012 ж.) сияқты бағдарламаларда айқындалған. ҚР Президентінің жыл сайынғы Қазақстан халқына арналған жолдаулары еліміздегі саяси жаңғыртудың ауқымы мен бағытын ұғынуға, сондай-ақ мемлекеттік саясат пен еліміз дамуының стратегиялық жоспарындағы негізгі басымдылықтарды анықтауға мүмкіндік береді. Атап айтсақ, ҚР Президентті Қ.К.Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында жаңғырған қазақ мемлекеті дамуындағы маңызды белестерге, оның әрқайсының атқарған миссиясына аса мән берілген [2].

Енді еліміздегі жаңғыртуды қабылданған стратегиялық бағдарламалар негізінде кезеңдерге бөліп, талдау жасап көрелік. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясында (1992 ж.) саяси жаңғыртудың стратегиялық жоспары мен тактикалық әрекеттері белгіленген болатын. Бұл стратегиялық бағдарламада күшті президенттік республиканы қалыптастыру, көппартиялық жүйені құру, тұрақтылықты қалыптастыру, әрбір азаматтың құқығы мен еркіндігін қорғауға бет бұру, қолайлы геосаяси жағдайға ие болу міндеттері қойылды. Сонымен бірге, стратегия негізінде тәуелсіз Қазақстан тарихындағы тұңғыш рет қарулы күштер, дипломатиялық және кедендік қызметтер секілді мемлекеттік институттар қалыптастырылды. Мемлекеттік шекараны айқындап, нығайту жөнінде шаралар қабылданды.

«Қазақстан - 2030» Президенттік стратегиясы ұлттық бірлік пен әлеуметтік әділеттілік орнаған, халқының экономикалық әл-ауқаты жетілген, тәуелсіз, гүлденген және саяси тұрақты Қазақстан мемлекетін орнатудың теориялық-әдіснамалық базасын және оған жетудің жолдары мен әдістерін айқындаған құжат. «Қазақстан-2030» стратегиясы еліміздің саяси жүйесінің дамуына, саяси жүйенің өзгеруші әлеуметтік жағдайға икемді бейімделу қабілетінің жетілуіне және талап-қолдау мен саяси шешім-әрекет арасында кері байланыстың тиімді механизмінің қалыптасуына алып келді. Еліміздегі саяси дамудың мақсаты саяси институттар және ашық түрдегі саяси жүйе арқылы бірте-бірте күрделеніп келе жатқан экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешу болып табылады. «Қазақстан-2030» стратегиясы жалпы ұзақмерзімдік мақсат пен ірі көлемді міндеттерге бағытталынған, мемлекет, партия және т.б.

саяси институттардың саяси қызметті атқару бағыттары мен тәсілдерін анықтайтын басты құжат болып табылады.

2007 жылы 16-мамырда Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының «Қазақстанды демократияландырудың жаңа кезеңі – еркін демократиялық қоғамның жеделдетілген дамуы» атты бірлескен мәжілісінде Президент Н.Ә. Назарбаев мемлекеттік басқару органдары мен қоғамдық ұйымдар назарын қазақстандық қоғамды әрі қарай саяси дамыту мен жаңғырту міндеттеріне аударды.

Осы жылдары Қазақстанда біршама демократиялық сипаттағы шаралар жүзеге асырылды:

билік өкілеттіктері мен жауапкершіліктерін қайта бөлу;

саяси партиялардың ролін нығайту;

жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту;

сот жүйесін жетілдіру;

ұлтаралық келісімді қамтамасыз ету;

азаматтық қоғам институттарын одан әрі дамыту;

азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесін нығайту.

Дегенмен де, күшті президенттік билік, азаматтық қоғам және полиархия арасында тиімді механизмді қалыптастыру қажет [3].

Қазақстан-2050» Стратегиясында жаңа елдің іргесін қалау міндетін үш бірдей жаңғырту негізінде шешілді деп атап көрсетілген болатын, олар:

мемлекеттің іргесін қалау мен нарықтық экономикада серпіліс жасау;

әлеуметтік мемлекеттің негіздерін қалау;

қоғамдық сананы қайта өзгерту.

Біздің басты мақсатымыз – 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру, ол үшін мемлекеттік басқарудың жаңа түрін қалыптастыру міндеті ұсынылды.

Президентіміз Қ.К.Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласының «Ұлағат пен ұстаным» бөлімінде еліміздің саяси дамуына қажетті мына бағыттар:

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы мен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін құру арқылы азаматтық қоғамды дамыту;

биліктің халық алдында жауапкершілікті сезінуі, ол үшін ауыл мен кент әкімдерін сайлау;

адамның құқығын толығымен сақтауға негізделген заң мен тәртіп болуы керек.

Анархия мен жүгенсіздіктен арылу;

көппартиялы парламент, саяси плюрализм арқылы мемлекетті эволюциялық жолмен дамыту мен нығайту ұсынылды.

Сонымен бірге, мақалада «Біздің мақсатымыз – келер ұрпаққа Қазақстанды тұғыры мығым, экономикасы қуатты, рухы асқақ мемлекет ретінде табыстау және елдік істерді шашау шығармай лайықты жалғастыратын жасампаз ұрпақ тәрбиелеу» - деп атап көрсетілді [4].

Шын мәнінде саяси жаңғыртудағы маңыздысы саяси жүйенің құрылымын өзгертуде емес, оның іс-әрекеті мен қызметін жетілдіруде. Сондықтан, саяси жүйені жаңғырту мыналарға:

саяси институттардың жаңа проблемаларды шеше білу қабілетін арттыруға;  
қоғаммен ашық сипаттағы қатынасын жетілдіруге;  
саяси жүйенің өзгеруші әлеуметтік жағдайға икемді бейімделу қабілетін көтеруге;  
шешім қабылдау процесіне қатысу мүмкіндігін кеңейту;  
талап-қолдау және саяси шешім-әрекет арасында кері байланыстың тиімді механизмін жетілдіруге бағытталуы тиіс.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, Қазақстанның 30 жылдан аса әлеуметтік күйзеліссіз және этноконфессиялық шиеленіссіз болуы – бұл сындарлы саясаттың арқасы екені сөзсіз. Сонымен бірге, саяси жаңғырту үдерісінің тиімді болуы мемлекеттік стратегиялық бағдарламалар ұсынған негізгі мақсаттар мен міндеттер, басымдылықтарда сабақтастық пен жүйелілік, бірізділік сияқты қағидалардың сақтауында деп санаймыз. Күшті, қуатты мемлекет болу үшін қоғам өмірінің барлық саласының дамуы тиіс, мұнда мемлекет үшін маңызды құндылық – тәуелсіздік екенін, әркім өз еңбегімен еліміздің тәуелсіздігі үшін күресетінін ұмытпауымыз тиіс.

#### **Әдебиеттері:**

Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік. Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 2017ж.

Тоқаев Қ.К. Тәуелсіздік бәрінен қымбат. Мақала. // Егемен Қазақстан газеті. <https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat>

Казбекова М. Особенности политической модернизации в Казахстане. // Актуальные проблемы политики и политологии в России. М, 2008г., с 255-261.

Тоқаев Қ.К.Тәуелсіздік бәрінен қымбат. Мақала. // Егемен Қазақстан газеті. <https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat>

ЭОЖ 94(574)

## **ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІГІНІҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІНДЕГІ АБЫЛАЙ ХАННЫҢ РОЛІ**

**Алдаберген М.Н т.ғ.к.доцент**

**Алдабергенова М.К. PhD, доцент**

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,

Шымкент, Қазақстан.

*Резюме*

*В статье рассматривается роль великого Казахского хана Абылая XVIII века в становлении независимого государства казахов.*

*Summary*

*The article examines the role of the great Kazakh Khan Abylai of the 17th century in the formation of an independent state of the Kazakhs.*

Хан Абылай – Қазақстан тарихындағы тағдырлы бір кезеңнің күллі тауқыметін бойына жүктеген тұтас бітімді тұлға. Қазақ елінің айбынын асыру мен ордасын орнықтыру маңызды міндет еді. Бұл ретте Абылайдың

мемлекетшіл парасаты, жаужүрек батырлығы, кемел қолбасшылығы, көреген қайраткерлігі, сұңғыла бітімгерлігі айқын көрінді. Осындай ерекше қасиеттерінің арқасында сайыпқыран сұлтан хандық дәрежеге көтеріліп, өз төңірегіндегі жақсылар мен жайсаңдардың, сондай-ақ түрлі әлеуметтік топтардың қолдауына ие болды. Абылай ел билеген кезеңінде жойқын өзгерістер жасап, Қазақ Ордасының іргесін одан әрі нығайтуды көздеді.

XVIII ғасырдың қазақ тарихында алатын орны өзгеше. Бұл жүзжылдық Ұлы Дала көшпелілері өркениетіндегі бетбұрысты кезеңдердің бастауы болатын. Моңғол империясының мұрагерлері – қазақтар мен қалмақтар өзара өшпенділіктің отын өшірмеді. «Ежелгі дұшпан ел болмас» деген тәмсіл сөздер, бәлкім сол заматта айтылса керек. Тарихи текетірес. Сын сағаты. Әйгілі пәлсафалық түйінге жүгінсек: барсың не жоқсың... Нәтижесінде қалмақ қырылды, елдігінің еңсесі езілді. Ал «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан» есенгіреген қазақ дер кезінде есін жиып, жұрттығын сақтап қалды. Қаратаудың басынан құлаған қайғылы көш тарихтың жаңа асуларына қарай жанкештілікпен сапар шекті. XVIII ғасырдың алғашқы ширегіндегі қатыгез уақыт Абылайдың мінезін шар болаттай шыңдады. Оны қайсар да қайратты саясаткер етіп шығарды. Жоңғар мемлекеті жермен-жексен жойылар алдында қазақ пен қытай арасындағы жер дауы біршама ушықты. 1755 жылдың жазында Қытай тарапы Абылайға шекара мәселесіне қатысты елші жіберді. Алайда Абылай Қытайдың Жоңғарияға байланысты құйтырқы пиғылын құптамады. Жоңғарлардың Цин империясына қарсы көтерілісіне ұйытқы болған Әмірсанаға белсенді түрде көмек көрсете бастады. Қазақтар жаугершілік уақытында Жоңғария қолында қалып қойған жерлерін қайтарып алуға мүдделі болды.

1756 жылдың көктемінде қазақ жасақтары Жоңғарияның ішкі аймағына жорық жасап, қытай әскерімен бетпе-бет келді. Бұған ызаланған Цин императоры қазақтарға қарсы жауапты жортуыл жасау жөнінде бұйрық берді. Орта жүздің қоныстарына екі жақтан – оңтүстіктен және шығыстан кіру көзделді. Сонымен қатар қытай әскерлері Абылайдың маңайында жасырынып жүрген Әмірсананы қолға түсіруді қалады. Бірақ қазақ жасақтары тұтқиылдан шабуылдай отырып, Қытайдың екі армиясының қосылуына мүмкіндік бермеді. Қытай әскерлері кері қайтуға мәжбүр болды.

Осы оқиғалардың барысында абыройы асқан Абылайдың билеушілік болмысына Алексей Левшин былай деп сипаттама береді: «Көпті көргендігімен, айлакерлігімен, әккілігімен, парасатымен, қол астындағы халық санының басымдығымен, Ресей патшайымымен, Қытай боғдыханымен тікелей орнатқан қарым-қатынасымен үзеңгілес қазақ билеушілері арасында даңқы үстем болған Абылай Орта жүз билеушісі мәртебесіне лайықты қасиеттерді бойына жинақтай білді. Қабілетіне сенімді болған ол жақтастарын салмақты қалпымен, мұқият іс-қимылымен тарта білді; қабілет-күшімен жауының мысын басты және қажет кезде бірде орыстың, енді бірде қытайдың құзырында екенін мойындағанымен, шын мәнінде тәуелсіз билеуші бола алды».[1]

Абылай көшбасшылық кемеңгерлігімен ғана емес, қолбасшылық қабілетімен де үзеңгілестерінен оқ бойы озық еді. Бөгенбай мен Қабанбай бастаған атақты батырлар керек кезінде оның ақылына жүгініп, беделіне арқа сүйеді. Абылай Ресей мен Қытайдың бейтараптығын оңтайлы пайдаланып, Ташкент пен Ходжент жорығына аттанды. Сөйтіп Жизаққа дейінгі қазақтың жеті қаласын азат етті. Хандықтың шекарасын шығыста Алтайға жеткенше, солтүстікте Тобылдан әрі, ал оңтүстікте Ташкентке дейін кеңейтті. Жеңісті де жемісті әскери жорықтары оның даңқын жайып, атын аңызға айналдырды.

Абылайдың салиқалы да сауатты саясатының нәтижесінде ішкі саяси ахуал тұрақтанып, Шыңғыс әулеті мен ақсүйектердің өзара тартысы тыйылды, қазақтың барша этникалық территориясы азат етілді

Шоқан Уәлихановтың: «Қазақтардың аңыз-әңгімелерінде Абылай айрықша қасиеті бар киелі, керемет күдірет иесі болып саналады. Абылай дәуірі – қазақтардың ерлігі мен серілігінің ғасыры. Оның жорықтары және батырларының көзсіз ерлігі мен қаһармандығы жыр-дастандардың арқауына айналған», – деп жазғаны белгілі.[2] Ханның ішкі және сыртқы билігінің бар мазмұны халықтың тұтастығына бағытталған еді. Сөйтіп ол жасампаз әрі стратег, дана билеуші және саяси көшбасшы ретінде танылды. Оның шебер саяси амалдары күштеп отарлауға, мемлекеттің бүтіндігін бұзуға қарсы тұрды. Ел ханына сенді, хан елдің үмітін ақтай алды. Қазақ халқының жадында ол осындай сипаттарымен сақталып қалды.

«XVIII ғасырдан бастап, – деп жазады Елбасы «Тарих толқынында» атты еңбегінде, – Орталық Азияның түркі тектес халықтары ұдайы жалғасып, тереңдей түскен экономикалық, қоғамдық-саяси және мәдени дағдарыстар кезеңіне душар болған әрі өз аумақтарын отаршылдық саясат есебінен кеңейте түсуді көздеген мемлекеттердің оңай олжасына айналған».[3] Осы кезеңде Қазақ хандығы солтүстікте Ресей патшалығының, шығыста Қытай империясының, оңтүстікте Қоқан, Бұқара, Хиуа билеушілерінің, ал батыста қалмақтардың қыспағын көрді. Ел басына күн туған сын сағатта тарих сахнасына шыққан Абылай елдік жауапкершілікті өзі де алды, би-батырларға да лайықты жүктей білді. Сол замандағы халық ерік-жігерінің тастүйін бірлігі Абылай ханның жеке тұлғасынан, ұстаным-қасиетінен көрінді. Батырларымен тізе қосып, қаһармандықтың ерен үлгісін көрсетіп, халықтың ұйытқысы болған Абылай ханның ерліктері тар заманда ел рухын қайта түлетудің алтын арқауын құрады. Бұдан басқа елдік қыруар жұмысты хан әміріне сай жүйелей білген ұлттың рухани көсемдері – Төле, Қазыбек, Әйтеке билер сыртқы және ішкі алауыздықтарға төтеп беріп, Абылай ханмен бірлесіп, ұлтты ұйыстырып, бір мұратқа топтастыру жолында қызмет етті. Абылай хан секілді елдікті ойлаған тұлғалардың арқасында қазақ мемлекетінің негізі нығайып, елдік тұтастық пен бірлік ұрпаққа мұра етілді.

Бұл – Қазақ елінің ғана таңдауы мен мүддесі ғана емес, әлемдік үйлесімділік пен мемлекеттік дербестікті тең ұстаған тарих пен демократияның таңдауы мен мүддесі. Осы тұрғыдан алғанда, Абылай заманының бай әрі

күрделі тарихын зерттеудің және талдап қорытудың танымдық, сындарлы мәні арта түседі. Ресеймен достық қатынастардың негізін қалаған да, Қытай және Орта Азия мемлекеттерімен дипломатиялық қарым-қатынастардың негізгі қағидатын бекіткен де Абылай хан. Саяси-құқықтық құрылым тұрғысында, далалық мемлекет тарихын ру-тайпалық құрылым мен жұрт қоныстануының территориялық-кеңістіктік шекаралары ерекшеліктерінен тыс зерттеу қиынсыз. Егер ерекшеліксіз зерттелсе, «қазақтардың дәстүрлі мемлекет моделі болмаған» деген жаңсақ пікір өрістеуі мүмкін. Далалық мемлекеттің табиғатын жете түсіну үшін «мемлекет» және «мемлекеттілік» ұғымдарының арақатынасын саралау керек. Себебі мемлекеттілік туралы мәселе – бұл бір аймақты екіншісінен бөліп тұратын әлеуметтік кеңістіктің әуелгі шекарасы туралы мәселе. Демек, қазақ мемлекеттілігі Қазақ хандығы аясында шектеліп қалмайды. Өйткені біздің мемлекеттілік ұғымымыз қазақ мемлекетінің пайда болуы мен дамуын ғана емес, түркі этносының ғұмырында ұзақ жылдар бойы жүріп келген мемлекеттік-құқықтық үдерістерді де меңзейді. Ендеше, қазақ мемлекеттілігін теория жүзінде ұғыну үшін мемлекеттік билікті генезисінен, ертедегі дала мемлекеттерінен бастап, қазақ хандарының жаңғыртуларына дейін зерттеу қажет.

Абылайдың алға ұстаған саясаты, мақсаты-қазақ халқының бостандығы мен тірлігі, мемлекеттігі мен тәуелсіздігі еді. Сол ұлттық мүдде бүгінгі күні орындалды десек те болады. Мақсаты қазақ халқының бостандығы мен бірлігі, мемлекеттігі мен тәуелсіздігі еді.

Геосаяси тұрғыда Азия мен Еуропаның ортасында орналасқан ірі аймақтық мемлекет Қазақстан өзінің айналасында өзара қауіпсіздік, егемендікті құрметтеу, территориялық тұтастық, татуластық қағидаларына негізделген саяси мықты құрылымды құруға мүдделі. Егемендігіміздің 30 жылы ішінде Қазақстан мемлекеті өзінің көп ғасырлық тарихын жаңғыртып, қазіргі халықаралық саяси аренада өз орнын айқындап, ішкі және сыртқы саясатта, басым бағыттарды анықтауда. Осы тұрғыдан қарастырғанда еліміздің халықаралық байланыстарының қалыптасуы мен қазақ дипломатиясының даму тарихын ғылыми талдаудан өткізу еліміздің сыртқы саясатының дұрыс дамуына жол ашатындығына күмән жоқ. Қазақ халқының көрші мемлекеттермен қарым-қатынасы әрбір заманның ерекшеліктеріне сай түрлі бағыттарда жүргізіліп отырғандығы тарихтан белгілі. Қазақстанның саяси тарихында оның халықаралық қарым-қатынастар деңгейіндегі орны мен ролі, шет мемлекеттердің Қазақстандық тәжірибеге қызығушылық танытуы мен оның тарихи мәселелері уақыт жылжыған сайын өзекті мәселелердің біріне айналып келеді. Айтылған мәселердің ішінде саяси бағыттары мен бағдарламалары әрбір мемлекет үшін маңызды үдеріс болып табылады. Осы мақсатта Елбасы Н.Ә.Назарбаев” Қазақстан өзінің геосаяси және экономикалық потенциалының негізінде тар аймақтық проблемалар мен шектеліп қалуға құқығы жоқ, ол деген сөз тек қана біздің көп ұлтты халқымызға және



дүниежүзілік қауымдастыққа түсініксіз болып қалған болар еді. Сондықтан Қазақстан болашағы – Азияда, Европада, Шығыс пен Батыста”, – деген еді. [4] Қазақстан мемлекетінің тәуелсіздігі және оның басқа елдермен қарым-қатынастар тарихының бастауы ертерек кезеңдерден басталды және ол қиын-қыстау, шырғаланды жолдардан өтті. Ш.Ш. Уалихановтың сөзімен айтқанда” XVIII ғасырдың алғашқы он жылдығы қазақ халқының өміріндегі бір алапат кезең еді. Жоңғарлар, Еділ қалмақтары, Жайық казактары мен башқұрттар қазақ руларына жан-жақтан тарпа бас салып, қырып-жойып, малын айдап, жанын байлап әкетіп, талай әулетті тұтасымен тұтқынға алып кетіп жүрді. Қытымыр қыс, кесапат жұт пен ашаршылық тәңірден түскен қыспақтай-ақ халықты сансыратып, қайыршыландырып жіберді”, – деген еді.

XVIII ғасырдың екінші жартысындағы Қазақ хандығының сыртқы саясатындағы негізгі бағыттары Еуразия аймағындағы қалыптасқан тарихи және саяси-хал жағдайлардың дамуы факторларына тікелей байланысты болды. Ресейде патша I Петрдің реформалары мен қайта құру саясатының нәтижелерінің ықпалы мен әсері Қазақстанның шекаралық аудандарындағы Батыс, Солтүстік-батыс, Солтүстік-шығыс халықтардың қоғамдық-саяси өмірінен белгілері айқын көрініп тұрды. Нәтижесінде Ресей орталығында болып жатқан экономикалық және саяси жарылыстар қоныс аударудың үлкен белсенді толқынын туғызып, ол үшін кең масштабтағы қоныс тебетін жерлерді игеру шаруашылықтардың игерілуі сияқты идеялардың іс жүзіне асуы белсенді түрде жүзеге асып жатты. Отарлау саясатын жүзеге асыру аясында қазақтардың дербестілігіне нұқсан келтірілді, ол өзінің кезегінде жергілікті халықтың наразылығын, қарсылығын туғызды.

Абылай ханның есімімен Қазақстан тарихының тұтас бір кезеңі оның мемлекеттік тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығы, жалпы ұлттық бірлік идеясы тығыз байланысты. Ұлы идеяны жүзеге асыру жолындағы күрестің барысында тұлға ретінде Абылай ханның қабілет – қайраты, мемлекеттік дәрежеде ойлап шешім қабылдауы, жеке басының батылдығы, батырлығы қолбасшылық және дипломант-мәмігерлік қасиеттері қалыптасып, шындалды. Керемет дарындылығының арқасында Абылай қазақ қоғамы өкілдерінің тарапынан кең қолдауға ие болып, өз дәуірінің алдыңғы қатарлы көрнекті қайраткері дәрежесіне көтерілді. Ресей патша өкіметіне формалды түрде бодандықта болғанмен Абылай барлық уақытта өзінің сыртқы саясатында егемендік, дербестік идеялары басым бағытта болды. Ол жөнінде қазақтың белгілі ғалымы Ш.Ш. Уалиханов өнегелі ақыл-кеңесі, сұңғыла зердесі арқасында ол бірден-ақ көреген, кеменгер деген атқа ие болды. Шынында да қазақтар мұны ұлы істер атқарушы үшін Алланың өзі жіберген елшісі, әруақ иесі деп ұққанға дейін Абылай талай күресті бастан кешіріп, сан сыннан сүрінбей өтті», – деген еді. [5]

Абылайдың Ресей патша өкіметінің және Циндік Қытаймен белсенді елшілік және сауда байланыстары ұтымды жүргізуі, оның ішкі саясаттағы қазақтардың мемлекеттілігін нығайтуға бағытталған іс – шаралары қазақ

хандығының халықаралық беделін және Абылайдың өзінің Орта Азиялық халықтары арасындағы саяси өміріндегі ролін жоғарылатты. Абылайдың қамқорлығына қарақалпақтар, башқұрттар мен қырғыздар барлық уақытта мұқтаж болды.

Сонымен Абылайдың мемлекеттік қайраткер ретіндегі ішкі және сыртқы саясаты, көзқарасы тек қана бір ғана ұлы мақсатқа – қазақ халқының, қазақ жүздерін бір орталыққа бағынған тәуелсіз мемлекет аясынаж біріктіруге бағытталынды. Себебі ол мақсат жасампаздық нұрлы жол, Мәңгілік Ел сипатында еді.

Сондықтан қазіргі тәуелсіз Қазақстанның даму тарихында да сонау Абылай хан тұсындағы қазақ даласының тарихымен үндес, сол тұстан бастау алатын күрделі де сындарлы мәселелер аз емес. Олардың қатарында мемлекетіміздің нығаюы, дамуы, еліміздің халықаралық сахнада өзіне лайықты құрметті орынды иеленуі, өзінің геосаяси жағдайының артықшылықтарын пайдаланып, таяу және алыс елдермен көпжақты сыртқы саяси бағыттағы қарым – қатынастарды дамытуды атауға болады.

#### **Әдебиеттер:**

1. Левшин А.И. Кыргыз-қайсақтардың ордасы мен даласының сипаттамасы. I-т. СПб., 1832.
2. Уәлиханов Ш. Шығармалар жинағы I-т. Алматы, 1985ж.
3. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. - Алматы. 1999ж.
4. Назарбаев Н.Ә. Нұрлы жол-болашаққа бастар жол. Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан халқына Жолдауы. Астана 2014ж. 11 қараша.
5. Уәлиханов Ш. Абылай/Абылай хан/. А., 1992ж «Аруна баспасы».

ӘОЖ 130:2(574 )

## **XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ОЙШЫЛДАРЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ФИЛОСОФИЯСЫ**

**Арынғазиева Б.Б. – филос.ғ.к., профессор м.а.**

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

#### **Резюме**

*В данной статье рассматриваются философские воззрения на культуру выдающихся казахских мыслителей конца XIX - начала XX веков – Ш.Кудайбердыұлы, М.Копеева, Г.Караи, А.Байтурсынова, А.Бокейханова, М.Дулатова, М. Жумабаева и др.*

#### **Summary**

*This article discusses the philosophical views on the culture of prominent Kazakh thinkers of the late XIX - early XX centuries – Sh.Kudaiberdyuly, M.Kopeev, G.Karash, A.Baitursynov, A.Bokeikhanov, M.Dulatov, M.Zhumabaev and others.*

XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басы рационализм мен оғаштыққа толы уақыт болды. Бұл кезең рухани және материалдық мәдениеттен ізсіз қалмады. Әлемнің жаһандану (глобализация) үрдісі бұқаралық мәдениеттің пайда болуына алып келді. Мәдени дамудың саяси үрдістері мен ғылыми-техникалық прогреспен тығыз байланысты үш негізгі кезеңді бөліп көрсетуге болады: 1) XIX ғ. аяғы – XX ғ. басы – оқиғаларға толы кезең (революция, соғыс және т.б.). Бұл кезде техникада жаңалықтар ашылып, көптеген көркемдік формалар, стильдер, философиялық тұғырнамалар пайда бола бастады.

Мысалы, әдебиетте (поэзия, кескіндеме), сәулет өнерінде (модернизм), өнерде (режиссерлық театр) пайда болды; 2) XX ғ. басында – әдебиетте авангардизм (көркемдеу), ұлттық реализм (кезеңді бейнелеу), натурализм (шынайы), сюрреализм (асыра реализм), кино өндірісінің қалыптасуы, өнеркәсіптік дизайнның қалыптасуы; 3) Соғыстан кейінгі жылдар мен XXI ғ. басына дейін – бұл кезде ортақ үрдіс, адамның ақыл-ойы мен техникалық прогреске деген сенім: а) 60-жылдардағы контр-мәдениет пен анти-мәдениеттің феномені пайда болды. (хиппи, панка); ә) 70-80 жылдары ретро және әкелер мен балалардың қатар өмір сүруі (мысалы, жалпыға ортақ компьютерлену), қоғамның көркем мәдениетке өтуіне байланысты; б) 90-жылдардан бастап жаһандану процесіне бағытталды. Мысалы, мүсін өнеріндегі кинетикалық өнер, әдебиеттегі экзистенциализм (гуманизмнің шарықтауы).

XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы қазақ ойшылдары саяси философиямен қатар мәдениет философиясы саласында айтарлықтай табыстарға жете білді. Ғасырлар тоғысында олардың әртүрлі атаулармен халқымыздың мәдениеті туралы тұтастай шығармалар легі жарық көрді. Әлдебір жұмбақ иірімдерге орай олардың авторлары біздің рухани өміріміздің жай-күйін түсіндіріп, тарихи тұрғыдан қалыптасқанына мән берді. Ш.Құдайбердіұлы, М.Көпеев, Ғ.Қараш, А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Т.Ізтілеуұлы және т.б. мәдениеттің шын мәнін және алдамшы жолдарды анықтап, бізді Ағартушылық дәуірінен XX ғ. өзгермелі мәдениетіне алып келді. Сөйтіп, қазақ ойшылдарының шығармашылық тарихи тәсілі салтанат құрды. Олардан тәлім алған бұқара өз мәдениетін рухани әлеуметтік күштердің ғасырлар бойына соншалықты көп әсер ететін рухани бағдар ретінде қабылдай отырып, қанағаттану сезімін бастан кешірді. Олардың өркениеттілікке бағытталған идеялары жоғары болды. Көпшілікке белгілі, батыстық бағыттағы мәдениет философиясы өркениеттілік үдерістерін жұтаң сипаттайды және марксистік әдістеме табиғат пен рухтың қарама-қарсылығын абсолюттендіреді. Бұл, мәдени феномен ретіндегі дінге байланысты. Қазақ ойшылдарында мәдениет философиясы дін философиясымен үйлесімді қосылады. Дін де тарихи мәдениетке жатады деген қазақ ойшылдарының тұжырымдарында мәдениет құндылығы ұғымымен құндылық ұғымы теңдестіріледі. Дін өзінің мәні бойынша рационалды мәдениет пен тарих атаулының аясынан шығып кетеді және философия да дәл сол сияқты тарихылықтан тыс жағдай мен трансцендентальдыққа әрқашан ұмтылумен болады. Жер бетіндегі өмірді әркез қамтитын дін сияқты философия да тарихылыққа, руханилыққа келіп түйіседі. Ұлттық тарихи мұраларды зерттеу арқылы ғана философия құндылықтар әлеміне келе алады. Мысалы, М.Көпеев, Ғ.Қараш шығармашылығында исламдық рухани негіздер айқын басымдық танытады. Ондай көзқарас Кеңестік дәуірде қудаланғаны белгілі. Діни-этикалық ұстанымдар қазақ жерінде әртүрлі сипатта көрініс берген. Мәселен, Көк аспан – Тәңірі қазақтардың дүниетанымында барлық жаралған дүниенің басы болған, Тәңірінің бойына – құдайшылдық, табиғилық және әлеуметтік қасиеттердің бастамасы

жинақталып, қазақтардың рухани құндылығының себепкері, әрі мәңгілік саналған. Тәңірінің рухы барлық ғарыштық жерге тарағандықтан көнедегі көшпелі тайпалар табиғат құбылыстарына, аспандағы шырақтарға табынып, оларға құлшылық қылған.

М.Көпеевтің шығармаларында құдайшылдықтың қорғаушы түрінде көрініс беруі жер бетіндегі бұзылған үйлесімділікті, адамзат қоғамындағы әділеттілікті қалпына келтіруге жіберілген күш ретінде баяндалған. М.Көпеевте жарық – әдемілік, жақсылық пен ақиқаттың жиынтығы. Әулиелік ретінде жарық рақымдылық пен махаббатты кейіптесе, рақымдылық жауапты қарым-қатынасты білдіреді. Бұл тек жеке бастың амандығын ойлау ғана емес, басқалардың да тіршілігіне, өміріне жауапкершілік. Бұдан М.Көпеевтің этикалық және эстетикалық байланысты онтологиялық негізін жауапкершілік түсінігі арқылы анықтағанын көруге болады. Жарық символикасы түсінігі жақсылықты сырттан, ғарыштан емес, адамның өмірмен белсенді әрекетінен күту керек дегенді білдіреді. Әлем әуелден эстетикалы, ол әдемілікке толы, ал, адам пайымдаумен табиғатқа деген рақымды-құрметті қатынас арқылы әлеммен қарым-қатынасқа эстетика енгізіп, онымен біртұтас болып кетеді. Дәл осы адамның табиғатпен жауапкершілікті қарым-қатынасы этика мен эстетиканы біріктіретін бастама болып саналады. Үйлесімділікті сақтауға негізделген дәстүрлерді сақтауды барлық қоғам этикалық өнеге және эстетикалық әдемілік ретінде қабылдаған. Сандық символикалар арқылы көшпелілер әлемдегі өз өмірі мен тұрмысын түзген. Түрлі құбылыстардың амалының, қайталануының, элементтерінің сандық құрамының терең қасиетті мағынасы болған. Қазақ дүниетанымында 40 саны жандану, тұрақтылық, тыныштық пен татулықты, әлемнің үйлесімділігін білдіреді. Сондай-ақ, 3 саны да барлық жерде кездеседі: уақыт үштігі (өткен – қазір – болашақ), әлемнің құрылымын рәміздейтін дүние бәйтерегі (жоғарғы – орта – төменгі), адамның өзі (тән – жан – рух). М.Көпеевтің дәлелдеуінше, әр адамда жамандыққа да, жақсылыққа да бейімділік бар. Ойшылдың мұраларында назар аударуға тұрарлық тағы бір аспект бар. Оның ойынша, Алла адамды жаратқан кезде оған бостандық пен еркіндік сыйлаған: «Жаратуын өзі жаратса да, билігін, еріктіярын мақұлықтарына берді» [1, 84 б.]. Бұл бір ойдың келесісін жоққа шығаруы емес. Мұнда әрекет пен қылықтардың мәні тек қана олардың себебіне байланысты пішілмейтіні, сондай-ақ, олардың салдарының жауапкершілігі мен салмағына да байланысты екені айтылады, сондықтан, акцент адамның еркін таңдауына қойылады. Бұдан, М.Көпеевтің еркіндік пен тағдырды Құдайдың сыйы деп санағанын, бірақ, бұл екі түсінікті теңдестірмегенін білеміз. Бостандық рухани ортада тағдыр ішінде жақсылық пен жамандықты таңдау кезінде пайда болады. Ал, М.Көпеевтің замандасы С.Торайғыров бостандық қалауының табиғилығы позициясын ұстанады, бірақ, кей жағдайларда алдынала айқындалып қою фактісін де жоққа шығармайды. Бостандық тағдырдың қарама-қарсылығы ретінде анықталады және әуелгі табиғилыққа қарсылық шарасы ретінде жиі бағаланады. Қоғамды әділетсіз заңдардың күші билеп тұрса

да тағдырды адам өзгерте алмайды. Бірақ, адамның ішкі бостандығы бұл заңдарды өзгертпесе де, өзінің жеке тұлғалығын сақтап қалуға көмектеседі. Адамның бұл бостандықтың мән-мағынасын түсінер, түсінбесі басқа мәселе. Ж.Аймауытов адамның онтологиялық бостандығы туралы, адам тіршілігінің табиғи дүниеден бостандық факторы арқылы айырмашылығы жөнінде мәселе қойған. Тағдыр мен бостандық теңдестірілген. Адам қалыптасқан жағдайлардың ішінде, осы жағдайлар мен өзін өзгерту арқылы өз тағдырын өзі таңдайды. Бұл адамның еркін іс-әрекеті [2, 116 б.]. Ол ХІХ ғ. аяғы – ХХ ғ. бас кезіндегі ұлттық болмысты айқындап, оның жағымды, жағымсыз қабаттарын ашып, алдына ұлтты рухани нығайту, биікке шығару мақсатын қояды. Қазақтың әрбір азаматына артқа сүйрейтін жаман қасиеттерден арылайық және заман ағымынан қалмайық деп ақыл айтады. Сөйтіп, алдағы асуларды алуға қажетті тетіктерді атап көрсетеді және жалқаулықтан, керенаулықтан, кертартпалықтан арылудың уақыты келгендігін есіне салады. Бойкүйездік пен, салғырттықпен ұзаққа бара алмайтынымызды нақтылап, одан босану қажеттігі туындағанын ескертеді.

Шәкәрім Құдайбердіұлының мәдени-философиялық көзқарасы рационалдық діни философия бағытына жақын. «Тіршілік, жан туралы» өлеңінде ойшыл Дүние жөнінде былай дейді: «Жаралыс басы қозғалыс, қозғауға керек қолқабыс. «Жан» де, мейлің бір «мән» де, Сол қуатпен бол таныс. Әлемді сол мән таратқан, Қозғалмаса көшпейді, Көшпеген нәрсе өспейді. Өспеген нәрсе өзгермес, Түрден ол түрге түспейді» [3, 91 б.]. Бұл шумақтан бүкіл дамудың қайнар көзі қозғалыста екенін, ол жоқ жерде өсіп-өнудің де жоқ екенін байқаймыз. Бірақ, ойшыл сол қозғалыстың өзі бір қуаттың арқасында болатынын айтады. Бұл өлең жолдарынан бір жағынан, ақынның өз заманының ғылыми жетістіктерін білгенін көрсетсе, екінші жағынан, оларды түсінуде мистикалық жолға түсіп кетпей, практика, іс-әрекет арқылы оның шындығы дәлелденді деген ой ұсынады. Терең философиялық мәні бар ерекше мәселе – жан мен тәннің арақатынасы, өзара байланысы. «Жансыз тән қалайша жүрмек? Сол жан емес пе денелерді қозғап өсірмек. Бас қозғалыс қай жанның атасы, Ол жаратады түрлеп. Сол жаннан талай жан өскен, Жанына қарай тән өскен» [3, 148 б.]. Сонымен, ақынның ойынша, жан мен тәннің арақатынасында басымдылық, біріншіде, тәуелділік; екіншіде, сана, ақыл тәнді билейді. Оның этикалық, ағартушылық ғылыми идеялары негізгі еңбегі – «Үш анықта» өте керемет баяндалған. Алғашқыда ақын екі анықты сөз қылады. Бірінші, ғылымдағы ақиқаттар, оған адамзат мыңдаған жылдар бойы ізденіп, зерттеп жетті. Екінші, діннің берген аяндары. Бұл, философия саласында мыңдаған жылдар созылып келген «ақыл-ой мен сенім ақиқаттары», олардың арақатынасы. Осы «екі аныққа» үшінші, ар-ұжданды қосып, оның іргелілігін баса айтып, Абайдың «жүрек», «нұрлы ақыл» категорияларын әрі қарай тереңдетеді. Шәкәрімнің ойынша, ар-ұжданға ынсап, әділет, мейірім кіреді. Оның ойынша, ар-ұждан – рухтың өзегі, сондықтан, бүкіл өнер-білім оның сынынан өтуі керек. Өйткені, ол бүгінгі таңда бүкіл адамзаттың әрі қарай дамуының шешуші

мәселесіне айналып отыр. Ар-ұжданның аясындағы ғылым тіршілікті сақтап, қоғамды гүлдендіреді, ал, оны ескермейтін ғылым – бүкіл тіршілікті адамзатпен бірге құртып жібереді. Болашақта болатын апатты әлі ешкім сезінген жоқ. Ғылымның тез қарқынмен дамуының негізінде сциентистік-технократиялық (таза ғылым мен техниканың шешуші рөлін мойындайтын ілім) көзқарастар кең етек алған болатын. Міне, осындай ахуалда ұлы ақын көрегендік танытып, болашақта болуы мүмкін апаттарды алдын-ала болжай білді. Оның кенеттен жарқ еткен ар-ұждан идеясын мыңдаған жылдарға созылған қазақ руханиятының квинтэссенциясы десек болады.

Менмендік, қоғамдық пікірмен санаспаушылық, өткен тарихи сатыны толығынан терістеу, адамдардың бір-бірінен жаттануы, шен иелерінің жемқорлығы, екіжүзділік және т.с.с. келеңсіз қасиеттер тек адамгершілікке, ар-ұжданға негізделген саясат арқылы ғана жеңіледі. Оны естен шығармауымыз керек. Шәкәрімнің философиясы өте биік, нәзік те терең. Оның идеялары қазақ руханиятынан тыс бүкіләлемдік білімге өз үлесін қосты.

Ұлттық ояну философиясы тек Батысқа бейімделумен шектелмейді. Бізде жиі жазылатындай, Қазақстан Батыс пен Шығысты қосатын көпір емес. Шынында, қашанғы Батыс пен Шығысты жалғастырушы көпір бола бермекшіміз? Біз, әркім үстімізден өте беретін жол емеспіз ғой! Бізге өз мәдениетіміз бен өркениетімізді, ұлттық қадір-қасиетімізді әлемдік аренаға көтеретін уақыт келді. Жол, көпір ұғымдары екі жағаны жалғастырушы мағынасына ие, сонда, әлемдік өркениет өресінде біздің алатын орнымыз осы көпір ұғымымен шектеліп қала ма? Бұл жерде «көпір», «жол» ұғымдары екі мағынаны аңғартқандай: а) Егеменді Қазақстанның жалғастырушы мәдени көпір ғана емес, сан ғасырлық шежіресі, өзіндік төлтума мәдениеті мен өркениеті бар, іргесі кең, еңселі ел екендігі; ә) Кез-келген ұғымды тарихи айналымға ендімес бұрын, сол ұғымдардың теріс пікір тудырмайтындығына көз жеткізіп, дұрыс мағынада қолданғанымыз жөн. Жалпы, қазақ философиясы кешеуленіп зерттелініп жатқаннан болар, көптеген ұғымдар мен аударылымдар оқырман қауымы арасында кері түсінікке ие болып, басқаша ойлауға түрткі болуда. Демек, қазақ ұлттық санасын зерттеуде алдымен ұғымдарды дұрыс қолданып, ғылыми айналымға дұрыс ендіруден бастау керек. Өйткені, дәстүрлі мәдениетіміздің іргетасы осы ұғымдармен қаланады.

XX ғ. басындағы аласапыран заманда Ресей империясы терең күйзеліске ұшырап, оның құрамындағы халықтардың ұлттық сана-сезімі өсіп, олар өзіндік мемлекет құру, төл мәдениеті мен тілін, әдет-ғұрпын сақтап қалу мәселелерін күн-тәртібіне қоя бастады. Бұл көштен қазақ зиялылары да қалысқан жоқ. Қазақ халқы XX ғ. басында өз ішінен талай-талай дарынды, өз халқының бостандығын армандаған, сол үшін жанын берген азаматтарды тудырды. Солардың ішінен ерекше тұлғалар ретінде Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов, М.Жұмабаевты атап өтуге болады. Аталған тұлғалардың көбі өз талпынысының арқасында жан-жақты білім алып, орыс және т.б. тілдерді игеріп, шын шығармашылық деңгейге көтеріле білді.

Олардың көбі қоғамды шынайы түрде демократиялық реформалар арқылы өзгертуді қалады, 20-шы жылдардан басталған сұрапыл қантөгіс оларды қатты қынжылтты [4, 216-247 бб.]. Бірақ, өз өмірлерінің алдына төнген қауіпке қарамастан халықты ағарту, оның өзіндік сана-сезімін дамыту ісін тоқтатқан жоқ. Өйткені, олар халықтың болашағын көздеді, ертелі-кеш халық өз егемендігіне жететініне сенді және сол үшін қажымай-талмай қолынан келгеннің бәрін жасады. Олар халыққа білім беру жолында мектептерде жұмыс істеп, көптеген оқулықтар мен газет-журналдарды, романдар мен өлеңдерді шығарды, халықтан қалған тарихи мұраларды зерттеп, жарқын болашақты жақындату үшін барлық қолдан келгенді жан аямай жасады. Күштілер, күшсіздер әруақытта болған, бола береді де. Мәселе, оған қарсылық көрсете білуде. Яғни, күшсіздер тырысып, күштілердің қатарына қосылуына, ал, күштілердің әлсіреп, күшсіз болуы да әбден мүмкін жағдай. Қазақ ойшылдары – ең алдымен, туған халқының алдындағы терең жауапкершілікті түсінген, сезінген тұлғалар. Сондықтан, олар әсем сөздердің, ұтымды символдардың көмегімен көшпенділер дүниетанымының күре тамыры болып табылатын жоғары моральдық талапты, еңбек сүйгіштік пен төзімділікті, ата тегін ардақтауды, сөз асылын қастерлеуді, тапқырлық пен алғырлықты, ел намысын қорғаудағы жау жүректілікті, Отанын, Атамекенін ардақтауды сананың түпкі қабаттарына жететіндей етіп жазып, халық алдындағы әр азаматтың жауапкершілігін оятуға тырысты. Дала өміріне тән тағы да бір ерекшелік – олар жастардың қалай, не үшін өмір сүруі керектігін, кімдермен қалайша күресіп, қайткенде мақсатына жетіп, адамгершілік парасатқа ие болатындығы туралы айтып қана қоймай, өздерінің жеке бастарының үлгісімен де тәлім-тәрбие бере білді. Олардың шығармашылығында ұлттық пен жалпы адамзаттық құндылықтар жарасымды түрде үйлесім тапты. Ең алдымен, ұлттық сипат көгермей, ұлылық әдемілік болмақ емес. Бұған тағы да көз жеткіздік. «Елім, жерім», «алашым» деген сөздерді Махамбеттен кейін көп қолданған М.Жұмабаев. Ол ешуақытта жеке адам мүддесін халық, бұқара мүддесінен жоғары қойған емес. Ұлттық болмысты сараптай отырып, «халық өнер қумаса, төңірегінде болып жатқан өзгерістерге мән бермесе, мәдениетті елдердің аузына түсіп, жұтылып кетеміз ба» – деп күдіктенеді. Ай тумаған қараңғы түнде алыстан елбең-елбең етіп келе жатқан бейнені анам ба деп бала қандай зарыға күтсе, ойшылдарымыз қазақ жастарының оқып, білім алуын, көкірек көзінің ашылуын да солай күтеді. Қазақ өмір салтының күрт өзгеру барысында халықты аман сақтап қалу, оның саны мен күш-қуатын өсіру мәселесін талдаған да осы ағартушылар болды. М.Жұмабаев, М.Дулатов сияқты зиялылар оның тетігін қазақ әйелдерінің эмансипациясымен (теңдігімен) тығыз байланыстырады. Ж.Аймауытовтың «Ақбілек», М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романдарында, М.Жұмабаевтың көптеген өлеңдерінде қазақ әйелінің аянышты жағдайы шынайы да нанымды суреттелген. Әрине, бүгінгі таңда қазақ әйелі шынайы теңқұқықты қоғамның мүшесі. Сонымен қатар, «ұлттық дәстүрді» сақтап, «мұсылмандық жолына» түсіп еркектерге көп әйел алуға

заңды жол ашу керек, – деп лепіргендер де біздің қоғамда жоқ емес. Ұлттық демократия бағытын ұстаған ойшылдар қоғам жаңаруы, түлеуінің қайнар көзін ұлттық интеллигенциядан көрді. Сондықтан, А.Байтұрсынұлы зиялыларды бірлікке, олардың білімі мен жалпы мәдениет деңгейін көтеруге шақырады. Қазақтар адамның екі тілсіз жауы бар: «от» пен «су» – дейді. Үшінші жау: зиялылардың арасында кең тараған: менмендік, көре алмаушылық, алыс-тартыс, бірліктің жоқтығы, сатқындық, жемқорлық және т.с.с. Бүгінгі күнгі билікке ұмтылушыларды, мемлекеттік марапаттауларға, жарқыраған медальдар мен алғыс хаттарға ие болуға тырысушыларды, өз ұжымына тәкәппарлықпен қарайтындарды, жемқорлар мен пара алу сияқты теріс қылықтарды меңзеп тұрғандай.

#### Әдебиеттер:

1. Ахметова Г. М.Ж.Көпеев шығармашылындағы діни-этикалық ойлар. -Астана, 2016. -126 б.
2. Алаш ақиықтары: мақалалар, деректі құжаттар, аудармалар. -Алматы: Алаш, 2006. -288 б.
3. Тәжібаев Ә., Сәтбаева Ш. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Шығармалар жинағы. -Астана, 2018. - 481 б.
4. Қамзабекұлы Д. Алаштың рухани тұғыры. -Астана: Ел-шежіре, 2008. -360 б.

ОӘЖ 332(574,5)

### МАРКО ПОЛО САЯХАТТАРЫНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

Амангелдиев С.Д.

Аудандық білім бөлімінің тарих пәні бойынша әдіскері,  
Сайрам ауданы. Түркістан облысы. Қазақстан

*Резюме*

*В данной статье рассматриваются историческое значение путешествия, совершенном Марко Поло XIII века.*

*Summary*

*In this article the historico are examined value trip, perfect Marko Hollow Kh XIII age.*

Марко Поло (1254-1324) – италиялық саяхатшы, 1271-1295 жылдары Орталық Азия мен Қытайда болып қайтқан. Ол Ханбалықтағы (Пекин, Бежин қаласының сол кездегі аталуы) барлық монғол-татарлардың ханы Құбылайдың талабы бойынша 17 жыл қызметінде болып, Қытайдың бүкіл аймақтары мен көршілес жатқан жерлерге сапар шеккен. Еуропалықтардан алғашқы болып, Алдыңғы Азия, Орталық Азия және Қытайда туралы толық та, құнды деректер берген («Марко Полоның кітабы») [1].

Олай деуімізге де негіз бар. Себебі еуропалықтар Азиямен, соның ішінде ислам әлемімен күрделі саяси-діни қатынаста болуына байланысты («Крест жорықтары») Орталық Азия, Оңтүстік Азия, Оңтүстік-Шығыс Азия, Қытайда және Жапония туралы бұлыңғыр, қате мәліметтерге ие еді. Мысалы, еуропалықтарды Үндістанға баратын жаңа теңіз жолдарын іздеуге себебші болған: «Үндістанда өзенде судың орнында бал мен сүт ағады» - деген таңғажайып қате деректер еді.

Сол себепті біз Марко Поло саяхаттарының тарихи-географиялық мазмұнын аша отырып, бұл саяхаттың ғылыми мәнінен бұрын, алғаш саяси-экономикалық мәнін ашуға назар аудардық. Біздің заманымыздан бұрынғы II ғасырдан сонау



XVI ғасырға дейін өмір сүрген «Ұлы Жібек жолының» біздің заманымыздың VII-VIII ғасырларында Еуропаны шығыстың дәм-татымдық, жібек мата және тамаша зергерлік бұйымдарымен қамтамасыз етуінде дағдарыс кезеңі басталады. Бұған басты себеп Араб халифатының құрылуы мен оның бүкіл Азия саудасына тікелей монополия орнатуы болып келді. Келесі себеп Марко Поло саяхат жасайтын XIII ғасырда дүниежүзілік саяси аренаға монғол-татар езгісі мен «Алтын Орда» билігі орнаған кезең болатын. Сол себепті Еуропа елдерінің королдары өздерінің Ислам әлеміне деген жаугершілік әрекетінде осы «Алтын Орда» және тағы басқа монғол хандарынан одақтас табуды мақсаты тұтты. Оған дәлел ретінде 1245 жылы Рим папасы IV Иннокентий мен француз королы, «Крест жорықтарына» қатысушы IX Людовиктің Пано Карпиниді және 1252 жылы Виллем Рубрукты Қарақорымға (монғол-татарлардың «Ұлы ханының» резиденциясы осы аймақта болған) елшілік миссиясымен жіберілуі болып табылады [2].

Марко Поло 1254 жылы Италияның Венеция қаласында оқымысты да, саяхатшы Николай Поло отбасында дүниеге келді. 1269 жылы әкесі мен ағасы Матвей Марко Полоның алғашқы тырнақ алды Константинопольға саяхатында бірге болып, ұстаздық еткен еді.

1271 жылы Марко Поло өзінің шығысқа саяхатын бастайды. Оның саяхаты қазіргі Туркия, Армения, Грузия, Ирак, Иран, Өзбекстан, Тәжікстан жерлері арқылы өтіп, Қытайға Пекинге жеткен.

Марко Полоның Еуразияның Азиялық бөлігінде алғаш аяғы тиген жер Туркия (ол Туркмения деп атаған) болды. Бұл ел жөнінде ол: «Туркменияда үш халық жасайды. Түріктер Мұхаммед (с.ғ.с) ұлық тұтып құрметтейді және шарифат заңдарымен жасайды. Олар таулар мен жазықтықтарда жасап, жайлымдарда мал шаруашлығымен шұғалданады. Бұл жерде жақсы жылқылар мен қашырлар өсіріледі.

Бұл жерде тағы армяндар мен гректер бар. Олар негізінде қала мен қалашықтарда өмір сүріп, сауда мен қолөнермен шұғылданады. Өте тамаша жұқа қызыл түсті кілемдер тоқылады. Бүкіл территориясы монғол-татарларға бағынышты болып келеді» - деп атап кеткен [3].

Осы дерекке негізделе отырып, орта ғасырлардағы Туркия жеріндегі қоныстану туралы толық көзқарасқа ие боламыз. Әсіресе қазіргі кездегі Туркиядағы армян және грек диаспорасының қалай қалыптасқаны туралы түсінікке ие боламыз. Сонымен бірге бағзы заманнан Туркия қолөнермен, оның ішінде кілем тоқумен танымал болғанын және сол дәстүрдің қазірде жалғасып келе жатқанын білеміз.

Сондай деректердің бірінде Парсы мемлекетінің ірі қалаларының бірі болған – Балх туралы айтылады. Онда: «Балх қаласы ертеректе өте әдемі де, ірі қала болған. Бұл қала Парсы мемлекетінің шығыстағы ең шеткі нүктесі де болған. Онда кезінде зәулім мәрмәр сарайлар мен тамаша баулар болған. Мұнда Александр Македонский (шығыста Ескендір Зұлқарнайын) III Дарий патшаның

қызына үйленген еді. Қала маңы жабайы табиғатқа ие болып, арыстанға дейін жасайды» - делінген.

Бұл деректерге сүйене отырып, біз кейбір тарих және география пәніне жаңалықтар мен толықтырулар табамыз. Біріншіден, тарихта айтылып жүрген Александр Македонский сақтар жеріне келгенде, ауқатты топты өзіне бағындыру мақсатында жергілікті ақсүйектің Роксана (кейбір дереккөздерінде Рокшана) атты қызына үйленеді. Марко Полоның дерегіне негізделіп, одан ертеректе Дарий патшаның қызына үйленгені анықталады. Бұл әрине шындыққа жанасады. Себебі «Әлемдік халық» идеясымен жүрген Александр Македонский өзінің қас жауы болған Дарийге өлгеннен соң ілтипат көрсетуі тарихта дәлелденген.

Екіншіден, Орталық Азия территориясында арыстан жасаған деген мәлімет, екі түрлі жорамал жасауға бағыттайды. Сонда сол кездегі табиғат жағдайлары арыстан популяциясына (таралуына) толық мүмкіндік бере отырып, қазіргі табиғаттан өзгелеу болғаны. Бұл палеогеографиялық деректерде айтылатын табиғат пен климаттың өзгеріп отыратынын растап береді. Немесе адамзаттың табиғатқа жасаған ауыртпашылығының әсерінен арыстан жойылып кеткен. Бұл да ғылыми деректермен расталады.

Орта Азияның биік таулы аймағы Памирді былай сипаттайды: «Вахан (қазіргі Пяндж) өзенінің аңғарымен он екі күн жүріп, тамаша табиғатқа куә болдық. Бұл жерде ең жақсы жайлаулар болып, азып-тозған малды он күн бақсаң семіріп шыға келеді. Аңғар таусылып, Памир атты тау бастау алады. Ол өте биік болып, елді мекендер жоқ. Өсімдіктер дүниесі өте жұпыны болып келеді. Сол себепті азық-түлікті өзіңмен бірге алып жүруге тура келеді»

Қазақстанға таяу болған Орталық Азиядағы Шығыс Түркістан туралы былай дерек келтіреді: «Тұрғындары негізінде мұсылмандар. Бұл жерде яшма және халцедон сияқты бағалы тастар өндіріліп, Қытайға алып барып сатылады. Табиғаты құмды шөл болып келеді. Мұның жау шапқанда өте тиімді жағы да бар екен. Осындай сәтте халық бала-шағасы мен малын айдап құмның ішіндегі шұрайлы аймақтарға жасырынады. Олардың ізін суырып тұрған құм жауып кетеді. Олардың қайда кеткенін жау таба алмайды».

Марко Полоның саяхаттары арқылы Құбылай ханның саяси-әкімшілік басқару саясаты туралы білуге болады. Бұл туралы ол: «Хан Манзи уалаятын өзіне бағындырғаннан соң, оны он тоғыз ұлысқа бөлді. Әр біреуіне вице-император (ұлыс басшысын) тағайындады.

Вице-императорлар әр жылы ұлыстан жиналған салықты (ұлпан) Ханбалыққа алып келіп ғана қоймай, сонымен бірге ұлыста болған өте айтулы саяси оқиғалар мен құбылыстар туралы мәлімет-есеп тапсыратын.

Ханчжоу уалаятынан жиналатын салықтың түрлері мен мөлшерінің өте көптігі сонша, «тұз салығы» дейтін тағы бар еді. Ханчжоу уалаятынан екі жүз он таман немесе венециялық алтын дукаттан он алты миллион сегіз жүз мың қазынаға келіп түсетін.

Вице-императорлар әр үш жылда ауыстырып тұрылатын» - дейді.

Монғол-татарлардың тұрмыс-тіршілігі жөнінде Марко Поло былай дейді: «Монғол-татарлар қыста жылы жазықтықтағы жайлымды өзен аңғарларында жасап, жазда салқын-сая таулы, сулы-нулы аймақтарда жасайды.

Үйлері ағаштан жасалған шеңбер тәріздес болып, жіппен байлап тастаған (киіз үй). Ол үйлерді жылдам бұзуға, қайта құрастыруға оңтайлы болып келеді. Үйдің есігі әрқашан оңтүстікке қараған болады.

Арбаларға артылған үйлерді қара киізбен (текемет) орап тастайды. Ол бірнеше күндік жаңбырда да су өткізбейді. Сол арбаларда бала-шағасымен көшіп-қонып жүреді. Әйелдері сауда-сатықпен шұғылданып, ерлеріне қажетті болған заттарды сатып алады. Ерлері болса, үй шаруасын ойламай соғыс та жүргізеді, аңшылық пен саяткерлікті кәсіп етеді. Олар жылқының еті мен сүтін (қымыз) көп қорек етеді.

Өзгелердің әйелдеріне көз салмайды, мұны күнә деп жаман әрекет санайды. Ер азаматтарға шама-шарқысына қарай көп әйел алуына болады. Қалың мал енесіне беріліп, әйел күйеуінің үйіне ештеңе алып келмейді. Ерiнiң үлкен әйелiн басқа әйелдерi құрметтеп, ынтымақта жасайды. Сондай-ақ, отбасында аға қайтыс болса, оның әйелiне iнiсi үйленедi (әменгерлiк). Тойлары өте ауқымды болып, салт-дәстүрге және сән-салтанатқа бай» [4].

Марко Поло саяхаттарында шығыстың салт-дәстүрлері мен коммуникациялық нысандары туралы да толық мәліметтер келтіреді. Соның ішіндегі жол тораптарындағы қарақшылық және оларғы қарсы күрес туралы тамаша естеліктер келтіреді. Бұл өз кезегінде Таяу, Орта және Орталық Шығыс елдеріндегі саяси құрылымның Еуропаға қарағанда жоғары деңгейде тұратындығын дәлелдейді.

Марко Поло 25 жылдық (соның 17 жылы хан сарайында) сапарынан 1295 жылы ханның рұқсатмен еліне оралады. Ол Оңтүстік-Шығыс Азия, Ява және Суматра аралдары арқылы Үнді мұхитымен еліне оралады.

Өмірде белсенді Марко Поло Италия мемлекеттерінің азаматтық соғыстарына қатысады. 1297-1298 жылдардағы теңіз шайқасында қатысып, тұтқындалады. Ол Генуя түрмесінде абақтыда отырады. Сол жерде оның естеліктерінен пизандық (Италиядағы қисайған Пизано мұнарасымен танымал қала тұрғыны) Рустикан бұл саяхаттарды жазып алып «Марко Полоның кітабы» атымен танымал еткен.

#### Әдебиеттер

Пивоваров Г.П. По страницам занимательной географии. – М: Просвещение, 1990.

Книга Марко Поло. - Алматы: Наука Казахской ССР, 1990.

Лазаревич К.С., Лазаревич Ю.Н. География. Справочник школьника. – Москва: Дрофа, 1997.

Вилли Майнк. Марко Поло. – Ташкент: Шарқ, 1994.

## МЕКТЕП МҰРАЖАЙЫН ҚҰРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Ахмедов Э. И.

№ 100 ЖОМ оқу-тәрбие ісі бойынша директор орынбасары,  
Сайрам ауданы. Түркістан облысы. Қазақстан

*Резюме*

*В этой статье обсуждаются методические рекомендации по созданию школьного музея.*

*Summary*

*This article discusses guidelines for setting up a school museum.*

Халқымыз «Тарих - керуен» деп, таяудағы тарих әп-сәтте тереңге кететінін айтады. Еліміз тарихында заттық этномәдени мұралар бойынша Түркістан облысының ойып орын алатыны белгілі. Оған себеп ел тарихындағы оңтүстік өңірінің бірнеше этностар мен мәдениеттердің араласуының үлкен алаңы болды. Оған дәлел ретінде біздің заманымызға дейінгі оңтүстік бағыттан елімізге ене келген Парсы патшалары, эллиндік А.Македонский болса, біздің заманымызда Араб халифаты, Қоқан хандығы болды. Сондай-ақ «Ұлы Жібек жолының» ең маңызды тармағы біздің өңірден өтті.

Ең бастысы, әлемді билеуші 100 қолбасшының үштігінде тұрған Шыңғыс ханға алғаш қарсы тұрып, қирандыға айналған Отырартөбе, ел тарихында қазақ ұлтының тарихы тәлкеге түскенде хандықтың астанасы болған Түркістан қаласы, ел мәселелері «күнде» шешілген Күл төбе, XVIII ғасырдағы жоңғар шапқыншылығына қарсы күрес пен елді азат етуде қазақтың басын қосқан және Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің ізі қалған Тутөбе (Найза тіккен) ел тарихында таптырмас жәдігерлер бар.

«Киелі» деген ұғым жер мен тұлғаға бірдей берілетін мәртебе. Сондықтан Оңтүстік өңірде жатқан киелі азаматтардың ескере келе халқымыздың «Түркістанда түмен баб, Сайрамда сансыз баб» - деген жалынды сөзі бекер айтылмаған. Қабірі мен кесенелері Түркістан облысы территориясында және жапсарлас жатқан еліміз үшін аянбай ат салысқан Арыстан баб, Ұзыната, Баба Түкті Шашты Әзіз, Жабайата, Саңғыл би, Бабаата, Қарабура әулие, Ысмайыл ата, Қарашаш ана, Бәйдібек баба, Домалақ ана, Бес ана және Өзбекстандағы Төле би, Шымыр баба және т.б. киелі ата-бабаларымызды атауға болады.

Кеңес дәуіріндегі қазақ даласында елдігіміз бен жерімізді сақтауға өзін аямаған кейінгі лег тұлғалардың ізі осы Оңтүстік Қазақстан облысында жатыр. Олар: Сұлтанбек Қожанов, Нәзір Төреқұлов, Әзімхан Кенесарин, Қажымұқан Мұңайтпасов, Саттар Ерубәев, Өзбекәлі Жәнібеков, Нұртас Оңдасынов, Сабыр Рақымов, Берген Исаханов, Бейсен Оңтаев, Қарсыбай Сыпатаев, Абдолла Үсенов, Асанбай Асқаров, Жамалбек Шаймерденов, Шәмші Қалдаяқов, Ғани Иляев, Сүгір Әлиұлы және т.б. [1]

Мұражай түсінігі екі жарым мың жыл бұрын пайда болды, бірақ бүгінгі күні бұл түсініктің мазмұны өзгерді. Көне гректер мусейон (мұражай) ретінде—

«муза шырақтарын» түсінген болатын, біраз уақыттан кейін оны - әдебиетпен, ғылыммен айналысатын жер деп есептеген.

Мұражайларға екінші өмірді Жаңа өрлеу дәуірі берді және оған жаңа мазмұн сыйлады. Мұражай деп көне дәуірдің мәдени ескерткіштер коллекциялары, кейін дүние жүзінде табиғатта сирек кездесетін заттар есептелді, ал XVI ғасырдың екінші жартысында «мұражай» терминін белгілі бір заттар жиынтығына және олар сақталатын жерге қатысты қолданылды, кейін сирек кездесетін коллекцияларды сақтап қана қоймай, оны зерттеп көпшілікке көрсететін болды. XIX ғасырда мұражайдың қалыптасу үрдісі аяқталды.

Бүгінгі күні мұражай анықтамасының бірнеше түрі бар, бұл оның қиындығы мен көпқырлылығына байланысты. XX ғасырда адамзатқа мұражайдың жаңа түрін берді, өйткені адамдар заттармен бірге айналадағы табиғатта тарихи-мәдени ортаны сақтап көпшілікке көрсетуге болатынын түсінді, нәтижесінде ашық аспан астындағы мұражайлар пайда болды және олар өздерінің алғашқы өзгертілмеген түрінде көрсетілді. Халықаралық практикада мұражайлардың халықаралық кеңесі ұсынған анықтама жиі қолданылады. 1995 жылы енгізілген өзгертулер бойынша: Мұражай - қоғамға қызмет ететін, адамдар үшін ашық коммерциялық емес мекеме, ол білім беру, өркендеу және көңіл көтеру мақсатымен адамның құндылықтарын ашатын, сақтайтын, зерттейтін мекеме. Көптеген зерттеушілер мұражайды әлеуметтік институт деп түсінеді.

Мұражай – ел тарихы ұлттың көне менталитеті, дүние жүзі мәдениетінің қайнар көзі тоғысқан жері. Себебі мұражай қойылымдарына орналасқан әрбір мұраның астарында сол жеке мұра тарихы ғана емес, осыған байланысты болатын кез-келген халықтың жүріп өткен ізі, тарихы жатыр.

Мұражай заттық және рухани құндылықтарды танытуда, ғылыми тұрғыда зерттеп, оның нәтижелерін насихаттауда, осы негізінде тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқарады. Мұражай өткен кезең мен осы кезеңді байланыстырушы.

Мұражай материалдары яғни қазақ халқының мәдени мұралары негізінде тарихты жан-жақты оқыту өте пайдалы.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан кейін мұражай саласы құрылымдық саяси идеологиялық, ұйымдық түбегейлі өзгерістерді бастан өткерді [2].

Мектеп мұражайын үш бөлімнен жабдықтауға болады:

Мектеп тарихы

Тарихи – этнография

Нумизматика (ақшалар)

Мұражай өз жұмысын мектепте өткізілетін тәрбиелік, білім беру сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстар мен тығыз байланыста ұйымдастырады. Мұражайдың жұмыс бағыты мен жоспарына байланысты белсенділері – пән мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар және жалпы жанашырлар мына жұмыстарды атқаруы қажет:

Мектеп мұражайының қорын толықтыру барысында жорықтар жасап, өзге мектеп мұражайларымен, мекемелер мен хат жазысып, хабар алысып отырады.

Тақырыптар бойынша, әдебиеттер ақпарат көздерін іздестіреді.

Жиналған ақпарат материалдарды жинақтап сақтайды.

Мұғалімдерге мұражайдың қорындағы материалды оқу барысында қолдануға ықпал етеді.

Мұражай қорына жинақталған материал мүлік кітапшасына тіркеледі. Мектеп мұражайымыздың қоры жалпы екіге бөлінеді негізгі және қосымша. Негізгі қорға (табиғи, тарихи, мәдени ескерткіштердің түп-нұсқалары кіреді). Қосымша қорға (диаграммалар, кестелер, сызбалар, көшірмелер және т.б. кіреді)

Мектеп мұражайдағы материалдарды құрамына қарай топтарға бөліп қоюға болады:

Құжаттар немесе қағаздан жасалған заттар (кітап, карталар, суреттер)

Металдан жасалған бұйымдар

Маталар мен киімдер

Қыштан, керамикадан, шыныдан жасалған бұйымдар.

Тері мен ағаш бұйымдары

Майлы бояу шығармалары

Оқушыларға мұражай ескерткіштерді сақтайтын орын ғана емес, оның тәрбие және білім беру мекемесі ретінде ерекшелігі жайында, оның қоғамдағы әлеуметтік қызметтері жөнінде, мұражай түрлерінің жіктелуі, мұражай жұмыстарының бағыттары жөнінде, сонымен қатар мәдени мұра өнер туындылары жөнінде оқушыларға танымдық түсінік қалыптастыру орын екендігін сипаттауға болады.

Мұражайдың мақсаты: Мұражайтанулық шараларды дамыту. Оқыту үрдісінде жеке тұлғаның өзіндік дамуына ықпал етуші тәрбие мен білімді ұштастыру.

Күтілетін нәтиже: Білім деңгейі жоғарлайды, мұражайдан ой өрісі кеңейеді.

Мәдени әлемге терең көз қараспен қарауға үйренеді. Мұражайтану мен өнер жолын таңдайтын оқушылар қалыптасады.

Отансүйгіш, елжанды, өз тарихы мен мәдениетіне құрметпен қарайтын азамат қалыптасады.

Мұражай өз жұмысында қазіргі кездегі ҚР заңдарын «Қазақстан Республикасындағы білім беру мекемелеріндегі жұмыс істейтін мұражай туралы Ережені» басшылыққа алуы қажет.

Мұражайда мынандай тәжірибелік шаралар ұйымдастырып тұруда таптырмас мекен болып табылады.

Аудандық мұражайда жинақталған жәдігерлермен танысады.

Оқушылардың жинақталған материалдары (жәдігерлері) туралы пікірлес, әңгімелесу өткізу.

Оқушылардың жазған шығармашылық жұмыстарын талдау.

Мұражай қызметінің мамандарымен шығармашылық адамдармен кездесулер ұйымдастырылады.

Мектепте арнайы сайыс өткізіп отыруға және оқушылардың еңбектерін көрсетіп бағалау.

Мұражай тәрбиелік, өткеннен ақпарат жеткізуші ғана емес, ақпаратты заттай деректер арқылы насихаттайтын, сол тарихи кезең жөнінде түсінік қалыптастыратын мәдени мекеме.

#### Әдебиеттер

Оңтүстік Қазақстан энциклопедия. – А., «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2005.  
Қазақстан Республикасы мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің тұжырымдамасы. – А., Қазақстан, 2005.

ОӘЖ 929

## ЖАЛАНТӨС БАҒАДУРДЫҢ ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ ОРНЫ

Мусаева Қ.А.

Аудандық білім бөлімінің тарих пәні бойынша әдіскері, № 97 С. Батыр ЖОМ мұғалімі.  
Сайрам ауданы. Түркістан облысы. Қазақстан

#### Резюме

*В данной статье рассматривается исторический роль Жалантос Бахадура в истории Казахстана*

#### Summary

*This article examines the historical role of Zhalantos Bahadur in the history of Kazakhstan*

Ұлтты ұлт ететін берік діңгектер – тіл, діл, дін, тамырын тану, тегін білу. Шеттегі қандастарымыздың бойындағы осы ұстындарды сақтап қалуға, ең алдымен қазақ мемлекеті мүдделі болуы қажет. Сонда ғана ол қандастарымыз бізге білікті мамандарды бермек, жаңа көзқарастарды, жаңаша ойлау жүйесін әкелмек. Ұлтымыздың ұлық болуына, мемлекет іргесінің берік болуына сыртта жүріп-ақ үлкен үлес қосатын болады. Осыларды ескере отырып, біз Өзбекстандағы қандастарымыздың тарихын, саяси-мәдени және әлеуметтік өмірін жазуды мақсат еттік.

Қазақ пен өзбек – тамырлас халық. Бауырлас ел. Енші бөліскеніне де саусақпен санарлықтай ғана ғасыр өтті. Өзбекстанның топырағы қазақ халқы үшін де қасиетті, киелі. Себебі, ол топырақта қазақтың ірі-ірі тарихи тұлғалары жатыр. Ташкентте Шымыр баба, Жабай әулие, Қойлық пен Киік аталардың және әйгілі Төле бидің бейіті бар. Самарқан қаласының әйгілі Регистан алаңындағы үш медресенің екеуін – Шердор, Тилла Қори медреселерін салдырған Самарқанның билеушісі Жалантөс Баһадур аталған қала іргесінде, Мақтұм ағзамның қасына жерленген. Науаидағы Нұрата қаласында екі ұлы бабамыздың мазары тұр. Бірі - Әйтеке би, екіншісі - Әйтеке бидің бабасы Сейітқұл әулие [1].

Осыларға негізделіп, өзбек жеріндегі қазақ ұлтының асыл ұлдары тарихта өзбек мемлекетінің қалыптасып, дамуына үлес қосқан. Оған көптеген дәлелдер бар.

XIX ғасырда өмір сүрген өзбек қоғам қайраткері және тарихшысы Абу Тахирқожа «Самария» атты кітабында Жалаңтөс туралы мынадай деректер келтіреді: «Жалаңтөс Баһадур аштархандықтар әулетінен шыққан Бұхара хандығында аталық лауазымында қызмет етті. Кейіншелік қызметтен кетіп, қалада көпшілікке арналған ғимараттар салумен айналысты. Соның бірі – Шердор мешіт-медресесі. Бұл ғимарат хижра жыл санауының 1028 жылы (біздің жыл санауымызбен 1618 жылдың шілде айында) біткен. Шердор мешітін ислам дініндегі шиа бағытының 12 имамының алтыншысы Самарқанда жерленген Имам Жаъфар Садықты құрметіне салдырған. Бұл ғимараттың Шердор деп аталуына кіреберісінде салынған екі жолбарыстың (өзбекше «шер») суреті себеп болған. Жалаңтөс «алшын» руынан еді» [2].

Жалаңтөс баһадүрдің тегінен сыр шертсек, арғы атасы Ораз қажы (1299-1385) найзаның ұшы, қылыштың жүзімен жарты әлемді тітіреткен Әмір Темірдің (Ақсақ Темір) бас уәзірі, әрі ақылшы-сәуегейі болған. Ораз қажы ақыл-ойымен, білім-біліктілігімен, өнегелі іс-қимылымен, әділдігімен, адалдығы арқасында қалын жұртты тәтті етіп, би атанған. Ораз қажы мұсылмандық жолын берік ұстанып, Меккеге үш рет барып қайтып, қажы атанған қасиетті кісі екен. 1931 жылы Ленинградта басылған «Темірланның ғұмырбаяны» атты кітапта Ақсақ Темір, ол кісіні «ұлағатты ұстаз» деп құрмет тұтқаны айтылады. Енді сол Ақсақ Темірдің өзіне қадірменді бола білген данадан Тоқпан батыр дүниеге келеді. Оның жас шамасы Темірмен қарайлас, әкесінің ақылымен, өмір бойы жортуылшы әмірмен үзеңгілес серік болған деседі. Осы Тоқпан батырдан Сейітқұл батыр дүниеге келген. Сейітқұл батырдан данқты қолбасшы, батыр, би, әмір, аталық, һәм Орталық Азия өңіріндегі атақты сәулет өнеріне дем беруші, Жалаңтөс баһадур 1576 жылы Қызылорда облысы, Қазалы ауданында дүниеге келді.

1581 жылдың жазында Сырдарияның төмен жағында көшіп-қонып жүрген сексенге жасы жеткен Шығай хан, ел-жұртқа төнген ауыр нәубет жұтқа ұшырап қатты күйзеледі де жаңа өріс іздеп, күнгей беттегі Нұрата, Қызбибі таулары төңірегіне барып, қоныс тебеді. Енді бір деректерде ол жасы ұлғайғасын биліктен бас тартып, дін жолын қалап, әулиелі Бұқара-шәріп аясына барып, өз иелігіне берілген Ходжент қаласында Құдайға құлшылық етумен күн өткізеді Ал Шығай ханның жақын серіктерінің бірі Сыр бойылық төртқара Сейітқұл батыр Тоқпанұлы еді.

Шығай ханмен бірге 40 мың үйлі алшындарын ілестіріп, Сейітқұл да көшеді. Сейітқұл батырдың соңына ерген алшын елі Нұрата, Қызбибі, Самарқан, Бұқара, Жызақ, Ақтау, Қызылқұм, Тамды төңіректеріне қоныстандырады. Сейітқұл батыр әрі би, әрі хан, әрі әулие болған. Сейітқұл батырдың қол астындағы парсы, түрік, өзбек, тәжік, қарақалпақ, қырғыз жұрттары оны «Синесоф буа» (парсыша көңіл-көкірегі ояу, пәк-жан) - деп қатты құрметтеген. [1,54 б

XVII ғасырда Орта Азия аймағындағы саяси ахуал шиеленісе түседі, әсіресе Қазақ хандары мен Бұхара хандары арасында бірде соғыс, бірде



одақтасу да болып тұрды. Әсіресе, бұл қақтығыстар Ташкент қаласы үшін болған. Шығай хан және оның баласы Тәукел ханның соғыс жорықтарына Жалаңтөстің әкесі Сейітқұл би өз жасақтарымен белсенді түрде қатысқан. Осы кезде Қызылқұм (Тамды, Кенимех) аумағындағы қазақтардың ханы Дінмұхаммед сұлтан Хакназарұлы болған.

Сейітқұл батыр өзіне қарасты алшындармен Нұрата өңіріндегі өзбек, қарақалпақтардың басын біріктіріп хан болады да, 5000 тұрақты жасақ құрып, жеке ел билейді. Нұрата тауы Тамды өңірімен шектеседі. Сейітқұл батыр Жалаңтөсті Дінмұхаммед сұлтанның қызметіне береді. Дінмұхаммед сұлтан Бұхара ханының ықпалында болған. Жалаңтөс Нұратадағы мешітте оқиды. Алғыр да зерек Жалаңтөс жастайынан батырлар жырын, атақты хандар туралы жылнамаларды көп оқып, өзін батырлыққа, ел басқару ісіне шындап, түрлі әскери өнерді де игере бастайды.

Мұны сол дәуірде хандар сарайында қызметші болған, өте білікті, дарынды ғалым, әрі ақын Махмуд ибн Валидің «Бахр ул -асрор» («Сырлар теңізі») атты кітабынан білеміз. Кезінде жеті том болған бұл еңбектің екі томы (бірінші және алтыншы) ғана табылып, олар Өзбекстан Ғылым академиясының Бируни атындағы Шығыстану институты кітапханасында сақтаулы тұр. Міне, осы кітаптың 6-томында аштархандықтар дәуірінде даңққа, атаққа ие болған тұлғалар туралы мәліметтер берілген. Солардың бірі Жалаңтөс турасында мынадай жолдарды оқимыз: «Жалаңтөс би аталық, батыл ноян, істің көзің білген әмір, алшын қабиласының ұлысынан шыққан асыл есімді хатой баһадүр. Дінмұхаммед хан заманында ол Сығанақтың Азақ атты жерінен келіп, оның қызметіне кіріседі. Қажыр-қарекетінің арқасында оның жақын адамдарының бірі болып алды. Надыр Мұхаммед хан дәуірінде мәртебесі биіктеп, оның аталығы етіп тағайындалды. Дарай сув, Мулган, Коһмарт уәлаяттары, Толқыншы, Сайқаншы, Зереңгі, Қилағи, Хазарайы Некудари қабилаларының елдері, Ғазына, Қандағар, Заминдар, Ғұр, Қорасандағы елдердің жерлері оған меншік ретінде сыйға берілген еді. Қандағар, Сеистан және басқа уәлаяттардың әкімдері оның алдында дір-дір қағып тұрар еді. Көрген-білгендер оның байлығы мемлекет қазынасына (хазанойи омира) тең екендігін, дәрежесі патшалардан қалыспайтынын айтқан».

Тарихи деректерде Мұхаммед Шайбанилер Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы хан нәсілінен Мауераннахрда XVI ғасырда билік жүргізген. Соңғы Шайбани Абдумумин 1599 жылы дүниеден озады. Енді хандық Шайбанилермен біртектес Жошы хан әулеті аштархандықтарға өтеді. Осы аштархандықтардың шахзадаларына Жалаңтөс батыр тәлімгерлік қызметін атқарады.

1590 жылы Сейітқұл батыр Жалаңтөсті Бұқар ханы Абдулланың жоғары дәрежелі қолбасшылар даярлайтын әскери мектебіне оқуға жібереді. Бұл мектепте Шыңғыс ханның қолбасшылық өнерінен дәріс беретін Бақимұхаммедтің баласы Имамқұл Жалаңтөстің ерекше қабілетін байқап, оны өзімен бірге хан ордасында өтетін әр түрлі кеңестерге, шет елдерден келген

елшілерді қабылдайтын салтанатты рәсімдерге қатыстырып отырады. Шынғысхан ұрпағы Имамқұл мен Жалаңтөстің достығы осы кезеңнен басталады. Бұқараның әскери мектебінде үш жыл оқып, түменбасылық лауазым алып қайтады. 1593 жылы Жалаңтөс баһадүр Булаңғар, Лайыш, Қаттықорған жерлеріндегі әлімұлы тайпасының бір бөліміне би болып сайланады. 1611 жылы Жалаңтөс баһадүр бастаған топ Уәлимұхаммед ханды тақтан түсіріп, орнына Имамқұлды отырғызады. Осы кезеңде Бұқар хандығының нығаюына Жалаңтөс баһадүр көп еңбек сіңіреді. Имамқұл хан 1626 жылы Бұқар хандығынан Самарқан аймағын құрып, оған Жалаңтөс баһадүрді әмір етіп тағайындайды және бас қолбасшылықты Жалаңтөс баһадүрдің өзіне қалдырады.

Кейбір зерттеулерде, Имамқұл ханның Жалаңтөс батырды Самарқан қаласы мен уәлаятының әмірі етіп қою себебі, біріншіден, қазақ хандығымен достық қарым-қатынаста болу, екіншіден, саяси істерді шешу үшін, әсіресе сыртқы жаулардан қорғануда қалың әскері бар Жалаңтөс батырды пайдалану деп көрсетеді.

Имамқұл ханның інісі Надыр Мұхаммед хан (1642-1645 ж.ж.) дәуірінде Жалаңтөс баһадүрдің мәртебесі тағы да жоғарылап, аталық болады. Жалаңтөс баһадүр дарынды қолбасшы ғана емес, ол ұлы сәулет өнерінің де қамқоршысы бола білді. Самарқандағы Ұлықбек медресесінің қарсысынан 1620-1636 жылдары «Ширдор» (Арыстан қақпа) медресесін салдырады. 1646 жылы екі медресенің ортасынан «Тіллә Қари» (Алтынмен апталған) медресесінің құрылысын бастайды.

Жалаңтөс баһадүрдің әскери қолбасшылық соғыс-жорықтары туралы деректер бізге толық жетпеген. Көпшілікке арналған әдебиеттерде, тарихи басылымдарда жеңіс-жорықтары туралы деректер бар.

Тарихи мәліметтер бойынша ойраттар XV ғасырдан бастап батыс Алтай, батыс Қытай жерлерін иеленіп, соңынан Жетісу бағытына қарай шабуыл бастады. Жоңғар мемлекетінің қалың қолы 1643 жылдың қысында кезектен шабуылға шығады. Жоңғарлар 50 мың қолмен, қонтайшы Батурдың бастауымен қырғыздарды, қазақтарды қыруға, жерін, елін, мал-мүлкін жаулауға, талауға кірісті. Мұны естіген Жәңгір іле-шала асығыс 600-ақ жасақ топтады. Жорық кезінде таулы аймақтың сайлы-аңғарлы жерлерін тиімді пайдаланып, жаудың қолына тойтарыс берді. Осы шайқасқа Бұхара ханы Надыр Мұхаммед хан Жалаңтөс баһадүр басқарған 20 мың сарбаз жіберген. Жоңғарлар көптеген адам шығынына ұшырап, 10 мыңнан астам әскері қаза болып, кейін қайтуға мәжбүр болды [3].

Тарихшы П.П.Иванов өзінің «Орта Азия тарихының очерктері» деген кітабында: «Абдулазиз ханның аталығы Ялантуш би XVII ғасырда Ұлы Моғолдарға (Индия) қарасты болған Кабул қаласының төңірегіне және Иранның Хорасан аймағына жойқын шабуылдар жасады. Көптеген тұтқындар алып қайтты. Оның өзінің иелігінде 3000-дай құл болды. Сол құлдардың күшімен Самарқандта медреселер тұрғызды» - деп жазады. [4].

Осы ұрыс туралы академик М.Е.Массон: «Жеңімпаз Жалаңтөс батырға сырттан келген сый-сияпат көлемі мемлекетке түскен қазына байлығынан асып түскен. Ол осы қаражат байлыққа жасақ ұстаумен бірге Самарқандта сәулетті сарайлар мен медреселер жасатқан» - деп жазса, академик Т.А.Пугаченкова: «бұл медреселер сәулет өнерінің інжу-маржаны» - деп айтқан. [5].

Жалаңтөстің батырлығы, ерлігі жекпе-жек ұрыста ерекше көрінеді. Ол 42 рет жекпе-жек ұрыста жеңіп шыққан. Әсіресе, батырдың шаһ Жаһан әскеріндегі 14 сарбазымен соғысындағы соғыс өнерін шебер білетін, қайсар да қажырлы бейнесі тамаша берілген.

Жалаңтөс баһадүр 1656 жылы дүниеден озып, өзінің өсиеті бойынша Самарқандтың солтүстік батысына орналасқан «Даһбед» мазарына қойылған. Себебі, ол жерде Жалаңтөс баһадүрдің пірлері – Махдуми Ағзам және оның немересі Қожа Хашими Даһбеди жерленген еді.

Қорыта айтқанда, бұл тақырып әлі де болса ғылыми талдау жасауды талап етеді. Әсіресе сол заманда тек Орта Азияда және Қазақстанда ғана емес, көршілес елдерде танымал болған саяси тұлғалар және ғұлама-ғалымдардың еңбектерінен анықтау баға жетпес еңбек болатын.

#### Әдебиеттер

Есламғалиұлы М. Ғұмырнамалар мен ғибратнамалар. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2001

Абу Тахирқожа. Самария. – Ташкент: Камалак, 1991.

Көмеков. Б. Өтениязов.С. Жалаңтөс батыр // «Саясат».1997.№1. 100б.

Иванов. П.П. Очерки по истории Средней Азии. - М., 1961.

Пугаченкова.Г.А. Самарканд-Бухара. - М., 1961.

ОӘЖ 913

## ЕЖЕЛГІ ЗАМАНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҒАРЫШТЫҚ-КЕҢІСТІКТІК КӨЗҚАРАСТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Нәлібаев К.Қ., Расулов П.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан  
М.Қашғари атындағы жалпы орта мектеп, Кентау, Қазақстан

#### Резюме

*В данной статье рассматриваются значение формирование космического мировоззрения в древнем Казахстане*

#### Summary

*This article discusses the importance of the formation of a cosmic worldview in ancient Kazakhstan*

Замандар сарынындағы ұлтымыздың психологиялық біртұтастығының дәлелі – табиғат туралы көзқарастарымыз.

Есте жоқ ескі заманды елестететін ертектерден бастап табиғат туралы салт-дәстүрлік мәнге ие болған нұсқалары халықтың өлең жырларының, сан-алуан дастандарының бәрінде кездеседі. Кеңестік жазушы М. Горький айтқан сияқты: «Халық тек зат мұрасын жасайтын күш емес, ақыл-ой мұраның да түпсіз бұлағы». Салт-дәстүр сол түпсіз бұлақтың түбінен шыққан таза меруерт. Шебер айтылған есебі жоқ, көптеген нақыл, ақыл сөздер жаратылыста, қоғамдық

өмірде болған өзгеріс, құбылыстардың ой-өрісі жеткен жерлерін байқап, батыл барлаған халық пікірінің жемісі [1].

Қазақ халқы мәдениетінің ерекшеліктерін анықтаудың басты шартының бірі оның әлемдегі орнын айқындаумен қатысты. Алайда мәдени кеңістік тек бос қуыс орта емес, ол мәдениет тұлғасымен іштей бірігіп, оның дүниетанымы арқылы көрініс табады. Бұл жерде көне философиядағы макроғарыш пен микроғарыштың тұтастығы, үйлесімдігі, гармониясы туралы идеяның танымдық маңызы зор. Қоршаған орта, адамдық әлем мәдениеттің өрістеу аймағы болып табылады.

«Қазақтың ата тегінің болмыс шындығына тікелей жақын болуы, - деп жазады М. Орынбеков, - олардың бақылайтын, қабылданатын дүниеге сезімдік тұрғыдан жақын болуы ішкі дүниесін, тіршілік етудің бастауларын түсінуінен өз көрінісін тапты» [2].

Егер батыстық өркениет үшін ғарыш пен табиғат адамдық мақсатқа сәйкес әрекеттің объектісі және сол себептен тұлғадан тыс тұрса, онда ол көшпелілер үшін әрекеттенуші тұлға болып табылады. Ғарыш суық әрі шексіз кеңістік емес, адамдық дүниенің мәңгілік кепілі ретінде түсіндіріледі. Адам ғарыштың бір бөлігі болғандықтан, ол қоршаған ортаның түрлі қасиеттері, кескін келбеті, болмысы туралы ой толғамай, бейтарап қала алмайды. Ғасырлар бойы сұрыпталған халық даналығында барша ғалам біреу ғана деп есептеледі, ал адамдар тұтас табиғаттың құрамдас бөлігі деп танылады.

Шексіздікті жеңу мәселесі сонау шумерлік өркениеттегі «Гильгамеш туралы жырдан» келе жатқан мотив. Шексіз далаға көз салған номада (көшпенді) ең алдымен үлкен шеңбер - көкжиекті көрген. Оның өзі аспандық күмбезбен көмкеріліп тұрған. Шексіздікті ақылға сыйымды парасатпен қабылдау мүмкін емес. Ол - тылсым дүние, белгісіздіктің, қараңғылықтың, қара түнектің таңбасы. Шексіздікті игеру үшін тұрақты бағдар қажет. Сахара тұрғыны бағдар іздеп аспанға көз салады, Темірқазықты тауып, ол арқылы Жетіқаракшы жұлдыздарының орналасуынан, Шолпан мен Үркерге назар салуынан, алыс аспанды жақындатады. Жорыққа шыққан әскер, сапардағы жолаушы, мал баққан бақташы түндегі бағдарын жұлдыздарға қарап айыратын болған.

Түрік халықтарының мифологиясында ғарыштың құрылымы былай бейнеленеді: Жеті қат Жер бар, онда Көктөбе тұр, Көктөбеде Көктерек өсіп тұр, ол Көккүмбезді тіреп тұр. Бұл бейне киіз үйдің құрылымына да ұқсас.

Қазақтың әлем туралы түсінігінде әсерлі бейненің бірі - алып бәйтерек. Дүниежүзілік ағаш таңбасы өрлемелік қозғалысты, Жер мен Аспанның тығыз байланысын білдіреді. Осы биік бәйтерекпен эпос батырлары аспан денелеріне өрмелеп жете алатын болған. Әлемдік ағаштың тағы бір атқаратын қызметі оның жоғары және орта дүниені үшінші әлем – төменгі дүниемен байланыстыруында. Тірілер әлемі өткен кезбен, аруақтар аймағымен қатынасын үзбейді.

Көктеректің тамырлары жер астында орналасқан. Жасылжелек өмірлік ағаш күш-қуат пен нәрді төменгі дүниеден алады.

Сонымен, қазақтың рухани мәдениетінде аспанды тәңірі-құдай ретінде қадірлеу осы мәдениеттің маңызды бір қасиетіне жатады. Аспанды құдай деңгейіне көтеру, одан қорқу емес, бұл көне мифтер мен ежелгі діндердің дүниетанымдық ерекшелігі екені ғылымға белгілі.

Қазақтардың ата-тегі түріктердің басты құдайы - Көк Тәңірі. Оның рақымымен елді билеген қағандар «Аспанда туған және Күнмен, Аймен безендірілген» - деп аталған. Түрік жазуларында көшпенділердің барлық жеңістері Көк Тәңірімен байланыстырылған. Аспанды және оның шырақтарын қадірлеу түрік өркениетіне жататын барлық халықтардың дүниетанымның маңызды белгісі. Мысалы, «Оғызнаме» эпосында Оғыз қаған өз балаларының атын Көк, Күн, Ай, Жұлдыз, Тау, Теңіз деп қойғаны мәлім.

Табиғи күштерді бір тұтудан тәңірілік дін көп құдайылық деген түсінік тумауы керек. Исламға дейін қазақтарда нақтылы «құдай» ұғымы болған жоқ деген пікір шындыққа онша жанаса қоймайды. Себебі Көк Тәңірін көшпенділер жалғыз жаратушы деп түсінген, кейін қазақтарда Тәңірі мен Алла синонимге айналған.

Аспан мен Жердің үйлесімлік идеясы туралы Ш. Уәлиханов былай деп жазды: «Аспанда өмір сүретін адамдар бар. Олар тамақтарының астынан белбеу буынады. Біз Ортада, жер үстінде өмір сүреміз, белбеуді денеміздің ортасынан буамыз, ал күні, айы және жұлдыздары бар жер асты адамдары белбеуді аяғында буады. Аспан қырғыздарымен өте бай кемпір арада тұрады (Аспан тұрғындарының өмір салтына ұқсас, өйткені бұл қырғыз қиялының жемісі)» [3].

Мифтік кеңістік жоғары-төмен тәртібімен құрылған. Мысалы, мифтік кейіпкер тыңдаушы көбінесе жер астында болып жатқан оқиғаны қадағалайды, ал Жоямерген жер астындағы жылан патшасының қызына үйленеді. Аспанда пері, дию сияқты кейіпкерлер ұшып жүргенімен, миф қаһарманы олармен көбіне жер үстінде ұшырасады. Аспан әлеміне қатысты ұғымдар көне жырларда алып бәйтерек, жеті басты айдаһар мекендейтін тау түріндегі символдық мәні бар түсініктермен шектелген.

Мұсылмандық діннің еуроазиялық Далада таралуына байланысты көшпелі халықтардың ғарыш туралы түсінігі де өзгерістірге ұшырады. Бұрынғы ескі мұра жоғалып кетпей, ислам космогониясымен синкреттік түрде тұтасты. Бұл түсініктер бойынша әлем екі дүниеден: фәни (белгісіздік) және бақидан (мәңгілік) тұрады. Осыған сәйкес адам өмірі шексіз. Фәниден бақиға өту, бұл дүниеден кету дегеніміз жанның бір формадан екінші формаға ауысуы, оның нұрға айналуы. Қазақ мәдениетінде бұрыннан келе жатқан идея - жанның мәңгілігі. Әл-Фараби мен Қожа Ахмет Иссауи, Абай мен Мағжан, жалпы Шығыс ғұламалары бойынша, адамның дүниедегі тіршілік ету мағынасы жанның мәңгілігімен айқындалады. Әйтпесе өмір мазмұны жануарлық күнкөрістен алыс кетпек емес. Әлем мен адамға бағыт беретін жол көрсетуші,

мәңгілік пен шексіздіктің кепілі - Нұр. Оған адамның жай ақылы жетпейді, оны аңғару, түсіну, жан дүниенмен қабылдау қажет [4] .

Әлем мен Нұр ұғымдары қазақтың төл мәдениетінде Дүниені дұрыс түсіну арқылы нақтыланады. Дүние дегеніміз заттар мен құбылыстардың біріктірілген жинағы емес. Бұл дүние - біртұтас, яғни ол адаммен іштей қосылған. Адам орасан зор Әлеммен жеке қалса, онда тұлғада күйкілік сезім, жатсыну, бағыныштылық қатынас тууы мүмкін. Соңдықтан халықтық дүниетаным ғарышты жат күш ретінде емес, қайта өзіне етене жақын табиғилық шарт түрінде қабылдайды. қазақтың рухани мәдениеті әлемді меңгерудің бірнеше тәсілдерін қолданған: оны тіршілікке қолайлы шексіздік ретінде бейнелеу (Бұқар жырау), оның асқақтығын, адамдық көңіл-күйді баспай, оған көтеріңкілік туғызатын дүние ретінде мадақтау (Қазтуған), әлем бөліктерінің сазды ырғақтарын аңғару (әл-Фараби) [5].

Түрік халықтарының мәдениетінде Аспанмен қатар оның шырақтары да құдай деңгейіндегі құдіретті, қасиетті құбылыс деп танылған. Бұл мағынада, әсіресе, Күннің атқаратын рөлі ерекше. Ертедегі миф-аңыздардың, ертегілердің кейіпкерлерін

Күнсұлу, Күн астындағы Күнікей және т.б. деп бекер атамаған. Бұл мәдениетті солярыйлік (күндік) деп атауға негіз жеткілікті. Археологиялық және этнологиялық деректер Күн және Адамның тығыз байланысын көрсетеді. Мысалы, Саймалы-Таш, Тамғалы, Ешкі өлмес аңғарларында көптеген басы күн тәрізді құдайлар мен адамдардың петроглифтік суреттерін ғалымдар тапқан. Күннің нұры сияқты ұшқын шашқан дөңгелек басты антропоморфтық кескіндер тасқа қашап салынған. Күнді құдай ретінде бейнелеу Шығыстағы көне өркениеттерге тән құбылыс. Қазақстан жерінде табылған солярыйлер (күн тәрізділер) Ирандағы Бехистун жартасындағы Ахура-Мазда мен Митраның кескіндеріне ұқсас. Шумер өркениетінен бастап азиялық мәдениеттерге тән тағы бір бейне басы жұлдызды аспанға ұқсас антропоморфтық бейнелер екендігі ғылымға белгілі. Оңтүстік Қазақстандағы Арыс өзенінің бойындағы Алтынтөбеде көптеген «алтынбастылардың» кескіндері бейнеленген. Кейінірек бұл бейне аспан құдайы - Көк Тәңірінің негізі болды. Ерте заманнан бұл құдайлар магиялық мақсаттарда қолданылған.

Күнбасты адамдарды бейнелегенде олардың рәміздік мазмұны алдыңғы қатарға шығады:

- 1) күн тіршіліктің бастауы;
- 2) көшпелілердің киіз үйіне жоғарыдан төмен қарағанда ол сәулесін шашқан күнге ұқсас (шаңырақ - күн, уықтары - сәулелер);
- 3) арбаның дөңгелегі мен күннің арасындағы құрылымдық изоморфизм;
- 4) көз және күн адам үшін маңызды, екеуін де шырақ деп атайды («шырағым» - деген сөз өте ыстық жақындықты білдіреді);
- 5) адамдағы басты және терең сезім - «ыстық махаббат» деп аталады. Бұл сипаттаманы ары қарай жалғастыра беруге болады. Қазақстанның елдік

таңбасы - «Алтын адамның» бас киімінде нұрын шашып тұрған күн бейнеленеді [6].

Азиялық өркениетте Күнмен қатар қастерленген аспан шырағы Ай болған. Ай көне түрік мәдениетінде Күннің орынбасары, сұлулықтың таңбасы, көп мұраларда әйел құдай ретінде танылған. Көшпенділер үшін де Айдың маңызы зор болған. Даладағы малшылар қараңғы түнде айдың тууы мен батуын бақылаған, одан өздерінше қорытынды жасап, жыл мезгілдерін айыру есебін шығарған. Олар жаңа туған айдың күн сайын көлемінің кемитінін, ақырында «таусылып» - «өліара» келетінін білген. Бұл кезде ауа райы өзгеріп, ғылыми тілмен айтқанда циклон басым болады. Халықтық дүниетаным айдың климатқа тигізетін әсерін жақсы білген.

Алайда, Айдың басты рәміздік ерекшелігі оның күн мен түннің арасындағы алатын орнына қатысты. Күн батып кеткенмен, Нұр (ізгілік, жылулық, сәуле) жеңілмейді. Аспанға Күннің ізбасары (дублері) Ай нұрланып көтеріледі. Жақсылық пен зұлымдықтың арасындағы тартыс ғарыштық сипатқа ие болады. Шоқан Уәлихановтың пікірі бойынша, қазақтар Айды құдай тұтқан. Бұл көне дәуірден келе жатқан дәстүр. Мысалы, Қаратау тауларындағы жартастағы суреттер көзәйнек тәріздес қосылған жұп адамдарды бейнелеген. Осындай таңбалар Ішкі Монғолиядан да табылған. Сондағы адамдардың бастары дөңгелектің бірінен сәуле шашып тұрса, екіншісі ондай емес. Бұл белгілі бинарлық оппозицияны (Күн және Ай) білдіреді. Ай мен Күнді қосып тұрған сызық адамдардың «қасиетті жолы» деп аталды.

Күн мен Айдың қатарласуы әлемдік мәдениетте кең таралған идеяның бірі. Мұсылмандық әлемде Ай діни таңбаға айналған. Бұл жерде ескеретін бір жайт бар. Ай символикасы мәдени гомогендік дәстүрімен тығыз байланысты. Ол аруақтар дүниесімен жалғастыратын белгі болып табылады. Мұсылман зираттарына Ай белгісін қою ұрпақтар, дәстүрлер сабақтастығын көрсетеді.

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, Ай әдемілік пен сұлулықтың үлгісі болып табылады. қазақ эпосында сұлулық, нәзіктік, арулық Аймен теңестіріледі: «Туған айдай толықсып, бұралып кетіп барады» (Қыз Жібек), «Жалғыз қызы Гүлбаршын - он бесте толған ай еді» (Алпамыс), «Жақсы Ай Күндей, жарығы әлемге бірдей» (мақал). Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде танымал философ И. Кантты таң қалдырған жұлдызды аспанның алатын орны ерекше. Егер нұрланған Ғарыш Хаос (ретсіздік) пен Гармонияның (үйлесімдік) мәңгілік күресі нәтижесінде адамдықтың, ізгіліктің, тәртіптің ұтуы арқылы қалыптасса, онда осы тәртіптің (жұлдыздардың орналасу реттілігі) бұзылуы үлкен бақытсыздықтың белгісі ретінде есептелген.

Тұрақтылық пен тәртіптің таңбасы болған әрбір жұлдыз адам тағдырына тікелей қатысты. Аққан жұлдыз өшкен шаңырақпен, бұл дүниеден кеткен тұлғамен теңестірілген.

Әркімнің жұлдызы - бақытының көрсеткіші. Бұл жерде адам өмірінің шектілігін аңғарып кайғырудан, мәңгілікке қарай ұмтылыс мүмкіндігін

жариялау басым түр. Дәстүрлі мәдениет тұлғасы өлімнен қорықпаған. Оны ғарыштық күштердің өзіндік заңдылығы деп байсалды қабылдаған [7].

Сонымен, қорыта айтқанда қазақтың кеңістік аясындағы мәдениеті ғарыш пен дүниені жатсынбай, өзіндік ерекшеліктерін адамдық әлемге қоса білді. Макрокосмос пен микрокосмостың үйлесімдігі идеясы тек антикалық мәдени өңірмен шектелмеді. Көшпелілердің ғарышты игеру тәжірибесі адамзаттық рухани қозғалысының терең бір арнасы болып табылады.

Қазақ ұлтының баға жетпес мәдени-рухани мұрасы ұстаз-жазушы Мұзаффар Әлімбаев атамыз айтқандай: «Қарт кісінің тісіндей, жерге түсіп, жоғалып барады». Сондықтан өз мұрамызды, соның ішіндегі этнографиялық дәстүрлерімізді өзіміз қорғаштамасақ, ешкім қорғамайды. «Барын – елеп, жоғын – жоқтаған ел өлмейді» - дейді халықымыз даналығы.

#### Әдебиеттер

Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. 1 т. – А., 2005.

Орынбеков Е.Ежелгі қазақтардың дүниетанымы. - А., 1996.

Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалары. - А., 1985.

Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – А., Рауан, 1995.

Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. - А., Жазушы, 1985.

Нурланова Қ. Человек и мир. Казахская национальная идея. – А., 1994.

Бейсенов Қ. Қазақ топырағында қалыптасқан ғәклиятты ой кешу үндестігі. - А., Ғылым, 1994.

УДК 327(574)

### ОСНОВНЫЕ ЭТАПЫ ВНЕШНЕЙ ПОЛИТИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В ПЕРИОД НЕЗАВИСИМОСТИ.

Бекманова Д.М

Южно-Казахстанский государственный педагогический университет.

Шымкент

Түйін

*Мақалада Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік жылдарындағы сыртқы саясатының негізгі кезеңдері мен қағидаттары қарастырылады.*

#### Summary

*The article deals with the main stages and principles of the foreign policy of the Republic of Kazakhstan during the years of independence.*

В этом году мы отмечаем 30-и ление образования независимой Республики Казахстан. За этот короткий в историческом плане период Казахстан проводил успешную и целенаправленную внешнюю политику. После распада СССР Казахстан, при наличии огромного потенциала, доставшегося в наследство, фактически оказался полностью отрезан от глобальной экономики. Достаточно сказать, что у страны не было ни одного дипломатического представительства за рубежом. Ситуация усугублялась тем обстоятельством, что у молодого государства не было традиций внешнеполитической деятельности. Министерство иностранных дел Казахской ССР выполняло далеко не дипломатические функции. Казахстан испытывал острую потребность в элементарных наработках по внешнеполитическим вопросам,



наблюдался острый дефицит квалифицированных дипломатических кадров. С первых дней независимости Казахстан пытался реализовать исключительно миролюбивую внешнюю политику, результатом которой стал отказ от унаследованного четвертого по величине в мире (после США, Российской Федерации и Украины) ракетно-ядерного арсенала.

Разрушение биполярной системы мирового устройства и появление в международных отношениях признаков многополярности привели к необходимости проведения внешней политики, которая отвечала бы реалиям современного мира и соответствовала бы национально-государственным интересам Казахстана. Насегодняшний день эволюция внешней политики Казахстана прошла четыре основных этапа развития, каждый из которых отвечал национальным интересам государства. Основная задача первого этапа состояла в «формировании благоприятной внешней среды для стабильного развития страны на основе политических и экономических реформ».

Первая в истории Казахстана внешнеполитическая концепция была разработана в 1995 году. В ее основе лежал основополагающий принцип многовекторности, который подразумевал развитие дружественных и предсказуемых взаимоотношений со всеми государствами, играющими существенную роль в мировых делах. Второй этап становления внешней политики Казахстана связана с Концепцией внешней политики Республики Казахстан, одобренной Советом безопасности РК 15 марта 2001 года. Как и в предыдущих концепциях, в ней особое внимание уделено принципу многовекторности. Во внешнеполитической концепции принцип многовекторности, сохраняясь как основа внешней политики РК, развивался в сторону сбалансированности, прагматизма, взаимной выгоды, твердом отстаивании национальных интересов страны. Принцип многовекторности внешнеполитической стратегии Казахстана, означающий дружественные и предсказуемые взаимоотношения со всеми государствами, играющими существенную роль в мировых делах и представляющими стратегический интерес, показал свою эффективность - республика имеет тесные партнерские отношения с соседями и ведущими мировыми державами. Страна стала полноценным активным участником многих глобальных процессов и перешла в разряд субъектов мировой политики, что признается мировыми геополитическими центрами. Казахстан стал авторитетным партнером процесса нераспространения оружия массового уничтожения и выступил инициатором важнейших мероприятий в обеспечении международной и региональной безопасности.

Следующим этапом была Концепция внешней политики РК на 2014-2020 годы от 21 января 2014 года, опирающаяся на изложенные в Стратегии «Казахстан-2050» установки внешнеполитического курса. В Концепции на 2014-2020 годы особое внимание уделяется необходимости формирования позитивных внешних условий для продуктивного воплощения в жизнь стратегии развития, укреплению многонациональной общности, обеспечению высокого уровня благосостояния

народа, гарантий гражданских прав, построению правового и демократического государства. Также отличительной чертой новой Концепции, имеющей большое внутреннее значение, является ориентация на проведение активной экономической дипломатии

Новый этап внешней политики начинается с принятия новой Концепции внешней политики Республики Казахстан. 6 марта 2020 года Указом Президента РК была утверждена Концепция внешней политики Республики Казахстан на 2020-2030 годы. Данный документ представляет собой систему основополагающих взглядов относительно принципов, целей, задач, приоритетов и механизмов осуществления внешнеполитической деятельности страны в течение указанного периода.

В новой концепции Казахстан открыто заявляет о намерениях закрепления за собой статуса «лидирующего государства в регионе. Некоторые же из прежних принципов получили расширенное толкование. В частности, равенство всех государств мира представлено в качестве равноправной интеграции в мировое политическое, экономическое и гуманитарное пространство

Внешняя политика Республики Казахстан на современном этапе носит ярко выраженный экономический характер и направлена на активное содействие осуществлению курса реформ, обеспечению конкурентоспособности национальной экономики. На практике это означает создание условий для выхода страны на мировые рынки товаров, услуг и капиталов, развитие собственного экспортно-импортного потенциала, привлечение инвестиций и технологий в производственную сферу, реализацию проектов новых транспортных путей.

Республика Казахстан с первых дней независимости проводила свою внешнюю политику соответственно своим принципам. Основными принципами внешней политики и международных отношений понимаются наиболее общие, важные и фундаментальные нормы, обладающие высшей императивной юридической силой. Как правило, в международных актах речь идет о следующих десяти принципах: суверенное равенство государств; неприменение силы или угрозы силой; нерушимость границ; территориальная целостность государств; мирное урегулирование споров; невмешательство во внутренние дела; уважение прав человека и основных свобод; равенство и право народов распоряжаться своей судьбой; сотрудничество между государствами; добросовестное выполнение обязательств по международному праву. Основополагающие принципы ведения внешней политики РК — равноправие, уважение суверенитета и территориальной целостности, взаимное доверие, неприятие действий, нарушающих международные нормы и право. Сегодня внешняя политика Казахстана основана на принципах многовекторности, сбалансированности, прагматизма, взаимной выгоды, твердом отстаивании национальных интересов страны.

Казахстан выступает за равенство всех государств мира, учет взаимных интересов и невмешательство во внутренние дела друг друга, а также за мирное и коллективное решение международных проблем и конфликтов на основе Устава ООН и верховенства международного права.

Развитие собственной модели дипломатии, а так же поднятие ее роли на качественно новый уровень для внешней политики РК является сегодня главным приоритетом.

#### Литературы

Концепция внешней политики Республики Казахстан на 2020-2030 годы. 9 марта 2020г.

Концепция внешней политики Республики Казахстан на 2014-2020 годы. 2014г.

Идрисов Е.А. Контуры казахстанской дипломатии до 2020 года. Концепция внешней политики РК на 2014-2020 годы и задачи по ее реализации. Материалы «круглого стола» (11 апреля 2014 г.). Алматы, 2014.

Назарбаев Н.А. Казахстанский путь. Караганда, 2006.

Токаев К.К. Под стягом независимости. Очерки о внешней политике Казахстана. 1997г.

ӘОЖ 339:94 (574.5)

## ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІНДЕГІ ЖӘРМЕҢКЕ САУДАСЫ МЕН КӨПЕСТЕРДІҢ РОЛІ (XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)

Орынбасарова Г.Ж. т.ғ.к, аға оқытушы

Жадраева Г. А. тарих магистрі, аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,

Шымкент, Қазақстан

*Резюме*

*В данной статье рассматриваются ярмарки в Туркестанском крае в конце XIX-начале XX века и роль в них купцов*

*Summary*

*This article discusses fairs in the Turkestan region of the late XIX-early XX centuries and the role of merchants in them*

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында жергілікті көпестер сауда-саттықтың жаңа түрі – жәрмеңке саудасын іс тәжірибеде пайдалана бастады. Қазақстан территориясында орналасқан Қарқаралы уезіндегі Қоянды-Ботовская жәрмеңкесі, Петропавловскіде Тайыншыкөл, Ақмоладағы – Константиновская, Атбасардағы – Петровская, Верный уезіндегі Қарқара жәрмеңкелері ең ірі сауда орталықтары болып, олардың сауда-саттықтағы айналымдары айтарлықтай мол көлемде жүргізілді. XIX ғасырдың соңында Қарқаралы уезіндегі ең үлкен Қоянды-Ботовская жәрмеңкесінің өзінде сауда-саттықтағы айналымы 3 миллион рубльді құрады. Саудаға түсетін негізгі тауарлардың құрамын мал мен мал шаруашылығының өнімдері құрады. Жәрмеңке саудасының тиянақты түрде жұмыс атқаруы малмен қамтамасыз ететін көшпенділер мен ірі мал кәсіпкерлерінің арасындағы тұрақты сауда айырбасын қамтамасыз ететін қатынас жолдарының әлі де болса бір қалыпқа келмегендігімен сипатталса да, жәрмеңке саудасындағы қалыптасқан дәстүрдің

жай-күйін далалы аймақтың түпкілікті тұрғындары - көшпелілер жақсы меңгерген еді [1, с. 63].

XIX ғасырдың соңында Қазақстанның өзге облыстарындағыдай оңтүстік өңірде сауда кәсіпкерлігімен көпестер айналысты. Олар негізінен өздерінің қолындағы шоғырланған капиталын жария етіп, гильдиялық ұйым құрды. Көпестердің гильдиялық ұйымы Ресейде ХҮІІІ ғасырдың 70-80 жылдары жүргізілген реформалар негізінде үш гильдиялыққа бөлінді. Гильдиялық көпестер ұйымына, кемінде 500 рубльден жоғары және қолындағы капиталдарының мөлшеріне байланысты, барлық көпестер мүше бола алатын еді.

Көпестік сословие 1785 жылы жарыққа шыққан «Городовые положения» (Ресей империясы қалаларының пайдасы мен құқықтығы жөніндегі грамоталар) негізінде толық заңдастырылды. Осы заңға сүйене отырып 1 мың рубльден 50 мың рубль капиталы бар барлық көпестер гильдиялыққа тіркеліп жынысына, жасына, шыққан тегіне, үрім-бұтағына, отбасына, жағдайына, саудасына, кәсіпкерлігіне, қолөнер кәсібіне қарамастан қызмет атқара алатын еді. Жоғарыда көрсетілген ережеге байланысты І-ші гильдиялық топқа 10 мыңнан 50 мың рубльге дейінгі капиталы бар көпестер кірсе, ІІ-ші гильдиялық топқа 5 мыңнан 10 мың рубльге дейін, ІІІ-ші гильдиялық топқа 1 мыңнан 5 мың рубльге дейінгі қоры бар көпестер топтастырылды. Үш гильдиялықтың көпестері натуралды рекруттық міндеткерліктен азаттандырылып, ал І-ші және ІІ-ші гильдиялық көпестер денелік жазадан қосымша босатылды.

Алғашқы екі гильдиялық көпестердің соңғысынан артықшылығы саудасаттықта ішкі көтерме және бөлшектеп сату құқығын иеленіп, завод пен фабрика саласын жүргізуге және қазыналық қызметтен босатылу арқылы олардың элеуметтік-экономикалық мәртебесі жоғары болды. Сонымен бірге бірінші гильдиялық көпестерге Ресей империясының аумағында ғана емес, оның сыртында да сауда-саттықпен айналысуына мүмкіндігі болды. Ол үшін І-ші гильдиялық көпестер меншігінде теңіз кемелері болуы шарт еді. Ал элеуметтік-экономикалық мәртебесі жоғары ІІ-ші гильдиялық көпестердің құзырында тек өзендерде жүзу арқылы сауда-саттықпен айналысуына мүмкіндігі болды. Төменгі яғни, ІІІ-ші гильдиялық көпестер аймақтарда ұсақ сауда-саттықпен айналысып, трактирлер, моншалар және тұрақ алаңдарын иемденді [2, с. 16].

XIX ғасырдың аяғында өлкедегі сауда-саттықты дамыту мақсатында қызмет етіп жүрген көпестер үшін І-ші гильдиялыққа 10 мың рубльден жоғары, ІІ-ші гильдиялыққа 5 мың рубльден жоғары, ал ІІІ-ші гильдиялыққа 1 мың рубльден жоғары капиталды иеленуі шарттандырылды. Сонымен бірге сауда-саттықпен айналысатын шаруалардың «саудагерлік» дәрежелері болды.

1863 жылғы «Сауда және өзге де кәсіпкерлікпен айналысу құқығының баж салығы жөніндегі ереже» бойынша ІІІ-ші гильдиялық пен сауда-саттықпен айналысушы шаруалардың дәрежелерін ыдыратып, нәтижесінде І-ші гильдиялық көпестерге 500 рубль, ІІ-ші гильдиялық көпестерге 150 рубль

көлемінде салық салуды белгіледі. Қалыпқа енгізілген ереже бойынша саудамен айналысатын кәсіпкерлер 1-ші дәрежелі куәлікті иемдену керек болды да, ол саудагерлерге империя территориясында сауда операцияларын жүргізуге құқықтарын берді. Ал 2-ші дәрежелі куәліктің иелері қалалар мен уездерде сауда-саттықпен айналысуына мүмкіндік алды. Ал елді мекендерде ұсақ саудамен айналысатын, шетке шығаратын және әкелінетін тауарларды сататын саудагерлерге куәліктерді сатты. Сонымен бірге пошталық жайды жүргізу үшін де арнайы билеттер алуы керек болды.

Өлкеде басым болған сауда кәсіпкерлерінің қызметі түрлі формада іске асырылды. Сауда кәсіпорындарының эволюциялық түрі арқылы және қала мен ауыл арасындағы жүргізілген нарықтық байланыс формасы негізінде жалпы капиталистік эволюцияны байқауға болады. Өлкедегі сауда-саттықпен айналысуда келіп-кететін көпестер алғашында, кеңінен тараған айырбас саудасын жүргізу арқылы коммерциялық келісімдерді іске асырды.

Қазақстан мен Ресей арасындағы негізгі сауда пунктеріне Орынбор, Троицк, Петропавл, Омбы, Семей, және Орал қалалары болып, сауда-саттықта айырбас саудасы кең етек алды. Ресеймен сауда-саттық жүргізуде шеттен әкелінетін тауар шетке шығарылатын тауарлардың есебінен асып түсті. XIX ғасырдың ортасында үлкен маңызға ие болған айырбас саудасында үш жасар қой жалпы эквиваленттік қызмет атқарды. Ресей империясының Қазақстанмен жүргізіп отырған сауда-саттық отаршылдық сипатта болып, белгілі эквиваленттік жүйенің болмауы, айырбас саудасының жүргізілуіне мүмкіндіктер берді. Алғашында айырбас объектілері ретінде мал, тұз, ағаштан жасалынған бұйымдар және тағы басқалары болды [3, с. 99].

Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы К.П.Кауфман сауда-экономикалық мәселелерді шешу еркіндігі құқығына ие бола отырып, өз тарапынан сауда қатынастарының дамуы мен оны бірқалыпқа келтіру жолдарын іздей бастайды. Бұл мәселелерді дұрыс шешу мақсатында орыс-ортаазиялық сауданың жүргізілуі жайлы нақты мәлімет алу керек болды. Ал ол үшін ең бірінші Ресейге шығатын көпестердің жалпы саны мен олардың сауда айналымын есепке тіркеу керек деп есептеді.

1867 жылы К.П.Кауфман жаңадан ғана Түркістан генерал-губернаторлығы қызметіне тағайындалғанымен Петербургте жүрген кезде, саяси және сауда мәселесімен айналысу үшін Қазақстан мен ортаазиялық хандықтарға баратын, орыс азаматтығын алған саудагерлерге шетелдік төл-құжат беруді мақсатқа сәйкес деген ойын айтады [4, с. 64].

Патша үкіметі оңтүстік өлкеде шетелдік төл-құжатты жүргізу арқылы Қазақстан мен ортаазиялық хандықта қызмет атқаратын орыс азаматтығын алған саудагерлерге артық дәрежелік жасау жағдайына байланысты, оларға сауда-саттықпен айналысу үшін барлық мүмкіндікті қамтамасыз етіп, көршілес жатқан хандықтарға шығатын саудагерлерді тіркеу мәселелерін шешуге тырысты. Әрине, бұл жүргізіліп отырған іс-шара саяси мақсатты да көздеді: берілген төл-құжаттың егесі болған саудагерлер Ресей заңымен

қорғалатындығы жөнінде куәландырылды. Сонымен бірге ұлттық төл-құжаты жоқ шетел азаматтарына сауда куәліктерін беру мәселесіне қатысты жұмыстарды атқаруды мақсат тұтты [5, 1 п.].

Өлкедегі айырбас саудасын жүргізуді негізінен ұсақ саудагерлер мен ірі сауда фирмаларының қызметкерлері атқарып, олар далалы аймақтарға келіп тауарларын мал өнімдері мен азық-түлікке айырбастап отырды. Сондықтан да бұл кең етек алып отырған айырбас саудасын жүргізетін саудагерлер, пайданы молынан түсіреміз деп ойлағанымен, айтарлықтай пайданы көздей алмады, яғни байи түскен жоқ. Мысалы, татар саудагерлері мен сарттар айтарлықтай маңызды қорлары болмаса да Петропавл, Ақмола, Верный және оңтүстік өлке қалаларының саудагерлерімен несие шарттары арқылы үнемі сауда-саттық жүргізіп отырды. Дегенмен, пайданың басым бөлігі жергілікті саудагерлердің пайдасына шешілді. Олардың кейбіреулері өсімқорлықпен айналысып, пайда көзін таба білді.

Облыстағы ішкі және сыртқы сауданың жүргізілуінің басым бөлігін қазақтардың мал, тері, май, жүн, жылқының жалын және олардан жасалынған бұйымдарымен (киіз, арқан және қап) қамтамасыз етуі негізінде іске асырылды. Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі отырықшы аудандарда сауданың жүргізілуінде қазақ саудагерлері қолындағы тауарларын нақты ақшаға сатуға тырысты, ал отырықшы аудандардан шалғай мекен ететін қазақтар тауарларын сатуға алып келген орыс және азиялық үлгідегі бұйымдарға ауыстырып, мұнда сауданың екі түрі ақшалай және біріңғай кейіпте жүргізілді.

Өлкеде іске асырылып отырған сауда-саттықтың айырбас түрі кеңінен тарады. Мысалы бұл жағдайдың Верный уезінде кең етек алғанын көруге болады. Верный уезінде жәрмеңкелер қараша айының ортасына дейін ұйымдастырылып, бұл жерде Сырдария мен Ферғана облыстарының сарт саудагерлері және Петропавл мен Семейдегі ірі саудагерлердің сауда жүргізу үшін куәлігі бар өкілдері келіп жәрмеңке жұмысын жандандырды. Олар шілде түскенде жәрмеңке жұмысын аяқтап, татар саудагерлері Балқаштың батыс жағындағы төте жолмен Петропавлға, ал сарт саудагерлері Түркістан қалаларына қарай беттеген.

Мал және мал өнімдері қазақ саудагерлерінің негізгі тауарлары болғандықтан, олар көп жағдайда малдарын айырбас саудаға түсіру үшін үнемі өздері айдап әкелетін. Мысалы, Верный уезінің қазақтары малдарын айдап, тауарға айырбастау үшін жаз мезгілінде Верный, Жаркент және Лепсі қалаларына келсе, қалған жыл мезгілдерінде шекара маңындағы ауыл базарлары мен сауда пунктерінде жүргізді. Алғашқыда ауылдағы жәрмеңкелерде қазақтармен айырбас сауданы тек татарлар мен сарттар жүргізді. Олар отырықшы аудандардағы қазақтармен сауда кәсібін жандандырып, бұл жағдай орыс саудагерлерінің де сауда-саттықпен айналысуына мүмкіндік берді. Қазақтармен сауданы нәтижелі жүргізу үшін орыс саудагерлері қазақ тілін меңгерген және олардың әдет-ғұрыптары мен

тауарға деген талғамдарын білетін арнайы өкілдерін жалдап, өздерімен алып жүретін болды.

Сырттан келетін тауарларды айырбастау үшін саудагерлер әдеттегідей жаз және күз айларында айналысты. Көктем айларының соңында саудагерлер қазақ ауылына келіп, өздерінің тауарларын: шай, қант, сонымен бірге азиялық тауарлар мен үй тұрмысында пайдалынатын әртүрлі қажетті заттарды өздерінің сенімді адамдарына немесе қарызға шикізат өнімдері, тері, жабағы және тағы басқалары беріп кететін еді. Жаз айларының соңына таман қайта келіп, олар өздерінің қарыздарын жинап, көбіне шикізат өнімдері және мал басымен есептесіп, қайтадан өз тауарларын таратып отырды [3, с. 77].

Дерек көздеріне сүйенсек, оңтүстік өлкедегі жүргізіліп жатқан сауда-саттықтан түсетін салық қазынаға мол қаражат түсіріп қана қоймай, саудагерлерге де тиімді болды. Дегенмен де өлкедегі саудагерлер біршама қиыншылықтарды басынан кешірді. Оларды тосыннан тонау, ұстау фактілері де тіркеліп отырды.

Түркістан генерал-губернаторлығының Қаржы министрінің агенті Н.Ф.Петровский 1868 жылдан 1873-ші жылға дейінгі аралықтағы Түркістан өлкесіндегі азиялық саудагерлер мен көпестерден түскен салық мөлшерін анықтайды. Салық ақпартізімінен Сырдария мен Жетісу облыстарын бөле қарастырар болсақ (әр жыл бойынша анығырақ «Қосымша А» қараңыз), Қапал уезі кассасына 152 рубль 77 копейка, Қазалы уезінен 209.335 рубль 57 копейка, Перовск уезінен 30.217 рубль 53 копейка, Әулиеата уезінен 96.646 рубль 23 копейка, Шымкент уезінен 57.892 рубль 10 копейка көлемінде салық қазынаға түскен [6, с. 56].

Сауда-саттықтың дамуы қазақ даласынан азиялық көпестерді ығыстырып, орыс өнеркәсіп өнімдерін сатуға ықпалын тигізді. Сондай-ақ алып-сатар саудасынан түсетін салықтың жинақталу шарты бойынша, жергілікті халықтардың заңды және орыс тілін білмеу себебінен өлкедегі сауда-саттықтың бұзылуына алып келді. Осы себептен алып-сатар саудасы салықсыз еркін сауда әрекеттерін құрады.

Айырбас және алып-сатар саудасы саудагерлердің өтпей жатқан сапасыз тауарларын жоғары бағамен сату арқылы жергілікті халықты қанап отырды. Сондықтан да сауданың бұл түрі сырттан келген саудагерлерге тиімді болғанымен, қазақ халқы үшін пайдасы аз болды. Осы іс-шаралардың нәтижесінде тең емес сауда жойылды, себебі қазақтар өздеріне қажетті шикізаттарын жәрмеңкелерден алуға тырысты.

Жәрмеңке саудасын жүргізу барысында кәсіпкерлерді сұраныстағы қажетті тауарлармен қамтамасыз етуде туындаған ұсақ қиыншылықтарды шешіп отырды. Саудагерлер тек жәрмеңкелерде ғана өзге аймақтардан келген сатушыларды кездестіріп, өзіне қажетті тауарларды толықтырып, сатып алушылардың ауқымын кеңейтуіне мүмкіндік алды. Саудагерлер үшін жәрмеңкелер айналымда жүрген қорын кеңейту мақсатында және делдалсыз сауда жүргізуіне ықпал етті. Сонымен бірге, жан-жақтан келетін алуан түрлі

тауарларды игеру үшін келісілген уақытта, белгіленген жерде кездесуге мұқтаж болды [3, с. 112].

Қала мен ауыл арасындағы сауда байланыстары ұйымдастырылып отырған жәрмеңкелер арқылы іске асырылды. Жекелеген жерлердегі жәрмеңкелер тұрғындардың егін шаруашылығы және мал шаруашылығы тауарларына деген сұраныстарымен қамтамасыз етсе, дәл осы кезде өлкедегі ірі жәрмеңкелер бірнеше болыстардан келген және Қазақстан шекарасына жақын тұратын көршілес халықтардың басын қосып, ауылшаруашылық өнімдерін сатып қана қоймай, халықтың өнеркәсіп өнімдеріне деген сұраныстарын да қамтамасыз етіп отырды.

#### Әдебиеттер:

Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен). – Алматы, 1998.

Бурыйшин П.А. Москва купеческая. – М., 1991.

Берденова К.А., Коробков В.С., Ташенов Б.Т. Экономическая история Казахстана. – Алматы, 2000.

Соколов А.Я. Торговая политика России в Средней Азии и развитие русско-афганских торговых отношений. – Ташкент, 1971.

ӨР ОММ. 1-к., 4-т., 306-іс.

Материалы для торговой статистики Туркестанского края (Агента министра финансов в Туркестанском генерал-губернаторстве Н.Ф.Петровского). Вып. 1. – Ташкент, 1873.

УДК 39.29.15

## ШКОЛЬНИКУ О НАЗВАНИЯХ КАЗАХСТАНСКИХ ГОРОДОВ

Муждабаева Г. К.

учительница географии ОСШ имени М.Мақатаева.

Сайрамского района. Туркестанской области. Казахстан.

*Түйін*

*Мақалада автор Қазақстан қалалары атауларының шығу негізіне сипаттама берген Summary*

*This article discusses the questions of the schoolboy about the names of Kazakhstan cities*

Названия населенных пунктов – городов, рабочих поселков и сельских поселений – один из важнейших элементов топономической системы любой территории. Это обусловлено прежде всего огромной ролью городов и жизни человечества и их большим количеством.

В то же время города, являясь местами сосредоточения материальной и духовной культуры человечества, выступают в качестве наиболее популярных туристских объектов: посещение городов, знакомство с их прошлым и настоящим, с памятниками архитектуры, музеями и предприятиями.

Города на территории Казахстана существуют с глубокой древности, но их быстрый рост начался с развитием социализма в КазССР. Количество городов в суверенном Казахстане непрерывно растет. Их число уже превысило 80. Кроме городов, в нашей стране имеется 210 поселков городского типа – своеобразных «кандидатов в города» [1].

Рассмотрение названий городов начнем с имени образованных от географических терминов, обозначающих различные виды населенных



пунктов. Среди них на первом месте по частоте употребления стоит термин город (тюркские названия «кент», казахские названия «қала»). В настоящее время есть города: Шымкент, Озкент, Жаркент, Сарканд, Жанакала.

В Казахстане есть города оканчивающиеся местоименным суффиксом «стан», которые обозначали «страну». В Южной Казахстанской области находится «духовная столица Казахстана» Туркестан. [2].

И в более позднее время от терминов, обозначающих положительные формы рельефа (казахские названия «тас» (камень), «тобе» (холм), «тау» (гора), русские названия «гора»), возникло множество городских названий: Жанатас, Ерейментау, Уштобе, Темиртау, Кентау, Хромтау, Каратау, Каркаралинск, Усть-Каменогорск, Степногорск.

Встречается и менее распространенные термины. Главным образом отрицательные формы рельефа, как такие города Аксай (белый овраг), Жетысай (семь оврагов), Шардара (от персидского «четыре оврага»).

Обильна топонимия и от терминов растительного покрова и грунтов. Город Талдыкорган (Алматинская область) от слова – «тал» - вид дерева, «корган» - крепость. А также города Караганда (вид кустарника), Кандыагаш (вид дерева). Города Сарань (солончак), Степняк берет названия от почвенного покрова.

Города, возникая на реках, получают названия не только по элементам их долины и русла, определяемым народной географической терминологией, но и чаще по самим рек. Нередко название рек без какого-либо изменения становится названием города. Орал (река Урал), Тараз (река Талас), Эмба (река Эмба), Есиль (Река Есиль), Жем (река Жем), Шу (река Шу), Каскелен (речка Каскелен). Атырау который расположен в низовьях реки Урал. Казахское слово «атырау», это географический термин, обозначающий дельту реки.

Географическое положение послужило поводом и для возникновения многих других названий. На берегах морей (казахские названия «кол») находятся Балхаш, Аралск, Зайсан, Тайынша, Капшагай, Приозёрск.

Очень многие названия городов образованы личными именами людей. Происхождение таких названий различно. Личные имена, прозвище, фамилии имеют в своей основе названия многих городов, например: Абай (от имени выдающего казахского поэта Абай Кунанбаева), Сатпаев (от фамилии первого казахского академика-геолога Каныш Имантаевича Сатпаева), Жамбыл (от имени знаменитого поэта Жамбула Джабаева), Курчатов (от фамилии советского физика, академика Игорь Васильевича Курчатова), Форт-Шевченко (от фамилии украинского поэта Тарас Шевченко).

Среди них нередко встречаются города названные по именам императоров, князей, промышленников. Например: город Павлодар (от имени русского императора Павел I), название городов - Державинск, Зыряновск, Макинск, Лисаковск, Булаево, Мамлютка, Сергеевка связанных с русскими колонистами и Риддер (английский промышленник), Ленгер (немецкий промышленник).

В названиях городов, как и в названиях других объектов, довольно широко используются разного рода определения: большой, малый, верхний, нижний, великий, средний, старый, новый и другие, сочетающимся с географическими терминами собственными или сами образующие топонимы. Например: город Жанаозен (новая река).

Из цветовых обозначений и названиях наиболее часто встречается красный, выступающие и нескольких различных значениях. Это, прежде всего город Кызылорда (красная (столица) орда).

Определение белый, встречающееся несколько реже, также выступает и нескольких функциях: Актобе (белая возвышенность), Акколь (белое море), Аксу (белая вода). Оно может определять реальный цвет окружающей город местности, сложенной породами белого цвета, например город Актау.

А так же встречаются города с другими цветовых обозначений и названиях: Кокшетау (зеленоватая гора), Байконур (коричневый), Жити кара (семеро черных), Кульсары (жёлтый), Сарыагаш (жёлтая дерево),

Какая-то часть отымененных названий городов имеет в основе имена «святых». Это Арстанбаб - духовный учитель видного суфиста Ахмеда Яссавий, Петропавловск – город выросший из укрепления и названный по построенной в нем церкви «святых Петра и Павла» [3].

Производственный профиль городов с самого начала развития ремесла и промышленности служит важным признаком для гордских названий. Сами за себя говорят названия городов Темир (железо), Серебрянск, Шахтинск, Рудный, Шучинск.

В замечательном памятнике картографии и географии «Книга Большому чертежу» (1627) указано, что вблизи реки Илек «есть гора Тустеби, по-русскому Соляная, ломают в ней соль». В 1744 году здесь началась промышленная разработка соляных копей, а в 1754 году для защиты от казахов-кочевников была построена крепость Илецкая Защита, которую после нескольких переименований с 1945 года называют Соль-Илецк. В наши дни соляной купол Туз-Тюбе («соляная гора») дает высококачественную каменную соль. Здесь добывается гипс, создан местный грязелечебный курорт.

У северо-восточной окраины Аральского моря, вблизи города Аралсульфат (бывший Аралсоль), находится промыслы, дающие, кроме сульфатов, и поваренную соль для южных районов Казахстана [4].

#### Литература

Хайрлиев И.Н., Кожаметов М.К. Экономическая и социальная география Республики Казахстан. – Караганда, 1997.

Мурзаев Э.М. Очерки топонимики. – М., Мысль, 1974.

Поспелов Е.М. Туристу о географических названиях. – М., Профиздат, 1988.

Конкашпаев Г.К. Словарь казахских географических названий. – А., 1963.

## ҰЛЫБРИТАНИЯ ОТАРЛАУ САЯСАТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Урманов Х. А.

№ 11 Манкент ЖОМ тарих пәні мұғалімі,  
Сайрам ауданы. Түркістан облысы. Қазақстан

*Резюме*

*В этой статье обсуждаются вопросы колониальной политики Великобритании*

*Summary*

*This article discusses the issues of British colonial policy*

Отарлау саясаты – (лат. *colonia* – қоныстану) - жергілікті халықты тұралатып, қанаумен жүргізілетін, күшті державаның артта қалған ел мен халыққа аумақтық бақылау орнату саясаты әрі іс-әрекеті. Батыс еуропалық отарлау саясаты өзінің қалыптасу кезеңінде әлемдік экономиканың аса күшті даму тетігіне айналды, өйткені, отар елдер метрополияларда капиталдың жинақталуына және олардың тауарларын өткізуге қолайлы нарық туғызды. Сауданың бұрын-соңды болмаған кеңеюі нәтижесінде әлемдік нарық қалыптасты, ал, экономиканың қыз-қыз қайнауы Жерорта теңізінен Атлантикаға ойысты.

Ұлыбритания – Европаның солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан дамыған капиталистік елдердің бірі. Ол төрт тарихи аймақты – Англияны, Уэльсті, Солтүстік Ирландия және Шотландияны өзіне ендіреді.

Англия мен Уэльс XIII ғасырдың аяғында XIV ғасырдың басында біртұтас мемлекет болып құрылған, ал Шотландия XVIII ғасырдың басында бір бөлігі болып қосылды.

Ирландия Құрама Корольдық XIX ғасырдың басында кірді, алайда 1922 жылы Ирландияның оңтүстік графствосы өз алдына жеке мемлекет болып қазіргі Ирландия Республикасын құрды.

Ирландияның солтүстік-шығыс провинцияларының алты солтүстік графствасы Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландияның Құрама Патшалығында қалды [1].

1588 ж. «Жеңілмейтін армаданы» (Испан флотын) талқандау Англияны дүние жүзіндегі аса ірі теңіз державаларының біріне айналдырды. XVII ғасырдың бас кезінде Ұлыбритания жаңа құрлықтан өзінің алғашқы отарларын иемденді.

1603 ж. Шотландия королі Яков ағылшын тағына отырып, Шотландия мен Англия бір мемлекетке бірікті.

1640—1649 ж. корольдік Стюарттар әулеті мен парламент арасындағы қақтығыс азамат соғысына ұласып, нәтижесінде Оливер Кромвель бастаған республика жарияланды. Кромвель қайтыс болғаннан кейін көп ұзамай монархия тез арада қалпына келтірілгенімен, король құқығы біршама шектеліп, билік тұтастай парламент жағында болды.

1651 жылы Ирландия, 1652 жылы Шотландия басып алынды. 1707 жылы Ұлыбританияна корольдігіне бірігу жөніндегі актіге қол қойылғаннан кейін Лондон біртұтас мемлекеттің астанасына айналды. XVIII ғасырдада Британдық

отарлық жүйе қалыптасты. XVIII ғасырдың соңында Ұлыбритания 13 америкалық отарынан айрылғанымен (АҚШ-тың жариялануы), Канада мен Үндістандағы жағдайын күшейте түсті.

1805 ж. Трафальгар мүйісінде адмирал Нельсон испан-француз флотын талқандап, Ұлыбритания «теңіз әміршісіне» айналды.

1793—1815 ж.ж. республика және Наполеондық Францияға қарсы соғысқа қатысқан Ұлыбритания 1818 ж. Пруссия армиясымен одақтаса отырып, Наполеон күшін түпкілікті жеңді. Осыдан кейін Ұлыбритания жүз жылдай бейбіт жағдайда өмір сүріп, өзінің отарлық иеліктерін кеңейте түсті.

1899—1902 ж.ж. ағылшындар Оңтүстік Африкада бурларға қарсы соғыс жүргізді. Бірінші дүниежүзілік соғыста Ұлыбритания Антанта жағында Германияға қарсы соғысты. Соғыстан кейін Африка мен Азиядағы неміс отарларының біраз бөлігін иемденді. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Ұлыбритания ауыр экономикалық жағдайды бастан кешірді. Ұлт-азаттық қозғалыстан кейін 1921 жылы Ирландия өз тәуелсіздігін жариялады.

Ұлыбритания Екінші дүниежүзілік соғысқа (1939 — 1945 ж.ж.) дейін Гитлерге қарсы коалиция жағында қатысты.

1947 ж. Үндістан мен Пәкстанға тәуелсіздік берілді. 1945—1970 ж. британ отарларының барлығы дерлік өз тәуелсіздіктерін алды. 1949 ж. НАТО-ға мүше болды.

1982 жылы Ұлыбритания мен Аргентина арасындағы даулы Атлант мұхитының оңтүстігінде Аргентина мен Фолкленд (Мальвин) аралдары үшін қарулы қақтығыс болып, қысқа мерзімдік әскери қимылдар нәтижесінде Ұлыбритания өзінің осы аумаққа бақылауын қалпына келтірді.

1979—1990 ж. Маргарет Тэтчер бастаған консерваторлар үкіметі экономикада ұтымды реформалар жүргізді. Соғыстан кейін Шотландия мен Солтүстік Ирландиядағы ұлттық мәселелер шиеленісе түсті. Әсіресе, Солтүстік Ирландиядағы оқиғалар ұшығып, 1969 жылдан бастап мұнда азамат соғысы жүрді.

1994 ж. тамызда Ирландық Республикалық Армия (ИРА) ұрыстарды біржақты тоқтататыны жөнінде мәлімдеді. Алайда 1996 ж. ИРА жауынгерлері лаңкестік әрекеттерін қайта бастады. Отарларының барлығынан айрылғанына қарамастан Ұлыбритания әлемдегі жетекші елдердің бірі болып саналады [2].

XIX ғасырдың 50-60 жылдарында Азияның шығысында капиталистік мемлекеттердің отарлық экспансиясы басталды. Англия мен Францияның Қытайдағы және Үнді-Қытайдағы соғыстары, сонымен қатар батыс державаларының Тайпин көтерілісіне қарсылығы Шығыс және Оңтүстік Азия халқын капиталистік әлемнің отарлық жүйесіне еруге мәжбүрледі.

Капиталистік державалар өзінің отарлық саясатын жүргізу үшін барлық жағдайды пайдаланды: әскери қимылдар, саудаға ену, қаржыны өмірлік құлдық ету, миссионерлердің қызметі, дипломатия.

Отарлық саясат жүргізілген аудандарда буржуазиялық дипломатия әдісі арқылы шығыс елдерінің ішкі саясатына қол сұғу, «халық теңдігі» атты

жамылғы фразаларды пайдалану арқылы үстемдік жүргізу елді қанаудың бір көрінісі ретінде танылды. Мұндай отарлық экспансияның алдыңғы қатарында ХІХ ғасырдың ортасында Англия тұрды. Англиядан кейін шығыс және оңтүстік шығыста Франция мен АҚШ, ал Солтүстік Шығыс Азияда патшалық Ресей үстемдікке қол созды.

Феодалдық мемлекеттердің ортақ дипломатиялық сипаты өз мемлекетін тұйықталу саясатынан арылту болса, шығыс дипломатиясы оған қарсы тұрмақ болды. Олар капиталистік державалардың талабын әлсіретпек немесе бейтарап етіп қалдыру ойымен бір-біріне қарсы қою арқылы өзара қақтығыстырды. Шығыстың құқықсыз халық бұқарасы феодалдық езгіге түсе отырып, отарлық құлдыққа бас ұрды. Олар заңды түрде елдің сыртқы және ішкі саясатына араласа алмады.

ХІХ ғасырдың екінші жартысында Азия мен Африканың кең аудандарын басып алу арқылы батыстың капиталистік державалары бұл елдерді экономикалық және саяси бағынышты етті. Мұндай тәуелді мемлекеттер қатарына Түркия, Иран, Ауғанстан жатты.

1900 жылы Англияның отарларының жалпы көлемі 33 млн шаршы км болды. Онда 390 млн. адам тұрды. Англия империясының бұл күшеюі реакциялық ішкі және сыртқы саясатпен қатар жүрді. Англия Африканы түгелдей отарлау үшін саясат жүргізді. Добрая Надежда мүйісінде Трансваль және Оранжевая тұрғындары бурлар бағынбады. Егерде бурларды бағындырса бүкіл Африканы отарлаған болар еді. Бурларды өзіне бағындыру кезінде Ағылшын-бур соғысы болды - бур халқы партизандық әдістермен қарсыласты. Англия 500 000 әскер апарды. Бурлардың саны 50 000 еді. Ағылшындар олардың деревняларында қалған кемпір-шалдарды, балаларды концлагерьге куып тықғы. Олар жауынгерлердің бала-шағаларын аштан катырды. Осыны көрген тауға кеткен бурлар төмен тусті. Лагерьдің өзінде 40% тен артығы аштықтан өлді. 1902 жылы көктемде бурлар берілді. Келісім жасасты. Ағылшындар Оңтүстік Африканың кожайынына айналды. Ағылшын-бур соғысы прогрессивті көзқарастағы дүние жүзі адамдарынан қатты сыналды. Англияның тарапынан болған бұл қаталдық Англияның басқа елдермен қатынасын қиындатты.

Ағылшын дипломатиясы Германиямен жанжал бола қалса, Англияны ешкім қолдамайтынын білді. Англия мен Германияның арасындағы шиеленісу күшейді. Германия империализмі дүниені қайта бөлуді ойластырды. Ағылшын-герман күресі саяси күреске айнала бастады. Әсіресе бұл бәсекелестік Германия мен Англия арасында теңіздегі қарулану ісінде көрінді. Англия 1905 жылы ірі брононосекті суға түсірді. Осыдан бастап кемелер түсіруден жарыс басталды. Германиямен мұндай қайшылықтан кейін Англия басқа елдермен қатынасын күшейтті. Англия өзіне одақтастар іздей бастады. Англия АҚШ-ның Панама каналын салуына кедергі жасап отыр еді. Енді оған рұқсат берді. Англия және Франция арасындағы қайшылықты реттей бастады. 1904 жылы 8-сәуірде екі елдің арасындағы таластарды тоқтату үшін келісім жасады. Франциямен арада

Орта шығыс, Ирак жерлеріндегі қайшылықты бәсеңдетті. Дипломатиялық, жұмыстың нәтижесінде болашақ одақтың негізі жасалды. Англия дүниежүзінде оқшауланудан құтыла бастады. Англияның империалистері де соғысқа дайындалып жатты. Соңғы 10 жылдың ішінде ғана соғыстың қаржысы үш есе өсті. Англия соғысқа дайындалу барысында әскери-теңіз базасын жасады. Бүкіл Англияны әскери округтерге бөлді. Соғысқа қажеттінің барлығын дайындады. Милитаризмді, шовинизмді уағыздады, соған арнап кітаптар, газеттер шығып жатты. Бұған Англияда мүмкіндік бар. Ол бай мемлекет. Англия мен Францияның арасындағы келісім халықтан жасырылды. Парламент оны халыққа білдіртпей бекітті [3].

Отарлық саясат жүргізілген аудандарда буржуазиялық дипломатия әдісі арқылы шығыс елдерінің ішкі саясатына қол сұғу, «халық теңдігі» атты жамылғы фразаларды пайдалану арқылы үстемдік жүргізу елді қанаудың бір көрінісі ретінде танылды. Мұндай отарлық экспансияның алдыңғы қатарында XIX ғасырдың ортасында Англия тұрды. Англиядан кейін шығыс және оңтүстік шығыста Франция мен АҚШ, ал Солтүстік Шығыс Азияда патшалық Ресей үстемдікке қол созды [4].

Африкамен қатар 1887 жылы Англия Оңтүстік-Шығыс Азия аудандарына көз тікті. Ол Малай жарты аралының бөлінуін аяқтап, онда өзінің билігін орнатты. Франция Үндіқытайдың оңтүстік бөлігін иелене отырып, Аннам жерін 1883 жылы басып алды. Француздардың елге кіруі вьетнамдықтардың наразылығын тудырып, Вьетнамды вассалдық тәуелділікке өтуіне жол беріледі. 1990жылдардың аяғында ауыр отарлық соғыстардың нәтижесінде Вьетнам Францияның қол астына кірді. Англия 1885 жылы Бирманы отарлау саясатында асығыстық танытты. XIX ғасырдың екінші жартысында Бирма Англияменен Францияның күрес алаңына айналды. Франция оны Үндіқытай мен Үндістан арасындағы аралық мемлекетке айландырмақ болды. Бірақ сәтсіздікке ұшырады. 3 ағылшын Бирмандық соғыс нәтижесінде король билігі таратылды. 1886 жылы Бирма Британ империясының құрамына енді. Англияменен Францияның Вьетнам және Бирма елдерін жаулауы Сиам аралдарының бөлінісуінің аяқталуына әкелді [5].

Екіншіден, басқа елдердің ірі өнеркәсіптерінде өнімді жаңа салалар пайда болды. АҚШ пен Германияда ірі өндіріс салалары көбейді. Химия өнеркәсіптері пайда болды. Англияның отарлардан келетін табысы өте көп болды. Бірақ бұлар XVIII ғасырдан бергі өндіріс орындарын жаңартпады. Бұл жағдай Англияның экономикалық өмірінде көп ұзамай көрініс тапты. Германия Англияның бәсекелесіне айналды. Англияның артта қалуына 1878 жылғы дағдарыстар, 1890 жылғы ақша дағдарысы, 1892-1893 жылдардағы дағдарыстар әсер етті. 1875-1895 жылдары болған ауыл шаруашылығы. дағдарысы да елдің орта шаруаларын күйзелтті. Англияда елдің тұрғындарының әл-ауқатының нашарлай түсуіне байланысты ішкі рынок тарыла түсті. Енді Англия ақша жасаудың басқа жолына түсті. XIX ғасырдың аяғында шет елге капитал шығару арқылы пайда табу табыстың негізгі көзіне айналды. Ағылшын кәсіпкерлері

Голландияда жүн фабрикаларын салды. Бельгияда болат зауыттарына капитал салды. Көмір шахталарын ашты. Европа елдерінде темір жол салуға Англия буржуазиясы өздерінің капиталын салды. Англияның өзінде де акционерлік қоғамдар құрылды. Ол қоғамдар ұсақ кәсіпорындарға ақша жұмсады.

Елде отарлық саясат күшейді. XIX ғасырдың соңғы ширегінде Англия бөлінбеген жерлердің көбін басып алды. 1860 жылы Англияның отарлық иелігінің көлемі 6 млн шаршы шақырым болса, енді 30 млн шаршы мильге жетті. Онда 300 млн. тұрғындар болды. Англияның отарларының көп болуына байланысты империализмді отарлық империализм деп атаған. Индиядан жыл сайын 60 млн. адамның бір жылдық өндірген өнімін алып отырған.

Олар феодалдық институттарды сақтап отырды. (Король үкіметі, лордтар палатасы). Парламенттік орындарда буржуазияның өкілдері отырды. Елдегі маңызды қызмет орындары ірі жер иелерінің қолында отырғанын да көруге болады. Англияда либералдар және консерваторлар партиясы өмір сүрді. Олар үкімет билігіне таласып отырды. Елдің ішіндегі демократиялық қозғалыстардың өсуіне кедергі жасап отырды.

Қазіргі кезде «Достастық» (кейде «Қауымдасдық») - деген атаумен отарлық сарқытты сақтауға қарап бақты. Бірақ ұйымның көптеген мүшелері, мемлекетті басқарудың дәстүрлі формаларын таңдаған. Көпшілігі республикалар (Үндістан, Бангладеш, Ниггерия, Гана, Замбия, Зимбабве және т.б.) азырағы – монархиялық (Ұлыбритания, Малайзия, Бруней, Свазиленд, Тонга) елдер.

Осы ұйымның кейбір мүшелері өздерін республикаға да, монархияға жатқызады (Канада, Австралия Одағы, Жаңа Зеландия, Папуа-Жаңа Гвинея, Тувалу, Маврикий, Антигуа және Барбуда, Багам аралдары бірлестігі, Барбадос, Белиз, Гренада, Сент – Винсент және Гренадина, Сент –Китс (Сент – Кристофер) және Невис, Сент – Люсия, Ямайка). Бұл елдердің тұрғындары Ұлыбритания Корлевасының қол астына қарайтын адамдары емес, өз мемлекеттерінің азаматтары болып табылады. Бұл мемлекеттер ішкі қатынастары және сыртқы байланыстары жөніндегі мәселелерін - өздері, яғни парламенттері мен үкіметтері шеше алады. Іс жүзінде олардың барлығы, қандайда бір дәрежеде Ұлыбританияның (тіл жағынан, мәдениеті, тұрмысы, халықтық салт–дәстүрлері) саясатын, заңдарын, дәстүрлерін ұстанып, соның бағытымен жүріп отырады, әрі бұлардағы мемлекет басшысын (генерал–губернаторды) ағылшын корлевасы тағайындап, ал ол өз кезегінде оны өкімет билеушісі деп таниды, яғни кейбір мәнде Англияға жалтақтап өмір сүріп отырған сипатта.

#### Әдебиеттер

Дәуірбаева Т. Европа мен Америка елдерінің тарихы. - Түркістан, 2004.

Ковальский С. Ұлыбритания. - А., 1997 ж.

Мәшімбаев С. М. Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы (1918-1945 жж.). – А., Қазақ университеті, 2009.

Д.Ж.Бейкер. История географических открытий и исследований. - М., 1990.

Перегулов С.П. Ұлыбританияның саяси жүйесі. – М., 2004.

## **ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ӨЗДІГІНЕН ЖЕТІЛУІНДЕГІ ІШКІ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Шырынбекова О. Д.**

№ 69 Бескепе НОМ директорының оқу ісі  
жөніндегі орынбасары, Сайрам ауданы, Түркістан облысы, Қазақстан

*Резюме*

*В этой статье обсуждается вопросы формирования внутренних потребностей для индивидуального развития*

*Summary*

*This article discusses the formation of internal needs for individual development*

Әбу Насыр Әл - Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» - деген екен.

Өздігінен жетілу — жеке тұлғаның бойында адамгершілік қасиеттердің терендей түсу процесі, адамның өзін жете түсінуі мен өзімен өзі тұрақты түрде жұмыс жүргізіп отыру қажеттілігі, өз мінез-құлқының ерекшеліктерін білуге жол ашатын жеке тұлғаның психологиясындағы күрделі процесс. Ол үшін мектепте оқушылар өздерін қызықтыратын сұрақтарға жауап алатын психологиялық консультациялар жүйесінің болуы қажет. Сонымен қатар, оқушылардың ерік-сезімі аясының, олардың даму деңгейлерінің, кәсіби бағдарының диагностикасын (социометрия) анықтау өте маңызды. Сол сияқты оқушыға өз бетінше еңбек ету барысында да өз орнын таба білуге көмектескен жөн. Бұл жерде мектептің ғылыми қоғамы мен жоғары сынып оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың маңызы зор[1].

Педагогикалық әдебиеттер мен мектеп практикасына талдау жасау барысында мектеп мұғалімдерінің тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда көптеген қиындықтар да тап болатыны байқалады. Бұл тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесінен жеткілікті білімнің болмауынан және тәрбие жұмыстарын жоспарлау мен ұйымдастыру іскерліктерінің жетіспеушілігіне байланысты тұындайды. Мұндай кемшіліктерді жеңу педагогикалық теорияны әлдеқайда сапалы меңгерумен ғана байланысты емес, сонымен бірге тәрбие қызметін ұйымдастырудың кешенді, жүйелі әрі мақсатқа ұмтылған әрекеттерін меңгеруге де байланысты. Мұндай қиыншылықтарды практикалық іс-әрекеттен тыс жеңу мүмкін емес.

Тәрбие нысандары (тәрбие жұмыстарының формасы) — бұл нақты тәрбие үрдісін ұйымдастыру нұсқалары; тәрбие шараларының композициялық құрылысы. Олар әрқашан да тәрбие мазмұнымен байланысты болып отырады. Тәрбиенің бір ғана ұйымдастыру нысанын үнемі пайдаланып отырудың өзі тәрбиенің тиімділігін әлсіретіп жібереді. Тәрбие үрдісін ұйымдастыру нысандары мазмұны жағынан неғұрлым бай әрі әрқырлы болып келсе, солғұрлым ол тиімдірек болмақ.

Мұғалім оқушылармен өткізетін тәрбие нысандарын қаншама көп қырлы етіп тандағанмен, ақылды, әсерлі, ойлы да өткір тілмен жүргізген оның әңгімесіне ешнәрсе жетпейді.



Белгілі педагог В.А.Караковский соңғы жылдары ізденімпаз энтузиаст мұғалімдердің оқушылардың бос уақыттарын өткізуге арналған тәрбие шаралары нысандарынан төрт мыңға жуық түрлерін ойлап тапқандарын атап көрсетеді.

Сондай-ақ тәжірибеде тәрбие шаралары деген анықтама да кеңінен қолданылып жүр. Шаралар — белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталған ұжымның ұйымдастырылған әрекеті.

Тәрбие жұмысы нысандарының көпқырлылығы, олардың жүйесі жеке тұлғаның ішкі жан дүниесінің көпқырлылығына, оның жан-жақты дамуына сәйкес келеді.

Педагогикалық әдебиеттерде тәрбие жұмысының нысандарын классификациялауда бірыңғай бағыт жоқ. Оқушылардың қалай ұйымдасқанына байланысты тәрбиенің ұйымдастыру нысандарының неғұрлым кеңірек таралған классификациясына мыналар жатады: бұқаралық сипатты нысандар, (бүкілсыныптық немесе бірнеше сыныптық), үйірмелік сипатты нысандар (топтық), жекеше сипатты нысандар (жеке балалармен өткізілетін). Сол сияқты тәрбие әдістеріне байланысты оларды шартты түрде мынадай топтарға бөлуге болады:

Сөз арқылы өткізілетін нысандар (лекциялар, оқырмандар конференциялары, диспуттар, кездесулер, ауызша журналдар, т.б.);

Практикалық нысандар (саяхат, экскурсиялар, спартакиадалар, конкурстар, үйірмелер, еңбекке қатысты жұмыстар және т.б.);

Көрнекі нысандар (мектеп музейлері, тақырыптық стенділер, көрмелер және т.б.) [2].

Соңғы уақытқа көптеген жаңа ұйымдастыру нысандары пайда болды. Солардың ішіндегі сынып жетекшісінің (тәрбиешінің) тәрбие жұмыстарының бағыттарымен сәйкес келетін тәрбие үрдісін ұйымдастыру нысандарын анықтауға әрекет жасауы көңіл аударарлықтай. Мысалы, оқушылардың танымдық — дамытушылық қызметін ұйымдастыруға мынадай нысандар лайықты: викторина, білім аукционы, «Бәрін де білгім келеді» - деген клубтың отырысы, жобалар конкурсы, эрудиттер конкурсы, интеллектуалдық конкурс, іскерлік ойындары, білім байқауы, оқушылардың ғылыми конференциялары, тапқырлар мен фантазерлар конкурсы, шешендік өнер сайыстары, кітаппен жұмыс істеудің әртүрлі нысандары (оқырмандар конференциялары және т.б.), ауызша журнал, практикалық сабақтар, оқушылардың ғылыми ұйымдары, т.б. Мектеп оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде және өзін-өзі тәрбиелеуінде мынадай тәрбие нысандары кеңінен қолданылады: дөңгелек стол, баспасөз конференциясы (пресс-конференция), ауызша журнал, диспуттар, сұрақ-жауап кештері, әдеп, өзін-өзі тәрбиелеу тақырыбындағы әнгімелер, әдеби — музыкалық композициялар, «Қарым-қатынас мәдениеті», «Құқық пен міндеттер бірлігі» типіндегі практикалық сабақтар, телекөпір, сырттай саяхаттар, мейірімділік акциялары, ізденіс әрекеттері және т.б.

Педагогикалық тәжірибе оқушыларға кәсіптік бағдар беруде төмендегідей тәрбие нысандарының лайықты екенін танытып отыр: «Мамандықтар әлемінде», «Мамандықты қалай таңдау керек?» - деген тақырыптарда әртүрлі мамандық иелерімен кездесулер ұйымдастыру, өндіріс орындарына саяхаттар жасау, «Кімнің мамандығы ең жақсы мамандық?» - деген тақырыпта конкурс — ойын өткізу және т.б.

Эстетикалық тәрбие беруде әдеби-музыкалық кештер, поэзия сағаты, өнер адамдарымен кездесулер өткізу, музей, театр, көрмелерге экскурсиялар жасау, табиғатқа саяхат, музыка мен сурет әлемі туралы әңгімелер, «Туған табиғаттың сұлулығын танып, бағалай білейік» атты сыныптық диско-кеш ұйымдастыру, көркемөнер тақырыбындағы мерекелер өткізу, журналдарға шолу жасау, қолжазба журналдар шығару, т.б. тәрбие нысандарын кеңінен қолдануға болады.

Сол сияқты дене тәрбиесіне байланысты жан-жақты қолдануға болатын ойын типтерін де атауға болады: «Көңілді старттар», кіші олимпиадалық ойындар, туристік саяхаттар мен эстафеталар, әртүрлі спорт өкілдермен кездесулер, спорт тақырыбындағы кештер, гигиена, денсаулық және дене мәдениеті туралы әңгімелер мен сұхбаттасулар және т.б.

Тәрбие жұмысының нысандарын таңдау тәрбиенің ғылыми ұстанымдары негізінде анықталады. Әрбір балалар ұжымы үшін неғұрлым ынғайлы, лайықты нысандарды таңдаған жөн. Жалпы тәрбие жұмысының нысандарын таңдау педагогикалық мақсатқа сәйкес анықталады. Өйткені, тәрбие қызметін ұйымдастыру нысандарын таңдау көптеген компоненттерге байланысты. Бұл ең алдымен оқушылардың жас ерекшеліктерінің тәрбие міндеттерінің бағыттары мен мазмұнына сәйкестігіне, олардың тәрбиелік деңгейі мен жеке тұлғалық әлеуметтік тәжірибесіне, балалар ұжымының ерекшеліктері мен оның дәстүрлеріне, аймақтың ерекшеліктері мен дәстүрлеріне, мектептің техникалық және материалдық мүмкіндіктеріне, мұғалімнің кәсіби деңгейіне байланысты болып келеді.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың неғұрлым мақсатқа сәйкес нысанын анықтау — бұл мұғалімнің тәрбие міндеттерін шешудегі жетістігінің алғашқы қадамы. Қолданылатын кез-келген нысанның тиімділігі көп жағдайда осы міндеттердің ғылыми негізде жүзеге асырылуына байланысты. Оған мыналарды жатқызуға болады: алда тұрған шараны өткізу дайындығына оқушыларды барынша көп қатыстыру және оны өткізу; шараларды өткізуге дайындық пен оны өткізуге оқушылардың белсенді, өзіндік іс-әрекетіне ықпал ететін эмоционалдық және рационалдық факторлар; оқушылар бойында іс-әрекеттің маңызды мотивтерін қалыптастыру жатады.

Қорыта айтқанда, мектеп тәжірибесінде бір ғана тәрбие жұмысын ұйымдастыру нысандарын қолдану әдетте трафаретке айналып кетеді де және оның бірте-бірте сапасы әлсірейді. Тәжірибелі педагогтар тәрбие нысандарының көпқырлылығын шебер пайдаланып отырады. Сондықтан да,

әрбір сынып жетекшісі тәрбие нысандарының көпқырлылығы мен тәрбие үрдісі технологиясының барлық ерекшеліктерін меңгергені жөн.

#### Әдебиеттер

Сейталиев Қ.Б. Тәрбие теориясы.- Алматы, 1995.

Қайыров И.А. Адамгершілікке тәрбиелеу әліппесі.-Алматы, 1993.

ӘОЖ 811.512.122.

### МӘҢГІЛІК ЕЛ - ТӘУЕЛСІЗДІК ТАУСЫЛМАС ҚУАТ КӨЗІ

Ғылыми жетекші: п.ғ.м., аға оқытушы,

Нурманова Ж. К.,

Қуанышқызы А., Еспулатова Т. А. 123-18 оқу тобының студенттері

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Қазақстан

Резюме

*В данной статье рассказывается о настоящих подвигах настоящих героев: исторических личностей, наших предков, которые ценою своей собственной жизни спасали от набегов родную степь, чтобы не погас в печи каждого степного казаха огонь, чтобы навсегда поселился на его необъятной земле, на родимой земле всего казахского народа. Наша история Вечна – и страна Вечна ...*

#### Summary

*In this article, races analyzed about these feats of these heroes: historical figures of our ancestors, who at the cost of his own life saved and whether from the raids of native prairie that did not go out in the furnace of each of the steppe Kazakh fire to permanently settled on his vast land, to their native land in all the Kazakh people as well. Our history Eternal well - and the country is Eternal ...*

**«Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күресіп келді. Өзінің ең жақсы қасиеттерінің: қатер төнген сәтте бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілік, келісім мен тату көршілік жағдайында тұруға деген ынта-ықыласының арқасында ол тарих тасқынының астында қалып қоймай, өзінің мемлекеттігін қалпына келтіре алды.»**

**Н.Ә.Назарбаев**

Мәңгілік Ел - елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол «Қазақстан-2050» Стратегиясының ғана емес, ХХІ ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры! Жаңа Қазақстандық Патриотизм дегеніміздің өзі - Мәңгілік ел! Ол - барша Қазақстан қоғамының ұлы құндылығы. Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де мәңгілік Ел деген күдіретті ұғымға сыйып тұр. Отанды сүю- бабалардың мирас ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесінді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп,табыстау деген сөз, барша Қазақстандықтардың жұмысының түпкі мәні

осы! Мәңгілік Ел идеясының бастауы тым тереңде жатыр. Осыдан 13 ғасыр бұрын Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты-Мәңгілік Ел» деп өсиет қалдырған. Бұл біздің жалпыұлттық идеямыз мемлекетіміздің тамыры сияқты көне тарихтан бастау алатынын көрсетеді. Жалпыұлттық идеяны өміршең ететін - Елдің бірлігі. Ауызбіршілік қашқан, алауыздық тасқан жерде ешқашан да жалпыұлттық идеялар жүзеге асқан емес. Біздің кейінгі ұрпаққа аманаттар ең басты байлығымыз - Ел бірлігі болуы керек. Осынау жалпыұлттық тарихи құндылықты біз әрбір жастың бойына сіңіре білуге тиіспіз. [5,95 б].

Осы орайда халық батыры Бауыржан Момышұлы былай деген: «Біздің тарихымыз батырға бай тарих, халқымыз батырлықты биік дәріптеп, азаматтық пен кісіліктің символы, үлгісі санаған. Батырлық, ерлік деген ұрпақтан - ұрпаққа ата дәстүр болып қала бермек. Өткенін білмеген, тәлім — тәрбие, ғибрат алмаған халықтың ұрпағы — тұл, келешегі тұрлаусыз. Біздің қазақ халқы — батыр халық». деп халық қаһарманы дөп басып айтқан. [1,137 б]. Осы ретте тілге тиек етіп отырған Мәңгілік Ел идеясы - қазақтың өткен тарихынан бастау алғанына ешкім шүмән келтірмесі анық. Тамыры тереңге жайылған тарихтан сыр шертер болсақ, біз қазақ не көрмедік, қанша қиын жағдайларды: ашаршылық, соғыс, елден жыраққа ауып кету, тілімізден айырылу - барлығын бастан кешірген халықпыз. Міне осының өзі Мәңгілік Ел керегесінің айғағы. Алайда 555 жыл бойына көрген қиындығымызға ешкімді жазғырмай, тереңіне батып кетпей, қуанышқа асып – таспай, бүгінгі күнге аман – есен жеткеніміз біз үшін үлкен мәртебе. Терезесі тең, керегесі кең, шаңырағы биік еліміздің тарихы мен мәңгілік елдің ірге тасын қалап кеткен Керей мен Жәнібектен бастау алған қазақ елінің мәңгілік ел болуы, құрылуы осының айғағы. Біз үшін Мәңгілік Ел осы кезеңнен бастау алды десек асыра айтқандық емес.

Әлемде жерінің кеңдігі жөнінен бірінші ондықта орналасқан қазақ жерін, қазақ елін Мәңгілік Ел болып қалуы үшін батырларымыз жоңғарлармен бетпе-бет келіп, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай қазақтың ұлтарактай жерін жауға бермей, қызғыштай қорғап, халық қорғаны бола білді. Қолдан жасалған ашаршылықтың өзі қаншама қазақты қырғанымен қоймай, бір – біріне жауыз, ашкөз жәндіктей қылып, бірінің етін біріне жегізіп, қазақтың санын кемітіп, қала берсе басқа мемлекеттерге ауып кетіп, тарыдай шашылған қазақтардың бытырауына себепкер де болды.[2,140б]. Ұлы билер Төле, Қазыбек, Әйтеке өмір сүрген кезең – тарихымыздың тәлімі көп, ел үшін үлгі болатын ерекше кезеңі. Олар жаугершіліктің кесірінен ыдыраған халқының есін жиған, әділетті билік шешімдерінен айнымай, келешекке көз салып, үміт отын жағу арқылы көрегендік пен ұйымдастырушылық қасиеттерін көрсете білген. [1,204б]. Билердің оқығаны көп болмаса да, тоқығаны мол, парасатты, азаматтық тұғырлары биік қасиеттерін, рухани мол қазынасын жария ететін аңыздар мен шежірелер бүгінгі күнге де жеткен. Дегенмен, билердің атқаратын қызметі негізінен қоғамдағы әділеттілікті қамтамасыз етуге, яғни сот билігіне келіп саяды. Осы бір кезеңдерде ең басты байлығымыз болған салт - дәстүрімізді, әдет – ғұрпымызды, тілімізді, жоғалтуға шақ кезеңдер қаупі

тұрды. Осындай қиын-қыстау кезеңдерде елдің ел болып, ұлттың ұлт болып қалуы үшін батырларымыз атқа мініп, алаңға шығып, білектің күшімен күрессе, әдебиетте ақын - жазушыларымыз қаламның ұшымен кескіндеді.

Ұлы Отан соғысы жылдар аралығындағы соғыста өжеттігімен Әлия, Мәншүк, Хиуаз сияқты батыр апаларымыздың өзі қан майданда ерлікпен шайқасты. Соғыстың сұрапыл жылдарында соғыстағы аталарымыз бен апаларымыздың орны бір бөлек болса, тылда еңбек еткен ауыл адамдары соның ішіндегі ет жүрегі езіліп, күрсінген жүректің демімен дамыл таппай, ішінен тынып, балам соғыстан аман қайтса екен деп тілеген, ер адамдардың ауыр қара жұмысын бір өзі атқарған қайран батыр әйел – аналар қауымына мың тағзым. [4,173б].

Сондай-ақ 18-20 ғасырлардағы Қазақстан тарихы алуан тағдырлы сипаттағы оқиғаларға толы болды. 1730-1770 жылдары қазақ бишілерінің едәуір бөлігі Ресей империясының басшылық рөлін ресми түрде таныды. Бұл Қазақстанды өз тәуелсіздігінен, мемлекеттігінен айырылуына әкеп соқтырып, шын мәнінде отарға айналдырды. Ресей билігін мойындауға мәжбүр болған алғашқы күндерден бастап-ақ қазақ халқының бұрынғы тәуелсіздігін, мемлекеттігін қалпына келтіру жолындағы ұлт-азаттық кезеңін де бастан өткерді. Қазақстанның отарлық кезеңінің тарихына, әсіресе оның түйінді мәселелеріне отандық тарих негізінен еліміз тәуелсіздік алғаннан соң, 1991 жылдан кейін баса назар аудара бастады. [5,98 б].

1991 жылы Қазақ елі тәуелсіздігіне де қолын жеткізді. Тәуелсіздік – бұл ел тірегі, бұл күні біздің Мәңгілік Ел екенімізді бүкіл әлем мойындады. Жеріміздің кеңдігіндей көңілі кең дархан «қазақ» деген халық екенімізді тағы да таныттық. Мемлекетіміздің берік іргетасын қалаған, тәуелсіздігімізді алған, тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарай білетін, дербес те, тәуелсіз ұлт екеніміз тағы дәлелденді. Асан қайғының армандаған «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған » заманы қазақтың басына енді туды. Тәуелсіздік! - біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Ол арман – Мәңгілік ел. Тәуелсіздікпен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі болған Нұрсұлтан қаласын тұрғыздық. Ендеше, қазақ елінің Ұлттық Идеясы - Мәңгілік ел! «Мәңгілік Ел» идеясының тарихи негіздері 2014 жылдың 17 - қаңтарында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев кезекті халыққа жолдауында «Бір жыл бұрын мен еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарын жария еттім. Басты мақсат - Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол – «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жана дәуірдің кемел келбеті», - деп бастады. Бұл орайда елең еткізген жаналық тұңғыш мемлекеттік ресми идеология, яғни «Мәңгілік Ел» идеясының жариялануы. Бұл Қазақстан Республикасының ұлттық идеясынан келген түйін тұжырымы. Мәңгілік Ел - отандастардың бірегей тарихи мақсаты мен қаһармандық ұраны десек орынды пікір. Аталған идея қазақ елінің ғасырлар бойы армандаған мақсаты ғана емес, Тәуелсіздік жолындағы жанқиярлық

еңбегі мен тынымсыз шығармашылығының нәтижелері арқылы қол жеткен асулар жиынтығы. "Мәңгілік Ел" ұғымын тереңнен түсіндіру, тарихи негіздерін көрсету маңызды болып табылады. Қазіргі уақытта Мәңгілік Ел болу үшін азаматтарымыз білім, ғылыммен мықты қаруланған болуы қажет. Және мемлекеттің басты байлығы ол халқы, адам капиталы. Сондықтан Мәңгілік Ел болу үшін осы бағытта жұмысты нақты жасауымыз тиісті дүние.

Мырзатай Жолдасбеков ағамыздың сөзімен айтатын болсақ, «Қазақтың ендігі ұлттық идеологиясы осы «Мәңгілік Ел» деп ойлаймын. 2050 жылы «Мәңгілік Ел»-Қазақтың түпкі арманын меңзеп отыр. Халыққа біртұтас идея, алға жұмылдыратын бағыт, мақсат-мұрат керек. Бұл кешегі жолдауда айтылған, қазақтың көкейіндегісін дөп тапқан сөз болды деп санаймын» - деп тұжырымдады.

*Жалпы сайып келгенде, Тәуелсіздік – қасиетті сөз, қастерлі де киелі ұғым. Тәуелсіздік туын желбіретіп, биікте ұстау, біздің мақсаттардың бірегейі. Тәуелсіздігіміздің қадіріне жетіп, оның көзіміздің қарашығындай қорғау, баршамыздың басты борышымыз. Ұлттық санамыз саяси сілкініс жасап, өрлеу жолына түскенде біздің кім екенімізді, ата – бабамыздың қандай болғандығын, ұлан байтақ өлкені қалай қорғағанын, бостандықты қалай аңсап, қалай қастерлегенін, кешегі тектілердің ұрпағы екенімізді ұғынып, келешекке жеткізу парызымыз. Біздің мемлекетімізде жүзден астам ұлт өкілдері өмір сүреді. Тәуелсіздіктің бет бұрған жолында еліміздің ұлттық рухани асыл қазынасы, экономикасы, саясаты, мәдениеті дамып, гүлденуде, біз санаулы жылда адам айтқысыз, айтса сенбейтін жетістіктерге жетіп отырмыз. Ең бастысы – тіліміз мемлекеттік мәртебесін алып, ата-бабамыздың рухы бір серпіліп қалды, қасиетті аманатты уыстан шығарып алмай, дер кезінде тұғырына бағыттай, бекіте білдік. Ғасырдан ғасырға жібек желі болып жалғасып келе жатқан бабалар аманатын орындап жалғастыру біздің енішімізде екеніне мақтанамыз. Біз мәңгі өлмейтін қайратты халықтың ұрпағымыз. ХХІ ғасыр басындағы жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанды ертеңгі нұрлы болашаққа, кемел келешекке апаратын біздер. Ендеше қияметтің қыл көпірінен сүрінбей өткен, тәуелсіз Қазақстанымыздың табанының тұғырдан таймауын тілеп, асыл мұратын алға жетелесек - бұл біздің басты мақсатымыздың орындалғаны.*

#### Әдебиеттер

1. Тарихи тұлға тағылымы [Электронный ресурс]: Мәди Бәпиұлына-125 жыл: аймақтық ғылыми - практ. конф. материалдары, 2 шілде 2005 ж./ ҚарМУ; ред. алқа Е. Қ. Көбеев, Н. И. Омарханов, Ө. Амантаев [ж. б.]. - Электрон. текстовые дан.(17,1Мб). - Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2005 -137 б.
2. Қазақ хандығының құрылу тарихы/ Бақыт Кәрібаева. ISBN: 978-601-7174-51-4. 140-204 бб.
3. Қазақ қоғамы ХІХ ғасырдың екінші жартысында [Электронный ресурс]: Ғылыми еңбектер жинағы/ Қарағанды мемлекеттік ун-ті (Қарағанды). - Электрон. текстовые дан.(23,9Мб). - Қарағанды: ҚарМУ, 1994. - 269 б. с.: табл.

4. Ер намысы-ел намысы [Электронный ресурс]: Халық қаһарманы Қ.Рысқұлбеков жайындағы жинақ. - Электрон. текстовые дан.(14,7Мб). - Алматы: Жалын, 1998. - 173б. с. - (Қазақстан тарихы:зерттеулер,күжаттар)
5. «Ғылыми ізденіс» №11 2016 жыл 95 -98бб.
6. <https://adebiportal.kz/kz/news/view/10547>
7. <https://qamshy.kz/article/3634-tarikhynhmen-ar-sanada-dganhghyryp-qazaq-eli-martebesi-%E2%80%93-manhgilik>
8. <https://infourok.ru/esse-na-temu-mgilik-el-nrli-zholi-azati-1617477.html>

ӘОЖ 811.512.122.

## **ТАРИХЫН ЖАТҚА БІЛЕР - БІЛІМДІ ҰРПАҚ**

**Ғылыми жетекші: п.ғ.м., аға оқытушы,**

**Нурманова Ж. К.,**

**Сандыбай А.Ә., Бутаева К.Б. 123-18 оқу тобының студенттері**

**Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент**

**Қазақстан**

*Резюме*

*Эта статья достоверно рассказывает о пережитых трудных моментах, выпавших на долю всего казахского народа за годы обретения независимости Республики Казахстан. Как сказал наш Елбасы Н. Ә. Назарбаев, «независимость - результат многовековой истории борьбы за свободу и самостоятельное развитие нашего народа». Независимость пришла к нам не просто. За 30 лет было предпринято огромное количество шагов, направленных на улучшение благосостояния народа. Строительство больших городов за короткое время – это есть свидетельство дальновидности, блестящего политического решения и заслуга нашего президента.*

### *Summary*

*1.This article I reliably tells about the experiences ore moments that fell to the lot of the entire Kazakh people during the years of gaining independence , the Republic and Kazakhstan . As our President said: N. A Nazarbayev , “Independence is the result of a centuries-old history of the struggle for freedom and independent development of our people”. Independence did not come to us easily. For 29 years, a huge number of steps have been taken to improve the welfare of the people. Building large cities in a short time is evidence of a visionary and brilliant of politico of solutions and merit as our President.*

***Тәуелсіздіктің кезекті жылдығын атап өту бізге ең алдымен той тойлау үшін емес, ой ойлау үшін керек. Тәуелсіздіктің тайғақ кешулі жолында алдымыздан шығатын асу-асу белдер де болады. Ұлттың ұлан асуында ұйымқи соғатын желдер де болады. Нағыз Тәуелсіздікке қиын істе тәуекелге бара алатындар ғана қолы жетеді.***

***Н.Ә.Назарбаев***

Елбасының Қазақстан халқына жолдап отырған стратегиялары, жолдаулары, бағдарламалары барлығы дерлік салықалы саясаттың дара жолын айқын көрсетіп, болашаққа ұтымды бастамаларға бастап отырғаны белгілі жайт десек те, кейбір қандастарымыз өз тілін былай қойғанда, өз халқының тарихынан еншілегені жасырын болса да шындық. Әбу Насыр Мұхаммед Әл - Фарабидің- «Әке баласы үшін қандай жауапты болса, әр халық өз тарихының алдында сондай жауапты» - деген қанатты сөзінде үлкен мән жатса, халқының бір туар азаматы М. Шаханов:

Тағдырыңды тамырсыздық індетінен қалқала!  
Әр адамда өз анасынан басқа, болу керек құдіретті төрт ана:  
туған жері – түп қазығы, айбыны,  
туған тілі сатылмайтын байлығы,  
туған дәстүр, салт- санасы тірегі және туған тарихы!  
Төрт анасын қорғамаған халықтың ешқашанда бақ - жұлдызы жанбаған!  
Қасиетті бұл төрт ана –тағдырыңның тынысы,  
төрт ана үшін болған күрес - күрестердің ұлысы! - деп өз еліне, жеріне, тіліне тарихына деген сүйіспеншілігін білдіре отырып, «тарихты білмеу- тамырсыздық» екенін кесіп айтады.

Елбасы Н. Ә Назарбаев «Қазақстанның болашағы - бүгінгі жастар. Сіздер оларға қалай білім берсеңіздер, Қазақстан сол деңгейде болады», - деп атап көрсеткен. Тәуелсіз ел тірегі - білімді ұрпақ десек, дәуірдің күн тәртібінде тұрған келесі мәселе - білім беру, ғылымды дамыту, тарихқа терең үңілу. Тарихты білмей болашақты болжау мүмкін емес. Яғни, тарихы жоқ елдің болашағы бұлыңғыр деген халық даналығы да бар.

Өткен тарихымызға үңілсек, халқымыздың ертеңін ойлаған, болашағын болжаған хандарымыз бен билеріміз сол кездің өзінде-ақ еліміздің дәулеті мен сәулетін, ынтымағы мен қауіпсіздігін арттыру бағытымен жүріп, оны жалпақ қазақ даласына жариялап отырған. Қасым ханның, Есім ханның жолдары мен Тәуке ханның «Жеті жарғысы», міне, осындай ізгілікті мақсаттардан туындаған игілікті шаралар еді. Мүлік заңы, қылмыс заңы, әскери заң, елшілік жоралары, жұртшылық заңын тарау-тарауымен талдай отырып, күнделікті өмірге енгізген Қасым ханның ережелер жиынтығы халық арасында жоғары ілтипатпен «Қасым ханның қасқа жолы» атанып, ол XVII ғасырда хандық құрған Есім ханның «ескі жолына» ұласты. Тарихтан білетініміздей, Есім хан Қасым ханның ғасырлар бойы сұрыпталып, орныққан осынау өміршең ережелерін өзгеріссіз пайдаланып, ел ішінде жаппай қолданды, әрі оны өз заманының қажеттілігіне орай жетілдіріп, жүйеледі. Сөйтіп, оны халық «Есім ханның ескі жолы» деп атап, ел ортасында әділ төрелік айтып, дау шешіп жүрген би-қазылардың осы ережені білуі міндетті саналды. Ал Тәуке ханның тұсында (1680-1708 ж.ж.) халқымыздың дана билері Тәуке хан басшылығымен бес тараудан тұратын Қасым хан, Есім хан ережелеріне қалмақтың жортуыл-шапқыншылығына байланысты тарихи-саяси жағдайдың аса шиеленіскен қиын кезеңінде тағы да екі тарау қосып, «Жеті жарғы» деп атады. Яғни, Тәуке хан кезінде қосылған екі тарау – жесір дауы мен құн дауы еді. Халқымыздың басына түскен сол бір зұлматты заманда шапқыншылық, кісі өлтіру көп болғандықтан, құн дауы өз алдына бөлектеніп, қылмыс заңына айналған. [5, 53-б]

Бүгінде ата-бабаларымыз армандап кеткен Тәуелсіздік туы көкте желбіреген біздің кең-байтақ Қазақстанымызда сол хандарымыз бен билеріміздің жолдары мен жарғы-жосындарын қазіргі дәуір талабына сай әртүрлі заманауи заңдар мен жүйелі жоспарлар, сан алуан бағдарламалар алмастырған. Солардың барлығы



Тәуелсіздік алған жылдардан бастап мемлекетіміз саяси және экономикалық жаңғырудан өткендігі елге айқын, алайда біртұтас ұлт ретінде қалыптасу үшін рухани жаңғырудың маңызды екендігіне тарихи куә және де рухани жаңғыру алдыңғы жаңғырудың өзегі болмақ. Елбасының болашақты бағдарлап көрсеткен рухани жаңғыру мақаласы осы түйткілді мәселелерді шешуге, әлемнің дамыған 30 елінің қатарына енуде бәсекеге қабілетті қоғамның міндеттерін айқындап беріп отыр. Әлем бір орнында тұрған жоқ, ал оған ілесу үшін бізден жылдам әрекет етуді талап етеді. Біздің ісіміздің алдында адам санасы болуы керек. Осы тұрғыдан ұлттық сананың жаңғыруы мен сананың ашықтығы өзекті болып отыр. Ал ұлттық сананың жаңа үлгісі мақалада көрсетілгендей халықтың өткені мен бүгінгісінің және болашағының көкжиегін байланыстыратын тұғырнама болып табылады және ол ұлттық сананың кереғар жақтарын бітістіруге бағытталғаны баршамызға аян.

Рухани жаңғыру – адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білуі. Рухани жаңғыруда өркениеттің өрге жүзуімен байланыстырамыз. Тарих сахнасына көз жүгіртсек, өскен ұлттың өрби түсуіне осы «рухани жаңғыру дәлел». Ұлан ғайыр қазыналарымызды қалпынша қолданып, қорғау, бір мақсатпен межелеген межеге жету арқылы түрлі саяси радикалды идеологияларға тосқауыл болудың бағдарын ұсынды.

Ұлттық бірегейлікті сақтау. Елбасымыз үшінші қағидасында ұлттық код, яғни халқымызға тән салт-санамыз, асыл мәдениетіміз бұлардың барлығы бойымызда жалындап, үні шырқалып тұруын баса айтты, сонда ғана алға басулар болатының ескертті. Білімнің салтанат құруы. Қазіргі таңда білім бағдарламаларының елімізге ұтымды үлес қосып келе жатқанын айта келіп, табыс тізгіні – білімді болашақ жастардың қолында екеніне баса назар аударды [1]. Осы бағытта өзін-өзі тану рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасындағы мұғалімнің ролінің ерекшелігіне тоқталсақ. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасын жүзеге асыруда мұғалім

жетекші рөл атқарады. Мектепті емес, мұғалімнің рухани әлемін реформалау маңызды. Рухани-адамгершілік білім беру үдерісі мұғалімнің ойы, сөзі және ісі бірлікте болғанда ғана табысты болады. Расында, мұғалім салауатты өмір салты туралы қанша кәсіби шеберлікпен айтса да, оның берген білімі шынайы емес, пайдасыз, егер өзі үлгі болмаса.

Ұстаздың ойы мен сөзі және ісі біріне - бірі қайшы болса, оның басқа әрекеттерінен ешбір нәтиже шықпайды. Шыдамды және қарапайым, бала жанын сүйетін қайырымды мұғалім оқушылардың бойында жақсы мінез-құлық тәрбиелеуде өмірлік маңызды рөл атқарады. Егер мұғалім өз ісіне жан-тәнімен беріліп, таза болса, мыңдаған бала жақсарады және ұлтымыз қайырымды мінез-құлыққа ие білімді мыңдаған ұл-қыздарға кенеледі. Яғни, мұғалімнің адамгершілік үлгі-өнегесі маңызды. Тәжірибе нәтижесі көрсеткендей, бір ғана өзін-өзі тану сабағы Бағдарлама идеяларын табысты жүзеге асыруға жеткіліксіз. Бағдарламаны дамыту жалпыадамзаттық құндылықтарды басқа барлық оқу пәндері аясының мазмұнында интеграциялауды, сабақтан тыс іс-әрекет пен қосымша білім берудің құндылықтық әлеуетін күшейтуді, әлеуметтік серіктестікті кеңейтуді көздейді. Рухани-адамгершілік ахуал бүкіл тұтас педагогикалық үдерісті қамтуы керек. Қазіргі таңдағы білім берудегі мәселелерді мәңгілік рухани-адамгершілік құндылықтар білім берудің тірек нүктесі болғанда ғана, басқаша айтқанда осы құндылықтар берілетін барлық білімдермен ортақ тұтастық құрған жағдайда ғана шешуге болады. Білім беру үдерісінің тұтастығын, адамилығын және рухтануын қамтамасыз ете отырып, «Өзін-өзі тану» пәнінің өзекті пәнге айналуы біз үшін маңызды. Біз мектептерде қоғамға, елге, адамзатқа қызмет ету, парыз, ар-ұждан, әділдік идеяларымен ұштасқан ахуал құруымыз қажет. Мектептің тұтас педагогикалық үдерісін оқушылар мен мұғалімдердің рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз ететіндей етіп ұйымдастыру маңызды.

Ұлттық болмыс пен бірегейлікті сақтай отырып, сананы жаңғырту және білімділікке ұмтылу Елбасы мақаласының өн бойына алтын арқау болып өрілген. Тәуелсіздіктің нығаюы, дамыған елге айналуымыз үшін қазақстандықтар алға батыл қадам басып, жоғары технологияларды меңгеруі, озық стратегиялармен жарақтануы, халықаралық коммерциялық һәм концептуалды жобаларды ілгерілетуі маңызды. Бұл – Қазақстан көшбасшысы айтқан «бәсекеге қабілеттіліктің» бір шарты. Тәуелсіздік ала отырып, Қазақ елі «күрес кеңістігіне» аяқ басты. Бодандықтағы ел бәріне мойынсынуы, көндігуі, ассимиляцияға ұшырап, жойылып кетуі мүмкін. Тәуелсіз елге ешқашан ертеңге енжарлық танытуға, саяси және экономикалық өмірге селқос қарауға болмайды. Оның үстіне мемлекеттілікке төнген жаһандық сын-қатерлер саны артқан сайын «күрес кеңістігі» де кеңеюде. Тәуелсіз мемлекеттер үш басты аждаһадай анталаған экстремизммен, сепаратизммен, терроризммен күресуге мәжбүр. Жас мемлекеттер тәуелсіз ел ретінде өмір сүруі үшін күресуге мәжбүр. Бұл күрестен мемлекет ешқайда қаша алмайды. Қашса, тек тарихтың қойнауына, тұңғығына ғана жол тартады.

Сондықтан Мемлекет басшысы жат идеологияларға ұлттық құндылықтарымыз бен отаншылдығымыз арқылы төтеп беретінімізді атап көрсетті.

Елбасы мақаласының «Прагматизм» атты бөліміне назар аударсақ. Батыста, ірі державаларда болып жатқан сайлау науқандары тіпті дамыған елдерде де жұртшылықтың бос демагогия мен популизмге қарсы иммунитетінің жоқтығын, өтірік – қаңбақ, шын – салмақ екенін түсіне бермейтінін паш етті. Әлемде шын жүйріктердің емес, «тіл жүйріктердің» заманы туған ба дерсіз. Бұл халықаралық қоғамдастық кезігіп отырған кезекті «сын-қатер» болса керек. «Ұлт немесе жеке адам нақты бір межеге бет түзеп, соған мақсатты түрде ұмтылмаса, ертең іске аспақ түгілі, елді құрдымға бастайтын популистік идеологиялар пайда болады» деген Н.Назарбаев алдағы онжылдықтардың ұранына «реализм мен прагматизмді» ұсынады. «Жалғандық жарға жығады» дейді қазақ даналығы. Біз – бабалар батасы дарыған, ата аманатын аялаған елміз. Сондықтан Елбасы Тәуелсіздікжылдары қоғамды бос демагогия дертінен арылтуға күш салды. Оның орнына елді өркендетер түбегейлі жаңаруларға жұмылдырды.

Білім биігіне, ғибратты ғылымға, өнімді еңбекке бағдарлады. Бұл – қалыпты өмірді қауіпті өмірге айналдырмаудың және нақты жаңғырудың қамы. Біз ұлтымыздың бойындағы тек жақсы қасиеттерді дамытсақ, озық білім мен үздік жаңалықтарды дарытсақ, жат идеологияларға лайықты тойтарыс берсек, жерұйықтай мемлекетке айналамыз. Елбасымыздың жаңғыруы өскелең ұрпақтың болашақта дамуына аса зор мүмкіндік береді. Сондықтан заман талаптарына сай өмір сүріп жүрген жастардың түйсігіне сіндіру мақсатында Елбасының аталған мақаласының іс жүзінде жүзеге асырылуына қолдау көрсетіп, күш-жігер салуға ықпал ету үшін насихаттау міндетті. Жаңғырудың маңыздылығы мемлекет пен ұлттың саналы түрде жаһандық үрдістерге бейімделуіне септігін тигізетіндігіне сенім білдіреміз.

Елбасымыздың рухани жаңғыруының әрбір тармақтарының өзектілігіне мән бере отырып, алға басатын қадамымызды үш ойлап, бір басуымызды ұмытпайық.

Ендеше «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы біздің қоғамның рухани-адамгершілік тұрғысынан жаңғыруының негізі бола алады. Бағдарламаның негізгі идеяларын адам тұлғасының үйлесімді дамуының іргетасы, қоғамды толықтай сауықтыру үшін адамгершілік өзек ретінде қарастыра отырып, біз қоғамдағы жаһандық өзгерістерді дәл білім беру жүйесі арқылы жүзеге асыру керектігін түсіне аламыз.

Ш.А.Амонашвили «рухани ізгілік» ұғымын енгізудің маңыздылығына тоқтала келе: «Өз санамызға руханилықтың өлшемін қабылдап, соның негізінде ойлау өте маңызды. Материалистік философия ойлау негіздері ретінде үш өлшемді құптайды – уақыт, материя, кеңістік. Ұлғайған сана осы өлшемдердің алдына тағы бір өлшемді – руханилықты қояды, оның өзегі Жоғары Бастауға деген сенім болып табылады.

Рухани өлшем педагогиканы даналықпен толықтырады және болашаққа бағыттайды. Педагогикадағы жаңа ұғым – бұл рухани ізгілік. Ол бүкіл білім беру жүйесі арқылы өтіп, оның негізі болуы тиіс. Руханилық, ізгілік, сүйіспеншілік, мейірімділік, бейбітшілік, игілік ұғымдарының негізінде педагогикалық сананы өзгерту ғана білім берудегі кедергілерді – қоғамдағы рухсыздық пен өнегесіздікті жеңуге мүмкіндік береді», -деп айтқан болатын [2].

Қазіргі ұстазға қойылған негізгі талап бала санасында қай кезде де сапалы білім алдыңғы қатарлы әлеуметтік құндылық болып есептелетінін сезіндіру. Сапалы білім алу мен ұлттық құндылықтарды сіңіру арқылы ғана өзгеріп жатқан өмір жағдайларына дағдыландыру.

Қорыта айтқанда, сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Ұлт көшбасшысы атап көрсеткен бұл шаралар еліміздің дамуының жаңа деңгейіне көтерілуіне өз септігін тигізетініне сенімдіміз. Нақты жаңғыру – білім биігіне, ғибратты ғылымға, өнімді еңбекке талпыну деп санаймыз.

#### **Әдебиеттер:**

1. Н. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. 12 сәуір, 2017.
2. Ш.А. Амонашвили. Вдохновение и творчество – путь обновления образования // 11 Международные педагогические чтения, М., 2012

ОӘЖ

#### **ҰЛТТЫҚ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ОТБАСЫНЫҢ РОЛІ** **Ауелбекова Б.С., №125 жалпы орта білім беретін мектебінің әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі, Шымкент, Қазақстан**

#### *Резюме*

*В данной статье рассматривается роль семьи и методы воспитания ребенка в духовно-нравственном образовании.*

#### *Summary*

*This article discusses the role of the family and methods of raising a child in spiritual and moral education.*

Қазіргі таңда қоғамда болып жатқан өзгерістерге байланысты жалпы білім беретін мектептердің оқу тәрбие жүйесінде, оқушының таным түсінігі мен ойлау қабілетіне байланысты нақты жұмыс жасау қажет болып тұр. Егер бұл мәселені дер кезінде қолға алмаса, тіпті асқынып кетуі де әбден мүмкін. Оқушы үлгісін қалыптастыру үшін – мәдени құндылықтарды үйрету, білім, білік дағдыларды бойына сіңіру, қоғамдық қарым-қатынас ережелерін, әлеуметтік өмір тәжірибелерін меңгерту, ұлттық өнермен, әдебиетпен, ғылыми жаңалықтармен айналысу, осылайша адами құндылықтар жүйесін ұғына білуге, жеке бастың тәрбиесін үздіксіз байытып, оны күнделікті өмірмен байланыстырып отыруға дағдыландыру керек-ақ.

Тұлғаны дамыту мен қалыптастыру барысында, оларды ұлттық рухта дамытуға қажетті барлық қолайлы жағдайлар жасалуы тиіс. Оған себеп бүгінгі жастар арасындағы отансүйгіштік пен патриоттық рухтың әлсіреуі сонымен қатар, қазақ халқының ғасырлар бой мұсылманшылық негіздермен үйлесе

қабысқан салт-дәстүр, ұлттық дүниетаным негіздерін үзілді-кесілді жоққа шығару үдерісі де ел ішінде көптеген түсініспеушіліктердің тууына жол ашып отыр. Мемлекет басшысының: «Қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгертпейінше біздің толыққанды жаңғыруымыз мүмкін емес» деп айтқанындай әрине мұндай сыңар жақты мәселелерді шешу оңайға соқпасы анық. Десек те осыған тосқауыл боларлық рухани-адамгершілік қағидаттар мен құндылықтарды ескеріп, отбасылық тәрбие мен педагогикалық тәрбие функцияларын жетілдірумен қатар оны іс жүзінде қолдану игілікті болатыны сөзсіз. Мұны еселей кетер болсақ, тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде көрсетілгендей, тәрбие мақсаты: «Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу» болып табылады. Жалпы жеке тұлғаның адамдық қасиеті бес жасқа дейін қалыптасады. Бөбек үш жасқа дейін өмірдің, табиғаттың, айналасының не екенін танып, «не жаман», «не жақсы» деген сұраққа жауап табады. Сөйтіп жеке тұлғаның тұлғалық негізі бес жасқа дейін қаланады. Баланың адамдық болмысы қалыптасқан соң, оның бойына адами мінез-құлық пен адамгершілік қасиеттерді сіңіру үшін, игі әрекеттер үйретіледі. Ол әрекеттерге бала әдеттеніп, әдет- өмірлік қолданысына айналып, баланың санасы әдетғұрыпты игере бастайды да, ол әдет-ғұрып әдептілікке айналып қалыптасады. Сондықтан өнегелі тәрбиенің негізгі үлгісі бола алатын ата-ана мен мұғалімдер қауымының ерте бастан- ақ жеке тұлғаның адамдық болмысын қалыптастыруға ықпал жасай алатындығын ескеру керек. Ол үшін алдымен тәрбиелеу мазмұнын анықтап алғанымыз жөн болар еді. Ия бүгінгі ауқымды да маңызды мәселелердің бірі – жеке тұлғаны қалай және қандай идеологиялық негізде тәрбиелейміз, оның адамгершілік сапалары мен әлеуметтік бағдары қандай болмақ деген сұрақтарға жауап іздеп, оның жолдары мен әдіс-тәсілдерін талдасақ. Бала тәрбиесі өте маңызды және жауапкершілігі мол іс, оны орындауда нақты тұлғаның болашағы мен жалпы жаңа ұрпақтың қалыптасуына тікелей байланысты. Міне, сондықтан ата-аналар баланың тұлғасын қалыптастыруда басты рөл атқаратындықтан оларды тәрбиелеудің бүгінгі ерекшеліктеріне назар аударса. Себебі, бала қашанда ең алдымен ата-анасынан үлгі алатындығы айқын. Олай болатын болса әрине, ата-ананың балаға деген қарым-қатынасы, оның қандай адам болып өсетіндігіне ықпал етеді. Сондықтан заман ағымына қарай тәрбиелеу формасы да өзгеруі тиіс. Бұрынғыдай балаға ақыл- кеңес беру, үлгі ету, мадақтау тіпті мәжбүрлеу мен жазалау секілді тұрпайы тәсілін қолдана бермей, қасаң үлгіні өзгерту керек болып тұр. Кейбір ата-ананың өз өмірінде жете алмаған, мұрат еткен жеке мақсаттарын баласынан талап етуі немесе жеке тұлғаның қалыптасуынан іздеуі тіпті озбырлық екені даусыз. Бала деген ол - ата-ана алдында тұрған кәдімгі айна секілді, жасаған іс-әрекетінді қаз-қалпында қайталайды. Осыған орай әрбір ата-ана балаға «тәрбиелі бол» дегенді қайталай бермей, өз баласы алдында тәрбиелі адамның ісін, үлгі етіп көрсетсе екен. Яғни балаға күнделікті өмірдегі жүрген жолыңызда, үлгі боларлық тәрбиенің айнымас түрін көрсету керек. Тәрбие

мазмұнының тағы бір ортақ белгісі бар – бұл бала тұлғасына бағыттылығы. Әрбір мектептегі ұйымдастырылатын іс-шара өткізілді деу үшін ғана емес, тек бала үшін жасалуы қажет. Өйткені тәрбие жұмысының басты мақсаты – тұлғаның эмоцияналдық-еріктік, интеллектуалдық, адамгершілік аясының дамуына бағытталады.

Қазақстандық тәрбиенің басты ерекшелігі – туған жерге деген махаббат пен құрмет, отбасылық құндылықтарды бәрінен жоғары қою, үлкендерді сыйлау, адалдық, қонақжайлылық, толеранттық. Отбасы тәрбиесінің бала дамуына әсерін күшейту мақсатында отбасылық тәрбиелеудің принциптер жүйесі де жасалуы керек.

Отбасы – ұлттың, мемлекеттің, әлемнің, адамзаттың негізі, сондықтанда отбасын нығайту қажет. Отбасында бейбітшілік болса, қоғамда бейбітшілік болады, қоғамда бейбітшілік болса, онда мемлекетте бейбітшілік болады, мемлекетте бейбітшілік болса, онда бүкіл әлемде бейбітшілік орнайды. Ата-ананың баланың ақылына ықпалы зор. Бұл ең алғашқы балаға жасалатын басым ықпал және тәрбиенің ең жоғарғы үлгісі. Ата-ананың баланың мінезіне теріс ықпалын үш түрге бөлуге болады: артық өбектеу, артық баланың ыңғайына көну, үрейлену, жоғары талап қою және оны елемей. Ынтымақтастықта тәрбиелеу – бұл баланың рухани-адамгершілік әлеуетін түсіну, ол бұл өмірге өз миссиясымен, мақсатымен келіп, жаңалық әкелген. Ата-ана оған сүйіспеншілікпен құрметтеп жағдай туғызу арқылы адамгершілік тұрғысынан үлгі-өнеге көрсете отырып, оның бойына табиғатынан дарыған ең таңдаулыны анықтауға көмектеседі. Ата-ана отбасында тәрбиелік дұрыс ереже орнатып қана қоймай, оны өздері де бұлжытпай орындаулары тиіс. Сонда бала ата-ананың беделіне мойынұсынып, құрметпен тыңдайтын болады.

В.А.Сухомлинский айтқандай: «Некеде өзара тәрбие беру мен өзін-өзі тәрбиелеу бір минутқа да тоқтап қалмайды»[1].

Мысалы: - балалар жақсылық пен махаббаттың ортасында өсуі керек;

- ата-аналар баласын қандай болса сол күйінде қабылдауы керек;

- тәрбие жұмыстары жас шамасына, жынысына және жеке ерекшеліктеріне қарай жүргізілуі керек;

- диалектикалық шынайы бірлік, тұлғаға деген терең құрмет, жоғары талап қою отбасылық тәрбиенің негізінде болуы керек;

- ата-ана – балалар үшін үлгі болатын мінсіз тұлға;

- тәрбие тек жақсылыққа, сенімділікке негізделуі керек; - отбасында ұйымдастырылатын барлық іс-әрекеттер ойын түрінде жасалуы керек;

- отбасында оптимистік көзқарас, балалармен қарым-қатынас стилі мен мәдениеті болуы керек.

Отбасылық тәрбие барысында ұлттық сананы қалыптастыру ең маңызды шарттардың бірі десек қателеспейміз. Ана мен әке арасындағы өзара сүйіспеншілік, үйлесімділік және татулық отбасылық бақыт пен тыныштық әкеледі [2].

Қазақ халқы қарқынды түрде жүріп жатқан жаһандану үрдісінің ықпалынан өзі қаламаса да, оқшау бола алмайды. Ия жаһандану үрдісіне тек бейімделу керек, ал бейімделе алмағандар өзінен-өзі құриды. Яғни пайдасын алып, зиянын бойға дарытпай, ұлттық рухтағы тәрбиемен қарсы тұру керек. Дегенмен мемлекеттің осындай бір сәтін пайдаланып қалатын, сыртқы ықпал етуші күштерге қарсы тұратын «Ұлттық иммунитетті» күшейту керек. Тарихтан белгілі әр дәуірдің сыртқы күшке қарсы тұрарлық мемлекеттік идеологиясы болған. Сондықтан бүгінгі күні мемлекетіміз қолдап отырған Ұлттық сананы жаңғыртар, «Мәңгілік ел» жалпы ұлттық идеясын жүзеге асыруға қолдау білдіргеніміз жөн. Біздің міндетіміз – рухы биік ұрпақ тәрбиелеу. Бұл орайда да біз тарихи тәжірибемізден сабақ ала алмай отырған сияқтымыз. Кешегі қазақ қоғамында да рухани-идеологиялық бағдарды айқындауда ұлт зиялылары мен рухани ұстаздары шешуші роль атқарды. Дін, ғылым, руханият сласындағы қажырлы ізденістерінің нәтижесін сана сүзгісінен өткізіп, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні ретінде ел жүрегіне жеткізіп беріп отырған еді. Ал халық бұл ілімді «жаман болады», «ұят болады», «обал болады», «сауап болады» деген қысқа да нұсқа тыйымдарының аясына сыйғызып, ұрпақтан-ұрпаққа шашау шығармай жеткізе білді. Дәстүрлі қоғамның дәстүрлі құндылықтары осылай қалыптасқан болатын.

Қоғамның белгілі қайраткері, ақын М.Шахановтың: «Халықта ең бірінші ұлттық рух болуы керек», – дегенін әр кез есте сақтап, еліміздің жарқын болашағы үшін атсалысуымыз қажет.

Рух-ой мен сананың шоқтығы, адамның психикалық белсенділігінің көрінісі, адамның сана сезімі мен қимыл әрекетінің озық болжампазы, тарихи тәжірибенің идеалды түрі [3].

Ол үшін біз, ұстаздар қауымы, оқушыларға салт-дәстүрлерді жай ғана үйретіп қана қоймай, олардың тәрбиелік түп-тамырын, мәнін, алтын дінгегін түсіндіре білуіміз керек. Ұлттық тәлім-тәрбиенің іргетасын дұрыс қалай білу мұғалімдердің атааналармен қосылып жүргізген шараларына байланысты болмақ. Өйткені бірінші ұлттық тәрбиенің ошағы – отбасында, екінші – мектепте болғандықтан, ата-ана мен мектеп, яғни мұғалімдер мен жұртшылық тығыз байланыста болуы шартты нәрсе екені баршамызға аян.

Қазіргі кезеңде әлемнің әр түкпірінде өткір қойыла бастаған ең өзекті жайдың бірі – осы ұлттық тәрбие мәселесі болып отыр. Ұлттық тәрбиенің ең маңызды тұсы – адамды ойлануға үйрету. Бұлай дегенде әрбір жеке адам ең алдымен өзінің белгілі бір ұлттың мүшесі екенін іштей терең сезініп, санада сілкініс жасауы керек екенін, содан кейін барып жалпыадамзаттық қоғамға лайық орнын белгілеуі қажеттігін сіңіруі болса керек. Бұл жерде негізгі әңгіме арқауы ұлттық тәрбие, ұлттық сана, ұлттық ұстаным, ұлттық мүдде туралы болып отыр. Өйткені біздің төлтума бітімімізді, қайталанбас ұлттық болмысымызды, ұлттық ойлау машығымызды, қала берді ұлттық кейпімізді сақтап қалу бәрінен маңызды. Қалай десек те ендігі жерде өзіндік “менін” сақтауға ұмтылған жұрт, ең алдымен ұлттық тарихи жадын, бірегей ұлттық



ойлау машығын, өзіндік дүниетанымын, ана тілі мен ділін, дінін, дәстүрлі мәдениетін аман алып қалу және оны одан әрі дамыту жолында күреске түсетіні анық. Осы айтқанымыздың бәрі ұлттық және отбасындағы тәрбиеге тікелей байланысты және мектеп, отбасы, оқушының бірлескен әрекетінің арқасында жүзеге асатынын мойындаймыз. Сондықтан әрбір тәрбиеші-педагог өзін-өзі тану, рефлексия тәсілдерін меңгеруі тиіс әрі тәрбиеленушілерді өзін-өзі тануға, өзін-өзі талдауға, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамытуды үйрету және өз тұлғасын жетілдіру, өзін-өзі анықтау үрдісіне қатыстыру керек. Ол үшін психологиялық-педагогикалық диагностика әдістерін меңгеруі тиіс.

Тәрбиенің негізгі бағыттары бойынша оқушының тәрбиелік деңгейі диагностикалау нәтижесінде анықталады. Ол үшін деректер алудың бақылау, әңгіме және экспериментті түрін айтуға болады. Сонымен қатар жиі қолданылатын сауалнамалар, сұхбаттар, сұрақ сауалнамалар, тест т.б.

Тесттің мақсаты – тұлғаның белгілі бір сапасын, қоғамдық пікірді және бір нәрсеге оқушының қатысын айқындау, тәрбие жұмысының түрлі формасы үшін мазмұнды материал жинау, сондай-ақ әр тәрбиеленушінің өзіндік ерекшелігін зерттеу болып табылады. Осылайша педагогтар үшін тәрбиелеу жүйесі алдынала айқындалмай құр насихат жүргізе беру бекер. Егер алдымен жүйелі түрде психологиялық-педагогикалық диагностика шынайы жүргізілсе сөзсіз нәтиже береді. Осыдан кейін екінші қадамда ғана педагог тарапынан тәрбиелік қолдау керек. Біз санаға серпіліс жасап, тура осылай прагматизмге бет бұрсақ қана болашақты нақты жоспарлай аламыз деп ойлаймыз.

#### **Әдебиеттер:**

1. Сухомлинский В.А. Письма к сыну. М.,1987.
2. Отбасылық өмір әліппесі. Алматы, 2014.76.
3. Өзін-өзі тану терминдерінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2006. 134 б.

ОӘЖ

### **ОҚУ ТӘРБИЕ ҮРДІСІНДЕ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ МАҢЫЗЫ**

**Кожантаева С.Ж.** «Ақпан батыр атындағы №10 жалпы орта білім беретін мектебінің» әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі, Шымкент, Қазақстан

#### *Резюме*

*В данной статье рассматривается значение общечеловеческих ценностей в воспитании детей в учебно-воспитательном процессе.*

#### *Summary*

*This article discusses the importance of universal values in the upbringing of children in the educational process.*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті - жеке тұлғаны ұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтардың, ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде қалыптастыру, дамыту және кәсіби тұрғыдан жетілдіру», -деп атап көрсетілуі әр дара тұлғаның заманауи талаптарға сай білімді де білікті азамат ретінде қалыптасуын көздейді. Дана халқымыз «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде

көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтпаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде педагогтар шешуші рөл атқарады [1,276.].

Ұрпақ тағдыры – ұлт тағдыры демекші, ұлттың болашағы - оның білімді, талантты, адамгершілік асыл қасиеттерді бойына сіңірген тәрбиелі ұрпақтың қолында. Рухы күшті ұлт озады. Сара Алпысқызы «Өмір әдебі» деп аталатын еңбегінде «Ғасырлар бойы әр елдің халықтары осы біз кіміз, не үшін өмір сүріп, қайда кетеміз, өміріміздің мағынасы неде, басты адами бағдарымыз қандай болуы тиіс?» деген сауалдар төңірегінде іздене отырып, «тіршіліктің осынау мәңгілік сұрақтарына жауап беру үшін жалпы адамзаттық құндылықтарды қайта жандандырып, өзіміздің бастапқы қайнар көзімізге оралу керектігіне бір сәт те күмәнданбайтындығын» айтады.

Атақты педагог Сухомлинский; «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады. Ертегінің рухани тәрбиелік мәні зор. Ол балаға рухани ләззат беріп, қиялға қанат бітіретін, жас баланың рухының өсіп жетілуіне қажетті нәрсенің мол қоры бар рухани азық», - деп атап көрсеткен. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру - ата-ана мен тәрбиешілердің басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер.

Адамгершіліктің қайнар бұлағы - халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс - тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. Көрнекті педагог В. Сухомлинский : «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады», — дейді. Демек, шәкіртке жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз. Кім болса да жақсы өмір сүруге тырысады. Жақсы өмір сүру материалдық және рухани байлықтың ара қатынасының тепе-теңдігіне байланысты.

Абайдың «ақыл мен жүректі бірге ұста», - деген сөзінен жақсы өмірдің бейнесін көруге болады. Тағы бір сөзінде Абай «мінезге бай» болу керектігіне тоқталады. Шынайы байлық адамдардың ісәрекетінен көрінеді. Халық педагогикасы – нәрестенің сезімін ананың әуенімен оятатын бесік жырлары, даналыққа толы мақал-мәтелдер, жұмбақ-жаңылтпаштар, қиял-ғажайып ертегілері, ойындары, тәрбиелеп өсіру негіздері адамгершілік ниеттерге баулиды.

Олай болса, адамгершілік тәрбие беру кілті халық педагогикасында деуге болады. Ұлттық асыл қасиеттерді жас ұрпақтың ақылпарасатты азық ете білуде «Өзін-өзі тану» курсының орны ерекше.

Рухани-адамгершілік тәрбиесінде алдымен баланы тек жақсылыққа - қайырымдылық, мейірімділік, ізгілікке тәрбиелеп, соны мақсат тұтса, ұстаздың, ата-ананың да болашағы зор болмақ. «Мен үш қасиетімді мақтан

тұтам», - депті Ақан сері. Олар: жалған айтпадым, жақсылықты сатпадым, һәм ешкімнен ештеңені қызғанбадым. Бұл үш қасиет әркімнің өз құдайы. «Өз құдайынан айырылған адам бос кеуде, өлгенмен тең» деген екен. Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақстандық қоғамның алдында жаңа ұрпақтың адамгершілік-рухани тәрбиесі, азаматтар арасында жақсылық, әділеттілік, өзара көмек, төзімділік орнықтыратын құндылықтарды іздеу мәселесі қалыптасты [2,57б.]. Халық педагогикасының негізгі мақсаты - өзінің бай тарихи тәжірибе мұраларына сүйене отырып, келер ұрпақты еңбекке, өнерге, білім машықтарын меңгеруге, отбасы, ауыл, аймақтың, отанның арнамысын қорғауға т.б. ізгі адамгершілік қасиеттерге баулу, ұрпақ тәрбиесіне ғылым қандай қызмет етсе, өнер мен әдебиет, қоғамдық салт-дәстүр де сондай қызмет етеді. Ұлттық педагогика қашан да халық тәжірибесін үлгі ететін болғандықтан, көздеген мақсаттарды іске асыру үшін, оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеудің бірден-бір жолы – оларды осы іске көзін жеткізу, сенімін арттыру. Ол үлкендердің міндеті. Себебі, халық ерте бастан «құяда нені көрсен, ұшқанда соны ілесің» деген. Отбасында алған адами қасиеттерді ары қарай мектеп қабырғасында дамытып, қалыптастыру шарты туындайды[3,55б.].

Қазақ халқының өзін-өзі ұғынуының адамгершіліктік даму жолы – оның білім алуында. «Адамға тек білім ғана күш береді. Халықтың білім алу, кең жолындағы күресте білім ұлы қару болып табылады. Тек білім ғана қазақ халқын еркіндік жолына, адамгершілік жолына шығара алады, - деп Уәлиханов дұрыс айтқан. Ыбырай Алтынсаринді біз ағартушы–педагог, ғалым, ақын, прозашы, публицист және балалар жазушы ретінде білеміз. Осы көпқырлы қызметінің барлығында адамгершіліктің мәні туралы, қарым–қатынастардың адамгершілікті жеке адамды тәрбиелеу туралы ой-пікірлері кездеседі деп батыл айтуға болады. Ыбырай Алтынсариннің адамгершілік туралы пікірлерінің маңызды көзі халық ауыз әдебиеті, халықтың өмірі мен тұрмыс– тіршілігін, қайғысы мен қуанышын, патриоттылығын, дәстүрлері мен әдет– ғұрыптарын бейнелейтін халық ауыз әдебиеті болып табылады. Бұған дәлел ретінде «Қазақ хрестоматиясы» оқулығын алуға болады.

Ы.Алтынсарин пікірінше, адамгершіліктің негізіне білім мен тәрбие құрайды. «Баланың ең жақсы адамгершілік қасиеттері тек ұдайы қалыптасады». «Жақсы тәрбиеленген бала сонан кейін де жақсы адам болып қала береді». «Адамгершілік тәрбиесінің басты тәсілдері еңбекпен атааналарының үлгісі болып табылады, - дейді» Ы.Алтынсарин. Ы.Алтынсарин қай қасиеттерді тәрбиелеуден адамгершілік тәрбиесінің мазмұнын көреді? Бұл - патриоттық адамгершілік, әділдік, шыншылдық, жауапкершілік, қарапайымдылық. Абай Құнанбаев арнайы психологиялық-педагогикалық еңбектер жазған жоқ, профессорлық–педагогикалық қызметпен айналысқан жоқ, бірақ оның барлық еңбектерінде еңбекші халықтың адамгершілік пен данышпандығына сүйенетін дидактикалық және адамгершілік–эстетикалық өсиеттер кездеседі. Кез келген адамның мінез–

күлқын өзгертуге болатыны туралы А.Құрманбаев «Егер менің қолымда билік болғанда, адам түзелмейді дегендердің барлығының тілін кесетін едім, - дейді. Абайдың пікірінше, еңбек пен халықтың білім алуы – адамгершілік идеалына қол жеткізудің әдісі. Осылайша, өткен бір жағынан екіжүзділікті, әділетсіздікті, еріксіздікті, жалқаулықты, жамандықты әшкерелеп, екінші жағынан еңбекке деген қызығушылықты, халық үшін күресті, әділдікті, шыншылдықты, жауапкершілікті, ғылым мен оның жоғары этикалық идеалдарын жақтайтын моральдық нормалары қазіргі кезде өз мағынасын жоғалтқан жоқ, керісінше, жаңа күшке енеді.

Қазіргі кезде қоғамымыздың ертеңгі болашағы бүгінгі жас өскелең ұрпақтың тәрбиесімен тығыз байланысты. Сондықтан мектеп оқушы жастарын тәрбиелеу ісінде, оларды рухани-адамгершілікке бағыттай отырып жетілдіріп дамытуға баса назар аударғанымыз жөн. Бүгінгі жас өскелең ұрпақ тәрбиесіндегі басты мәселе – мектеп оқушыларын рухани жетілдіру, дамыту.

Рухани даму дегеніміз - өзінің өмірдегі орнын, жауапкершілігін түсініп, өзін-өзі жетілдіріп отыру. Рухани даму жеке тұлғаны қалыптастырудың негізгі өзегі болып табылады. Рухани дамыған тұлғаның көрсеткіштері: басқаларға жақсылық жасау, қамқорлық көрсету, жақсылық жасауға ұмтылу, өзін-өзі дамыту, жетілдіру. Қазіргі уақытта республикамызда мектеп оқушыларын тәрбиелеу ісінде адамның ішкі жан дүниесі мен рухани әлемін дамыту, жетілдіруге байланысты істерді жүзеге асыруда. Халықтың діни, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ырым-тыйым, наным-сенім рухани мәдениет және ұлттық дүниетанымдық негізде жас өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік тәрбиесін дұрыс жолға қою міндеттерін іске асыру басты нысана болып отыр [4,88б.]. Тәрбиелі-мінез адам бойында имандылық қасиеттердің бар екендігін көрсетеді. Басқаларға қамқорлық, қадірлеу, сыйлау, құрметтеу, жауапкершілікпен адалдық-мінез сапасының негізгі бітістері. «Адам – бұл дүниеге қонақ, сондықтан ол артына ылғи да жақсы сөзбен жақсы ісін қалдырып отыруы қажет. Ол үшін әр кез жаман қылықтан сақтанып, адалдықпен жүріп-тұруы тиіс», - деген Жүсіп Баласағұни ойлары бізге жақсы мәлім. Ондай болса, келешек өскелең жас ұрпақты рухани адамгершілік тәрбиесі арқылы толыққанды жетілген азамат етіп тәрбиелеу еліміздің, қоғамымыздың басты алға қойған мақсаты. Әдептілік, имандылық, мейірімділік, қайырымдылық, ізеттілік, қонақжайлылық құндылықтары қалыптасқан халқымыз осы асыл да абыройлы қасиеттерін жас ұрпақтың ақыл-парасатына азық ете білу үшін, әрбір тәрбиеші, ұстаз халық педагогикасын, сан ғасырларда қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды жан-жақты терең білумен қатар, өзінің бойына адамдық құндылықтарды терең сіңірген, рухани жаны таза адам болуы шарт. Ол рухани-адамгершілік тағылымдарды өркениетті өмірмен байланыстыра отырып, білім берудің барлық кезеңдерінде негізге алғаны

жөн. Сонда ғана өзінің міндетін айқын сезіне білетін, мінез-құлқы жетілген саналы адам қалыптасады. Біз педагогтар бүгінгі күні болашақ тәрбиесімен айналыса отырып, оларды жүрек қайраттылығына, ақылдың сәулелігіне тәрбиелеп үйретуіміз керек. Біздерге бүгінгі таңда болашақ ұрпақ өкілдерін өмірге дайындаусыяқты ұлы іс жүктеліп отыр. Бұл іс үлкен жауапкершілікті, ерекше шеберлікті қажет етеді. Себебі, бала өзінің болмысында өте нәзік және иілгіш. Оның иілгіштігін назарға ала отырып өмірге икемдеу, адамгершілік тұлғасы биік адам ету біздердің қолымызда[5,49б.]. Болашақта адамның биіктігі, асқақтығы, өзгелерден артықшылығы оның материалдық жағдайымен емес, керісінше рухани байлығымен, даналығымен, білімділігімен, мәдениеттілігімен өлшенеді. Әрине, осындай ізгі қасиеттерді бойына сіңірген болашағы бар елдің тасы өрге домалап, өркениетті мемлекет болатыны сөзсіз. Сондықтанда бүгінгі таңда егемендігі жарасқан жас мемлекетіміздің аяғынан нық тұрып, болашаққа сеніммен қарауы жолында біз, педагогтік қауым көкірегі ашық, саналы, адамгершілік қасиеті биік бүлдіршіндерді тәрбиелеу жолында білім саласындағы жаңашыл бағыттарды, әлемдік озық тәжірибелерді кеңінен пайдаланып, олардың негізінде оқу-тәрбие үрдісін іске асыруымыз керек.

#### **Әдебиеттер:**

1. Алпысқызы Сара. Өмір әдебі: Әдеби эссе, толғаныстар-Алматы, 2003
2. Ақиқатты таны біл. Алматы, 2004 ж.
3. Антология гуманной педагогики. Тогор. – 2005 ж.
4. Амонашвили Ш. «Педагогическая симфония» - 2002 ж.

ОӘЖ

### **РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК БІЛІМ БЕРУДЕ СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Салыбекова А.С.** №132 жалпы орта білім беретін мектебінің әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі, Шымкент, Қазақстан

#### *Резюме*

*В данной статье рассматриваются вопросы об особенностях внеклассной работы в духовно-нравственном образовании.*

#### *Summary*

*This article discusses the features of extracurricular activities in spiritual and moral education.*

Сыныптан тыс жұмыс - бұл оқушылармен ұйымдастырылған және мақсатты бағытта құрылған сабақтар. Сыныптан тыс жұмыс-оқушылардың жеке қабілеттерін дамытуға, білімдері, біліктері мен дағдыларын кеңейтіп тереңдету үшін және ақыл ойларының демалуын ұйымдастыру үшін мектептерде жүргізіледі.

Сыныптан тыс жұмыстың басты мақсаты- теориялық материалды кеңейту мен тереңдетіп оқу ғана емес, сабақ барысында алған білімдерін стандарттан тыс мәселелерді шешуде қолдана білуі, жұмыс мәдениеті дағдыларын

қалыптастыру және білім алушылардың зияткерлік потенциалын дамыту болып табылады.

Пәндік сыныптан тыс жұмысы әр мектептің оқу- тәрбиелеу әрекетінің ажырамас бөлігі болып табылады. Ол оқушылардың білімдерін тереңдетіп, шығармашылық қабілеттерін, интеллектісі мен ой-өрісін кеңейтіп, дүниетанымын қалыптастырады. Пәнді оқыту кезінде оқушылар бірнеше топқа бөлінеді: пәндік оқу бағдарламалық материалды тез арада және қызығушылықпен оқитындар; материалды қанағаттандырлық меңгеретіндер және пәнді үйрену қиындық туғызатындар. Туындаған мәселелерді шешу үшін пәнді оқытуды жекелендіру қажет, сондай түрлердің бірі сыныптан тыс жұмыс. Сыныптан тыс жұмыс шағын жинақты мектептерде пән бойынша жүргізілетін жұмыс түрінің бірі болып саналады. Пәндік сыныптан тыс жұмыс мектепшілік және мектептен тыс болуы мүмкін.

Мектептердегі сыныптан тыс жұмыстың ерекшеліктеріне тоқталайық. Сыныптан тыс жұмыс-оқушылардың жүйелі, сабақтан тыс уақыттағы сабақтары.

Сыныптан тыс әрекеттің мақсаты - еркін таңдау негізінде баланың қызығушылықтарын іске асыру барысында қолайлы жағдай жасау, рухани-өнегелі құндылықтар мен мәдени дәстүрге қол жеткізу.

Білім беру мекемесі сыныптан тыс және сабақтан тыс әрекетті ұйымдастыруына қызығушылықпен қарауы, білім беру нәтижесіне қол жеткізудегі жаңа көзқарастарына байланысты. Әсіресе, білім алушылардың қызығушылықтарына сүйене отырып таңдаған пәнаралық және жеке нәтижелеріне байланысты.

Сыныптан тыс жұмыстың мәселелері:

- бағдарламалық материалды тез арада меңгеру үшін сабақ барысында алған білімдерін кеңейту;
- білім алушылардың қызығушылықтары мен ойлау әрекеттерін, жеке сұраныстарын және шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- танымдық және ойлау әрекеттерін жандандыру;
- оқушылардың әуестік, бастамашылдық, еңбекқорлық, еріктілік пен табандылық және дербестік сияқты психологиялық қасиеттерін дамыту және әрі жетілдіру;
- толеранттық пен бір-біріне деген сыйластық қасиеттерін, ұжыммен қарым-қатынас жасауы, қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу.

мектептер жағдайында пәндік сыныптан тыс жұмыс оқушылардың білімін тереңдету ретінде ғана емес, ауыл жеріндегі балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында оқушыларды танымдық әрекетіне тарту тәсілінің бірі болып табылады. Жалпы орта мектептердегі сыныптан тыс жұмыстың ерекшеліктері:

- сыныптағы оқушылардың санына байланысты әр оқушының жеке ерекшеліктерін байқауға мүмкіндік береді;

- балалардың қызығушылықтары мен қажеттіліктері есепке алынып танымдық әрекеті ұйымдастырылады;
- балалардың жалпы және жеке біліктері мен дағдыларын дамыту үшін сабақ кезіндегі жетіліксіз уақыт толықтырылады;
- оқушылардың сабақтан тыс іс-шараларға қатысуына жетелеу жүйесі іске асады;
- байқауға қатысатын командалар құрамы әр сыныптан «жинақталған» оқушылардың санынан құрылуы мүмкін.

Пәндік сыныптан тыс жұмыстың әдістемесінің негізі ХХ ғ. 30-шы жылдары салынған. Пәндік олимпиадалар мен үйірмелермен қатар сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыс түрлерімен қатар жарыстар, байқаулар мен викториналар, тақырыптық кештер, экскурсиялар, факультативтік сабақтар, пәндік жас (математиктер, әдебиетшілер және т.б.) мектебі және терең оқытылатын сыныптар. Сыныптан тыс және сабақтан тыс жұмыстары білімдік және тәрбиелік мәнге ие болады. мектептердің оқушыларымен пәндік сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыру мақсаттарының бірі оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, оқушыларды факультативтік сабақтарға тарту.

Сыныптан тыс жұмыс екі негізгі мәселені шешуге негізделген:

1.Қабілетті оқушылардың ойлау деңгейлерін көтеру, теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын қалыптастыру;

2.Оқушылардың көпшілігінде пәнге деген қызығушылық қабілеттерін арттыру. Сыныптан тыс жұмыс мектептерде жұмыс жүргізу түрі ретінде қарастырылады. Ол мектепшілік және мектептен тыс болуы мүмкін. Сыныптан тыс жұмыстың негізгі түрлері болып мектепшілік және мектептен тыс жұмыс болып саналады. мектептер жағдайында сыныптан тыс жұмыстың нысаны бірнеше факторларға байланысты: сыныптан тыс іс-шараларға қатысатындардың саны, сабақтан тыс шараның ұзақтылығы. Сыныптан тыс жұмыстардың нысаны: жеке және бірлескен көпшілікті болып бөлінеді. Пәндік сыныптан тыс жұмысы жоспарлы және жүйелі жүргізілуі тиіс. Мұғалімдер оқу жылдың басында сабақ беретін пәндері бойынша сыныптан тыс жұмыс жоспарын құрастырады. Жоспарды құрастырған кезде осы жұмысты шағын жинақты мектептер жағдайында өткізу ерекшеліктерін алдын ала ескеріп отырады.

Факультативтік сабақтар мектептегі пәндік сыныптан тыс жұмыстың негізгі түрі болып табылады. Факультативтік сабақтардың басты мақсаты: оқушылардың білімдерін тереңдету мен кеңейту, олардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыру, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, бірыңғай ұлттық тестке тапсыруға дайындау, облыстық және республикалық олимпиадаларға қатыстыру. Оқу бағдарламаларының оқу-тақырыптық жоспары алдын ала факультативтік курс жүргізілетін пәндерді анықтайды және таңдау кезінде оқушылардың қызығушылықтары мен ата-аналардың тапсырыстары ескеріледі. Сыныптағы балалардың санына байланысты біріктірілген сыныптарда және әр жастағы балалар тобында біріктіріп өткізілуі

жоспарланады. Пәндік сыныптан тыс жұмысты тиімді жоспарлап өткізген кезде әр шара оқу үдерісінде қарастырылуы керек.

Пәндік сыныптан тыс жұмыстың түрлі классификациялары:

Мектепте сыныптан тыс жұмыс жүргізу түрлерінің бірі – дарынды балалармен жұмыс. Оның негізгі мақсаты- дарынды балаларды анықтау, қолдау және дамыту үшін қолайлы жағдай жасау, олардың қабілеттеріне сәйкес кәсіби өзін-өзі жетілдіруін қамтамасыз ету.

Үлгерімі нашар оқушылармен жүргізілетін жұмыстың мақсаты: оқушылардың пәндік білімдері мен біліктіліктеріндегі кемшіліктерін уақытылы алдын алу және толықтыру.

Пәндік сыныптан тыс жұмыстың түрлері:

- үлгерімі нашар балалармен жұмыс;
- қабілетті балалармен жұмыс;
- оқушылардың пәнді оқуға қызығушылықтарын арттыру жұмыстары.

пәндік сыныптан тыс жұмыстардың нысаны:

- Мектепшілік (үйірмелер, олимпиадалар, пәндік газеттер (журналдар).`
- мектептен тыс (Шығармашылық ұйымдастыратын аудандық және қалалық пәндік үйірмелер.
- сыныптан тыс жұмыстың үшінші түрінде де осы мақсаттар көзделген, сонымен қатар топтағы оқушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес пәндік қызығушылықтарын дамыту.

мектептер жағдайында пәндік сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыру әдістемесі:

Сыныптан тыс жұмыстың ұйымдастырушылық нысандары оқу-тәрбиелеу үдерісі мәселелерін іске асыруы тиіс, олардың соңғы мақсаты балалардың зияткерлік және жан-жақты дамуына мүмкіндік жасайды.

Сабақтан тыс жұмыстың түрлері:

1. Пәндік үйірме.
2. Факультатив.
3. Байқаулар, викториналар.
4. Пәндік олимпиадалар.
5. Пәндік талқылау.
6. Пәндік апталар.
7. Мектептік және сыныптық пәндік басылым.
8. Пәндік экскурсиялар.

Қазіргі мектептің негізгі парадигмасы ізгілік педагогикасына негізделеді. Ол-мәңгілік жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген білім [1]. Сонымен қатар рухани-адамгершілік білім беруде оқудан тыс іс-әрекет түрлеріне тоқталып өтсек. Атап айтар болсақ спорт, драмалық үйірме, қызығушылық негізіндегі түрлі клуб жұмыстары, қайырымдылық акциялары, ақындар бұрышы, серуен, пікірталас алаңы, спорттық және ғылыми күндер, т.б. Осы аталған іс-шараларды ұйымдастыруға құндылықтарды енгізу. Мысалы, спорт сабақтары бірауыздан топпен жұмыс жасай білу, бірлесе атқаратын өзара



көмек пен түсіністік сияқты жақсы қасиеттерді насихаттау үшін қолайлы болып табылады. Пікірталас алаңында талқылау үшін таңдалған тақырыптардың адамгершілік аспектілері басым болуы керек. Оқушылар драмалық үйірмеде қойылым мазмұнын өздері құрастырып, рөлдерді бөлісіп, оны сахналау барысында мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтарды жарыққа шығарады.

Рухани-адамгершілік тәрбиенің толыққандылығы, егер білім алушыны құндылықтар ақпараттарынан шектемеген жағдайда іске асып, оның алдынан адамгершілік іс-әрекеттер жасау үшін жол ашады [2].

Қайырымдылық іс-шара өткізу кезіндегі маңызды ұстанымдар:

1. Оқушылар, ата-аналар, мұғалімдер және мектеп әкімшілігінің алғышарттары бірдей жағдайда бірігіп қатысып ұйымдастырған жалпы іс шараның ахуалы.
2. Өткізілетін іс-шараның барлық бөліктерін алдын-ала толық сипаттау.
3. Іс-шара соңында фильм көрсету немесе фотостендте оқушылардың сыйлықтарының кімдерге тапсырылғаны көрсетілуі тиіс. Және де, біріншіден, мұндай қайырымдылық акциясына бір рет қана қатысу аз екендігін түсіну маңызды. Екіншіден, әр өткізілетін акцияның финалы – құрметтеп таратылған сыйлықтар туралы видео немесе фотосуреттер, балалар үйінен келген алғыс хаттар т.б.

Үшіншіден, сонымен қатар, балалар үлкендердің (мұғалімдер мен әкімшіліктің) акцияға толық қатысқанын көрулері қажет.

Қорыта келе мұғалімнің үлгісі - оқудан тыс іс-әрекеттердегі ең маңыздысы. Мұғалімдер балаларға ақыл-кеңес беріп, оларды қамқорлық іс-шаралар атқаруға шабыттандыра білулері тиіс. Тәрбие жұмысында түрлі іс-әрекеттің түрлерін қолдану барысында біз шынайы нәтижеге қол жеткізуге болатынын бақылаймыз, ал дәріс оқу, қайырымдылық және рухани байлық туралы әңгімелер, сұқбат өткізгенде біз айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізе бермейміз.

#### **Әдебиеттер:**

1. Адамзаттың рухани мұрасы. 5-11 сынып. Мұғалімге арналған әдістемелік құрал. Алматы, 2016. 6 б.
2. «Өзін-өзі тану» Рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасындағы мұғалімнің рөлі. Алматы, 2016. 92 б.

## **ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БОЙЫНША ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫ САРАЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Сартбаева У.К. з.ғ.к.**

**Битұрсын Ғ.Ш. құқық магистрі**

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

### *Резюме*

*В данной статье рассматриваются вопросы, касающиеся порядка и оснований исполнения пожизненного лишения свободы в Республике Казахстан в соответствии с уголовным законом. При раскрытии указанных вопросов формируется специфика исполнения данного института на основе действующих законов. Подводя итоги, представляет свои заключения.*

### *Summary*

*This article deals with issues relating to the procedure and grounds for the execution of life imprisonment in the Republic of Kazakhstan in accordance with the criminal law. At disclosure of the specified questions specificity of execution of this Institute on the basis of the existing laws is formed. Summing up, he presents his opinion.*

Қазақстан Республикасындағы әсіресе соңғы жылдары үдеп кеткен қылмыстардың қатарына халық денсаулығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың тобын атап кетуге болады. Бұл қылмыстардың қауіптілігі өздерінің әсер ету ықпалымен тек жекелеген тұлғаларға ғана емес, сонымен қатар тұлғалар тобына, түгелімен алғанда халыққа, оның денсаулығына зиян келтіреді.

Соңғы он бес жыл бойына есірткі заттарымен және психотроптық заттармен зиянды пайдалану және олардың республикадағы заңсыз айналымы жан жақты таратылды және экономикаға, құқықтық тәртіпке, қоғамдағы әлеуметтік-психологиялық атмосфераға, Халық денсаулығы мен генофондына теріс әсер етуде. Елде заңсыз есірткі нарығының интенсивті құрылымдық қайта құрылуы жалғасуда. Барған сайын заңсыз айналымнан елдегі бұрын дәстүрлі болып келген опий тобының есірткілерінің орнын басып келе жатқан жоғары концентрациялы, қатты, неғұрлым қымбат опий, героин, кокаин, синтетикалық есірткілер секілді контрабандылық текті есірткілер айналымнан алынып жатыр.

Мемлекет ішіндегі және халықаралық есірткі саудасының ақша табыстарының республика экономикасын пайдалану арқылы жаппай «жуып шаюы» қауіпі өсіп келе жатыр. Халық денсаулығы мемлекет пен қоғам дұрыс өмір сүріп қызмет етуінің қалыпты негізі болып табылады.

Қоғамдық өмірдің қажетті элементтері ретіндегі адамдар денсаулығы мен имандылық нормалары олардың мемлекет тарапына қорғалуын талап етеді, сондықтан өз міндеттерінің бірі ретінде халық денсаулығы мен имандылықты қорғауды қарастырады және оларды қылмыстық-құқықтық құралдар арқылы қорғауына алады. Әрекетті саралаған кезде осы баптармен көзделген әрекет үшін тұлғаның кінәлігін анықтау өте маңызда болып табылады [1, 98].

Қылмыстық- құқықтық қорғау объектісі ретінде қылмыстық қол сұғушылықтан жапа шегетін қоғамдық мүдделер болады. Қоғамдық өмір өзінің жеке және қоғамдық көріністерінде мүдделер тудырады және оларды құқықтық қорғауды қажет етеді, оның күшіне орай бұл мүдделер ерекше мәнге және құрылымға ие болады, құқықтық игіліктер болып, заңды нормаларға мазмұн береді, сонымен қатар ол ретінде құқықтық тәртіптің өмірлік көрінісіні тудырады.

Топтық объекті белгілеуде Б.Никифоров ұсынған объектінің топтық объектіден түрлік объектіні бөліп объектінің төрт деңгейлі жіктелуін басшылыққа аламыз. Ол келтіретін объект түрлерінің анықтамаларына сәйкес топтық объект ретінде азаматтық конституциялық құқықтары мен бостандықтарын айтамыз. Аталмыш құқықтар мен бостандықтар ҚР ҚК-ң 2 тарауы бойынша қылмыстық-құқықтық қорғалуға жатады [2].

Топтық объектіні нақтылау мақсатында біз түрлік объектіні бөліп қарастырамыз және оған азаматтардың еңбек құқықтары жатады деп есептейміз.

Қылмыстық - құқықтық қорғау объектісі ретінде қылмыстық қол сұғушылықтан жапа шегетін қоғамдық мүдделер болады. Қоғамдық өмір өзінің жеке және қоғамдық көріністерінде мүдделер тудырады және оларды құқықтық қорғауды қажет етеді, оның күшіне орай бұл мүдделер ерекше мәнге және құрылымға ие болады, құқықтық игіліктер болып, заңды нормаларға мазмұн береді, сонымен қатар ол ретінде құқықтық тәртіптің өмірлік көрінісіні тудырады [3, 46].

В.Меньшагин ұсынған объектіні үш деңгейлі жіктеу де еліміздің қылмыстық-құқықтық теориясында тұрақты орын алды. Объектіні жалпы, топтық және тікелей деп бөлу үрдісінде олардың анықтамасы, нақты қылмыс құрамдарына қатысты белгіленуі біржақты көзқарастырады қамтымайды.

Жалпы объект- қоғамдағы қалыпты құқықтық тәртіпті қамтамасыз ететін қылмыстық құқықтық заңнамамен қоғамдық қатынастар жиынтығы болып есептеледі. Жалпы объектінің осындай дефинициясы дау тудырмайды. Алайда жалпы объект теориялық сипатта болады және нақты қылмыс құрамы бойынша саралау жүргізуге тікелей әсер етпейді. Ал топтық объектіге көзқарастар біржақты емес, себебі оның ҚР Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімін неғұрлым тиімді құрастыру үшін маңызы зор. Б.Никифоров ұсынған объектінің төрт дәрежелі жіктелуі де осы мәселеге байланысты етін, сондықтан ол топтық объектіден түрлік объектіні бөліп объектінің төрт деңгейлі жіктелуін ұсынған [4, 21].

Объектіні қоғамға қауіпті әрекеттен дұрыс басын ашып алудың маңызы зор, ол қылмыстың заңдық мәнін ашу, қоғамға қауіпті зардаптардың қоғамдық-саяси сипатын анықтау, қылмыстық-заң нормаларының қолдану шегін анықтау үшін қажет және ол қылмысты дұрыс саралауға, оның жігін ажыратуға көмектеседі.

Қылмысты объектісі бойынша саралау процесі келесі мәселелердің шешуіне көмектеседі:

- қандай қоғамдық қатынастар қылмыс нәтижесінде жапа шекті және жапа шегу қаупінде болды;
- қандай қылмыстық құқықтық нормалармен бұл қылмыстар қорғалады

Қылмыс объектісі мен заты арасында өте тығыз байланыс бар. Өздігінен қылмыс заты объектісіз қылмыс туралы ешқандай хабар бермейді. Қылмыс заты қылмыс бағытталған тікелей әсер ететін заттар болып табылады. Қылмыс заты тек нысан, қоғамдық қатынастардың орын алуының шарты ғана болады.

Есірткі - оларды тұтыну кезінде ерекше масаңдату күйін тудыратын заттар, оларға адам өте тез үйреніп кетеді және әр кезде оларды тұтыну қажеттілігін қолдап отырады. Осыған сәйкес есірткі заттар заң бойынша медициналық емес және ғылыми емес мақсаттар үшін қолдануға тыйым салады.

Келесі топтардағы заттарды қамтитын 3 тізім бар:

1. Қатты әсер ететін есірткі заттары.
2. Улы заттар
3. Есірткі заттардың және жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымымен күресу бойынша БҰҰ Конвенциясына сәйкес халықаралық бақылауында болатын арнайы заттар. Өздерінің пайда болу тегіне байланысты есірткі заттарды екі топқа бөлуге болады: өсімдік тектес (табиғи) және синтетикалық (жартылай синтетикалық).

Біздің елде неғұрлым кең таралғандары конопляның есірткі бар сорттарынан жасалатын опийлік топ есірткілері. Қолдан жасалатын есірткі заттарының кең таралған түрлері келесілер:

Марихуана (каннабис)-конопляның әр сортының жоғарғы жағының кептірілген гүлдері.

Гашиш (анаша)- конопляның әр сортының пыльцаны, гүлдейтін жоғарғы жақтарынуату, тазалау, булау, перстеу және өзге әдістермен жасалатын түрі.

Гашиш майы- конопляның жоғарғы жағын әртүрлі ерітінділермен өңдеп, есірткі әсері бар компоненттері алынады.

Мактан жасанды түрде алынатын кең таралған есірткінің бір түрі-опий-сырец болып табылады- мактың жасыл қорапшаларынан алынатын қойытылған шырыны,ол әртүрлі әдістермен қайта өңделеді.

Медциналық есірткі қамтитын препараттарға опий ерітіндісі, морфин, ноксирон, т.с.с. жатады.

Соңғы жылдары заңсыз айналымда бұрын кездеспеген есірткі түрлері дже пайда болып жатыр. Ол синтетикалық есірткілер.

Героин- морфин туындысы,оны ацетилдеу нәтижесінде алады. Ол ақтан қою қоңыр түске дейінгі қалпында кездеседі. Заңсыз айналымда героин инертті толықтырушылармен кездеседі- глюкоза, қант, ұн, тальк, т.с.с. Ол морфиннен 5-6 есе белсенді.

Кокаин - оңтүстік американдық «кока» өсімдігінен алынатын табиғи алкалоид. Соңғы жылдары амфетаминдер де кеңінен таралып жатыр. Олар орталық жүйке жүйесінің стимуляторлары болып табылады. Олар ұнтақ, капсула, таблетка түрінде жиі кездеседі.

Қылмыстың объективтік жағының белгілері, бірінші кезекте қылмысты іс-әрекеттердің өзара ажырату үшін негіз бола алады.

Іс-әрекет әр қашан дене қимылдарынан көрінеді. Қоғамға қауіпті іс-әрекет ол тікелей зиян келтіру қаупін көздейтін әрекет болып табылады. Сонымен қылмыстық жауаптылықты қоғамға қауіпті, ерікті және белсенді тұлға тәртібі тудырады. Әр қылмыстық іс әрекет зиянды салдар алып келеді. Олар физикалық, материалдық, моральдық зиян келтіруі мүмкін.

Материалдық құрамдарда қылмыс салдарына байланысты қылмыстық жауаптылық да басталады. Қылмыстық жауаптылықтың міндетті шарты іс-әрекет пен басталған салдар арасындағы себепті байланысты анықтау болып табылады. Яғни өлім мен өзге ауыр салдар сол есірткі тұтынуға көндіру нәтижесінде басталу керек.

Формальды қылмыс құрамдарында салдарды қылмыстарды саралау үшін маңызы жоқ. Осы мағынада бұл топтағы көптеген құрамдар формальды құрамдарға жатады [5, 49].

Объективтік жақтың міндетті белгілері - әр кезде қылмыс құрамының белгісі болып табылады.

Құрамдар бойынша қылмыстардың объективтік жағы келесі әрекеттермен сипатталады:

Объективтік жағынан бұл топтағы қылмыстар әрекеттер арқылы жасалады.

Есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды заңсыз иемденіп алу-оларды сатып алумен, айырбастап алумен, сыйға алумен сипатталады. Заңсыз сақтау оларды тұрғын немесе өзге жайда, автокөлікте, өзге де дерлерде ұстау болып табылады.

Тасымалдау, жөнелту –көлікпен немесе жаяу бір нүктеден екіншіге жеткізу. Заңсыз сату неғұрлым қауіпті нысаны болып табылады, өткізу жолдары заңмен арнайы қарастырылмағын және әртүрлі болуы мүмкін.

Сонымен қылмыскердің жеке басы дегеніміз - әлеуметтік маңыздылығы бар және адамның жеке басына тән белгілердің, қасиеттердің және басқа да көрсеткіштердің белгілі бір жиынтығы, ол адамның өзін де, оның өміріндегі, қызметтегі жүріс-тұрысын да сипаттайды [6,105].

Өз әрекеттерімен қылмыстық нәтижеге алып келген криминалдық өзара қатынастағы субъектілер ретінде қылмыскер мен жәбірленушінің жеке басын өзара байланыстырын зерттеу қажет.

Күш көрсетіп қылмыстық жазаланатын әрекет жасаған, бас пайдашыл қылмыскердің жеке басының қоғамға қаншалықты қауіптілік тудыратынын, оның қоғамға жат пиғылы мен бағдарының қаншалықты бойға сіңетіндігін ескеріп, оларды үш топқа бөлуге болады [7, 23].

Есірткілердің заңсыз айналымымен байланысты қылмыстардың субъектісі болып 16 жасқан есі дұрыс адам болады.

Қазіргі уақыттағы есірткі заттарының жастар арасында кеңінен таралуы және оның теріс ықпалын түсіну де орын алу себепті қылмыстық жауаптылық жасын 14 жасқа дейін төмендету бұл қылмыстармен күресуде тиімді болып табылады деген ойдамыз.

Субъективтік негіздерге тұлғаның өзінің жасаған әрекетіне субъективтік қатынасын, яғни кінәні жатқызамыз.

Кінә қылмыс субъектісінің жасаған әрекетіне және оның салдарына психикалық қатынасын білдіретін болғандықтан, оның жауапкершілікті жекелеу мен жаза тағайындау барысына ролу жоғары.

Кінә - қылмыс элементі. Ол кез келген қоғамға қауіпті әрекеттің маңызды құрама бөлігі болып табылады. Кінә болмаса қылмыстық жауапкершілік те болмайды, кінәнің интеллектуалдық және жігерлік белгілерінің қандай да бір қатынасы оны қасақана (тіке және жанама) және абайсыз (менменсу және салақтық) деп бөледі.

Сотталғанның шығарылған үкімге және тағайындалған жазаға көзқарасын талдағанда мұны ескеру қажет.

Есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды заңсыз иемденіп алуларды сатып алумен, айырбастап алумен, сыйға алумен сипатталады.

Заңсыз сақтау оларды тұоғын немесе өзге жайда, автокөлікте, өзге де дерлерде ұстау болып табылады.

Тасымалдау, жөнелту - көлікпен немесе жаяу бір нүктеден екіншіге жеткізу. Заңсыз сату неғұрлым қауіпті нысаны болып табылады, өткізу жолдары заңмен арнайы қарастырылмағын және әртүрлі болуы мүмкін.

Есірткілердің заңсыз айналымымен байланысты қылмыстардың субъектісі болып 16 жасқан есі дұрыс адам болады.

Тек 260 баппен қарастырылған әрекет үшін жауаптылық 14 жастан басталады. Бірқатар құрамдар арнайы субъектіні қамтиды.

Қазіргі уақыттағы есірткі заттарының жастар арасында кеңінен таралуы және оның теріс ықпалын түсіну де орын алу себепті қылмыстық жауаптылық жасын 14 жасқа дейін төмендету бұл қылмыстармен күресуде тиімді болып табылады деген ойдамыз.

Сонымен, бұл топтағы қылмыстардың субъективтік жағы тікелей қасақаналықпен сипатталады. Есірткінің заңсыз айналымына байланысты қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа тартылатын тұлғалардың 90%-нан емес саны, оларды жеке тұтыну үшін алады. Полиция органдары дер кезінде ондай тұлғаларды анықтап, есепте қою керек. Ол жұмыстың сәттілігі сол тұлғалар контингентін дұрыс анықтауға байланысты болады.

#### **Әдебиеттер**

1. Н.С. Лейкина. Личность преступника и уголовная ответственность. - Ленинград, 1968 г.
2. И.А. Кудрявцев. Криминальная агрессия, Москва, 1984 г.

3. Уголовно-правовые меры борьбы с преступлениями, связанными с наркотиками. Под ред. Н.М. Абдирова, К.К. Мами, Б.С. Сарсекова, Алматы, 1998 г.
4. А.Б. Куринов. Научные основы квалификации преступлений, Москва, 1982 г.
5. В.Н. Кудрявцев. Общая теория квалификации преступлений, Москва, 1972 г.
6. В.Н. Кудрявцев. Объективная сторона преступления, Москва, 1960 г.
7. М.А. Алимбеков. Борьба с наркоманией: новые подходы // Юридическая газета, Алматы, 2005 г.

ОӘЖ

**РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДА БІЛІМ БЕРУДІ ІЗГІЛЕНДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**  
**Шырынбек Н.Е.**, Шымкент қаласы білім басқармасының «Өмірбек Жолдасбеков атындағы № 9 ІТ лицейінің әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі, Шымонт, Қазақстан

*Резюме*

*В данной статье рассматривается значение вопросов гуманизации образования в духовном возрождении.*

*Summary*

*This article discusses the importance of humanization of education in the spiritual revival.*

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру, болашаққа бағдар» мақаласы қоғамда үлкен серпіліс тудырғаны баршамызға белгілі. Әр адам рухани жаңғыруды бірінші кезекте өзінен бастау керек. Яғни рухани жаңғыру біз үшін өзіміздің ұлттық дәстүрлерімізге бет бұрып, қазақтың өзіндік ұлттық даму жолына түсуі екенін сезінгеніміз жөн. Рухани жаңғыру деген ол ұлттың мәдениеті, өнері, әдебиеті мен тарихы тұрғысынан жаңғыру дегенді білдіреді. Елбасы мақаласында айтып өткендей ұлттық код бұл – ең алдымен, тілде, сосын дәстүріміз бен салтымызды, мінезімізді айқындайтын ділде, ұлттық мәдениетте. Ұлттық кодымызда ізгілік, адалдық, перзенттік инабаттылық, адамгершілік, парыз, ақыл-парасаттылық кеңінен өрістеген, молынан қамтылған. Ұлттық кодымызда ұят категориясы бар. Бесіктен белі шықпаған баладан бастап, ұят боладыны айтып өсірген ата-ана баласын жақсылық пен жамандықтың бөлінетінін айтып, мінезін қалыптастырады. Отбасында дұрыс тәрбие алған бала ер жеткенде де сол қасиетті сақтауға тырысады. Отбасындағы тәрбиені балабақша да, мектеп те, университет те алмастыра алмайды. Мейлі, ол әлемдегі озық университет болса да. Сондықтан, жалпы отбасылық құндылықтарымызды жаңа заманға үйлестіре, қорғап, дамытуымыз және соны азаматты қалыптастыру үрдісінде дұрыс пайдалана білуіміз керек. Ал сол отбасында алған тәрбиені ары қарай шыңдай түсетін орын әрине мектеп. Білім мен тәрбие мектептен басталады, сол мектептің жаны мұғалім. Ұлттық рух бар жерде рухани жаңару күш алады. Мемлекет басшысы «Рухани жаңғыру мақаласында атап көрсеткендей ұлттық сана, ұлттық код рухани жаңарудың түп қазығы, ұлттың негізі арқылы жеке адамның, халықтың, елдің уақыт талабына сай ізденуі, еңбек қоғамын құруы, уақытты, еңбек пен білімді, денсаулықты қатар бағалап, қатар қорғай алған қоғам ұлттық рухымен мемлекетіне, қоғамына, еліне игілік әкелетін дүниелерді қалыптастырады [1]. Біздіңше, рухани жаңғыру осылай ғана болуы керек.

Қазіргідей жаһандану заманында өзіміздің ұлт ретіндегі, қазақ ретіндегі бет-бейнемізді сақтай отырып та, бәсекеге қабілетті ел ретінде дамуымызға толық уақыт талабына сай ізденуі, еңбек қоғамын құруы, уақытты, еңбек пен білімді, денсаулықты қатар бағалап, қатар қорғай алған қоғам ұлттық рухымен мемлекетіне, қоғамына, еліне игілік әкелетін дүниелерді қалыптастырады.

Балалар мен жастарға рухани-адамгершілік білім беру қоғамда жоғары рухани-адамгершілік игіліктерді нығайтудың, кемел мінез бен адамгершілік қасиеттерге ие лайықты азаматтарды тәрбиелеудің тірегі болуды мақсат тұтады.

Қазіргі кезде әлеуметтік педагог - әртүрлі әлеуметтік-мәдени балалармен тәрбие жұмысын ұйымдастырушы маман. Әлеуметтік педагог жеке тұлғаның психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері мен оның қызығушылықтары мен қажеттіліктерін, мінез-құлығындағы ауытқуды анықтай отырып, оны қоршаған микроортаны зерттейді және балаға уақытында әлеуметтік көмек пен қолдау көрсетеді.

Әлеуметтік педагогикалық жұмыстар – қоғамдағы рухани құндылықтарды дамытып, адамдар арасындағы ізгі қасиеттерді биік қоюдың маңыздылығын арттыру қажеттілігінен туындаған және ол сонау ежелгі дүниеден бастау алады, бір сөзбен айтқанда, тарихы тым тереңде.

Қайсы мемлекет, ұлт болмасын, оның өркениеттілігі, ең алдымен, ізгілігімен айқындалады. Адами қарым-қатынас бәрінен биік тұруы тиіс. Міне, осы тұрғыда әлеуметтік педагогтың ел ретінде дамып, жетілуі үшін маңызы аса зор.

Олай болса, халықтың әлеуметтік те, рухани да, адами да деңгейін көтеруді мақсат тұтқан Тәуелсіз Қазақстанның даму жолында әлеуметтік педагогикалық жұмыс алдағы уақыттарда қоғамдық кәсіп түрінде танылатын мүмкіндіктерге ие болады деп ойлаймын.

Әрбір адам баласы материалдық және рухани өмірдің ортасында тіршілік етіп отырғандықтан, әлемде болып жатқан өзекті мәселе үшін өзінің әлеуметтік жауапкершілігін түсінуі қажет. Осыған орай, республикада аталған тәрбие жүйесін құру мақсатында 2001 жылдан бері Сара Алпысқызының бастауымен «Өзін-өзі тану адамгершілік-рухани білім беру» бағдарламасы бойынша ашылған эксперименттік алаңдарда, нақтырақ айтқанда, мектепке дейінгі ұйымдарда, жалпы білім беретін мектептерде, жетім балаларға арналған мектеп-интернаттарда жұмыстар жүргізіліп, нәтижесінде 2010 оқу жылында республиканың мектептеріне өзін-өзі тану оқу пәні ретінде енгізілді.

Білім беру мекемелерінде бұл пән бойынша маман тапшылығы айқын сезілуде. Себебі пән адамтанудың құрамы ретінде психология, философия, әлеуметтік педагогика ғылымымен байланысты әлеуметтік мәні бар күрделі мәселелерді қарастырып, адамдардың әлеуметтік жауапкершілік, адами ізгі қасиеттерін қалыптастыруға негізделеді. Сол себепті де пән өз деңгейінде өту үшін ұстаз оқу әдістемесін толық меңгерген маман болуы тиіс. Мен



«Әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану» мамандығын таңдағанымға қуанамын. Себебі бұл мамандық қазіргі уақытта біздің қоғамға ауадай қажет мамандықтардың бірі.

Сондықтан да мен «Әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану» мамандығын мақтан тұтамын және Қазақстан Республикасының әлеуметтік педагогикалық саласының дамуына атсалысып, осы сала жайлы қоғамда дұрыс көзқарас қалыптастыруға өз үлесімді қоссам деймін.

Жасөспірімдердің бақылаусыздығы мен қараусыз қалуы – мектеп және әлеуметтік педагогтың өзекті проблемеларын бірі болып табылады. Аталған жағдайдың себебінің бірі ата-ана мен балалар арасындағы қарым-қатынасқа байланысты. Отбасы мен мектептің арасындағы ынтымақтастық – бұл ортақ мақсатқа негізделген және ұзақ нәтижесі болып табылады. Бұл жұмыс ең алдымен отбасын жүйелі, әрі жан-жақты зерттеуден, отбасы тәрбиесін ерекшеліктері мен жағдайын ескеруден басталады. Өз тәжірибеммен бөлісем. Бүгінгі таңда отбасылық тәрбие жүйесі үлкен өзгеріске ұшырауда. Отбасылық дәстүрлі құрылымының өзгеруі төмендегі мәселелерге байланысты:

- Отбасындағы балалардың аз болуы;
- Жас отбасылардың көбіне ата-аналарынан бөлек тұруы;
- Халықтық педагогика дәстүрін жоғалтып алу;
- Отбасының әлеуметтік – экономикалық қиыншылықтарды;
- Ата-аналардың балаға қарауына уақытының жетіспеуі;

Бұл өз кезегінде баланың проблемаларымен жалғыз қалуына әкеліп соғады. Бұл проблемаларды шешу жолының бірі ретінде жасөспірім құқық бұзушылық пен қаңғырушылықты таңдауы мүмкін.

Ата-аналардың баланың білім алуы мен тәрбиесінің жауапкершілігін сезінуіне қарай отбасын бірнеше түрге жіктеуімізге болады:

- Қолайлы сәтті отбасы ;
- Проблемалық отбасы;
- Қолайсыз отбасы;

Отбасылардың түріне қарай мектеп ұжымына оқушы мен оның отбасымен жұмыс жүргізген кезде түрліше әдіс-тәсілдерді қолданамын.

Проблемалық отбасынан шыққан балаларды екі топқа бөлуге болады:

1. Баланың өз отбасының теріс ықпалынан қорғау керек (бейморалды, қылмысты отбасы).

2. Бақылаусыз және қараусыз қалған балалар, мұнда керісінше ол балалардың отбасымен мектепке деген үзіліп қалған байланысын қалпына келтіру керек.

Балалардың бақылаусыз қалуына әсер ететін факторлар:

- отбасылық факторлар ( бала мен ата-анасы арасындағы қарым-қатынастар, отбасындағы дағдарыс, күйзеліс, отбасының тәрбиелік мүмкіндігінің төмендеуі, т.б.)
- әлеуметтік-экономикалық;

- әлеуметтік-психологиялық (отбасындағы қатыгездік, ата-анасының ажырасуы )
- мектеп (мұғалімдердің авторитарлық стильде жұмыс істеуі, т.б. )
- психикалық ( психологиялық ауытулары бар балалардың көбеюі );
- психологиялық (баланың жеке мінезі ).

Мектепте осы факторлары ескере отырып, бақылаусыздықтың алдын-алу бойынша төмендегі жұмыс бағыттарын көрсетуге болады:

- отбасымен жұмыс (бала мен ата-анасының қарым-қатынасын, отбасы түрін диагностикалау, отбасына көмек пен қолдау көрсету, отбасымен үздіксіз байланыста болу, т.б.)
- оқушымен жұмыс (баланың жеке ерекшеліктерін зерттеу педагогикалық көмек пен қолдау көрсету, оқу жүктемесін азайту, т.б.)
- білім беру мекемелерінің педагогикалық ұжымымен жұмыс;
- білім беру мекемелерінде тұлғаны әлеуметтік – педагогикалық және психологиялық тұрғыдан сүйемелеу;
- баланың әлеуметтік – педагогикалық босануының алдын алу және психологиялық тұрғыдан мәдениетін көрсету;

Мектебімізде атқарылатын жұмыстар білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының рухани сауаттылығын арттыруға бағытталған. Жоғарыда аталған қызмет түрлерімен қоса өз ұжымымда мұғалімдердің барлығы қайырымдылық, қамқорлық акцияларын өткіздік. Басым көпшілігі үшін бұл жаңалық болды, өйткені алғашқы рет өткізгендерін мойындап, есеп беру кезінде жасаған игі істен алған әсерін аса бір толқумен жеткізді. Мұндай істің «бір рет» қана болуы мүмкін емес, оның жалғасы саналы түрде жалғасатынын және бұл ойды осы акцияларға қатысқан оқушылардың өзі мұғалімге бірінші болып ұсынғандарын қуанышпен жеткіземін.

Оқушыларды рухани – адамгершілікке тәрбиелеу дегеніміз – оларды мінез құлықтың дағдылы ережелеріне үйрету. Рухани – адамгершілік тәрбие – адамның моральдық қасиеттерін белгілі бір мақсатқа бағыттап қалыптастыру. Отбасы болашақ азаматтың әлеуметтану жолындағы алғашқы қадамдарын жасайтын бастапқы адым. Ол балаға моральдық қалып туралы алғашқы түсініктер береді, оны еңбекке баулып, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастырады. Ата-ананың іс-әрекеті мен мінез-құлқы, өмір сүру салты арқылы балаға дүниетанымдылық, адамгершілік, әлеуметтік саяси құндылықтар беріледі [2].

Білім беруді ізгілендіру жағдайында педагог миссиясының жаңа түсінігі – оқушының өзін-өзі тануы мен өзін-өзі жетілдірудің шабыттандырушысы болу, өзін ашуға көмектесу, шексіз адами әлеуетін жетілдіру, қоршаған ортамен үйлесімді қарым-қатынас орнату. Бірақ, «... оқушыларға білім ұшқынын беру үшін, мұғалім бірінші өз бойына нұр шуағын сіңіруі керек» деп жазған В.А. Сухомлинский. Болашақ ұстазға ең бірінші мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтарға ұмтылу негізінде өз өмірін және кәсіби дамуын саналы жобалау әрекетін үнемі адамгершілікпен

саралап отыруы қажет. Бүгінгі заманауи өмірде «Өзін-өзі тану» бағдарламасының осындай шағын қадамдары әр мұғалімді «шынайы ұстаздыққа» әкелетініне нық деп ойлаймыз.

**Әдебиеттер:**

1. Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру».-12 сәуір 2017
2. Л.Омарова «Адамгершілік тәрбиені қалыптастыру мәселелері» 6 б.

ОӘЖ

**РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ҰЛТТЫҚ  
САНАСЫНЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ**

**Байгулова А.А.,**

Төлеби ауданы, Ленгер қаласы, №1 мектеп-гимназиясының  
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, Қазақстан

*Резюме*

*В данной статье рассматриваются вопросы, лежащие в основе духовного возрождения, о достоинствах нации и важности обретения духовных ценностей.*

*Summary*

*This article discusses the issues underlying spiritual revival, the merits of the nation and the importance of acquiring spiritual values.*

Рухани жаңғыру – адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білуі. Рухани жаңғыруда өркениеттің өрге жүзуімен байланыстырамыз. Тарих сахнасына көз жүгіртсек, өскен ұлттың өрби түсуіне осы «рухани жаңғыру дәлел». Ұлан ғайыр қазыналарымызды қалпынша қолданып, қорғау, бір мақсатпен межелеген межеге жету арқылы түрлі саяси радикалды идеологияларға тосқауыл болудың бағдарын ұсынды.

Ұлттық бірегейлікті сақтау. Елбасымыз халқымызға тән салт-санамыз, асыл мәдениетіміз бұлардың барлығы бойымызда жалындап, үні шырқалып тұруын баса айтты, сонда ғана алға басулар болатының ескертті.

Білімнің салтанат құруы. Қазіргі таңда білім бағдарламаларының елімізге ұтымды үлес қосып келе жатқанын айта келіп, табыс тізгіні – білімді болашақ жастардың қолында екеніне баса назар аударатын кез келді [1].

Рухани жаңғыру – қазақстандықтардың салт-санасы мен дүниетанымын өзгертетін қозғаушы күш. Бұл ұлттық құндылықтарымызды ұмытпай, жаһандық жаңашылдыққа жетелейтін жол. Қазіргі қоғам көзқарасы қалыптасқан зерделі де, зерек тұлға тәрбиеленуі тиіс. Ол үшін ілім-білімге ұмтылып, жан-жақты жетілген жөн. Рухани жаңғырудың элементтері адамның санасында жатады және оның құбылысы ұлттық сана арқылы идеяға, өмірлік ұстанымға айналып отырмақ. Мәселен тарихи дүние ретінде бабаларымыз ертеден бастап ұрпақтың танымын тәрбиелейтін ертегілерді шығарды. Ұрпақты ерлікті иеленіп, елді қорғайтын дәстүрді қалыптастыруға үндеді. Батыр, би-шешен болып жаңа дүниелерді жасауды үйретті. Соның негізінде сонау көне заманда мемлекетті басқарудың үлгісін жазған грек философтары Платон мен Аристотельдің, «мемлекетті ойшылдар басқаруы керек» – деген идеялары дәстүрлі қазақ қоғамында орын алды. Тарихтағы қазақтың рухани өмірінде

ойшыл адамдар қабілеті, ұлттық санасы және даналығы арқылы қоғам өміріне рухани өзгеріс әкелді. Сол арқылы ұлттың бірегейлігі, ұрпақтың азаматтық бірегейлігі сақталып отырды. Тарихтың тағылымы және бүгінгі уақыттың талабы негізінде қарайтын болсақ, рухани жаңғыру әр ұрпақ буынның тарихи сана негізінде өзіндік санасының қалыптасуы. Ұлттық сананы иеленген (ұлттық санасы бар) және өзі өмір сүріп отырған қоғамның өрісін кеңейте білген ұрпақ болмысын рухани жаңғыру құбылысымен өлшейміз.

Рухани жаңғыру идеясы ата мекен мен ұлттың бір болуын, үнемі ұрпақ пен туған жердің байланысуын, адам мен табиғаттың тұтастығын негіздейді. Рухани жаңғыру ұлттық болмыстың негізінде мемлекет өмірінде қалыптасатын интеллектуалдық өріс. Ол жеке адамды, ұрпақты, ұлтты, халықты табиғаттан, өзінің төл болмысынан ажыратып алып кетпейді, керісінше өз болмысының әлеуметтік рухани негіздерін сақтай отырып оны нығайтуға, қорғауға, сақтап қалуға ықпал ететін ұғым, ұлттық деңгей, бір ұрпақтың мемлекеттің тархы мен болашағы алдында жасайтын, қол жеткізетін жетістігі.

Ұлттық сана. Сана дегеніміз адам болмысында мағынасы терең әрі күрделі ұғым. Ғылыми әдебиеттерде адам миының атқаратын ерекше қызметі деп көрсетеді. Классикалық неміс философиясының өкілдері тарихта адамның ішкі рухани әлемінің картинасын жасауға ұмтылған. Бірақ бұл да адам санасының феноменін толығымен ашып бере алған жоқ. Сонау Аристотель заманынан бастап философияның өзі осы иррационалды (адамның тәжірибесіне бағынбайтын, ақыл ойдан тыс өмір сүріп жатқан) құбылыстарды зерттеумен келеді. Қалай десекте адамның тәжірибесіне көне бермейтін сана ұғымы адам болмысының рухани мәнін, әлеуметтік өрісін айқындап отыратын құбылыс, адам бойындағы рухани қасиеттерді біріктіріп отыратын нәрсе болып табылады. Философиялық тұрғыдан айтатын болсақ, сана дегеніміз адам танымының негізі, негізгі көзі, адам болмысының ерекше қасиеті. Сана болмаса адам ештемеге жарамайды. Рухани жаңғырудың негізінде жеке адамның, халықтың тұлғаға айналатындығын ата бабаларымыз жете түсінген. Батырлықтың, шешендіктің, тума талант иесі болып ұлт өнерінің тарихта терең арнасын қалдырудың өзі қазақ баласының тарихтағы жасампаздық рухының биіктігін көрсетеді. Ал ұлтына игілік әкелетін жасампаздық қасиет бұл жаңашылдыққа биім, өресі биік адамның ғана қолынан келмек. Сырттан келетін, елді әлсірететін, ең соңында елді тәуелсіздіктен айыратын нәрселерге тарихтағы қазақ жастарының рухани деңгейімен қарсы тұруы, ауызбіршіліктің, білімі арқылы саясаты мен тәжірибесі күшті жаумен иығын теңестіре білуінде. Бұл жаста болса қазақтың ұл, қыздарының заманынан қалмай болашақты зерделеп, ұлттық мүдде деңгейінде ойланған деңдеңгейін көрсетеді.

Рухани жаңғыру шыныменде ұлттың, елдің болмысына тән құбылыс және халыққа ортақ ұғым, ортақ ұстаным, тарихи қажеттілік. Мемлекет халықтың ортақ үйі, сол үйді күтіп баптайтын, рухын сақтайтын, қорғайтын адам мемлекеттен, қоғамнан бөлінбейді, мемлекетінің мүддесінен, төл мәдениетінің

болмысынан қол үзбейді. Керісінше мемлекетті, халық үшін, ұрпақтың келешегі үшін заманның талабын зерделеп, одан өтудің жолын білімімен іздейді. Адамды, халықты бұндай дәрежеде ойлауға жетелейтін ұлттық сана. Ұлттық сана елдің тархы мен мәдениетіндегі тәжірибелер арқылы ұрпақтың уақытымен үйлессе елдің тұтас ұлттық зердесі қалыптасады немесе заман талабына сай өрісін кеңейте түседі. Бұндай ұлттық сананың құбылысы тарихымызда үнемі өзінің танымдық қызметін атқарып отырған.

Уақыт бір орында тұрмайды, заман алға жылжиды. Уақыт өрісіндегі заман болмысының ерекшеліктері мен белгілері ұрпаққа жүктелетін міндетіне тәуелді. Өз дәуірінің ел болашағымен біріктіретін міндетін дұрыс орындай білген ұрпаққана мемлекетінің мүддесін сақтап, өзінен кейінгі буынға табыстап кетеді. Аға ұрпақтың кейінгі буынға табыстайтын дүниелері ұлттық құндылықтар. Олардың кейінгі дәуірде өмір сүруіне ықпал ететін ұлттық қасиеттер.

Елбасы Н.Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Ұлы дала Әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, Әз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді», - дей отыра, тарихи сананы жаңғырту үшін, ең алдымен, ұлт қаһармандарын үлгі тұтуға, олардың өнегелі өмірі мен артына қалдырған құнды еңбектерін елге, әсіресе жас ұрпаққа кеңінен насихаттауды тапсырған болатын [2]. Ұлттық қасиеттер болмаса ұрпақтың бірегейлікте өмір сүру ұстанымы қалыптаспайды. Абай Құнанбаев айтқандай ұлттық сана болмаса қара басының қамынан аса алмаған, бас басына би болған өңкей қиқым ұлттық рухы жоқ адамнан шығады [3]. Осы себептен ұрпақтың заман талабына сай ізденуіне, рухани кемелденуіне, бірігуіне ықпал ететін ұлттық код.

Рухани жаңғырудың негізі ұлттың қасиеттері мен рухани құндылықтарға тәуелді болса, оның әлеуметтік өрісі қашанда білімге, еңбекке және табандылыққа келіп тіреледі. Қазақ баласына білімнің рухын түсіндерген. Жеке адамның білімге деген құрметі оның оның толыққанды білім алуына, рухани деңгейінің қалыптасуына қыпал етеді. Абай мен алаш зиялыларының заманында ел тұрмысының қиыншылығына қарамастан көзі ашық, көкірегі ояу қазақ зиялыларының шығуына ықпал еткен қазақтың өнер, білім және ғылым туралы кемел түсінігі.

Ұлттық тәрбиедедегі уақыттан қалмайтын және білімі тозбайтын құндылықтар олардың талапты, арлы, жігерлі, еңбекқор, қиындыққа төзімді, ақылды және рухани терең болуына ықпал еткен. Осы тұрғыдан алаш зиялыларының болмысына, тархи қызметтеріне қарайтын болсақ рухан жаңғыру ұрпақтың тарих, отан, келер уақыт алдындағы кісілік қасиеттерімен тұлғалық ұстанымының әлеуметтік ортада қатар сақталуы.

Ұлттық кодынан қол үзбеген жеке адам заманынан қалмайды, өз заманында алға ұмтылады, өз заманның жетістіктеріне қол жеткізеді және оны ұлт игілігіне айналдыра алады. Рухани жаңғыру жаңашылдыққа қол жеткізу, заманның жетістігін бағындыру. Жаңашылдық әлеуметтік ортадағы

мәдениеттілікпен өлшенуі тиіс. Туған жерін ұмытпайтын адам туған елін қадірлейді. Елді қадірлеу туған жердің рухын бойға сіңіріп өсуден басталған. Сондықтан да, елде туып, елде тұрып елге жаны ашымаған адам зиялылар қатарында болған емес. Зиялылықтың бірінші шарты адамның туған жерге, халыққа және ұлт болашағына деген шынайы жанашырлығынан бастау алмақ. Ұлттық рух бар жерде рухани жаңару күш алады.

Ұлттық сана рухани жаңарудың түп қазығы, ұлттың негізі арқылы жеке адамның, халықтың, елдің уақыт талабына сай ізденуі, еңбек қоғамын құруы, уақытты, еңбек пен білімді, денсаулықты қатар бағалап, қатар қорғай алған қоғам ұлттық рухымен мемлекетіне, қоғамына, еліне игілік әкелетін дүниелерді қалыптастырады.

Қорытындылай келе, рухани жаңғыру белгілі бір межемен аяқталмай, үздіксіз жүзеге асып жатуы керек. Себебі, қазіргі ғылым мен технология аса жылдам қарқынмен дамып бара жатқан заманда, бәсекеге қабілеттілігімізді арттырып, жасампаз ұлт ретінде үнемі түлеп, рухымызды көтеріп, жаңарып, өркендеп отыруымыз қажет. Рухани жаңғыру да ұлт ретінде жаңғырып, дамып отыруымызбен қатар жүруі керек. Бірақ, осы рухани жаңғыруды бесжылдықтармен, онжылдықтармен өлшеу қиындау. Себебі, бұл – рухани дүние. Ал рухани жаңғыруды адам, қоғам сезінуі тиіс.

Қазақ халқының рухы биіктеп, бәсекеге қабілеттілігі артып, өнері өрлеп, ғылымы өркендеп, мәдениеті мен дәстүрі үстем болып, мейрімді, адал, ақылды, білімді, бауырмал, ұлтшыл, елшіл, кеңпейіл, отаншыл жандар қауымы қаумалаған қоғам құра алсақ, онда рухани жаңғырғанымызды еліміздің әр азаматы өзі-ақ жан-тәнімен сезінеді деп ойлаймыз.

#### Әдебиеттер

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан, 2017.
2. Назарбаев Н. Ұлы даланың жеті қыры / Егемен Қазақстан, 21-қараша, 2018.
3. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. — Алматы, «Әдебиет әлемі», 2013.

ОӘЖ

## ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕНІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

Елдибаева Ш.О.,

Төлеби ауданы, Ленгер қаласы, №1 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен  
әдебиет пәнінің мұғалімі, Қазақстан

*Резюме*

*В данной статье рассматриваются пути воспитания личности с использованием национальных ценностей.*

*Summary*

*This article discusses the ways of educating the individual using national values.*

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті мол терең түсінетін шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі. Ұлттық тәрбие деп, жеке тұлғаның ұлттық сана сезімі мен мінезқұлқының ана

тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз.

Ұлттық мәдени құндылықтар дегеніміз не? Қарапайым тілмен айтқанда ұлттық мәдени құндылықтар – белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни халық ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Адамдардың бойында қалыптасқан имандылық қадір-қасиеттер рухани құндылықтарға, ал адамдардың қолымен жасалған тұтыну заттары мен кәсібі материалды құндылықтарға жатады. Өзімізді өзіміз бағалай білуге бет бұру – ұлттық байлығымызды игеру, ұлттық санамызды дамыту. Ұлттық құндылықтарды іріктеп, оқыту процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, отбасында да, мектепте де ұлтжандалылық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеп шығару.

Өз ұлтын қадірлеп-қастерлеген, ұлт қадірін білген азаматтың бірі Ж.Аймауытов: «Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын. Оны үзе алмаймын. Ұзу қолымнан келмейді»-дейді.

Сырым Датұлы: «Мен ағайынды екеумін: бірі-өзім, екіншісі-халқым» - дейді. Қазақ халқының осындай дәріптеуге, қастерлеуге, дамытуға тұрарлық ұлттық рухани және материалдық құндылықтары туралы ұлағатты, құнды ойларын халық игілігіне, келешек ұрпақты, ел-жұртқа ие болар азаматтарды тәрбиелеуге неге қолданбасқа? Қоғамдағы адамдар жасаған рухани, материалдық, мәдени құндылықтардың алмасуы оқыту процесі арқылы жүзеге асырылады. Соның ішінде сын тұрғысынан ойлау жобасы арқылы оқыту – саналы процесс екенін айтқым келеді. Интеллектуалдық деңгейі жоғары тұлғаны қалыптастыру үшін, оны оқытып қана қою жеткіліксіз. Оны тұлға ретінде жан – жақты дамытуға қолайлы, оқытудың шығармашылық түрін жасау қажет, яғни шығармашылық оқу әрекетін туғызу қажет. Бұл баланы, берілген оқу материалын жаттап алу ғана емес, керісінше өз бетімен білім алу үшін ізденуге үйретеді. Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет: - белсенді қарым-қатынас: оқушы мен мұғалімнің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы; - индивидтік: мұғалімнің әр жеке оқушының ерекшелігін дамытуы, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы; - өзіндік тәртіп: өзіндік бақылау мен бағалауды, шешім қабылдауды үйрену және оны дамыту; - шыдамдылық: әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау. Олай болса, оқушылардың ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастыру негізінің бірден-бірі мектепшілік жүргізілетін тәрбиелік іс-шаралар. Адамның бойына жақсы адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы, өнер білімді игеруі – тәрбиеге, өскен араға, үлгі-өнеге берер ұстазға байланысты.

Жеке тұлғаны ұлттық құндылықтарды пайдалана отырып тәрбиелеуде, халық ауыз әдебиетінің қарапайым үлгілерін біртіндеп күрделенуіне қарай

таңдап алдым. Тұлғаның рухани дүниесіне әсер ете отырып, ең алдымен әдептілігіне аса назар аудардым. Өйткені әдептілік-халқымыздың ұлттық психологиясының өзегі, оның ғасырлар бойы қалыптасқан барысында «әдеп», «әдептілік» деген түсініктер төңірегінде ұйымдастырған мақалмәтелдер сайысы, ұлттық ойындар игі нәтижесін көрсетті. Тұлға бойында қайырымдылыққа баулып, жанашырлық, аяушылық сезімдердің туғызып тәрбиелеуде ертегілер рөлі жоғары. Себебі ертегі халық ауыз әдебиетінің құрылымы жағынан алғанда қарапайым, ал рухани құндылығы жағынан баға жетпес аса қымбат, көркем туынды болып есептеледі. Ертегілерді оқыту көріністер даярлау арқылы тұлға бойында сөз байлығының баға жетпес інжу-маржанын жинап, қиялына қанат бітіріп, өсіп-жетілуіне қажет нәрсенің мол қорын алдым.

Тіл білімінің атасы А.Байтұрсынов «Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын - сөзбен сөйлеп, суреттеп көрсетуге болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді. Ал басқа өнердің бәрінің де, қызметін шама шарқынша сөз өнері атқара алады» деген.

Еліміздегі бүгінгі оқушылар нарықтық реформа және өзгеден қоғамдық қатынастар жағдайында өскен ұрпақ. Ұлттық құндылықтар бұл жастардың құндылық бағыттылығына қалай да болса бір әсерін тигізеді. Қазіргі ұстазға қойылған негізгі талап бала санасында қай кезде де сапалы білім алдыңғы қатарлы әлеуметтік құндылық болып есептелетінін сезіндіру.

Сапалы білім алу мен ұлттық құндылықтарды сіңіру арқылы ғана өзгеріп жатқан өмір жағдайларына дағдыландыру. Қазақ халқының поэтикалық өнерінің бала бойында жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуына ықпалы мол. Балалардың әсемдікке, сұлулыққа деген көзқарасын қалыптастыруда Абай өлеңдерінің рөлі ерекше. «Қуатты ойдан бас құрап, еркеленіп шығар сөз» деп ұлы ақынның өзі айтқандай, ақынның өлеңдері туған жердің сұлу табиғатын, қазақ ауылының көріністерін, ақ көңіл ауыл адамдар бейнесі сан алуан сезімдерімен ұласып отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастырады.

Ендеше, бүгінгі таңда белең алған жастар арасындағы келеңсіз жайттардан арыламыз десек, ұлттық тәрбиеге баулитын салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымыздың маңызының тереңде екендігіне көз жеткіземіз. Жалпы баланы қадір-қасиетін жоймаған салт-дәстүрлермен, әдет-ғұрыптармен, жыраулық қисса-дастандар, шешендік және нақыл сөздермен, эпостық және батырлар жырымен, мақал-мәтелдер, ұлттық ойындар арқылы тәрбиелеуге де болады.

Халықтың мақсат-мүддесінен, арман-тілегінен, ізгі ойларынан, талаптілектерінен пайда болған тәрбие нақыштары барша халыққа ортақ, оларды тәрбиелеудегі бірден-бір баға жетпес құралы болмақ. Жер бетіндегі әр халықтың ғасырлар бойы жинаған асыл мұралары бар. Ол – халықтың рухани қазынасы. Рухани қазына ата- ата-бабамыздың мұрасы, тәрбиесі, бір сөзбен



айтқанда жан дүниесіндегі адамгершілік құндылықтары. Қазақстан Республикасының жаһандану, рухани жаңғыру сипатын дамыту жолында, қоғам алдында ұрпақты заман талабына сай интеллектуалды, жоғары мәдениеттілігі имандылықпен ұштасқан ұлтжанды етіп тәрбиелеу жолын дұрыс жолға қою міндеті тұр. Елбасы Н.Назарбаев «Кешегі бабамызбен ғана емес, бүгінгі бағамызбен, ертеңгі шамамызбен де мақтана алатын ұлт болуды ойлауымыз керек» - деп нақтылағанындай, атабабамыздан қалған ұлттық тәлім-тәрбиені болашақ ұрпаққа ұғындырып, түсіндіруді мақсат тұтқанымыз жөн. Этномәдени дәстүрлеріміздің өткені мен бүгінгісін саралап, тәрбие беретін тиімді жолдарын қарастыра, қолға алуды ойластыру ұлттық мәдениетіміздің өркендеуіне қосар үлесіміз болар еді. Ә.Табылдиевтің сөзімен айтсақ: «Ұлттық тәрбие ұлттық мәдениетті өркендетудің бірден-бір жолы болып табылады. Ұлттық салт-сананың үрдістері рәсім, рәміз, кәде, жөн-жоралғы, ырым, тыйым тағы басқа өмір қолданыстары арқылы іске асырылады да, ұлттық болмыс пен ұлттық мәртебенің мәдени-рухани деңгейі өмірден көрініс табады. Ұлттық тәрбие осылай өз нәтижесін береді», - деп, ұлттық тәрбиенің қажеттілігіне түсінік береді. Атадан балаға сан ғасырлар бойы мұра болып жеткен салт-дәстүрлеріміздің халық педагогикасында жастарға саналы тәрбие беруде таптырмас құрал болатынына ешкім де шүбә келтіре алмайтыны анық. Өйткені, туған халқының ғасырлар бойы қалыптасқан тіршіліктің сан алуан қағидалары, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарынан алыстап бара жатқан кейбір бүгінгі ұрпақ үшін маңызы айрықша болмақ.

Болашақта гүлденген Қазақстанның одан ары қарай қарыштап өркендеуінің негізгі тұтқасы болатын демократиялық қоғамды құратын парасатты, білімді тұлғаларды дайындауда жастар арасында ұлттық тәлім-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру аса маңызды. Озық жетістіктерге негізделген білім нәрімен қатар, ұлттық тәрбие құндылықтарын бойына сіңірген ұрпақтар ғана ұлт тағдырын тереңінен таразылап, болашағын барынша болжайтын тұлға ретінде танылатыны ақиқат. Қазақ елі – салтқа, дәстүрге, ырым мен тыйым, әдет-ғұрыптарға өте бай халық. Халқымыз олардың әрқайсысының өзіндік орны, ерекшелігі бар екенін ескере отырып, қажетіне қарай пайдаланған. Ол бізді басқа халықтардан оқшаулап, айшықтап, ерекшелеп тұратын халықтың жүрегі, тамыр соғысы тәрізді. Ол тоқтаса халықтың өмір сүруі де тоқтайтыны белгілі. Дәуірлер бойы қалыптасып, дамып, жаңару үстінде келе жатқан салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарымыздың көмескіленіп, қолданудан шыққан немесе шыққалы тұрған, жанадан енген тұстарын ашу және заманға сай қолданысқа енгізу жағын қарастыру – өте керек дүние. Сол себепті, ғасырлар қойнауынан келе жатқан асыл қазынамызды тәрбие үрдісінде дұрыс қолдана білуде осы тәріздес тағылымы мол тәрбиелік құралдарды пайдаланып, мәдени орындар мен тәрбие беретін оқу орындары да көптеп қолға алса екен деген ой мазалайды. Әсіресе, қазіргі жаһандану дәуірі өрлеп тұрған тұста елдігімізді сақтап,

мемлекеттігімізді нығайту, ұлттығымызды көркейту үшін дәстүрге бай қазақ халқының жас ұрпаққа ұлттық рухтағы тәрбие беру мәселесі қашан да ең басты орында тұруға тиіс. Қазақи қасиеттеріміз бен салт-дәстүр, әдет-ғұрпымыз арқылы жастардың жүрегін тербей отырып, ой-санасын адамгершілікке, парасаттылыққа, адалдыққа, рухани ізгі қасиеттерге баулып өсіруге бағыт-бағдар беретін оқу орындарында тәрбиелік орны ерекше болатыны даусыз.

Жастар – Қазақстанның болашағы десек, яғни, бізді басқа халықтардан ерекшелейтін тектілігін, дарындылығын, дархандығын, қонақжайлығын ары қарай қалыптастыра отырып, жоғарыда талданған салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар арқылы сол құндылықтарды құрметтеуге, өз ана тілінің мәртебесін арттыруға, тарихын тереңнен біліп, дінін, ділін берік ұстануға тәрбиелеуде және осы тәріздес халқымыздың асыл қазыналарын сақтауға, сонымен бірге қорғауға үйретуді біз тек сәби, мектеп кезінде ғана оқытып қоймай, ары қарай арнаулы орта, жоғары оқу орындарында да оқытуды негізге алуы керек-ақ. Мұндай қолға алынатын салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар арқылы тәрбиелеу шараларының нәтижесі – қоғамда қазір кең етек алатын әр түрлі кінәраттарға тосқауыл жасап, дөрекіліктер мен қатыгездіктен тыйылуға және әдептіліктің бойға даруына ынталандыратын тиімді тәсілі болмақ. Ұлттық тәрбиедегі адам баласын тәрбиелеудегі маңызы мен мәні салт дәстүрлік нақыш тұрғысынан сараланып, тәжірбиелік қырымен байланыстыра талданылады. Ата-баба мұрасындағы салт-дәстүрдің қолданылу аясы мен пайда болу негізін, тәрбиелік мәнін білу жастарды өз елінің ұлттық қадір қасиетін терең меңгеруге септігін тигізеді. Ұлттық сана-сезімді жастарға өз ұлтының әлеуметтік мәнін түсінуі, ұлтаралық қатынастарда қандай жағдайға ие екендігін, жалпы адамзат дамуында қандай үлесі бар екендігін ұғындыра отырып, әрі өзге халықтармен бірдей бостандықта өмір сүруін және т.б. жағдайларды жете түсіндіру қарастырылады. Сонымен бірге, қазір жаһандану жағдайында жастардың мінезінде бұзылу қаупі бар, олардың бірсыпырасының әрекеттері ұлттық психологиядан ауытқып бара жатқандары байқалады. Сезім адамның 188 тіршілік қажетіне, өзара қарым-қатынасына байланысты түрлі формада көрінетінін сезіндіріп, оның түрлерін, ұлттық сезімді, адамның бір-біріне деген сүйіспеншілік сезімдерін жастарға кең түрде мағлұмат бере отырып тәрбиелеу қарастырылады. Көңіл-күй адамның барлық толғанис тебіреністері мен әрекетіне өң беретін біршама ұзақ эмоциялық күй екендігі белгілі. Жалпы, қазақ халқына тән өзіндік көңіл-күйдің қыр-сырларына жете тоқталып, оның басқа халықтардан ерекшелеп тұратын қасиеттерін ашып көрсету қарастырылады. Жастардың ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тұлғалық дамуының негізгі параметрлері – оның жалпы адамзаттық құндылықтарға бағытталуы, ізгілік, зиялылық, белсенділік, жеке басының намыс сезімі, ойпікіріндегі тәуелсіздігі т.б. тұлғалық кәсіби сапаларды түсіндірумен қатар, оның әлеуметтік деңгейі мен біліктілігін қалыптастыратын

сапалардың мәнін ашу. Әр адамды басқалардан айқындап, ерекшелеп тұратын жеке болмысбітімінен бөлек, тұлғалық ерекшеліктері болады. Ондай ерекшеліктерге сенім, дүниетаным, мұрат, бейімділік, қызығу, түрткі, қабілет, талғам, көзқарас тағы басқа қасиеттер жатады. Ұлттық өзіндік сана ұлттық дүниетанымға негізделеді. Ал, ұлттық дүниетаным дұрыс таным-түсінік арқылы өріс жайып, ұлттық дәстүр арқылы өз болмысын танытады. Өз ұлтыңа деген құрметтің көрсеткіші – ұлттық сана-сезімнің қалыптасу деңгейіне байланысты. Жастарға ұлттық сана төмен болса, халық халықтық қасиетінен айрылып, мылқау тобырға айналатынын түсіндіре отырып, оның алдын алу жайы және оны болдырмауға тәрбиелеу көзделеді.

Бүгінгі таңда біздің еліміздің көркейіп, өркениетті елдердің қатарына қосылып, халықаралық деңгейге шығуымыз үшін ұлтжанды, отансүйгіш ұрпақ тәрбиелеуіміз қажет. Басты міндетіміз – рухани және әлеуметтік, адамгершілік дүниесі бай, жаңашыл, шығармашылық ойлау қабілеті мен ұлттық дүниетанымдық мәдениеті жетілген зерделі тұлға қалыптастыру. Сондықтан да, Отанымыздың болашақ дамуына үлес қосатын ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу. Ұлтжандылық дегеніміз – адамның өзінің араласқан белгілі бір саяси, мәдени және әлеуметтік ортасына, Отанына деген аса терең сезімі. Ұлтжандылыққа тәрбиелей отырып, жастардың азаматтық санасын қалыптастыру, оқушылардың саяси білімдерін жетілдіруге, өз азаматтық құқықтары мен міндеттерін, туған оқушылардың саяси білімдерін жетілдіруге, өз азаматтық құқықтары мен міндеттерін, туған жердің, өскен елдің табиғатын аялай білу сезімін қалыптастыра білуге тәрбиелейміз. Отансүйгіштік-азаматтық санамен қалыптасатын қасиет. Жастардың азаматтық санасын біліммен қаруландыра отырып, аға ұрпақтың қалдырған мәдени-тәлім мұраларынан сусындаған, туған жері мен елінің рухани материалдық, мәдени құндылықтарын бойына сіңіре отырып, ақыл мен парасаттылығы жетілген, ұлтжанды, саналы азаматты тәрбиелеу жолға қойылады.

#### **Әдебиеттер:**

1. Ж. Қоянбаев, Педагогика. –Алматы, 1998, 2000ж.
2. Е.Сағындықұлы, Педагогика. –Алматы, 1999ж.
3. Метепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың тәрбие тұжырымдамасы, 1995ж.

#### **ОӘЖ**

### **ЖАС ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК МӘСЕЛЕЛЕР**

**Темиршикова Х.Т.,**

Шымкент қаласы, №57 жапы орта білім беретін мектеп директорының  
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі, Қазақстан

*Резюме*

*В данной статье освещены вопросы о значении духовно-нравственного образования в воспитании подрастающего поколения.*

*Summary*

*This article highlights the importance of spiritual and moral education in the upbringing of the younger generation.*

Қай заманда, қай қоғамда болмасын адамзат баласы жас ұрпақтың тәрбиесіне зор мән берген. Қазіргі қарыштап дамыған елде, ең алдымен, ұрпақ тәрбиесіне аса мән беріліп отырғаны белгілі. Себебі ұлттың бүгіні де, болашағы да өскелең ұрпаққа байланысты. Осы тұста мектептің алдына қоятын басты мәселелерінің бірі – өркениетті, азаматтық – адамгершілік қасиеті мол, сондай-ақ ұлттық құндылығын жоғалтпаған, бәсекеге түсе алатын биік, өрелі, терең білімді ұрпақ тәрбиелеу. Тәрбие – қоғамдық үздіксіз үрдіс, қоғам мен жеке тұлғаның қарым қатынасындағы басты жүйе. Оның негізі өлшемі өмірге қажетті тұлғаның жеке қасиеттерін қалыптастыру. Оқушы бойында саналы тәрбие мен байыпты мінез қалыптастыру, рухани дүниесі бай интеллекті тұлға тәрбиелеу ұстаздың мақсатқа бағытталған іс – әрекетіне байланысты.

Тәрбиенің негізгі міндеті – қоғамның қажетті талаптарын әрбір баланың бойында борыш, намыс, ар-ождан, қадір-қасиет сынды биік адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру. Қазіргі таңда елімізде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени жаңалықтарға байланысты оқу үрдісін ұлттық сипатта ұйымдастыру – заман талабы. Әр халықтың өзіне тән дәстүрі, оның білім беру мәдениеті осы оқу-тәрбие үрдісіне тікелей байланысты. Қазақ халқы – өзінің бай тарихи мұрасын, өнері мен тілін, салт-дәстүрін, әдеп-ғұрпын, рухани-адамгершілік тағылымдарын ұрпағына мұра етіп қалдырған. Сондықтан оқу-тәрбие үрдісінде қолданылатын әдіс-тәсілдер, деректер ұлттық психология ерекшеліктерін ескеру қажет. Халқымыздың ғасырлар бойы ұлан-байтақ жерін сыртқы жаулардан қорғауда ерлігімен көріне білген батырлары мен қолбасшыларын, халқының сөзін сөйлеп, ел қамын ойлаған шешен-даналарын мақтан еткен. Отанымызды қорғау, шежіреге толы тарихын білу, тілі мен дәстүрін сақтау, зерттеу – азаматтық борышымыз. Сондықтан бар халық мақсаты өзінің өскелең ұрпағына тәрбие беруде күнделікті тұрмыс кәсібін ұлттық арнада ұйымдастырып, рухани- адамгершілік тағылымымен ұштастыра білген.

«Адамгершілік» — адам бойындағы «ізгілік», «сыйластық», «инабаттылық», «кісілік» сөздерімен мәндес. Халықтық педагогикада адамның жағымды мінез – құлықтарын осы ұғымдардан таратады. Мінез-құлық пен қарым-қатынастағы келесі әрекеттерді атап өтуге болады: адамды сыйлау, ар-ұятын сақтау, мейірімділік таныту, кішіпейілділік көрсету т.б.

Рухани-адамгершілік тәрбие – белгілі бір мақсатқа қол жеткізе білетін мақсатты, жүйелі, ұлттық көзқарасты, сенімді, парасатты, мінез-құлықтағы адами тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жалпы азаматтық тәрбиенің құрамдас бөлігі. Адамгершілік тәрбиенің бүкіл жүйесі гуманистік

мазмұнға толы, рухани негізде жеке адамның жан- жақты дамып жетілуіне бағытталған. Адамгершілік тәрбие мәселесі негізінен ұлттық құндылықтарға сүйене отырып, тәрбие берудің әдістемелік жолдарына негізделеді.

- Ұлттық дәстүрлер арқылы оқу-тәрбие үрдісінде адамның рухани мәдениетін қалыптастыру.

- Ұлттық дәстүрлер арқылы адамның психологиялық ерекшеліктерін зерттеп, дамыту.

- Салт-дәстүрлер негізінде, ұлттық психологиялық ерекшеліктерді ескере отырып, рухани-адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеу. Бұл мәселеге байланысты елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «... жаңа жағдайларға байланысты бәрімізді алаңдататын мәселе – білімді, кәсіби даярлығы бар адам тәрбиелеу ғана емес, қоғамдық өмірдің барлық саласында ұлттық және дүниежүзілік құндылықтарды қабылдауға қабілетті, рухани және адамгершілік мүмкіндігі мол тұлға қалыптастыру болып табылады», - деп атап көрсетті.

Міне, осы тұста қоғамға жан- жақты білімді, жоғарғы мәдениетті, еңбекқор, іскер ізденімпаз, қабілетті, шығармашыл тұлға қажет. Ондай тұлғаны орта және жоғарғы оқу орындары тәрбиелейді. Адамгершілікке тәрбиелеудің маңызды педагогикалық шарттары – оқушылардың белсенді өміршіл, саналық көзқарасын, сөз бен істің бірлігін адамгершілік нормаларынан ауытқуларына жол бермеуді қалыптастыру. Ол баланың жеке басының қалыптастырушы дамудың аса маңызды бір саласы. Бұл арқылы Отанға, еңбекке қатынасын айқындайды. Тәрбиелі ұстаз шәкірттерге жан- жақты тәрбиені осы адамгершілік тәрбиесінен бастайды. Себебі бұл оның адамгершілік сезімін, сенімін белгілі бір мақсатқа жетелеу іс-әрекетін ұйымдастыруды жетілдіреді. Сонда ғана ұстаз шәкірттерінің ізгілігін, адалдығын, кішіпейілділігін қалыптастырады. Ізгілік отбасынан бастау алады, оған ата- ананың берген тәрбиесі, тұрмысы ықпал етеді. Халықтық мақал «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» адамгершілік тәрбиенің негізгі отбасында қалыптасатынын көрсетуде. Халық, жанұя құндылықтарын ауызша халық шығармашылығы арқылы тапсырады, мысалы, аңыз ертегілерді, ырымдарды, салттарды қолданады, дін арқылы, әртүрлі қоғамдық ұйымдар арқылы т.б. Халық ауыз әдебиеті адамгершілік –эстетикалық тәрбие беруде баланың ой- өрісін дамытады. Олардың тіл байлығы және шексіз шешендік мүмкіндіктерін арттырады. Оқушыларды кішіпейілділікке, адамгершілікке тәрбиелеуде қазақ халқының тәлімдік тиімді құралының бірі – ертегі. Оларда халықтың тыныстіршілігі, әдет-ғұрыптарының дәстүрлері, бақыт жолындағы күресі, баланың өзара қарым-қатынастары – өз халқына, Отанға, туған жеріне, оның табиғатына сүйіспеншілігін бейнелеген. Мәселен: «Жақсы сөз – жарым ырыс», - деп адам қасиетін білдірсе, Ұлық болсаң – кішік бол, - деп кішіпейілділікті, Шешеннің тілі ортақ, Шебердің қолы ортақ, — деп адам бойындағы өнер жалпы халықтың қазынасы екендігін уағыздайды. Мақал бойындағы тапқырлық пен өткірлік, дәлдік қазақтың тәлімтәрбиелік құралы ғана емес – дауға да тоқтам салған қаруы болған.

Балалардың мінез-құлқы, бойындағы шынайы қасиеттері туралы берілген жаңылтпаштар, жұмбақтар да баланың зерделеуге қабілетін жетілдіреді. Оқушыларды рухани адамгершілік тәрбиелеу мәселесі әрбір ата-ананың, қоғамның және жалпы мемлекеттің алдында тұрған негізгі мәселелердің бірі, себебі қоғамда жас ұрпаққа рухани тәрбие беру мәселесіне қатысты күрделі проблемалар қалыптасты. Қазіргі таңда өскелең ұрпаққа арналған нақты өмірлік бағдарламаның болмауы, қоғамдағы рухани- адамгершілік ахуалдың төмендеуі, балалармен бос уақыттағы мәдени жұмыстарының әлсіздігі, балалардың физикалық дайындығының нашарлауы және тағы басқа мәселелер өзекті болып отыр. Білім беру жүйесі тұлғаның рухани дамуына жоғары деңгейде кепіл бола алмайды, өйткені тәрбие – бұл күнделікті өмірдегі адамның әрбір адамға деген құрметі мен сыйластығы негізіндегі басқа адамдарға деген қарым – қатынасын анықтайтын тұлғаның сапасы.

К.Д. Ушинский: «Тәрбиелеудің басты міндетін адамгершілік әсер етуден құрайды», - десе, дана Абай: «Ақпейіл және ықыласты жүрек адамды жетелеуі тиісті, сонда ғана оның еңбегі және табыстылығы ерекше мәнге ие болады. Адам болып дүниеге келу жеңіл, бірақ адам болу қиын», - деген болатын. Тәрбиенің маңыздылығы сондай, біздің болашақ ұрпағымыз тәрбиеден ғана рухани байлық алып, тәрбие арқылы ғана Адам болып қалыптасады. Адамның адамгершілік негіздері болмаса, ол еркінен, өмірлік бағдарынан тез айырылып, тағдырдың ойыншығына немесе қылмыс әлемінің құрбанына айналады. Ондаған, мыңдаған нашақорлар, маскүнемдер, қаңғыбастар, қамқорсыз балалар, жетімдер – бұл күннің шындығы. Әсіресе балалар мен жасөспірімдер кері жолға бейім болады. Әрине әр адам өз өмірінің қожасы және ол өз өмір жолын өзі тандайды, басқа адамдармен қарым-қатынас жасайды, қателіктерге бой алдырады. Сені қоршап тұрған жағдайды өзгертуге болады, бірақ өзіңнің ішкі әлеміңнен қашып құтыла алмайсың. Сонымен қатар, егер адамның жаны немесе рухы сырқат болса, онда ешқашан сау бола алмайды. Сондықтан адамның қандай рухани құндылықтарды игергені өте маңызды. Адамгершілік тәрбиесі оқу тәрбие үрдісінің барлық саласында, оқыту, білім беру және еңбекке баулу үрдісінде жүзеге асады. Тәрбиелі болу үшін адамгершілік қасиеттерді жатқа білу жеткіліксіз, оның терең ой елегінен өткізу, бастан кешіру, мінез- құлыққа бекіту керек. Тәрбие ісі нақты кезеңнің ерекшеліктерін сақтай отырып, болашаққа бағдар береді, жеке тұлғаны соған дайындайды. Жеке тұлғаның адамгершілік құндылықтары өмірге келген күнінен басталады. Мектепке дейінгі жаста балалардың бастапқы адамгершілік қасиеттері мен ұғымдары, мінез – құлықтың қарапайым дағдылары қалыптасады. Баланың мектеп жасына дейінгі қалыптасқан мінез-құлықтары болашақта ересек қоғамда және құрбықұрдастарымен қарым – қатынасқа түскенде көріне бастайды. Бастауыш сыныпта адамгершілік көзқарастардың, мінез-құлықтардың, сезім мен сананың жаңа түрлері одан әрі дамытылады. Мектеп оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу – ең алдымен оқыту үрдісінде қалыптасады. Әр түрлі

пәндерді оқыту кезінде бастауыш сынып оқушыларының достық, жолдастық, өмірге деген белсенді көзқарас, Отан туралы ұғымдары қалыптасып дамиды. Үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету, ата-аналарды қадірлеу, еңбектенуге үйренеді. Бұл жаста балалар сапалы тәртіпке, жолдастық өзара көмекке, адамның көңіл-күйін түсіне білуге дағдыланады. Олар мектептегі оқу әрекетіне деген өзіндік қатынастарын, отбасында, қоғамда өзін-өзін ұстауды біледі. Соның нәтижесінде бастауыш сынып оқушыларында дербес және қоғамдық мінез-құлық, адамгершілік қарым-қатынасы дамиды. Жас жеткіншектер 5-9 сынып оқушылары өздерін ересектер қатарына қосып, өз бетімен тіршілік етемін деп қиял жетегімен кетеді. Бұл жастағы оқушылардың дамуына ұйымшылдық, тәртіптілік, қамқорлық, құнттылық, т.б. қасиеттер әсер етеді. Жас өспірімдердің немесе 10-11 сынып оқушыларының ғылымға, мамандықтаңдауға ынталары артады. Бұлар әділеттілік, борыш, ар-намыс, ұят, адалдық сынды моральдық ерекшеліктерге көңіл бөледі. Олар үлкендермен қарым-қатынас жасауда өзін-өзін тәрбиелеуді қажет етеді. Сондықтан бұл жаста көбірек ерік берген жөн. Өскелең ұрпақтың адамгершілік тәрбиесін іске асыруда қоршаған ортаның ықпалы орасан зор. Оқушылардың бойына тәрбие негіздерін дарыту мектепте оқытылатын барлық пәндерге бірдей жүктеледі.

Қазақ халқындағы хандар мен билердің, шешендер мен жыраулардың орны бөлек. Өзін-өзі тану пәні оқушылардың рухани дүниесін байытып, өзінің қоғамдағы орнын табуға, ұрпақтың батырлығына көмек көрсетуді тудырады, олардың ізгі талап – тілектерін оятады. Сонымен бірге, қазақтың ұлттық салт-дәстүрін, мәдениетін, оқушылардың моральдық қасиеттерін қалыптастырады.

Елімізде рухани адамгершілік тәрбиені жетілдіру мемлекеттік міндет деңгейінде көтеріліп отыр. Бұл міндеттің практикалық шешімі — «Өзін-өзі тану» пәнінің енгізілуі, оның авторы С.А. Назарбаева. Өзін – өзі тану пәнінің басты міндеті-өзінің дүниетанымына үңілу, өзінді сүю мен сыйлай білу, өз ісіне жауапты болу, өз арыңмен келісімде өмір сүру, өзінің жанына жақын іспен айналысу, адамдарға мейірімділік таныта білу, ізгілікті болу. Тәжірибе көрсеткендей, өзін-өзі тану білім берудің құнды мәнін нығайта отырып, тұлғаның шексіз сүю, өз ісіне және жеке күшіне сену, ізгілікті іс жасау, көп білу және өзін-өзі жетілдіру, физикалық, психикалық, рухани дамуда үйлесімдікке қол жеткізу дағдыларын қалыптастырады. Бұл пән балалардың өзара қарым – қатынасын дамытуына ғана емес, сондай-ақ баланың өзін-өзі тануына адамгершілік негіздерін жинақтауына, сана-сезімінің қалыптасуына, қоршаған ортамен махаббат, ізгілік және өзара түсіністік негізінде өзара қарым-қатынас құра білуіне, бір тұтас тұлғаның қалптасуына әсер етеді. Мектеп оқушыларына тәрбие беру тек жеке пәндерде ғана емес, сыныптан тыс іс-шараларда, үйірме жұмыстарында рухани құндылықтарға баулуға болады. Мұндай жұмыс түрлеріне сынып жетекшінің эстетикалық әңгімесі, түрлі ой жарыстары, пікір таластарын жатқызуға болады.

В.А. Сухомлинский: «Егер баланы тәрбиелеген дәрежеге жеткізудің сәті түссе, адамгершілік тәрбие жеке адамды жетілдіруге тиімді ықпал жасайды»

дей отырып, «Егер біз балаға қуаныш пен бақыт бере алсақ, ол бала дәл сондай бола алады», - деген болатын. Рухани дүниесі бай, қажеттіліктері мен қызығушылықтары, талғамы, ой-өрісі кең адамдарды толық қалыптасқан, мінезі тұрақты адам дейміз. Мінездің тұрақтылығы адамның рухани-адамгершілік түсініктерінен туындайды. Ендеше, оқушыларды рухани-адамгершілік тәрбиесі арқылы толыққанды жетілген азамат етіп тәрбиелеу – қоғамымыздың басты мақсаты. Рухани-адамгершілік тәрбиесінде мұғалім оқушыны тұлға ретінде танып біліп қана қоймай, оның дамуында кешегіні, бүгінгіні, болашақты көре білуі қажет.

Түйіндей келе, адамгершілік тәрбиесі – бұл адамның туғаннан басталатын және өмір бойы жалғасатын, адамдардың мінез- құлық нормаларын игеруіне бағытталған үздіксіз үрдіс. Оның мазмұны оқушының жеке тұлғалық қасиеттерінің қалыптасу шеңберінде дамиды. Сондықтан оқу тәрбие жұмысын

#### **Әдебиеттер:**

1. С. Тәжібаева. Мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастыру технологиясы. Оқу құралы. Алматы, Білім, 2008
2. О. Трубецкая. Балалардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалай жетілдіруге болады // Сынып жетекшінің анықтамалығы №12(48) 2012

ӘОЖ 930.51 (574)

## **ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДІНТАНУ НЕГІЗДЕРІ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Айтай Б.С**, т.ғ.к., аға оқытушы  
**Дастан Әлішер Асылбекұлы**,  
«Дінтану және тарих» мамандығының  
130-17 топ бітірушісі

#### *Резюме*

*В статье рассмотрены проблемы обучения учебника « Основы религии и светскости»*

#### *Summary*

*The article deals with the problems of teaching the textbook «Fundamentals of Religion and secularism».*

Бүгінде жалпы білім беретін мектептің 9 - сыныбына 2016 жылы шыққан «Зайырлылық және дінтану негіздері» оқулығы оқытылып келеді[1]. Оқулықтың авторлары фалсафа және дінтану ғылымының мамандары Д.Т.Кенжетаев, Ә.Ә.Сайлыбаев, Ө.О. Тұяқбаев. Оқулықтың мазмұнына (*ары қарай-пән*) зайырлылық, зайырлы мемлекет, діннің мәні, тарихы, адам және қоғам өмірінде діннің алатын орны туралы ғылыми танымдық материалдар енгізіліпті. Іргелі әлемдік діндер туралы мәліметтермен бірге Қазақстандағы діни ахуалдың ерекшеліктеріне сай отандық діни тәжірибеге қатысты материалдар да барынша толық қамтылған. Сондай-ақ, дін саласына (*ары қарай-конфессия*) қатысты оқушылар білуге тиісті түсініктер және қарапайым ұғымдар мен анықтамалар берілген. Пән жеті тарауға бөліп көрсетілген. Осы мақаламызда оқулыққа қатысты күндізгі бөлімінің «Дінтану және тарих»



мамандығының алғашқы бітірушісі Ә.Дастан диплом жұмысының тақырыбы бойынша зерттеу-пайымдауларын көрсетеді.

Пән оқушыларды діни фанатизм мен соқыр еліктеушілікке, әсіре діншілдіктің шырмауына түсіп қалмауға үйретеді. Сонымен қатар, діни мәдениет пен діни сана қалыптастыру үшін дінтанудың зайырлы тұрғыда берілуі керектігіне баса назар аударады. Десек те, Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылғы 11 қазанда қабылданған жаңа заңның кіріспесінде мемлекеттің «ханафи бағытындағы исламның... халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі тарихи рөлін танитыны» ерекше аталып өткен [2]. Осыған байланысты 9-сынып оқушыларына исламның ханафи мектебінің мәнін түсіндірудің және басқа да конфессиялардың Қазақстанға таралуы мен олардың ерекшеліктерін оқытудың өзектілігі айқындалды. Жоғарыда аталған пән мәтіндерінде фалсафалық ұғымдар мен ғұламалардың есімдері көп кездеседі. Оқушының жас ерекшелігі мен пайым-парасатына сәйкес ол ғұламаларды тану мен ұғымдарды үйрену қиындық туғызады. Ханафи мазхабы туралы мәліметтер аз. Оның орнына сопылық ұғымдар мен түсініктер енген.

Пән конфессияаралық қатынастардың бір шетінің экстремизм және терроризммен байланысты болуын көрсеткен. Екіншісі, діни сенімдердің туы және олардың Қазақстанға келуі тарихына арналған. Одан бөлек, елімізде өткен діни ғұламалардың ой-пікірлері беріліпті.

Әрине, тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда Қазақстан Республикасында конфессиялардың саны көбейіп 47 ге дейін жетті[3]. Бұрын - сонды қазақ жерінде болмаған, аты аталмаған конфессиялар тез арада пайда болып, өздерінің діни ғимараттарын салып қана қоймай, жергілікті халық есебінен мүшелерінің сандарын да еселеп арттыра түсті. Бүгінге келіп сол діни экспансия өз нәтижесін берді. Олардың шеттен келген миссионерлері жергілікті халық өкілдерінен құралған ізбасарларын дайындап үлгерді. Діни ұйымын қорғайтын заңгер-дінтанушылары, психолог-медиктері, социолог-тары басқа да қызметкерлері бар кадр мәселесін өте жақсы шешкен. Іс-әрекет жүргізудің жүйесін құрып үлгерді. Әлі де жергілікті халық олардың қатарын толықтыруды жалғастыруда. Сондықтан пәнді оқытудағы басты мақсат осы діни ахуалға, елдегі діни кұбылысқа баға беру. Осы мәселе оқулықта біршама шетін қалған. Сонымен қатар, оқытуда конфессиялардың қайсысы дәстүрлі, қайсысы дәстүрлі емес ағымдарға жататындығын және олардың арасындағы теріс пиғылды конфессияларды анықтаудың, көрсетудің маңызы зор. Оқулықта олардың аттары аталғанмен теріс пиғылды жат конфессиялардың деструктивтілігіне, тоталитарлық мәніне тереңірек түсінік берілмеген. Себебі, оқушыға берілетін басты білім мен түсінік, дағды осында.

Пәнде зайырлылық және зайырлы мемлекетке түсініктеме кең берілген. Қазақстан сол зайырлылықтың қайсы түрін нақты ұстанғаны анық көрсетілмепті. Жалпы әлемде зайырлылықтың үш түрлі үлгісі қалыптасқан: [3,126]

1. Зайырлылықтың бірінші үлгісі – атеистік үлгі. Оның көрнекі мысалы халқымыз бастан өткерген кеңестік режимді орнықтырған КСРО болып табылады.

2. Зайырлылықтың екінші үлгісі – сепаратистік үлгі. Бұл үлгі діни қауымдастықтардың мемлекеттен бөлінгенін және заңнамада қандай да бір діннің немесе конфессияның ерекше құқыққа ие болмайтынын негізге алады.

3. Зайырлылықтың үшінші үлгісі – таңдамалы негіздегі үлгі. Бұл үлгі қоғам үшін ерекше құнды болып табылатын, конституциялық деңгейде анықтала-тын діни басымдықтарды басты тірек етеді.

Қазақстан қазіргі таңда зайырлылықтың екінші үлгісі – сепаратистік үлгісі негізінде жұмыс жасауда. Бұл үлгі діни қауымдастықтардың мемлекеттен бөлінгенін және заңнамада қандай да бір конфессияның ерекше құқыққа ие болмайтынын негізге алады. Белгілі фалсафашы ғалым Н.Бай-тенова елімізде дәстүрлі діндерінің бірі – ислам дінінің халқымыздың санасында діни сана болып қалыптасқаны қашан, діни сана мен ұлттық сананың ажырамас күш екендігі және ол өзектілігін әлі де жойған емес деп көрсеткені [4] зайырлылықтың Түркия елі ұстанған бағытын ұстау қажеттігіне бағыт беріп тұрғандай. Ол елде исламға мемлекет тарапынан қамқорлық көрсетіледі. Дінді мемлекеттен бөлгенмен, қоғамнан бөліп-жара алмаймыз. «Тек Кеңестік өкіметі ғана дінсіз қоғамды таңдады. Осыдан ғұмыры қысқа болды» дейді профессор К.Бұрханов [5].

Жаңа діни қозғалыстар деген бөлімде теріс пиғылды, экстремистік, лаңкестік ағымдар туралы мәліметтер енген. Олардың бірқатары елімізде тіркеліп 2000 жылдардың басына дейін әрекет етті. Қалай тіркеліп кетті?. Оған, 1992 жылғы 15 қаңтардағы «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер» туралы «осал» заңға[6] байланысты екендігі белгілі. Дәстүрлі емес конфессиялардың елімізге ағылып келуіне сол заң құқықтық жол ашып берді. Қазақстан халқының діни жіктелуі осыдан кейін тереңдей түсті. Әсіресе, батыстық протестанттық секталар ерекше белсенділік көрсетті. Олардың ішінде «Иегова куәгерлері», «саентология шіркеуі», «грейс-блогодать», «жаңа өмір», «бірігу шіркеуі», «жетінші күн адвентис-тері», т.б атауға болады. Оларға қарсы мұсылмандықты нығайту мақсатын желеу еткен түрлі дәстүрлі емес исламдық деструктивті секталар да келіп, тез тарады. Оларға уаххабшылар, салафиттер, ахмадияшылар, зікіршілер, құран-шылар, таблиғи жамағатшылар, такфиршілер, тахриршілер т.б. жатқызуға болады. Осы конфессиялардың сенім мәселесіне қатысты ұстанымдарын көрсете кеткен дұрыс болар еді. Жансақ түрде бар, бірақ ол оқушыға түсінікті емес. Оны ауызша түсіндіруге тура келеді. Егер мұғалімнің білімі мен тәжірибесі бар болса.

Ақтөбе, Астана, Тараз қалаларында және Алматы облысының Боралдай елді-мекенінде орын алған террористік оқиғалар жұртты елең еткізді. Осы оқиғалардың себебін оқушылар білуі керек пе, жоқ па... біздің ойымызша білуі керек. Халықаралық лаңкестік ұйымдардың елімізді айналып кетпегенін айта кету керек. Қатарында қазақстандықтар жүрген экстремистік «Джунд-аль

Халифат» (*Халифат сарбаздары-Д.Ә*) атты ұйымның бар екендігін де оқушылардың білгені артық емес. Діни экстремизмнің пайда болуы бір жағынан мемлекет жүргізіп отырған саясаттың жетімсіз, әлсіз тұстарына қатысты да болуы мүмкін. Өйткені, экстремизмнің әлеуметтік-экономикалық құбылыс екендігін де білуіміз қажет. Егерде мемлекет қоғамның саяси, әлеуметтік-экономикалық, рухани салаларында адамдардың құқықтарын бұзуға жол берсе, олардың әл-ауқатын төменгі деңгейде ұстаса, идеология-лық жұмысқа мән бермесе, онда экстремистік іс-әрекеттерге жол ашыла береді.

Бүгін елімізде дінге қызушылық басым, діни әдебиетті оқушылар көбейді.

Діни сергектік дегеніміз - дінтану және теологиялық білімінің болуы деген сөз. Солардың арасында Абу Ханифа мазхабының негізгі қағидаларымен қалың жұртшылықты, әсіресе, жастарды таныстыратын әдебиеттер аз, бар болса ол әлсіз. Әлі күнге дейін діни әдебиеттерді жазу және оны шығару дұрыс жолға қойылмағандығын айта кету орынды. «Ислам фундамент-ализмі», «исламист», «жиһадист» және тағы басқа ата-бабамыздың дініне күйе жағатын орынсыз салыстырмалардың кең таралуы әрбір шынайы мұсылманның жүрегіне ауыр тиіп отыр.

Тұңғыш президент Н.Назарбаев әлем жұртшылығына ғасырлар тоғысында өркениеттер арасында қақтығыс емес, керісінше, мәдениеттер арасында келісімнің, әлемдік ізгіліктің алтын кілтін ұсынды. Осылайша, Қазақстан әлемде өркениеттер арасы қақтығыс пікіріне қарсы тұруды, мәдениеттері мен дін өкілдері арасындағы диалогты жан-жақты қолдауды мемлекеттік саясатқа айналдырған алғашқы мемлекет атанды. Тәуелсіз Қазақстанда Әлемдік және Дәстүрлі діндердің лидерлерінің басқосуы бес мәрте өтті. Олардың қатысуымен Астанада сиездер өткізуге қол жеткізілді. Бұл әлем елдерінде атқарылмаған іс-шара, жасалмаған тәжірибе болды [7].

Әрбір дін өзінің тарихы және ілімі тұрғысынан берілуі тиіс. Мұғалімнің дінге көзқарасы оқыту барысында бейтарап болуы аса маңызды. Салафизм, мұсылман бауырлар, хизбут тахрир, таблиғи жамағат сияқты ағымдар «...егерде мұсылмандар алғашқы таза исламның қағидалары мен сеніміне оралмаса ислам өмір сүре алмайды» дейтін көзқарасымен ерекшеленеді. Осылай үйретсе экстремистік бағытқа бет бұрылады. Оны мұғалім байқамауы мүмкін, бірақ оқушылар, әсіресе зейінді, фанатизмге бейім оқушылар тез қабылдап алып, шындық осы, әділеттілік осы екен деген тұжырымға келуі мүмкін. Салафиттік ұстаным бойынша «мұсылман еместердің қарулы күштерінің мұсылман жерінде болмауы тиіс» [3,176]. Осылай салафиттік ағым жастар санасына әсер етеді.

Қазақстандағы діни қызмет көрсетудегі басты мәселе дәстүрлі ислам дінін орнықтырудағы қиындықтарды атап өткен орынды. Мұсылман зиялы қауымы қалыптасты, ендігәрі мұсылман мәдениетін қалыптастыру маңызды іске айналды.

Толерантты қоғам құруға бет бұру басталды. Діни радикализммен күрес-тің пәрменді құралы діни ағартушылық жұмыстарды күшейту керек екендігіне көз жеткізілді[7].

#### Әдебиеттер

1. Д.Т.Кенжетаев, Ә.Ә.Сайлыбаев, Ө.О.Тұяқбаев «Зайырлылық және дінтану негіздері». ЖОМ тің 9-сыныбына арналған оқулық.-Астана: «Арман-ПВ», 2016.-272 б.
2. Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Заңы». 11-қазан 2011.
3. Дәстүрлі дін және адасқан ағымдар.(Анықтамалық сараптамалық –талдау)., Шымкент-2011
4. Қазақстандағы діндер: оқу құралы / Н.Байтенова, Ш.Рысбекова, А.Құрманалиева.- Алматы: Қазақ университеті, 2011.-244 б.
5. Бурханов К. Эволюция социально-политической системы Казахстана в XX в. Автореферат дисс... докт. Полит. Наук.-Алматы, 1997.-44 с.
6. Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы Заң, 1992 жыл. Алматы. 1993.
7. Айтаев Б. Діни радикализммен күрестің пәрменді құралы-діни ағартушылық жұмыс. мақала // ОҚМУ және ОҚО Діни департаменті ұйымдастырған «Ханафи мазхабы-Қазақстан мұсылмандарының рухани мұрасы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 2012.- 148-151 бб.

## БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МАМАН ДАЙЫНДАУ: ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТ МӘСЕЕЛЕРІ

ОӘЖ

### АБЫЛАЙ ХАН – ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРИХЫНДАҒЫ ҰЛЫ ТҰЛҒА

Нұрпейісов Н.Ж. филология ғылымдарының кандидаты  
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,  
Шымкент, Қазақстан.

#### Резюме

*В этом исследовательском труде подробно рассказывается о нравственной жизни и подвиге великого хана Абылая. Объектом исследования стал вклад известного хана в независимость казахского народа, его место и особенности характера.*

#### Summary

*This research work tells in detail about the moral life and feat of the Great Khan Abylai. The object of the research was the exploit of the famous and Great Khan to the independence of the Kazakh people, his place and character traits.*

«Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес», -деп [1.] мемлекет басшысы, Президентіміз Қ.К.Тоқаев атап көрсеткендей бұл жыл - қастерлі, қымбат, тәуелсіздік дәуіріміздің отыз жылдығына да қадам басқан мерейлі жыл.

Біздің мақсат хан Абылай әлемі мен ұлы тұлғаның тәуелсіздік тарихындағы алар орны жайында аз-кем пікір сабақтау. ХХІ ғасырдың алғашқы ширегінде өмір сүріп жатқан тәуелсіз Қазақ елі хандық дәуір, жүйе, билік, жалпы ХҮ-ХІХ ғасырларда өмір сүрген хандар жайында білетін, білмейтін жайттарымыз аз емес. Өткен ғасырда, дәлірек айтқанда жетпіс жылға жуық билік жүргізген кеңестік қоғамда ХІХ ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген қазақ ақыны Махамбеттің Жәңгір ханға айтқан арнауы рухында тәрбие алдық. Хандар жайындағы оқыған-тоқығанымыз, түйгеніміз тым төмен болды, қазақ тарихын пышақтың сыртындай жұқа кітапшадан және сынақ тапсыру деңгейінде оқыдық және Махамбеттің жырын бүкіл хан баласына қарсы қару етіп қолдандық. 1984 жылы шыққан «Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедиясы» (1-том.) анықтамалығындағы хан туралы берілген анықтамада, яғни энциклопедияда: «Хан (ескі түркі сөзі) – монарх, билеуші, тайпа көсемі, әмір. Қазақ қоғамын хандар билеген. Ол қауымдық жерлерді ру басыларына, шонжарларға бөліп беру правосына ие болған. Қазақстан тарихында Тәуке, Әбілхайыр, Абылай сияқты хандар болған», -деп бір түйсе, одан әрі: «...Жоғарғы өкімет билеушісі ретінде хан өз қарамағындағы және шетел саудагерлерінен баж салығын жинады. Ру арасындағы даулы мәселелерді шешті», -деп түйіндейді. [2.540.] Руханият әлеміндегі ең құнды құжаттың бірі саналатын энциклопедияда берілген бағаның сиқы осындай. Халық тұлғасы болған хандарды ру деңгейіне дейін түсірген, небәрі үш ханды ғана атап өткен. Одан әрі қазақ тарихына қатысты берілген бағаларда хандар жайындағы жабайы түсінікті былай жеткізіпті: «...Батырлар бастаған халық жасақтары 1710, 1724, 1730 жылдары жоңғар әскерлеріне ойсырата соққы берді, бірақ қазақ хандары мен сұлтандарының ала ауыздығы халықтың күшін біріктіруге бөгет жасады». [2.16.] Бұл жерде тіпті халық жауы етіп көрсетеді. Өкініші сол, осы тарихты да оқып өстік, өткен өмірге қарғыс айтуға жақын қалдық, қуанарлығы халық азаттыққа жетті, өткен тарихтың ақтаңдағы ашылды, әділеттілік қалпына келді.

Биылғы жылы хан Абылайдың туғанына 310 жыл толып отыр. Айтпақ ойымызды ҚР Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Абылай аңсаған азаттық» атты еңбегіндегі қадау-қадау ойлармен бастасақ. Ұлт Көшбасшысы: «Қазақ халқы талайлы тағдырында ұлтқа ұстын болған хандардан, ел қорғаған батырлардан, кемел билерден кенде болмаған. Солардың қатарындағы шоқтығы биік ұлы тұлғаның бірі – Абылай хан. Абылай Керей мен Жәнібек хандар тіккен Қазақ ордасын еңселі ел ету ісіне саналы ғұмырын арнады. Қазақ хандығы деген ұлан-ғайыр жерімізді жаудан азат етіп, еліміздің етек-жеңін бүтіндеді. Оның қазақ халқының тұғыры берік, жұлдызы жарық ел болуын аңсап, осы қасиетті мақсатқа жету жолында найзаның ұшын ғана емес, дипломатияның күшін де жұмсаған заманының аса көрнекті ханы болғанына тарих куә», -деп аса зор мақтанышпен ақ еділ жарылып, ақиқатын айтты. Елбасы атап көрсеткендей қазақ халқының тағдыры қыл үстінде тұрған кезеңде хандық құрып, тұтастай бір мемлекеттер жер бетінен жойылып кетіп жатқан

кезеңде елге, жерге қорған болған айтулы Абылай хан қазақ халқының тарихында аты алтын әріппен жазылатын ұлы тұлға. Біздің алдымызда тұрған ұлы міндеттердің бірі Абылай ханды және оған дейінгі, одан кейінгі ұлы хандарымыздың ұлағатты өмірін жас ұрпаққа өнеге етіп көрсету - тәуелсіздік рух пен патриоттық сезімнің қайнар көзі, мөлдір бастауы.

Абылай ханның ұлағатты өмір тарихын ұлтқа, ұрпаққа кеңінен өнеге етіп жеткізу керек. Азат елде өсіп келе жатқан жас ұрпақ Абылай ханның Қазақ елінің тарихындағы алар орнын жақсы білуге тиіс. Бұл кейінгі буынның жүрегіне тәуелсіздік нәрін егіп, бойында мемлекетшіл қасиеттердің орын алуына ықпал етпек. Мемлекет тарихын, даңқты бабалары жүріп өткен жолдың бұралаңы мен бұлтарысын, қилы кезеңдері мен тағдырлы шешімдерін, ақтандақ беттері мен дара тұлғаларының қайраткерлік өнегесін біліп өскен ұрпақ қана өзіне тиесілі замана жүгін дйттеген межесіне абыроймен жеткізе алады. «Өткенге топырақ шашсаң, келешек саған тас атады» деген қағиданы ешқашан ұмытуға болмайды, қандай қиын жағдайға душар болсақ та, «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаны» бастан кешірсек те Абылай хан туының астына жиналған тастүйін бірлігіміздің, ынтымағымыздың арқасында, білектің күшімен, найзаның ұшымен жеңіске жеттік. Сол себепті де Абылай сынды ардақты хан тәуелсіздік тарихындағы бас сардар, ұлы тұлға. Елбасы еңбегінің түйіні: «Абылай хан қызғыштай қорып, тұмарындай тәу еткен, армандап кеткен Қазақ елінің Тәуелсіздігіне біздер, бүгінгі буын қазақстандықтардың жеткені үшін де шексіз тәубе айтып, бөлінуге бастайтын жершілдік пен рушылдық дертінен арылған жөн». [3.] Тұңғыш Президентіміз нені меңзеп отыр, ойланайық. Жершілдік, рушылдық дерті жайында неге айтты. Біз хандарды, батырлар мен билердің өзін руға, жүзге бөліп бара жатқан жоқпыз ба? Қолдан жасалған тарихтың да, батырдың да баянды болуы екіталай. Ал жас ұрпақты шатастырып, рулық деңгейге жеткізу кешірілмес күнә. Қазақ – қазақ болатын деңгейге де, жағдайға да жетті. Олай етпеген күнде тәуелсіздікке қатер төнуі әбден мүмкін.

Қазақ халқының мойнында құлдық қамыты болды. Екі жарым ғасырға (1731-1991) жуық бодандық күй кешу оңай емес, ұлт рухын сындыра алмаса да майыстырды. Соған қарамастан халықтың Абылай ханға деген сүйіспеншілігі, Абылай заманын аңсауы, хан ерлігін қастер тұтып еске алып отыруы бір сәт те бәсеңдеген емес. Абылай бейнесін ерекше сомдаған Бұхар жырау. Көмекей әулие айтқан жырлардың тарихы терең, бір заманда өмір сүрген, сол кезеңдегі тарихи, саяси алаңның ортасында болып, бәрін көзімен көрген жыраудың:

Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, ханым-ай,  
Қайырусыз жылқы бақтырған, ханым-ай,  
Қалыңсыз қатын құштырған, ханым-ай,  
Үш жүзден үш кісіні құрбан қылсам,

Сонда қалар ма екен жаның-ай,-деп тебіруінде терең сыр жатыр, бұны бір ғана Бұхар бабаның тілегі деп қабылдауға болмайды, бүкіл қазақ халқының қайғысы деп түсінген жөн.

Ай, Абылай, Абылай!

Жеңбеген жауың қалмады-ау,

Алмаған жерің аз қалды-ау,-дейтін ақын жырында

Абылайдың асқақ рухы мен мұңдалап тұр.

Атақты Үмбетей жыраудың «Бөгенбай батырдың өлімін Абылай ханға естірту» жырындағы Абылайдың сардарлық қасиеті былай сипатталған:

Жиырма жасың толғанда,

Қалмақпен соғыс болғанда,

Алғашқы бақты тапқанда,

Шарыштың басын қаққанда,

Қанжығаңа бас байлап,

Жау қашты деп айғайлап,

«Абылайлап» шапқанда,

Ұмыттың соны, Абылай? [4.60.]

Хан болу, таққа отыру оңай емес, ақыл, кемеңгерлік, данышпандық қасиеттің өзі жеткіліксіз, халық сонымен қатар жаужүрек батыр болуды қалайды, сонда ғана соңынан ереді. Бұл қасиеттің бәрі Абылай сұлтанда бар еді.

Оңтүстік өлкесінде өмір сүрген, өзі де ақсүйек тұқымынан шыққан, кітаби ақындардың алғы сапында тұрған Шәді төре Жәңгірұлы «Тарихат» дастанында:

Бұл жазған Абылай ханның тарихаты,

Үш жүздің баласының хикаяты.

Абылайдың заманындай дұшпандарын

Мұқатып көрген емес қазақ халқы,-дейді. Тарихи шындық айтылған, қазақ халқы сол замандағы өр рухын кейінгі уақыттарда шыққан дұшпандарымен болған соғыста көрсете алмады, қаншама рет жеңілістің ащы дәмін таттық, тіпті қасымыздағы Қоқан хандығыны құлдығына түсіп кетуімізді өзі «алтыбақан алауыздықтың» айықпас дертінен болды. Айтуға аузың бармайды, жазуға қаламың жүрмейді... Тарих толқынында «ақтаңдақ» өте көп, соның бірі хандарымызды жүзге бөліп, рулық деңгейде қалдыру саясаты. Абылай ханды да орта жүз ханы етіп түсіндіру әрекеті болды. Ендігі ретте тағы бір рет «Тарихат» атты тарихи дастанға назар аударайықшы:

...Жиналып Түркістанда бас қосамыз,

Жақсылар келсін сонда қалмай бірі.

Баршасы мақұл десе қабыл көріп,

Ортадан Абылайды хан көтеріп,-дейді. Одан әрі:

Ұлы жүз: Үйсін, Қаңлы, Ысты, Дулат,

Орта жүз: Арғын, Қыпшақ, Найман, Қоңырат,

Кіші жүз: Бай ұлы, Алшын, Тама, Табын,

Бәріне жетіп еді жазылған хат.

...Ұлы Жүз адамында ол уақта

Төле би әділ еді – басшысы оның.

Орта Жүз адамына ол уақта

Қазыбек Қаз дауысты қойған нәмі.  
Кіші Жүздің басшысы Әйтеке би-  
Қариялық даналықтан асқан бәрі.

Осы бір тарихи жиынның қорытындысын тарихи жыр авторы былайша суреттейді:

Ұлы жүз Төле биге жолын берді,  
Қазыбек Орта жүзден шыға келді.  
Әйтеке Кіші жүзден киізді ұстап,  
Біреуі Жәнібектің өзі де еді.  
Төртеуі төрт бұрыштан ұстап тұрды,  
Көтеріліп жоғары, таққа мінді.

Мұның бәрі тарихи шындық, Абылай қазақ халқының ханы, қазақ халқы әділ сайлау арқылы Абылайды ақ киізге көтеріп хан сайлады. Қазақ әдебиеті, соның ішінде ауыз әдебиеті мұраларын жинауға көп еңбек сіңірген, Абылай хан туралы да біршама дерек көздерін жинаған Мәшһүр Жүсіп Көпеев жазбаларында да жоғарыда айтқан мәселелерді айғақтай түсетін жыр жолдары бар екен.

Ғаламда он сегіз мың жан болыпты,  
Бұл сөзім білгендерге таң болыпты.  
Жігіттер, құлақ қойып тыңдасаңыз,  
Қазақта Абылайдай хан болыпты.

Тарих аренасына ХҮ ғасырдың орта кезінде Керей мен Жәнібек хандар арқылы алмас қылыштай жарқылдап шыққан қазақ халқының Абылай заманында, одан кейінгі ғасырларда көрген азабы, қуғын-сүргіні, бір сөзбен айтқанда отарлау саясатының ойраны аз болған жоқ. «Әдебиетте қалың елдің бұл қайғысы Абылай айналасынан шығады. Абылай маңына жиналады. ...Ескі қазақ елдігін, ескі жұрттың тілегін, ту көтеріп бір араға жиған Абылай болатын. Бұлай болса, кейінгі заманда туатын үлкен тарихи оқиғалар мен тарихи жырлары түгелімен Абылай заманынан суат алады. Қазақтың жат елге бағынбай өз елдігін сақтап қалып, іргесін бөлек салуы, Абылай заманынан бері қарай ХІХ ғасырдың ортасынан ауғанға шейін жаңа саяси бет сияқты болады», - деп [4.] түсіндіретін академик М.Әуезов пікірінің маңызы зор. Ғалымның ХХ ғасырдың бас кезінде (1927) кеңес билігінің қыл бұрауы бастау кезін пайдалана отырып айтқан «Бірақ ол кезде елі бала еді. Орыс үкіметі әрі қу, әрі мықты еді. Сондықтан Абылай тілегі іске аспады. Ел бағынды. Бұрын орысты құбыжық көріп, сене алмай, бағынбаймын деп жүрген ел бағынған соң не көрді? Көргені көп...», - деген пікірі үшін өзінің де түрме азабын тартуына тура келді.

Қазақ әдебиеттану ғылымының басында тұрған ғалым Ш.Уәлиханов қазақ-қалмақ арасындағы сұрапыл соғыс жайында кеңінен талдау жасай отырып: «Абылай ғасыры – қазақ ерлігінің ғасыры еді» деп баға береді. Мұның бәрінен алар тағылым Абылай заманы тәуелсіздік тарихындағы алтын ғасыр, хан Абылай тәуелсіздік туын жықпай өткен сардар хан. Айтпақ ойымызды түйіндер тұста абыз ғалым, түркі әлемінің «Дәде Қорқыты» атанған



Р.Бердібайдың келесі бір пікірлерімен ойымызды тиянақтай түссек: «Абылай хандық құрған дәуірдің ел ұғымында «Алтын ғасыр» секілденіп көрінуіне дәлел жеткілікті. Кейіннен, уақытты уақыт қуалап, қазақ елінің басына жаңа озбырлар душар болған сәттерде де ертедегі Абылай бейнесі қайта жанданып, іріленіп, азаттықтың туындай, бостандықтың символындай ерлік рухын еске түсіріп отырған». (3.5.) Шын мәнінде хан Абылай қазақ елінің алтын ғасырын елу жылға жуық ат үстінен түспей жүріп жасады. Қаншама жеңілістер, шегіністер болғанымен жеңіс жағы басым болды, бір тудың астына жиналған халық батыс пен шығыстан келген алып империяларға, көрші тұтқан, бауырлас бола тұрып басқыншылық пиғыл ұстаған хандықтарға, манаптар мен бектерге де дер кезінде тойтарыс берді. Алып мемлекетіміздің елдік туын асқақтатты, шекарасын қымтап берді, алыс-жақынды мойындатты. Реті келіп тұрғанда орыстың зерттеуші ғалымы Левшиннің Абылай туралы айтқан пікірін де еске ұстаған абзал: «Абылай тәжірибелі, ақыл-айласы жағынан болсын, сондай-ақ, өзінің Ресей патшалығымен, Қытайдың Боғдыханымен жүргізген тапқыр да, шебер қарым-қатынастары жағынан болсын өз тұстарындағылардың бәрінен де басым еді. Ол ұстамды, досына қайырымды, жауына қатал, қаһарлы кісі еді. Сондықтан жұртты өзіне тарта, ерте білетін еді», – деген жазбалары жоғарыда айтылғандарды айғақтай түседі. (Левшин.А. Описание киргиз-кайсацких орд и степей. СПб, 1832).

Абылайнама дәуірінің жаңа эрасы басталды, азаттық туының астында шын мәніндегі «Алтын ғасырға» жеткен тәуелсіз қазақ елі өткен тарихтың өнегелі істерінен сабақ алуға тиісті. Ұлы тұлғаны тануда жаңа көзқарас қалыптасып келеді. Тарих ғылымының докторы М.Қожаев: «Абылайдың көп қырлы мемлекеттік және саяси қайраткерлігі арқасында қазақтардың бұрынғы көршілер басып алған жерлері кері қайтарылып, қазіргі Қазақстан елінің тұтас геосаяси картасы қалыптасты. Осымен қатар Абылай Чиң (Қытай) империясының әскери-саяси экспансиясына қарсы төтеп берген бірден-бір қазақ билеушісі», -дейді.

Қорыта келгенде, Абылай хан – тәуелсіздік тарихындағы ұлы тұлға. Қасиетті хандардың өмірі мен өнегелі істерін ғылыми айналымға түсіріп, өздеріне асқақ, өр тұлғалы ескерткіштер қойып, тәуелсіздік тарихының алтын ғасырын жасаған бабаларымызға тағзым етіп отыру – біздің бабалар алдындағы мәңгілік парызымыз.

#### **Әдебиеттер:**

1. Тоқаев Қ.К. Қазақстан Республикасының Президенті. Тәуелсіздік бәрінен қымбат. «Егемен Қазақстан» газеті. 05.01.2021 жыл.
2. Қазақ ССР. 1-том. Қысқаша энциклопедия. А. 1984. -592 б.
3. Назарбаев Н.Ә. ҚР Тұңғыш Президенті. Абылай аңсаған азаттық. «Егемен Қазақстан» газеті. № 224, 2.10.2011.
4. Абылай хан. Тарихи жырлар. 1-том. А. «Жазушы». 1993.-416 б.
5. Әуезов М. Әдебиет тарихы. А.Ана тілі. 1991.

## МЕЗГІЛ БАҒЫНЫҢҚЫ САБАҚТАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ СЫҢАРЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ МЕЗГІЛДІК ҚАТЫНАСТАР

А.С.Пазылова аға оқытушы  
Д.Н. Байғұтова ф.ғ.к., доцент  
Ж.С.Қуанбаева магистр оқытушы

### *Резюме*

*В этой статье рассматриваются временные отношения между подчиненными смежными слогами, одна из самых сложных проблем в смежном предложении, дифференциация подчиненных типов.*

### *Summary*

*This article discusses the temporary relationship between subordinate adjacent syllables, one of the most difficult problems in an adjacent sentence, the differentiation of subordinate types.*

Сабақтас құрмалас сөйлемдегі аумақты да күрделі мәселенің бірі – оның бағыныңқы түрлерін өзара саралау мәселелері. Өйткені бұл жайт тіл-тілдердің қай-қайсысында болмасын зерттеушілер назарын әрдайым өзіне аударып отырды. Дүниедегі заттар мен құбылыстардың қимыл-әрекеті белгілі бір уақыт мерзімінде болып жатады. Уақыт – өмірде болып жататын оқиғаларға тән заңдылық. Өйткені уақыттан тысқары мезгілсіз ешбір оқиғалардың орындалуы да мүмкін емес. Алайда осындай үдерістердің біздің санамыз бен түйсігімізге тәуелсіз, өз беттерімен орындалып жататындығын ескерте кеткен жөн. Мұның өзі мезгілдік ұғымның мөлшері «біреудің тарапынан» айқындалмайтынын аңғартса керек. Мезгілдік ұғым белгілі бір іс-әрекет, объектімен тығыз байланысты. Сондықтан да ол – өмірде үзбей болып тұратын заңды да табиғи үдеріс.

Мезгіл бағыныңқы сөйлемдерде сабақтасқан екі сөйлемнің бағыныңқысы басыңқыдағы істің орындалу мезгілін көрсетіп тұрады. Сондықтан мезгіл бағыныңқылы сөйлемдердегі шақтық локалдылық (ШЛ) ұғымын толық ашып көрсетуге болады. Мезгіл бағыныңқылы сөйлемдер темпоралды көрсеткіштердің қатысуымен ШЛ ұғымын білдіреді. Бұл жерде темпоралды көрсеткіштер темпоралды шақтық ұғым таксиспен біріге отырып, шақтық (мезгілдік) қызмет атқарады. Темпоралды шақтық ұғым мезгіл пысықтауыштармен беріледі: *кеше, былтыр жазда, келесі қыс мезгілінде т.б.* [1, 714]. Біздің мақсатымыз – мезгіл бағыныңқылы сөйлемдерді шақтық локалдылық ұғымын білдіретін лексика-грамматикалық тәсілдердің бірі ретінде қарастыру. Талдауға түскен тілдік материалдар М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясынан (Алматы: Жазушы баспасы, 1990) алынды. Жасалу жолы жағынан сабақтастардың ішіндегі ең күрделісі де – мезгіл бағыныңқы [2, 71]. Сондықтан сабақтас сөйлемдердің арасындағы мезгілдік қатынастың әр түрлі болып келуіне оны құрмаластырушы тәсілдердің айтарлықтай әсері болады. Мәселен, — *ған кезде (ғанда)* тәсілімен сабақтасқан мезгіл бағыныңқы сабақтастардағы мезгілдік қатынас *-ған соң* тәсілімен сабақтасқан мезгіл бағыныңқы сабақтастардағы мезгілдік қатынасқа қарағанда өзгешелеу болады. Мысалы: *Осы шақта ғана Абайлар тасырлата басқан қатты жүріспен кішкене тастақ төбеге шыға бергенде, алдарынан ит үрді* (1-кітап, 303-

бет). *Жастар жиыны тарқаған кезде, Абай Шүкіманға қайта-қайта бір сөзбен алғыс айта берді* (1-кітап, 311-бет). *Құнанбай Мекеден қайтқан соң, әсіресе оның құлағына әлдебір келіні әншілік, серілік білдірмесін* (1-кітап, 381-бет). *Кезде, соң септеулік шылауы есімшеге тіркесіп, оқиғаның соңынан болатын мезгілдік мағынаны білдіріп тұр. Сабақтас сөйлемдердегі оқиғаның бір мезгілде және әр мезгілде өтуін көрсетіп, сондай мағынаны берудің негізгі тәсілі болып тұр* [1, 701]. *Енді Абай жайын ойлай келгенде, Ұлжан өз тыныштығын қойды да, арбаға әжесінің қасына Абайды мінгізетін болды.* Қимыл-әрекет белгілі бір ұзаққа созылатындығын байқаймыз, ол ұзақтықты басыңқы сыңардағы мезгіл мәнді үстеу көрсетіп тұр. Бұл мезгіл бағыныңқылы сөйлем локальдылықтың белгілі бір кезеңге тәуелділігін көрсетіп тұрған жоқ, өткен шақтың белгісіз беймәлім мезгіл бөлігіне тәуелді екендігін аңғартады. Енді бір сөйлемдерде бағыныңқыдағы да, басыңқыдағы да іс-әрекет белгілі бір кезеңге локальды түрде жұмсалады. Мәселен, *Бүгін сол елдің бәрі де киіз үйлерін жығып, жылы үйлеріне қауырт кіріп жатқан. Бүгін – мезгіл пысықтауышы іс-әрекеттің ертең емес дәл бүгін болатынын анық көрсетіп тұр. Базаралы үш күндей осында болып, Жігітектің, Бөкешінің, Кәтібақ, Мамайдың, Көкшенің жатақ үйлерінің бәріне кіріп, жай-күйлерін біліп шығыпты* (1-кітап, 390-бет). *Абай Ақбаспен амандасып отыра беріп, үлкен бөлменің ішіндегі кітаптарға қарады* (1-кітап, 276-бет). Іс-әрекет бірінен кейін бірі ілесе орын алуын аңғарамыз. *Дәл сол кезде Дәркембай танымайтын үш жас атшабар тасырлатып үй сыртына шауып келіп, «Дәркембай, қайдасың, шық!» деп айғайлапты* (1-кітап, 391-бет). *Таңертең жаманат біліне салысымен, Бөкешінің шапқылай жиналысып, әбігерге түскенін сыбайлас Жігітек күні бойы естіп, біліп отырған-ды* (1-кітап, 351-бет). Бірінен кейін бірі өтіп жатқан іс-әрекетті бір мезгілде (*жаманат біліне салысымен*) бір уақыт бойында жүзеге асырып жатқан нақты атқарушыны байқаймыз. *Ол Оралбай ісі Бөкешіге мәлім болысымен-ақ, ат үстінен түскен жоқ* (1-кітап, 353-бет). Бұл сөйлемнен ұзақ белгілі бір уақытқа созылған іс-қимылдарды көруге болады (*мәлім болысымен-ақ* сияқты мезгілдік ұғым беріп тұрған сөз бен сөз тіркестері қимылдың созылатындығын байқатады). Бұл жерде созылықты білдіріп тұрған лексема бағыныңқыдағы іс-әрекеттің толығымен ұзақ мерзімде іске асатындығын білдіреді. *Абай тақап келісімен, үй иесі шыққан еді* (1-кітап, 303-бет). Бұл жердегі нақтылық сипатты *тақап келісімен* тіркесінен көреміз. Қашан үй иесі шыққан еді? Бұл сөйлемнен істің процесуалдығы аңғарылады. Яғни іс-әрекет осымен біткен жоқ, енді ғана бастау ала бастады. Нақты қай кезеңде бастау алатындығын бағыныңқы сыңардағы мезгіл мәнін үстеп тұрған *тақап келісімен* деген тілдік бірліктен көреміз. *Үйге Қаратай бастаған Көкшелер кіргенде, Құнанбайдың аяқ жағында шымылдықтан денесінің жарымын сыртқа шығарып отырған Нұрғаным шымылдық ішіне салмақпен бет бұрды* (1-кітап, 446-бет). Бағыныңқылы сөйлемдегі мезгілмен сәйкес нақтылық сипат басыңқы сыңардағы қимылдың жүзеге асуына негіз болып тұр. Яғни сөйленімнің өн бойындағы іс-әрекеттер белгілі бір уақытқа тәуелді түрде

жасалып тұр. *Кіргенде Нұрғаным шымылдық ішіне салмақпен бет бұрды. «Кірмей тұрып емес» «дәл кіргенде» ғана салмақпен бет бұрды.* Бұл жердегі мезгілдік мағына -генде тұлғасындағы етістікпен темпоралды маркерден көрінеді. *Енді Абай мен Дәрмен аттанар кезде, Абайды Базаралы ауыл сыртына оңашалап шығарып алып, бір азғана жайды айтты* (М.Әуезов). Бұл жердегі қимыл-әрекет бас аяғы бар белгілі бір кезеңде өтіп жатқанын көреміз. *Бір азғана жай*, яғни *Базаралы Абайдың көп уақытын алмайды*, көп нәрсе айтпай бір-ақ ауыз сөз ғана айтады. Мезгілдік мағына *аттанар кезде (-ар кез)* есімше формасы арқылы берілген.

Сабақтас құрмалас сөйлемнің сыңаралары арасында болатын мезгілдік қатынастар бірдей болмайды. Бір сөйлемдердің бағыныңқы және басыңқы сыңарларындағы хабарланған оқиғалардың орындалу барысы бір мезгіл шеңберінде өтіп жатса, енді біреулерінде, керісінше, әр мезгіл шеңберінде орындалатын болады. Сөйтіп, мезгіл бағыныңқы сабақтастар іштей бір мезгілдес сабақтас және әр мезгілдес сабақтас деп бөлінеді. Сыңарлары арасындағы мезгілдік қатынастардың әр түрлі болуына қарай салаласа байланысқан сөйлемдер де осылай іштей жіктеледі. Мұндай құрылымды сөйлемдер кейде бір салаластың екі түрлі көрінісі ыңғайында емес, екеуі екі түрлі мағыналық қатынаста тұрған салалас сөйлемдердің дербес түрлері ретінде қарастырылады да, оларға мезгілдес және іліктес деген атаулар алынады. Мезгілдес салалас сөйлем ашық құрылымды болады да, іліктес салалас сөйлемдер жабық құрылымда болып, үнемі екі сыңардан ғана құрмаласады.

Құрмалас сөйлемдердің ашық және жабық құрылымды болып келуі күрделі құрылымның сыңарлары арасындағы тұтастықтың күштілігін немесе әлсіздіген аңғартса керек. Ашық құрылымды сөйлемдерде тұтастық күшті болмайды, құрылымы тұрақсыз болады. Сабақтастардағы жарыспалы сөйлемдер осы ашық құрылымдарға жатады. Ал сатылы бағыныңқы сөйлемдер жабық құрылымдарға жатады. Сөйлемнің ашық құрылымды болуы салалас және сабақтас сөйлемдерде әр түрлі болады. Ашық құрылымды салалас сөйлемдерде басыңқы сыңар болмайды. Сондықтан оған күрделендіруші компоненттер соңынан жалғанады. Ондай сөйлемдер көптеген мезгілдес оқиғалардың басын біріктіріп айтудан туындайды. Сабақтас сөйлемдерде ашық құрылымды болатын сөйлемнің бағыныңқы сыңарлары болғандықтан, күрделену салаластағы сияқты сөйлемнің соңынан емес, ортасынан жүреді. Сатылы бағыныңқы сабақтастастардың кез келген сыңарымен басыңқыны ғана бөліп алып, қалыпты сабақтас жасауға болады [1, 715].

Көптеген түркі тілдерінде, сонымен қатар қазақ тілінде басыңқыдан бағыныңқы компоненттің бұрын орналасуы – сабақтас сөйлемдер үшін төл заңдылық. Осыған байланысты бағыныңқы сөйлемдердің түрі ажыратылады, олардың басыңқы компонентпен байланысудағы аралық дәнекер жолдары да айқындалады. Мұндай дәнекер жолдар бағыныңқы сөйлемнің баяндауыш формалары арқылы жүзеге асады.

Сабақтас сөйлемдерде болатын мезгілдік ұғым ондағы бағыныңқы, басыңқы компоненттердің қарым-қатынасынан шығып жатады. Бағыныңқы компонент өз баяндауышының берілу ыңғайына қарай басыңқыдағы қимыл-әрекеттің мезгіл мөлшерін білдіре жұмсалады. Сабақтастың бұл түріндегі синтаксистік компоненттердің мезгілдік қатынасын саралай талдасақ, мына бір жайды байқаймыз:

Бір сөйлемдердің бағыныңқы, басыңқы құрамдарында баяндалған оқиға барысы бір мезгілде орындалып жатса, енді біреулерінде олар бір кезеңде болмай, әр уақытта жүзеге асырылып жатады.

Атап айтсақ, бағыныңқыда хабарланған оқиғадан басыңқыдағы ойдың немесе керісінше басыңқыдағы ойдан бағыныңқыдағы хабардың бұрын орындалғаны сөйлем желісінен айқын байқалып тұрады. Енді бірде сөйлемнің екі жақ компонентінде де қимылдың орындалып жатқандығы баяндалады, алайда соның өзінде де біреуінде сол қимыл бұрын не соң орындалатын болады. Мезгіл бағыныңқы сабақтас сөйлемдегі осындай заңдылықты дұрыс саралай білсек, ондағы синтаксистік компоненттердің өзара қарым-қатынасын да дұрыс түсінген боламыз. Мұндай қарым-қатынас бағыныңқы, басыңқы компонент баяндауыштарының берілу жоларына негізделеді. Олай болса, сөйлемдер арасындағы мезгілдік қатынасты айқындау барысы тек қана бағыныңқы компонент, оның баяндауышымен шектелмей, басыңқының да синтаксистік құрылысымен ескерілуі қажет. Бұл ретте әсіресе басыңқы баяндауышының берілу жолдары сөйлемнің мезгілдік ұғымын саралауға қатынасып отырады. Сабақтас сөйлемдегі мезгілдік қатынастың көріну жолдарын осы негізде сараласақ, мезгіл бағыныңқыларды, жоғарыда айтқанымыздай, жалпы екі үлкен топқа жіктеуге болады:

- 1) Бір мезгілдес сабақтас құрмалас сөйлемдер
- 2) Әр мезгілдес сабақтас құрмалас сөйлемдер

Бір мезгілдес сабақтас сөйлемдердің синтаксистік компоненттерінде баяндалған қимыл-әрекет бір мезгілде, бірінен соң бірі іле орындалып жатады. Осыған орай, олардың баяндауыш формалары да өзара үйлесіп түрленіп отырады. Бұл мәндегі сөйлемнің бағыныңқысының баяндауышы көбінесе –*ған* формантты есімшенің жатыс септігінде келуі арқылы және шартты райдың –*са* жұрнағы арқылы жасалады. Бағыныңқыдағы орындалып жатқан не орындалған оқиға барысына сәйкес басыңқы баяндауышы да соған сай мезгілдік тұлғалармен жұмсалады. Осыдан келіп өзара желіліктік, баяндалған оқиғалар орындалуының бір мезгілдес кезеңі айқындалынады. Бұл жай әсіресе –*ған* формантты мезгіл бағыныңқыдан өз көрінісін тауып тұрады. Мысалы,

*Әлі де айықпаған ұяң сыпайлықпен қонақтарға қарап ақырын амандасқанда, реңіне шұғыл толқын кірді (2- кітап, 39-бет).*

*Майбасарлар Құлыншақ үйінің сыртына кеп тоқтағанда, төбе басындағылар да жетіп еді (1-кітап, 197-бет).*

*Көкшеден Әмірді Бізғұтты алып жөнелгенде, Байтас Абайға кісі шаптырған (2-кітап, 237-бет).*

*Отты жиренішпен жалт етіп қарағанда, Біззұтты шошынып барып кейін шегінді (2-кітап, 235-бет).*

Осы тәріздес бір мезгілдес сабақтас сөйлем басыңқысының баяндауышы үнемі етістіктерден бола бермей, кейде есім сөздерден немесе есім сөз бен көмекші етістіктің тіркесінен жасалады. Мысалы,

*Абай сәлем беріп үйге кіргенде, кең үйдің іші толған кісі екен (1-кітап, 153-бет).*

Жоғарыда роман – эпопеядан терілген мысалдардың барлығы синтетикалық тәсіл арқылы жасалған.

Бір мезгілдес сабақтас құрмалас сөйлем сонымен қатар аналитика-синтетикалық тәсіл арқылы жасалады. Бұл ретте бағыныңқының есімше баяндауышы кезде, шақта, сайын тәріздес сөздермен тіркесе жұмсалады. Бұл сөздердің өзінен бұрынғы баяндауыш сөздерін меңгере жұмсалуды компоненттер арасындағы оқиғалардың бір мезгіл шамасында орындалып жатуына мүмкіндік туғызады. Мұның өзі олардың сабақтас сөйлем құрамында байланыстырғыш амал болумен қатар мағыналық айырым белгіні де көрсетіп тұратындығын дәлелдей түседі. Бұл, әрине, байланыстырғыш сөздердің семантикалық табиғатымен де тығыз байланысты. Мысалы,

*Кейін Әбіш тоқтаған уақытта, үй іші тегіс алғыс айтты (3-кітап, 186-бет).*

*Жаңағыдай болыстар ажарын аңғарған кезде, ұлықтар үй жағатында жиі қозғалған қарбалас басталды (3-кітап, 154-бет).*

*Шапшаң қайнаған шай Абайлардың алдына жасалған кезде, киіз есік шалқасынан ашылып еді (2-кітап, 33-бет).*

Сабақтас сөйлемнің бір мезгілдестік мәнге құрылуында етістіктің шартты рай тұлғасы да үлкен рөл атқарады. Мұндайда да басыңқы компоненттің баяндауышы тұлғалық өзгерістерге түсіп отырады. Ондай формалық құбылыстар әсіресе етістіктің нақ осы шақ, ауыспалы осы шақ, өткен шақ түрлерінің бірінде қолданылады. Басыңқы баяндауышының бұлайша құбылуы синтаксистік компоненттердегі хабарланған оқиғалардың бір мезгіл мөлшерінде орындалып жатқанын не орындалғанын көрсетеді. Мысалы,

*Қараса, бағанағы жеңгенің бірі іздеп кепті (1-кітап, 241-бет).*

*Әбіш тағы бір орайда әкесінің үстіне кірсе, Абайдың қарсысында бұл ауылдың адамдарынан бөтен үш кісі отыр екен (3-кітап, 173-бет).*

Мезгіл бағыныңқы сабақтас сөйлемнің бойындағы бір мезгілдестік ұғым –n формантты көсемшелі сөйлемнен де орын алып тұрады. Мысалы,

*Ертеңіне түске жақын Ербол келіп, екі жігіт үлкен үйде қымыз ішіп отыр еді (2-кітап, 155-бет).*

*Осыдан соң ақша сандығының аузы ашылып, Майырдың топсасы да босай бастаған (2-кітап, 136-бет).*

Сонымен бір мезгілдес сабақтас сөйлемдер бағыныңқы компонент баяндауышының көбінесе есімше, шартты рай тұлғалары арқылы жасалады.

Бұл ретте мезгіл бағыныңқының бір мезгілдестік мәні ондағы басыңқы баяндауышының өзара үйлесе қолданылуымен бекітіліп отырылады.

Ал әр мезгілдес сабақтас құрмалас сөйлемдерде:

1. Әр мезгілдес сабақтас сөйлемнің бағыныңқысында істің әлі орындалмағаны көрсетіледі де, басыңқысында керісінше болғандығы хабарланады. Мұндайда бағыныңқының баяндауышы келер шақтық синтетикалық, аналитикалық-синтетикалық тәсілдермен келеді де, басыңқы сөйлем өткен шақтық не ауыспалы осы шақтық тұлғалармен беріледі. Мысалы, *Абай ертең Қарамолаға жүрер кезде, Әйгерім үйіне жастар жиналды* (2-кітап, 253-бет).

*Алтыбай айғайлағаниша, қалың қаскөй топ шабуылға кіріскен еді* (2-кітап, 585-бет).

2. Бағыныңқыдағы іс жаңада басталып келе жатады, оның аяқталуына қарамастан басыңқыдағы қимыл орындалып қояды. Сондықтан да бағыныңқының баяндауышы осындай мәндік кезеңге сай *ала берем дегенде, тұрайын деп ұмтылғанда, алғалы жатқанда* тәріздес синтаксистік конструкциялармен келіп отырады. Ал басыңқының баяндауышы өткен шақ формаларының бірінде келеді. Мысалы,

*Тұрайын деп ұмтылғанда, Сәмен адымдап кеп қамшымен бастан тартып жіберді* (2-кітап, 493-бет).

*Шылбыры қолынан түсе бергенде, Баймағамбет алып кете берді* (2-кітап, 278-бет).

Бағыныңқы компоненттегі істің әлі аяқталмағандығы, жүріп жатқандығы кейбір –*ғаниша* тұлғалы сөйлемдерден де байқалады.

*Ұлжан ауылына келіп жеткенше, барлық үйлер тігіліп болды* (1-кітап, 256-бет).

*Жылқыға Абылғазы қолы жетіп араласқаниша, мың сан тұяқтардың құшырлы серпіндерінен ұшқан қиыршық қар енді бүкіл өңірді ақ түтек етті* (3-кітап, 92-бет).

*Ол кісі кіргенше, үйге салқындап соғып жел де кірді* (3-кітап, 28-бет).

*Енді көпір үстінде жүгірген Әбіш жеткенше, паром бір саржандай жерге сытылып кеткен екен* (4-кітап, 102-бет).

3. Енді бір мезгіл бағыныңқы сабақтас сөйлемнің бағыныңқы, басыңқы компоненттерінде де істің орындалғаны баяндалады. Алайда мұнда бағыныңқыда орындалған қимылдан басыңқыдағы істің бұрын болғандығы аңғарылады. Мұндай аралық қатынас әсіресе басыңқы баяндауышының құрамында *еді* көмекші етістігінің келуімен айқын байқалып тұрады. Мысалы,

*Абай сәлем беріп үйге кіргенде, кең үйдің іші толған кісі екен* (1-кітап, 153-бет) сөйлемді алып қарасақ, бағыныңқыдағы іс-әрекетке қарағанда, басыңқыдағы іс-әрекеттің бұрын болғандығын байқаймыз. Мұндай мысалдарды роман-эпопеядан көптеп келтіруге болады:

*Қарабас пен Абай үйге кіргенде, Сүйіндік пен бәйбішесі биік төсекке жатып қалған екен* (1-кітап, 148-бет).

*Абай үй ішінен қатты пысынап тысқа шыққанда, бұл маңдағы жан иесінің бәрі де ыстықтан мезі боп күйзеліп жүр екен (1-кітап, 180-бет).*

4. Бір топ мезгіл бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемнің ара қатынасы жоғарыдағы үшінші түрден керісінше болады. Мұнда енді басыңқы компоненттегі амалдан бағыныңқыдағы істің бұрын орындалғаны байқалады. Мезгіл бағыныңқы сабақтас сөйлемнің бойында осындай қасиеттің орын алуына әсіресе оның бағыныңқы баяндауышының құрамына *соң, кейін* тәріздес жалғаулық шылаулардың жұмсалуды себеп болады. Өйткені бұл жалғаулықтар өзі тіркескен есімше сөздерімен бағыныңқы компоненттегі оқиғаның бұрын орындалғанын көрсетіп, басыңқыдағы амалдың да орындалуына жол ашады.

*Төрт- бес күн өткен соң, ол Құнанбайдың дәл өз ауылынан бес жылқы алды (1-кітап, 328-бет).*

*Тілмаш арыз жайын айтып болған соң, Ақбас Абайдың аты-жөнін сұрады (1-кітап, 356-бет).*

*Манасты Баймағамбет ертіп кеткен соң, Абай желісі үзілген сөзді қайта қозғады (2-кітап, 187-бет).*

*Үш күндей Мағаштан Әбіш жайына қанып алған соң, енді Абай сол байлауын білдірді (4-кітап, 196-бет).*

Сонымен мезгіл бағыныңқы сабақтастардың әр мезгілді және бір мезгілді мағыналық қарым- қатынастарын саралай талдасақ, роман-эпопеяда әр мезгілдес түрінің жиі қолданылатынын байқаймыз. Мұның өзі бағыныңқы компоненттің басыңқы компонентті әр түрлі мезгілдестік ыңғайда айқындай айтылудағы заңдылығынан шығып жатады. Ал мезгіл бағыныңқы сабақтас сөйлемдегі осындай заңдылық ондағы синтаксистік құрылыстың табиғатымен астарласады. Сабақтас сөйлемдегі грамматикалық формалар мен мағыналық мазмұндардың өзара тығыз байланыстылығы осындай жеке бағыныңқы түрлерінен айқын байқалады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.-783 б.
2. Сайрамбаев Т.,Сағындықұлы Б. – Алматы, 2007.-120 б.
3. Есенов Қ. Құрмалас сөйлем синтаксисі. – Алматы, 1995.-133 б.
4. Қордабаев Т. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер синтаксисі. – Алматы, 1995. -175 б.
5. Ермекова Т. Қазіргі қазақ тілінің құрмалас сөйлемі. – Алматы, 2011.-224 б.
6. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы, 1994.-320 б.
7. Жукеев Т. Қазақ тіліндегі пысықтауыш мүшеге қатысты синкретикалық құбылыстар: Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Астана, 2005

ОӘЖ

#### МЕҢГЕРІЛЕ БАЙЛАНЫСҚАН СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

Байғұтова Д.Н. ф.ғ.к. доцент

Қуанбаева Ж.С. магистр оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,



Резюме

*В статье речь идет о расширении и сужении сферы применения изучаемых словосочетаний.*

Summary

*The article deals with the expansion and narrowing of the scope of application of the studied phrases.*

Меңгеріле байланысқан сөз тіркестерінде сөз болмаған мәселе — олардың аясының кеңеюі мен тарылуы туралы мәселе.

Меңгеру аясының кеңеюі мәселесінде біз меңгеру байланысу формасының бағыныңқы сыңарына да, басыңқы сыңарына да қатысты сөз болмаған мәселені негізге аламыз.

Түркологияда және қазақ тіл білімінде осы кезге дейінгі бағыныңқы сыңарлар ретінде есімдер, етістік, ара-тұра үстеу сөз таптары және көмекші сөздерден тек шылау ғана айтылса, ал біз барлық сөз табы және көмекші сөздердің барлық түрін қоса көрсетіп және жеке сөйлемнің де көмекші сөздердің көмегімен бағыныңқы да, басыңқы да сыңарда жұмсалатынын сөз етпекпіз. Сондай-ақ тұрақты тіркестің де соңғы сөзінің морфологиялық өзгерісінің негізінде олар да әрі бағыныңқы, әрі басыңқы сыңарда жұмсалатынына тоқталмақпыз.

Меңгеру байланысу формасы сөйлем ішінде үнемі сол қалпында жұмсалып қоймай, кейде ондай септік жалғаулы сөздерге түрлі жұрнақтардың жалғануы арқылы енді басқа байланысу формасына ауысуы да сөз болды.

Мысалы:

үйде отыр

үйдегі бала

сөз тіркестерін салыстырып көрелік.

*Үйде* сөзі жатыс жалғауы арқылы *отыр* етістігімен меңгеріле байланысқан, пысықтауыштық қатынастағы етістікті сөз тіркесін құрайды. Ал енді сол *үйде* жатыс жалғаулы сөзге –ғы, –гі жұрнағының жалғануы арқылы *бала* сөзімен енді қабысу формасына ауысып отыр. Міне, осы септіктерді жинақтай келе, ондай құбылысты меңгеру байланысу формасының аясының тарылуы деп бердік және оның бірнеше жолдары көрсетіледі.

Септік жалғаулы сөздердің бағыныңқы сыңарда дұрыс қолданылмауы да жиі кездесетін құбылыс. Бұл мәселе үнемі болып келе жатқандығы тек тілші ғалымдар жағынан ғана сөз болып қоймай ірі жазушылар мен қазақ тілінің жанашыр газеті «Ана тілі» де көтере бастады.

Сол сияқты мына мысалдарға да назар аударайық: Бір кезде менен *ұпаймен ұтылып*, жабырқап кетіп едің (ңЗердең) – Арнаулы тілшімізден *телеграфпен алынды* (ңЕгемен Қазақстанң). Матасы пәлендей мақтарлық болмағанымен, *соңғы модамен* сәнді тігілген (И.Иманасов) дегенде курсивпен жазылған сөздер өз орнында дей алмаймыз.

– Кейде әлі тұрақталмаған меңгеріле байланысқан сөз тіркестері де кездеседі,

- тақырыпқа (диссертация) қорғау,
- тақырыпта (диссертация) қорғау
- тақырыптан (диссертация) қорғау
- тақырыпқа (лекция) оқу
- тақырыптан (лекция) оқу

Осы іспетгі: имамға ұйып — намазға ұйып, құлан құдыққа түссе — құлан құдыққа құласаның екінші варинаты дұрыс деп білеміз. Бұл жерде сөздер де, кейбір жалғаулар да өз орнымен қолданылмағаны көрсетілді. Немесе мына мысалдарға назар аударсақ:

In the modern world, all spheres of people's activities are subject to the influence of new information technologies (NIT), teaching methods that lead to a multifarious transformation in the sphere of social relations, material and spiritual production. At present, in the conditions of a modern school, the method of teaching is going through a difficult period, connected with changing the aims of education and updating the content of education in the Republic of Kazakhstan. Kazakhstani education, as an important social institution (as it is here that the formation of personality occurs) is under the influence of the information revolution, which manifests itself in a change in its content and functions. All these circumstances require new

pedagogical research in the field of teaching methods of subjects, the search for innovative tools, forms and methods of teaching and upbringing associated with the development and implementation of modern educational and information technologies in the educational process.

Active use of BAT in the field of education contributes to the formation of an information culture of the individual; improves the efficiency of the teaching and upbringing process and the quality of the students' training. These goals are achieved through the productive use of computers and training on a new methodology as a means of learning and a tool for intellectual activity.

In the conditions of increasing and changing requirements to the level of professional competence of a specialist's personality, the problem of the formation of communicative competence occupies a special place. In addition, in the hierarchy of competences, competence in matters of foreign language communication is also one of the key.

To implement the cognitive and creative activity of the schoolchild, modern educational technologies are used in the educational process, which make it possible to improve the quality of education, to use educational time more efficiently and to reduce the share of reproductive activity of students by reducing the time allocated for homework. Modern educational methods are focused on individualization, distance and variability of the educational process, academic mobility of trainees, regardless of age and level of education. The school offers a wide range of educational pedagogical technologies that are used in the educational process.

Introduction in the educational process of modern educational and information technologies in the educational process will allow the teacher:

- to work out the depth and strength of knowledge, to consolidate skills in various fields of activity;
- Develop technological thinking, the ability to independently plan their educational, self-educational activities;
- Develop habits of strict adherence to the requirements of technological discipline in the organization of training sessions.

Possession of modern pedagogical technologies and new methods is a component of the teacher's methodical culture. The introduction of new technologies in the educational process changes the attitude and habitual attitudes of not only the schoolboy, but also the teacher himself. It is not by chance that N.V. Gogol said: "Teaching others, you also learn." At the present time in Kazakhstan is the formation of a new education system, aimed at entering the world educational space. This process is accompanied by changes in the pedagogical theory and practice of the educational process. A modern teacher, thinking about the quality of education, can not confine himself only to his subject. After all, the quality of education contains in itself all aspects of the educational process, starting from the sanitary and hygienic conditions of children's stay in school, ending with the achievements of educators in knowledge of skills and habits. If you choose the teaching methodology of the An-Gli language in

Kazakhstan is already old. Every day the language changes, too, their grammar and conversational speech. And many people can not learn English.

But if we compare with America, America is a bit ahead of us. Their technique is more developed than ours.

The following basic methods of teaching foreign languages are known in the USA.

**1. A transfer method used in the study of the so-called dead classical languages - Greek, Latin, Church Slavonic.** Here attention is drawn to the memorization of words, grammatical rules, paradigms, parts of speech and individual literary works. The task of students is to learn declensions, conjugations, syntax and grammatical exceptions. This is a long and time-consuming method of mastering a foreign language. But it can be used for self-study.

**2. Conversational method. It is based on mastering the teacher's monologues by students.** In this case, the teacher gives the students the content of that lecture in a foreign language, then asks questions about his story (in a foreign language) and, prompting gestures, facial expressions, the movement, tries to get the student the right answer. After students have already familiarized themselves with foreign words and phrases, they are allowed to see how these words and phrases are written in a foreign language. At the same time, the attention of students was concentrated on the translation and memorization of grammar rules.

**3. The psychological method of studying a foreign language is similar to a conversation.** An innovation in this method are the associative links between a word and its corresponding concrete object (object). Achievements of these connections the teacher achieved through illustrative materials, toys, paintings, tables, diagrams, posters, caricatures, facial expressions and gestures.

**4. The method of the chain reaction of the French scientist Guyan is based on the description of the actions in their sequence or in chronological order.** For example, setting out the process of car washing, he went through the whole process in stages:

We take a bucket; fill the bucket with cold water; add warm water and detergents; we take a rag and my car; wipe the car dry; we rub the machine with wax; We clean the car to shine.

**5. The method of full immersion in the language being studied (or immersion method) is successfully applied in Canada while mastering the French language.**

**6. The method of teaching the language (Usher) is based on combining it with body movements and gestures to explain new words and expressions.**

**7. Communicative method, which is used in Europe.**

**8. S. Krashen's natural method, which is successfully used in the USA for the teaching of Romance languages, especially in such cities or states where these languages are used in communication by a large population, for example, in New York, Los Angeles, Southern California, Arizona, Texas and in Florida.**

Common to the last four methods of teaching foreign languages is the understanding that the language is absorbed through the subconscious perception of it. The student does not even realize that he absorbs knowledge when he is provided with understandable information. We perceive any news, any rule only when we understand the information. Studying a foreign language, we perceive it in stages: there is a hearing, the accumulation of vocabulary through repetition, conversations, reading, dialogues, etc. Let's consider these stages.

Stage 1. The teacher gives the students simple information. Students listen, they nod their heads approvingly. Then the teacher asks questions and prompts the answers "yes" - "no." Then there are answers from two or three words, phrases, remarks, sentences, broad explanations.

Stage 2. Grammatical accuracy at the beginning of the course is very low, but with time it increases. Students can respond in their native language. They are not forced to give answers, but wait until they are ready to respond. Errors in such answers do not correct; the teacher delicately suggests the answer in the correct form.

Stage 3. Classroom activities are conducted around topics of interest to the student, and not around grammatical problems.

For a better understanding of the differences between the methods of learning and the perception of foreign languages, it is useful to compare their comparative characteristics. For this purpose, popular methods are well suited: audio-colloquial and communicative (natural).

Comparison of the differences between the methods of teaching foreign languages.

#### 1 Audio-speaking

The study proceeds in a conscious way by mastering the formal rules of the language.

#### Useful:

- reticatory knowledge of dialogues
- formal lectures (reports)
- exercises with paradinms;
- repetition of words, intonations;
- replacement of paradigmatic words;
- memorizing dialogues;
- choral exercises in the classroom;
- reading texts for memorization
- new words, grammatical
- revolutions

#### Communicative (natural)

Perception of the language goes subconsciously by grasping the language of communication in everyday life.

#### Useful:

- internal understanding of the language;

- formal tendencies inhibit the perception of the language;
- typical examples of communication are given;
- mental tasks: to finish the sentence, to give a logical conclusion, to explain the sentence, the word;

Dialogues - a model for your own conversation with a partner;

- own work on any topic;
- reading - for enjoyment, humor, with a cognitive purpose.

Benefits of methods

Repetition in chorus reduces fear and helps to learn good pronunciation.

Choral exercises attract all students simultaneously, and there is no time lost for individual contacts in the classroom.

Formal repetition of words and phrases helps students to easily remember them. The teacher does not frighten the model, but positively influences the perception of the language.

The creative approach interests students and activates their imagination.

The types of conversation models are helped to remember when communicating and listening to different pairs.

#### References:

1. Chronicle Encyclopedia of History ( CD-ROM)
2. <http://en.wikipedia.org/wiki/>
3. De Young, Chris A. "American Education", McGraw Hill Book Co., New York 1992
4. Henderson, Algo D. "Higher Education in America", Washington, 1995
5. Tomakhin G.D. Across the United States of America. – М. Просвещение, 1980

ӘОЖ 81' 373.611

## ӘДЕБИЕТТІК ОҚУДЫ ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА БОЙЫНША ОҚЫТУ

ф.ғ.к., доцент Байымбетова Ж.А.

Шымкент, Қазақстан

*Резюме*

*В статье рассматриваются методы обучения литературному чтению по обновленной программе*

*Summary*

*The article discusses the teaching of literary reading according to the updated program*

Ана тілі халықтың замандар бойы жинаған қазынасы, тарихы мен мәдениетінің әрі айнасы, әрі шежіресі, өзін де, өзгені де танып білетін негізгі құралы. Ана тілі – барлық ғылым мен білімді үйренудің негізі. «Ана тілі» пәнінің маңызы туралы Ж.Аймауытов былай дейді: «Оқытатын пәндердің бәрін бірдей керекті, бәрін қаусырып, орап алатын пән ана тілі екені даусыз. Ана тілін жақсы меңгеріп алмай, өзге пәндерді түсіну мүмкін емес. Ана тілі халық болып жасағаннан бергі жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін мәңгі құламайтын бәйтерек...»



Бастауышта оқушылардың ақыл-ойын дамытуда жаңартылған бағдарламалар, заманауи технологиялардың алатын орны ерекше. Заманауи технологияларды жаңа сабақта тиімді қолдану оқушылардың танымдық қабілеттері, ақыл-ой әрекеттері, жеке шығармашылықпен жеке ой қалыптасу, сөйлеу машығын игеруіне, таным белсенділіктері мен ақыл-ойы өсіп жетілуіне, адамгершілік қасиеттерін бойына сіңіруіне ықпал етеді. Заманауи технологияларды тиімді қолдану ақыл-ойдың, зейіннің дамуына өз ықпалын тигізіп, оның таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Ақыл-ойдың дамуынсыз дүниеге адамгершілікті көзқарас, саналы сезім, тәртіп және дұрыс мінез-құлық, еңбек, қоғам құбылысы, тіршілік ету ортасы мәселелерін шешу мүмкін емес[1,118].

Жаңартылған оқу бағдарламасында пән мазмұнын жобалаудың спиральділік ұстанымы, яғни білім мен біліктілікті арттыруда оқу материалын тігінен, сондай-ақ көлденеңінен біртіндеп кеңейту (білімді тақырыптар бойынша және сыныптар бойынша күрделендіру), таным заңдылығы мен пәндік амал-тәсілдердің неғұрлым маңызды түрлері бойынша ойлау дағдыларының деңгейлеріне негізделген Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы қарастырылған. Білім беру деңгейлері және тұтас оқыту курсы бойынша педагогикалық мақсаттардың пәнішілік байланыстарын барынша ескеруге мүмкіндік беру, бір білім саласы пәндері арасында, сондай-ақ пәнаралық байланысты жүзеге асыру барысында «ортақ тақырыптардың» болуы көзделген.

Бастауыш мектеп - оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезең. Бастауыш білім үздіксіз білім берудің алғашқы баспалдағы, қиын да жауапты іс. Бастауышқа арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Жаңартылған білім жүйесі – құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ-ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) үйретеді.

Бірінші сынып «Ана тілінде» жаттығулар мен тапсырмалар мынадай үш деңгейде берілген, олар арнайы таңбамен белгіленген: үлгі бойынша, ізденушілік, шығармашылық деңгейдегі жаттығулар.

Іштен оқуға үйретудің маңызы зор. Тек дауыстап оқуға үйренген бала мектептің негізгі білім жүйесіне көшкен кезде көп қиыншылыққа кездеседі. Біріншіден, оқушы сабаққа дайындалу үшін жеке өзі ғана болуы керек. Дауыстап оқып отырса, қалған оқушыларға зияны тиеді. Оқу залдарында сабаққа дайындалу қиынға түседі. Екіншіден оқу шапшаңдығы дамымайды. Дауыстап оқығаннан гөрі іштей оқу жылдамдығы артады. Мысалы: 2-сыныпта

дауыстап оқығанда, оқу шапшаңдығы минутына 35-50 сөз болса, іштен оқығанда, оқу шапшаңдығы 46-60 сөз болады. 3-сыныпта дауыстап оқығанда, минутына 60-75 сөз болса, іштен оқығанда, оқу шапшаңдығы 80-100 болады. 2,3,4- сыныптарда оқудың екі түрі де қабаттаса жүргізіледі. 3-4 сыныпта дауыстап оқудан гөрі іштей оқуға баса назар аударған жөн. Оқушыларға жаңа материалды өздігінен іштей оқып түсіну қиын. Сондықтан тексті іштен оқуға тапсырмас бұрын саналы, түсініп оқуға дайындық жұмыстары жүргізіледі. Жаңа тексті алдымен дауыстап оқытып, содан соң ғана іштен оқуға нұсқау беруге болады[2].

Екінші сыныпқа арналған оқулыққа іріктеліп алынған материалдар негізінен халық ауыз әдебиеті үлгілері, көрнекті ақын-жазушыларымыздың шығармалары мен үзінділер, сонымен бірге танымдық маңызы жоғары кейбір ғылыми очерктер мен үзінділер, мақалалар болып табылады. Оқулыққа енген материалдар құрылымы жағынан тақырыптық принципке сәйкес орналастырылған.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі – спиральді қағидатпен берілуі. Бастауыш сынып білім алушыларының көркем шығарманы сезіммен қабылдауы, түсінуі, санасында қайта жаңғырта алуы және шығармадан қабылдағанын өзінің шығармашылық әрекетінде жүзеге асыруға ұмтылуы арқылы функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқу бағдарламасында әдеби-шығармашылық қабілеттерін дамыту қарастырылған. Оқу бағдарламасы бойынша қажетті талапты орындап жүрген оқушылардың көркем әдебиетке деген қызығушылығы бар ма немесе оқығандары арқылы өмірлік дағдылар қалыптастыра алды ма деген сұраққа жауап ретінде Л.Выготский: «Мектепте ғылымға бағытталған жұмысқа, ережені жаттауға қабілеті аз адам, өз қызығушылығын оятатын белгілі бір іс-әрекет саласында өте дарынды және қабілетті болуы мүмкін. Егер мұғалім бір нәрсені жақсы меңгертуді ойласа, оның қызықты болуын қамтамасыз етуі керек», - деген сөзін алуға болады. Білім берудің жаңа мазмұны оқушы мен мұғалімді үздіксіз білім алуға қажеттілігін, жаңа білім игерудегі шығармашылық қарым-қатынасын, өз еркінше білім мен іскерліктерін қалыптастыруға негізделеді

Оқушының мәтіндегі көркем сөзді түсіну механизмін психологиядағы ассоциациялық ұстаныммен түсіндіруге болады. М.Мұқановтың түсіндіруі бойынша ассоциациялық ұстанымды жүзеге асыру тәсілдері: көршілестік ассоциациясы, ұқсастық ассоциациясы, қарама-қарсы ассоциациясы, себеп ассоциациясы. Көршілестік ассоциациясының осылай аталу себебі – нәрсені екінші көршілес нәрсемен бірге қабылдайтындықтан. 2-4 сынып оқушылары үшін сол жастағы баланың іс-әрекеті сюжеттік оқиға ретінде суреттелген мәтіндердің таңдап алынуы көршілестік ассоциациясының көрнекті мысалы бола алады. Мысалы, Д. Қасеновтың «Өкініш» әңгімесіндегі Аңсардың басынан кешкен оқиғасы арқылы нақты өмірде өз бастарында болған көршілес оқиғаны естеріне түсіруі мүмкін. Міне, осы әңгімедегі Аңсардың көңіл-күйін түсіну өзі де осындай оқиғаны басынан кешкен бала үшін оңай өтеді. Бұл тәсіл көркем

мәтіндегі кейіпкерлер тұлғасын талдау тиімді әрі нәтижелі болмақ. Ұқсастық ассоциациясы мен қарама-қарсы ассоциациялар, әсіресе көркем мәтіндердегі кейіпкерлерге қатысты қолданылған әсерлі сөздерді түсіндіруге жиі қолдануға болады. Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсете білетін тұлғаның үйлесімді қалыптасуына және зияткерлік дамуына қолайлы білім беру ортасын тудыру – жаңартылған білім мазмұнын енгізудің нәтижесі болуы керек.

Бастауыш мектеп оқушысының базалық біліктілігі ретіндегі саналы, дұрыс, жылдам және мәнерлі оқуды меңгеру, оқырмандық ой-өріс қалыптастыру, өз бетінше оқырмандық тәжірибе жинақтау сияқты сапалар дамиды. Кітап оқуға деген қызығушылықтары артып, бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік тәрбиесі молаяды, сезімдері мен ерік-жігері тәрбиеленеді. Қызығушылықты ояту, бұрынғы білімдері мен сезімдеріне немесе әсерлеріне еніп, жаңа білімге мазмұн қалап, болашақта зерттеу жүргізулеріне күш алуларына және орындау керек тапсырмалар жөнінде жеке және топтық түсініктерді қалыптастыруларына көмектеседі. Сонымен қатар, оқушының жаңа идея мен мәліметтерді үйренуге және оны өзіндегі білім негізімен ұштастыруда іштей немесе сырттай белсенді болатын-болмайтындықтарын шешуі де алғашқы фазада іске асады. Мағынаны тану фазасы оқушылар жаңа мәліметпен, идеямен немесе жаңа мазмұнмен кез-келіп қалғанда іске асады.

Талқылау, кітап оқу, бейнетаспа, өнер қойылымдары немесе басқа да нұсқау әдістерінің қайсысы болмасын осы кезеңде іске асады. Оқушылар жаңа идеяны қабылдайды, ескі мен жаңаны ұштастырады, ойлау қабілетін кеңейтіп, не түсінгенін анықтайды. Оқулықтағы ой жалғау, түртіп ал, топтық, жұптық, ұжымдық, сондай-ақ кесте, сурет, сұрақтүрінде кетірілген тапсырмалар - осы кезеңнің тапсырмалары. Ой толғаныс үйрену: процесінің соңғы фазасы болады да, бұл кезде оқушылар алған білімдерін сыртқа шығарып, түсінгендерін өз сөздерімен жеткізіп бере бастайды. Саналы талқылаулар мен білімді тәжірибеде қолдану, жаңа идеялар мен ұғымдарды жинақтаумен, мазмұн жөніндегі өздерінің ашық ұсыныстарымен немесе бір зерттеуді бастаумен айғақталады.

«Әдебиеттік оқу» пәнінен *оқылым* дағдысын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері: көз жүгірте, шолу жасай отырып оқу, шығарманың тақырыбы мен бастапқы бөлігіне сүйене отырып, оқиғаның дамуын болжау, шығарманың негізгі ойы мен бөліктерін анықтай отырып оқу, ақпаратты табу үшін оқу, қызығып оқу және өз көзқарасын айту үшін оқу, мәтінге ауызша және жазбаша шолу жасау, әдебиетпен жұмыс (сұхбатқа сұрақтар мен жауаптар дайындау).

«Әдебиеттік оқу» пәнінен *жазылым* дағдысын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері: тыңдалған және оқылған мәтіннің қысқаша мазмұнын, фильм мен кітаптан алған әсерлерін жазу, оқушыларға таныс ертегі, әңгіме, өлеңдердің қысқаша мазмұнын жазу әдеби шығармадан алынған

көркем, бейнелі сөздерді жазу, әдеби шығармадағы жаңа сөздерден сөздік құрастыру, газет-журналдарға шағын хабарлама мақала жазу, белгілі оқиғаны өз ойынша өзгертіп аяқтау, әдеби шығарма мәтініндегі оқиғаны өз көзқарасымен өзгертіп аяқтау, ақпаратты суреттер мен сызбалар, белгілер, пиктограммалар арқылы беру, сұхбатқа сұрақтар дайындау.

«Әдебиеттік оқу» пәнін меңгеру нәтижелері критериалды бағалауды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Критериалды бағалау оқыту, оқу және бағалаудың өзара тығыз байланысына негізделген. Критериалды бағалау нәтижелері білім беру процесін тиімді жоспарлау және ұйымдастыру мақсатында пайдаланылады.

Критериалды бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалаудан тұрады. *Қалыптастырушы бағалау* үздіксіз өткізіледі, оқушы мен оқытушы арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және оқу процесін дер кезінде түзетуге мүмкіндік береді. *Жиынтық бағалау* белгілі оқу мерзімінде оқу блогін оқып бітіргенде өткізіледі, оқушыларға кері байланысты қамтамасыз ету үшін, пән бойынша тоқсандық және жылдық бағаларды қою үшін қолданылады.

Оқушыларға әдебиеттің құдіретін, оның адам баласы жаратылғаннан бері бірге жасасып келе жатқандығын, мәңгілік жаңарып, жасарып отыратын үрдіс екенін айтып, түсіндіре отырып, сол әдебиетті жасаушылар, ақын – жазушылар туралы, олардың көркем шығармалары жайында айтуымыз керек.

«Көркем шығарма - әдебиеттің құндылығы. Көркем шығарманы оқыту – оқушының сөз қадірін түсінерлік ойлау әрекетін дамыту, рухани дүниесін байыту, эстетикалық талғамын жетілдіру, адамгершілік қасиетін қалыптастыру», - деген болатын әдебиет зерттеуші – ғалым, белгілі жазушы, ұлағатты ұстаз Қажым Жұмалиев.

Әдебиетті оқыту – ғылым саласымен тығыз байланысқан. Себебі, ғылымның қай саласын алсаңыз да теориялық және қолданбалы практикалық мәндес болады деп білсек, әдебиетті оқыту арқылы оқушыға көркем шығарманы оқытуды қалыптастыру әрі теориялық, әрі қолданбалы жүйесін бірлікте қарастырумен қатар оның өнер екендігін де ескерген жөн. Өйткені, игерілуге тиісті ұғым, сөздің мәні, айтылмақ ой – түсінік оқушыға әсер етерліктей болса, ол тиісті деңгейде көңіл толқытып, тереңірек ойланады. Сондай – ақ әсер санаға ерекше ықпал етеді. Әсердің нәтижесі бір жағынан тұлғаны әрекетке итермелесе, екінші жағынан пәнге деген қызығушылықты арттырып, көркем шығарманы оқуға талпындырады.

Бастауыш сыныптардағы оқу бағдарламасы көркем әдеби шығармаларды қамтыған. Әдеби шығарма, түрлі бейнелер, олардың іс-әрекеті арқылы өмірді түсінуге көмектеседі. Жазушының идеясы, көңіл-күйі шығарманың мазмұны арқылы оқушыға беріледі, сөйтіп оларда алуан түрлі сезім, ой туғызады, дүниеге көзқарасын қалыптастырады.

Көркем әдеби шығармалардың мұндай ерекшеліктері бастауыш сыныптарда олардың өзіндік әдістемесін қажет етеді. Мәселен, ертегілерді оқытуды алайық, халық әділеттілік пен адамгершілікті, ақылдылық пен

батырлықты ертеден-ақ өте жоғары бағалап, әңгімеге, ән-жырға арқау етіп отырған. Халықтың ауыздан-ауызға тарап, бізге жеткен ертегі, аңыз әңгімелерінің барлығында да ақылдылық пен ақымақтық, арамзалық пен адалдық, жақсылық пен жауыздық қатар көрсетіледі.

Ертегілердің тәрбиелік маңызы орасан зор. Ертегілерді оқу арқылы балалар қарапайымдылық, кішіпейілділік, қайырымдылық адалдық сияқты қасиеттерді бойына сіңіреді. Ертегінің тілі түсінікті, қанатты сөздер мен бейнелі тіркестерге бай болып келеді. К. Д. Ушинскийдің сөзімен айтқанда, ертегі оқушыны халық қазынасына ендіреді, халық рухымен араластырады. Ертегілерді оқуда мыналар ескерілу қажет: Ертегіні оқу барысында «бұл ойдан шығарылған, өмірде кездеспейді» деудің қажеті жоқ, балықтың, жан-жануарлардың сөйлемейтінін балалардың өздері де біледі, бірақ ертегіде кездесетіндерді қиялдау оларды көңілдендіреді, армандауға үйретеді. Оқушыларды кейіпкерлерге қарапайым мінездеме беруге үйретуде ертегілердің пайдасы мол.

Ертегі кейіпкерлеріне берілетін мінездеме әдетте бір-екі айқын белгілерді көрсетіп, анық түсінікті болып келеді. Қара сөзбен жазылған ертегілер мәтінге жақын үлгімен мазмұндалады. Кейде ертегіні оқымай-ақ, мұғалім оның, мазмұнын қызықты етіп айтып береді. Ертегі балаларды жоспар жасауға үйрету үшін де өте қолайлы. Оны бөлімдерге бөлу, ат қою, қандай суреттер салуға болатынын анықтау т. б. осындай жұмыстарды II—III сынып оқушылары орындай алады.

XXI ғасыр – ғылым ғасыры. Бағдарламаға сәйкес алынған тәсілдерді сабақта тиімді қолданысқа енгізгенде, баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Оқушылар өз ой-пікірін ашық еркін айтады, бір-бірін тыңдауға үйренеді сыныпта ынтымақтастық атмосферасы қалыптасады.

Жаңа технологияларды пайдаланғанда оқушының белсенділігі, мақсатқа ұмтылуы, ақпаратты өзі іздеп табуы, шапшаңдығы мен еркіндігі, шығармашылдығы, көңіл-күйінің көтеріңкі болуы қамтамасыз етілуі тиіс.

#### **Әдебиеттер**

1 Селевко Г. К. Авторские программы, педагогические технологии, инновационные школы. – Ярославль: Изд-во ИПК ПиРРО, 1997. [12, б.192]

2 Тұрдалиева Г. Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Астана. – 2012. – 80 б. УДК 72.881.116.11

### **КОММУНИКАТИВНЫЙ МЕТОД ОБУЧЕНИЯ РУССКОМУ ЯЗЫКУ**

**Егинбаева Г. Б.**

методист русского языка и литературы районного отдела образования, учительница  
ОСШ имени А. Байтурсынова. Сайрамского района. Туркестанской области.

Казахстан.

*Түйін*

*Мақалада орыс тілін оқытудың коммуникативтік әдісіне сипаттама бере отырып, осы күнде қолданудың теориялық негізін жасаған*

*Summary*

*This article discusses the communicative method of teaching the Russian language*

История обучения второму языку насчитывает столетие. При этом методика обучения много раз менялась, делалась ставка то на чтение, то на перевод, то на комбинацию этих процессов.

Сегодня меняется школа, меняется учитель, его отношение к труду и ученикам. Это относится и к учителям русского языка и литературы. Русский язык остаётся средством межнационального общения, приобщения к мировой литературе.

Я. А. Каменский (1592-1670) писал: «Повара на кухне, служители при обозе, мастеровые, делая своё дело или находясь при войске, во время походов быстрее усваивают чужой язык, даже два или три, чем питомцы школ при полнейшем досуге и величайшем напряжении. Подобная непроизводительная трата времени и трудов может происходить не иначе, как вследствие неправильного метода. Где выход?» [1].

Технология коммуникативного обучения - это обучение на основе общения. Обучение на основе общения является сущностью всех интенсивных технологии обучения иностранному языку. Интенсивная технология разработана Болгарским учёным Георгием Лозановым.

При всем различий методологий и технологий обучения все эти учёные внесли в теорию и практику много ценного. Как известно, все чему обучается человек, он приобретает для того, чтобы использовать в предстоящей деятельности. Использование знаний, умений, навыков основано на переносе. А перенос зависит от того, насколько адекватны условия обучения тем условиям, в которых эти знания, умения, навыки предполагается использовать. Следовательно, готовить учащегося к участию в процессе иноязычного общения, созданных в классе. Это определяет сущность коммуникативного обучения, которая заключается в том, что процесс обучения является моделью процесса общения.

Учителя чаще употребляют комбинированный метод, репродуктивный, частично-поисковый, проблемного изложения, исследовательный. Существует много различных классификаций. Но сейчас, когда перед методикой русского языка в суверенном Казахстане встали новые задачи, которые определяется социальным заказом общества, наиболее предпочтительным признан коммуникативно-сознательный метод, нацеливающий процесс обучение на сознательное овладение учащимся системой русского языка в целях общения в различных ситуациях, этот метод лёг в основу в учебных программ по русскому языку в казахских школах, так как в них усиливается практическая направленность обучения, учебный материал подается комплексно и с учетом возрастных языковых возможностей учащихся.

Как построить конкретный урок по этой методике? С позиций коммуникативности методическое содержание урока обучение второму языку определяется 5 основными положениями:

1. Индивидуализация;
2. Речевая направленность

3. Ситуативность
4. Функциональность
5. Новизна.

Таким образом, коммуникативное обучение предполагает прежде всего, личностную индивидуализацию. А это значит, что VI свойств личности ученика: мировоззрение, жизненный опыт, контекст действительности, интересы и склонности, эмоции и чувства, статус личности. В коллективе, - должны использоваться учителем на уроке, т. е. эти свойства учитываются (учителем) при выполнении упражнений и заданий.

Индивидуализированные задания удобно задавать на дом. В этом случае происходит сочетание индивидуального обучения с групповым, ученик рассказывает в классе то, что выучил дома. Поскольку его товарищи не знакомы с содержанием его рассказа, то интересно и им, и рассказу. Все ученики готовят по очереди рассказы, о том чем они интересуются.

Коммуникативное обучение предполагает учет на уроке всех индивидуальных особенностей ученика, этот учет реализуется в дифференцированном подходе к учащимся. В нем 2 варианта:

1. Класс получает одно общее задание, но помощь разным учащимся оказывается разная;

2. Разные группы учащихся получают разные задания, которые взаимно дополняют друг друга при последующем выходе на класс. Если один любит спорт, а другой - музыку, то и задание надо давать соответствующие.

Речевая направленность прежде всего, означает практическую ориентацию урока, как и обучение в целях.

Это значит, что научиться говорить можно говоря, слушать - слушая, читать - читая.

Каждый урок должен решать какие-то конкретные практические задачи и приближать ученика к цели: не только учителю, но и ученикам надо знать, каким речевым навыкам или каким умением они овладеют к концу урока.

Обобщая, можно сформулировать положения, которыми должен руководствоваться учитель:

1. Абсолютным средством формирования и развития, умения общаться следует признать постоянную речевую практику учащихся в общении.

2. Вся работа учащегося на уроке должна соотноситься с целью, которую ученик понял и принял как свою цель

3. Любое речевое действие учащегося на уроке должно быть целенаправленным в плане воздействия на собеседника.

4. Любое речевое действие учащегося на уроке должен быть мотивированным.

5. Любой урок должен быть речевым как по замыслу, так и по организации исполнения.

Третьим из пяти положений урока по коммуникативной методике является ситуативность.

Принципы построения и содержания:

1. Речевая направленность т.е. общение, что означает практическую ориентацию урока. Правомерны лишь уроки на языке, а не о языке. Путь от грамматики к языку прочный не оправдывает себя. Научить говорить можно только говоря, слушать, слушая, читать, читая.

Чем больше упражнений подобных реальному общению, тем эффективнее урок. В речевых упражнениях происходит главное дозированное и вместе с тем стремительное накопление большого объёма лексики и грамматики с медленной реализацией. Не допускается ни одна фраза, которую нельзя было бы использовать в условиях реального общения.

2. Функциональность предполагает, что как слова, что и грамматические формы усваивают сразу в деятельности.

Учащиеся выполняют какую-то речевую задачу - подтверждается мысль, сомневается в услышанном, спрашивает о чём-то, побуждает собеседника к действию и в процессе этого усваивает необходимые слова или грамматические формы.

3. Ситуативность –ролевая организация учебного процесса. Принципиально важным является отбор и организация материала на основе ситуаций и проблемы общения, которые интересуют учащихся любого возраста.

Чтобы усвоить язык нужно изучать не язык, а окружающий мир с его помощью, желание говорить у ученика возникает возникает только в реальной или в о созданной ситуации, затрагивающей говорящих.

4. Новизна – она проявляется в различных компонентах урока. Это прежде всего новизна речевых ситуации (смена предмета общения, проблемы обсуждения, речевого партнёра, условия общения, и т.д. Это новизна, используемого нового материала (его информативность) новизна организации урока (его формы) и разнообразие в приёмов работы. В этих случаях ученики не получают прямых указаний для запоминаний, он становится необычным продуктом речевой деятельности с материалом (непроизвольное запоминание).

5. Личностная ориентация общения. Речь никогда не бывает безумной, любой человек отличается друг от друга своими природными свойствами и умением осуществлять учебную и речевую деятельность и своими характеристиками как личность.

Коммуникативное обучение предполагает учёт всех личностных характеристик, ибо только таким путём могут быть условия общения вызвана коммуникативная мотивация обеспечению. Целенаправленность говорения, сформированы взаимоотношения.

Коллективное взаимодействие – такой способ организации процесса, при котором ученики активно общаются друг с другом и с условием успеха каждого является успехи остальных.

6. Моделирование – объём страноведческих и лингвистических знаний очень велик и не может быть усвоено в роликах, отобрать тот объём знаний,



который будет необходим, чтобы представить культуру страны и системы языка в концентрированном модельном виде. Содержательную сторону языка должны составлять проблемы, а не темы [2].

Задачи – пообещать, предположить и т.п. Речевая деятельность имеет 3 стороны: семантическую (лексическую), структурную (грамматическую), произносительную. Они неразрывно связаны в процессе говорения. Отсюда, во – первых, при обучении речевой деятельности нельзя усваивать слова в отрыве от их форм, грамматические явления – вне их воплощения в словах, произношение – вне функциональных речевых единиц. Необходимо стремиться к тому, чтобы в абсолютном большинстве упражнений усваивались речевые единицы. (это может быть и слово, и словосочетание, и фраза, и сверхфразовое единство), чтобы не отвлекать ученика постоянными объяснениями. Если ученик в упражнении отвечает на ваши вопросы, возражает вам или подтверждает вашу мысль, то можно формулировать ваши речники так, чтобы в них последовательно использовались либо грамматическое (фонетическое) явление, подлежащее автоматизации, либо необходимые слова. Когда упражнение организовано правильно, ученик забывает (а то и не подозревает), что он что – то усваивает: он говорит.

Таким образом, уроки только по материалу должны быть лексическими, грамматическими, по – духу они должны быть речевыми.

Итак, функциональность диктует соблюдение следующих правил обучения:

1. Ведущей в усвоении лексических единиц или грамматических явлений (речевых образцов) является их функции, а не форма.

2. В установках упражнений при обучении всем видом речевой деятельности следует использовать все разнообразие речевых задач [3].

Функциональный подход требует другого: «Ребята, должен сказать учитель – если вы хотите сказать, чем будете заниматься после школы сегодня, завтра, через месяц и т.д. И в будущем то используйте для этого вот такую форму...»

Показав образец, учитель предлагает условно – речевые предложения, в которых ученик каждый раз получает новую речевую задачу. « Пообещай, что ты сделаешь то, о чем тебя просят»

« Вырази предположение о том, что сделает твой товарищ в следующих случаях...» и т.д.

В результате форма будущего времени прочно ассоциируется в сознании ученика с функциями обещания, предположения и т.д., а следовательно, будет вызываться всякий раз, как только в речевой деятельности (в ситуации) речевой задачи – пообещать, предположить и т.д.

В заключении хочу сказать, использование в обучении русского языка новых технологий позволяет формировать специальные навыки у детей с различными показательными способностями, позволяет делать уроки

более наглядными, более эффективными с точки зрения обучения и развития учащихся, облегчает работу учителя на уроке и способствует формированию ключевых компетенций учащихся.

Я глубоко убеждена, что современный учитель должен в полной мере использовать те возможности, которые нам предоставляют современные технологии, чтобы повысить эффективность педагогической деятельности.

#### Литература

1. Сборник статей. Урок русского языка. М., «Просвещение». 1992.
2. Кунакова К.У. Русская речь. – А., Атамұра. 2007. К.У.Кунакова.
3. Умеркулова В.Ж., Зеленкова Т.И. Методические рекомендации. - Кызылорда, 2011.

ОӘЖ 81 373.6.27

## АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

Раймқулов Н.А.

Аудандық білім бөлімінің ағылшын тілі пәні бойынша әдіскері, № 31 Бәйдібек ЖОМ мұғалімі.  
Сайрам ауданы. Түркістан облысы. Қазақстан

#### Резюме

*В данной статье рассматриваются инновационные методы преподавания английского языка в школе.*

#### Summary

*This article discusses innovative methods of teaching English at school.*

XXI ғасыр білім мен ғылымды игеруді жаңаша ойлау, жаңаша жасау ғасыры. Осы тұрғыдан білім мен ғылымды инновациялық технология бағытымен дамыту үлкен үміттің басты себепкері болмақ. Келешек ұрпақтың білімді болуы, ол халықтың болашағы бұлыңғыр да, көмескі болмайды, жас ұрпаққа саналы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру бүгінгі күннің міндеті.

Қазақстан республикасының тәуелсіз елге айналып, әлемдік өркениеттің даму жолына түсуі, ағылшын тілін меңгеруді жолға қою мақсатында ерте жастан оқыту қолға алынып отыр.

Қазіргі таңда еліміздің барлық дерлік мектептерінде білімнің жаңа жүйесі енгізіліп жатыр. Мұндағы негізгі мақсат - жаһандандыру заманында білімнің бүкіләлемдік кеңістігіне ену. Осыған орай, білімнің мазмұны да, оған қойылатын талаптар да өзгереді. Сол себепті қазір мектепте оқытудың жаңа технологиялары қолданыла бастады. Онсыз жаңа сатыларға көтерілу, білім сапасын арттыру әсте мүмкін емес. Сондықтан жаңашылдық керек, яғни инновациялық жүйе негізінде мектеп оқушыларының белсенділігін арттыру, өзіне сенімділігін қалыптастыру, танымдық шығармашылық қабілетін дамыту олардың белсенділік - сенімділік сапаларын диагностикалық әдіс-тәсілдерімен анықтауға, сабақта, сабақтан тыс уақытта өз ойын еркін жеткізе білуге үйретуге,

қоғамда болып жатқан оқиғаларға қатысты көзқарастарының болуына, инновациялық тәртіп нормаларын, белгілерін көрсеткіштерге анықтауға көмегін тигізеді.

Жалпы білім беретін мектептердің педагогикалық үрдісін жақсарту бірінші мәселе болса, жасыратыны жоқ, бұрын оқыту ісіне бір жақты қарап, оқытуды тек сабақты жақсы беру деп санап келдік. Соның салдарынан барлық ауыртпалық мұғалімге түсті. Мұғалім өзі түсіндіреді, сұрайды, қосымшалармен толықтырады. Бұрынғы дәстүрлі оқыту жүйесінің тозығын да, озығын да қайта қарап, оқытудың жаңа инновациялық жүйесін ендірудің уақыты жетті. Білім беру саласының барлық жағына жаңаша ойлау, жаңаша қарым-қатынас, жаңаша көзқарас қалыптастыру керек. Осындай инновациялық жүйеге негізделген әрбір сабақтың өзіндік құндылықтары бар.

Қоғам мұғалімнің біліктілік деңгейіне де, ішкі жан дүниесіне де жаңаша талап қойып отыр. Себебі бүгінгі ұрпақтан келешек зор үміт күтіп отыр. Мектеп өміріндегі басты тұлға мұғалім, осы мұғалімнің алдындағы тұрған басты мақсат рухани жан дүниесі бай, жан - жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Ағылшын тілін оқытуда оқушы санасына шет тілінің сан қилы әдіс-тәсілдерін тиімді жеткізу қажет болады және де заман талабына жаңаша ойлау, жаңаша игерту қажет болады. Оқушының оқу дағдысын қалыптастыруда жалпы жазба тілі мен ауызекі сөйлеу тіліне тікелей байланысты.

Оқушыларды шығармашылықпен ойлауға тәрбиелеу мұғалімнің міндеті. Сондықтан бұл жұмыс түріне ерекше талап қою керек. Мазмұндауға үйрету, жазбаша сұрақтарға жауап беруге үйрету, жоспар құруға, белгілі бір суретке немесе бір мәтінге тақырып қоюға, сол суретке қарап сөйлем құрауға, мұғалімнің көмегімен өздерінің ойларын, қызықты іс-әрекеттерін әңгімелеуге үйрету. Бұл дағдыларды қалыптастыру үшін ерінбей еңбек еткенде ғана нәтижесін де қол жеткізе алады. Оқушыға сабақ бере отырып, біз әдіс-тәсілдерді игеріп жатырмыз. Шет тілін жетік меңгеруіне сабақта сын тұрғысынан ойлауды дамыту әдіс темесін пайдаланудың көмегі зор. Бұл технология бойынша оқушы өз ойын ортаға салып, сөйлеу тілін дамытуға және сөздік қорын молайтуға жетелейді. Оқушылар сабақта берілген сөздердің көмегімен өздері мәтін құрайды.

Ең бірінші сатыда шетел тілін оқытудағы бір негізгі аспект ол ойын элементтерін тиімді пайдалану болып табылады. Ойын арқылы өмірлік тәжірибені меңгереді,

сондықтан әр сабақ процесінде қандай дидактикалық ойын қолдануға болатынын сабақтың мазмұнына, мақсатына жас ерекшелігіне сәйкес таңдау керек. Ойын арқылы баланың өтіп жатқан тақырыпты қаншалықты деңгейде меңгергендігі байқалады. Ойын үстінде сабағы мүлдем нашар, сөйлемейтін оқушының өзін-өзі жан-жақты көрсеткісі келіп, жолдастарымен мұғалімімен қарым-қатынасын жақсартады, сөйлеу дағдысын байытады. Ойын баланың жеке ерекшелік қасиеттерінің дамуына, ішкі жан дүниесінің жаңаруына, пәнге деген қызығушылығын оятады. Ойын шет тілін үйретудің басты нысаны. Ойын оқушының байқампаздығын жетілдіреді. Осыдан соң ойын араласқан сабақтың жаңа түрін ойлап табу мұғалім шығармашылық белсенділігі талап етіледі. Ойындар оқушының жеке тұлғасын қалыптастырып ынтымаққа, бірлікке баулиды. Баланы оқыту, балаға берілетін білімнің сапасын арттыру, сабақтың жаңа заманға сай жаңаша сипатын күшейте түсу, оқушының пәнге сүйіспеншілігін дамыту әр пән мұғалімінің біліміне, ізденімпаздығы мен шеберлігіне байланысты.

Шет тілін үйрену әрекеті оқып үйренудің барлық деңгейінде тұлғалық бағыттағы іс-әрекеттерді қамтуы керек. Бұл дегеніміз барлық көңіл үйренуші де, яғни оқушының тұлғалық қасиеттерін шет тілін үйрету әдістеріне байланыстыра оқыту болып табылады деген сөз. Оқытудың негізі ретінде шет тілінде сөйлеу әрекеті үшін оқытудың сөйлеу, тыңдап түсіну, көру, жазу оқушылардың жас ерекшеліктері мен қабылдау қабілеті, білім деңгейіне қарай олардың оқып үйренетін белсенді сөздік қоры анықталады. Ағылшын тілін үйретуде алынатын материалдар тақырыпқа байланысты белгілі бір жүйеде оқытылып келеді. Мысалы: тақырыпқа байланысты сөздік қор көлемі алынса, онымен қоса берілген мәтінде кездесетін жаңа сөздер, жаңа сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жасалған зат есім, сын есім немесе етістіктер түсіндіріледі. Жақсы нәтижеге жету үшін әр сабақта сөйлеу мәнері, грамматика, сөйлеу тілі және ауызекі тілді естіп қабылдау жұмыстарын орындап отырған жөн.

Ал жаңа грамматикалық материалды сөйлеу тілінде қолдану және оны есту арқылы түсінуге арналған үйретуші жаттығуларының маңызы ерекше. Мұндай жаттығулар оқушының есте сақтау қабілетін дамыта түседі.

Ағылшын тілін үйретуде кезекті сабаққа дейін өтілетін деректер жүйеленіп, яғни грамматикалық тұрғыдан да топтастырылып алынып отыруы керек. Сонымен қатар тілді оқып

үйренуде айтарлықтай қиындықтар тудыратын ағылшын тіліне тән тіл дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыруды әрдайым жалғастыра жүргізіп отыру тиімді.

Біздер ағылшын тілі пәні мұғалімдері қазіргі кезде ағылшын тілін оқыту сапасын жақсарту мақсатында тіл үйрету саласында әлемдік озық тәжірибелерді, жаңа технологиялық әдістерді барынша қолдануға тырысамыз. Бұл технологиялық әдістерді оқытудағы алға қойған мақсат оқушының біртұтас жүйе ретінде белгілі бір бағытта дамуына мүмкіндік беру жаңа модульдік жүйенің негізгі идеясы; тұлғалық бағдарлық білім беруге; түсіндіруден түсінуге; монологтан диалогқа; әлеуметтік бақылаудан дамытуға басқарудан, өзін-өзі басқаруға көшуге бағытталған. Ал мұғалімнің негізгі міндеттері;

- Қарым-қатынас орнату;
- Оқушылардың өзара әрекеттестігіне жол ашу;
- Оларға шығармашылық еркіндік беру.

Модульдік жүйе оқушылардың оқу әрекетінің белсенділігін арттырады және кез-келген материалды дидактикалық тұрғыдан талдай білуді, материалды топтай отырып қорытындылауды, түйіндей алуды, ең негізгісі мен маңыздысын ажырата білуді дағдыландырады.

## XXI

Ғасыр оқыту үрдісіне жаңа педагогикалық технологияны пайдалануды талап етіп отыр. Интерактивті әдіс оқытудың мазмұнын жетілдіріп, олардың бірлігін қамтамсыз етеді. Елде болып жатқан саяси, экономикалық, әлеуметтік және басқада заңды үрдістегі өзгерістер білім жүйесіне сол өзгерістер негізінде дамытуды талап етіп отыр.

Жаңа педагогикалық технология оқушылардың сабақ барысындағы белсенділігін арттыруға тікелей әсер етеді. Осы тұрғыдан қарағанда «Интерактивті әдіс» маңызды орын алады. Бұл әдіспен оқытудың басты мақсаты оқушыларды өз бетінше ой қорытып, жауап табуға үйрету. Яғни интерактивті тапсырманы орындау, процесті басқару және ойлау тәжірибесін дамыту және сол тәжірибелерді дамытуға бағытталуы болып табылады. Оқушыларды сабақ кезінде барынша белсенділік танытуға тарта отырып, олардың сондай белсенділігін арттыруға мүмкіндік жасайтын әдістемелік амалдарды интерактивті деп атайды. Сонымен қатар, сабақ барысында оқушылар мен мұғалімдер арасында тығыз қарым-қатынас орнайтын болса, мұндай оқытуды интерактивті оқыту дейміз. Мұндай қарым-қатынаста оқушылар нақты мәселені талқылап, соның шешімін тапқан кезде байқалады. Оқушылардың жауаптарынан гөрі мәселенің шешімін табуға талпынғаны маңыздырақ.

Өйткені интерактивті тақтаның оқытудың басты мақсатының өзі сол оқушыларды өз бетінше ой қорытып, жауап табуға үйрету.

Интерактивті әдіс өзара қарым-қатынастың мол ауқымын қамтиды. Дегенмен мұғалімдердің өзіндік тәжірибелері білім берудің негізгі көзі болып табылады.

Интерактивті әдістемені белсенді түрде қолданатын мұғалімдер білім беру жүйесі әсіресе қарым-қатынас процесінде сәтті жүреді деп есептейді.

Жалпы инновация дегеніміз, жаңа мазмұнды ұйымдастыру, жаңалық енгізу, жаңа үлгілердің бағытындағы нақты әрекет, нақтыланған мөлшердің шетінен шығатын кәсіптік іс-әрекеттің жаңа сапалы деңгейге көтерілуі, жаңа нәтижені қамтамасыз ететін теориялық, технологиялық және педагогикалық іс-әрекеттің біртұтас бағдарламасы.

Инновациялық іс-әрекет педагогикалық еңбектің сапасын арттыратын оқу-тәрбие үрдісін жаңа бағытта құру біршама түбегейлі өзгерістермен ерекшеленетін жанаша іс-әрекет.

Технология - қандайда бір істе, өнерде қолданылатын амал-тәсілдердің жиынтығы, дидактикалық жүйенің құрамдас бөлігі.

Педагогикалық технология тұтас педагогикалық үрдісінің мақсаты үшін оқушы мен мұғалімге бірдей қолайлы жағдай тудыра отырып заманауи оқу құрал-жабдықтарын, әдістемелік кешендерді жүйелі пайдалануды көздейтін мұғалім мен оқушының бірлескен іс-әрекетін жобалаудың жан-жақты ойластырған жүйесі.

Инновациялық үрдіс - білім беру жүйесін жақсарту және дамыту ғана емес, қоғамның, Қазақстанның өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында жаңа қоғамның, жаңа әлемнің жаңа мұғалімі қажеттілігінен туындаған үрдіс.

Құзыреттілік білім беру жағдайындағы инновациялық үрдіс - нысананың педагогикалық идеяның, деректер мен тұжырымдамалардың, теорияның, әдіс-тәсілдердің жаңа сапалық өзгерістерін қамтамасыз ететін үрдіс, педагогикалық қауымдастықтың сұранысын қанағаттандыратын, қоғамдық педагогикалық құндылықтарына сәйкес жаңаны меңгеру, қолдану, талдау, салыстырмалы бағалау.

Қоғамдағы білім беру саласындағы инновациялық үрдістер мен реформалар педагогика ғылымына инновациялық білім, инновациялық даярлық, инновациялық іс-әрекет, инновациялық технология, мұғалімнің инновациялық даярлығы және т.б. жаңа ұғымдарды өмірге алып келді.

Қорыта айтқанда, еліміз егемендігін алып өз алдына тәуелсіз мемлекет болғанына біршама жылдың жүзі болды. Осы уақыт аралығында көптеген шет ел мемлекеттерімен сан түрлі қарым-қатынастар жасалып жатыр.

Алдағы уақытта мұндай қатынастар толастамақ емес.  
Болашақ ұрпақтарымыз дүниенің төрт бұрышына қанат қақпақ,  
олай болса сол шет елдің тілінен, дінінен,  
мәдениетінен сусындап игеру қажет.  
Осы тұрғыдан шет тілдерді игерудің инновациялық тәсілдерімен оқушылар  
ға немесе басқа да қызметкерлерге тиімді жаңаша тәсілдермен жеткізген д  
ұрыс деп білемін!

#### Әдебиеттер

1. Морева Н. А. Педагогика среднего профессионального образования. - М.: Академия, 2001.
2. Захарова И. Г. Информационные технологии в образовании: Учеб. пособие для студ.высш. учеб. заведений. М.: Академия, 2003.

ОӘЖ 821.512.01

### ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Садиков Т. К.

Аудандық білім бөлімінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні әдіскері,  
Сайрам ауданы. Түркістан облысы. Қазақстан

#### Резюме

*В данной статье рассматриваются методы обучения риторике в школе*

#### Summary

*This article discusses the methods of teaching rhetoric in school*

Шешендік өнер – қазақ ауыз әдебиетіндегі шағын дидактикалық жанр. Сөйлеу тілінде қалыптасқан көркем де әсерлі, мағыналы да мәнді шешендік сөздер этнограф-тарихшылардың зерттеулеріне қарағанда өте ертеде, рулық қоғамдық құрылыс кезінде пайда болған. Шешендік өнері ерекше дамыған Қытай, Таяу Шығыс, Көне түркі, Греция, Рим т.б. елдерде шешендік сөздердің авторлары (Демосфен, М.Т. Цицерон, Солон, Сократ, Аристотель т.б.) белгілі.

Шешендік өнер туралы ілім риторика деп аталады. Риторика – тыңдаушыны қалайда сендіре білу өнері. Ол ғылым ретінде біздің жыл санауымыздан V ғасыр бұрын қалыптаса бастаған. Риторика ғылымының негізін қалаушы грек софисі - Протагор. «Софист» деген сөз «данышпан», «дана» деген ұғымды білдіреді.

Қазіргі АҚШ білім беру жүйесінде «Сөйлеу» атты жаңа пән пайда болып, ол пәннің басты мақсаттары мынандай болып белгіленген:

- шешендіктану тарихын «тірілту»;
- әдеби-көркем үлгілерді кең түрде меңгерту;
- мектеп театрын жандандыру;
- әдеби тақырыптарда дикламация (көркем сөз оқу шебері) мен жазбаша шығармалар жазу;
- тыңнан (сөйлеу) тақырыптар таба білу;
- ойды сөзбен әсем де, әсерлі көркемдей білу;
- ойды композициялық құрылымын шебер қарастыра білу;
- сөйлеуде белсенділік дағдыларын оқушыларға игерту.

АҚШ-та шешендіктануда «Сөйлеу» пәнінің қатысым теориясының заңдылықтарымен біріктіре қарастырып жатқаны сипатталады. Осы пәнде жеке адамдарға шешендік өнерді үйретудің негізгі формалары ретінде мынандай жайттар ұсынылады:

1. Қатысымдағы сөйлеушілердің арасындағы өзара қатынас - риторикалық этика;
2. Сөйлеу барысында жалпы мазмұнын бағалау, контент-талдау;
3. Сөйлеуді қабылдаудың психологиялық және әлеуметтік салаларындағы факторлық талдау;
4. Қазіргі кездегі сөз иесінің әрекетінің белсенді болуын және оның жобаларын алға жетелеу мақсатындағы даярлық [1].

Шешендік өнерді оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану арқылы оқушыларды елжандылыққа тәрбиелеудің таптырмас құралы. Мектепте шешендік өнерді оқыту арқылы оқушыда мынандай тәрбиені қалыптастыруға болады:

- Отанға деген сүйіспеншілігі мен құрметін қалыптастыру;
- Ел тарихы мен мәдениетін білу арқылы Қазақстан Республикасының негізгі құндылықтарын зерделеуге көмектесу;
- Отанның тағдырына, оның өткеніне, бүгіні мен болашағына өзінің қатысын сезіну қабілеттерін дамыту;
- Өз мектебіне, ауылына, қаласына, республикасына пайда келтіруге ұмтылысы мен тілегін дамыту;
- Қазақ халқының шешендік өнер саласындағы жетістіктеріне мақтаныш сезімін қалыптастыру;
- Елжандылық сезімдерін оятатын шешендік деректерді жинақтау, жер-жердегі көнекөз ақсақалдардан шешендік сөздерді оқып-үйренуге деген тілектерін жүзеге асыру;
- Мемлекет мүддесіне арналған жеке қайраткерлер мен ақын, жазушылардың афоризм сөздерін тергізіп жаттату, талдау және сөйлеу тілінде қолдана білуге жаттықтыру.

Осыған сәйкес шешендік өнер міндеттерін төмендегінше айқындауға болады:

- Шешендік өнер үлгілері арқылы жоғары сынып оқушыларының танымдық, шығармашылық белсенділіктерін арттыру;
- Теориялық білімді практикада әр түрлі жағдайда қолдана білуге үйрену арқылы әлеуметтендіру;
- Жоғары сынып оқушысы бойында ұрпақтар сабақтастығы туралы түсінікті қалыптастыра отырып, оны сақтауға баулу;
- Шешендік өнер материалдарын жинақтау, зерделеу, өңдеу жұмыстарын үйрене отырып, ғылыми зерттеу жұмысын жүргізуге тәрбиелеу;
- Тарихи мәліметтерге талдау жасата отырып, тарихи шындық мәнін ұғындыру арқылы өзіндік адамгершілік ұстанымын қалыптастыру;
- Қазақ тілінің бай тілдер қатарына жататынына оқушылардың көзін жеткізу арқылы ана тілін сүйуге, тіл байлығын арттыруға үйрету;



- Шешендік өнердің майталмандары үлгісіне еліктеуге және олардан өнеге алуға тәрбиелеу;

- Сөйлеу мәдениетін және елжандылық қасиеттерін қалыптастыру.

Оқушылар бойына шешендік өнерді меңгертуде білім, білік-дағдыларын қалыптастыру барысында төмендегідей талаптар ескеріледі:

- Шешендік өнерге баулу жұмыстарын жүйелі, әрі әр қырынан ұйымдастыру;

- Шешендік өнер үлгілері арқылы туған жері мен тарихына деген сүйіспеншілік сезімін ояту, елжандылыққа тәрбиелеу;

- Жоғары сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту;

- Әлеуметтендіру;

- Жалпы адамзаттық құндылықтарды құрметтеу арқылы жоғары сынып оқушыларының рухани адамгершілік қасиеттерін дамыту;

- Олардың қисынды және жүйелі ойлауын қалыптастыру арқылы ғылыми көрегендікке баулу;

- Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру және шешендік қасиеттерін шыңдау;

- Дербес және жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, саралап оқыту арқылы өзін-өзі тануына, өзін-өзі іске асыруына, өзін-өзі тәрбиелеуіне жағдай жасау;

- Кешенді тәрбие бере отырып, тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ету;

- Ынтымақтастық педагогикасын орнату т.б.

Шешендік өнер материалдары арқылы елжандылыққа тәрбиелеу төмендегі бағыттарда қатарынан бір мезетте, яғни кешенді түрде жүзеге асырылады:

а) Орта мектептің жоғары сыныптар оқу үрдісіндегі гуманитарлық пәндердің мүмкіндіктерін пайдалану арқылы;

ә) Сабақтан тыс факультатив сабақтар мен пәндердің мүмкіндіктерін пайдалану арқылы;

б) Таңдау курсының мүмкіндігін пайдалану арқылы;

в) Сыныптан тыс тәрбие сағаттарының мүмкіндігін пайдалану арқылы;

г) Оқушылардың ғылыми қоғамының мүмкіндігін пайдалану арқылы;

д) Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының мүмкіндігін пайдалану арқылы;

ж) Ата-аналардың қоғамдық кеңесінің мүмкіндігін пайдалану арқылы;

и) Әлеуметтік ортаның мүмкіндігін пайдалану арқылы.

Жалпы шешендік өнердің материалдары арқылы елжандылыққа тәрбиелеу бойынша төмендегідей ұстанымдар басшылыққа алынады:

- түсініктілік

- жүйелілік

- ғылымилық

- мәдениетке сәйкестік

- табиғатқа сәйкестік (жас, дербес және жыныстық ерекшеліктерді есепке алу)

- өмірмен байланыстылық

- бірізділік
- кешенділік

Шешендік өнерді оқыту барсында оқушыларға төмендегідей амал тұрғысынан келу басты назарда болу қажет:

- әрекеттік амал
- саралау амалы
- жеке бастық амал
- тұлға бағдарланған амал
- шығармашылық амал
- оқиғалық амал
- құндылық амал
- орталық амал
- дихтомиялық амал (тұтасты бөліктерге бөліп қарастыру).

Шешендік өнердің негізінде елжандылық тәрбие беру мақсатында жүргізілген жұмыс барысында ұжымдық, топтық, жеке жұмыстар жүргізу арқылы оқушылардың шығармашылық қасиеттерінің даму деңгейлері байқалып, айқындалып, оны дамыту бойынша жұмыстар жүргізілді.

Көне Римнің әйгілі шешені және теоретигі М.Т. Цицерон: «Адам ақын болып туады, шешен болып шығады» - дейді. Яғни ақындыққа туа біткен талант керек десе, шешендік көп оқып, көп іздену, көп сөйлеп жаттығу, күш-қуат жұмсау қажет дегенді айтады.

Қазақтың «Сөйлей–сөйлей шешен боларсың» - деген мәтелінде де шешендіктің тәрбиеден, жаттығудан туатын қасиет екені айтылып тұр.

А.Ф. Кони шешендік пен көпшілік алдында сөйлей білушілік екі түрлі нәрсе деп қарайды. Шешендік, қызыл тілге жүйріктік адамның табиғатына туа бітетін қасиет десе, ал көпшілік алдында көсіліп сөйлей білу тәжірибесіне, үздіксіз жаттығуға байланысты дарын деп қарайды [2].

Осы ойды қазақтың мақал-мәтелдерінде де құптай келіп,

«Ойға салмай сөйлеген шешендіктің белгісі,

Көп ішінде сөйлеген көсемдіктің белгісі» –

деп ой қорытады. Олай болса көсем (ел басшысы) мен шешен (сөз басшысы) бір-бірін толықтыра түсетін қасиет екен.

#### Әдебиеттер

- 1 Қалимұқашева Б. Классикалық және қазіргі заманғы әдістер үйлесімдігі. – А., Ұлағат. 2001.
- 2 Қалиев С. Шешендік сөз – асыл ойдың өрнегі. журн. «Тәрбие құралы». 5/2006. 3-10 б.

УДК

### **КАК ПРЕОДОЛЕТЬ ОШИБКИ В УСТНОЙ И ПИСЬМЕННОЙ РЕЧИ**

**Рысбаева А. Д.**

Учительница русского языка и литературы, ОСШ № 93 имени Абылай хана.  
Сайрамского района. Туркестанской области. Казахстан.

## Түйін

Мақалада автор орыс тілі сабақтарында ауызша және жазбаша жұмыстардағы қателерді болдырмау мәселесін қараған

## Summary

*This article discusses how to overcome errors in speaking and writing*

В преподавании русского языка нерусским учащимся важное место занимает расширение и закрепление активного словарного запаса. В своей практике я осуществляю это прежде всего путем введения и объяснения на уроке новых слов с последующим их закреплением. Другой путь – самостоятельная лексическая работа ученика, когда он с помощью двуязычного словаря постигает значение новых слов, составляет с ними предложения.

Активное усвоение новых слов и словосочетаний, предусмотренных программой, происходит в процессе беседы учащихся с учителем, во время чтения текста, при выполнении грамматических упражнений. И складывается оно в основном из следующих предварительных этапов:

- 1.Объяснение значения слов.
- 2.Выработка навыков правильного произношения.
- 3.Тренировка в правильном употреблении слов[1].

Во время чтения текста я добиваюсь, чтобы запоминание значений новых слов сочеталось с отработкой правильного их произношения. Если ошибки читающего незначительны, тут же по ходу чтения исправляю и предлагаю повторно произнести слово правильно. Если встречаются трудные слова, включаю в работу весь класс, добиваясь, чтобы ошибки исправили сами учащиеся. Это развивает зрительно - слуховую память, орфографическую зоркость, что способствует повышению грамотности.

Наибольший интерес у учащихся вызывает чтение по ролям. Но оно требует тщательной, всесторонней подготовки. Тут каждое предложение диалога рассматривается со стороны правильного произношения, интонирования, со стороны грамматического и синтаксического строя.

Например, в VIII классе после предварительной работы над содержанием стихотворения Н.А.Некрасова «Школьник» трижды выразительно прочитанный в классе и сделав анализ по всем правилам текст я предложила для домашнего чтения в лицах и заучивания наизусть. На следующем уроке удалось провести инсценировку с участием лучших чтецов. Но и тут не обошлось без ошибок в произношении отдельных слов и интонировании вопросительных и восклицательных предложений.

Чтобы уяснить, насколько глубоко и прочно учащиеся усвоили правописание отдельных слов из этого стихотворения. Одно из эффективных средств повышения культуры устной и письменной речи учащихся. Конечно, это довольно трудоемкая и кропотливая работа. Поэтому, чтобы учащиеся не утратили к ней интереса, я стараюсь ею не злоупотреблять. Чтобы предупредить возможные ошибки, облегчить работу над их исправлением, подвергаю текст тщательному анализу, привлекая к разбору весь класс. К

примеру, в тексте «Песни о Буревестнике» А.М.Горького выделили сравнительные, причастные и деепричастные обороты, однородные члены, сложные предложения, заодно повторили их пунктуацию[2].

Преодолению речевых ошибок учителю во многом помогает диалог с учащимися на русском языке. Придавая большое значение этому приему, я систематически начинаю урок с беседы примерно такого содержания:

- Кто сегодня дежурный?
- Кого нет в классе? Почему?
- Какое сегодня число? Какой день недели?
- Какую тему мы изучали на предыдущем уроке?
- Что было задано на дом?

В такую беседу вовлекаются многие ученики. Неправильные ответы коллективно исправляем. Повторяются и запоминаются только правильные ответы.

Постепенно этот вид работы усложняю. С учащимися провожу беседу:

- Как тебя зовут?
- Сколько тебе лет?
- Где и в каком классе и какой школе ты учишься?
- Где ты живешь?

Или же:

- Кто твои родители? (папа, мама).
- Где работает твой папа?
- Где работает твоя мама?
- Как они работают?
- Есть ли у тебя братья и сестры?

В ходе беседы отрабатываются правильные ответы, которые записываются на доске и в тетрадях, проводится работа над ошибками.

Речевые ошибки старшеклассников при чтении стихотворения найзусть или пересказе содержания прочитанного, при ответах на вопросы обычно исправляются попутно-повторением в правильном виде.

Систематическое исправление ошибок, где бы они ни проявлялись, делает учащихся внимательными к своей речи, к письму, вдумчивыми при самостоятельной творческой работе. Все это способствует прочному усвоению правильного произношения, правильному употреблению слов в речи.

На число ошибок в письменных работах по русскому языку у учащихся казахских школ влияют следующие факторы:

1. Ограниченность словарного запаса.
2. Незнание норм правильного произношения и написания.
3. Отсутствие навыков написания, не совпадающего с произношением.
4. Неумение применить на практике грамматические правила.
5. Смещение звуков *ы-и, е-и, в-б, ф-п, ш-ч-щ* в произношении и на письме.
6. Воздействие родного языка.

Для учащихся-казахов многие ошибки как в устной, так и письменной речи связаны с употреблением звука и буквы *ы*. Русское *ы* отличается от казахского *ы* в произношении, но в обоих языках этот звук заднеязычный. Казахское *ы* в произношении уподобляется русскому *о* в послеударных слогах (*голос, город*), но их буквенное изображение различно. Поэтому, учитывая трудности в усвоении этого звука и буквы, обучение детей их правильному произношению и письму. При проведении письменных работ в старших классах особое внимание обращаю на правописание окончаний существительных и прилагательных с твердой основой.

Для прочного усвоения правильного произношения и письма трудных слов большое значение имеет практическая тренировочная работа на уроках – составление предложений с отдельными словами, вставка пропущенных букв, письмо по диктовку и т.д.

У старшеклассников часто наблюдается ошибки в написании глаголов прошедшего времени мужского рода единственного числа. Они склонны писать их с мягким знаком на конце: *читаль, писаль, видель* (вместо – *читал, писал, видел*). При таких ошибках особенно нужны сопоставление слов с мягким и твердым согласным в конце и выработка правильного произношения: *сталь – стал, был – был, дал – даль, падал – падаль*.

При исправлении ошибок в письменных работах большое внимание уделяю практической стороне тренировочных упражнений, исходя из того, что учащимся очень помогает умение разбирать предложения по частям речи, по членам предложения, слова по составу. Ученики, которые хорошо владеют различными видами разбора, допускают меньше ошибок.

Привитие учащимся навыков грамотного письма занимает важное место в методике. И здесь большую роль играет работа над ошибками. Она постоянно должна быть в поле зрения учителя, стать составной частью каждого урока.

### Литература

- 1 Г. Ф. Гуревич : сборник статей по методике преподавания русского языка для учителей, студентов филологических специальностей / сост. Ж. Ж. Капенова. – Павлодар : Кереку, 2010.
- 2 Беньковская Т.Е. Развитие методики преподавания литературы в русской школе: XX век: Учебно-метод. пособие и хрестоматия для студентов и преподавателей. - Оренбург: Изд-во ОГПУ, 1999.
- 3 Булохов В.Я. Орфографические ошибки и пути повышения грамотности учащихся//Начальная школа. –2002- №1-С.90

УДК 81:39

## ПРОИСХОЖДЕНИЕ СЛОВ ОДИН ИЗ НАВЫКОВ ИЗУЧЕНИЯ РУССКОГО ЯЗЫКА

Садыкова Р. И.

учительница русского языка и литературы ОСШ № 83 имени А.Байтурсынова,  
Сайрамского района. Туркестанской области. Казахстан.

Түйін

Мақалада автор орыс тілі этимологиясы негізінде пәнді оқыту тәжірибесімен бөліскен

Summary

*This article discusses the origin of words one of the skills of learning the russian language*

**«...С того момента, когда русский язык стал твоим вторым языком, с тех пор безгранично расширились твои возможности всестороннего познания мира, глубокого проникновения в тайны науки и природы».**  
**М.О.Ауэзов**

Задумывались ли вы когда –нибудь над тем, почему всё вокруг называется так, а не иначе? Как рождаются слова, когда и кем создаются?

Поиском ответа на все эти вопросы занимается этимология (в переводе с греческого – наука о значении и происхождении слов)

Познакомившись со словами поближе, узнав его по словам К.Паустовского, «на ощупь, на вкус и на запах», вы уже никогда не употребите его некстати [1].

«Хромое слово- хромая речь» - гласит русская пословица, чтобы хорошо понять прочитанное или увиденное, чтобы речь была не «хромой», а красивой и выразительной, надо знать много слов и выражений, постоянно расширять свой словарный запас, развивать свою речь.

Для этого надо прислушиваться к словам, приглядываться к нему, проникать в его тайны.

Задумывались ли вы, как много вокруг разных слов? Конечно, большинство из них вы знаете и используете правильно. Но вот некоторые слова... Они кажутся привычными и смутно знакомыми, но знаете ли вы точно их значения? Иногда понимание слова ограничивается только тем, к какой области оно принадлежит: что-то испанское; что-то музыкальное; какая-то одежда; вроде бы, еда. Эти слова понятны только в контексте, их точное, словарное значение может быть известно плохо или вообще неизвестно.

Когда мы ловим себя на том, что путаемся при попытке точно определить значение слова, мы погружаемся в словари и нередко открываем для себя нечто совершенно неожиданное и очень интересное. Нас всегда интересует этимология слов, ведь знание того, из какого языка и каким путём слово пришло в наш язык, позволяет лучше понять и правильно употреблять его.

Наименование слов у славян и руси отличались, а вот грамматические построения в предложениях были схожи, и они понимали друг друга.

По сути дела, каждое слово есть живой организм своеобразный ген памяти наших предков. Зачастую в каком –нибудь привычном для нашего слуха имени, географическом названии, термине таится больше информации, чем можно вычитать по тому же предмету в хрониках, хронографах, летописях.

Как это интересно проникать в многоцветный мир слова, исследовать, разбирать и изучать его. Словарь русского языка складывался веками. Он состоит из исконно русских и заимствованных слов. Словарный состав русского языка состоит из различных лексических пластов. Это словарное богатство сложилось в результате исторического развития русского языка. Основную часть лексики русского языка составляют исконно русские слова, например: рожь, корова, снег, ветер, город, деревня, молотба, молодой, хороший и др. Многие из них существуют в русском языке уже столетия, от них образовалось громадное количество производных слов.

Кроме исконной лексики, в словарный состав русского языка входит большое количество слов, заимствованных из других языков, славянских и неславянских.

Среди заимствований из славянских языков особую роль играют старославянизмы - слова, вошедшие в русский язык из старославянского языка, языка древнейших (X-XI в.в.) памятников славянской письменности.

Судьба старославянских слов в русском языке была различна. Одни старославянизмы вытеснили однокоренные русские слова и поэтому свободно употребляются в различных стилях современного русского литературного языка, например, сладкий, влажный, охрана, враг, храбрый, жажда и др. Некоторые слова из этой группы встречаются преимущественно в книжной речи, например: благо, бремя.

Многие знают, что слово «помидор» в переводе означает «золотое яблоко», «одеколон» - «кельнская вода», а слово «крестьянин»-видоизменённое «хрестьянин». Старославянское слово «животное», было образовано от «живот» - «жизнь» («не щадя своего живота» - значит «не щадя своей жизни»). «Дом» - одно из древнейших индоевропейских слов, очень хорошо сохранившееся. Предполагают, что древнее слово выглядело примерно как *domus*. В латинском языке от этого слова образовалось *dominus*- «хозяин, господин» (это слово стало также обозначением Бога). «Двор и дверь» будет более понятной, если мы вспомним, что двор всегда огорожен забором. Во дворе мы можем увидеть, например, кота и собаку. Слово «кот» как предполагают учёные, заимствовано из латинского языка, где *cattus*. Название домашних (не диких!) кота и кошки. Предполагаю, что от этого латинского слова образованы и английское *cat*, и немецкое *katze*, и французское *chat*. Произошло это не позднее III-IV веках н.э. – именно тогда это слово фиксируется в латыни, и вероятно, именно тогда в Риме появились домашние кошки. В конце IV века римский писатель Палладиус советовал в борьбе с мышами и кротами заменять домашнего хорька и куницу кошкой. В Римской империи до появления кошек для борьбы с грызунами применяли также змей и ласок, однако они не одомашнивались. Палладиус прославился в истории еще и тем, что впервые стал называть кошек словом *cattus* – «каттус». Раньше же для именованя кошек использовали старое латинское слово «фелис» [2].

Древнерусское слово «кошка», образованное от слова «кот», очевидно, сначала выглядело как котуька. А вот слово «собака», как считают, заимствовано из иранских языков – например, из языка скифов, у которых это слово выглядит как «срака».

Древние славяне словом «город» называли огороженное место- крепость, кремль или ограду. А вот насчёт слова «деревня» единого мнения у этимологов нет. Другие исследователи считают, что «деревня» первоначально обозначала поселение в лесу и связывают это слово со словом «дерево», которое тоже является однокоренным с глаголом «драть»

В заключении хочу сказать, что исследование происхождений слов расширяет знания учащихся, способствует образованию у школьников определенных навыков, развивает стремление к знаниям, к глубокому происхождению слов, изучению истории и культуры русского народа, так как знание русского языка позволяет лучше узнать и свою, и иную культуру.

#### Литература

1. Успенский М.Б. Создание модели обучения элементарному общению на начальном этапе. - Астана, 2000.
2. Волина В.В. Я познаю мир: Дет. Энциклопедия. – М., Русский язык. 2011.

ОӘЖ

### ӘЛ-ФАРАБИ- ӘДЕБИЕТШІ

Молдаханова Гаупар Сайдалиевна, Түркістан облысы

Б.Өтеп атындағы «Өнер» мектеп интернаты, гуманитарлық ғылым магистрі, мұғалім

#### Резюме

*В этой работе включены труды великого философа и поэта Аль-Фараби в области культуры и литературы*

#### Summary

*This work includes the works of the great philosopher and poet Al Farabi in the field of the culture and literature.*

**Сонда да беріп кетеміз  
Жүректің отын молында  
Арманды аңсап өтеміз,  
Бәз ұлы мұрат жолында  
(Әл-Фараби)**

Елбасы рухани жаңғырудағы ұлттық сананың рөліне баса назар аударып, бірнеше міндеттерді айқындап берді. Оның ең негізгісі – ұлттың терең тарихынан бастау алатын рухани ұстанымды сақтап қалу. Құндылықтарымыз бен шежіремізді табысты жаңғырудың алғышартына айналдыра білу. Бұл ретте, Елбасы «Жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерімізді қайта түлетуіміз керек», - екенін атап көрсетті. Ал, мемлекет басшысы 2020 жылы Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойын жоғары ұйымдастырушылық және мазмұндық деңгейде мерекелеуді қамтамасыз ету мақсатында арнайы тапсырма берді. Жалпы, Әл-Фарабидің саяси философиялық көзқарасы, логикасы мен мәдени мұрасы өзінің



құндылығын сақтады және қазіргі қоғам даму үшін маңыздылығы өте зор. Осы ұстанымды негізге алып, әлемнің екінші ұстазы атанған Әл-Фарабидің әдеби, мәдени қырын оқырманмен бөлісуді жөн санадым.

IX-XIII ғасырларда мәдениеттің жаңарып, жаңғырып отыруы, ренессанстық тұлғаларды дүниеге әкелді. Түркі тілінде көркемдік деңгейі аса жоғары шығармалар жарық көре бастады.

Дүниежүзілік мәдениет пен білімнің Аристотельден кейінгі екінші ұстазы атанған данышпан, философ, энциклопедист ғалым, әдебиетші, өз дәуірінің көрнекті ақыны, ислам дәуірі әдебиетінің дамуына зор үлес қосқан ғұлама – Әбу Насыр әл-Фараби туралы зерттеу, қанша ғасыр өтсе де жаңарып, жаңа деректермен толықтырылып жатыр. Алайда көптеген шығармалары ел арасында қолжазба күйінде тарап, бірте-бірте жоғалып кете берген. Сондықтан да ғалымның еңбектерінің саны жөнінде нақты дерек жоқ. «Білімді болу деген сөздің мағынасы – белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу деген ұғым», – деп әл-Фараби тектен – тек айтпағаны бүгінгі жаһандану заманында биікті бағымдау үшін үздіксіз ізденуді талап ететін қағида екені белгілі.

Фараби грек, араб тілдерін жетік үйреніп сол тілдегі ғылым табыстарын меңгеруге күш салады. Халық аузында Фараби сөзі деп айтылатын өлең жолдары да ұшырайды. Фараби өлеңдерінің негізгі тақырыбы – өмірдің мән-мағынасы жайлы толғау, оқу мен білімді мадақтау, адамгершілікке шақыру. Өкінішке орай Фарабидің поэзиялық мұрасы біздің дәуірімізге дейін толық сақталмады. Соның өзінде бізге жеткен мұрасынан оның зор шабытты, нәзік сезімді, кең тынысты, терең ойлы ақын болғандығын айғақтайды. Осындай бір ауыз өлеңін де өзінің өмір жолын баяндайды:

Кешір мені, туған жер,  
Мәңгі оны мен тастадым.  
Кешірет мені, туған ел,  
Жолды алыс бастадым.  
Кешірет мені ұлыс-ұрпағы,  
Бақ, байлық, даңқ таппадым.  
Кешірет мені ар-ұжданым,  
Білім болды баққаным.

Ол ескі грек ғалымының небір жетістіктерін, әсіресе ойшыл философтары мен математик, физик, астрономдары еңбектерінің сол тілдің өзінде оқып игереді.

Музыка, поэзия саласында да өзіне керекті нәр алар, білім берер орталық орындарды кездестіреді. Өнер-білім жолында аянбай еңбектенеді. Даңқты Александрия кітапханасы қоймасында қолы жетеді. Ізденгенін тауып, құмарын қандырғандай болады. (Х. Сүйіншәлиев)

Әбунасыр Әл-Фараби – аты бүкіл әлемге әйгілі философ, математик, медик, музыка зерттеуші, әдебиетші т.б. Әл-Фарабиді зерттеушілер оның әдебиет мәселелеріне қатысты шығармаларнан «Риторика туралы кітап», «Жазу өнері туралы кітап», «Өлең өнері қағидалары туралы трактат», «Өлеңнің ұйқасы мен өлшемі туралы кітап» т.б. еңбектерін атап көрсетеді. Ал «Китаби музыка

әлкәбир» атты Фарабидің музыка туралы кітабы жер жүзіне кең тарап, ерте танылған, соңғы кезге дейін маңызды туынды болып келеді.

Әл-Фарабидің «Ғалымдар жүйесі» кітабында көптеген ғалымдарға тоқталып, оның философиялық түсініктеріне негіздеме береді. Аталған еңбегінің ғылымдардың барлық саласы үшін де ерекше маңызы бар. Соның ішінде «Тіл туралы ғылым», «Логика» т.б. тараулары біз үшін ескерерлік. Онда тіл тану, грамматика мәселелері, логиканың сан-алуан сипаттауы таңғажайып талдауын табады. Бұл ғылымдардың маңызы, тараулары толық ескертіледі. Соған қоса, поэтика, поэзия туралы ой түйіндері де ашық танылады. Поэзия көрсетейін деген нәрсесін жай қалпынан өзгеше, ерекше көркемдеп әсірелеп, әсемдеп логикаға сыйымды етіп баяндайды деген түсінік айтады. Поэзия жай сөз тіркесі емес, белгілі мөлшерге түскен өзіндік поэтикалық формасы, жүйесі бар тіркес дегенді білдіреді. Өлең өлшемдері туралы да таңқаларлық пікірлер айтып бұл мәселенің өз алдына ғылым екенін атап көрсетеді.

Әл-Фарабидің өзі де өлеңдер жазып, нағыз поэзияның үлгісін көрсеткен. Әл-Фарабидің осы жаряланған өлеңдеріне көз жіберсек, ең алдымен, ақындық шалқар шабытты мен кемел диапазоны бірден сезіледі. Ақынның нәзік сезімді лирик екені де көрініп тұр. Өзінің бойын кернеген жан сырын шертіп, аспанда сайраған бұлбұлға үн қосқандай болды. Тұла бойында тұстанып жанған құмарлық жалынына су боп себілер шербет іздегендей арман аясын кезеді.

Тамылжып бар тыныштық айналамнан.  
Жұлдызды түнге құшақ жайған далам.  
Жапа-жалғыз, ұйқысыз жатырмын мен,  
Ай жарлы жанымды аймалаған,  
Аққан жұлдыз құласа кейде егер.  
Сенің нұрлы бейнең боп кеудеме енер.  
Әлде қайда ғайыптан ұнтазар ғып,  
Өміріме бір ғажап сәуле берер.  
Үнің жетер жаңғырып жырақтан ең  
Сезініп мен демінді гүл атқан ем  
Оның өзі бір-ақ сәт... содан кейін  
Мұңды әуенді жалғаймын бірақ та мен

Әл-Фараби шығармалары – оның терең ойының жемісі. Ақын сөздері парасатты философияға толы. Өзінің ізденгіштік білуге құмарлық сырларын тантарылып. Кейде ой түйіндерін шешен афоризмді де құратыны байқалады.

Тірілеміз шешеусіз көп түйінге,  
Асыл тас тек қалса өңделмей, сүйінбе  
Айтса да әркім ойға беріп түйгенін  
Ең басты сыр қалар жұмбақ күйінді.

Ақын өлеңдері оптимизмдерге де бай. Болашақ өмірге сеніммен қарап көңілін сергек ұстайды. Ұзақ та азапты ой еңбегінен кейбір қажығандық салдары білінсе де, түңілу жоқ. Ғылымының түпсіз тұңғығынан мерует ізденгендей еңбектене түседі. Жабырқап-жабыққанда көңіл сергітер серікті тынымсыз жазу еңбегінен,

«көк сия мен қызыл шараптың» шөлмегінен тапқандай болады. Кезіндегі кейбір ақындар сияқты қуатты құдайдан ғана тілеп, жаппар иеге жалбарына бермей, шарап пен көк сия шөлмектерін шер тарқатар, қуат берер күш сияқты сипаттауы ол заман үшін үлкен батылдық сияқты.

Әрине, Әл-Фараби сияқты шалқар шабыт иесі, терең ойлы, абзал азамат ақынның көркем творчествосын таныңқырау үшін жоғарыда келтірілген өлең жолдары тапшы-ақ. Сөйтсе де сол шумақтардың өзінен-ақ оның кезіндегі ақындардан әлде қайда озық, шыншыл поэзия өкілі болғанын тану қиын емес. Аталған еңбегін Отырар перзентті гректің даңқты философы Аристотелдің поэтикасына иек арта отырып жазады. Оның поэтика туралы қағидаларын түсіндіре отырып жазады. Оның поэтика туралы қағидаларын түсіндіре отырып жазады. Оның поэтика туралы қағидаларын, автор өзіндік тың болжаулар жасайды. Трагедия, дефирамб, комедия, ямб, драма, эпос, диаграмма, сатира, поэмата, риторика т.б. Аристотель көрсеткен поэзия түрлерінің анықтамаларын айқындайды. Аристотелден басқа да поэзия туралы, еңбектерді зерттегеннен хабар береді.

Поэзияның қоғамдық, тәлім-тәрбиелік рөлін жақсы түсінген ғұлама құр қияға шомып, шындық өмірден аулақтаушы ақындарды жақтамайды. Ақын идеясының парасаттылығын оның әрбір сөзінің адамның көкейінен қонып, сезімін оятар күші мықты болуын талап етеді.

Ойымызды түйіндей келіп, даналықты сиямен толықтыратын Фарабидей ұлы тұлғаның өмірін ойымызда өрнектей білсек, тіршілікте құрыштай төзімді болсақ қана Фараби айтқан бақыттың мәнін сезіне аламыз.

#### Әдебиеттер

1. Жұмалиев Қ. Шығыс жұлдыздары. Алматы, 1973.
2. Егеубаев А. Кісілік кітабы. Алматы. 1998.
3. Асқаров А. Тұранның ұлдары. Алматы, 1998

ӘӨЖ 811.512.122

## ҚАЗАҚ ОРФОГРАФИЯСЫНДАҒЫ КЕЙБІР ҚИЫНДЫҚТАР

Пазылова А.С. аға оқытушы

Әбділдаева А.Ф. 11718 оқу тобының студенті

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

#### Резюме

*В статье подчеркивается, что умение правильно писать и говорить является одним из главных условий, которые ставит перед собой каждый культурный человек, т.е. это последовательность в написании, которая требует тщательного овладения орфографией нашего национального языка, одним из показателей, определяющих статус языковой культуры.*

#### Summary

*The article emphasizes that the ability to write and speak correctly is one of the main conditions that every cultured person sets for himself, that is, it is a sequence in writing that*

*requires careful mastery of the spelling of our national language, one of the indicators that determine the status of language culture.*

Тілдің фонетикалық жүйесінің, морфологиялық және синтаксистік құрылымының жетіле түсуі қоғамның мәдени-әлеуметтік, экономикалық жағдайының өркендеуімен қабат жүреді десек, бұл үрдістің жазу нормасының тиянақталып жетіле түсуінен айқындалатыны белгілі. Қазақ тілінің бүгінгі қалпы мен келбеті, болашағы орфографияны жетілдірумен байланысты. Қазақ тілінің келелі мәселесінің ішінде орфография, демек, сөзді дұрыс қолдану, дұрыс жазу ережелерінің жинағы бәрінен де маңыздырақ. Тіліміздің жоғын жоқтап, қадір-қасиетін сақтап, беделін арттырып, мерейін үстем етуде тынбай еңбектеніп, еселеп күш-жігер жұмсайтын қазіргі таңда тіл ғылымының белді бір саласы – орфографияға жүктейтін міндет пен қояр талабымыз еселеп арта түскені анық. Орфография –тіліміздің ажар-көркі, бет-бейнесі деп жүрміз. Қай тілде болса да емле түзелмей, іс өрге баспайтыны да еске жиі алынууда.

Қазақ тілі орфографиясындағы өзекті мәселе – сауатты жазу, ана тілін мәдени меңгеру.

Емле сөздіктерін түзудің негізгі үлгілері мен принциптері қазақ тілтануымының іргетасын қалаған А. Байтұрсынұлы мен Қ. Жұбановтың зерттеулерінен бастау алады. Қазақ тілі орфографиялық сөздігінің қазіргі қоғамға таныс нұсқаларының бастапқысы – 1988 жылы академик Р. Сыздықтың басшылығымен жарияланған еңбек. Бұдан кейін емле сөздігі 2001, 2007, 2013 жылдары жарық көрді. Емле сөздігінің әр басылымы сайын сөзтізбе құрамы толықтырылып, сұрыпталып, белгілі бір жүйеге түсірілген. Қазақ тіліне қатысты саяси, әлеуметтік, ұлттық сананың оянуы сияқты түрткі жайттар әсер еткендіктен, сөздіктердің құрамына қазақ тілінің бар байлығын енгізуге ептеп басымдық берілген. Сондықтан әсіресе соңғы басылымда сөз саны мен тіркестер молая түскен. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуына орай қазақ тілінің ғылым мен техника тілі бола алатындығын, терминдік ұғымдарды бере алатындығын, өміршеңдігін дәлелдеу мүддесінде тілдің барлық дерлік әлеуетін қамтуы жағынан олардың өз құндылығы бар.

Қазақ орфографиясындағы қиындықтардың біріне тоқталар болсақ, яғни 2001 жылға дейінгі сөздіктерде (1963, 1978, 1988, 2000) көкөніс, қыркүйек, шекара сөздерінде екінші буында дауыссыз, қатаң к дыбысы сақталып жазылса, 2001 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде» көгөніс, қыргүйек, шегара деп жазылған.

Қазақ тіліндегі үндестік заңы – ұлы заң. Бұл заң болмаса, қазақ тілі тіл болудан қалады. Оны жеке тіл атандырып жүрген де осы заң. Амал не, тіліміздің де, грамматикамыздың да орыстануына байланысты бұл заң көңілдің көкжиегінен алыстап, елеусіз қалды. Оқулықтарымызда ол заң туралы атүсті ғана айтып, тиісті қағидаларын айтудан гөрі, оның қолдан жасалған қайшылықтарын көрсетуге, оған бағынбай жүрген қосымшаларды тәптіштеп санап шығуға көбірек көңіл бөлетін болдық.

Біздің қазақ тілі орфографиялық сөздігіміздегі үндестік заңына бағынбай жазылып жүрген сөздерді екі топқа бөліп қарастыруға болады. Оның бірі – орыс тілінен және орыс тілі арқылы басқа еуропа тілдерінен енген сөздер. Екіншісі – араб-парсы тілдерінен енген сөздер.

С.Мырзабекұлы «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігіндегі» үндестік заңына бағынбай жазылып жүрген араб-парсы сөздерінің жалпы саны жүз шақты дегенді айтады. Шындығында да мұндай сөздердің саны одан көп болмаса, аз емес. Мәселе олардың санында емес, жазылу ұстанымында (принципінде). Шығу тегі, қолдану аясы бірдей сөздердің біразы үндестік заңына бағынып жазылады, біразы оған бағынбай жазылады.

Қазақ тілі оқулықтары мен орфографиялық сөздіктерінде бұларға ешқандай жауап жоқ. Анығырақ айтсақ, бұл құбылыс ешқандай заңға негізделмегендіктің салдарынан болып отыр. Әйтпесе дыбыстық құрамы мен құрылысы жағынан бірдей сөздердің жартысы үндестік заңына бағынып, жартысы оған бағынбай жазылар ма еді?!

Жасыратыны жоқ, жазуымыздағы ала-құлалықтың үш түрлі себебі бар. Оның біріншісі – тілімізге араб-парсы және орыс тілі сөздерінің көптеп енуі. Екіншісі – орыс тілінен және орыс тілі арқылы басқа да еуропа тілдерінен келген сөздерді өзгертпей жазғызу үшін, 12 орыс әрпінің (дыбысының) қазақ тіліне зорлап ендірілуі. Үшіншісі – кірме сөздерде үндестік заңының сақталмауы.

Бұлардың ішіндегі ең негізгісі деп біз олардың екінші, үшінші түрлерін айтқан болар едік. Яғни жазуымыздағы ала-құлалықтың басты себебі – тіліміздегі үндестік заңының бұзылуында болып отыр. Осы заңды елемей, ескермей, аяқ асты еткендігімізде болып отыр.

Қай халықтан сөз алмайық, оларды айтуда да, жазуда да, алдымен, тіліміздің өз заңын, өзіндік ерекшелігін ескеруіміз керек. Ол сөздерді тіліміздің төл заңына бағындырып қолдануымыз қажет. Өйтпеген жағдайда жазуда ала-құлалықтың пайда болатыны сөзсіз. Сөздер айтылуы мен жазылуы жағынан тұрақталмай, біресе олай, біресе бұлай жазылып, құбылады да тұрады. Содан барып, тілімізде көп нұсқалы сөздер көбейеді де, неше түрлі қиындықтар туындайды.

Кірме сөздерді айтылуы бойынша жазбай, басқаша айтсақ, ғасырлар бойы әбден қалыптасып кеткен табиғи заңымыз – үндестік заңына бағындырмай, араб-парсы тілдерінде қалай айтылып, қалай жазылып жүрсе, ол сөздерді біз де солай айтып, солай жазуға тырысамыз. Сөйтеміз де, біріншіден, тілдің даму заңдылығына жасанды түрде тежеу саламыз, екіншіден, сөздердің бірнеше нұсқасын туғызып, жазуда ала-құлалыққа жол береміз.

1978 жылғы орфографиялық сөздікте – *әрқайсы* деп жазылса (54-бетте), ал 1988, 2001 жылғы басқа сөздіктерде – *әрқайсысы* деп жазылған. 1978 ж. сөздікте – *шет ел* деп бөлек жазылса, 2007, 2013 жылғы сөздіктерде *шетел* деп бірге жазылған, ал басқа сөздіктерде мүлдем жазылмаған. 2001 ж. сөздікте: *көгәніс, көгет* (анат.), *шегара, пойыз, пайыз, зауыт, тауар,*

*нөл, нөмір, рөл, қыргүйек* болып жазылса, 2007 ж. сөздікте: *көкөніс, көкет, шекара, қыркүйек* деп жазылған.

1988 жылғы сөздікте *әр түрлі, бір уыс, бір үзім* сөздері бөлек жазылса, 2013 жылғы сөздікте бұл сөздер бірге жазылып берілген.

1988 жылғы сөздікте *ст, сть, зд* дыбыстар тіркесіне біткен сөздер түбір күйінде ешбір өзгеріссіз жазылады да, оларға қосымша жалғанғанда түбірдегі соңғы дауыссыздар түсіріліп жазылады делініп, *трест-трес-тің, съезд-съез-ге* деген мысалдар келтіріледі де, *тест* деген сөзге келгенде, *тестіге, тестісі, тестілер* деп жазылады. 2013 жылғы сөздікте *тест* деген сөз мүлде енгізілмеген.

Дұрыс жазып, дұрыс сөйлей білу – әрбір мәдениетті адамның алдына қойылатын басты шарттардың бірі. Бұл ұлттық тіліміздің орфографиясы мен орфоэпиясын, грамматика мен әдеби түрін жете білуді қажет етеді. Тіл мәдениетінің мәртебесін айқындайтын көрсеткіштің бірі – жазудағы бірізділік.

Қазақ жазуы күні бүгінге дейін 1957 жылы қабылданған емле ережелерін пайдаланып келеді. Содан толықтырылып, түзетіліп 1963 жылы алғашқы орфографиялық сөздік, ол 1978 жылы екі рет басылды. Одан кейін 1988, 2001, 2007, 2013 жылдары жарық көрді. Осы сөздіктердің өзінде де бірізділік мәселесінде әр түрлі жазылу кездесіп қалатындығын жоғарыда сөз еттік.

А. Байтұрсынұлы: «Өзге жұрттарда бұзып алған сөздер сақталады. Олай болса, тілді бұзып емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек», - десе, Х. Досмұхамедұлы: «Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ. Басқаның сөзін бұзбай аламыз деп тіліңді бұрап жүргенде, өз тіліңнен айырылып қаларсың», -деп ескертті.

Қ. Жұбанов: «Емле негізіне қожа сол тілдің жаратылыс заңы болуға керек. Тіліміздің жаратылыс заңына қарасақ, емле дыбыс негізді (фонетикалық принцип) болуға тиісті», -деген болатын.

Күнделікті қолданыстағы тілді жанды құбылысқа жатқызамыз. Уақыт талабына қарай оның сөздік қоры еселеніп дамып, емле ережесінің де кемшін тұстары қырнанып, түзетіліп, толықтырылып, жетілдіріліп дегендей ішінара өзгеріп отырады. Қазақ тіліндегі басылымдардағы көзге ұрып тұрған емле қателерінің жиі кездесетіні жайында ұдайы айтылып келеді. Қазақ тілінің түйінді түйткілдерін тіл мамандары баспасөз беттерінде көтеріп, осы күнгі тілдік қолданыстағы қателіктерді түзету туралы ойларын алға тартуда. Қазақ тілінің сапалық деңгейін нашарлататын шұбарлану, бұрмалау, қате айту үрдістерін болдырмас үшін бұған тиісті көңіл бөлген жөн және қазақ тілінің дыбыстық жүйесінің бұзылмауы, оның өз дәуіріне тән сипатының сақталу мәселесі шиырлай түспесе, әлі шешімін толық таба қойған жоқ.

Тіліміздің тұнығын бұзбай, келер ұрпаққа жеткіземіз, сөздің тұлғалық тартымдылығын сақтап, құрылым-құрылысын жақсартамыз, әдеби тіл

нормасын күшейтіп, жетілдіреміз десек, оның болашағына мән беріп, келте ойлаудан шыққан ұшқарылықтан сақтануымыз керек. Тілдің дамуы өмір талабынан кейін қалмауы керек. Емле ережесін оңтайлы етіп, тілімізді әуезді де тартымды ететін жетілген орфографиялық сөздікті тұрақтандыру арқылы тұйыққа тірелген ана тілінің олқылығын толтыра аламыз.

Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру барысында атқарылар даярлық жұмыстың ең көкейкесті өзектісі ана тіліміздің орфографиясын жетілдіріп, емлені ұштай түсу екені айтылып жүр.

Ал бүгінгі таңда қазақ орфографиясының түйінді мәселелері әлі де болса шешілмегені хақ.

#### **Әдебиеттер:**

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы, 1992 ж.
2. Балақаев М. Б. Қазақ әдеби тілі, Алматы, 1987 ж.
3. Сыздықова Р. Ғ. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы). Астана: Елорда 2000 ж.
4. Қазақ тілінің орфографиялық сөздіктері (1963, 1978, 1988, 2001, 2007, 2013)
5. С.Бизақов Қазақ тілін көркейтудің оңтайлы тәсілдері.-Алматы, 2017

ӘӨЖ 811.512.122

### **БІРЫҢҒАЙ МҮШЕЛЕР АРҚЫЛЫ КҮРДЕЛЕНГЕН ЖАЙ СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ЖАСАЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

(Ә.Таразидің «Тасжарған» романы бойынша)

**Пазылова А.С. аға оқытушы**

**Асылбек А.М. 20518 оқу тобының студенті**

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

#### *Резюме*

*В статье рассматривается развитие синтаксической системы казахского языка в связи с развитием литературного языка. С помощью однородных членов анализируется, что осложненные простые предложения находятся между простыми и сложными предложениями. Соединение осложненных простых предложений при помощи интонаций или соединительных союзов подтверждается приведением примеров из романа А.Тарази «Тасжарған».*

#### *Summary*

*The article considers the development of the syntactic system of the Kazakh language in connection with the development of the literary language. Using homogeneous terms, it is analyzed that complicated simple sentences are between simple and complex sentences. The connection of complicated simple sentences using intonation or connective unions is confirmed by the examples from the novel "Taszhargan" by A. Tarazi.*

Күрделенген сөйлем – жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің аралығында өз алдына ерекше синтаксистік категория. Солай бола тұрса да, мұны жай сөйлемнің ең жоғарғы түрі ретінде қарастырамыз. Сөйлемде бір ғана мүшенің қызметін атқарып, бір ғана сұраққа жауап беретін және бір ғана сөзбен тең дәрежеде салаласа байланысатын біркелкі тұлғалар болады. Бұлар сөйлемнің бірыңғай мүшелері деп аталады. Мысалы, *Қолына сөмке, шабадан алып жүру*

салтында жоқ. *Көше аралауға беттегендей сылаң, салт шыққан* (Ә. Тарази «Тасжарған» романы, 231-бет).

Бұл салаласа байланысқан құрмалас сөйлемнің бірінші жай сөйлемінде екі бірыңғай толықтауыш (жасырын тұр, сөмкені, шабаданды) бар. Екінші жай сөйлемде екі сын-қимыл үстеуі бар. Бұлар бір-бірімен өзара тең дәрежеде байланысатындықтан, бағыныңқы, басыңқы компонент деген болмайды, ол сөздердің әрқайсысы бір-бірімен салаласа байланысады да, тек өздері қатысты сөзбен сабақтаса байланысады. Бірінші сөйлемде *сөмке, шабадан* сөздерін бағындырып тұрған сөз бастауыш қызметіндегі - *алып жүру: сөмке алып жүру, шабадан алып жүру*. Екінші сөйлемдегі бағындырып тұрған сөз – баяндауыш қызметіндегі – шыққан: *(ол) сылаң шыққан, (ол) салт шыққан*.

«Осылай бір сөйлем мүшесі бірыңғай болып тізбектеліп басқа бір мүшеге қатысты болу арқылы сөйлем ықшамдалып айтылады. Сөйлемде хабарланған бірыңғай қимылдардың бір грамматикалық мүшенің төңірегіне жинақталуы күрделенген сөйлемнің бірыңғай мүшелі түрін аңғартады» [1, 58].

Бірыңғай мүшелер өзара салаласа байланысады да, сол тобымен сөйлемдегі басқа мүшелерден дауысталу жағынан оқшауланып, бәрі жиналып бөлек бір топ құрап тұрады: *«Ұстамды деген, байсалды деген Досымның өзі күйініп кетті»*. (Аталған роман, 209-бет). Бірыңғай мүшелер бір сөзден құралған жалаң не сөз тіркесінен құралған жайылма болады: *«Бұл отбасында сөйлесу, сырласу салтқа айналмаған»*. (178-бет). *Сөйлесу, сырласу – бірыңғай жалаң бастауыштар. Сап тізген әскерлер, сақшылар, Өртастың озаттары биік қақпа алдында үйіріліп қалған*. (199-бет). *Сап тізген әскерлер, Өртастың озаттары – бірыңғай жайылма бастауыштар*.

«Бірыңғай мүшелер құрамы жағынан кемінде екі және одан да көп синтаксистік қызметтері бар мүшелерден құралып, өзара тәуелсіз, бір-бірімен тең дәрежеде салаласа байланысады. Бірыңғай мүшелердің арасында шамалы кідіріс болатындықтан, олар бір-бірінен үтір арқылы ажыратылады» [2, 82]. Мысалы, *«Олардың бетіне жасқана, тайтақтай қарады»* (279-бет).

Қазіргі дәстүрлі ғылыми тұжырым бойынша бірыңғай мүшелі жай сөйлемдер күрделенген жай сөйлемдер деп есептеледі. Бірыңғай бастауыштар, толықтауыштар жай сөйлемде бір баяндауышқа бағынады:

Бірыңғай мүшелер көбінесе тұлғалас болғандықтан, қазақ тілінде оларды кейде шұбалаңқы етпей, ықшамды етіп айту үшін, грамматикалық тұлғалар мен көмекші сөздер бәріне ортақ етіліп бір-ақ рет жұмсалады. Ол мынадай орындарда болады:

1. Бірыңғай мүшелердің, мысалы, толықтауыштардың, ең соңғысы жинақтаушы болады да, тиісті септік жалғау тек соған жалғанады: *«Театр я киноға барғанда оқиға, сюжетті қумай, артистердің ойынына мән беретін»* («Тасжарған» романы, 259-бет, Ә.Тарази). Бұл сөйлемде тек бірыңғай мүше ғана емес, көсемше оралымды жай сөйлемді аңғарамыз.

2. Бірыңғай мүшелерге бір көмекші етістік не бір көмекші есім ортақ болып, олар ең соңғы бірыңғай мүшеден кейін бір-ақ рет айтылады: *«Төлбасыны тік*



*көтеріп, аспанға лақтырып, тосып алғысы келді» (310-бет).* Мұнда да ой желісі бір грамматикалық бастауыштың төңірегіне қазықталғанмен, қимыл-әрекеттің орындалу барысы бірдей болмай, сатылай орындалып тұрғаны байқалады. «Демек, осындай соңғы сөйлемдерде хабарланған оқиға барысының ең алдымен сипаттама түсінігі айтылып алады да, содан кейін негізгі ой желісі баяндалатын болады. Сипаттама түсінік негізгі ойды айқындай, толықтыра түседі, сөйтіп күрделенген сөйлемдер екі предикаттық орталықтың негізінде құралады» [3, 83].

Жай сөйлемнің құрамын ұлғайтып, көлемін кеңітуге бірыңғай мүшелер үлкен сеп болады. Өйткені сөйлем ішіндегі әрбір бірыңғай мүшенің жетегінде басқа сөздер болып, олар бірінің үстіне бірі жамала беруі мүмкін.

Бірыңғай мүшелер бір-бірімен салаласа, басқа мүшелермен сабақтаса байланысады:

*«Соңғы күндері оның көңілі семіріп, өзінен-өзі масаң, жайдары қалыпқа түскен».* (166-бет). Бұл мысалда масаң, жайдары – бірыңғай анықтауыштар. Олар бір-бірімен өзара тең дәрежеде салаласа, біріне-бірі бағынбай байланысып, *қалыпқа түскен* деген баяндауышпен сабақтаса байланысқан. Соңғыларының байланысы сабақтастық байланыс – анықтауыштар баяндауышқа бағынады.

Бірыңғай мүшелерді салаластыра байланыстыратын амалдар – интонация мен жалғаулықтар. Жоғарғы мысалдарда *масаң, жайдары* деген бірыңғай бастауыштар бірсыдырғы әуенмен (тонмен), әрқайсысы айырым логикалық екпінмен, айырым паузамен айтылады. *«Театр я киноға барғанда оқиға, сюжетті құмай артистердің ойынына мән береді»* (259-бет) деген сөйлемде *театр, кино* дегендер бірыңғай толықтауыш қызметінде жұмсалған. Олар я жалғаулығы арқылы байланысқан. Бұл сияқты жалғаулықты байланыстағы бірыңғай мүшелердің арасында дауыс кідірісі болмайды.

Кейбір жалғаулықтардың көмегімен байланысқан бірыңғай мүшелер интонацияның да қатысымен, яғни кесек-кесек айырым әуенмен айтылады: *«Өз есебі түгел де, берік те».* (216-бет). *«Қорқудың да, апаттың да көкесі үрей зой»* (245-бет).

Тұрлаулы мүшелер бірыңғай болғанда, сөйлемнің құрамы жайыла түседі, бірақ сөйлем күрделі болмайды. Күрделі сөйлемде әр бастауыштың өз баяндауышы болу негізінде жеке сөйлемдер тіркесетін болса, бірыңғай тұрлаулы мүшелері бар сөйлемде бірнеше бірыңғай бастауыштың бір баяндауышы, бірыңғай баяндауыштың бір бастауышы болады.

Бастауыш бірыңғай болғанда, олар бір баяндауышты өздеріне ортақтасқан түрде бағындырады: *«Жетім боп жылау, жесір боп сұрау, қорланған боп күңірену, ақжүрек боп тебірену әркімнің қолынан келе бермес»* (163-бет).

«Сөйлемде бірыңғай бастауыштарға ой екпінін түсіріп, бөрінің синтаксистік қызметі бірдей екенін аңғарту үшін жинақтауыш тұлғалар қолданылады:

1) Бірыңғай бастауыш кісі аттары болғанда олардың ең соңғысына көптік жалғауы жалғанады.

2) Біркелкі бірыңғай бастауыштарды жинаушы сөз жинақтау сан есімі болады.

3) Бірыңғай мүшелерді жинақтау қызметінде *бәрі, барлығы, осының бәрі, баршасы* деген сөздер де жиі қолданылады.

Баяндауыштар бірыңғай болғанда, олардың бәрі бірдей бір бастауышқа бағынады. Бірыңғай баяндауыштың да барлығының мағыналық салмағы бірдей болғанымен, көп жерде ең соңғы баяндауыштың сөйлем құрауда синтаксистік қызметі ерекше болып келеді. Оның үстіне етістіктен болған бірыңғай баяндауыштың есімді бірыңғай баяндауыштан елеулі ерекшеліктері бар» [4, 661].

«Етістікті бірыңғай баяндауыштар қимылдың бірінен соң бірі болып жатқан үдетпелігін және мезгілдестігін білдіреді: *«Әлиге ондай қылық жат, мән бермейді, қызықпайды да қызғанбайды»* (14-бет).

Бірыңғай баяндауыштардың тұлғалары әр уақытта жоғарыдағы мысалдағыдай біркелкі болып келе бермейді. Кейде олардың алдыңғылары көсемше тұлғалы етістік болып, ең соңғысы тиісті жақ жалғауында тұрады; сол жалғау бәріне де ортақ болады: *«Әлия әлденеге асығыс, демі жиілеп, күрсіне береді»* (9-бет).

Есімді бірыңғай баяндауыштар субъектінің бір беткей, әр түрлі сындық не заттық сапасын білдіреді; бірыңғай баяндауыш болатындар – көбінесе сын, зат есімдерден жасалған баяндауыштар» [4, 662]. Мысалы, *«Бір көрмеге байсалды, көрікті-ақ жігіт, қызметке ұшқалақ, жеңілтек»* (107-бет).

Екі не одан да көп тұрлаусыз мүшелер басқа тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелердің біріне бағынып, бір сұраққа жауап болып тізбектеледі: *«Қадиша ақкөңіл, ақжарқын жан болар»* (7-бет).

«Толықтауыштар бірыңғай болғанда, олар жалғаулықты, жалғаулықсыз байланыста тұрып, екі түрлі тұлғаланады: бірде (көбінесе) әрбір бірыңғай толықтауыш тиісті септік жалғауда айтылса, кейде ондай жалғау ең соңғы толықтауышқа ғана жалғанып, алдыңғылары сол жалғауға сырттай телініп, жалғаусыз айтылады» [4, 663]. Мысалы, *«Талай құрылыс, талай шаруаны «сен үндеме, мен мойныма алайын» деп тәуекелмен бастап, жеңіспен аяқтаған жоқ па?!»* (258-бет).

*«Көп қиналыстан, көп күйзелістен әлсіреген жаны нәзіктікке, ұяңдыққа жүгінді ме?!»* (192-бет).

«Анықтайтын сөзіне қатысты бірдей бірнеше анықтауыш бір сөзді әр жағынан анықтайды. Олар мағыналық, грамматикалық белгілері жағынан ыңғайлас болады» [4, 663]. Мысалы, *«Өзі бала сияқты ақ көңіл, сезімтал, көңілдің сәл ғана сызатын сезе қояды»* (238-бет).

Мұндай мағыналас, көбінесе тұлғалас сөздерден жасалған барлығы бірдей дәрежеде бір сөзге қатысты болып тұратын бірыңғай анықтауыштар – ойды көркем, көрікті етудің тәсілі.

Кейде тұлғасы жағынан түрлі сөз табына жататын сөздер де бірыңғай анықтауыш болуы мүмкін. Ондайда олар да айырым интонациямен айтылады: «*Ұзын бойлы, жауырыны қақпақтай, шашын қайырған сымбатты-ақ жігіт*» (218-бет).

«Пысықтауыштар да анықтауыш сияқты бірыңғай болып көп жұмсалады. Әсіресе туынды үстеулерден, көсемшелерден болған пысықтауыштардың бірыңғай болу қабілеті күшті. Олар көбінесе интонация арқылы, кейде жалғаулықтар арқылы да байланысады» [4, 663].

«*Кісіге тіксініп, қорқа, үрке қарайды (309-бет). Осылай бар әлемге қырсығып, қитығып, терісіне симай келе жатқан*» (274-бет).

Ә.Таразидің «Тасжарған» романынан бірыңғай мүшелердің қолданылуы және жіктелу ерекшеліктерін қарастыра отырып, барлығы 55 мысал терілді. Олардың ішінде ең көп кездескені бірыңғай анықтауыштар, олардың саны – 17, ал ең аз ұшырасатыны бірыңғай толықтауыштар, олардың саны – 6.

Бұларды жинақтай келе, кесте арқылы көрсетуді жөн көрдік.

№	Бірыңғай сөйлем мүшелері	«Тасжарған» романынан терілген мысалдар саны
1	Бірыңғай бастауыштар	8
2	Бірыңғай баяндауыштар	14
3	Бірыңғай толықтауыштар	6
4	Бірыңғай пысықтауыштар	10
5	Бірыңғай анықтауыштар	17

Қай сөйлем болмасын, олардың ішінде бірыңғай мүшелердің күрделеніп келе беруі мүмкін. Бұл, әрине, сөйлемнің аумағын да кеңейтеді, мазмұндық желісін де күрделендіре түседі, алайда мұндай құбылыс оны екінші бір синтаксистік категорияға айналдырып кете алмайды. Әрқайсысының өзіндік грамматикалық заңдылықтары бар: бірыңғай мүшелер негізгі бір сөздің төңірегіне жинақталса, құрмаластың әрбір компоненті сөйлемдік ыңғайда жұмсалады. Олай болса, осындай заңдылықтар сөйлем тани білу принципіне ескеріліп отырғаны жөн. Мұның өзі кейбір синтаксистік категориялардың ара қатынасын дұрыс ажыратып, отыруға мүмкіндік туғызады.

#### Әдебиеттер:

1. Есенов Қ. Қазақ тіліндегі күрделенген жай сөйлемдер.- Алматы, 1974
2. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі.- Алматы, 1997
3. Абдурахманов Г.А. Изучение синтаксиса тюркских языков // Советская тюркология. – Б., 1970
4. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002

UDC

## PERSPECTIVES OF LEARNING ENGLISH IN THE XXI CENTURY

Muratova M.A., Maulenkulova D.E., Alipbekova F.B.

South Kazakhstan state pedagogical university, Shymkent, Kazakhstan

Түйін

Бұл мақалада қазіргі таңда ағылшын тілін үйренудің қажеттілігі туралы айтылады. Ағылшын тілін білу адамның дамуына, мансаптық және жеке өміріне әсері туралы жазылған.

### *Резюме*

*В этой статье говорится о перспективе изучения английского языка в нынешнее время. Как влияет знание английского языка на развитие человека, в карьере и в личных аспектах жизни.*

In the modern world, a person needs English like air. For work, study, travel, communication with friends, broadening one's horizons and just for a fulfilling life.

Currently, English is the world's language of communication. Futurists argue that in less than a hundred years, the language barrier will disappear, and people will communicate exclusively in English.

Linguists have been interested in English for a very long time. However, only in recent years its study is really relevant. English has all the conditions to become a must for every person.

*В статье рассматривается проблема психологии в художественной литературе. Проанализированы становление концепции психологии, взгляды ученых. Произведение искусства невозможно создать без персонажа. А главная отличительная черта персонажей - их психология. Современное общество с развитием науки и техники принесло совершенно новый импульс внутреннему миру и воображению человечества. Элементы психологии, используемые в сегодняшних произведениях, не только точно передают характер, но и служат для отражения психологии общества в целом. Поэтому в статье ставится вопрос о рассмотрении типов психологии, используемых в сегодняшних прозаических произведениях, на основе теории «анализа», основанной на исследованиях казахских литературоведов. В качестве конкретного примера был проанализирован рассказ писательницы Мархабат Байгут «Салкын Масак».*

#### Summary.

*The article provides a problem of psychology in fiction. The establishing of the psychology's concept and the views of scientists are analyzed. A work of art cannot be created without a character. And the main distinguishing feature of the characters is their psychology. Modern society which the science and the technology are being developing has brought a completely new impetus into the inner world and imagination of mankind. In modern works the elements of psychology not only accurately convey the character, but also serve to reflect the psychology of a total society. Therefore, the article raises the issue of considering the types of psychology used in today's prose works on the basis of the theory of "analysis", based on the research of Kazakh literary critics. As a concrete example, the tale of a writer Marhabat Baigut "Cold Masak" was analyzed.*

Көркем әдебиеттегі психологизм ұғымы күрделі ұғымдардың бірі болып есептеледі. Қазақ әдебиетінің зерттеу нысаны жүйеге қойылғанымен, психологизм ұғымы толық зерттеліп бітпеді. Әлем

әдебиетінде психологизм туралы зерттеулер XIX ғасырдан бастау алады. Психологиялық талдау тәсілі бастапқыда биология аясында ғана қарастырылғанымен, уақыт өте келе адам психикасын зерттеу аумағы кеңейіп, өзге де ғылым салаларында, соның ішінде әдебиетте көркемдік тәсіл ретінде қолданыла бастады. Сондықтан бұл мақалада қазіргі әдебиеттану ғылымында әлі де зерттеуді қажет ететін психологизм ұғымы туралы ғалымдардың пікірі сараланады. Көркем әдебиеттің негізгі міндеті - көңіл күйге әсер ету, ішкі әлемді ашып көрсету. Демек, психология аспектілерінен тыс көркем әдебиет болмайды.

Көркем шығарманың басты субъектісі адам десек, заман өзгерісіне қарай адамның да өзгеріп, түрленіп отыратыны белгілі. Олай болса кейіпкер психологиясын көрсететін психологизм аспектілері де дамып, өзгеріп отыратыны заңдылық. Мақаламызда негізгі айтылатын мәселелер қазіргі жазушылардың кейіпкер бейнесін ашудағы ерекшеліктері, психологизм тұрғысынан талданды.

Аталып отырған тақырыптың негізгі мәнін ашу мақсатында Мархабат Байғұттың «Салқын масақ» әңгімесін зерттеу нысанына айналдырдық.

Зерттеу тақырыбымыздың нәтижесінде басты нысаны көркем әдебиеттегі психологизм болған еңбектерге талдау жасалынды. Мархабат Байғұттың «Салқын масақ» әңгімесін талдау арқылы қазіргі көркем прозадағы психологизм элементтерінің қолданылу ерекшелігіне тоқталдық.

Адам - саналы индивид ретінде қоршаған ортадағы басқа тіршілік иелерінен ерекшеленіп, дараланып тұратыны белгілі. Әрбір жаратылыс өзінің мүмкіндігіне қарай айналасын танып, өмір сүру ортасын қалыптастырады. Қимыл-қозғалысы, айналасына қарым-қатынасы тікелей психикалық жай-күйіне байланысты. Қай ғасырда болмасын адамды қызықтырған, зерттеушілердің басты назарына іліккен тақырып жанды заттардың сана-сезімі, яғни психикасы болды. *«Жанды зерттеу және түсіндіру – психология ғылымының қалыптасуының алғашқы кезеңі болып табылады. Сонымен, психология алғашында жан туралы ғылым ретінде анықталады»* (Намазбаева, 2005: 7).

Қазақ әдебиетіндегі психологизмді зерттеудің алғашқы нышандарын А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегінен байқауға болады. *«Адам дүниедегі көрген-білген нәрселерін тек байқап, пікірлеп, санаулап қана қоймайды. Ол нәрселермен қатар адамның көңіліне күй жасалады. Адам көрген-білген нәрсенің я ісінің біріне күйінеді, біріне сүйінеді, бірінен сескенеді, бірінен шошынады».* (Байтұрсынов, 2003:104). Ғалымның бұл пікірі жыраулар поэзиясына қатысты айтылса да, кейінгі ақын-жазушылардың шығармашылығына осы тұрғыдан анықтама беруге болады.

XX ғасырдағы ірі әлеуметтік оқиғалар, жазба әдебиеттің дамуы психологизмнің прозада терең орнығуына әсерін тигізді. *«Әлем өмірі, адамзат тынысы сын сағаттарды бастан өткеріп жатқанда – сезім әлемін тануға зәрулік себебі де айқындалды»* (Майтанов, 1982:56). Осындай

қоғамдағы өзгерістер адамның психологиясына да әсер етті. Бұл өз кезегінде әдебиеттегі психологизмнің дамуына алып келді. *«Қазіргі қазақ жазушыларына осы заманғы әдебиеттің жағдайына сәйкес уақыт қойып отырған үлкен міндеттің бірі - "адам жанының диалектикасын" ашу. Дәлірек айтқанда, кейіпкердің ішкі рухани әлеміне үңілу, жан сарайына психологиялық талдау жасау саласында терең толғану, тынбай ізденуді қажет етеді»* (Ержанова, 1999:42). Бүгінгі шығармаларда қолданылатын психологизм элементтері кейіпкер болмысын дәл беріп қана қоймай, тұтас бір қоғамның психологиясын танытуға қызмет етіп келеді. Ең алғашқы психологиялық туындылар жеке бір адамның жан әлемін көрсететін болса, бүгінгі прозада бірнеше адамның психологиясы қатар суреттеледі.

Бүгінгі таңда психологизмнің тәсілін жетік меңгерген жазушылар жетерлік. Солардың бірі Мархабат Байғұт. ХХІ ғасырдың Бейімбеті атанған, нағыз психолог жазушы Мархабат Байғұттың прозалық шығармаларынан бүгінгі қоғамдағы жаңалықтарды, адамның ішкі жан әлеміндегі өзгерістерді анық байқауға болады.

Г.Пірәлиева: *«Психологизм әдебиеттегі адамды аналитикалық және динамикалық принцип тұрғысынан зерттеу болып табылады. Психологиялық талдаудың аналитикалық түрі арқылы кейіпкер өзін-өзі таниды. Ішкі жан дүниесінің дірілі, сезім қақтығыстары арқылы танылады»* (2003:177). Біз бұл мақаламызда аналитикалық психологизмнің бейнелеу құралдарына жататын-түс көру, ондағы ішкі монолог пен ішкі диалогтың қазақ әдебиетіндегі қолдану тәжірибесіне Мархабат Байғұттың «Салқын масақ» әңгімесін талдау барысында көз жеткіземіз. Жазушының бұл шығармасы нағыз психологиялық шығарма болып табылады. Өйткені, нағыз психологиялық бейнелеу құралдарының бірі, адамның санасындағы құбылысты айқындайтын «түс көру» тәсілі арқылы жазылған. Алдыменен психологиялық шығарманың анықтамасына тоқталып өтейік. Зәки Ахметов құрастырған «Әдебиеттану. Терминдер сөздігінде»: психологиялық шығарманың адамның жан дүниесін, ішкі сезімін айрықша ашып көрсетуге мән берілетін шығарма екендігі айтылған (Ісмақова, 2006: 291). Зерттеуші Пірәлиева Гүлзия «Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері» атты еңбегінде «Көркем әдебиеттегі түс көру тәсілінің ең басты көркемдік қызметі-психологиялық нақтылықты дәл бейнелейтіндігін, сондай-ақ, кейіпкер психологиясын, болмыс-бітімін, ойлау жүйесін ашып көрсетудегі ежелгі әдіс екендігін» атап өтеді. (Пірәлиева, 2003:42).

М.Байғұттың «Салқын масақ» әңгімесінде түс көру тәсілі сәтті қолданылған. Әңгімеге назар аударайық. Кейіпкер үш күн қатарынан таңданарлықтай түс көрді. Бірінші түсі былай еді:

*«Әлдеқашан сүйегі қурап кеткен әкесі Байшын бригадир мұны бала кезіндегідей Бозшын биеге мінгестіріп алып, баяғы, осы күнге дейін есінде қалып қойған, салқын масақ туралы әңгімесін айтып келеді екен дейді.»* (Байғұт, 2009:261)



Өңіндегі ойлаған ойы осылай түсіне енеді.Ессіздік күйге тап болады.Ұйқысынан оянса тура түсіндегідей аяғы ауырыңқырап, ұйып қалғанын сезеді. Тағы да не өңі, не түсі екенін ажырата алмай басы қатады. *«Екінші түсі бұдан да бетер таңданарлықтай. Тақырыбын, яки атын «Үгедей кедей» деп қойып, әңгіме жазуға отырыпты».* (Байғұт, 2009:262)

Бейсаналы күйде болса да түсінде өз-өзіне сұрақ қойып өңі не түсі екенін анықтағысы келеді.Кейіпкердің өңінен карағанда түсіндегі іс-әрекеті ширақ,еркін.Жинақталған ашу-ызасын әңгіме қылып ақтарады.Заршын түсінде өз кейіпкерінің сөзі арқылы бойындағы қайнаған ашу-ызасын жеткізеді.Жазып отырған әңгімесіндегі кейіпкерлерін өзара диалогқа түсіріп, ішкі монологтың көрініс табуына жол ашады.Түсінде әңгіме жазып отырған Заршын Үгедей кейіпкерінің атынан өзі сөйлейді.Көпшілікке айта алмаған зарын Үгедейдің жары Үрзадаға айтады.

Заршынның өңіндегі әкімдерге деген ықыласы түсінде жалғасын тауып,оқырманға түсінікті бола түседі. Кейіпкердің түсінде жазып отырған бұл әңгімесі әрі қарай Үгедейдің жерін, үйін,қора-қопсысын әкімдердің жекешелендіріп,басқа жерге көшіруімен жалғасын табады.

*«Жетесіз! Жетесін жоғалтқан жұртым-ай! — деп күрсінді жазбагеріңіз өз кейіпкеріне өзі күйініп, өз шығармасын жазып отырып.* (Байғұт, 2009:265)

Заршын өзінің күйінішін өзі жасап отырған кейіпкерімен бөліседі.Бар ойын автор болып кейіпкер тілімен сөйлеткізген.Мұның бәрі түсінде болып жатса да Заршынның өңіндегі болмысы, шынайы бет-бейнесі, ішкі ой иірімдерінің құпия қалтарысы ашыла түседі. Ғалым М.Атымов « ішкі монологта көбінесе сөйлеуші адам өзінің ішкі жан-дүниесіне тереңдей еніп,өз психологиясынан хабардар береді.Жазушы қаһарманның өзімен-өзі сөйлестіру арқылы оның өзінен басқа жанға сездіргісі келмейтін жасырын сырларына дейін оқушыны жетектеп ертіп барады» (Атымов, 1975:78) деген болатын.

Үшінші түсінде Заршын психологиялық, сезімдік күйлерді басынан кешіреді.

*«Әлдекімдер әйдіңгердей тұғырда отырып алып, төменде тізерлеген мұның мұрнынан тартып тергейді-ай келіп.Әуелгі әуенінен жаңылған жазбагеріңіз өңім емес, түсім болса екен деп шын тіледі Жаратқаннан.Шошып оянбаққа да шамасы жетпеген»*(Байғұт, 2009:266).

Кейіпкер күнде ойланады, күн сайын түс көреді.Яғни,оның санасында үздіксіз ойлау процесі,сана жұмысы жүріп жатыр деген сөз.Байқап отырсақ, автор өзінің әңгімелерінде түс көру тәсілін әркез дамытып, мағыналық,көркемдік тұрғыдан түрлендіріп отырады.Бір түстің өзіне тарау арнап,ондағы оқиғаны,психологиялық көріністерді, ерінбей-жалықпай талдап жазады.Бір туындыда кездесетін түстердің жазылуы,суреттелу ерекшеліктері әр түрлі. Заршынның бойындағы үрейі дала тегістіктерінің жыртылуы, сол жыртылған жерлерден үйректердің пыр-пыр ұшып,жанұшыра қалбалақ

қағуымен, қарғалардың қуана оли-гарх-гарх дегендей қарқылымен байланыстырыла психологиялық параллелизммен бейнеленген.

Осы үзінді Заршын мен сұрақ қойып отырған тергеушінің диалогы арқылы өрбіген. Қиын жағдайға тап болса да тергеушінің сұрақтарына мысқылмен жауап берген кейіпкердің әлі де болса ашу-ызасын тарқамағанын, пікірінің өзгермегенін байқаймыз. Осындағы тергеуші Заршынның өңіндегі өз қорқынышы. «Қанша дегенмен олигархтың көп нәрсеге күші жетеді, қолы ұзын. Ал мен сияқты Тәңірден басқа қорғанышы жоқ жандардың зарын кім тындасын, кім ести қойсын?» деген ойы. «Солар туралы шындықты жазамын деп, ертеңгі күні бірдеңе тап болып қалмайын, маған зияндарын тигізіп жүрмесе екен» деген ішкі қорқынышы түсіне адам болып енеді.

Сана астарында бейсаналы түрде жүзеге асатын психологиялық түзіліс-түс болып табылады. Адам түсінде өңінде көп ойлаған нәрсесін көреді. Түстің бірден-бір қасиеті-көбіне шындықпен жанасатындығы, ол түстің өзінің табиғатына тән нәрсе.

М. Байғұттың бұл әңгімесі ерекше талдауды қажет ететін шығармалардың бірі. Түс көру тәсілін пайдаланғанда ішкі монологпен қатар, ішкі диалогтың маңызы арта түсетіні белгілі. Автор осыны жақсы түсіне білген. Бастан-аяқ түстен құралған бұл әңгіме негізгі кейіпкердің психологиялық жағдайынан жан-жақты хабар береді. Қатарынан көрген үш түсінде де кейіпкердің психофизиологиялық құбылыстарды үрей, қорқыныш, ашулану, қобалжу, қуану т.б секілді әртүрлі сезімдік-эмоциялық әсерді бастан кешіру жағдайын бейнелеген. Бұл көрген түстері кейіпкердің тағдырына тікелей және жанама түрде болса да қатысы барын аңғарамыз. Түс шығарманың көркемдік табиғатымен біте қайнасып, тұтастай мазмұнын ашып бере алған.

Психологиялық шығармаларда қолданылатын тағы бір тәсіл кейіпкерлерге қосымша ат беру. Адамның мінезін іс-әрекетімен қоса, есімі арқылы суреттеуге айрықша мән береді. Мархабат Байғұттың «Салқын Масақ» әңгімесіндегі кейіпкердің есімі Заршын. Атының өзі кейіпкердің мінезін ашып, оқиғалар желісіне сай келіп жатады. Әкімдерді жақтыра бермейтін, олар туралы үнемі зарланып, арыз жазып жүретін Заршын секілді кейіпкерлерінің тек өздеріне тән мінез-болмысы, қимыл-әрекеттері бар.

Жалпы, қорытындылайтын болсақ, бұл мақаламызда көркем әдебиеттегі психологизмнің зерттелуін және ол жайында айтқан ғалымдардың пікірлерін сөз еттік. Қазіргі көркем әдебиеттегі психологизмнің қолданылу ерекшеліктеріне М. Байғұттың бұрын-соңды талданбаған «Салын Масақ» әңгімесін талдау арқылы мысалдар келтірдік. Екі ғасырдың жазушысы атанған М. Байғұттың нағыз психолог жазушы екеніне сүйсіне түсеміз. Қашанда қаламы қарымды жазушының әлі де оқырмандарына беретін рухани азығы мол деп санаймыз. Әрбір, жаңа жазылған әңгімелерін асыға күтеміз.

Әдебиеттер

1. Намазбаева Ж.И. Психология. – Алматы: Print-S, 2005. – 296 б.

2. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
3. Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. – Алматы: Алаш, 2003. – 327 б.
4. Майтанов Б. Қазақ прозасындағы замандас бейнесі. – Алматы: Ғылым, 1982. – 148 б.
5. Ержанова Г. Қазіргі қазақ әңгімесі. Фил. ғылым. канд. дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы. Алматы. 1999. – 125 б.
6. Исмақова А. «Психологиялық роман». // Әдебиеттану. Терминдер сөздігі / Құрст.: З.Ахметов, Т.Шаңбаев. – Семей: Талер-Пресс, 2006. – 398 б.
7. Байғұт М. Оқу залы. Әңгімелер. – Алматы: ҚазАқпарат, - 2009. - 344 б
8. Атымұмов М. Қазақ романдарының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, - 1975. - 311 б
9. Ержанова Г. Қазақ прозасындағы психологизм. – Алматы: Жалын, 1994. - 140 б
10. Рахымжанов Т. Романның көркемдік әлемі. – Алматы: Рауан, 1997. - 224 б

ОӘЖ

## **АБАЙТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ТАРИХЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ**

**Сейтмұрат Нұрсұлу**

филология факультетінің магистранты

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,

Шымкент, Қазақстан.

*Резюме*

*В данной исследовательской работе всесторонне рассматривается роль и особое значение науки Абаяведения в литературоведении. Кроме того, широко были проанализированы исследования М. Ауэзова и М. Мырзахметова, внесших значительный вклад в эту область.*

*Summary*

*This research work comprehensively examines the role and special significance of the science of Abay studies in literary criticism. In addition, the studies of M. Auezov and M. Myrzakhmetov, who made a significant contribution to this area, were widely analyzed.*

Абай шығармашылығы – адамзат мәдениетінің асыл қазынасына қосылған рухани мұра. Абайтану- қазақ халқының рухани әлемді тануға арналған, күн сайын дамып жатқан, әдебиеттану ғылымының саласы. Абайтанудың бір ғасырдан астам тарихы бар. М.Мырзахметовтың деректеріне сүйенсек қазіргі таңда жарияланған еңбектер төрт мыңнан астам. Қолжазба күйінде 20 баспа табақтан астам. Ұлы ақынның мұрасы жөніндегі жазба деректерді толық білмейінше, зерттелу жайы мен даму тарихын сөз етіп, бір мақалаға келтіру қиынның қиыны.

Абай поэзиясы қазақ әдебиетіндегі мүлде жаңа құбылыс, жаңа кезең. Абай шығармашылығы халық поэзиясымен тамырлас. Орыс, шығыс классиктерінен тәлім алып, бойына ана сүтімен дарыған ана тілінің рухын сезініп, жоғары бағалаған. Абайдың тіл тазалығының төркіні Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Йасауи даналықтарымен ұштасар болса, өзінің алдындағы ақындардан Бұқар, Дулат, Шортанбай, Махамбетті айрықша бөліп айтуға болады. Сол замандағы қоғам өмірін, әлеуметтік мәселелерді терең толғанған ақындар екені мәлім. Абайтануды дамыту күннен-күнге дамып келе жатқан әдебиеттану ғылымының шоқтығы биік мұрасы. Абай ауыз әдебиетін жазба әдебиетке айналдырып, өз заманында көркем сөз өнерін қалыптастырды.

Абайды зерттемеген, өз еңбектерін арнамаған жазушы жоқ. Қаншама жыл, ғасыр бойына зерттелуі, әлі күнге дейін толық ашылмаған қырларының көптігі, бір ғасырда бір рет қана өмірге келетін ұлы тұлға екені анық.

М.Мырзахметов зерттеулеріне сүйене отырып Абай мұрасының зерттелу тарихын үш тарауға бөліп қарастырамыз. 1889-1934 жылдар арасы «Абайтануды алғашқы қадамы» қамтылып, оның өзі 1889-1918 жылдарды қамтыса, екінші бөлігі 1918-1934 жылдар аралығын, яғни кеңестік билік кезеңінде Абайтану тарихы баяндалады. Ал екінші тарау «Абайтанудағы М.Әуезов дәуірі» деп Абайтанудың негізін салған ғылыми-творчестволық еңбегіне талдаулар жасалды (1918-1961). Үшінші тарауы «Абайтанудың М.Әуезовтен кейінгі кезеңі», яғни 1961-2014 жылдар аралығындағы жарты ғасырлық мерзім ішінде басылым көрген Абайтану тарихынан жазылған ғылыми зерттеу еңбектері қамтылады. [1.]

Абай мұрасы революцияға дейінгі танылып, бағалануына нақты дәлелдің бірі сол уақыттарда қазақ даласында бірден-бір баспа орны болған «Дала уәлаяты» газеті. Алаш зиялысы Ә.Бөкейханов ақын туралы мақала жазып, тұңғыш қазақ халқына өз еңбегінде таныта білген. Ізін жалғап өз еңбектерінде көрсете білген ұлы тұлғалар: А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Торайғыров, К.Ысқақұлы, С.Әбішұлы. Абайды толығымен зерттеп, халыққа танытқан Абайтанудың негізін қалаушы М.Әуезов. «Абай жолы» роман-эпопеясын жазып, дербес ғылым дәрежесіне көтеріп, оқырмандарға әдеби көрініс тауып, биік белеске жеткізе білді. Абайтануды еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін, ғылым саласы алға ілгерілеп, монографиялық еңбектермен толықты. Ұлы Әуезовтен кейін бұл саламен шындап, ғылыми тұрғыдан айналысқан ғалымдарда жетерлік. Олар: Р.Сыздықова, З.Ахметов, Ж.Ысмағұлов, М.Мырзахметов т.б.

М.Мырзахметовтың еңбегіне сүйене отырып, М.Әуезовтің: «Абайды танудың басы, алғашқы адымдары революциядан бұрын басталған... Абайдың өмірі мен ортасын еңбектерінің әр алуан сипаттарын, өз шамасынша, көпшілікке мәлімдеп отырған үлкенді-кішілі танытқыш сөздерді де еске алуымыз керек». [2.]

Абай шығармалары 1889 жылдан бастап ресми баспасөздерде жариялана бастады. Абайды тұңғыш рет танытқан Ә.Бөкейханов. Ұлы тұлғаның еңбектері қазақ халқының тарихы мен мәдениеті арналған. Орыс ғалымдары П.Семенов Тянь-Шянский мен академик В.Ламанскийдің басқаруымен көп томды кітап шыққан. Он сегізінші томында қазақ халқының тарихы баяндалып, «Қырғыз өлкесі»- деп аталған. 1913 жылы Петербургте басылып шыққан кітапта қазақтардан жалғыз Ә.Бөкейханов болған. Қазақ халқының ауыз әдебиетінің дастандарына тоқталып сипаттама берген. Абайды құрметтеп 1903 жылы ақынның көзі тірісінде қазақ әдебиетінің атасы санап, бүкіл Ресей үкіметіне танытқан ұлт көсемі. Абай өлеңдерімен 1899 жылдан бастап таныс болып, өмірбаянын орыс тілінде жазып шығып, Семей қаласында шығып тұратын газетте 1905 жылы жарияланған.

Зәки Ахметов өзінің еңбегінде, Ахмет Байтұрсынов жазған пікірді көрсеткен. Ұлы Абайды «Қазақтың бас ақыны» деп бағалап, алғашқылардың бірі болып оның ақындық зор тұлғасын дәл сипаттап, әдебиет, мәдениет пен қоғамдық ой-санамыздың дамуындағы орасан зор маңызын тұжырымды түрде айқындап берді. [3.]

Қазақ халқының ұлы ақынға деген шексіз махаббатын олар ерте түсініп, әрекет еткен. Жандана бастаған әдеби сын Абай мұрасының ақындық өнер жолын танып бағалау, насихаттау жолында әрекет ете бастады. М.Дулатов «Қазақта» жарияланған «Абай», «Дауқұмар» мақаласында ақынның мұрасы сол заманның шындығы, айнасы екенін көрсете білді. Абай Құнанбаев билердің, болыстардың билігі жүретін заманда өмір сүрді. Ол туралы М.Әуезовтың «Абай жолы» романында ақынның өмірін білеміз. Абайдың өзі ауқатты отбасында өмірге келді. Кейбір ақындарымыз осы бір тұсын ұстап, өзінің теріс пікірін білдіріп жатады. Қандай отбасында дүниеге келседе Абай өзінің тектілігінен танбай, қазақ халқы үшін жанын құрбан етуге даяр болды. Қазақтың кемшілігі надандығы мен білімсіздігі - деп көрсетеді. Өзінің өлеңдерінде сол тұстағы бай-шонжарлардың опасыздық әрекеттерін халық санасына философиялық тұрғыдан жеткізе білді. Абайдың «Жаз», «Болыс болдым, мінеки» деген өлеңдері «Дала уәлаяты» газетін де, редакция тарапынан сарыны өткерлене түскен өлең жолдарының қатты айтылған тұстарын, жұмсартып оқырман назарынан жасыруға тырысқан.

1913 жылы Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ» газетінде басылған мақаласында «Одан асқан бұрын-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ»- деп Абайды аса жоғары бағалап, Абай - қазақтың ұлы ақыны екенін атап өтті. Абай шығармаларын жинап, тұңғыш рет 1909 жылы Санкт-Петербургте басылған Абай өлеңдерінің жинағына ақынның жүз қырықтай өлеңі басылған, бастырып шығарған К.Ысқақұлы мен Тұрағұл (Абайдың баласы). Абай өмірден өткен соң араға ұзақ уақыт салмай, алғашқы жинағы шыққан. Абайдың көзі тірісінде жарық көрген шығармалары, қолжазбалары сақталмай, М.Бікенұлының қолжазбалары арқылы жеткені мәлім. 1916 жылы Орынборда С.Әшімұлы бастырған «Абай термесі» кітабы жарық көрді. 1922 жылы Ташкентте, Қазанда басылған жинақтар, 1923 жылы Лияс Жансүгіров «Абай кітабы» атты мақала жазып, «Тілші» газетінде жарық көрді.

Абайтану ғылымына, Абай шығармашылығын зерттемей өткен зерттеуші жоқ. Абайтану ғылымына Т.Тәжібаев, А.Ысқақов, Р.Сыздықова, З.Ахметов, М.Мырзахметов секілді ғалымдар елеулі үлес қосты. Абай әлеміне апаратын жол - ұзақ жолдың бірі, ешқашан таусылмайды. Заман өзгеріп, сана-сезімге еркіндік самалы қанат қаққан сайын, ұлы ақынның өшпес мұрасының жаңа қырлары ашылып, әрі қарай дами түспек. Егемендігімізді алып, еңсемізді көтерген шақта, рухани құндылықтарға мемлекет тарапынан аса мән берілгендігі бізді қуантады.

Осының айғағы тәуелсіздік алғаннан кейін Абай шығармаларын зерттеу, Абайтану тарихын дамыту жандана түсті. Абайтанушылар: Қ.Мұхамедханов, З.Ахметов, Р.Сыздықова, Б.Исабеков, М.Мырзахметов, Т.Ибрагимов, Ғарифолла Есім, Т.Жұртбай, А.Омаров, Б.Ердембековтердің еңбектері ерекше.

Абайтану ғылымы күннен күнге қанатын еркін жайып келе жатқан әдебиет ғылымының саласы. Абай туралы пікір білдірген Алаш зиялылары бастаса, оны танытқан М.Әуезов. Тәуелсіздік жылдарында М.Әуезовтің ізін жалғаған М.Мырзахметов. Абайтану ғылымы тек әдебиеттік тұрғыдан зерттеліп қана қоймай, тілдік, философиялық тұрғыдан өз биігіне жетті. Бір ғасыр зерттелген Абайтану тарихы кейін де зерттеле беретіні анық. Әр заманның кезігіне қарай оқырманға сан түрлі бағытта зерттелініп жеткізетіні анық.

Қорыта келгенде Тұңғыш Президентіміз, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың: «Заманалар ауысып дүние дидары өзгерсе де, халқымыздың Абайға көңілі айнымайды, қайта уақыт өткен сайын оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі», - деген пікірін әрқашан жадыда ұстауымыз керек. Ақынның салып кеткен дара жолымен жүріп, зерттеп жаңа қырынан таныту – бүгін ұрпақтың алдындағы ұлы міндет.

#### **Әдебиеттер:**

1. Мырзахметов М. Абайтану. 1-кітап. Өнд., толықт., 2-бас. - Астана: «Interactiv Kazakhstan», 2014. - 432 б.
2. Мырзахметұлы М. Абай лұғаты. – Алматы: «Өнер- 21 ғасыр» қоғамдық қоры, 2014. – 136 б.
3. Ахметов З. Таңдамалы. 1-т. (Әдеби зерттеулер). Құрастыр. Оразбек М., Зәкиұлы М. – «Ана тілі» баспасы, 2008. – 280 б.

ОӘЖ 811.512.122

## **ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ШЫҒУ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСУЫ**

**Тайтелиева М.А. Барысова Н.Т. Бейсенбаева А.А.**

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,  
Шымкент, Қазақстан.

#### *Резюме*

*В статье рассматривается происхождение и формирование фразеологизмов на казахском и английском языках.*

#### *Summary*

*The article deals with the origin and formation of phraseological units in the Kazakh and English languages*

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі етістікті фразеологизмдердің қалыптасу жолдары өте кең. Осыған байланысты қос тілдегі етістікті фразеологизмдердің қалыптасуын қарастырайық. Фразеологизмдер халықтың тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, психологиясын көрсететін мәліметтер береді.

Сондықтан қос тілдегі етістікті фразеологизмдерді салыстыра отырып, олардың пайда болуын, шығу негіздерін, қалыптасуын айқындап, қос тілден

жинастырған материалдарымызды саралап, етістікті фразеологизмдердің халықтың мәдениетін, дәстүрін, тарихи кезеңдерін, эстетикалық ойлау болмысын бейнелейтін тілдік маңызды материал екендігіне көзіміз жетті.

Бұдан қос тілдегі фразеологизмдердің бай табиғаты (сан жағынан, мазмұн-мағына жағынан) сол тілде сөйлеуші ұлттың рухани мәдениетінің көрсеткіші болып табылады деп айта аламыз. Өйткені, тіл мен мәдениет өзара тығыз байланысты факторлар, яғни өзара қарым-қатынаста болады. Осыған орай, тілдің субъектісі мен адресаты – мәдениеттің де субъектісі болып табылатынын, “мәдениеттегі мешеулік” тілдегі мешеулікпен тікелей байланыстылығын В.Н. Телия “Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты” атты еңбегінде атап көрсетеді.

Көптеген етістікті фразеологизмдер қазақ -ағылшын тіларалық фразеологиялық қорында семантикалық жолмен жасалады. Әр түрлі тілдердегі лексикалық элементтердің бірдей тіркесу қабілеттілігі олардың ортақ мағынада қолданылып, белгілі бір ұғымды білдіретінін көрсетеді.

Мысалы, ағылшын тіліндегі: *Keep one's nose to the grindstone* ≈ Мұрнынан шаншылып жүру. Екі тілде де мағынасы “жұмыстан бір сәт босамау, қолы тимеу” деген ұғымды білдіреді. Тағы да, *Be in smb's pulse* ≈ Тамырын басу - “жәйлап пікір, сыр тартып, көңілін білмек болу” деген мағынада қолданылады. Берілген мысалдардан екі тілде де етістікті фразеологизмдердің семантикалық жолмен жасалғанын көреміз.

Кейбір етістікті фразеологизмдер семантикалық компоненттерден, семантикалық ұйытқы бола алатын лексикалық қатарлардан тұратынын байқадық. Осыған орай, Р.Н. Вайнтрауб кез келген тілдің фразеологиялық қорының отыз пайызын соматикалық фразеологизмдер құрайды деп тұжырымдайды .

Енді осы соматикалық қатарлардың көмегімен жасалған қос тілдегі етістікті фразеологизмдерге мысал берейік: “Көз” — *Fladden an eye* / Көз қуанту – “қуану, риза болу”; “Бас” – *Worry one's head off* / Бас қатыру - “ойға түсу”, “абыржу”; “Тіл” – *Have a ready tongue* / Тілге жүйрік болу – “сөзге шешен болу”.

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі етістікті фразеологизмдердің қатарында діни таныммен байланысты туып, қалыптасқан жасалымдарды көптеп кездестіруге болады.

Бұдан әр халық өміріндегі діннің әсерін, діннің рухани өмірде, дүниетанымда, адамдардың өмірлік бағыттарында қаншалықты маңызды роль атқаратынын көреміз. Діни идеялар елді кезе жүріп, халықтардың рухани мәдениетіне, ең бастысы тіліне айтарлықтай жаңалық әкелді. Діни таным негізінде пайда болып қалыптасқан қазақ және ағылшын тілдеріндегі етістікті фразеологизмдерге мысал келтірейік: *God saved smb* // Құдай сақтайды; *God knows* // Құдай біледі; *Serve God and Mammon* // Құдайға құлшылық ету. “Құдай” қос тілдегі фразеологизмдерде тек қана жақсы жағынан көрінетінін

байқадық. Діни таным негізінде пайда болған бұл фразеологизмдер діни идеологияның қазақ және ағылшын халықтарының фразеологизмдер қорының ұлғаюына әсерін тигізгенін көреміз.

*To rill the fatted calf* тура мағынасы “семіз бұзауды сою”, жаңа мағынасы “үйде бардың бәрімен қонақ ету [қылу]”. Тағы да, *to have [hand] a millstone about smb's neck* – баламасы “біреудің мойнында диірменнің тасы болу [іліну]”.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі етістікті фразеологизмдердің қалыптасуын сипаттап, нәтижесінде мазмұн, ұғым жағынан салыстырып, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды саралау арқылы, түрлі табиғат құбылыстарына және қазақ және ағылшын халықтарының аспан денелеріне табынуынан пайда болып, қалыптасқан етістікті фразеологизмдерін қарастырайық., сенім-нанымдарға байланысты қазақ және ағылшын халықтарының аспан денелеріне табынуынан пайда болып, қалыптасқан етістікті фразеологизмдерін қарастырайық.

Ағылшын тіліндегі етістікті фразеологизмдердің аспан денелерінің ықпалынан пайда болып, қалыптасуына астрологтардың пайымдаулары себеп болған, олар аспандағы денелердің орналасуы адамдардың тағдырына әсер етеді деп тұжырымдаған, нәтижесінде төмендегі етістікті фразеологизмдер қалыптасқан:

-*Be born under a lucky star* – “бақытты жұлдыздың астында туу”;

-*Bless one's stars [thank one's lucky stars]* – “өзінің жұлдызына (тағдырына) алғыс айту;

-*Believe in one's stars*— “өзінің жұлдызына (тағдырына) сену”;

-*Curse one's stars* — “өзінің тағдырын қорғау”.

Ал, қазақ тіліндегі аспанға табыну дәстүріне байланысты пайда болып, қалыптасқан етістікті фразеологизмдердің құрамына “көк аспан, тәңір, құдай” сөздері арқау болған.

*Күлі көке ұшты* деген *күйреді* деген сөздің орнына жүреді, *Аспанмен тілдескен* ~ биік, аспан мен жердей- алыс ұғысын білдіреді, *ат басына күн туды*

Ендеше, жинаған материалдарымыздан “көк аспан” ұғымын беретін сөздермен байланысты қалыптасқан етістікті фразеологизмдерден мысалдар келтірейік: көкке жету, көкке көтерілу, көктен түсу, тәңірі жіберу, құдай жарылқау.

Ағылшын тіліндегі етістікті фразеологизмдердің қалыптасуына әдеби тілмен қатар терминологиялық және профессионалды лексика негіз болған [4, 110]. Мысалы ағылшын тіліндегі “*talk shop*” – “көпшілік жерде жұмыс жайлы айту” мағынасын білдіреді, ал “*shop*” – шеберхана ұғымында қолданылады.

- *be in the limelight* – “жұрттың назарында болу” мағынасын білдіреді, ал “*limelight*” – прожектор ұғымын береді.

- *to turn face about* – “көзқарасын (мінезін) күрт өзгерту” мағынасын білдіреді; әскери терминология – “солға шыр айналу” ұғымын береді.



Ағылшын және қазақ тілдеріндегі етістікті фразеологизмдердің пайда болып, қалыптасуынан әрбір тілдің өзіндік ерекшелігі байқалады. Қос тілдегі етістікті фразеологизмдердің жасалып, қалыптасуына жоғарыда келтірілген мысалдар тәрізді әр басқа белгілер, түрліше салыстырулар негіз болған. Мысалы, ағылшын тіліндегі *Make a mountain out of Molehill* (көртышқанның көрін таудай қылу) деген етістікті фразеологизмнің қазақша баламасы – “Түймедейді түйедей ету”. Кішкентай нәрсені үлкейтіп, шамадан тыс асырып, өсіріп көрсетуді образды түрде аңғарту үшін ағылшын тілінде тау мен көртышқанның көрін салыстыру негізге алынған, ал қазақ тілінде түйме мен түйені салыстыру негіз болған, нәтижесінде қос тілде де етістікті фразеологизм қалыптасқан. Тағы да: . *Heaven and earth* (жер мен көкті жылжыту) қазақ тіліндегі баламасы “Айды аспанға шығару” – “таңқалдыру” ұғымын білдіреді. *Make smb's blood freeze* (қанын мұздату) қазақ тіліндегі баламасы – қанын қайнату — “ызаландыру” ұғымын білдіреді.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі кейбір етістікті фразеологизмдердегі мәндес ұғымдарды білдіретін баламалар біркелкі немесе ұқсас белгілер мен біртектес салыстырулар негізінде қалыптасқан. Бұған ағылшын және қазақ тіліндегі етістікті фразеологизмдер мысал бола алады:

*Make someone's hair stand on end* (біреудің шашын түбінен тұрғызу) – қазақ тіліндегі баламасы “Төбе шашы тік тұру”, “зәресі ұшу” мәнінде қолданылады. *Make one's head turn* (басын айналдыру) - Басын айналдыру – а) алдап-арбау; ә) ойлауға мұршасын келтірмеу; б) ғашық ету мәнінде қолданылады. *Open one's eyes* (көзін ашу) - Көз ашу – “түсіну [түсінісу]; үйрету, ақыл қосу”.

Белгілі бір тілдің фразеологиялық құрамы аударма арқылы жасалып, қалыптасу барысында фразеологиялық қор фразеологизмдермен толығып отырады. Осыған орай Л.П. Смит "Фразеология английского языка" атты еңбегінде ежелгі грек және ежелгі рим әдебиеттерінен мысалдар келтіріп, көп жағдайда мұндай фразеологизмдердің авторларын атаған. Мысалы, *appeal from Philip drunk to Philip sober* – “ойланбай жасалған шешімді қайтадан қарастыруды сұрау”; шешімнің иесі – Филип; *Cut the Gordian knot [cut the knot]* – “қиындықты [кедергіні] күшпен шешу” (авторы Гордиан). *Hand on the torch* – “білім шырағын [ақылды] өсиет ету” — Платонның философиялық шығармасынан алынған етістікті фразеологизм. *Beg the question* – “дәлелдеуден емес, ойлаған шешімнен бастау” авторы – Аристотель. *Blow hot and cold* – “екі ойлы болу” – грек жазушысы Эзоп: саяхатшы бір мезетте қолын жылыту үшін және тамағын суыту үшін үрлеген екен. *Cry wolf too often [cry wolf]* – бекер байбалам салу (“Қасқыр! Қасқыр!”, — деп елді алдаған бақташының қылығы); *Cherish (nourish, warm) a viper in one's bosom* - “жыланды кеудесінде жылыту” (бұл етістікті фразеологизм Эзоптың шығармасынан алынған).

Ал, төмендегі етістікті фразеологизмдер ежелгі грек және рим халықтарының жекпе-жекте жеңіп шыққан жеңімпазды пальма бұтағымен не лавр гүлімен марапаттау әдет-ғұрыптары арқылы пайда болып, қалыптасқанын дәлелдейді. Мыс: *Bear [carry off, take] the palm* – “пальма біріншілігін алу,

жеңіп шығу”; *yield the palm to smb.* – “біреуден жеңілгенін мойындау”; *reap [win] one's laurels* — “даңққа жету”.

Көптеген ағылшын тіліндегі етістікті фразеологизмдердің қалыптасуы Ежелгі Риммен байланысты болған. Мысалы, *Cross (pass) the Rubicon* – “Рубиканнан өту” – Цезарьдің жорықтарынан илынған; *Fiddle while Rome is burning* – “халық апатында думандау [сайрандау]”. Қатыгездігімен белгілі болған Рим императоры Нерон өзінің Римге қарап тұрып кефарда (музыкалық аспап) ойнап тұрып, өлең шығарған екен. *Be [turn] thumbs down (on)* – “қарсы болу” және *Be [turn] thumbs up (on)* — “біреуді жақтау” (гладиатордың тағдырын император қолының қимылы шешкен: үлкен саусағын жоғары көтеруі — өмір, ал төмен түсуі — өлім).

Кейбір ағылшын тіліндегі етістікті фразеологизмдер ескі француз тілінен еніп, қалыптасқан. Мысалы, *Ery havoc* — “ауыр соққыға ұшырату” (фр. criere havot); *Curry favour with smb.* – “жағымсыну, жағымпаздану” (фр. estriller fauvel — қызыл күрең атты тазалау (қызыл күрең ат қулық, өтіріктің белгісі).

Ағылшын тіліндегі етістікті фразеологизмдердің біразы неміс тілінен еніп, қалыптасқан. Мысалы, *get wind of smb.* — “бірденені түсіну” (нем. Wind von etwas bekommen); *go to the dogs* — “өлу, құру, апат болу” (нем. Vor die Hunde gehen); *Let the cat out of the bag* — “байқамаймай құпияны ашып алу” (нем. die katze aus dem Sack lassen); *Still waters run deep* — “үндемегеннен үйдей пәле шығады” (нем. Stille wasser sind tief) т.б.

Жоғарыда берілген мысалдардан ағылшын тіліндегі фразеологизмдердің басқа тілдерден еніп (ауысып), шығу негізінде ағылшын тілінде қалыптасқанын көреміз. Сонда да А.В. Куниннің пікірінше, фразеологизмдердің қандай тілден ауысып, қалыптасуын айырып, айқындау қиындық туғызады. Мысалы, мына бір ағылшын тіліндегі етістікті фразеологизм *make love* – “біреудің көңілін табу” Үлкен Оксфорд сөздігінде француз тілінің [faire l'amour] және итальян тілінің [faire l'amore] аудармасы деп берілген.

Ағылшын тіліндегі етістікті фразеологизмдердің көпшілігі Англияға Америка Құрама Штатынан ауысып, қалыптасқан, бірақ бұл фразеологизмдердің көпшілігінің құрамында америка сөздері жоқ, сондықтан, олардың америкалық фразеологизмдер екендігі лексикографиялық түсініктерде беріледі. Олар “американизмге” жатады: *bark up the wrong tree* – “қате ізге түсу, қателесу”; *cut no ice* - “ықпал етпеу”; *do one's level best* — “барлық мүмкіншілікті жасау”; *face the music* — “қиындыққа мойымау”; *have an ax(e) to grund* – “өз пайдасын көздеу”; *sit on the fence* — “білмегенсу”; *spill the beans* - “құпияны ашу (байқамай)”. Айта кететін жайт, америкалық фразеологизмдерден еніп, қалыптасқан кейбір ағылшын тіліндегі етістікті фразеологизмдер аударылмайды, бұл америкалық етістікті фразеологизмдердің, әсіресе жаргон тілінде қолданылып, қалыптасқандары өздерінің шексіз образдылығымен және аса экспрессивтілігімен түсіндіріледі деп ойлаймыз.

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі етістікті фразеологизмдердің қалыптасуына олардың ақын-жазушылардың қаламынан туып, пайда болуы да

әсерін тигізген, сонымен қатар фразеологиялық қорды байытуда маңызы зор болған. Мұндай етістікті фразеологизмдердің ағылшын тілінде қалыптасуына Шекспирдің шығармалары себеп болған. Көлемі жағынан шексперизм діни фразеологизмдерден кейін екінші орын алатын көрінеді, ал сан жағынан олар жүзден астам. Көптеген шексперизмдер құрылым-құрылысы жағынан бүгінгі қолданыста өзгерістерге ұшыраған. Мысалы, шексперизм *Wear one's heart upon one's sleeve for daws to peck at* (“*Othello*”) – сезімін ашық көрсету, қазіргі ағылшын тілінде қысқаша етістікті фразеологизм түрінде: *Wear one's heart upon one's sleeve*” қолданылады. Тағы да, *buy golden opinions* (таңқалдыру) қазіргі ағылшын тілінде *buy* етістігінің орнына *win* етістігі қолданылып қалыптасқан: *Win golden opinios*.

Шексперизмнен мысалдар берейік: *have an itching palm*. (“*Julius Caesar*”) – сараң болу; *Paint the lily* (“*King John*”) – бірдеңені жақсартуға тырысу. *Fool smb, to the top of his bent* – біреуді ақымақ қылу (келемеждеу), келеке қылу; *Lay it on with a trowel* — асыра мақтау (мадақтау).

Шекспирден басқа да жазушылар етістікті фразеологизмдердің қалыптасуына өз үлестерін қосты: Чарльз Диккенс, Александр Поп, Томас Мор, Джонатан Свифт, Вальтер Скотт, Джефри Йосер. Мысалы, *Not to put too fine a point on it* — турасын айту, бетке айту (Ч. Диккенс); *Damn with faint praise* – мін айта мақтау (А. Поп); *Guarrel with one's bread and butter* – күнкөріс ісін тастау (Д. Свифт); *Catch (take) smb, red – handed* – бетін айрандай қылу (В. Скотт).

#### Әдебиеттер

1. Кунин А.В. Курс фразеологии современного английского языка. — Москва: Высшая школа, 1986. - 336 с.
2. Толғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. –Алматы, 1997.256 б.
3. Хазимова А. Қазақ фразеологизмдерінің ұлттық-мәдени деректері. Филол. ғыл. канд. диссертация. — Алматы, 2002. — 121 б.

ОӘЖ

### ПРИМЕНЕНИЕ МЕТОДОВ И ПРИЕМОВ ГОВОРЕНИЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Акпанбетова Мейрамкуль Сулеевна

Учитель русского языка и литературы ОСШ №130 г.Шымкент

Түйін

*Бұл мақалада орыс тілі мен әдебиеті сабағында айтылым дағдысын дамытуға арналған әдіс-тәсілдер қаралған*

*Summary*

*This article discusses methods for developing speaking skills in Russian language and literature*

Современный мир требует от человека не только способности своевременно адаптироваться к быстро меняющимся условиям социально-экономической жизни, но и более высокой меры социальной активности. Социальная деятельность человека немислима без языкового взаимодействия. Успешность человека в разных сферах жизни во многом зависит от речевого поведения, от его способности воздействовать на окружающих,

выражать свою позицию, убеждать собеседника. Между тем устная речь современных школьников отличается бедностью лексикона, обилием слов из молодёжного и интернет-сленга. В речевых действиях подростков отражается клиповое мышление, отсутствие целостного мировоззрения, неспособность к критическому осмыслению фактов, деформация основ русской культуры. Всё это результат влияния современной массовой культуры. Поэтому одним из актуальных аспектов обучения русскому языку является развитие устной связной речи учащихся. Несомненно, развитие коммуникативной компетенции происходит в процессе овладения содержанием всех учебных предметов в школе, однако только на уроках русского языка этот процесс имеет целенаправленный характер. Не случайно с целью усиления стратегического направления развития современной школы – коммуникативной направленности в обучении – в государственную итоговую аттестацию по русскому языку вводится устная часть. Говорение, как продуктивный вид речевой деятельности, является способом выражения собственных мыслей говорящего, представляет творческий процесс – создание нового речевого высказывания. Для разработки эффективной методики обучения говорению необходимо различать подготовленное и неподготовленное говорение. Высказывание, подготовленное на основе готового образца: заучивание, пересказ – создает необходимую языковую базу для неподготовленного говорения. Неподготовленное говорение отличается сосредоточением внимания на смысловом содержании высказывания, отсутствием заданного языкового материала и заданного содержания: содержание высказывания диктуется речевой ситуацией, отбор языковых средств и построение речи происходит одновременно в момент говорения. Неподготовленная речь является показателем степени владения языком, соответственно работа по развитию навыков неподготовленной речи должна преобладать в учебном процессе. Говорение как компонент устного речевого общения реализуется в двух формах устной речи – диалогической и монологической, поэтому содержание обучения говорению предполагает обучение диалогу и монологу. Помимо традиционных приёмов обучения монологической и диалогической речи: дословного и творческого пересказа; устного рассказа на основе увиденного, услышанного, пережитого; сообщения, доклада; составления диалога на заданную тему, по вербальным ситуациям, по рисункам ... – необходимо использовать различные творческие приёмы, способствующие активизации речевой деятельности учащихся. Учителю важно создать специальные речевые ситуации, призванные выполнять две основные функции: стимулирующую и обучающую. Если речевая ситуация будет носить игровой, творческий характер, то учащимися не будет осознаваться учебная функция задания, что позволит им чувствовать себя более раскрепощённо, а речь приобретёт естественный характер. Предлагаю несколько творческих приёмов организации речевых пятиминуток на уроках русского языка с целью развития неподготовленной монологической и диалогической речи. Приём «Близнецы». Все учащиеся получают карточку с картинкой, фотографией. Один ученик выходит к доске и, не показывая свою картинку одноклассникам, начинает описывать её. Задача остальных учащихся внимательно слушать говорящего, так как у одного из них в руках точно такая же картинка. Если слушающий понимает, что картинка-близнец принадлежит ему, то он должен подойти к говорящему, чтобы сравнить картинки и убедиться в том, что задание выполнено, верно. В качестве картинок можно использовать репродукции картин известных художников, иллюстрации к художественным произведениям. Приём «Найди отличия». Все учащиеся класса делятся на пары. Один участник каждой пары получает рисунок, а второй – точно такой же рисунок с некоторыми отличиями. Задача участников, не показывая картинки друг другу, а лишь задавая вопросы и получая развёрнутые ответы, найти эти отличия. Например, учащиеся получили такие рисунки. Ученик 1. На твоей картинке девочка в синем платье? Ученик 2. Да. У девочки в руках букет из семи ромашек и одного колокольчика? Ученик 1. Нет. Первое отличие. На моей картинке в руках девочки только ромашки. Колокольчик растёт рядышком, слева. У

девочки в волосах синий ободок? Ученик 2. Да, но сбоку ещё прикреплѐн красный бантик. Второе отличие. И так далее. Игра может продолжаться до тех пор, пока не будут названы все отличия, побеждает та пара, которая сделала это первой. Можно использовать и другой вариант: ограничить участников во времени, а победителей выявить по наибольшему количеству найденных отличий.

Приѐм «Верный маршрут». Учащиеся делятся на пары. Каждый участник получает план-карту города или определённого района города, а также информацию о том, где он встретил прохожего и к какому объекту города его необходимо привести. Один ученик, опираясь на карту, объясняет второму, как пройти к тому или иному объекту, при этом он не может использовать жесты, а также наблюдать за реакцией собеседника. Участникам можно сесть друг к другу спиной. Второй ученик внимательно слушает говорящего и мысленно проходит предложенный им маршрут. Затем первый объявляет о завершении маршрута и предлагает второму назвать объект, к которому он пришѐл. Если первый игрок сумел правильно объяснить путь следования, то второй игрок обязательно придѐт в назначенное место. Затем учащиеся могут поменяться ролями. Например, у учащихся в руках карта города Алматы. Первый игрок в паре получает карточку с заданием: «Ты встретил прохожего на улице Отегенова возле дома номер 23. Он поинтересовался у тебя, как пройти к гостинице «Туркестан». Подробно объясни, пожалуйста, прохожему, как ему добраться до гостиницы. Не забудь, что название конечного пункта ты произносить не должен, как только твоѐ объяснение будет завершено, спроси у собеседника, к какому зданию он подошѐл». На карточке второго игрока содержится информация о месте встречи с прохожим: «Ты встретил прохожего на улице Отегенова возле дома номер 23 и спросил, как пройти к .... Слушай внимательно собеседника, чтобы найти нужный объект».

Приѐм «Распространѐнное предложение». Учитель выводит на экран фотографию (репродукцию картины, иллюстрацию к литературному произведению) и простое нераспространѐнное предложение, составленное по данному изображению. Задача учеников распространить предложение второстепенными членами, описывая при этом фотографию. В.И. Хабаров «Портрет Милы» Девочка читает. Приѐм «Особые приметы». Учитель выводит на экран несколько фотографий с изображением очень похожих друг на друга животных, предметов, пейзажей, природных явлений и так далее. Затем один ученик получает задание выбрать одну из фотографий и описать её. Задача остальных учащихся определить, какую из представленных фотографий описывает одноклассник.

Приѐм «Пойми меня». У доски спиной к экрану стоит ученик, на экране учитель выводит слово (возможно, связанное с темой урока или встречающееся в одном из упражнений). Остальные учащиеся должны дать определение этому понятию, предмету, явлению, чтобы стоящий у доски смог назвать написанное на экране слово. При этом запрещается использовать однокоренные слова. Можно пригласить к доске нескольких учеников и устроить небольшое соревнование на самого догадливого. Приѐм «Плюсы и минусы». Учащимся предлагается обсудить какое-либо событие или явление. Для этого класс разбиваются на две группы. Первая группа – оптимисты, они отмечают положительные моменты. Вторая – пессимисты, они говорят о минусах. Например, для обсуждения можно предложить следующие темы: 1. Жизнь в небольших северных городах. 2. Возникновение и распространение социальных сетей. 3. Возрождение школьной формы. 4. Содержание диких животных в клетках зоопарка. 5. Развитие спортивной фармакологии. 6. Казахстанское кино.

Приѐм «Пресс-конференция». Учитель придумывает ситуацию, при которой один или несколько учеников дают пресс-конференцию, а остальные ученики являются представителями СМИ и имеют право задавать любые вопросы. Необходимо выбрать также ведущего, который представит участников и будет давать слово тому или иному представителю СМИ. Пресс-конференцию могут давать герои картин известных

художников, герои литературных произведений, неживые предметы (школьные принадлежности, учебники, мебель).

Приём «Ожившая картина». Учащимся предлагается оживить картину известного художника, разыграв небольшой диалог между героями предлагаемой картины. Для реализации приёма могут подойти картины Ф. П. Решетникова «Опять двойка», «Мальчишки», В.Е. Маковский «Ночное», «Первый фрак», Морган Вестлинг «Окончание сбора урожая», «На рыбалке», «Семейный доктор» и другие.

Приём «Ранжирование». Учащимся предлагается перечень личностных и профессиональных качеств, необходимых определённому специалисту. Каждый должен пронумеровать по степени важности в соответствии с собственными взглядами и убеждениями все названные качества. Затем в ходе дискуссии учащиеся должны обосновать выбор, обсудить значимость всех качеств и предлагаемые приоритеты в ранжировании.

Приём «Свяжи слова». Учитель раскладывает на столе карточки надписями вниз (или использует возможности мультимедийной презентации). На карточках – слова разных частей речи. Учащийся выбирает две (можно 3- 4) карточки, читает слова, а затем связывает эти слова в одно предложение. Приём «Живые вещи». Учащимся предлагается произнести монолог от лица какого-либо предмета. Например, от лица потрёпанного школьного учебника, памятника, расположенного на одной из площадей вашего города, обломанной берёзы, грязного подъезда...

Предлагаемые приёмы обучения устной речи способствуют развитию коммуникативных универсальных учебных действий, школьники учатся: слушать и слышать партнера по общению; с достаточной полнотой и точностью выражать свои мысли в соответствии с задачами и условиями коммуникации; адекватно использовать речевые средства для дискуссии и аргументации своей позиции; вступать в диалог, а также участвовать в коллективном обсуждении проблем, владеть монологической и диалогической формами речи в соответствии с грамматическими и синтаксическими нормами родного языка; понимать возможность существования различных точек зрения, не совпадающих с собственной; обмениваться знаниями между членами группы для принятия эффективных совместных решений; с помощью вопросов добывать недостающую информацию; управлять поведением партнера – контролировать, корректировать, оценивать действия партнера, убеждать; уважительно относиться к партнерам, проявлять внимание к личности другого; устанавливать рабочие отношения, эффективно сотрудничать и способствовать продуктивной кооперации; устанавливать доверительные отношения взаимопонимания, эмпатии; использовать адекватные речевые средства для отображения в форме речевых высказываний своих чувств, мыслей, побуждений, и иных составляющих внутреннего мира; аргументировать свою точку зрения, спорить и отстаивать свою позицию невраждебным для оппонентов способом; интегрироваться в группу сверстников и строить продуктивное взаимодействие со сверстниками и взрослыми; адекватно выражать свое отношение к фактам и явлениям окружающей действительности, к прочитанному, услышанному, увиденному.

У учащихся, вовлекаемых в разного рода учебно-речевые ситуации, формируется стремление расширить свою речевую практику, развивать культуру использования русского литературного языка, бережно и сознательно относиться к родному языку; оценивать свои языковые умения и планировать их совершенствование и развитие. Нетрадиционный характер разработанных приёмов позволяют развить творческие и аналитические способности, образное и логическое мышление, фантазию, креативность, инициативность, толерантность. Д. С. Лихачёв писал: «Вернейший способ узнать человека – его умственное развитие, его моральный облик, его характер – прислушаться к тому, как он говорит». Речь действительно является показателем уровня культуры человека, его мышления, интеллекта. Поэтому развитию устной речи в современной школе необходимо уделять особое внимание.

### **Литература:**

1. Бройде, М. Русский язык в упражнениях и играх. / М. Бройде. - М., 2001.
2. Канакина Г.И., Пранцова Г.В. Уроки развития речи: Дидактические материалы для учащихся по программе «Речь»: 6 кл., М.: Владос, 2000.
3. Капинос В.И. и др. Развитие речи: Теория и практика обучения. – М., 1991.
4. Методика развития речи на уроках русского языка / Под ред. Т.А. Ладыженской. – М.: Просвещение, 1991.
5. Цыбулько И.П. Устная часть государственной итоговой аттестации по русскому языку как педагогическое явление. – Педагогические измерения 1/2017; с.8
6. Интернет-ресурсы 1. <https://studfiles.net/preview/4268788/page:51/> Лекция № 16 Обучение говорению<sup>7</sup>

УДК

## **К ВОПРОСАМ ПЛАНИРОВАНИЯ ЭФФЕКТИВНОГО УРОКА**

**Алдиярова Инзура Абдалиевна**

Учитель русского языка и литературы ОСШ №130 г.Шымкент

*Түйін*

*Бұл мақалада қазіргі заманға сай сабақты тиімді жоспарлаудың жолдары көрсетілген*

*Summary*

*This article shows you how to effectively plan a modern lesson*

С каждым годом в образовании меняются цели, содержание образования, появляются новые технологии, методы обучения. Новые изменения носят свою свежую струю, но урок всегда остается основной формой обучения. Какие бы реформы и новации не вводились, только на уроке встречаются участники образовательного процесса: учитель и ученик.

Меня, как и любого учителя, волнует, как построить урок так, чтобы дети не только овладевали знаниями, умениям, но и чтобы происходящее на уроке было интересно, на уроке сохранялась творческая атмосфера. Что же влияет на эффективность урока? Как сделать успешным урок? Из каких слагаемых состоит современный успешный эффективный урок в начальной школе?

Хочется отдельно сказать о работе Н.Е. Щурковой «Когда урок воспитывает». Н. Е. Щуркова рассматривает возможности нравственного воспитания школьников непосредственно на уроке, в процессе обучения. Особое внимание уделяет раскрытию нравственного потенциала урока, анализу взаимоотношений учителя и учащихся, путям воздействия на становление нравственности школьников»

Сегодня наиболее существенное влияние на урок оказывает новое содержание образования: вариативные образовательные программы, новое поколение учебников, рабочие тетради, разнообразные дидактические материалы позволяют делать урок более интересным, ярким, насыщенным.

Основой любого урока должны стать: глубокая теория, богатое содержание, сравнение, сопоставление фактов, явлений и понятий, поиск связей между пройденным и перспективным материалом, открытие новых и новых граней в уже известном, изученном. Традиционная тема может быть оригинально решена, методически блестяще выстроена на ярком, интересном содержании.

При планировании процесса обучения я ориентируюсь, на новейшие передовые технологии, на разнообразие видов деятельности, методов обучения, которые позволят сделать работу детей динамичной, насыщенной, менее утомительной.

На уроке непременно должна работать формула 5 “у” – учёба + удивление+ удовольствие + увлечение = успех.

Как же построить современный эффективный урок?

1. Четко определить тему урока;
2. выделить цель и построить цели урока, доступные и понятные детям;
3. определить основные понятия, на которых будет базироваться урок;
4. определить, что должен запомнить ученик, что должен знать и применять после урока;
5. определить, в каком объеме и какими порциями сообщать учащимся урок;
6. определить, какие интересные события и факты применить и рассказать на уроке.

Обязательно надо применять разноуровневое обучение. Упорядочить учебные задания в соответствии с принципом «от простого к сложному».

Составить три набора заданий:

- задания, подводящие ученика к воспроизведению материала;
- задания, способствующие осмыслению материала учеником;
- задания, способствующие закреплению материала учеником.

Продумать «изюминку» урока.

**Так что же еще для нас современный урок ?**

По словам Н.Е. Щурковой: “Современный урок – дитя современной культуры. Это урок, порожденный стремлением гуманизировать действительность, признать человека как наивысшую ценность, предоставить человеку максимум свободы для индивидуального развития, утвердить в повседневной реальности ценности достойной жизни.

Я считаю, что и слова Я.А. Коменского, обращенные к учителям до сих пор звучат свежо и актуально: «Учителя должны заботиться о том, чтобы быть для учеников в пище и одежде образцом простоты, в деятельности - примером бодрости и трудолюбия, в поведении - скромности и благонравия, в речах - искусства разговора и молчания, словом, быть образцом благоразумия в частной и общественной жизни».

Неоспоримо одно: урок должен быть одушевленным личностью учителя. Учитель должен всегда быть примером поведения, подражания.

Хоть выйди ты не в белый свет,

А в поле за околицей, —

Пока идешь за кем-то вслед,



Дорога не запомнится.  
Зато, куда б ты ни попал  
И по какой распутице,  
Дорога та, что сам искал,  
Вовек не позабудется.  
(Н.Рыленков)

Современный урок – современный учитель...Учитель – какой он?

Учитель должен применять личностно-ориентированное обучение, которое предлагает строить обучение в соответствии с принципом “развивающей помощи”. Он состоит в том, чтобы не указывать человеку, что делать, не решать за него его проблемы, а дать ему осознать себя и разбудить его собственную активность и внутренние силы, чтобы он сам делал выбор, принимал решения и отвечал за них. Использовать информационно-коммуникативные технологии, здоровье сберегающие технологии, технологию проблемного обучения, технологию проектной деятельности, игровые технологии, технологию проблемного обучения. Освоение педагогами новых технологий в образовании - залог успешного развития личности ребенка. Согласно стандартам нового поколения учитель должен научить ребенка учиться, применять знания на практике. Чтобы урок был интересным, учитель должен сам многому учиться, ведь Ж. Жубер писал: "Обучать – значит вдвойне учиться". Открытый современный урок является проблемным, уроком взаимодействия, иллюстрацией системы работы научных позиций, технологических убеждений педагога. В условиях действия новых стандартов во многом изменяется и организация обучения. Новый стандарт ориентирован на метапредметные знания и личностный результат. Отсюда следует возрастающая роль такой формы образовательного процесса, как интегрированный урок.

За много лет работы в школе я заметила, что предметные программы в начальной школе, составлены так, что знания ребенка остаются разрозненными, по предметному признаку, поэтому в своей работе я часто использую интегрированные уроки, на которых стараюсь найти взаимосвязь с другими предметами, ведь интегрированные уроки способствуют формированию целостной картины мира у детей, пониманию связей между явлениями в природе, обществе и мире в целом. Очень важно, что интегрированный урок не исключает традиционной системы проведения уроков.

Интегрированный урок помогает решить следующие задачи, которые трудно реализовать в рамках традиционных подходов:

- Развитие познавательной, творческой активности и самостоятельности учащихся;
- Развитие образного мышления;
- Повышение мотивации учебной деятельности;
- Показ метапредметных связей и их применение при решении разнообразных задач;

- Организация целенаправленной работы с мыслительными операциями;
- Исключается дублирование учебного материала, в результате снижение нагрузки учащихся;
- Интеграция обеспечивает благоприятный психологический климат на уроке.

Главной особенностью интегрированного урока является то, что такой урок строится на основе какого-то одного предмета, который является главным. Остальные интегрируемые с ним предметы помогают шире изучить его связи, процессы, глубже понять сущность изучаемого предмета, понять связи с реальной жизнью и возможность применения полученных знаний на практике.

В своей работе я применяю такие формы уроков: урок-путешествие; урок-исследование; урок-экскурсия; мультимедиа-урок; проблемный урок; урок-сочинение, урок – деловая или ролевая игра; комбинированный урок;

Из опыта моей работы по использованию в начальных классах технологии межпредметной интеграции на примере уроков русского языка и литературы. Интегрированный урок русского языка с элементами окружающего мира, музыки, математики, литературного чтения.

- Тема «Родительный падеж существительных множественного числа». (Интегрированный урок русского языка с элементами окружающего мира, музыки, математики, литературного чтения).
- Тема: Сочинение по картине А.К. Саврасова «Грачи прилетели». (Интегрированный урок литературного чтения с элементами окружающего мира, музыки, русского языка).
- Тема: «Лес, точно терем расписной» И. Бунин. (Интегрированный урок технологии с элементами литературного чтения, окружающего мира, музыки, математики).

Эффективность урока.

Критерии

- Конкретность поставленной цели и задачи
- Создание ситуации успеха
- Обучение через открытие
- Демократичность и открытость
- Результативность
- Качество учебного материала
- Формирование ключевых компетенций
- Способность ученика проектировать свою деятельность
- Разнообразие методов, приёмов
- Наличие дискуссий, характеризующихся различными точками зрения по изучаемым вопросам, сопоставлением их, поиском за счет обсуждения истинной точки зрения.

- Творчество
- Педагог управляет проблемно – поисковой, творческой или исследовательской деятельностью учащегося.

Условия, повышающие эффективность урока: педагогика сотрудничества.

Первое условие, повышающее эффективность урока – это отношения сотрудничества, на основе которых он должен строиться, второе условие – превращение урока в «урок развития», урок творчества. А что же такое творчество? Это всегда воплощение индивидуальности, это возможность выразить своё особое, неповторимое отношение к миру. Созданию творческой атмосферы на уроке помогают специальные педагогические приёмы. Важным приёмом творческой деятельности является чувство удивления, новизны, а также готовность принять нестандартный вопрос, нестандартное решение. Считаю, что любой урок будет эффективным, если создана доброжелательная атмосфера, атмосфера доверия, взаимоуважения, если учащиеся видят в учителе партнёра, готового поддержать, заметить даже малый успех и похвалить. В поиске эффективных методов и форм обучения я пришла к выводу, что каждый урок, каждый приём и метод обучения должен быть основан на познавательной деятельности учащихся, чтобы ученики реже выступали в роли пассивных слушателей, лишь воспринимающих информацию.

Используя в своей педагогической деятельности системно-деятельностный подход для обучения учеников, я отметила для себя следующие основные пути совершенствования урока в современной школе:

- Усиление целенаправленной деятельности учителя и учащихся на уроке.
- Повышение познавательной самостоятельности и творческой активности учащихся.
- Оптимизация учебно-воспитательного процесса – это целенаправленный выбор наилучшего оптимального варианта построения процесса обучения, сочетания различных методов, приёмов, средств обучения, ведущих к достижению целей урока.
- Интенсификация учебно-воспитательного процесса на уроке.
- Осуществление межпредметных и внутрипредметных связей.

Можно сделать вывод, что современный эффективный урок — это урок-познание, открытие, деятельность, противоречие, развитие, рост, ступенька к знанию, самопознание, сотрудничество, самореализация, мотивация, интерес, профессионализм, выбор, инициативность, уверенность, потребность.

#### Литературы:

1. <http://collegy.ucoz.ru/publ/41-1-0-6609>
2. Ян Амос Коменский выдающийся христианский педагог
3. <http://domostroitel.org.ru/page/yan-amos-komenskii>
4. Щуркова Н.Е. Когда урок воспитывает. - М., 1981.295 с.
5. Сухаревская Е.Ю. Интегрированное обучение в начальной школе. Феникс –2003

6. Потапова Е.Н. Интегрированные уроки в начальной школе, или как создать у младших школьников целостную картину мира. Новая школа – 2002
7. Калашникова Н.Ю. Интегрированные уроки в 1-4 классах. Учитель – 2008
8. Васильева Н.В. Интегрированные уроки в 1 классе. ВАКО – 2009

\_ОӘЖ

**С.МҰҚАНОВТЫҢ «БАЛУАН ШОЛАҚ» РОМАНЫНДАҒЫ  
ҒАШЫҚТЫҚ ХАРАКТЕРДІҢ БЕРІЛУІ**  
ОҚМПУ, 4-курс студенті Әбжапбар О., Шымкент университетінің  
магистранты Куанбаева К

*Резюме*

*Как известно, самое дорогое сокровище человечества - это ум и сознание. Самым тонким и сильным из этих сознаний является чувство любви между двумя людьми. Вершина высших произведений мировой литературы - тоже драгоценное сокровище, посвященное этой любви. В статье рассматриваются передачи любовных персонажей в романе С. Муканова «Балуан Шолак».*

*Summary*

*As you know, the most precious treasure of mankind is the mind and consciousness. The most subtle and strong of these consciousnesses is the feeling of love between two people. The pinnacle of the highest works of world literature is also a precious treasure dedicated to this love. The article deals with the transmission of love characters in the novel by S. Mukanov "Baluan Sholak".*

Қазақ әдебиетінде М.Әуезовтің «Абай жолы» роман эпопеясынан кейін, жазушы салған жаңа дәстүр негізінде әдебиетіміз өнер адамдарының ғұмырын, олар өмір сүрген дәуір шындығын бейнелейтін шығармалармен толықты. Олар: С.Мұқановтың «Балуан Шолак», З.Ақышевтың «Жаяу Мұса», Ә.Әбішевтің «Найзағай», С.Жүнісовтің «Ақан сері» романдары.

Жұмыстың бұл тараушасында жазушы Сәбит Мұқановтың «Балуан Шолак» романындағы Балуан Шолак пен Ғалия арасындағы ғашықтық сезім, махаббат мәселелері талданады.

«Балуан Шолак» - ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында күреске толы ғұмыр кешкен өнерпаз тағдырынан өмір шындығына негізделіп жазылған шығарма. Жазушы Балуан Шолак ән-өлеңдерінің шығармашылық сырын тереңнен ашады. Туындыдағы ұлттық психология – халық жанының пәктігін, өнерге деген құрметін, сал-серілік, әншілік өнердің асқақтығын танытады.

Балуан Шолақтың болмыс-бітімі, көкірек көзі, сана-сезімі, ой-толғамы көп адамнан артық бола тұра, сол әлеуметтік келеңсіздік пен кемсітушіліктің тұтқынына айналады. Бойында қайрат пен күш бар, ақыл мен пайым бар, бірақ оны әлеуметтік теңсіздік буып тастаған. Сол ғаламат күш оны сүйгені Ғалиямен де еркін тұруына мүмкіншілік бермей, соңында адам қолынан қаза табады. Бірін-бірі сүйген екі жас қауіпті қыспақта қалған.

Шығармадағы Ғалия бейнесі, өмір жолы тарихи деректен алшақ кетпейді. Ізеттілік, ұлттық салт-дәстүрді бойына жинақтаған, жан дүниесі бай, тартымды етіп суреттейді.

«Келіншектің қарақаттай мөлдір, күлімдеген көзі Нұрмағанбетке күн сәулесінен өткір қадалып, оның өмірде жаннан жасқанбаған көзін тайдырып

жібереді. Сол өткір қарастан оның бойы отқа тиген қорғасындай еріп кеткен сияқтанды, аузына сөз түспей, жауандап қарай берді» [1,44 б.].

Ғалияның портретіне назар аударғанда, автор өз кейіпкерінің хал-күйін, оның түрлі іс-әрекеттерін ашып көрсету мақсатында психологиялық талдаудың эпикалық тәсіліне көбірек сүйенген. Жазушы бірде іс-әрекетті бейнелеп отырып, кейіпкердің сезім әлемі, жан дүниесіне ойысу сияқты көркемдік тәсілдерді шебер пайдаланған. Ғалия портреті кейіпкердің ішкі жан сипаты, суреті есепті.

Балуан Шолақтың келе жатқанын естіген Ғалия оны іштей тосып-ақ жүрген болатын. Тағдырдың табыстыруымен араға біраз уақыт салып, қайтадан кездескен Балуан Шолақ пен Ғалия бірін-бірі асыға күткен ғашықтардай іштей арпалысуда:

“Қараған сайын Ғалияға ол құмарта түсті. қазір алғашқы екпінмен жұтқан жарты аяқ қымыздың өзі әрі өтпей, өңешінде тұрып қалған сияқтанды. Өлең айт деп қолқалаған кезде де домбыраға қолы жүрмей, аузына сөз түспей, жүрегінде бір ән толқып, ол ән кеңірдегіне сыймай кептеліп, тығылып тұрғандай болды” [2,84 б.].

Осыдан кейін жазушы екеуінің арасындағы көзқарасты, ерекше бір сезімді, қатты толқуды қандай жасырамыз дегенмен де жасыра алмай, сыртқа шығарып алғандарын маңайында отырған жігіттердің байқауымен болған диалог арқылы береді:

- “Дауылпаз деген бір құс бар, дауысы жер жарады, қасына келсе жұдырықтай” дегендей,- деді біреуі - Балуан, Балуан”, -деп жұрттың дәсердей қылып жүргені осы ма?! Қаңқайған денесі болмаса мынауыңда береке шамалы екен!..”

- Білмей айтып отырсың,- деді қасындағысы, – еркектің сиқыры әйел емес пе? Әйелге елтімеген, әйел арбап, қуатын да қайратын да мұрындықтаған түйедей жетегіне алғанын абайламай отырмысың?..” [2,84 б.].

Балуан Шолақтың көңілі барлығын Ғалия ана жылы да көзқарасынан аңғарған, бұл жолы да аңғарды: “Балуанға қараған сайын, жүрегінде бұрын бықсып жанған құмарлық оты қызына түсті...” [2.89 б.].

Жазушы екеуінің арасындағы сүйіспеншілікті сөзбен суреттемей, көбіне ішкі сезімге жеңдіреді, іс-әрекет үстіндегі ым-ишара, қимыл-қозғалыс, салт-дәстүр түріндегі қарым-қатынастар үстінде көрініс беріп жатады.

С.Мұқанов адамның ішкі әрекеті өз алдына дербес құбылыс емес, ол сыртқы практикалық әрекетпен, материалдық өмір шындықтарымен тығыз бірлікте ашылады дей отырып, кейіпкердің ішкі әрекетінен оның сыртқы әрекетіне немесе, керісінше, тысқы әрекеттен ішкі әрекетке ойысып отырады.

Ұнату, жақсы көру сезімін білдірудің бір жолы көзбен түсінісу, ымды ұғыну, жүріс-тұрысымен, қимыл-қозғалысын ізеттілікпен жеткізу сияқты да жолдары бар. Осындай әдемі де астарлы, қылықты да қызықты түсінісу жолдарын жазушы шығармада жиі қолданады.

-Менің бүгін оралып келетінімді қайдан білдің? –деді Балуан қуланған боп.

-Еркектің әйелге деген бар сыры көзінде тұрмай ма, Балуан - деді Ғалия күліп, – көзқарасыңызбен айтып аттанбадыңыз ба маған, “кешке оралам” деген сөзді?..

–Ә, солай ма еді? -деп Балуан мойындай қалды [3,92 б.].

Осы жолғы кездесулері бұлардың тағдырын мүлдем өзгертеді. Бірін-бірі көптен бері білетін адамдай тез түсіністік тапты. Бірін-бірі көруге деген құштарлық туа бастады. Тосу, іздеп алаңдау, асыға күту сияқты жүрекке тынышсыздық кіре бастайды.

Әсем Ақбозбен ел аралап, думан-сауықпен күн кешірген Шолақ, тағдырдың айдауымен бір күні бір ауылда қыз ұзатылатын тойға кез келіп, кешкі ойынсауығында болады. Ел арасына танымал болып қалған басы сыйлы өнерлі Шолақты ұзатылатын қыздың қасына отырғызады. Бұл кезде Шолақтың жасы жиырма үштерге келген кезі болатын.

Қасында отырған қызға қараса: «аршыған жұмыртқадай аппақ жүзді, мөлдір көзді, мінезі ойнақы біреу екен» [4,86 б.].

Жазушы қыздың сыртқы келбетін жігіт қызығатындай етіп суреттей отырып, мінез-құлқындағы жеңілтектікті де ескертіп өтеді. Балуанның бала жасынан бойына біткен бір мінезі - аяғыштық болатын. Балқаштың өз күйеуін менсінбейтіндігін айтып, «өмірлік панана ал!» деген өтінішіне қарсылық білдіре алмай, өзін ұнатып, өмірлік жар болуға бел буған қызды сүймеген адамынан құтқаруға серт байласады. «Батыр аңғал келеді» дегендей, сол сәтте көңіл жықпай бірден шешім жасауы өнерлі жігітке тән қасиет екені бұрыннан белгілі.

Шығармада аз да болса Балуан Шолақтың өміріне қатысы бар өзіндік бір ерекшелігімен есте қалған қыз – Татьяна.

Балуан Шолақ ояздың қара күшіне қарсы қара күш жасау ретінде оның қызы Татьянаны «ояз адамшылыққа келсе, мен де адамшылыққа келем» деген ниетпен ұрлап алып қашып, тауға апарып паналайды. Жолда жолыққан Ақылбай:

- Құсың құтты болсын!
- Менде өзім сүйген бір ғана құс бар, -деді Балуан күрсініп,- одан басқа бұлбұлдың да, тотының да керегі жоқ.
- Кім ол?
- Ғалия.
- “Сексен сұлу сылаңдап тұрсадағы Ғалияның алмаймын кірпігіне! - деп шығарған әнімді естіп пе ең ?
- Естігем.
- Сол сөзім-сөз»

Осы бір диалогтан да Ғалия Балуан үшін тек аз уақыттағы ғана көңіл көтерер адамы емес, оның шын сүйген ғашығы екендігін көрсетеді. Тау басында Татьянамен бірге болғанда ән айтылады. Айтылған әннің әуені жүрекке өте жылы тиеді де, әнде үлкен бір сыр жатқанын сезген қыз:

- Қандай ән?

- Ғашығыма шығарған...

- Жаңылмасам, естуімше, ғашығыңыздың аты Ғалия болу керек?»- деді Татьяна Балuanның бетіне күлімсірей қарап [4,136 б.]. Осы әннің әуеніне елтіген екеуі де біраз уақыттың қалай өткенін де байқамады. Қыз тағы да ән айтқанын қалап еді...

- Әр нәрсе дәмімен, Тәнәйжан! – деді Балuan, (“Татьяна” деген сөздің орнына “Тәнәйжан” деген сөз аузына қалай түскенін Балuan байқамайда қалды. Татьяна ол сөзге түсінбегендіктен мән бермеді) Ғалиясын еске түсіріп, сағынышын өлеңмен басқан Балuan көпке дейін ішкі жан дүниесі астан-кестен болып, сезімнің шеңберінен шығып кете алмай, жаудың қызы деп әкелген Татьянаға үлкен бір ілтипатпен, сезіммен қарады. Балuanның бойындағы үлкен адамгершілікті, кез келген ер азаматтың қолынан келе бермейтін шыдамдылықтың Балuan бойынан табылуы, көрсеқызар, жеңіл ойлылықтан тазалығы бір көрген нәсілі бөлек Татьянаны да бейжай қалдырмайды. Осы кездесудің соңы Татьяна Балuanды шын ұнатып қалады. Оны қоштасар алдында мойындап:

- Дүниеде екі сүю бар ма, аға? - Жоқ!..

- Ендеше, мен сізді ғана сүйем!..-деді де, қыз өксіп жылап жіберді.

- Рахмет сізге!.. Мен енді дүниеде адам барына да, достық барына да, махаббат барына да сенем!..

Қызды бауырына басқан Балuan, не сөз айтарын білмей қалды.

- Ал, хош, сүйікті Тәнәйжан! -деді Балuan, аз уақыт үнсіз тұрғаннан кейін.

- Хош! –деді Татьяна әлсіз дауыспен, одан әрі сөйлесудің қажеті жоғын ұғып. Балuanның Ғалияға деген серті бұзылмастай берік екендігіне оның көзі әбден жетіп болған [5- 32 б.].

Автор Балuanды біраз сынға салып, бәрінен де сүріндірмей алып шығады. Яғни Балuan тек күш иесі ғана емес, махаббатқа берік, сүйгені Ғалияға деген адал көңілі осы тұста тағы да көрінеді.

Жалпы Балuan сұлулыққа селсоқ қарамайды. Өнерлі сал-серілердің бойындағы қыз құмарлық, жақсыға құштарлық Балuan бойынан да көрініп жатады. Балuanның көңіл аударар қарауы Татьянаны да ойсыз қалдырмады. Тағдырдың жазуымен жазықсыз қыздың аз күнгі Балuanмен бірге болуы, қыз жүрегіне өмірлік естен кетпейтін жылылық ұялатады. Таза бір әдемі сыйласудың махаббатқа ұштасуын көреміз.

Елсіз-күнсіз биік таудың басында, қараңғы түнде, баспанасыз жерде оңаша екеуден-екеу қалып, панасыз қызды шекпеніне бөлей, құшағына алған Балuan қыз құшып жатырмын деген бөгде ойдан аулақ болды. Ойында тек сүйгені Ғалия ғана болады. Ғалияға деген берік және адал жүрек сертінен жаңылмады. Жазушы “сексен сұлу сылаңдап тұрса дағы, Ғалияның алмаймын кірпігіне” деген антынан Балuanды айнытқан емес. Сүйгенінің сенімді серігі болып, өз бақытына шамасы келгенше күресе алған, бар өмірін ғашығы Ғалияға арнаған Балuanның бейнесі шығармада сәтті шыққан.

## Әдебиеттер

1. С. Мұқанов Балуан Шолақ. Алматы: Өнер, 1980ж
2. Нысаналин А. Балуан Шолақ , Ана тілі. 2014 6-12 ақпан
3. Хасенов М.С. Мұқанов және фольклор/ М.Хасенов-А, 1980-2086
4. Кажиақбарова Р. Тарихи тұлға, оның әдебиеттегі көрінісі: [С.Мұқановтың “ Балуан Шолақ” шығармасын талдау]/ Р.Кажиақбарова //Қазақ тілі мен әдебиеті -2003: №5-56-616
5. Кенжебаев М. Мұқанов С. Балуан Шолақ : [мектеп сабағы] Қазақ тілі мен әдебиеті -2015- №8-б 68-72

ОӘЖ

### БЕЙНЕЛЕУІШ ТІЛДІК ҚҰРАЛДАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ СИПАТЫ ОҚМПУ, 2-курс магистранты Оразғали Р.

*Резюме*

*Лингвокультурный характер - это отражение в сознании имен, связанных с языком каждой нации. Специфика каждого языка различна в человеческом сознании в зависимости от национального кода. В связи с этим в статье рассматривается образность и художественность слов, приведенных в художественном тексте.*

*Summary*

*The linguocultural character is a reflection in the minds of the names associated with the language of each nation. The specificity of each language is different in the human mind, depending on the national code. In this regard, the article examines the imagery and artistry of the words given in the literary text.*

**Функционалдық стильдердің бір тармағы – көркем әдебиет тілін зерттеуде әңгіме негізінен екі түрлі проблема төңірегінде болады. Олар: 1) жалпы ұлттық әдеби тілдің даму барысындағы көркем әдебиет тілінің орны, 2) жеке жазушылардың сөз мәнері (даралық стилі). Бұларды тағы екі түрлі тұрғыдан қарастыруға тура келеді: бірі – ш е б е р л і к, екіншісі – нормалылық тұрғысы. Ашып айтсақ, біріншісі – көркем әдебиет тілін, яғни «поэтикалық сөзді» стилистика объектісі ретінде қарастыру, екіншісі – жалпы ұлттық әдеби тілдің белгілі бір қаттауының, айталық, лексикасының немесе грамматикасының нормалары мен ұлттық көркем тіл нормаларының арақатынасы, қарым-қатынасы және бұл нормалардың көркем текстерде көрінуі тұрғысынан қарастыру.**

Бұл екі түрлі зерттеудің объектісі біреу – көркем әдебиет тілі болғанымен, олардың көздейтін түпкі мақсаттары мен талдау әдістерінде үлкен айырмашылық бар. Алдыңғысы лингвистикалық стилистика деп аталатын салаға жатса, соңғысы тіл нормаларының қалыптасып, орнығуы, яғни сөз мәдениеті деген саланың проблемалары болып шығады. Мұның себебі көркем әдебиет тілінің өзі «екі планды» екендігінде: біріншіден, ол «жалпы» тілге жатады, соның үдесінен шығуға тиісті болса, екіншіден, көркем шығарма тілі сол туындының «символдық құрылымына» бағынуы керек [1].

Жалпы стилистика – шеберлік туралы ғылым саласы, оған тілдің көріктеуіш құралдары, солардың көркем әдебиетте қолданылуы жайындағы зерттеулер жатады. Көркем әдебиет өнер туындысы болғандықтан, оның тілі сол өнердің құралы, «материалы» ретінде қаралып, ол да өнер, демек, шеберлік тұрғысынан сөз болуы қажет.



Жалпы тіл білімінде стилистиканы: 1) тілдің стилистикасы, яғни системалардың жүйесі (стилистика языков); 2) сөздің стилистикасы, яғни тіл элементтерінің жалпы халықтық қолданысын зерттеу (стилистика речи); 2) көркем әдебиет стилистикасы, яғни поэтикалық зерттеу деп бөліп қарастырады [2.35]. Бізде, қазақ ғылымында, негізінен, алдыңғы екеуі зерттеу объектісіне көбірек айналып, соңғы сала кенжелеп келе жатқанын айту керек. Дегенмен мүлде жоқ деуге болмайды. Е. Жанпейісов, Х. Нұрмаханов, М.Серғалиев, Х. Кәрімов, Б. Шалабаев сияқты зерттеуші ғалымдар бірқатар жазушылардың сөз шеберлігін, көркемдік тәсілдерін талдап танытады. Демек, көркем шығармалар тілін стилистика объектісі етіп зерттеуде жазушының эстетикалық талаптарды өтеу шеберлігі, яғни қалам иесінің қолтаңбасы, сөз өрнегі (мәнері) талданады.

Жазушы шығармасында айтпақ идеясын, бермек образдарын және көрсетпек суреттерін тіл арқылы білдіреді. Көркем шығармада н е н і н суреттелгені ғана емес, қ а л а й суреттелгенінің мәні зор. Сол «қ а л а й» - ды көрсету – стилистиканың міндеті. Қайталап айтсақ, стилистика сөз эстетикасын, сөздің контекстегі рөлін зерттейді. Демек, лингвостилистика ұлттық көркем тіл мәдениеті дамуының негіздерін көрсететін ғылым саласы болады. Стилистиканың лингвистикалық міндеті с т и л ь д і к әсердің өзін емес, сол әсерді туғызатын тілдік механизмді зерттеу болып табылады.

Стилистика мен сөз мәдениеті мүдделері тоғысып жатады, өйткені тіл элементтерінің көркем сөзде дұрыс не бұрыс қолданылуын (яғни сөз мәдениетінің бұзылып не сақталып тұрғандығын) анықтау үшін әуелі сол элементтің қай орында, қандай мақсатта жұмсалып тұрғандығын, яғни стильдік жүгінің бар-жоғын білу керек. Сөздің стильдік бояуы ол сөздің негізгі мағынасына үстелген қабат болғандықтан, сол қабаттың сыр-сынын тауып алу қажет болады. Зерттеушілер стилистика мен сөз мәдениеті проблемаларын бір-бірімен байланыстыра қарастыру – бүгінгі күннің көкейкесті шаруасына айналып отырғандығын көрсетеді. Сөйтіп, стилистиканың мақсаты – тіл элементтерінің жұмсалуды бағалау болғандықтан, олардың орынсыз, қате қолданылуын тауып-талдау тіл мәдениеті міндеттерімен ұштасады.

Функционалдық стильдің бір тармағы – көркем шығарма тілін лингвостилистика тұрғысынан зерттеуде мыналарды нысанаға алады:

- а) «автор образы» дегеннің көрінісі;
- ә) баяндаудың түрлері;
- б) кейіпкерлердің сөзін беру (кейіпкерлерді сөйлету) принциптері;
- в) кейіпкерлер тілі мен автордың өз тілінің көрінісі.

Бұл – негізінен, көркем проза стилистикасына қатысты проблемалар. Ал драматургия мен поэзия салаларында лингвистикалық стилистика бұдан өзгеше мәселелерді қояды.

Орыс лингвистикасында драматургия тілі жан-жақты, жақсы зерттелгендігін байқаймыз. Бұл салада мынадай мәселелерге көңіл аударылған:

- а) кейіпкерлер образын тіл арқылы көрсету;
- ә) кейіпкерлер тілі арқылы ауызекі сөйлеу тілінің типтенуі (типизация);

б) драмада сөз мағынасын стильдік мақсатта пайдалану.

Поэзияға келсек, мұндағы лингвостилистикалық ізденістер мүлде ерекше болмақ. Ең алдымен, поэзияның өзі «тұнып тұрған» образдылық (бейнелілік) болса, сол образдылықты жасайтын құралдар мен тәсілдерді зерттеу міндеті тұрады (образдылықты танып-таныту – әрине, көркем проза мен драматургия стилистикасының да «шаруасы»). Лингвистикалық стилистика көркем сөздің ерекшеліктерін зерттейтін болғандықтан, оған ырғақ, эвфония, поэтикалық синтаксис, сөз арқылы берілетін бейне (словесный образ) сияқты тарамдарды қамтитын лингвистикалық поэтика кіреді. Поэзия тілін лингвостилистика тұрғысынан зерттегенде, ең алдымен, ондағы образ жасампаздық (образотворчество) мәселесі көзделеді. Ал образ жасампаздық тіл элементтерін (құралдарын) жазушының өз қаламында жарата білуі арқылы пайда болады. Сөз-образдардың түрлерін, оның ұлттық бояуын (колоритін) тану да – поэзия стилистикасының міндеті. Қазақ тіл білімінде бұлардың барлығы да – әлі жүйелі түрде зерттелмей келе жатқан салалар. Ең алдымен, қазақ стилистикасында лингвистикалық негізде «автор образы» дегенді монографиялық планда арнайы танып-білу мүлде сөз болмаған зерттеу объектісі екенін айту керек.

Тілімізге еніп жатқан жаңа сөздер қоғамда болып жатқан жаңа өзгерістермен тығыз байланыста. Ол туралы ғалым апамыз Рәбиға Сыздықова былай дейді: «Тіл – өмірмен өзектес жанды құбылыс. Сондықтан оның сөздік құрамы әрдайым өзгеріп, толығып, дамып отырады. Әр дәуір, әр қоғам, әр халық өзіне қажет жаңалықтарды туғызса, сол жаңа зат, құбылыс, ұғым, іс-әрекеттердің өз атаулары пайда болады. Қазіргі кезеңдегі саяси, әлеуметтік, мәдени өміріміз бен ғылыми-техникалық дүниемізге қаншама жаңалықтар еніп отыр. Осыған орай, қаншама соны атаулар жеке сөздер мен сөз тіркестері пайда болып жатыр.» Сондай-ақ, саяси, әлеуметтік, мәдени, рухани өміріміз әкеліп отырған жаңа құбылыс, қарым-қатынас, түсінік-танымға қатысты ай сайын, жыл сайын утып жатқан ұғымдар өз атауларын талап етеді. Сондықтан әлі де тіркелмеген жаңа қолданыстарды іздеп хатқа түсіру ісі жүргізіле бермек. Әсіресе көркем әдебиет пен оқу-педагогика кітаптарындағы, көпшілік қолды ғылыми әдебиеттегі жаңа сөздер мен жаңа мағыналардың қазақ тілі қорынан жасалғандарын тауып, ұсыну – әрі қарайғы үлкен жұмыс болмақ.

**Лингвомәдениеттану** – ұлттық сипаты бар деп танылатын әлеуметтік, танымдық, этика-эстетикалық, рухани және тұрмыстық қатнастар мен олардың заңдылықтарын тілдік құрал арқылы зерттейтін тіл білімінің бір бағыты. Осы тұрғыдан алғанда лингвомәдениеттанудың негізгі мақсаты – ұлттық болмыстың тілдегі көрінісін, халықтың танымдық рухани болмысын, мәдениетін таныту.

**Мәдени семалар.** Мәдени семалар сөздің мағыналық құрылымындағы мәдени ақпаратқа ие элемент, семантикалық бірлік. Мысалы, жылқы “тақ тұяқты төрт түліктің түрі, өз көлік, еті, сүті азық ретінде қолданылатын жануар” десек, “еті”, “сүті” деген семалар – мәдени ақпарат беретін семалар.

**Мәдени ая.** Мәдени ая белгілі бір этностың әлеуметтік өмірі мен білгілі бір тарихи оқиғамен байланысты жайттарды білдіретін, тілдік таңбалардың жүйесі.

**Тіл мен сана арақатынасына байланысты теорияларға сүйенсек, тіл - дүниенің адам санасында сәулеленген сұлбасын сыртқа шығару, белгілі бір формуға түсіріп бейнелеу құралы.** Тілді танудың антропоцентристік парадигмасы бойынша, адам санасы мен ойлау процесіндегі құбылыстар тіл арқылы ғана белгілі болады. А. Байтұрсынұлы ойлаудың екі түрін көрсетеді: тиісінше ойлау, түйісінше ойлау. Тиісінше ойлау: заттың «бойына біткен сипатын» ғана ойлап, сол тұрғыда сөзбен беру, яғни қазіргі ғылыми тілмен айтсақ, нақты шындық болмыстың тіл арқылы баяндалуы, түйісінше ойлау: зат туралы «адамның қосқан, таңған сипаттары», яғни зат, құбылыс туралы сөйлеушінің көзқарасы, танымы, ұғып қабылдауы тұрғысынан сөз етуі. Ойлау мен сөйлеудің бұл түрінде тілдің коммуникативтік, информативтік қызметімен қоса мағыналық реңкі (модальділігі), эмоциясы, эстетикалық қызметі, бір сөзбен, танымдық-поэтикалық табиғаты көрініс береді. Сондай-ақ ғалым тілдің (ойлаудың) тиіс жағына көрік керек емес, нақты шындық керек, түйіс жағына көріктеу, әдемілеу қажет, ол қиял шығаратын сөз дейді. А. Байтұрсынұлы тіл арқылы танылатын ойлаудың эстетикалық, логикалық негізімен қабылдауды дәлелдейді.

«Тіл-адамзаттың дүниені сапалық меңгерудегі тарихи жолы қатталған дыбыстық кітабы. Адамзаттың дүниені тану жолындағы түрлі ізденістері, белгілі бір ұлттық, халықтың табиғатына тән ерекшелігі, қоғамдық даму сатысы, тарихи тағдыры мен іс- тәжірбиесі тілден көрініс табады. Тіл-дүниені танудың формасы бола алады, бірақ дүниенің ерекше формасы бола алмайды. Тіл-дүниеге және адамға бағытталған екіжақты субстанция, ол әрі объективті, әрі субъективті ». Адамның санасында сәулеленетін әлем, ғалым бейнесі объективті дүниенің көшірмесі, сонымен қатар ол жеке адамның санасында бейнеленетіндіктен, субъективті сипатқа ие. Тіл-адам қарым-қатынасынан адманың дүние(ғалым, әлем) туралы танымы мен көзқарасының тілде бейнеленуі туралы мәселе туындайды. Тілдің тұтас не жекеленген бөліктерінің қызыметіне талдау жасау тілде берілетін дүние туралы ақпараттардың мәнін танудың методологиялық мәселелерін шешумен байланысты. Тілде бейнеленген ақпарат жалпы адамзаттың әлемді адамзаттың әлемді практикалық меңгеруінің нәтижесі ретінде бағалана ма, бұл-көптеген лингвистикалық мектептердің жауап табуға ұмтылатын мәселелері деуге болады. Тілдің объективтілік, субъективтілік сипаты туралы мәселе лингво-философиядағы тілдік- танымдық мәселелерді қозғайды. Тілдің «субъективтілік» сипаты туралы идеяны қолданатын концепциялар арасында лингвистикалық қатысымдылық теориясы көрнекі рөл атқарды. Бұл ілім Сепи-Уорфтың гипотезиясы аясында қалыптасқан. Гипотезаның теориялық негізгі тілдің тек формалдық, семантикалық жағына емес, рухани ұйымдастырылуына, семантикалық мәніне, ұлттық субъективті сипатына бағытталды . Ойлауды,

одан да кеңірек қабылдауды немесе осы тілде сөйлеушінің әлем бейнесін танытатын тідің сыртқы ғана емес, ішкі табиғатының ұлттық субъективтік сипатын таныту лингвистикалық қатысымдылық теориясының негізгі мәнін құрайды.

Қуантқанға – сүйінші, соғымнан – сыбаға, егіннен – кеусен, малдан – көгендік, балаға – базарлық, кішіге – байғазы, сәбиге – көрімдік, көрші қонғанға – ерулік, жетім - жесірге – қолқайыр, мүсәпірге – садақа, алғашқы қымыздан – қымызмұрындық, соңғы қымыздан – сіргежияр, сағынғанға – сәлемдеме, қуанышқа – шашу шашу қазақ халқының мәдениетіне тән ерекшеліктері.

Фрейм Стереотипті ситуацияның ойбейнесі (М.Минский). Денотаттық стеретипте болады. фреймнің тағы бір маңызды ерекшелігі – тілдік және тілдік емес білімді біртұтас когнитивті бейнеге (образға) айналдыра алатын құрылымдығы. Мысалы, “хандар киер мұрақты, қараша киер құрақты”.

Мұрақ - Жай уақытта киюге қолайсыз. Мұрақ жайында мақал-мәтелдер көп. «Хандар киер мұрақты, қараша киер құрақты», «Қалмақ абзалы - мұрақ, көрпе абзалы құрақ», -дейді. Мұраққа қарап халқы мансапты адамды айырады. Мұрақ қалпағын елбасы, төре, билер киген. Мұрақты оюлап, өрнектеп, әртүрлі алтын-кемістелген жіптермен тігеді. Ою-өрнек жібіне қарай мұрақтар жылтырып көрінеді. Мұрақты көбіне иесі әртүрлі жиын, жиналыс, той-томалақ, сән-салтанатқа киеді [3,25].

**Тілді ұлт тарихымен, концепт арқылы көрінетін мәдениетімен, салт-дәстүрімен, рухани болмысымен сабақтастыра қарастыруымыз қажет. Ұлттың тарихи дамуының түрлі кезеңдеріндегі тұрмыс тіршілігін, салт-дәстүрін, ұстанымын, сенімін, дүниені қабылдауын сол ұлттың тіліндегі көне сөздер, фразеологизмдер, сақталған этнографизмдермен архетип түбірлері арқылы зерттеліп, қазақ тілтанымының негізін құрады [1].** Бұл негізде Р.Сыздықованың, Ә.Қайдардың, Е.Жанпейісовтың тарихи танымдық зерттеулерін тілге тиек етуге болады. Танымдық лингвистикалық зертеулер негізінен тілдік тұлға мәселесіне қатысты, концептілік құрылымды танытумен байланысты, дүниенің тілдік бейнесі мәселесін талдау арқылы, тіл мен ойлау, тіл мен мәдениет қарым-қатынасын сипаттау бағытында көрініс береді. Тіл-мәдениет-өркениет үштігінің ұлттық дүние бейнесін жасаудағы негізгі константа бола алады. Тіл мен мәдениеттегі құндылығы- концепт болу үшін белгілі бір мәдениетте өзекті, бағалы, өте ауқымды тілдік бірліктерді қамтитын мақал-мәтелге, поэтикалық, прозалық мәтінге тақырып бола алатын ақиқат құбылыстар болу керек. Концептілер өзі танылатын мәтінде, ситуациялар мен білімде символ эмблема бола алады. Д.С.Лихачевтың анықтауы бойынша концептілер адамның санасында белгілі мағыныға сілтеме ретінде және азаматтың жалпы тілдік тәжірибесінде әлеуметтік, тарихи нұсқаушы ретінде туындайды.

#### Әдебиеттер

1. Сыздықова Р. «Көркем әдебиет тілін тану қырлары».

2. Оразақынова Н. 10 сынып. Қазақ тілі. Сөз мәдениеті: оқулық, - 2010. – Алматы: Қазақстан. – 63 бет [2].
3. Б. Кәмалашұлы. Қазақтың байырғы салт-дәстүрлері. Өлгий, 2005

ОӘЖ

## **ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМЫТУ- МҰҒАЛІМІНІҢ БАСТЫ ҚҰРАЛЫ**

**Туранова Г.К.**

«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша  
ПҚБАИ аға оқытушысы

**Чингисбаева Акбота Умарбековна**  
Жетісай ауданы, №71 жалпы орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

*Резюме*

*В статье рассматриваются развитие навыков устной речи на уроках казахского языка и литературы*

*Summary*

*The article discusses the development of oral skills in the lessons of the Kazakh language and literature*

Білім деңгейі, ой-өрісі дамыған, өз ойын қазақ тілінде еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін, шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелеу-XXI ғасыр мұғалімдерінің басты міндеті. Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқытуда отандық және халықаралық озық үлгілерді тиімді пайдалану, оқушылар бойында тілдік дағдыларды қалыптастыру - бүгінгі күннің басты талабы. Қазақ тілі сабақтарында еркін қарым- қатынас жасауға, сыни тұрғыдан өз көзқарасын білдіруге, өз ойын жеткізіп, шешім қабылдауға дағдыландырса, оқушы қазақ тілінде берілген кез- келген ақпараттарды тиімді қолдана отырып, өзіне қажетті мәліметті ала алады.

### **Тыңдалым дағдысы бойынша:**

- негізгі ойды түсіну;
- ақпаратты анықтау;
- түсінгенін практикада қолдана білу;
- ақпаратқа өз көзқарасын білдіру;
- ой қорыта білу дағдылары.

### **Айтылым дағдысы бойынша:**

- белгілі бір тақырыпқа қатысты ойын білдіру;
- өз көзқарасын дәлелдеу;
- шешім шығару, қорытынды пікір жасау;
- зерттеушілік (анализ, синтез);
- ақпаратты өңдеу дағдылары.

### **Оқылым дағдысы бойынша:**

- мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты ажырата білу;
- астарлы ойды анықтау;
- шығарма кейіпкерлерін салыстыра білу;
- зерттеп оқу;
- сыни тұрғыдан бағалай білу дағдылары.

### **Жазылым дағдысы бойынша:**

- тақырыпты аша білуі;
- өз ойын сыни тұрғыда дәлелдеуі;
- қорытынды шешім шығаруы;
- өз көзқарасын дәлелдеуі;
- цитатамен жұмыс істеу дағдылары бағаланады.

Тілдік төрт дағды (айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым) оқушының сөйлеу әрекетін қалыптастырады. Осылардың ішінде басқа дағдыларды қалыптастырудың негізгі алғышарты – тыңдалым әрекеті болып табылады. Өйткені күнделікті өмірде оқушы көптеген ақпаратты сағат сайын естіп, көріп тыңдайды. Бірақ кез келген ақпаратты тыңдау арқылы түсіну сөйлеу әрекетін қалыптастырады. Егер оқушы өзіне керек мәліметті тыңдау арқылы тауып үйренсе, ол басқа үш дағдыны (айтылым, жазылым, оқылым), яғни айтылып жатқан мәліметті түсінеді; өз пікірін білдіре алады және басқалармен қарым-қатынас жасай алады; тақырыпқа қатысты деректі түсініп оқиды; көтерілген мәселеге қатысты өз көзқарасын жазбаша жеткізе алады.

Қазіргі кездегі барлық білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерінің алдына қоятын басты мақсаты – білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылығын қалыптастыру болып табылады. Ал оқу мақсаттары белсенді оқыту топтық, жеке, жұптық жұмыс түрлерін қолдану арқылы іске асырылады. Мұғалімнің іс –әрекеті оқушыны бақылауға, бақылау нәтижесін өңдеуге, бағыт-бағдар беруге, күтілетін нәтижені анықтауға арналады. Оқушының іс-әрекеті өз көзқарасын салыстыруға, топтық, жұптық жұмыста бірлесе шешім шығаруға, өз жетістіктерін бағалауға арналады.

Белсенді оқыту тілдік дағдыларды қалыптастыруда – оқытуды дамыту, өздігінен дамытын, дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіретін тұлға қалыптастыруға негіз болады. Сонымен қатар, білім алушылардың өз бетімен ізденуін арттыру мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Сабақ процесі оқушыны белсенді іс-әрекетпен белсенді ойлауға, белсенді оқытуға бағытталады.

Топтық жұмыста айтылым дағдысын қалыптастыруда «Пирамидалық талқылау» белсенді оқытуы өте тиімді. Топ мүшелері өз пікірін жеке жазып, ортада талқылап ортақ пікір қалыптастырады. Топ мүшелерінің саны 4 оқушыдан болуы керек. Әр топ таратылған флипчарт қағазға тапсырмаға байланысты жеке өз ойларын жазады. Қағазды бұру арқылы бір - бірінің жауабымен танысады. Жауаптарымен танысып ортақ пікірді қағаз ортасына жазып, ойларын қорғайды.

Топтастыру. Сабақ басында жаңа сабаққа бағыт беру үшін тақтаға жазылған сөздерге болжау жасайды. Оқушы осы сөздерге қосымша сөздер қосады. Содан соң кезекпен сөздердің мағынасын анықтайды. Анықталған сөздің мағынасын дауыстап оқиды, ал басқалары жазып алады. Осы әдіспен оқушылардың жазылым, тыңдалым дағдыларын дамытуға болады.

Айтылым және жазылым дағдыларын қалыптастыруда «ПОПС» формуласын қолдану өте тиімді. Тақырып бойынша өз пікірін дәлелдеп, көзқарасын білдіріп, шешім шығарады.

Бірінші сөйлем «Менің ойымша, ... ..»

Екінші сөйлем «Себебі, мен оны былай түсіндіремін ...»

Үшінші сөйлем «Оны мен мына мысалдармен дәлелдей аламын .....»

Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мен мынадай қорытындыға келдім ....».

«Жасырын сурет» белсенді оқытуы айтылым дағдысын қалыптастыруға әсер етеді. Топтардан бір оқушыдан шығып 20 секунд уақыт ішінде суретті есте сақтайды. Топ мүшелеріне көрген суреті бойынша сипаттайды, олар түсінгенін суретке салады. Көрген суретін топ жандандыруға тырысады. Суреттер тақырыпқа сай болуы керек. Оқушыда топ үшін жауапкершілік пайда болады және бірлесе жұмыс істеуге дағдыланады.

Қорыта келе, белсенді оқыту арқылы -білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылығын қалыптастыру болып табылады.

#### Әдебиеттер:

1. Үш тілде білім беруді іске асыру бойынша мектептерге арналған нұсқаулар
2. Кіріктірілген оқу бағдарламасы, негізгі мектеп.
3. CLIL әдісіне негізделген әдістемелік нұсқаулық. Астана 2013ж.

ӘӨЖ

## ҚАЗАҚ РОМАНДАРЫНДАҒЫ МАХАББАТ КӨРІНІСІ

ОҚМПУ Мынбаева А.П.,

4-курс студенті Әбджапбар О.,

Резюме

*Во многих произведениях образ человека, описание его характера и настроения всегда были уникальными. Одна из них - тема любви, которую собирают и описывают до сих пор. В статье рассматривается об истинной любви героев, которая придает новый шарм и подпитку произведениям искусства.*

#### Summary

*In many works, the image of a person, the description of his character and mood have always been unique. One of them is the theme of love, which has been collected and described earlier. The article tells about the true love of heroes, which gives new charm and inspiration to works of art.*

Өмірде әдеби шығармаға негіз болатын тақырыптар қаншама. Ал заман озып, ұрпақ алмасқан сайын жаңа қырынан ашылып, ескірмейтін, өмір сүруге ынталандырып, адамға күш беретін, соны мұраттарға жетелей түсетін тақырып – екі жастың арасындағы үлкен сезім, махаббат тақырыбы. Уақытпен сабақтас бұл тақырып бүгінгі таңда да ең өзекті мәселелердің бірі. Екі жастың арасындағы шиеленіскен қақтығыстар, өмір шындығы - қазіргі заман әдебиетінде көркем ой дамуындағы ең көкейкесті мәселелердің біріне ұласты. Бұл мәселе - ұлттардың тіршілігіне, санасына, саяси өміріне тікелей ықпал етіп,

рухани мүдденің шешуші түйіні ретінде бағалануда. Ғашықтардың жаңа бейнесін сомдаған жазушылар қатары өсе бастады. Замана ағысымен бірге түрленіп, жаңарып отырған жастар бейнесі әркез көркем шығармалардағы өз орнын сақтап келді. Қазақ әдебиеті, оның ішінде ХХ ғасырдың басында ұлттық көркем проза өзінің алғашқы қадамдарын жасады. Професионал прозасы болмаған қазақ әдебиетінде тың бастау ашылды. М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», С.Көбеевтің «Қалың мал», Т.Жомартбаевтың «Қыз көрелік», С.Торайғыровтың «Қамар сұлу», «Кім жазықты?» романның туу үрдісін бастайды. Бұл шығармалардың басты мақсаты – бірін-бірі сүйген қос ғашықтардың махаббат жолындағы күрестері, олар өмір сүрген дәуірдің келеңсіз жақтарын сынай отырып, әйел басындағы теңсіздікті көрсету. Ауыз әдебиетінен бастау алған жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақ романдарындағы жастардың барлығына ортақ үлгі: біріне-бірі ғашық екі жастың ақылды, оқыған, өнерлі болып келуі, бірақ қосылуға, армандарына жетіп, бақытты болуына кедергілердің болуы, қыздың бас еркінің болмауы яғни, сүймеген адамына еріксіз қосақталуы, ата-ананың шешіміне, әдет-ғұрып заңдарына қарсы тұра алмай, қалың малдың құрбаны болып, әйелі өлген шалға тоқалдыққа баруы сияқты жастардың тағдыры баяндалады. Осының соңы трагедияға әкеліп соқтырып жатады. Бұған дәлел: «Бақытсыз Жамал», «Қамар сұлу» т.б. шығармалардағы ғашықтардың тағдыры.

Өз халқының өмірін, әдет-ғұрыпын, тұрмыс-тіршілігін жақсы білген Ж.Аймауытұлы сахара тірлігінің сол кездегі қатыгездігіне қарсы тұрғанын өзінің «Ақбілек» романы арқылы жеткізеді. Жазушы ауыз әдебиетіндегі ғашықтық жырлар мен жаңа заман алдында жазылған, әйел теңдігіне арналған прозалық шығармалармен сарындас келетін, бірақ өмірде анық болатын аянышты ауыр оқиғаларды асқан реалистік жолмен шешіп берген [1].

Махаббат, ғашықтық туралы сөз қозғалғанда, М.Жұмабаев шығармаларына тоқталмай кету мүмкін емес. Ақын аса мән берген эстетикалық сезімнің түрі - әсемдік, сұлулық сезіміне қатысты. Ал нағыз махаббат- бұл аса сұлу сезім.

Ғашықтық сезімге тән: ұнату, құлай сүю, сүйіспеншілік зарын кешу, ләззат рахатына бату, бір кездесуге құмарту, жалт еткен ықылас, түңіле безу, махаббат жолында жан қию секілді алуан сезімдер, күйлер, мұң-қайғылар Мағжан шығармаларында жүректен қан, тілден «у» ағызған сырлар болып төгіледі.

Ақын жырларында махаббаттың азапты жолы көрінеді. Ол: «Махаббат - бір тікенек, жүрекке барып қадалар. Бақытсыз ғой бұл жүрек, тамшылап одан қан ағар. Махаббат- бір тәтті у, шер жүрек төгер жас», - деп беріледі [2,130-б.].

Мағжанның махаббат тақырыбындағы шығармалары өз заманының рухани қажеттіліктерінен туындайды. Ақын адам өмірінде маңызды орын алатын дүние, мансап тағы басқа құмарлық жағдайларының бәрінен махаббат құмарлығын жоғары қояды.

Өзін сал-серімін деп атамаса да, халық ұғымында одан да жоғары қойып, аңызға айналдырған Сәкен шығармаларында да сұлулыққа іңкәрлік, ғашық жарға деген құрмет сезімі ерекше бейнеленген. Ақын сомдаған даланың ботагөз



аруы, жұбай аққудың махаббаты, айлы түнде ақ боз мініп, аруын құшуға асыққан жігіт көңілінің асау толқыны бәрі-бәрі тек іңкәрліктен туады.

Қазақ әдебиеті прозасында адам жанының мөлдір күйлерін, сырлы сезімін суреттейтін “мәңгілік” тақырып М.Әуезовтің «Абай жолындағы» Абай махаббатының мәңгілік монументіндей болған Тоғжан, Әйгерім, Салтанаттармен толыға түссе, бұдан кейін Ғ.Мүсіреповтің “Ұлпанымен” кемелдене түсті.

Мұхтар Әуезов «Абай жолы» романының бүкіл құндылықтарын айтпағанның өзінде ғажайып образдар галлериясын жасады. Олардың ішінде, даналықтың, кемел ақылдың, биік дүниетанымның, сұлулықтың, адалдықтың символы әйелдер образдары да бар. Олар: Тоғжан, Әйгерім т.б.

Шығармада айдай толысқан сұлулығымен, қылығымен ақынды ынтықтыра білген ару – Тоғжан, сәні әнімен ұштасқан сұлу жар - Әйгерім бейнелері нанымды, шынайы, көркем сомдалған жиынтық образдар.

«Абай жолы» арқылы көркем бейнені өмір, дәуір шындығына сәйкес етіп сомдау мәселесінің шешілгені характердің нақтылы, дара келбеті жасалғаны, әлеуметтіке, психологиялық суреттер мен талдаулардың бірлікке жеткені ірі жаңалықтар.

Роман – эпопеядағы шынайы махабаттың, бүкіл қазақ қыздарының ғажайып үлгісі – Тоғжан бейнесі нанымды, көркем. Ұлы ақын шығармаларына арқау болған – Тоғжанның сыртқы сұлулығымен астасқан ішкі жан дүниесінің тазалығы. Ақынның Тоғжанға деген мөлдір махаббаты, адал сезімі эпопеяның алғашқы томдарында суреттелген. Абай Тоғжанмен кездесуі мен сырласуын өмірінің бүкіл саналы ғұмырының мағыналы сәті, бақыты деп санайды Абай мен Тоғжанның ішкі сезімі мен толғаныстары барынша реалистік тұрғыдан суреттелген.

Мұхтар Әуезовтің ұлттық қара сөз өнеріндегі өзгеше тың, жаңашыл жетістіктері нысаналы сабақ, тамыры терең дәстүр сүрлеуін әкелумен бірге, үзеңгілес серіктері үшін бұл бағыттағы ізденістерге жол көрсетсе де қиялап келмесе шыңына жеткізбес заңғар құбылыс еді.

Тарихи дәуірлер мен оқиғаларды, тарихи адамдардың өмірін көркем бейнелеп елестеткен, дүниетанымдық ізденістері жоғары шығармалардың қатарына Әбіш Кекілбаевтің «Аңыздың ақыры» романын жатқызуға болады. Романның сюжеті аңыздың желісіне құрылған. Шығармадағы тартыс Алмас хан, үлкен ханша, кіші ханша, жас шебер арасында өтеді.

Жер бетіне әмірлігін жүргізіп, адамның өмірін ойыншық қып үйренген хан адам сезімін де билегісі келеді.

Шығармадағы басты идея – махаббат, бақыт, даңқ, сезім кейпікерлер арасындағы тартыс та сол мәселелер төңірегінде өтеді. Әрбір кейіпкер махаббат сезімін әрқилы түсінеді, өзінше баға береді. Бір-біріне ғашық жандарды сүйсіндіретін де қызықтырып, ұғындыратын олардың көздері.

Шығармада адам жанарының небір сиқырлы сұлулығын қаламгер шебер суреттеген.

Қаламгер кіші ханша – Жаппар арасындағы ғашықтық, құмарлық, ынтықтық сезімдерін шебер суреттеген. Кіші ханша мен үлкен ханшаның сана сезімін, жан дүниесін, небір мінез иірімдерін шебер бейнелеп, характерлерін даралап, көрсету мақсатында көркемдік шешімдерге барған.

Романда үлкен ханша көкіректігімен, қызғаншақ мінезімен, көрсеқызарлығымен дараланса, кіші ханша сезімталдығымен, адалдығымен, жастығымен ерекшеленеді.

Қаламгер үлкен ханша, кіші ханша образдарының даму эволюциясын сипаттау барысында көркемдік тәсілдерге барған. Шығармадағы нарттай қызыл алма, махаббат мұнарасы ұтымды детальдар.

Қазақ әдебиетінде Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясынан кейін, жазушы салған жаңа дәстүр негізінде әдебиетіміз өнер адамдарының ғұмырын, олар өмір сүрген дәуір шындығын бейнелейтін шығармалармен толықты. Олар: С.Мұқановтың «Балуан Шолақ», Сәкен Жүнісовтің «Ақан сері», Әлжапар Әбішевтің «Найзағай» романдары.

Дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесінің қайнар көздерін, тарихи даму кезеңдерін сараласақ, олардың мынадай жағдайларға байланысты пайда болатынын анықтауға болады:

- дене дайындығы жетілген, денсаулығы мықты адамдардың қажеттілігінен туындаған қоғамдық өмірдің іс-тәжірибесі;

- әр түрлі тарихи кезеңдерде ойшылдар мен ағартушылардың жан-жақты жетілген жеке тұлғаны тәрбиелеу туралы ой-тұжырымдары мен идеялары;

- үйлесімді дамыған, жан-жақты, білімді де білікті ұрпақ тәрбиелеудегі озат педагогикалық іс-тәжірибелер мен ұсыныстар;

- дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесі саласындағы ізденістер мен ғылыми негізделген тұжырымдамалар;

- дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесін дамыту жөніндегі мемлекеттік сұраныстар.

Дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесінің дамуының да өзіндік тарихи кезеңдері бар.

*Бірінші кезең*—қозғалыс дағдыларының ағзаға әсері жөніндегі эмперизмдік білім кезеңі. Адам баласы оны күнделікті қозғалыс-қимылында алды. Мұндай білімнің жиналуы «қозғалыс жаттығуларының» тиімділігі мен ағзаға оң әсері танылып, кейінгі кезеңдерде дене тәрбиесінің пайда болуына әсер етті.

*Екінші кезең*—дене тәрбиесін дамыту жөніндегі идеялар мен оның әдістемесінің пайда болуы Орта ғасырларда Греция, Рим мемлекеттерінде бастау алды. Бұл кезеңде дене жаттығуларының сауықтыру және ішкі ағза қызметіне әсері зерттелді, оның тиімділігі төзімділік пен белсенділікті, күшті, ерік-жігерді, батылдықты, қайрат пен қозғалыс дағдыларын жетілдірудегі маңызы ескерілді. Сондықтан әскери ойындар, жаттығу, сайыс, түрлі қимыл-қозғалыс әдістерін жүйелеу және оны тиімді пайдалану жөніндегі алғашқы әдістемелер пайда болды.

*Үшінші кезең* – Қайта өрлеу кезеңінен басталып, дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесінің білімдік, практикалық қорларының жинақталуы ХІХ ғасырға дейінгі кезеңде дами түсті.

Себебі адам ағзасын зерттеу, сырқатының пайда болу жағдайы мен емдеу жолдарын табу мақсатындағы дәрігерлік тәжірибе философтар мен дәрігерлердің, ағартушылардың дене тәрбиесіне, дене мүмкіндіктеріне, ағза ерекшеліктеріне назар аудартты. Сөйтіп, адам ағзасы және оның функционалдық қызметі жөніндегі зерттеулер жүргізіліп, алғашқы тұжырымдардың, дене тәрбиесінің теориялық өзегінің пайда болуына әсерін тигізді.

Қайта өрлеу дәуірінде дене тәрбиесі тұтастай тәрбие ісінің қажетті бір буыны деп есептеліп, алғашқы ғылыми негізделген теорияларды пайда етті. ХVІІІ ғасырда дене шынықтыруда пайдаланылатын дене жаттығуларының биомеханикалық сипаттары зерттеле бастаса, ал кейінгі ХІХ ғасырда дене тәрбиесінің ерекшеліктерін сипаттайтын еңбектер пайда болды.

*Төртінші кезең* – Қазан төңкерісіне дейінгі дене тәрбиесінің оқу пәні ретіндегі орны, теориясы мен әдістемесінің қалыптасу кезеңі болды. Бұл кезең дене тәрбиесінің өзекті мәселелерінің жүйеге келтіріліп, арнайы зерттеулер мен тәжірибелердің жүргізілуімен сипатталды. Бұл саладағы ең көрнекті тұлға П.Ф. Лесгафт болды, оның дене тәрбиесі жөніндегі ілімі мен жасаған әдістемелік ұсыныстары қазіргі дене тәрбиесі теориясының қалыптасуында зор маңызы бар.

*Бесінші кезең* – Кеңестік дәуірдегі дене тәрбиесі ғылымының даму кезеңі, дене тәрбиесінің кешенді түрде ұйымдастырылып, дене тәрбиесі ғылымының басқа ғылымдармен сабақтастықта, ғылым саласының ықпалды бірлігіне негізделген кешенді сипатта, ғылыми негізге, заңдылықтарға сүйене отырып қалыптасу жүзеге асты.

*Алтыншы кезең* – қазіргі кезеңде әлемдік білім кеңістігіне еруге бағдар жасауда, дене тәрбиесіндегі озат әлемдік тәжірибелерді, онымен шектес ғылыми пәндер ауқымындағы зерттеулердің нәтижелерін тиімді пайдаланып, шетелдік озат тәжірибелерді, сондай-ақ дәстүрлі әдістерді жаңа жағдайда, жаңа педагогикалық технологиялармен сабақтастыра отырып пайдалану арқылы ХХІ ғасыр заманындағы дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесінің негізін жасаумен сипатталады. Дене тәрбиесі ғылымының дамуы психологтар мен физиологтардың тәжірибесінде адам ағзасының мүмкіндіктері туралы ой-пікірлері мен тұжырымдарына, іс-тәжірибелерінің қалыптасуына жаңалықтар енгізеді.

Демек, дене тәрбиесі адам әрекетінің сан – қилы сипатымен дамитын, өзінің ой-санасы мен даму заңы, өзара ішкі байланыстары мен өзара ықпалдастықта дамитын ерекшеліктері, әдістері мен өзіндік тарихы қалыптасқан. Нәтижесінде дене тәрбиесі теориясы ғылым ретінде қалыптасып, мәні мен мазмұнын анықтауға мүмкіндік береді.

Құл иеленушілік қоғамда дене тәрбиесі таптық сипатқа ие болып, әскери жаттығулар түрінде қанаушы тапты басып-жаншу, жаулап алу, басқыншылық жұмыстарын жүргізу мақсатында жүргізілді. Арнайы әскери денешынықтыру жүйесі жасалып, ұйымдастыру әдіс-тәсілдері дами түсті. Дене тәрбиесі кәсіби сипатта пайда болды.

Ежелгі Греция, Рим мемлекеттерінде жан-жақты адам болу үшін, алдымен дене мәдениеті қалыптасқан, поэзия, музыка, шешендік өнер т.б. игеру арқылы үйлесімді адам тәрбиелеу міндеті қойылды. Бұл кезеңдегі еңбек қажеттілігімен туындаған дене тәрбиесі толығымен даму сипатында болды. Платонның өзі саналы мемлекетті құру үшін алдымен барлық адамдар дене тәрбиесімен айналысып, дене салауаттылығына көңіл бөлу қажеттілігіне тоқталды.

Ал қазақ жерінде дене тәрбиесінің негізі ретінде ойындар мен жарыс сипатындағы қимылды жаттығулар тек дене күштерін арттыру ғана емес, ата-бабаларымыздың ұлттық психологиялық болмысы мен тәлім-тәрбиесін, рухани адамгершілік сипаттары мен мәдени құндылықтарын өзара ішкі бірлікте денсаулық сақтау межесіне жету мақсатын көздеген.

М.О. Әуезов: «Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жылдарында, өздері қызықтаған алуан ойын өнері бар. Ойын деген менің түсінуімше, көңіл көтеріп жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған», - деп тегіннен тегін айтпаған[1].

Осы сарындағы түсініктер ертедегі Қазақстан жеріндегі тайпалар мен рулардың ойын-сауықтары, мәдениеті т.б. жайындағы деректер XIII-XVIII ғасырлардан Орта Азия мен қазақ жерлерінде болған Еуропа саяхатшыларының еңбектерінде ұшырасады. Қазақ халқының кейінгі шығарған ұлттық ойындары жайлы Еуропа елдеріне таныстырған Италия саяхатшысы Платано Карпини болған.

Дене тәрбиесінің басқа тәрбиелермен сабақтастығы мәселесі Орта Азия және Ұлы дала ғұламалары еңбектерінде де ерекше атап өтеді. Солардың ішінде ерекше тұлға Әл-Фараби тәрбие мәселесіне бағыт-бағдар бере отырып, «Әлеуметтік-этикалық трактаттар» атты еңбегінде бала денесін жетілдіруді оның бойындағы абзал қасиетті тани біліп, мінез-құлқының жақсы сипаттарын тәрбиелеп, өзін-өзі үнемі дамыту қажеттігіне тоқталады[2]. Ол «дененің саламаттылығы» ұғымын енгізе отырып, әр адамның тәрбиесінде мынадай үш қасиет болу қажет деп есептейді: дене күші, рухани және ақыл-ой, олар өзара үйлесімді дамыған жағдайда ғана жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға болады деп есептейді.

Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» дастанында ұлттық психологиямыз бен ерекшеліктерімізге тоқтала келе, «кемел адам» ұғымын енгізе отырып, кемел адамның бойында мынадай қасиеттер: жомарттық, саламаттылық, білімділік, ақылдылық, бір сөзде тұру, ширақтық болу қажет дейді[3].

Ұлы ағартушы Абай дене тәрбиесі мен ақыл-ой тәрбиесі үйлескенде ғана әр адам сымбатты болумен қатар, жан-жақты қалыптасқан жан болмақ деген пікірді қуаттайды. Мысалы, «Сегіз аяқ» өлеңінде бойдағы, денедегі күш-қуатты

ойсыз, ақылсыз іс-әрекетке жібермей, белсенді өмір сүре отырып, өзінді дамытатын, жетілдіретін іспен ұштастыра білу қажеттігін ескертеді. Әсіресе, «Қара сөздер» адам тәлім-тәрбиесіне бағыт-бағдар беретін, жай ғана бағыт қана емес, ғылыми негізге сүйенген, өмірлік жағдайлардан алынған философиялық тұжырымдар мен түйіндерден тұратын құнды дүние.

Ұлы Абай дене күшін, дене мәдениетін қалыптастыру, оның ақыл-ой тәрбиесіне тікелей байланысын көрсете отырып, «тәрбиелеу керек» деп жай ғана сөзбен емес, оны дұрыс жолға қоюды нақты істермен, жолдармен насихаттау, тәрбиенің өзегін философиялық, психологиялық арнадан іздеу қажеттілігіне тоқталады. Бұл мәселеде Абай оны халықтың рухани мұрасы, асыл қоймасы халықтық тәлім-тәрбие бесігі—ауыз әдебиетінен, мақал-мәтелдері мен даналықтарынан іздеуді меңзейді. Халқымыз: «Азған денеге ауру үйір», «Қайраты мен ақылы сай жігіттің жолы болар», «Ақылсыз жігіт күшіне сенер», «Қайраты бар кісінің, берекеті бар ісінің, қайраты жоқ кісінің, берекеті жоқ ісінің», «Қайратың барда мал тап», «Денсаулығын ойлаған, жан сарайын таза ұстар», «Әлін білмеген әлек», т.б. деп дене тәрбиесін тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін мақал-мәтелдер арқылы береді.

Ал И.П.Павлов., И.М. Сеченов дене күшінің физиологиялық механизмдердегі өзгерісін ақылмен саналы түсініп, ағзасын жетілдіру, денсаулығын сақтау мәселесін зерделеп, арнайы ғылыми еңбек жазған.

#### Әдебиеттер

1. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы — Алматы, «Атамұра» баспасы, 2011 жыл. ISBN 978-601-282-175-8
2. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар // Алматы: Жазушы, 1975. — 386 б
3. Баласағұн Ж. Құтты білік / Көне түркі тілінен ауд. және алғы сөзі мен түсінік. жазғ. А.Егеубаев. — Алматы: Жазушы, 1986. — 616 б.

ӘОЖ 378; 07

### ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МҰҒАЛІМІНІҢ ШЕБЕРЛІГІН ЖОҒАРЫЛАТУ ӘДІСТЕМЕСІ

**Ториев А.Ш.**- С.Нұрмағамбетов атындағы №72 ЖОМ, Шымкент, Қазақстан

**Оспанов М.Ж.**- С.Нұрмағамбетов атындағы №72 ЖОМ, Шымкент, Қазақстан

#### Резюме

*Успех в педагогической деятельности во многом зависит от репутации учителя. Если он авторитетен в глазах студентов, он может оказать на них сильное воспитательное воздействие. Репутация учителя формируется в процессе педагогической деятельности, поэтому ее можно рассматривать как составную часть второго профессионального умения авторитетного учителя. Молодой специалист, только что пришедший работать в школу, начинает набирать авторитет. Чтобы правильно организовать этот процесс, важно знать, от чего зависит репутация учителя физкультуры.*

#### Summary

*Success in teaching is largely dependent on the teacher's reputation. If he is authoritative in the eyes of students, he can have a powerful educational impact on them. The teacher's reputation is formed in the process of pedagogical activity, therefore it can be considered as an integral part of the second professional skill of an authoritative teacher. A young specialist who has just come to*

*work at school is beginning to gain credibility. To properly organize this process, it is important to know what the reputation of a physical education teacher depends on.*

Педагогикалық іс-әрекеттегі сәттілік көп жағдайда мұғалімнің бойындағы беделіне байланысты. Егер де ол оқушылар алдында беделді болса, онда оларға күшті тәрбиелік әсер бере алады. Мұғалімнің беделі педагогикалық іс-әрекет барысында қалыптасады, сондықтан беделді педагогтың екінші кәсіби шеберлігінің компоненті деп санауға болады. Мектепке қабырғасына жұмысқа жаңадан келген жас маман өзіне бедел жинаудан бастайды. Бұл процесті дұрыс ұйымдастыру үшін дене шынықтыру мұғалімінің беделін не анықтайтындығын білу маңызды. Дене шынықтыру мұғалімінің беделі бірнеше компоненттерден құралады[1].

Кәсіби маманның беделі спорт және дене шынықтыру аймағындағы білім біліктілігіне байланысты. Мұғалімнің спортшы болуы оқушы үшін өте маңызды. Маманның беделі психолого-педагогикалық білімі мен шеберлігінен де байқадады.

Адамгершілік беделі. Мұғалімнің сыртқы мінез құлығының формасынан байқалып, педагог образына сәйкестігінен көрініп, өзінің «мен» деген тұлғалық ерекшеліктерінен байқалады.

Кешірімділік беделі. Мысалға мұғалім оқушылардың сұрауы бойынша жана сабақ өткеннің орынына баскетбол ойнап кетуі мүмкін.

Бұл бедел белгілі уақытқа дейін ғана жақсы, кейіннен жағымсыз жаққа ауысып оқу процесін ұйымдастырудың негізгі талаптарына қарама қайшы келеді.

Басымдылық беделі. Мұғалім балаларды тыңдау арқылы олардың алдында бедел жинауға тырысады. Осылайша мұғалім бала алдында беделді боламын деп ойлайды.

Тәкапарлық беделі. Бұнда мұғалім өзінің өткен өмірінде қандай спортшы болғандығын айтып көп мақтанатын немесе үнемі айтып отыратындығы байқалады. Алғашында бұл расындада бастауыш және орта буын оқушылары үшін тиімді, бірақ уақыт өте келе балалар мұғалімнің педагогикалық беделін аңғарады.

Өсиетшіл бедел жасау үшін мұғалім үнемі оқушылар алдында қиынсыз жерлерде де өнеге болар істер көрсетіп отырады.

Педантты бедел қатаң ережелер мен талаптарды орнықты орындатуымен ерекшеленеді. Бұл жерде мұғалім бюрократты принциптерді қоладанды[2].

Бұл айтылған мұғалімнің беделдері әр уақытта бір-бірін толықтырып отырады. Мұғалімнің жағымды беделін құрастыра отыра өзіне ыңғайлы, өзіне тән, өзінің кәсіби қырларын көрсете алатындай етіп таңдап алады.

Дене шынықтыру жүйесінің негізінде және спортта өзіндік мотивтердің бар екендігі анық. Спортпен айналысудың мотивтеріне тұлғаның жан-жақты дамуы, отанды қорғауға және еңбекке деген құлшынысы, спорттың өркендеуіне өз үлесін қосуы, өз елінің атағын шығару немесе спорттық қоғам құру жатады.



Бұл мотивтер спортпен айналысу барысында ашылып немес басылып қалып отырады, ал бұл арнайы спорттық этиканы сақтауға әкеледі: спорттық жетістіктерге жету жолындағы қиындықтарға төзу, спорттық тәрбиені, күш жігерді, спорттық мінез-құлықты дамытуды.

Өз-өзінен спорттық іс-әрекет тұлғалық сапаларды дамыта алмайды, нақты жағдайларда спортшының мінез-құлығында жағымсыз әрекеттерде пайда болуы мүмкін (менменшілдік, өркөкіректік, эгоизм), егер бұған дер кезінде адамгершілік тәрбие мен спортшының мақсатты бағдары және өз-өзін тәрбиелеуі болмаса. Жаттықтыру барысында адамгершілік тәрбие беру ең алдымен жаттықтырушының басты міндеттерінің бірі болып саналады.

Дене шынықтыруның, дене шынықтырудың, немесе жаттықтырушының кез келген педагогтың алдында тұрған міндеттің бірі тәрбиеленушілердің тұлғалық жетілуін жан-жақты дамыту. Тәрбие берудің жағымды жақттарын дұрыс өрбіте білу үшін, ол оқыту мен дамытудың адамға тән әлеуметтік қырларын толық меңгеруі қажет. Спорт жағдайындағы педагогикалық процесстердің өз ерекшеліктері бар. Жаттықтырушы оқыту-тәрбиелеу процесін жүзеге асыру барысында мына қағидаларды ұстанады: басқарушылық, қалыптастырушылық, реттеуіш, тәрбиелік.

Жаттықтырушының басқарушылық қызметі спортшыны жан-жақты дайындауға қажет, өйткені оған шешім қабылдау, болжам жасау, ұйымдастыру, басқару, келісім жүргізу, бақылау мен түзету жасауға мүмкіндік береді.

Жаттықтырушы басқаруды спортшымен сөйлесу арқылы ақпарат алмасып жүзеге асырады. Жоспар, кеңес беру, көрсету, үйрету, әңгімелесу арқылы жүзеге асырады. Ақпаратты жаттықтырушы қорыта келе шешім қабылдайды. Бұл шешімдердің үш тобы бар: біріншісі, оқыту-тәрбиелеу процесі мен жаттықтыруды жетілдіруді қамтамсыз етеді, екіншісі, спортшының жарыстарға қатысуға деген ерік-жігерін қалыптастырады, үшіншісі, жарыстың үстінде қабылданатын шешімдер, спортшыға жасалған көмектер болып саналады[3].

Шешім қабылдай отырып жаттықтырушы оны жүзеге асырудың тиімділігін және келесі шешімдердің мүмкіндігін қарастыруы қажет. Ол бұндай кездерде ғылыми-ойлы болуы қажет: ол ізденімапаз, мәселешіл, ширақ, жүйелі болуы қажет. Белгілі болғандай жаттықтыру барысында спортшының жағдайы өзгеріп отыратындығы мәлім.

Спортшының жай күйін үш түрге бөліп көрсетуге болады:

1. Кезеңдік жағдай (спорттық қалпының жағдайы немесе керісінше жаттықпағандықтың белгісі);
2. Нақты уақыттығы жағдай (бір немесе бірнеше жаттықтырулардың нәтижесінде пайда болады);
3. Оперативті жағдай (жекелей жаттықтырулардың нәтижесінде немесе жылдам өзгергіштік).

Спортшының үнемі өзгеріп тұратындығы, оның жағдайының ары-бері ауысуы спорттық жаттықтыру барысында кері байланыс жасау арқылы қалпына келтіріледі: 1) спортшыдан жаттықтырушыға жеткен ақпарат (өз -өзін

сезінуі, көңіл күйі, жұмысқа қатынасынан және т.б.), 2) Спортшының мінез-құлығы туралы ақпараттар (жаттықтыру жұмысының көлемі, оны орындауы, түзетулер айту және т.б.), 3) жаттықтырудың тығыздығының тиімдігі (жаттықтыру жүктемелерден болған функционалдық жүйенің қозғалысының сипаттамасы), 4) жаттықтыру эффектілерінің анықтамсы (жаттыққанлығының өзгеруі).

Сабақты сәтті, жауапкершілікпен ұйымдастыру үшін спортшының іс-әрекетіне қатысты тиімді факторларды білу және олардың арасындағы байланыстардың болуын аңғару қажет: 1) Жарыстық іс-әрекет компоненттері (бастау, жарыс ерекшеліктері, мәре); 2) Жарыстық жаттығуларды орындау барысындағы спортшының тиімді іс-әрекеттері (мысалы, күштік-жылдамдық қабілеті, арнайы шыдамдылығы); 3) Интервалдық сапасының деңгейін және функционалдық өлшемдерінің сипаттамасы анықтау (күштілік, энергиясының молдығы, тұрақтылығы, шыдамдығы).

Спорттық жетістіктерге тек жаттықтырушының үнемі бақылауы арқылы ғана жетуге болады (ауырпашылықтарға төзуіне, психикалық күйін қалыптастыруда үлкен рол атқарады). Бақылау жүргізе отырып жаттықтырушы оның іс-әрекетін үнемі түзетіп отыруы қажет. Жаттықтырушы спортшының жай күйін бағалау үшін келесі үш бақылаудың түрін жүзеге асырады:

1. Кезеңдік – ұзақ уақыт жатығуына байланысты жағдайының өзгергенін анықтау және келесі макроциклге немесе кезеңге ретімен келесі стратегиялар құру.

2. Ағымдағы – спортшының ағзасының жаттығуларға бағыталып жұмыс жасауын бағалау, жеке жаттығулардағы жүктемелерден шаршау процессін қалыптастыруын бақылау, қалпына келу процессін жүзеге асыруға жағдай жасау.

3. Оперативтік – (жаттығу сабағын жүргізу бағдарламаларына бағытталған) – алға қойған мақсатқа жетуге бағытталған жаттығулар тандау, спортшының тынығуы мен жұмыс режимін бекіту, жүктемелердің көлеміне сай жатығуларды тандау.

Бақылау барысында жүзеге асыратын іс-шаралар: жарыс іс-әрекетін тиімділігін арттыру, дене дайындығының сапасын арттыру, психологиялық және интергациялық дайындығын, нақты функционалдық жүйе қызметін жүзеге асыру, спорттық жаттығуларға ағзаның төзімділігін, шаршау мен қалыпқа келу процессі жұмысын жандандыру.

Бақылау жасаудың міндеттерінің бірі – қолданылатын тестерді дұрыс таңдап алу, олар: 1) Сынаққа алынатын дене қасиеттері мен қабілеттердің нақты көрсеткіштерінен ақпараттар беруі тиіс; 2) Қатысушығы және ақпараттанушыларға түсінікті болуы қажет; 3) Жаттықтыру процессіне сиымды болуы тиіс, спортшының үшін жаңа зат болып, оның психикасын бұзып тұрмауы керек. 4) Оған дайындалған спортшының структурасына сәйкес реакциясын айқындауы қажет[4].

Қалыптастырушы функция – оқыту-педагогикалық процессін дұрыс ұйымдастыруға, техника-тактикалық дағдыларды дамытуға, психикалық және функцияларды мүмкіншіліктерін дамытуға, дене қасиеттері мен спортшылардың тұлғалық ерекшелігін жетілдіруге бағытталған.

Гностикалық функция – спортшыға арнайы білімдермен дағдыларды үйретіп отыру және стимул беру арқылы жүзеге асырылады.

Реттеуші функция – тұлғаның психологиялық жай күйін, іс әрекетін, мінез-құлығын реттеуге ұйымдастырумен байланысты.

Тәрбиелуші функция – спортшының моральдық-еріктілік және адамегршілік қасиеттерін, қоғамдық санасын қалыптастыруға бағытталған.

Тәрбиелік функция – сұрақтарды шешуде жаттықтырушы бірлескен ұжым қалыптастырып, оларда бір-біріне деген сенімді, қамқоршылықты, өз қызығушылығын топпен біріктіре білуге, біріккен іс-әрекеттен қуаныш алауға үйрете білуі керек. Жоғары шығармашылықтың адамдары әлемдегі барлық жаңалықтарға үнемі көңіл аудартарып отырады және дене шынықтыру мен спорт саласындағы жаңа проблемалармен жұмыс жасайды. Оларды өзіндік жоғары сапалық қасиеттер қызықтырады.

Жаттықтырушылардың іс-әрекетін сараптау барысында белгілі болғандай, оларға ең алдымен: оқыту-тәрбиелеу процессінің ойын анық көре білу, жаңа тәжірибе жинақтап зерттеулер жүргізу, өзін-өзі шектеулерден бостату, жоғары шығармашылық энергия, қиын педагогикалық сұрақтарды шеше білу тән.

#### Әдебиеттер

1. Әбділлаев Ә.К., Оңалбек Ж.К. Дене мәдениетінің ілімі және әдістемесі. – Түркістан: Тұран, 2004. – 277б.
2. Уаңбаев Е. Дене тәрбиесінің негіздері.- Алматы: Санат, 2015ж
3. Қуанышев Т.Ш. Болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерін ұлттық ойын құралдары арқылы даярлау. Автореф. дисс.пед.ғыл.канд.13.00.01. Алматы, 1992.63б
4. Оразов Ш.Б. Дене тәрбиесі сабағында оқушылардың дене мүмкіндіктерін дамыту. //Оқу-құрал. – Түркістан, 2005. – 70 б.

ӘОЖ 331,54:159,9

### ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ МЕН СПОРТ САБАҚТАРЫНДАҒЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Рахым А.Е.-магистрант ОҚМПУ, Шымкент, Қазақстан

Қуантай Ж.А.-магистрант ОҚМПУ, Шымкент, Қазақстан

Шегенбаев Н.Б. – философия докторы (PhD), ОҚМПУ, Шымкент, Қазақстан

*Резюме*

*Достижение положительных результатов в формировании личности занятиями физической культурой и спортом зависит от решающего характера личности учителя, направленности его действий, а также психической среды, в которой спортсмен живет, работает, занимается спортом и руководствуется.*

### Summary

*Achievement of positive results in the formation of a personality through physical education and sports depends on the decisive nature of the teacher's personality, the direction of his actions, as well as the mental environment in which the athlete lives, works, plays sports and is guided.*

Дене тәрбиесі мен спорт сабақтарындағы жеке тұлғаны қалыптастыруда жететін нәтижелер бірнеше шарттарды сақтауға тәуелді болады. Олардың бірі жанұяда, оқу орындарында, жұмыста, ұжымдарда, өнер, баспасөз, радио теледидар және т.б.-да іске асырылатын, яғни адам тәрбиесіне бағытталған басқа да әрекет түрлеріне спорт сабақтарының үйлесуі болып табылады.

Спорт сабақтарын еңбектен, оқудан, қоғамдық-саяси жұмыстардан бөліп тастасаң, олар кері тәрбие ықпалын беруі мүмкін.

Екінші маңызды шарт мінез-құлықтың айқын рухани-эстетикалық негіздерін үнемі басшылыққа алу болып табылады. Мұнда үш жақын, бірақ бір-біріне ұқсамайтын көзқарастар бар: а) белгілі бір әлеуметтік-эстетикалық жағдайларда тұратын адамдарға арналған рухани-эстетикалық ережелер; ә) спортпен шұғылдануға итермелейтін жағдайлар; б) спортшы мінез-құлқының этикалық негіздері.

Спортпен шұғылдану барысында және оның нәтижесінде тұлғаны қалыптастыруға арналған сарынның мәні адамды орнықтыру, оның әрекетінің мақсаты, ол оны қалай түсінеді. Мінез құрылады, көбіне спортпен шұғылданудың тәрбиелік әсерін анықтайды. Адам денсаулықты нығайтуға, дене дамуы мен дене дайындығын нығайтуға, жұмыс қабілетін арттыруға, белгілі бір қимыл әрекеттерін меңгеруге тырысып, спортпен шұғылдануы мүмкін. Өзін-өзі жетілдіру, өзінің қимыл мүмкіндіктерін басқа адамдардың мүмкіндіктерімен салыстырып қарау мұқтаждығы түрткі болуы мүмкін. Жас адамды спорт сабақтарына тартуға болады. Спорт жекпе-жегінің өзі романтика, оны қимыл әсемдігі, спортшының ержүректілігі мен тартымдылығы, өз қабілетін көрсету мүмкіндігі т.б. қызықтыруы мүмкін. Оқытушының міндеті спорт сабақтарына қызығушылық себептерін орнатуға және педагогикалық сенімді сарынды қалыптастыруға ықпал етуден тұрады [1].

Мінез-құлықтың рухани-этикалық мөлшерін белгілі бір қоғамдық қалыптасуды түгелдей ғана емес, сол сияқты кәсіби, оқу және басқа да қызығушылықтарымен біріккен адамдардың мінез-құлқын орнатады. Спортшы – бұл спортпен жүйелі айналысатын және салауатты өмір салтын сақтауға өзінің дене және психикалық қабілеттерін дамытуға тырысатын адам, ол спорт мінез-құлқы – адамдары сыпайы, құрметпен қарауға, өзінің спорттағы қарсыластарын құрметтеуге синоним екені біледі. Спортшы кез-келген қимындықты жеңеді және қаншалықты үлкен болса да ол өзінің жетістіктеріне бір қалыпты қарайды. Ол шешімтал, қандай да болмасын өзін-өзі игеруін жоғалтпайды, өзінің алдына қойылған міндеттерге жетуде табандылық пен ерікті көрсетіп, өз мінезінде шектен аспайды. Бұның барлығы спортшы атағын алғысы келгендердің барлығы тек спорт тәсілін, тактикасын, арнайы білімді меңгеріп, қажетті дене дайындығы деңгейін қамтамасыз етіп, спорт

нәтижелеріне жетіп қана қоймай, сондай-ақ мінез-құлықтың өзіндегі дұрыс сипаттарын қалыптастырып, өзін сабақ, жарыс, еңбек ұжымында спорттың әдептік негізгі талаптарына сәйкес ұстауы керектігін білдіреді [2].

Аталған шарттардан басқалардың барлығын дене тәрбиесі және спортпен шұғылданушылардың жеке тұлғасын қалыптастырудың оң нәтижеге жетуі оқытушының жеке тұлғасының шешуші мәніне, оның әрекетінің бағыттығына, сол сияқты спортшының тұратын, еңбек ететін, спортпен айналысатын қоғамдық орта мен басшылық жасайтын ақыл-ой райын көрсету қажет.

Тәрбиелік жұмыс педагог қызметінің маңызды бөлігі болып табылады. Дене тәрбиесі мен спорт сабақтарында ол үлкен маңызға ие болады. Бұл бірінші кезекте танымал спортшылар, балалар, жасөспірімдер мен бозбалалар үшін еліктеу бейнесі болып табылады. Жастар тек олардың спорт тәсілін ғана салып қоймай, сондай-ақ олардың мінез-құлқы, мәнері, кейде олардың дүниетанымы мен көзқарастарына да еліктейді. Әрбір тәрбиесіз адам қоғам үшін де, ондағы адамдар үшін де ұнамсыз жағдай. Бірақ тәрбиесіз спортшы одан бөлек еліктеуде кері әсер қалдырады. Біздің елімізден тыс шет елдерде Қазақстан Республикасының спортшысы Қазақстанның өкілі ретінде қатысады. Жарыс кезінде ол туралы белгілі қимыл міндеттерін шешетін спортшы дейді. Ол әрдайым спорт жекпе-жегі кезінде де және одан тыс өзінің мінез-құлқын қадағалап, қазақ азаматына лайық сапасын көрсетуі қажет. Тең жағдайларда машықтану сабақтары мен спорт жарыстарындағы жетістік көбіне спортшының ақыл-ойының дамуына, оның ерік күші мен көңіл-күйіне байланысты болады.

Осы айтылғандардың соңғысын толық түсіндіру керек. Спорт жарыстарындағы табыс пен жетістікке жетпеудің маңызды шарты спортшының орнықтылығы және оның ақыл-ой кеңдігі болып табылады. Спортшы егер оның қарсыласының беделі күшті болса, жекпе-жекте жеңе алмауы мүмкін. Қарсыластың жоғары титулыда спортшының санасына кері әсер жасамауын қадағалау керек [3].

Ең маңыздысы өзі қабілеті жететін жақсы нәтижеге жетуі қажет екеніне көз жеткізуі тиіс. Ал, бұл ой жеңіске жеткізе ме, жоқ па, ол спортшыны қатты ойландырумауы керек.

Табысқа деген толық сенімділік те жекпе-жекке кері әсер етеді. Өзіне қатты сенген алаңсыздық әрдайым қауіпті. Спорт сол үшін спорт онда жеңімпазды алдын ала толық кепілдікпен айту мүмкін емес. Күптеген жағдайлар да болуы мүмкін. Бұндай жарыс кезінде ешкім өз тұрғысын өзгерте алмайды. Бұл кенеттен пайда болған қиындықта спортшы немесе команда олар жарысқа дейінгі дайындықта даярланғаннан да көп күш жұмсайды.

Жарыс алдында спортшының жүйке жүйесі үлкен жарты шар қыртысының жеке бөліктерінің тежелуінен қозу жағдайында болады. Осының салдарынан спортшының өзін сендіруі арта түседі. Кейде ұсақ дәйектер, жеке ескертулер де оның психикасына теріс немесе оң әсер береді. Спортшы санасын жарысқа оның өзінің белсенді қатысуынсыз дайындау мүмкін емес. Өзін-өзі айқын көңіл-күй жағдайына келтіру қажет. Сезімсіз адамның әрекеті өнімді болмайды.

Спортшы бәріне дайын болуы керек. Егер сөреге дейін сәл уақытта спортшы жағдайын нашар игерсе, онда ол терең, ырғақты демалып, әуен тыңдап, ойында қарапайым арифметикалық әрекеттерді орындап, босаңсу жаттығуларын жасап, өзін-өзі сендіру амалдарын пайдалану қажет.

Өз жағдайын аутогенді машықтану мен оның көптүрлілігінің әдістемесін пайдалану қажет. Жарыс кезінде орындалатын қимылдарды, жұмсалатын күшті өзінің айқын санасын сақтау қажет.

Спорт жарыстарына қатысарда және спортшы жағдайына жарыс өтетін жағдайдың әдеттегіден тыс жағдайы әсер етуі мүмкін (мысалы, бой жазуға демалысқа арналған орынның болмауы, нашар жарықтану); жарысты бірінші болып бастау; қарсыластың ерекшелігі мен әрекеті басқа адамдардың әсері (төреші, көрермен, командадағы жолдастары); жарыс тізімінің бұзылуы; жарыс кезіндегі сәтсіздік; жарақаттар салдары; турнир ережесін бағалаудағы қате, өз нәтижесін, қарсыласын дұрыс бағаламау т.б. әсер етуі мүмкін.

Бұл жағдайда спортшыда кейде депрессия жағдайы басталып қорқыныш, шектен тыс толқу, сенімсіздік сезімі болады. Бұл жағдай өтіп кетеді, оны бағындыратын күш табылатынына сену қажет. Өзінің өнер көрсетуі арасындағы үзілістерде спортшы жарыстан алшақтауы қажет, бірақ кейде өзінің алдыңғы әрекеттерін талдап, келесі көрініс жоспарын ойша құруы керек.

Бұл тақырыптағы айтылғандарды қорыта келе, дене тәрбиесі мен спорт сабақтарының маңызды міндеті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Оқытушы әрекетінің барлық түрінің тәрбиелік шараларын ендіру жолымен және оқушының өзін-өзі тәрбиелеу жолымен жетеді. Дене тәрбиесі мен спорт сабақтарындағы жеке тұлғаны қалыптастыруда дұрыс нәтижелерге жетудің негізгі жағдайы дене, идеялық саяси, еңбек және адамгершілік тәрбиесінің құралдары мен әдістерінің оқушыларға әсер ету бірлігін сақтау міндеттейтін кешенді жұмыс болып табылады. Сабақтардағы және спорт жарыстарындағы жетістіктің негізгі шарттарының бірі спортшының ақыл-ой, ерік және көңіл-күй жағдайын дамыту болып табылады [4].

Спортшыны жарысқа қатысуға дайындау үшін белгілі ережелерді бекіту ырғағымен қайталауға болады. Бұндай сендіру түрін көп қолдануға болмайды. Спортшы спорт күресінің күтетін жағдайын, сол сияқты спорт түрінің ерекшелігін ескеріп, дайындалады.

Жалпы тактикалық дайын болуды қамтамасыз ететін дене тәрбиесі мен спорттың бұрын қарастырылған педагогикалық ұстанымдарына сүйене отырып мыналар қажет:

1. Спорт жаттығуларын орындауға жәрдемдесетін жағдайларды жүйелі өзгерту үйренетін әдістің немесе әдіс амалдарының жалпы құрылымын меңгергеннен кейін меңгерген білігін шартты қарсыласымен, сосын қарсыласпайтын немесе шартты қарсыласатын қарсыласымен, ең соңында жарыстағы қарсыласымен бекітеді: спорт ойындарында алдымен бірге-бір, кейін екіге-екі, сосын үшке-үш нұсқасымен жұмыс жасау керек.

2. Жекпе-жек немесе спорт ойындары тәрізді спорт түрлерінде оқу ұрыстарын оқу белдесулерін кең қолданады, яғни қарсыласымен жекпе-жек алдын-ала келісілген бір немесе бірнеше амалдарды қолдану жолымен жүргізілетін жарыс жағдайларының машықтану түрлеріне құру қажет.

3. Спорт оқулықтарын, оқытушының әңгімелері мен түсіндіруін, хронометрмен өлшеу көмегімен аталған жарыста тіркелген бақылауларды, қимылдық графикалық жазбасын, жарысқа қатысқандағы өзінің жеке тәжірибесінің талдауын пайдаланып ілімдік дайын болуын көтеру.

4. Аңғарымпаздық, шапшандық, тапқырлық және айқын ойды сақтау қабілетін дамыту.

5. Периферикалық көруді дамыту, ол жекпе-жек тәрізді спорт түрлерінде және спорт ойындарында алаңды көруге туындаған жағдайды тез бағалауға мүмкіндік береді.

6. Тәсілдік дайын болу деңгейін арттыру және таңдаған спорт түрінің талаптарына сәйкес қимыл сапаларын дамыту.

7. Жекпе-жек спорт түрі мен спорт ойындарында өз ойын жасыруға, қимылды алдын ала дайындықсыз орындау қабілетін дамытуға, қарсыласын алмастыратын және оның қарсы шаралар қолдану мүмкіндігін нашарлататын жалған қимылдарды пайдалануға оқыту.

8. Спорт күресі кезінде өз күшін дұрыс жұмсау қабілетін дамыту осы мақсатта айналымдық спортпен шұғылданатын спортшылар уақытты дәл жоспарланған тапсырыспен бітіру, аралық мәрені қолдануға, мәрені белгілі бір қашықтыққа алшақтату, спорт ойындарында ойын уақытын ұзартуға ойынға бірте-бірте демалған әріптестерін кіргізуге т.б. жетуі керек.

9. Талабы, қатысатын спортшылар құрамы, ауқымы жағына әртүрлі спорт жарыстарына көптеп қатысу. Дәл осы спорт ойындарында спорт жекпе-жегінде қимыл мен мінез-құлықтың ең саналы түрін табуға көмектесетін тәжірибе жинақталады.

#### Әдебиеттер

1. Қаражанов Б. Қазақ дене тәрбиесі институты. Алматы. 2001ж.
2. Кулешов А. Олимпиадалық күнделік беттерінен. М. ФиС. 2004 ж.
3. Қуаныш Т. Дене тәрбиесінің теориялық және әдістемелік негіздері. Алматы. 2008ж.
4. Е. Уаңбаев Е. Дене тәрбиесінің негіздері. Алматы. Санат. 2010 ж.

ӘОЖ 796.4

### ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ПӘНІН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ ҮРДСІН ЖЕТІЛДІРУ

**Шегенбаев С.А.**-магистрант ОҚМПУ, Шымкент, Қазақстан

**Құрманбай Қ.А.**-магистрант ОҚМПУ, Шымкент, Қазақстан

**Шегенбаев Н.Б.** – философия докторы (PhD), ОҚМПУ, Шымкент, Қазақстан

#### Резюме

*В этой статье речь пойдет о эстетическом воспитании через физическое воспитание. Рассмотрены вопросы формирования организационно-управленческих качеств будущих учителей.*

### Summary

*This article will focus on aesthetic education through physical education. Questions of formation of organizational and managerial qualities of future teachers are considered.*

Қазіргі таңда бастауыш сынып балаларының эстетикалық көзқарас- тарын тәрбиелеу — алғашқы күннен зейін салуды, күн санап өсіруді талап ететін мәселе. Жасөспірімдердің эстетикалық көзқарасын тәрбиелеу дамыған әсемдік сана мен талғамды, оны қабылдау және бағалау қабілетін қалыптастырудың мақсатқа бағыттала ұйымдастырылған үрдісі. Жасөспірім дене тәрбиесі мәдениеті және гигиена негіздері арқылы адам денесіне тән және жан сұлулығын таниды. Мектептерде эстетикалық және дене тәрбиесін ұйымдастыру арнайы бағыттағы тәрбие жұмыстарының жалпы атауы, мақсаты өмірде эстетикалық қатынасқа баулу: еңбекке, қоғамдық іске, табиғатқа, өнерге, өз қылығына деген қатынасты таныту. Бұл тәрбиенің басты міндеті эстетикалық түсінікті, бағалауды, талқылауды таңдау қабілетін дамыту. Мектептің қазіргі басты бағыттарының бірі жалпы оқушыларды адамзаттық құндылықтарға негіздей отырып, тәрбиелеу. Эстетикалық тәрбие — жалпы адамзаттық мәдениеттің бір бөлшегі. Олай болса бұл үрдіс балаға ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени мұраны меңгертіп, сол арқылы осы заманғы руханиятқа бағыттайды. Мектеп педагогикалық ұжымының бастауыш сынып оқушыларына берген мінездемесі, психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері негізінде ғылыми сипаттама жасау біріншіден, жасөспірімдердің жеке тұлғасының сапалық қасиеттерін анықтау үшін; екіншіден, мектепке енгізілген білім беру мазмұнымен педагогикалық мақсаттарды анықтау; үшіншіден, осы мақсаттарды жүзеге асыратын, жетістікке жеткізетін педагогикалық технологияны таңдау үшін қажет.

Эстетикалық тәрбие бұл бала бойында әсемдік, сұлулық, өмірге қызығушылық сезімдерін дамытады. Адам әсемдікті сезіну арқылы өз өмірін сұлулық заңымен құруға ұмтылады. Эстетикалық тәрбие дене тәрбиесімен тығыз байланысты. Табиғатқа, әдебиетке, театрға, музыкаға, поэзияға, көркемсурет және т.б. өнерге деген сүйіспеншілік адамның жан-жақты саналы дамуына әсер етеді. Жеке тұлғаның қалыптасуында эстетикалық тәрбиенің маңызы зор. Әсемдік рахаты әр адамды жақсылыққа, ұжымшылдыққа, адал еңбекке жетелейді. Дене тәрбиесі сұлулықтың көп элементтеріне арқау: дене дамуының үйлесімі, жүріс-тұрысы, адам мінезі, ойлау мәнері, т.б.

Әсемдік тәрбие істеріне байланысты оқушылар эстетика теория- сы білімдерін меңгеруі тиіс. «Эстетика» категориясының ең негізгісі

- әдемілік, әсемдік категориясы. Әсемдік - бұл өмірдің өзі, бұл табиғат және адам қарым-қатынасы мен оның еңбегінің жемісі.

Дене тәрбиесі басқа пәндер сияқты мұғалімнің шеберлігін таңдау барысында білім мен қабілетті қажет етеді. Бұған қозғалыс ойындары, таңертеңгі жүгіру, әртүрлі спорт шынығулары кіреді. Мұғалімдер дене тәрбиесі жаттығуларын ұйымдастыру мен бірге эстетикалық тәрбие жұмыстарын ұйымдастырушы. Осыған орай мұғалім өзінің кәсіби шеберлігін арттыру үшін мына міндеттерді



білуі қажет:

- жалпы білім беру жүйесінде дене тәрбиесінің мазмұнын және эстетикалық тәрбиелеудің мәнін ашыпкөрсетуі;

- мектеп оқушыларының дене тәрбиесін дұрыс ұйымдастыруға және де әдістерін дұрыс пайдалануға үйретуі керек.

Мұғалімдердің дене тәрбиесі мен мамандандыру бағыты оқу орнында атқарылатын оқу-тәрбие әрекеттері мен болашақ жұмыс кон-тингенті арқылы анықталады. Яғни бастауыш сыныптарды оқыту факультетіндегі студенттердің сабақтарының мазмұны мен формасы дене тәрбиесі пәні мен әдістемесі арқылы белгіленеді. Біз дене тәрбие сабағында мына терминдерді қолданамыз.

Егер «теңел» дегенде жаттығушылар басты оңға бұрады, аяқтың ұшы бір сызық бойында болуы тиіс. «Еркін тұр» дегенде қатарда тұрғанда бір аяқты тізеден бүгіп қол бос тұрады, аяқ иық кеңдігінде, қол артта. «Оңға бұрыл» — оң аяқтың өкшесімен, сол аяқтың ұшымен бұрылады. Қозғалыс өзгермейді. «Солға бұрыл»

- сол аяқтың ұшымен, оң аяқтан бұрылады, қозғалыс өзгермейді. «Тіктұр»

- қолжанда, бастікеқарайды, өкшебірге. «Саптүзе»

- осы бұйрық бойынша жаттығушылар қатарға тұрады. «Кері бұрыл» - сол аяқтың өкшесімен, оң аяқтың ұшымен айналады. «Жүгір» жүріп келе жатқанда бір орнында тұрған кезде орындалады, қолды еркін ұстайды. Ұзақ үзілістерде еркін қимылдайтын гимнастикалық жаттығулар, ырғақты би әуенмен сүйемелденеді. Дене жаттығулары сабақтарының басқа да түрлері арнайы жоспарларымен, бағдарламаларымен ұжымға лайықты етіп жүргізіледі. Мектептерде дене тәрбиесін оқытуда балалардың ой-сезіміне әсер ететін жаттығуларды қолдану олардың іс-қимылын ширатады. Ұстаз оқушылар алдында саяси жағынан сауатты, жан-жақты білімді болуы керек. Мұғалім дене шынығуларын жүргізу кезінде оқушылардың психологиялық ой-өрісінің өсу, даму дәрежесін түсінетін сезімтал психолог болуы керек. Белгілі ғалым Лесгафт «дене тәрбиесі адамның физиологиялық жағынан дамуын қалыптастыратын педагогикалық жүйе» деп көрсеткен еді.

Дене тәрбиесінің міндеті — адамның дене мәдениетінің өзінің лайықты мазмұнын меңгеру және де жеке тұлғаны жан-жақты дамыту болып есептеледі. Мектептердің білім беру жүйесіндегі дене тәрбиесінің мазмұны Білім және ғылым министрлігі бекіткен кешенді бағдарлама арқылы жүргізіледі.

Сабақтан тыс уақыттары таңертеңгі жаттығулар, дене тәрбие үзілістері, әр түрлі спорттық мәдени көпшілік іс-шаралары жүргізіледі.

Жалпы дене тәрбиесі мен эстетикалық тәрбие денені жақсартуға, еңбек пен оқу әрекетінде қабілеттілікті арттыруға, сұлулыққа бағытталған. Осыған байланысты дене тәрбиесі мазмұны күштің, жыл-дамдықтың, төзімділіктің, ептіліктің және серпімділіктің үйлесімді өміршең қимылдарымен танылады. Дене тәрбиесі жасөспірімдердің ден саулығын көтеріп, қабілетін дамытады және Отан алдындағы борышын өтеуге жоғары деңгейде дайындайды. Дене

шынықтыру сабағының дұрыс ұйымдастырылуы мен өткізілуіне үйлесімді, сабақ өтетін жердің гигиеналық талаптарға сай болуы, сабақты ашық ауада өткізу - осының бәрі сауықтыру міндеттерін шешу үшін жағдайлар жасайды. Соңғы жылдары педагогтар дене тәрбиесі пәнін дамыта оқытуда эстетикалық тәрбие үрдісін жетілдіру немесе оқытудың белсенді әдісі деп қарауда. Ашмарин В. А., Танекеев М. Т., Тотенаев Б. секілді ғалымдар өз зерттеулерінде дене тәрбиесін дамыта оқыту мәселелерін іске асыруда шешуші орын алатын теориясы мен практикасын зерттеді. Дене тәрбиесін дамыта оқыту арқылы оқушыларды қимыл, іс-әрекеттер сапасын арттыруға мүмкіндіктер мол екенін нақтылады.

Белгілі ғалым С. А.Ұзақбаева өз еңбектерінде «Дене тәрбиесі –адам тұлғасын дамытуды дүниеге деген көзқарасты қалыптастыруды қамтамасыз етеді» - деген еді[1]. Дене тәрбиесі жаттығуларының теориялық қағидаларына сәйкес мұғалім дене жаттығуларын дұрыс іріктеу мүмкіндігін пайдалануы қажет. Олар дене жаттығуларының негізгі жүйесін өңдеуі, дене жаттығуларының педагогикалық жүйесін толығымен пайдалануы, дене жаттығуларына кешенді қосымша құралдарды тиімді пайдалануы керек. Дене тәрбиесіндегі қозғалыс организмнің толық қызметі секілді денедегі және оның бөлігіндегі өзгерісі болып табылады. Дене тәрбиесі үшін еркін қозғалыстың маңызы зор. Қозғалыстар әрқашанда сана-сезім қызметі болып табылады және адам өмірінің ерікті серігі. Әрбір жаттығудағы қимыл сананың әрекеті болып табылады. Қозғалыстардың бір-бірімен байланыстары арқылы қимыл-әрекеті іске асады, мысалы: аяқтың, қолдың, дененің, бастың белгілі бір қимылын секіру түрінде оқушы еркін атқара алады. Бір ғана қозғалыспен әрқилы қимыл жасауға болады, керісінше бір ғана қимыл әрекетпен әртүрлі қозғалысты іске асыруға болады. Болашақ мұғалімдердің оқу іс әрекеті дене шынықтыру сабағында қозғалыс жүйесін меңгеруден тұрады. Сондай-ақ бұл мәселе мемлекеттік бағдарламада қаралған. Әрбір қозғалыстың өзіндік әлеуметтік бейнесі бар. Сондай-ақ оқушы қозғалысты қоғамдық тәжірибе мен біліміне сүйене отырып, жаттығады. Сонымен қатар, қозғалыс кейбір педагогикалық мәселелерді шешуге бағытталған.

Қозғалыстың көпшілігі оқушы жаттығуының негізінде қалыптасады. Қозғаушы қимыл әрекет дене жаттығуы деп аталады, ол адамның шынығуы үшін таңдалған. Әрбір қимыл әрекет дене жаттығуы деп атала бермейді, ол тек дене тәрбиесі мақсатында жасалған міндеттерді шешуге бағытталады. Эстетикалық қабылдаудың маңызды тұсы - шындықты бейнелеумен бірге жүретін адамның көңіл шарпулары. Жоғары көркем өнер шығармаларын қабылдай отырып, оқушы қуаныш пен тебіреніс, қорқу мен үміт сезінеді. Бұл сезімдер балаларды әсемдік заңымен өмір сүруге бағыттайды[2].

Тәрбие істері үрдісінде эстетикалық білім дамыту шаралары-бұл конкурс, викторина, мектеп мерекелері, үйірмелер, шығармашылық топтар, т.б. Оқушылар оларда қысқаша мәлімет алып қана қоймай, эстетика ғылымын толықтай түсінуге бастау алады. Эстетика сабақтары оқушыларға эстетикалық

таным заңдары мен заңдылықтарынан, өнердің жалпы принциптерінен ақпараттар береді.

Тәрбие істерін ұйымдастырғанда эстетикалық қабылдаудың психикалық заңдылықтарын ескеру керек, оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай, эстетикалық форма мен мағына жағдайларының қиын да күрделі сәттерін пайымдауға бағыттап барған жөн.

Тәрбие істерінің эстетикалық бағыттағы құралдары сан-алуан: табиғат, еңбек, адам қатынасы, өнер және т. б. тәрбиелеу көздері

- қоршаған орта, оқу-үйрету еңбегі, өнер әлемі, музыка, суреткер шығармасы, т.б.

Қазіргі педагогикада тәрбие істерін әртүрлі бағытта ұйымдастырудың және өткізудің үлкен тәжірибесі бар. Конкурстар, викторина, мектеп мекемелері, үйірмелер, шығармашылық топтар, қуыршақ театры, әдеби шығарма конкурсы, ұнамды сабақ эстафетасы, гигиеналық мәлімет - мұның барлығы тәрбиелік іс-шараларда барысында қолданылуы керек.

Біздің халқымыз материалдық мұраларға қоса мәдени қазыналарға да аса бай. Атадан балаға мұра болып келе жатқан маңызды тәрбие құралының бірі - ұлттық ойындар. Бүгінгі таңда жасөспірімдердің оқып үйреніп, өздерінің кім екендіктеріне барлау жасауына, ата-бабаларының психологиялық болмысы мен ойлау жүйелеріне зер салуларына мүмкіндік мол. Олар өзіміздің салт дәстүрлерді жалғастырып, өткені мен бүгінгіні байланыстыруға көңіл бөлуі керек. Бұл ретте ұлттық ойындардың көпшілігі тұрмысқа лайықталып, арнайы материалдық әзірліксіз ойнала беретіндігіне ғана емес, сонымен бірге халықтың психологиялық ерекшеліктеріне де байланыстылығына зер салуымыз керек[3].

Дене тәрбиесі процесіндегі ұлттық ойындарды меңгеруі барысын да бала өзінің назарын қимылды орындау әдісіне емес, мақсатқа же-туге аударады. Ол ойын шартына бейімделіп, ептілік көрсетіп, сол арқылы қимылды жетілдіріп, мақсатты әрекет етеді. Денешынықтыру сабағында балалар ойын арқылы шынығып, өзінің бойындағы табиғи дарынын шындай түседі. Ойынға халық ерекше мән берген. Сондықтан халық оған тек ойын-сауық, көңіл көтеретін орын деп қана қарамаған. Ең басты мақсат - жасөспірімдерді отансүйгіштікке, патриоттыққа, елді қорғауға қабілетті қайраткер азамат болуға тәрбиелеу. Негізінен ұлттық ойындар үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып, халықтың дәстүрлі шаруашылық, мәдени, өнер тірішілігінің жиынтық бейнесі де, көрінісі де болған.

Ойын өнер ретінде әдебиет пен мәдениеттің сан алуан түрлерімен қабысып, бірін-бірі толықтырып, байыта түседі.

Тәрбиенің мақсатқа бағытталған ықпалын қиындататын жағдайлар: түрлі әсердің бала табиғатына үйлеспеуі, ол баланың өзіне жинақталған белгілі бір көзқарасы мен ынта-ықыласының, әр түрлі талғамының болуы. Сондықтан оқушының ішкі рухани жандүниесін ашудың қиындығы-педагогикалық ықпал нәтижесінің әртүрлілігінен келіп туады.

Қорыта келе, дене мәдениеті эстетикалық (көркемдік таным) тәрбиеге де ықпал етеді. Өйткені дене дайындығы жетілген адам әрқашанда денсаулығы мықты, көңіл-күйі жоғары қалпында қоғамға белсенді қызмет ететіні анық. Салауатты өмір салтын ұстанып, деніміздің сау болуы - қоғамымыздың баға жетпес байлығы дер едік. Сондықтан баланы да осы бағытта тәрбиелеп, он екі мүшесінің сау болуына мектеп қабырғасынан көңіл аударуымыз қажет.

#### Әдебиеттер

1. Ұзақбаева С.А. Балаларға эстетикалық тәрбие берудегі халық дәстүрі. Алматы, 1990
2. Ашмарин Б. А., Завьялов Л. К., Курамшин Ю. Ф. Педагогика физической культуры. - СПб.: 1999. -353с.
3. Қоянбаев Ж. Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. — Алматы, 2002

ӘОЖ 378:07

### ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ҮДЕРІСІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Жақсылық А.Қ.-магистрант ОҚМПУ, Шымкент, Қазақстан

Қырықбай Б.М.-магистрант ОҚМПУ, Шымкент, Қазақстан

Шегенбаев Н.Б. – философия докторы (PhD), ОҚМПУ, Шымкент, Қазақстан

#### Резюме

*В данной статье в плане проведения урока излагается информация о системе, ее содержании и последовательности действий учителя, а также действия, способствующие активизации учащихся на уроке.*

#### Summary

*In this article, the lesson plan sets out information about the system, its content and the sequence of actions of the teacher, as well as actions that contribute to the activation of students in the lesson.*

Дене шынықтыру сабағы орта білім беретін және кәсіптік-техникалық мектептердің барлық сыныптарында оқу жоспарына енгізілген оқу пәні болып есептеледі. Пәннің мазмұны мемлекеттік стандартпен бекітілген, ал тәжірибелік орындалуы дене шынықтыру сабақтарында жүзеге асырылады. Сонымен дене шынықтыру сабағына қатысу барлық оқушыларға міндетті болып табылады. Денсаулықтарына байланысты барлық оқушылар екі топқа бөлінеді: негізгі және арнайы медициналық топтарға. Негізгі топқа барлық денсаулықтарында ешқандай ақаулығы жоқ оқушылар жатады, ал денсаулықтарында қандайда бір кінәраттары бар оқушылар арнайы медициналық топқа жатқызылады. Арнайы медициналық топқа жатқызылған оқушылар арнайыландырылған бағдарлама бойынша дайындалады. Дене шынықтыру сабағында мұғалім сабақтың міндеттерін шешу үшін барлық мүмкіндіктерді жасайды, оқушылардың дене шынықтырумен өз беттерінше айналысуына бағыт береді. Сабақтар көптеген жағыдайларда дене шынықтырудың басқада ұйымдастыру формаларының мазмұнын ашып көрсетеді. Осы жағыдайлардың барлығы дене шынықтыру сабағы оқушылардың дене шынықтыруын ұйымдастырудың негізгі формасы екендігін айғақтайды[1].

Дене шынықтыру сабағының теориясы мен әдістемесін терең білу, әр сабақтың тиімділігіне қол жеткізуге үлкен көмегін тигізеді. Теорияны шығармашылық ұғына білу мұғалімге бүкіл дене жаттығуларының бай қорын

пайдалануына, нақты жағыдайларға сәйкес көптеген үйрету және тәрбиелеу әдістемелерін қолдануына, сабақтың міндеттерін тиімді шешуіне және оқушылардың дене мүмкіндіктерін нақты бағалай алуына таптырмас көмек болатыны анық.

Дене шынықтыру сабағының, дене шынықтырудың басқада ұйымдастыру формаларынан негізгі айырмашылығын келесі мінездемелерден анық байқауға болады:

1. Білім беру міндетін шешуді көздеген нақты дидактикалық бағыттылығы.
2. Пәнді оқытуға және оқушыларды тәрбиелеуге бағытталған мұғалімнің басқарушылық ролы.
3. Оқушылардың қызметтерінің қатаң шектелуі және жүктемелердің мөлшерленуі.
4. Айналысушылардың тұрақты құрамы және олардың бір жыныстылығы.

Сабаққа осы аталған мінездемелердің барлығы тән, олар өз кезегінде мектептегі оқытып үйретуге қол жеткізуге қолайлы жағыдайлар туғызады – барлық оқушыларды өз беттерімен бастайтын еңбектік өмірге даярлау, олардың күнделікті дене жаттығуларымен айналысуға деген сұраныстарын қалыптастыру, денсаулықтарын нығайту және бүкіл өмір бойы жоғарғы дене дайындығы деңгейін ұстап тұру. Бұл оқушылардан мұғалімнің басшылығымен білім жүйесін меңгеруді және қызмет амалдарына үйренуді меңгеру процессін құруды талап етеді[2].

Бұндай оқу процессін ұйымдастыру қазіргі кезеңдегі дене шынықтыру сабақтарына қойылып отырған талаптарға негізделіп құрылған.

1. Мұғалім әр сабақтың жоғарғы идеялық деңгейін оқылатын пәннің қазіргі заман талаптарының сұраныстарына сай байланыстырып, әсіресе оқушылардың болашақ еңбектік қызметтерімен тығыз үйлестіре отырып қамтамасыз етуі тиіс. Сондықтан қазіргі заман сабақтары үшін білімді, тәжірибелік іскерлікті, жеке тұлғаның идеялық-жағымдылық қасиеттерін тәрбиелеуді, интелекті және жігерлілікті дамытуды кешенді жоспарлау мінезі тән.

Міндеттер оқушының жеке психикалық және дене дамуының ерекшеліктері ескеріле отырып нақты қойылуы тиіс.

2. Әр сабақ сабақтар жүйесін құра отырып, алдыңғы және келесі сабақтармен тығыз байланысты болуы шарт. Жаңа материалдарды меңгере отырып, оқушылар өткен сабақтарда алған білімдерін қайталап, жетілдіріп және келесі сабақтардағы өтетін тақырыптарды меңгеруге дайындалулары керек. Осындай жүйе оқулық міндеттерді ретімен шешуді қамтамасыз етеді.

3. Қазіргі заман сабақтары оқушылар оқу қызметтерін өз беттерімен жақсы ұйымдастыра алуымен ерекшеленеді. Мұғалім оларды оқу жұмысының іскерлігімен және дағдысымен қаруландырады, өздігімен білім алу және өзін өзі бақылау амалдарын қалыптастырады, қимыл мәдениетінің қалыптасуын қадағалайды, осылар арқылы дене шынықтыру жаттығуларымен жүйелі түрде айналысуға деген сұранысты тәрбиелейді.

Осылардың барлығы оқушылардың оқуға және еңбек етуге деген саналылығы мен белсенділігін қалыптастырады.

Қазіргі заман сабақтарында мұғалім айналысушылардың оқу қызметтерін ұйымдастыру кезінде әр түрлі амалдарды, әдістерді және тәсілдерді кеңінен пайдаланады. Сабақтардың барлығын бірдей, бір таңдап алған шаблон бойынша жүргізуге болмайды.

Сабақтың негізгі талаптарының бірі – ол әр сабақтың бүкіл ұзақтығында барлық оқушыларды белсенді қимыл қозғалыстармен қамтамасыз ету.

Мұғалім әр сабақта оқушылардың үлгерімін, іскерлігі мен дағдысын, дене сапаларының дамуын бағалаудың жүйесін жүргізіп отыруы тиіс.

Сондай-ақ сабақты өткізу жағыдайына, материалдық-техникалық қамтамасыз етілуіне, санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуына, эстетикалық және моральдық-психологиялық тәрбиенің жүргізілуіне үлкен талаптар қойылады.

Аталған талаптар дене шынықтырудың жалпы және әдістемелік қағидаларынан туындайды, олар барлық сыныптарда сабақтарды өткізуде міндетті болып табылады.

Сабақтың мазмұнын көп жағыдайларда сол сабақтағы қолданылатын жаттығулардың жинағымен баламалайды. Дегенмен сабақтың қорытынды талдауы көрсеткендей, сол сабақтағы жоспарланған дене жаттығуларымен айналысушылардың сабақ үстінде атқаратын қызметтерінің алуан түрлі әрекеттерінің байланысы алға қойған мақсатқа жетудің ең тиімді жолы болып табылады. Олар мұғалімді мұқият тындауда, көрсетілген материалдарды бақылау мен қабылдауда, қабылданған материалдарды сезінуде, өз қимыл-әрекеттерін дұрыс орындауда, өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі бағалауды ұйымдастыруда, туындаған сұрақтарды мұғаліммен және жолдастарымен талқылауда, эмоционалдық көңіл-күйді реттей алуға анықталады. Сабақтың қорытынды нәтижесі оқушылардың осы қызмет элементтерін орындауынан тікелей байланысты болады.

Дегенмен оқушының және жалпы сыныптың нақты қимыл-әрекеті мұғалімнің белгілі бір әрекетінен тікелей тәуелді болатыны анық. Ол нақты осы сабаққа жоспарланған міндеттердің мазмұнына және оларды шешуге жасалған жағыдайларға байланысты. Мұғалім оқушылардың қызметтерін бақылауды жүзеге асырады, олардың қимыл-әрекеттеріне керекті өзгерістер енгізеді және бағалайды, жүктемелерді мөлшерлейді, тәртіптерін басқарады, балалардың арасындағы қарым-қатынастарын жақсартады және т.б. Мұғалімнің осы өз қарамағындағы айналысушылардың іс-әрекеттерін анықтаушы және бағыттаушы көпқырлы қызметі, сабақтың қомақты бөлігін алады[3].

Мұғалімнің нұсқауымен жасалатын оқушы қызметтерінің дене дайындық және психикалық жағыдайлары олардың білімділік, іскерлік және мінез-құлқының нәтижесінен байқалады. Дене жаттығуларын ұйымдастырудың нәтижесінде болатын осы ішкі процесстер мен өзгерістер, дене шынықтыру сабағының мазмұнын тағыда бір қырынан көрсетеді.

Сонымен, дене шынықтыру сабағының мазмұны көпқырлы. Ол осы жұмысты ашып көрсететін дене жаттығуларының белгілі бір жинағын, оқушылардың қызметтерін, мұғалімнің жұмысы мен жетістіктерін құрайды.

Сабақтың мазмұны дене шынықтыру мұғалімімен құрылады, дегенмен педагог балалармен бірлесе жұмыс істеу барысында кездесетін алда тұрған жұмыстың барлық қиыншылықтарын алдына ала біле алмайды. Сондықтан жұмыс тәжірибесінде сабақ мазмұнының қолданбадағы және сабақты нақты өткізу процессіндегі туындайтын түрлеріне бөледі. Нақты өткізіліп жатқан сабақтың мазмұны жоспарланған мәтінмен толық сәйкес келмейді. Осы жағыдай дене шынықтыру мұғалімімен сабақты өткізу барысында ескерілуі керек.

Сабақты құру (құрылымы). Мұғалім сабақты құру кезінде оның мазмұнының барлық элементтері жобалануы тиіс. Сабақты құруда организмнің жұмыскерлігін анықтайтын биологиялық қызмет ету заңдылықтары және оқыту-тәрбиелеу процессінің даму логикасы негіз болып табылады. Жұмыскерліктің төрт аймағы бар: сөре алды аймағы, жүзеге асыру аймағы, тұрақтылық аймағы және жұмыскерліктің уақытша жоғалу аймағы.

Оқыту-тәрбиелеу процессі логикасының талабы: 1) айналысушылардың танымдық қызметке біртіндеп араласуы; 2) дене жұмыскерлігінің қажетті деңгейіне біртіндеп қол жеткізу; 3) алдыда тұрған сабақтың білім беру, сауықтыру, тәбиелеу міндеттерінің ретімен шешілуі; 4) оқушы организмнің жүктемеден кейінгі жұмыскерлігінің камтамасыз етілуі. Осы жағыдай сабақты үш бөлімге бөлуді қажет етті: кіріспе (дайындық), негізгі және қорытынды. Сабақты үш бөлімге бөлу, оны бір бұтастылығынан айырады деп түсінуге болмайды. Керісінше, сабақтың әр бөлімі оның келесі бөліміне логикалық дайындық ретінде ауысып отыруы тиіс. Бір бөлімнен келесі бөлімге ауысу өте жұмсақ және байқалмайтындай болуы керек. Өзінің жеке міндеттерін шеше отырып, әр бөлім жалпы сабаққа қойылған негізгі міндеттерді тиімді шешуге қызмет етуі тиіс. Сондықтан, сабақтың әр бөліміне және олардың нақты мазмұнына бөлінген уақыт тұрақты емес, себебі ол көптеген факторлардан тәуелді: сабақтағы айналысушылардың нақты күйінен (состояние), олардың ерекшеліктерінен, сабақтың міндеттерінен, таңдап алған жаттығулардың ерекшеліктерінен, ауа райының жағыдайынан, жұмыстың сыртқы жағыдайларынан және т.б.

Сабақтарды бөлімдерге бөлгеннен кейін сабақты құрудың екінші кезеңі басталады – сабақ бөлімдерінің жалпы және жеке міндеттерін тиімді шешуге арналған дене жаттығуларын және олардың қолданылу ретін анықтау. Мұғалім, алдыңғы орындалған жаттығулар кейінгі жасалатын жаттығуларды жақсы йгеруге қолайлы жағыдай туғызуына ұмтылуы керек. Мысалы, күрдері координациялық жаттығуларды үйренуді сабақтың басында қояды. Жетілдіру кезінде оларды шаршаған уақытта орындауға болады, яғни сабақтың аяғында. Жылдамдылықты дамытуға арналған жаттығуларды төзімділікке берілген жаттығулардан кейін орындату, өте тиімсіз нәтиже береді. Бір сабақтың үстінде жаттығудан жаттығуға жағымсыз ауысудың кездесуін болдырмаған жөн.

Сабақ құрылымының үшінші «шешуші» кезеңі айналысушылар мен мұғалімнің әр педагогикалық міндеттерді шешудегі, сабақты өткізу кезінде пайдаланылатын әр дене жаттығуларын қолданудағы, қолданылатын әдістер мен амалдарды анықтаудағы іс-әрекеттерінің тығыз байланыстағы болып табылады. Осы жерде топтарды ұйымдастыру, оларға міндеттер қою, сабақтың өткізілу орынын алмастыру, спорттық қондырғыларды құру, құрал-жабдықтарды таратып беру және жинап алу, яғни сабақта қолданылатын қосалқы әрекеттерде қамтылуы керек.

Сонымен, әр сабақ мазмұндық, әдістемелік және ұйымдастырушылық элементтердің бірлігін құрайды. Осы элементтердің тұтастылығы бұзылса, аталған элементтердің әр қайсысының маңыздылығын түсінбеу немесе ескермеу сабақтың тиімділігінің күрт төмендеуіне әкеп соғады, сабаққа қойылған міндеттердің шешілу мүмкіндігіне күмән туғызады.

Сабақтың міндеттерін анықтау. Әр сабақта балалар жаңа тапсырмалар мен іскерліктер алулары тиіс, дене жаттығуларымен бағытты айналысу процессінде олардың дене дамуы жақсарып келе жатқандығын сезінулері керек. Сонымен қатар әр оқушының өзінің жеке рекорды болуы шарт және осы рекордтарға оларды мұғалім жетелеуі керек. Ол үшін мұғалім оқушының мектептегі оқу мерзімінің барлығындағы онымен бірігіп жасайтын жұмысының аяққы нәтижесін нақты анықтап алуы тиіс: бір жылға, бір тоқсанға, бірнеше сабаққа, яғни әр түрлі уақыт аралығындағы атқарылатын қызметінің нәтижесін көз алдына елестете алуы керек. Сабақтың мақсатын қою оқушылардың атқаратын қызметтерін бағыттап бағдарлайды және оларды саналы түрде орындауға тәрбиелейді. Оқушылардың дене шынықтырудың мақсаты – мектептің оқу курсы тәмамдау шағына өмірдің әр қилы жағыдайларында қолданылатын қажетті қимыл-әрекеттерді тәрбиелеу және спорттық жаттығулармен жүйелі түрде айналысуға деген қажеттілікті қалыптастыру. Әр оқу жылының мақсаты – мектеп бағдарламасымен қарастырылған, нақты бір сыныпқа арналған оқулық материалды меңгеру. Бірнеше сабаққа немесе тоқсанға қойылған мақсатқа – нақты бір жаттығуды меңгеру кіреді: мысалы, ұзындыққа секіруді үйрену[4].

Осы бірінен бірі туындай беретін мақаттарды, әр сабаққа нақты міндеттер қою арқылы шешуге болады.

Дене тәрбиесінің әдістемесінде барлық міндеттерді олардың бағыттарына қарай отырып, үш топқа бөледі: білім беру, сауықтыру және тәрбиелеу.

*Білім беру* міндеттерін шешу оқушыларды біліммен қаруландырады, спорттық жаттығуларды орындаудың іскерлігімен дағдысын қалыптастырады, сонымен қатар оларды өмірде қолдануға үйретеді.

*Сауықтыру* міндеттерін шешу белгілі бір жас шағында болатын дене дамуы мен дене дайындығын, тұлғаның дұрыс қалыптасуын және сабақта орындалатын жаттығулардың организмге жағымды әсер етуіне қолайлы жағыдайларды туғызуды қамтамасыз етеді.



*Тәрбиелік* міндеттерін шешу оқушының жеке тұлғасына дене жаттағуларымен айналысудың моральдық және еріктілік қасиеттерінің дамуына жағымды әсер етуін қамтамасыз етеді.

Дегенмен осы топтарға бөлу, көп жағыдайларда нақты нәтиже көрсетпейді. Мысалы, дене қасиеттерін тәрбиелеуді, оның тұлғаны қалыптастыруға және бүкіл органдар мен жүйелердің жақсы жұмыс істеуіне тигізетін маңыздылығын ескере отырып біз оларды сауықтыру міндетіне жатқазамыз. Дене қасиеттері дамуының қажетті деңгейі болмай дене жаттығуларына жетістіктермен үйрету мүмкін емес, яғни дене қасиеттерін тәрбиелеу жұмыстарын білім беру міндеттерінеде жатқызуға болады. Дене қасиеттерін дамытудағы кездесетін қиындықтарды бағындыру процессінде оқушы еріктілікті, табандылықты, батылдықты, тәрбиелейді ал, ол адамның бірқатар моральдық қасиеттерінің пайда болуына үлкен себебін тигізеді. Сол себепті мұғалім жұмыс тәжірибесінде білім беру, сауықтыру, тәрбиелеу міндеттерін бірге шешіп отырады. Осы міндеттерді бөлек-бөлек қарастыру, олардың әр қасысының мағынасына тереңірек үнілу үшін жасалады.

#### Әдебиеттер

1. Таникеев М. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы 1996ж
2. Төтенаев Б.Т. Халық ойындарының тәрбиелік маңызы. – Алматы 2008ж
3. Әбділлаев Ә. К. Дене мәдениетінің ілімі және әдістемесі: II-III-IV бөлімдер. Жоғары оқу орындарының дене шынықтыру және спорт мамандықтары студенттеріне арналған оқу құралы. Түркістан, Тұран баспаханасы, 2007 ж. 25б.
4. Тайжанов С. Дене мүмкіндіктерін тәрбиелеу. — Алматы: Мектеп, 2004, 96 б.

УДК 37.013

### АЛЬ-ФАРАБИ И МУЗЫКА.

Куленова И.М. к.филос.н, Сырайлова Р.Т.

Южно-Казахстанский государственный педагогический университет,  
г. Шымкент, Казахстан

*Түйін*

*Мақалада Әл-Фарабидің философиялық іліміндегі музыкалық теория мен эстетиканың кейбір мәселелері қарастырылады.*

*Resume*

*In the article some questions of musical theory and aesthetics in the philosophical doctrine of al-Farabi are considered.*

В истории музыкальной теоретической мысли были периоды, знаменующие стремительный взлёт научного знания о музыке, в котором обобщение предыдущего знания рождало новое и смелое в своём предвосхищении будущего науки, осмысление музыкального искусства.

Одна из таких блистательных страниц в развитии мировой музыкальной культуры и науки связана с именем крупнейшего арабо-мусульманского мыслителя-энциклопедиста Абу Наср Мухаммад аль-Фараби (870-950), внёсшего огромный вклад в развитие философии, логики, математики и естествознания. Аль-Фараби занимает особое место в музыкальной историографии и является одним из первых последователей античной теории

музыки, научное направление которых получило в арабском средневековье название «илм ал-мусика» - «наука о музыке». Наряду с другими арабскими учеными, такими как ал-Кинди, ал-Харизми, Ихван ас-Сафа, Ибн-Синой, аль-Фараби творчески переосмыслил теоретические труды предшествующей науки в исследовании современной ему музыкальной теории на Ближнем и Среднем Востоке.

Значение аль-Фараби в развитии мирового музыкознания не исчерпывается только тем, что он стоял у истоков становления музыкальной науки арабского Востока. Энциклопедичность его воззрений представляются поистине уникальными на фоне современного ему западноевропейского и арабо-мусульманского музыкознания IX-X вв. Английский исследователь арабской музыки Генри Джордж Фармер характеризует аль-Фараби как одного из ведущих средневековых теоретиков музыки. Он говорил, что «Аль-Фараби был, вероятно, самым величайшим автором теории музыки на протяжении средних веков. Его рассмотрение теоретической науки (музыки) не только продвинуло то, что было сделано греками, но и того, что в Западной Европе не было» [1].

Поскольку большинство античных трактатов о музыке не сохранились в оригиналах, то наиболее значимыми являлись переводы утраченных трудов на арабский язык и комментарии к ним, а также самостоятельные сочинения арабо-мусульманских учёных о музыке. В западноевропейской музыкальной науке так продолжалось вплоть до появления теоретиков музыки Рамоса де Парейя (1440-1521), Салинаса (1512-1590), которые были выходцами из Андалусии, юга Испании, земли которой, находились под значительным влиянием арабской культуры и науки. Сравнивая выдающиеся труды по музыке аль-Фараби и Ибн-Сины с произведениями их европейских современников, Г.Дж. Фармер называет их «оазисами в пустыне»[2].

Огромный масштаб и значительность музыкально-теоретического наследия выделяют аль-Фараби не только среди западных средневековых мыслителей, но и среди других арабо-мусульманских учёных своего времени. Он является автором нескольких трудов о музыке, среди которых «Книга ритмов» («Китаб ал-'ика'ат»), «Книга о классификации ритмов» («Китаб 'ихса' ал-'ика'ат»), «Книга о классификации наук» («Китаб 'ихса' ал-'улу»), «О происхождении наук» («Асл ал-'улум») и др. Аль-Фараби вошёл в историю мирового музыкознания как создатель первого системного учения в трактате «Большая книга о музыке» – «Китаб ал-мусика ал-кабир».

«Большая книга о музыке» - это уникальный по своей значимости научный труд эпохи арабо-мусульманского Ренессанса. По своим масштабам (около двух тысяч страниц) «Большая книга о музыке» превосходит многие сочинения о музыке, написанные как до неё, так и после, и может быть поставлена в ряд с самыми монументальными творениями средневековой культуры, как «Канон врачебной науки» («Канун фи т-тиб») Ибн Сины и «Ключи наук» («Мафатих ал-'улум») ал-Харизми (X-XI вв.). Оставаясь в рамках традиций своего времени,

учёный выходит на новый, более высокий уровень осмысления музыкальной теории и создаёт целостную музыкально-теоретическую концепцию музыки. Научные труды аль-Фараби становятся источниками знаний об этой теории в средневековой Европе вплоть до XIV- XV в.

Создание трактата относится к первой половине X века, точная дата его написания неизвестна. Следует отметить, что «Большая книга о музыке» – один из тех редких средневековых трактатов, которые сохранились до нашего времени во множестве рукописей. При том, что различные варианты оригинала являются, в основном, неполными. Однако, вместе данные рукописи образуют сводный текст, отражающий оригинальную структуру трактата, описанную аль-Фараби во введении. «Большая книга о музыке» состоит из «Введения в искусство музыки» и основной части «Искусство музыки как таковое», включающей три раздела: «Об элементах искусства музыки», «О распространённых инструментах и воспринимаемых на них звуках», «О композиции родов единичных мелодий», каждый из разделов и введение содержат по две главы.

В своем труде аль-Фараби рассматривает термин «музыка» как мелодия. Он считал, что слово мелодия «можно применить либо для обозначения последовательности музыкальных звуков (тонов) в определенном сочетании (порядке), либо для обозначения ряда тонов, которые комбинируются тем или иным образом и ассоциируются с фонемами, образующими слова, которые выражают мысли» [3, С.79]. Такое определение музыки отражает единство философских и эстетических начал в научном подходе аль-Фараби к музыкальному искусству.

Далее он делит музыкальное искусство на три аспекта. Первый охватывает «мелодии, назначение которых быть чувственно воспринимаемыми для слушателей» [3, С.81]. Второй характеризует мелодии, которые образуются независимо от ощущения слушателей. При этом и первый, и второй аль-Фараби называет искусством практической музыки, хотя и уточняет, что такое название относится в первому аспекту. Рассматривая третий аспект искусства, ученый считает, что способность человеческого слуха распознавать музыкальные фразы, отличать лучшее от худшего, гармоническое от негармонического, не относится к искусству, а является видом теоретической музыки, тем самым относит ее к теории музыки [3, С.82].

Также Ал-Фараби различает три рода (вида) музыки. Первая предназначена «просто доставлять удовольствие», вызывать в душе «приятное, восхитительное и успокаивающее чувство... как декоративный рисунок на наши глаза». Вторая выражает «страсти ... и запечатлевает в ней образы вещей». Музыка третьего рода возбуждает воображение человека [3, С.95-96].

Аль-Фараби разделяет музыку на направления: теоретическую и практическую. Он дает объяснение практической музыке как прикладной части звука посредством использования различных музыкальных инструментов. Теоретическая музыка, с другой стороны, определяет композицию, сочинение и

искусство, возникающие из процесса создания произведения искусства. Аль-Фараби считает, что музыка, столь эмоционально воздействуя на людей, также оказывает различный эффект и на животных.

В своих трудах ученый считает, что музыка есть искусство, основано на математических законах, поскольку правила музыки и геометрии являются одними и те же. К математическим наукам он относит арифметику, геометрию, оптику, астрономию, статику, науку о тяжести, музыку и механику. Как и у пифагорейцев, наука о музыке занимает особое место, поскольку она влияет на воспитание и врачевание человеческих нравов и страстей. Для аль-Фараби основанием для включения музыки в раздел математики послужило использование в ней числовых способов музыкальных элементов - звуков, ритмических единиц. Этот математический подход аль-Фараби отражает важный аспект теории средневековой музыки, как Запада, так и Востока.

В теории музыки аль-Фараби содержание не может существовать без формы, а форма не может существовать самостоятельно и быть реализованной до содержания. Для аль-Фараби форма – это рациональный принцип, который организует все части материи при моделировании с помощью универсальной модели миротворчества. Хотя универсальная форма является моделью особого дискурса, именно реальная числовая связь между дискурсом и определенной мелодией дает окончательную форму музыкального выражения[4].

Для аль-Фараби ценностный аспект музыки и мелодии, как ее выражение, является ее совершенность или гармоничность, в результате которой проявляется прекрасное в музыке. Данная слитность философских и эстетических взглядов аль-Фараби сказывается и на его учении о музыке, которое объединяет в себе все аспекты музыкальной эстетики: философию, этику, эстетику и социологию.

Одна из центральных категорий философии музыки аль-Фараби является «совершенство». Она рассматривается в двух смыслах:

«- во-первых, исследование вопроса закономерности восприятия - совершенство мелодии, полнота ощущений при прослушивании музыки, восхищение и наслаждение слушателя;

- во-вторых, гармоничность и естественность музыкальной композиции по определенным параметрам, например - ритмические и мелодические украшения, последовательность звуков и интервалов, качество инструментов, исполнение и сочинение мелодий на основе музыкальной композиции, и самое главное, структурное соответствие трех компонентов композиции - мелодии, ритма и поэтической речи» [5].

По мнению аль-Фараби, совершенство музыки зависит от профессионала. Он проводит грань между понятиями: способность творца создавать музыкального произведения, то есть композитора, и способность музыканта-исполнителя, то есть, инструменталиста или вокалиста. Он считал наиболее важным иметь способность задумать и записать мелодию, так как она является

по отношению к способности исполнения первенствующей и по природе, и во времени.

#### Литература:

1. Farmer, H.G. Music: the Priceless Jewel / H.G. Farmer // Journal of the Royal Asiatic Society. - January 1941. - Vol.73. Issue 1. - P.22-30.
2. Farmer H.G. Historical Facts for the Arabian Musical Influence. London: William Reeves, 1932. – P. 562-563
3. Аль-Фараби. Трактаты о музыке и поэзии /Пер. с арабского. – Алматы: Гылым, 1993. – 156 с.
4. Madian, Azza Abd al-Hamid. Language-Music relationships in al- Farabi's "Grand Book Of Music" Ph. D. Cornell University, 1992. – P.251-252
5. Рахимшикова М.К. Гармония как основа музыкального искусства// Алматы: Вестник КазНУ № 1(36), 2011 – С.158.

ӘОЖ 378: 786.8 (574)

### МУЗЫКА ПӘНІН ОҚЫТУДЫҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР

Ахметова Ж.О. Магистр аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,  
Шымкент, Қазақстан

*Резюме*

*В статье рассмотрены проблемы воспитания учащихся через использование новейших методов организаций уроков, информационных методов обучения на уроках музыки.*

*Summary*

*The problems of education of pupils through the use new methods of organizing lessons, information on the methods of teaching music lessons.*

Бүгінгі таңда қоғамымыздың жаңа қарқынмен дамуы, ғылыми-техникалық прогрестердің жетістіктері, еліміздің өркениетті елдер қатарынан көрінуі білім беру жүйесіне де ықпал етпей қойған жоқ. Оқу жұмысын ұйымдастырудың негізгі түрі – сыныптық сабақ жүйесі екені бәрімізге мәлім. Осыған орай менің тәжірибиемде сабақтың қалыптасқан дәстүрлі түрінен басқа, дәстүрлі емес сабақтар түрлері де пайда болуда. Олар көбінесе оқытудың жаңаша әдістеріне негізделіп құрылуда. Ондағы мақсат - әрбір сабақтың оқу - тәрбиелік мүмкіншіліктерін ескере отырып, оны жаңа сапалық сатыға көтеру. Бүгінде оқыту жұмысын осылай ұйымдастыру мен әдістің жаңалығы басқа ұстаздардың жаңа жағдайға байланысты оқу-тәрбие процесін шығармашылықпен пайдаланудың негізгі өлшеміне айналууда. Оқытудың жаңа инновациялық әдістері мен пәнге байланысты жаңа технологияларды пайдалануға итермелейді.

«Инновация» ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әртүрлі анықтамалар берген. Мысалы, Э.Раджерс инновацияны былайша түсіндіреді: «Инновация- нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея». Майлс «Инновация - арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз», - дейді. Инновациялық құбылыстар білім беру саласында өткен ғасырдың сексенінші жылдарында кеңінен тарала бастады.

Әдетте инновация бірнеше өзекті мәселелердің түйіскен жерінде пайда болады да, берік түрде жаңа мақсатты шешуге бағытталады, педагогикалық құбылысты үздіксіз жаңғыртуға жетелейді. «Масырова, Линчевская - «Жаңару» дегенімізді былай деп түсіндіреді: «Жаңару - белгілі бір адам үшін әділ түрде жаңа ма, әлде ескі ме оған байланысты емес, ашылған уақытынан бірінші қолданған уақытымен анықталатын жаңа идея. Қазақстанда ең алғаш «Инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол «Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз - білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі» деген анықтаманы ұсынады.

Тағы басқа ғалымдар Инновация деген ұғым латын тілінде жаңарту, жаңалық, өзгеріс енгізу деген түсінікті білдіреді. Оның мәні - білім беруге және өздігінен білім алуға негізделген қабілетті дамытады. Қазіргі таңда оқушы-ақпаратпен қаруланған, жан-жақты дамыған тұлға. Оның білімдік қабілеттерін дамыту үшін біздер, мұғалімдер жан-жақты қаруланған болуымыз керек. «Балаға білім бергенде, алыстан жақынға, таныстан жатқа көшіп, жаңа білімді ескі білімге байлап беру керек» - деп Мағжан Жұмабаев айтқандай, оқыту процесіне жаңа көзқараспен қарау керек. Осы бағыттарда мектептерде музыкадан теориялық және тәжірибелік білім беру жүйесінен біраз тәжірибелер жинақталған, солай бола тұрса да, музыка сабағын жүйелі оқыту, әсіресе қазақ мектептерінде ұлттық бай музыкалық мұрамызды молынан пайдаланудың жолдары әлі де көрсетіле берсе артық етпейді. Басты міндет - оқыту мен тәрбиелеу. Өз пікірінде көрнекті педагог В. Сухомлинский «Өнер - өнегілі, ақылды адамдарды тәрбиелейтін құрал» деп тәрбие үрдісінде өнерге аса көңіл аудару қажеттілігін қысқа да түсінікті түрде атап көрсетті. Сырлы да сазды әуендерді бүгінгі күн әуендерімен, классикалық музыкамен ұштастыра, шығармашылықпен тақырыпты аша түсіп, оқушыларды музыка әлеміне қызықтыра білу музыка мұғалімінің өз ісінде шеберлігін талап етеді. Оқуға ынтасы барды да, ынтасыздарды да, тәртіптілер мен тәртіпсіздерді де музыка әлеміне қызықтырып, оқушылардың рухани бейнесі, танымын қалыптастыра отырып, қоғамның саналы азаматы етіп шығару - ұстаздардың басты мақсаты.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық инновациялық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

Музыка пәнін оқытудағы жаңа инновациялық әдістердің тиімділігі «Қазақстан 2030» стратегиялық бағдарламасы приоритетінің бірі ұлттық білім моделін қалыптастыру тенденциясымен және Қазақстан білім беру жүйесін бүкіл әлемдік білім кеңістігіне кіріктіруіне сипатталатын білім беру саласы болып табылады. Қазір бүкіл әлемде индустриялық қоғамнан интерактивті қатынас жасауға оны жүзеге асыратын техникалық мүмкіндіктерді дамытып

отыра алатын информациялық қоғамға, тасымалдау, тарату және пайдалану қызметтерін атқаратын жаңа қоғамға көшу процесі жүріп жатыр. Бүгінгі күні инновациялық әдістермен оқытуды қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, құзыреттілігін қалыптастыру, тарихи объективизмді ұстана отырып шынайы дерек көздерінен мәліметтерді жинақтау ең негізгі мақсат болып айқындалады. Музыка пәнінде жаңа әдістерді пайдалану арқылы мектептегі сабақтарды жаңаша ұйымдастыру, мұғалімнің рөлі мен қызметінің артуына жағдай жасау, теориялық, ғылыми – педагогикалық және психологиялық зерттеулерге сүйене отырып, оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, ақпараттық технологиялар мен инновациялық оқыту әдістері арқылы оқушыларды ізгілікке, елжандылыққа, саналыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Инновациялық әдістерді баланың білім деңгейіне және жас ерекшелігіне қарай оқу үрдісінде пайдалану негізгі міндет болып табылады. Мысалы: Интерактивтік тақатмен жұмыс, мультимедиялық көрніспен, жаңаша тапсырмалар арқылы сабақты түрлендіре отырып өткізуге қалыптасуымыз керек. Жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие беріп, олардың бойына туған өлкесіне, халқына деген адамгершілік пен сүйіспеншілік сезімдерін сіңіруде ұлттық музыка мәдениетінің алатын орны ерекше екендігі белгілі. Халқымыздың осы мақсатын қайта жандандыру мақсатында балаларды қабілетіне қарай, - жыраулық өнерге, терме айтуға, шешендікке тапқырлыққа, айтыс өнеріне үйретуде - музыка пәнінің алатын орны орасан зор. Олай болса, оқытумен тәрбиелеудің ой елігінен өтетін әдіс-тәсілдерін жаңашыл педагогтардың тапқан әдістемелерін біліп қана қою жеткіліксіз, оны әркім өз мүмкіндігінше күнделікті сабақта пайдалану қажет. Сонда ғана сабақ нәтижелі болып білім сапасы арттады. Әр мұғалімнің оқытуға, үйретудегі өз тұғырнамасы болу қажет.

Олар мыналар:

- Әр оқушының білім деңгейін, қабілетін мүмкіншілігін түсіну;
- Оқушының бойындағы жетістіктері мен кемшіліктерін қабылдау;
- Оқушыларға қиындықтарды жеңуге, кемшеліктерден арылуға көмектесу;

Оқушылардың қызығушылығы белсенділігі артқасын сабақта білім сапасының артатыны сөзсіз. Ұлы неміс педагогы А. Дейстербергтің «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойға үйретеді» - дегенді. Содықтан да оқушы белсенділігін арттырып, білім сапасын көтеретін, ойлауға үйрететін ол жаңа инновациялық әдіс тәсілдері болып табылады.

Жаңа инновациялық әдістерді пайдалана отырып, білім сапасын арттыру өмір талабы.

Қорыта келгенде, жаңа инновациялық педагогикалық технологияның негізгі, басты міндеттері мынадай:

- әрбір білім алушының білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу;

- білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеу;
- өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту;
- аналитикалық ойлау қабілетін дамыту.

**Әдебиеттер:**

1. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. – //Қазақстан мектебі, №4, 2006ж.-11б.
2. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2004ж.-4б.
3. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. – //Қазақстан мектебі, №4, 2008ж. - 12б.
4. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А.:Өркен, 2007ж.-27б.

ОӘЖ 796.011.3

**ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІНІҢ ОҚУШЫ ТӘРБИЕСІ МЕН  
ДЕНСАУЛЫҒЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ**

**Шыршикбаев Ж.Т.**

Аудандық білім бөлімінің АӘД және денешынықтыру пәні әдіскері,  
Сайрам ауданы. Түркістан облысы. Қазақстан

*Резюме*

*В данной статье рассматривается роль физического воспитания и укрепление здоровья учащихся*

*Summary*

*This article examines the role of physical education and health promotion of students*

Дене тәрбиесін оқыту мазмұнының маңызды жағдайы мұғалім мен оқушының біріккен қызметінің мақсатын дәл түсіну, оны демократияландыру, парасаттылық, бірігіп әрекет ету қағидаларына көшіру болып табылады. Дене тәрбиесіндегі басым бағыттардың бірі болып дене тәрбиесін насихаттау, оның рухани мәдениетпен өзара әрекет етуі қала береді. Дене тәрбиесін насихаттауды дамытып, жетілдіруді тікелей адамға бағыттап, сырқаттың алдын алудағы, ұзақ жасаудағы дене тәрбиесінің ролін адам иланатындай түрде көрсету керек.

Басты міндет - өз ағзасын танып-білуге қызығушылықты арттыру, сырқаттанудың алдын алуды дене тәрбиесі құралдарының мүмкіндігін көрсету, дене жаттығуларымен дербес шұғылдануды түрде кең тарату. Қазіргі кездегі ғылыми зерттеулер мен жаңалықтардың нәтижелеріне сүйене отырып, дене тәрбиесін насихаттаудың тартымдылығын, сенімділігін, нақтылығын қамтамасыз ету, бұл ретте қазіргі уақытта бар барлық ақпарат құралдарын пайдалан отырып, оған ағартушылық сипат беру, балалар мен оқушы жастардың дене тәрбиесі саласындағы мектеп пен отбасының бірігіп атқаратын жұмыстардың тұрақты түрде дамытып, жетілдіріп отыру қажет. Сөйтіп, алынған материалдар, оқушы жастардың әскери қызметке және дене қасиеттерін қалыптастырудың тұжырымдамалық моделі бойынша жүргізілетін дене тәрбиесі қазіргі жағдайға сәйкес келетіндігін дәлелдейді. Бұл ретте оқушы жастардың салауатты өмір салтын қалыптастыру негізіне жататын мәселелер шешіледі.



Жеке тұлғаның дене тәрбиесі нақты тарихи құбылыс болып табылады. Оның теориялық қайнар көзі – халықтық және класикалық педагогика. Жалпы адамзаттық және гуманизм идеясының басымдылығына негізделген денсаулықты нығайту мен салауатты өмір салтына ұстанған бағыт жеке тұлғаның жалпы мәдениетінің құрамды бір бөлігі есебінде осы құбылыстың мәнін түсіндіру арқылы оқушы жастар дене тәрбиесін қалыптастыруды жүзеге асыруды талап етеді. Қозғалыс әрекеттеріне жағымды себептерді қалыптастыруға және денсаулықты нығайтуға бағытталған педагогикалық тұтас процес арқылы қалыптасатн жеке адамның жалпы мәдениетінің құрамдас бөлігі есебінде дене тәрбиесі жеке тұлғаның біріккен қасиеттерін көрсетеді. Оған ойлау, байқағыштық, өзіне-өзі ұстай білу, тәртіптілік, адалдық, батылдық, отансүйгіштік, әскери қызмет етуге дайын болуы, шешімділік секілді зиялы қасиеттер енеді. Оқушы жастарда дене тәрбиесінің осы көрсеткіштерінің қалыптасуының жоғары деңгейі отбасында, мектепте, жұмыста және тұтас қоғамдық адамның тіршілігін адамның тіршілік қызметінің негізгі аясында өзінің қызметін табысты орындау үшін толық мәніндегі субъекті есебінде қоғам өміріне еркін араласудың қажетті шартты болып есептеледі. Қалыптасу әдістерінің негізіне бір тұтас педагогикалық процесін негізгі құралдарының (мақсат, міндеттер, мазмұн, құрал, формалар, әдістер мен тәсілдер, тапсырма) бірігіп әрекет ету жатады. Тұтас педагогикалық процесте денсаулықты нығайтуға бағытталған жеке тұлғаның дене тәрбиесін қалыптастыру дене шынықтыру және спорттық ойындық әрекеттер жүйесіне оқушы жастарды тартуды көздейді. Қимыл-қозғалыстың қайсы бір түрін ғана орындау немесе оның дамуы әлсіз деңгейде болуы тұтас педагогикалық процесте оқушы жастардың дене тәрбиесін қалыптастыру жүйесін өзгеріске ұшыратады.

Қозғалтқыш шеберліктерді қалыптастыру жүйесі сәйкес заңдылықтарға сүйене отырып, дене тәрбиесін берудің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Оларды танып-білу, оқыту жағдайларын өзгерту мүмкіндіктері мен қозғалтқыш әрекеттерді меңгерудің тең дәрежелі еместгін дұрыс бағалауға мүмкіндік береді; жүргізілетін жаттығулар мен сабақ жүйесін сауатты құруға дағдыларды ауыстыру нәтижесін қолдану кезінде мүмкіндік береді; қозғалтқыш әрекетке жаттықтырудың әр кезеңінде барынша ұтымды мазмұнын анықтауға көмек береді.

Дене тәрбиесін беруде оқушылардың белсенді қозғалтқыш әрекеттілігі басты нысана болып табылады. Осы арқылы баланың дене және психикалық қабілеттіліктерін жетілдіру алып барылады. Сонымен бірге мұндай органикалық тұтастықта балалар дене тәрбиесі жөнінде де арнайы білім алады.

Дене тәрбиесі бойынша білім беру адамның дене және психикалық жетілуіне бағытталған қозғалтқыш әрекеттер мен арнайы білімдер жүйесін меңгеру үдедісін ұйымдастыру.

Қозғалтқыш әрекеттерге оқыту (немесе дене жаттығуларына, егер олар нақты әрекет ретінде түсінілетін болса) - бұл да сол, мақсатты көздейі, бірақ аясы тар міндеттерді шешу үшін жүзеге асырылатын педагогикалық үрдіс.

Мектеп бағдарламасын жүзеге асыру жөнінде алып қарағанда, «дене тәрбиесіне оқыту» термині, ал осы бағдарлама саласының бірінің материалын игеру жөнінде алып қарағанда «қозғалтқыш әрекеттерге оқыту термині» қолданылады. Бұл кезде арнайы білімнің тек үйретілетін әрекетпен тікелей байланысқан жүйесі ғана меңгерілуі тиістілігі ұғынылады.

«Қозғалтқыш әрекетке оқыту» термині (немесе дене жаттығуына) тек бір әрекет және оған жалғаспалы теориялық мағлұматтар бар болған жағдайда ғана қолданылады, өйткені әрекет оған кіретін қозғалыстардың құрылымын көрсететін болса, онда «әрекетке оқыту» - деген әр алуан мағынадағы терминді қолдануға болады [1].

Әр алуан терминдерді қолдану назарды қазіргі кезеңдегі басты педагогикалық міндеттерге шоғырландыруға мүмкіндік береді. Әрекетті оқыту - білімді бір мезгілде игеру, қозғалтқыш шеберлікті қалыптастыру, сонымен бірге дене қасиеттерін тәрбиелеу үрдісі. Бұлардың бәрі бір-біріне тығыз байланысты, бірақ өз құралы мен әдістері жағынан бір емес. Сондықтан педагогикалық үрдісте сол не басқа міндеттерді шешуге жиі барады.

Әрбір әрекетке оқыту бұрыннан бар немесе оқушы жаңадан иеленген білімге сүйенеді.

Дене тәрбиесі жайлы білім - дұрыс ұйымдастырылған дене тәрбиесі негізінде жататын ұғымдар мен заңдылықтардың, дәлелдердің белгілі жүйесі. Білім көлемін кеңейту мен сапасын жоғарлату оқытуда танымдылық ұстанымын жүзеге асырудың жолы, баланың танымдық белсенділігін тәрбиелеудің маңызды тәсілдерінің бірі (қараңыз: «Дене тәрбиесін беру үрдісінде білім қалыптастыру»). Үйретілетін қозғалтқыш әрекетті игерудің үш деңгейі шартты белгіленеді. Олардың әрбірі олардың жеке атауларын беруге мүмкіндік беретін белгілі сипаттамаларға ие (бұл жайында оқыту кезеңдерін сипаттау кезінде егжей-тегжей айтылады):

бірінші деңгей - элементарлы шеберлік;

екінші деңгей - дағды;

үшінші деңгей - автоматтанған дағды (немесе жоғары реттегі шеберлік)

[2].

Деңгейлер айырмаларында айқын шекараларға ие емес. Бұл барлық деңгейлердің негізінде дағдыларды қалыптастырудың тұтас психофизиологиялық заңдылықтары жататындығымен түсіндіріледі. Мәні жағынан элементарлы шеберлік - бұл әлі толығымен қалыптаспаған дағды, ал автоматтанған дағды - бұл қалыптастырылып қойылған дағдыны меңгерудің жоғары деңгейі.

Қозғалтқыш дағды - бұл назарды жекеленген қозғалыстарға емес, әрекет нәтижесіне және жағдайларға шоғырландыра отырып, әрекетті орындау қабілеттілігі.

Егер де дағды - психофизиологиялық категория болатын болса, онда шеберлік педагогикалық категория («ақыл» сөзінің түбірі) және қозғалтқыш

әрекетті меңгерудің барлық деңгейін де «жасай аламын», «жақсы жасай аламын», «өте жақсы жасай аламын» - деген сөздермен жеткізуге болады.

Әрекетті орындау қабілеттілігі, адамның өз білімі мен қозғалтқыш тәжірбесін қолдану нәтижесінде туындайды. Бұдан басқа, мұндай қабілеттілік кенеттен емес, тек берілген әрекетті қайталаудың белгілі мөлшерінен кейін ғана пайда болады. Мәселен, жекешелендіру қағидасын оқыту үшін баланың психофизиологиялық қызметіне жағымсыз ықпал етпейтін осындай қозғалтқыш әрекеттерді таңдауға мүмкіндік береді.

Дене тәрбиесін берудің жүйесі қағидаларынан басқа тек педагогикалық үрдістің заңдылықтарын сипаттайтын қағидалар да өмір сүреді. Дене тәрбиесінің теориясында олар «дене тәрбиесін беру қағидалар»" (кейде «әдістемелік ұстанымдар» - деп те аталады).

Дене тәрбиесін педагогикалық үрдіс ретінде сипаттайтын заңдылықтардың әр алуандылығымен байланысты, оның қағидалары үш өзара байланысқан салаға бөлінеді; оқыту қағидалары, яғни арнайы білімдер мен қозғалтқыш шеберліктерді қалыптастыру заңдылықтарын сипаттайтын қағидалар; дене сапаларын тәрбиелеу қағидалары, яғни күшті жылдамдықты дамыту заңдылықтарын бейнелейтін қағидалар; дене жаттығулары сабағы кезінде баланы жеке тұлға ретінде тәрбиелеу қағидалары. Педагогиканың арнайы тармағы болып табыла отырып, дене тәрбиесінің теориясы жалпы педагогикалық қағидаларды қолданады, бірақ оларды оқу материалының ерекшеліктерін ескере отырып өңдейді. Бұл тарауда тек оқыту ұстанымдары ғана қарастырылатын болады.

Оқыту негізіне жататын заңдылықтар өзінің қызмет ету мүмкіндіктері жағынан біртектес емес, осыған сәйкес оқыту қағидаларын мақсатқа сәйкес төрт өзара байланысқан салаға бөлуге болады: қатынас ұстанымы, бағалау ұстанымы үйлестіру ұстанымы, құру ұстанымы қағидалар тобының атаулары және олардың әрбірі біршама дәрежеде шартты, бірақ мұғалімді олар педагогикалық міндеттерді шешу кезінде иемденетін ұстанымдардың қызмет ету мүмкіндіктерін қолдануға бағыттауда туындаған. Бұдан басқа қағидалардың әр бірінің атау педагогика мен дене тәрбиесі теориясында қабылданған терминологияға қарама-қайшы келмейді.

Балаларда оқытуға танымдық белсенді қарым-қатынасты қалыптастыру қажеттілігі саналық пен белсенділік қағидаларымен ұштастырылады. Қызмет ету мүмкіндіктерінің тұтастығы негізінде оларды қатынас ұстанымы тобына біріктіруге болады.

Оқыту үрдісінің нәтижелілігін объективті бағалау қажеттілігі ғылыми және беріктілік қағидаларымен ұштастырылады. Қызмет ету мүмкіндіктерінің тұтастығы негізінде олар бағалау ұстанымы тобына біріктіріледі.

Оқытуда баланың жас, жыныс және жеке ерекшеліктеріне сәйкес жүргізу қажеттілігі жеке туындайды. Берілген қызмет ету мүмкіндіктерінің тұтастығы негізінде оларды мақсатқа сәйкес үйлестіру, сабақты дұрыс ұйымдастыру,

жүргізу тәсілдері, қолданылатын қағидалар жиынтығы барлығы талапқа сай болғанда ғана жүйелі жұмыс жүргізіледі.

#### Әдебиеттер

1. Тілеуғалиев Ю. Дене тәрбиесі оқыту әдістемесі. - А., Атамұра. 2003.
2. Тайжанов С., Кулназаров А. Дене тәрбиесі. – А., Атамұра. 2006.

ОӘЖ

### **БҰҚАРАЛЫҚ РАЗРЯДТЫ БАСКЕТБОЛШЫЛАРДЫҢ ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

**Тұрысқұлов Өмірәлі Жүсіпұлы** п.ғ.к., доцент  
**Байқожа Ғалымжан Дәуітбекұлы** магистрант  
**Сотов Виктор Викторович** аға оқытушы  
ОҚМПУ Шымкент қ.

#### *Резюме*

*В статье рассматриваются теоретические основы подготовки баскетболистов массового разряда.*

#### *Summary*

*The oretical bases of training of mass-class basketball players are considered.*

Қазіргі кезеңдегі жас спортшылар дайындау жүйесі өзіндік максаты, міндеттері, құралдары, әдістері, ұйымдастыру түрлерімен материалдық-техникалық шарттары бар спортшылардың ең жоғарғы спорттық нәтижелерге жеткізуге қамтамасыз ететін күрделі де көп факторлы құбылыс болып табылады, сондай-ақ спортшыны жарыстарға дайындайтын ұйымдастырылған педагогикалық үрдіс.

Дүние жүзіндегі жастар арасында кеңінен тараған спорт түрлеріне баскетбол жатады.

Баскетболшының спорттық шеберлігінің шыңын анықтайтын факторлардың бірі ойыншылардың техникалық тәсілдері: қабылдап алу мен беру, лақтыруды, алып жүгіру, кәрзеңкеге ыршу, түспеген допты игеру, допты ұстап қалу мен соғып жүгіруді тиімді орындау болып саналады.

Қазіргі заманғы қазақстандық және шетелдік спорттық ғылым спорт ойындарындағы сол немесе басқа тәсілдерді тиімді орындаудың жекелеген жақтарына қатысты мәліметтердің жеткілікті санын жинақталды (волейбол, футбол, хоккей, баскетбол т.б.). Соған қарамастан, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттердегі тиімділік пен әдістерді жетілдіру түсінігіне кіретін зерттеулердің құрылымдық компоненттері жеткілікті орындалмаған.

Спортшының әрекет етуі тиімділігінің түсінігі өзара байланысты күрделі құрылымы мен әр түрлі жоспарлы көрсеткіштердің жиынтығын өзіне қосатын жалпылама сипаттаманы білдіреді. Командалардың табысты ойнауы үшін қажетті басты міндеттердің бірі - жоғары маманданған спортшылар даярлау болып табылады, олар техникалық тәсілдік арсеналдың кең көлемімен қарқынды және жалғасатын салмақты көтере алатын қабілетті игеруі тиіс. Осыған байланысты жұмысқа қабілеттік деңгейі мен оның құрылымын

көрсетудің қажеттілігін шешу үшін баскетболшының жұмыс қабілетінің деңгейін көтеру проблемасы өзекті болып табылады [1].

Ал спортшылардың жұмыс қабілетіне біршама көп мөлшерде әсер ететін басты факторларды анықтау аса маңызды болып саналады. Дене және функционалдық мүмкіндіктер баскетболшы жастардың спорттық шеберлігінің негізі болып табылатын спорттық жаттығулардағы бұл мүмкіндіктерге алдынала дайындалудың бастапқы кезеңінде ерекше мән беріледі. Баскетболшылардың жұмыс қабілетін жалпы деңгейін көтеру мақсатында ғана қолданылатын әдістемелердің бірнеше түрлері бар. Алайда функционалдық және дене мүмкіндіктерінің жоғары деңгейі ойын тәсілдерінің тиімділігі баскетболшылардың қозғалмалы тірек-қимыл аппаратына тікелей әсер ететін құралдарды қолдана отырып, одан әрі жақсартатын негізді білдіреді.

Спортшының әрекеті тиімділігін шарттастыратын көрсеткіштерге ойын тәсілдерін дәл әрі жылдам орындауы, сондай-ақ, жылжытқыш потенциалды қолдану қабілеті сапаны дамытатын деңгейді жеткілікті де толық игерілуі керек.

Қазіргі заманғы баскетбол ойынның маңызы допты секіріп лақтыруды кәрзеңкеден ыршыған, түспеген допты игере білуді, сондай-ақ қорғаныс ойынындағы қозғалыстар мен тәсілдерді допты қағып қалуды, соғуды, тартып алуды, жауып қалуды т.б. орындаудағы шеберліктің жоғары деңгейін талап ететіні белгілі. Сонымен бір мезгілде мамандар әртүрлі деңгейдегі командалардың осы тәсілдерді тиімді орындауда едәуір артта қалушылықты атап өтеді. Допты секіріп лақтыру, кәрзеңкеден ыршыған, түспеген допты игеру мен ойындағы қорғанысқа қарсы әрекет ету тәсілдері күрделі қозғалыс болып саналады, оларды талдай отырып бір-біріне тәуелді емес көрсеткіштердің бүтін бір катарын боліп көрсетуге болады. Баскетбол бойынша оқу жаттығуларды дұрыс ұйымдастыру үшін ең әуелі қандай факторлардың маңызды екенін білген жөн [2].

Допты беру - баскетбол ойынының негізі. Олар допты себетке (корзинаға) лақтырумен аяқталатын ойындық барлық іс-әрекеттердің мәнін құрайды. Сондықтан баскетболшылар өздері дәл және уақытылы допты беруге тырысулары керек.

*Ондай берулерді қалай меңгеруге болады?* Ойыншы допты беру техникасын жетілдіру үшін, жалпы командалық жаттығуда бұған әдетте уақыт жетіспейтіндіктен, жеке өзі көп еңбектенуі қажет. Техникасы ең мықты деген баскетболшылар допты беру техникасын дербес, ұзақ уақыт бойы жетік тиянақты түрде жетілдірген. Беру техникасын меңгеру үшін ойыншы белгілі бір алғы шарттарға ие болуы керек. Олар күшті аяқтар мен күшті қолдар (әсіресе қол басы). Бұндай өзара байланыс дау тудыруға тиіс емес.

*Допты берудің негізгі тактикалық қағидалары (ережелері) мен техникалық талаптары қандай?* Қысқаша олар мынаған келіп саяды. Доп ұстаған ойыншы оны серігі ұстап алатындығына сенбейінше доп беруге

болмайды. Ойыншылар өздерінің доп берулері жүз пайыздық тиімділікке жетуге ұмтылуы керек.

Допты беруге қойылатын негізгі талаптар: дұрыс есеп пен дәлдік, уақытылық, және жылдамдық. Осы талаптарға сай болу үшін ойыншылар серігі мен қашықтықты қозғалыс жылдамдығын, кең ауқымда көру, серігі мен қарсыластарының іс-әрекетін болжап білу сезімі секілді жеке қабілеттерін дамытуы керек. Осы қабілеттерді жеке-жеке қарастыралық [3].

*Серігімен қашықтықты, қозғалыс жылдамдығын сезіну.* Допқа ие болған ойыншы серіктерінің дене және психикалық, қабілеттерін: олардың, шапшаңдық қасиеттерін, ойын кезінде допқа ие болуға ұмтылушылығын, шабуылдау кезінде қалқаннан қашық тұратын оңтайлы жерлерін, себетке (корзинаға) лақтыру тәсілдерін және басқаларын білуі керек. Осыларға байланысты қайсыбір ойыншыға допты беру туралы шешім қабылданады. Допты беру шапшаңдығын допты қабылдайтын ойыншының қозғалысының (реакциясының) жылдамдығымен үйлестіру қажет. Біреуге допты баяу бағыттауға, екінші ойыншыға екпінді түрде бағыттап беруге тура келеді.

*Кең ауқымда көре білу.* Допты беруші баскетболшы допты қабылдайтын ойыншыға тура қарамауы керек. Алдындағы 180 градус шегінде ие болып жатқанын көздің қиығымен болса да көре білетіндей дәрежеге жету үшін кең ауқымда да, ең шетте не болып жатқанын көріп, бақылай білуді дамытуы қажет. Егер басты біресе оңға, біресе солға жылдам бұрып үйренсе, онда өзінің айналасындағы барлық кеңістікті көз қарасымен шола алар еді. Сонда ғана ойыншы серігіне доп берудің ең тәуір деген тәсілін таңдап алады.

*Ойынның барысын күні бұрын сезу.* Тәжірибелі баскетболшы допты алып болғанша ойынның ең тәуір нұсқасын да ойластырып болады, Серіктерінің және оларды бақылаушылардың ниеттерін таба білген пас беруші допты қажетті бағытқа бере алады.

*Болжау (топшылау).* Ойын жағдайын жылдам талдай отырып, добы бар баскетболшы алдау керек пе, жоқ па, асырып беруге, серіктестерінің бірі шабуыл жасау үшін қолайлы жағдайға (позицияға) ие болған ретте тура жылдам беруге бола ма, қарсылас ойыншы ұстап алады-ау деген қауіппен кімге беруге болмайды-осылардың бәрін анықтап үлгереді.

Допты берудің негізгі тәсілдерін және оларды қолдану тактикаларың келтірелік.

*Кеудеден екі қолмен беру.* Алаңның кез келген нүктесінде орнынан да, сондай-ақ қозғалыста да қолданылады және 10 м қашықтыққа дейін жылдам орындалады. Осындай берудің көмегімен серігін себетке доп лақтыруға шығаруға болады. Осындай берудің қимыл-қозғалыстары алдау есебінде де болады, ал берудің өзін алдау қимылынан кейін биіктете беру арқылы орындауға болады.

*Еденнен шоршыған допты бір не екі қолмен беру.* Бұндай беру орталық ойыншымен өзара тығыз байланыста орындалады. Аймақтық қорғаныста, жылдам ұмтылып шабуылдау да, лақтырамын деп алдаудан кейін, сонымен

бірге биік, бірақ баяу қорғанушыларға қарсы ойында тиімді. Берудің осы түрі қарсыластарының қалқанына өте бастаған серігіне допты елеусіз түрде беру қажет болатын алып жүруден кейін тиімділік бермек.

*Жоғарыдан (бастан) асыра екі қолмен беру.* Алаңның кез келген нүктесінен бір орында тұрғанда беріледі. Көп жағдайда ортадағы ойыншыға немесе команданың артқы сызығында ораласқан серігіне допты беруде шеттегі ойыншылар қолданады. Қарсыласына мұндай беруде кедергі келтіру қиынға соғады. Сондықтан да ол қарсыластарының себетіне ұмтылған серігіне доп беру үшін қолайлы болады. Допты берудің осы тәсілін жоғарғы келе жатқан допты ұстарда және қажет болған ретте сол бойда оны серігіне қайта жіберуге пайдалануға болады [4].

*Екі қолмен төменнен беру.* Бұл тәсіл допты қабылдауда серігіне қиындық келмейтін қысқа жай беруде қолданылады.

*Бір немесе екі қолмен төменнен артқа беру.* Мұндай берулерді қарсыластарының себетіне допты ешбір бөгетсіз лақтыра алатын серігіне тосқауыл қоюды шешкен ойыншы пайдаланады. Доп 1-2 м қашықта орналасқан серігіне жіберіледі. Осындай беруді өзі қалқанның астына өту және допты кері қабылдау мақсатында қолдануға болады.

*Бір қолмен иықтан беру.* Орта және ұзын қашықтықтарға допты осылай жіберуге болады. Жылдам өтудің басталуында допты осылай беру тәсілі ерекше қолайлы.

*Бір қолмен кеудеден беру.* Бұлай беру қарсыластар үшін күтпеген кезде және жылдам орындалады, бірақ міндетті түрде қолайлы бастапқы қалыптан беру керек. Қалың қоршауда қалған орталық ойыншыға осылайша беру оңтайлы болмақ.

*Бастың үстінде „іліп“ беру* [5]. Осындай беруде доп жоғары ұшады, оны қорғаушының қолдарына тигізбей беруге болады. Орнында және қозғалыста орындауға болады. Жылдам өтуді бастау үшін және алаңның өзге жағының бұрышынан серігіне кері қайтару үшін жиі қолданылады.

Осында баскетбол шеберлерінің меңгерген допты беру тәсілдерінің шамалы ғана бөлігін ұсынып отырмыз. Сондықтан баскетболшының техникалық қоры әр түрлі болған сайын, ол алаңда ойынды жеңіл жүргізе алады. Сол себепті допты берудің жаңа түрлерін меңгеруге ұмтылған оқушылар талпынысын үнемі қолдап, мадақтап отырған жөн.

*Допты беруге үйренуде мынандай реттілікті пайдалануды ұсынамыз:* орнында тұрып допты беру және ұстау;

бұл да сондай, тек допты беру кезінде дененің салмағын алда тұрған аяққа түсіру және допты ұстау кезінде артқы аяққа ауыстыру;

орнында тұрып беру;

бұл да сондай, тек доп беруді орындау кезінде алға және қапталға қадам жасау, алға аттап және артқа аттап допты ұстау;

допты бергеннен кейін ойыншының солай қарай қозғалуы;

допты бергеннен кейін ойыншының қарама-қарсы жаққа, сосын өзге бағыттарға қозғалуы;

бір орында тұрған ойыншының өзіне тіке қарсы келе жатқан серігіне доп беруі;

бұлда сондай, тек қиғаш келе жатқан серігіне беру;

тура, қиғаш қозғалып келе жатқан серіктес ойыншылардың бір-біріне допты беруі;

қатар жүріп келе жатқан ойыншылардың бір-біріне доп беруі;

қозғалыста допты беру - бастапқыда қарсылықсыз, сонан соң баяу және кейінірек белсенді қарсы әрекетпен.

бұл да сондай, тек ойын жағдайы мен жарыста (бекіту). Осы дағдыларды ойыншылар бекіндіргеннен кейін допты берудің үйренген тәсілдерінің әрқайсысынан бақылау сынақтарын алған дұрыс.

Қорыта келе, дұрыс ұйымдастырылған ойын тәсілдері ойыншыға қажетті күш, жылдамдық, ептілік, төзімділік т.б. қасиет-қабілеттерінің қалыптасуына белсенді түрде әсер етеді. Ол көпжылдық оқу-жаттығу жұмыстарының нәтижесі. Ал спорттық жаттықтырудың негізгі мақсаты «жоғарғы спорттық нәтижелерге жету арқылы спортшының рухани және денелік қабілеттерін дамыту, спорттық іс-әрекетті тұлғаның үйлесімді қалыптасуы мен қоғамның мүддесіне сәйкес тәрбилеу факторы ретінде пайдалану».

#### Әдебиеттер

1. Бондарь А.И. Обучение технике передачи в баскетболе: Учебное пособие.-М.: ЛГИФК им. Лесгафта, 1985.

2. И.Т.Горбашев. Баскетбол в вузе. Оқу құралы. - Алма-Ата: КИФК. 1992. -186 б.

3. Совершенствование техники броска в баскетболе: Методические рекомендации. - М: ГЦОЛИФК, 1990.

4. Божиг Ж. Мектептегі баскетболдың теориялық және әдістемелік негіздері, Қарағанды, 2011.

5. И.А.Горбашев., Г.Р.Амренова. Подбор упражнения для совершенствования скоростно-силовой подготовленности баскетболистов: Әдістемелік құрал. -Алматы, 1994. -42 б. /Қазақ дене мәдениеті институты/.

ӘОЖ

## ВОЛЕЙБОЛШЫНЫҢ ЖАТТЫҒУ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН ИГЕРУДЕГІ ПРИНЦИПТЕРДІҢ МАҢЫЗЫ

Тұрысқұлов Өмірәлі Жүсіпұлы п.ғ.к., доцент

Балабеков Темирхан Туреханович магистрант

Жұматаев Ордабек Қанатұлы магистр оқытушы

ОҚМПУ Шымкент қ.

*Резюме*

*В статье рассматриваются важность принципов в методах подготовки волейболистов.*

*Summary*

*The article discusses the importance of principles in the methods of training volleyball players.*



Қазіргі қоғамда спорт маңызды орын алады, егер спортты ХХІ ғасырдың феноменіне айналды десек, бұл баға спорттық ойындарға қатысты, себебі олар спорттың ең жақсы (көңілді көтеретін) түрі болып отыр.

Ойынның әлеуметтік қызметі еңбекке дайындау болып табылады. Өмірдің шындық жағдайларын бейнелейтін ойындардан тұлғаның еңбекқорлығын анықтайтын қасиеттері көрінеді. Бірақ ойын процессінде материалдық қажеттіліктері өтеліп, шығармашылық қабілеттер көп көрінеді. Сондықтан да ойындар адамға оның психикасы мен дене іс-әрекетінің жетілдіруге бағытталады. Осы аталған ерекшеліктер ойын мен еңбек арасындағы тығыз байланыс пен өзара әсерді көрсетеді. Осыдан жеке адамның сондай-ақ, тұтас қоғамның дамуын қамтамасыз ететін ойынның әлеуметтік қызметінен көрінеді.

Мәдени өмір мен өнердегі көптеген бағыттар осы ойындардан шыққанын атап көрсету орынды, себебі, ойындарда адамның өзін-өзі шығармашылықпен таныту қабілеті қалыптасады, қиял мен сезім, ғылым мен техникадағы тапқырлық ойындарда да дамиды.

Ойындардың ең маңызды әсер ету саласы деп, ойын үстіндегі әлеуметтік интеграцияны атау керек. Бұл тұрғыдан спорттық ойындар ортақ мақсатқа жету үшін іс-әрекетті бірігіп ұйымдастырудың әлеуметтік түрі ретінде өте маңызды. Ойнаушылардың әрбір ұжымы өзара міндет бөліскен, ұйымдасқан мүшелердің шағын жүйесі болып табылады.

Ойын әдісі - бұл ойында табысты қатысу үшін волейболшыға қажетті арнайы әдістер кешені. Өзінің дамуының әрбір кезеңінде ол ойыншыға ереже шеңберінде әртүрлі ойын жағдайларында нақты тактикалық мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін спорттық күресті жүргізу құралы болып табылады. Өзгермелі ойын жағдайларында табысқа қол жеткізу үшін волейболшы техникалық әдістер мен тәсілдердің кең ауқымын меңгеру қажет, оларды ойында тиімді қолдану қажет- бұл "спортшының техникалық шеберлігі" түсінігімен анықталады [1]. Жоғарғы әдістік шеберліктің критерийлері мыналар болып табылады:

-волейболшы орындай алатын техникалық әдістердің кең шеңберімен анықталатын әржақтылық;

-ойын қызметінің нақты жағдайларында өз мүмкіндіктерін пайдалана білуге негізделген техникалық әдістердің жоғарғы нәтижелілік деңгейі ретіндегі тиімділік;

-әртүрлі толқушы факторлар іс-әрекетіне әдіс тұрақтылығымен сипатталатын тұрақтылық;

Ойыншының техникалық шеберлік деңгейі көп жағдайда ойынды жүргізудің тактикалық схемасын және бүтіндей команда ойынының табысын анықтайды. Волейболдың даму процесінде техникалық әдістер мен тәсілдердің орындалуы, сондай-ақ оларды бағалау критерийлері өзгерді және төмендегілерге тәуелді жетілдірілді:

-қорғаныс пен шабуылдың даму деңгейінің ара қатынасы;

- ойыншылардың физикалық дайындық деңгейі;
- ойынды жүргізудің және қорғаныс пен шабуылда тиімді тәсілдік схемаларды құрудың жаңа концепцияларын жасау;
- ойын ережесінің өзгеруі;

Сонымен, ойыншылардың физикалық дайындық деңгейінің жоғарлауы және шабуылда ойынды ұйымдастыруға жаңа жағдайлардың қалыптасуы ойынның жетілдірілуіне, төменгі жедел допты өткізуден шабуылшы соққыларды кең пайдалануға алып келді. Өз кезегінде мұндай соққылардың қолданылуы допты соғу және сермегенде ойыншының қозғалыс амплитудасының қысқаруын, жедел және жылдамдатылған допты бір-біріне өткізуді қолданудың диапазонын кеңейтуді талап етті. Команданың шабуылдаушы потенциалының, шабуыл жасау белсенділігінің жоғарлауы ойын ережесінің өзгеруіне ықпал етті, бұл команданың қорғаныс әрекеттерін нығайтуға әсер етті. Алдыңғы қатарлы тәжірибе мен ғылыми ізденістің ынтымақтастығы қорғаныс пен шабуыл техникасын одан әрі жетілдірудің жаңа жолдарының пайда болуы үшін алғышарттар құрады.

Волейболшыларды дайындау жүйесі жоғарғы спорттық нәтижелерге қол жеткізуді көздейтін факторлардың бірыңғай кешенін көрсетеді. Бұл кешенге келесі өзара байланысты компоненттер кіреді: көп жылдық дайындық мақсаттары мен міндеттері, көп жылдық дайындықтың бүкіл кезеңіне спортшылардың топтық-индивидуальдық мінездемелері, көп жылдық дайындық кезеңдері бойынша белгілі бір кезеңге педагогикалық іс-әрекеттер кешені, көп жылдық жаттықтыру процесінің бағдарламалануы және оның тиімділігін бағалау үшін нормативтер кешені, жарыстардың бағдарламалануы, қалпына келтіру-профилактикалық шаралар, дайындықтың материалды-техникалық жарақтануы, жаттықтырушылардың квалификациясын жоғарылату, спортшының жеке қасиетін қалыптастыру.

Спорттық жаттықтыру спортшыларды дайындаудың барлық құрамдас бөліктері бойынша міндеттер табысты шешілген жағдайда ғана тиімді болады. Спортшыны жаттықтыру – бұл мақсаты техникалық тәсілдерге үйрету мен оларды жетілдіру, физикалық, моральдық және ерікті қасиеттерді дамыту, жоғарғы спорттық нәтижелерге қол жеткізу болып табылатын педагогикалық процесс [2].

Жаттықтыруда үш негізгі жағдайды бөліп көрсетуге болады: бағдарламалау, құралдар мен тәсілдер, кешенді бақылау.

Көпжылдық жаттықтыру процесін бағдарламалау көздейді:

- ойын тәсілдерінің көлемі мен әдіс-тәсілдік мазмұнының анықталуы;
- ойын тәсілдері мен тактикалық іс-қимылдарды үйретудің кезектілігін белгілеу;
- волейболшылардың жарыстық іс-қимылының бүтіндей сипатын есепке ала отырып, жаттығулар компоненттерінің өзара байланысты жүйелерінің анықталуы;

-көпжылдық аспектіде дайындық түрлеріне уақыт арақатынасының белгіленуі (спорттық резервтер және жоғарғы разрядты командалар).

Волейболшылардың табысты дайындығы үшін спортшылардың жасы мен дайындығына сәйкес келетін физикалық сапаны дамыту, тиімді әдіс пен тәсілді үйрету, ойын функцияларын және жеке қабілеттіліктерді есепке ала отырып, ойын дағдыларын жетілдіру, психологиялық дайындықты жетілдіру, жылдық, апталық циклдағы жаттығушылық жүктеменің құрылымы мен динамикасының тиімді құралдары мен тәсілдерін анықтау маңызды. Кешенді бақылау жаттығу процесінің сапасын бағалау, бағдарламаны түзету және жаттығушылық іс-әрекет жүйесін бағалау үшін ақпарат алуға әрдайым мүмкіндік береді.

Оған қосылады:

-бағалау нормативтері;

-марфологиялық белгілері мен функционалдық жағдайы бойынша талаптар;

-физикалық, техникалық, тактикалық және интегралдық дайындық бойынша нормативтер;

-арнайы білім деңгейі бойынша талаптар;

-көпжылдық дайындық кезеңдері мен жекелеген жылдық циклдардың аяқталуындағы талаптар кешені;

- спортшыларды көп жылдық дайындық бағдарламасы мен міндеттерімен тығыз байланысты бірыңғай бүкілодақтық спорттық сынаптама талаптары.

Бағдарламалау, құралдар мен тәсілдер, кешенді бақылау жаттығудың барлық компоненттерін қамтиды: әдістік, тәсілдік, физикалық, теориялық, психологиялық, интегралдық дайындық.

Волейболшылардың жаттығуы – спорттық жаттықтырудың барлық жүйесі сияқты белгілі бір принциптер мен заңдылықтарға және ең бірінші кезекте дене тәрбиесінің методикалық принциптері мен спорттық жаттықтыру заңдылықтарына бағынатын және жоғарғы спорттық нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған педагогикалық процесс [3].

Спорттық жаттықтырудың методикалық принциптері келесілер: белсенділік, жүйелілік, көрнекілік, индивидуальдылық, прогрессивтілік.

Саналылық пен белсенділік принципі оқуға белсенді және қарым-қатынасты, жаттықтырудың мақсатын, міндеттерін, зерттелінетін материалдық құралдары мен тәсілдерін терең түсінуді көздейді.

Волейболды үйренуге деген тұрақты көзқарас маңызды роль ойнайды. Физикалық дайындық деңгейін жоғарлатуда теориялық білім, әдіс, тәсілді игеруде танымның ролі үлкен. Әдістік амал немесе тәсілдік іс-әрекетті табысты түсіндіріп, жақсы көрсетуге болады, бірақ олардың мәнін терең түсінбей волейболшы оларды игерудің жоғарғы сапасына ешқашан қол жеткізе алмайды. Әсіресе бұл ойын әдісіне қатысты.

Волейболшы өз іс-әрекетінің нәтижесін білуі тиіс, тапсырманы орындаудың қандай баға алатынын, қай жерде қателік жіберетінін және олардың себебін білуі тиіс. Бұның барлығы белгілі бір қорытынды жасау мен

талдауға, кезекті жерде тапсырманы табысты орындауға көмектеседі. Спортшы ағзада жүретін физиологиялық және психикалық процестерді түсінуі, өзінің жұмысқа қабілеттілігін субъективті және объективті бағалау мен бақылай алуы тиіс. Қорытындысында волейболшылар жаттықтыруда, жарыстарда табысты көрінуге мүмкіндік беретін білім мен тәжірибе қорын алады.

*Жүйелілік принципі* көпжылдық білім процесінде, сондай-ақ жекелеген циклдар ағымында талаптарды арттыру, жаттығулар мен қайталаудың тұрақтылығын көздейді. Жаңа әдістік амалды немесе тәсілдік іс-әрекетті үйрене отырып, міндетті түрде бұрын игерілгендерге сүйену керек. Үйретілетін әдістік амалдар мен тәсілдік іс-әрекеттердің күрделілігін бірте-бірте жеңуге талпыну керек.

Жүйелілік принципі жаттығулардың тұрақтылығын және жүктеме мен демалыстың тиімді кезектесуін көздейді. Жаттығулардың саны аптасына 3-4 тен кем болмауы тиіс, қарама-қарсы жағдайда ойын әдісі мен тәсілін игерудің нәтижелері жөнінде айтуға болмайды. Жүктеме демалыспен кезектесуі тиіс, бұл қалпына келтіру процестерінің заңдылықтарымен талап етіледі. Жаттығулардың максимальды саны мен олардың ұзақтылығын анықтағанда бұл басшылыққа алынады.

Қайталау үлкен роль ойнайды. Қайталаусыз дағдыны қалыптастыруға болмайды. Қайталау процесі дағды икемділігіне қол жеткізу үшін тәсілдер мен іс-әрекеттер орындалатын жаттығулар мен шарттарды түрлендіру керек.

*Көрнекілік принципі* әдіс пен тәсілге үйретудің табыстылығын алдын-ала анықтайды. Үйренудің бастапқы кезеңінде бұл принципті сақтау үйретілетін тәсілдер мен іс-әрекеттер жөнінде дұрыс жағдайды қалыптастыру үшін маңызды. Жетілдіру кезеңінде көрнекілік принципі тәсілдер мен іс-әрекеттерді мұқият талдауға, қатені ашуға және жетілдіру жолын белгілеуге көмектеседі. Қазіргі кезде спортшының қызметі жөнінде оперативтік ақпарат кең тараған (волейболшы үшін бұл секіру биіктігі, допты соғу күші, допты берудің дәлдігі, шабуылшы соққының дәлдігі, допты бір-біріне өткізу және спортшының тактикалық іс-әрекетінің дәлдігі т.б.). Жаттықтырушыға бұл кезде үлкен көмекті әртүрлі приборлар мен арнайы қондырғылар: видеомагнитофондар, киноға түсіруші аппараттар, тақталар, алаң макеті, кинограммалар, өлшеуіш аппараттар көрсетеді. Мұнсыз жоғарғы деңгейде оқу-жаттығу жұмысын жүргізу мүмкін емес [4].

*Индивидуальдылық принципі* барлық тапсырмалардың спортпен айналысушылардың мүмкіндіктеріне, яғни олардың жасына, жынысына, дайындығына және жеке ерекшеліктеріне сәйкес келуінен көрінеді.

Волейболшының шеберлік деңгейіне қойылатын талаптар қазір мынадай, яғни жүйелік көпжылдық дайындықсыз бұл деңгейге қол жеткізу мүмкін емес. Қазіргі кезде көпжылдық дайындық жүйесі келесі жастағы волейболшылардың дайындығын қосады: 7-10 жас (мини-волейбол), 10-18 жас (жасөспірімдік спорттық коллективтер), 18-20 жас (жастар), 28-30 жылға дейін (жоғарғы разрядтағы командалар) [5].

Волейболшыларды ойын әдісіне үйретуде қойылатын негізгі талап-тиімді әдісті игеру. Бұл үшін физикалық дамудың, жоғарғы жүйке қызметінің, еркіндіктің белгілі бір деңгейі қажет. Қарсы жағдайда әдісті игеру қиынға соғады. Бұны болдырмау үшін әрбір тәсіл үшін ерекше тән физикалық қабілеттілікті дамытуға арналған арнайы жаттығулар қолданылады.

Қол жеткізу оқу-жаттығу процесінің жекешелігін көздейді. Бұл жаттықтырушы бір міндетті шешкенде спортпен айналысатындардың ерекшеліктерін есепке ала отырып, құралдар мен тәсілдерді таңдауынан көрінеді. Бастапқы кезеңде әдісті игеру барлығы үшін бірдей жүреді. Оны жетілдіру міндетті түрде айналысатындардың жекелей ерекшеліктерін есепке ала отырып, жүзеге асырылуы тиіс. Тәсілдік дайындықтың алғашқы кезеңі әмбебап болып жүреді, яғни айналысатындардың барлығы тең деңгейде барлығын жасайды. Одан әрі айналысатындардың үйренуіне қарай, олардың жекелей ерекшеліктеріне, бейімділігі мен қабілеттілігіне қарай жаттықтырушы әрқайсысына оның топтағы ойын қызметін анықтайды.

Үдемелілік принципі әдіс пен тәсілдерді берік игеру базасында жүктеме көлемінің ұлғаюы мен интенсивтілігін, тапсырманың күрделену жүйесін көздейді.

Қорыта келе, оқу процесінде физикалық, әдістік, тәсілдік дайындық бойынша тапсырмалар күрделенеді, жаттығулар орындалатын шарттар өзгереді, арнайы қондырғыларды қолданумен жаттығулар енгізіледі. Ол көпжылдық оқу-жаттығу жұмыстарының нәтижесі.

#### Әдебиеттер

1. Ю.Д. Железняк “Юный волейболист”, Учебное пособие для тренеров. Москва. Физкультура и спорт, 1988 год.
2. Ильюшенко КВ., Асарбаев АК. Подготовка. квалифицированных волейболистов: учебник по теории и методике тренировки волейболе. - Алма-Ата: Изд. Мин. Обр.; КахССР, 1989.
3. Фурманов А.Г., Болдырев Д.М. Волейбол. - М.: Физкультура и спорт, 1983
4. Основы волейбола./Сост. О.Чехов. М.: Физкультура и спорт, 1979
5. Андрущишин И.Ф., Ильюшенко К.В. Волейбол: учебник для физкультурных вузов. – Алматы: 1989.

ӘОЖ

### ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Тұрысқұлов Өмірәлі Жүсіпұлы п.ғ.к., доцент

Гайбназаров Махсуджон Октаманович магистрант

Омарова Анар Темурқызы студент

ОҚМПУ Шымкент қ.

*Резюме*

*В статье рассматриваются формирование физической культуры учащихся.*

*Summary*

*The article formation of physical culture of students.*

Ұлы Абай дене күшін, дене мәдениетін қалыптастыру, оның ақыл-ой тәрбиесіне тікелей байланысын көрсете отырып, «тәрбиелеу керек» деп жай ғана сөзбен емес, оны дұрыс жолға қоюды нақты істермен, жолдармен

насихаттау, тәрбиенің өзегін философиялық, психологиялық арнадан іздеу қажеттілігіне тоқталады.

Бұл мәселеде Абай оны халықтың рухани мұрасы, асыл қоймасы халықтық тәлім-тәрбие бесігі – ауыз әдебиетінен, мақал-мәтелдері мен даналықтарынан іздеуді меңзейді. Халқымыз: «Азған денеге ауру үйір», «Қайраты мен ақылы сай жігіттің жолы болар», «Ақылсыз жігіт күшіне сенер», «Қайраты бар кісінің, берекеті бар ісінің, қайраты жоқ кісінің, берекеті жоқ ісінің», «Қайратың барда мал тап», «Денсаулығын ойлаған, жан сарайын таза ұстар», «Әлін білмеген әлек», т.б. деп дене тәрбиесін тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін мақал-мәтелдер арқылы береді [1].

Дене мәдениеті өзінің білім беру және дамыту қызметтерін дене тәрбиесінің мақсатты бағыттағы педагогикалық процесінде барынша толық іске асырады.

Мәдениет дегеніміз - бұл жасампаз адамның шығармашылық еңбегі. Адамның дене және ой-сана қабілетінің дамуы, олардың өнегелік пен әсемдік қасиеттерінің сапасын, мәдени-тарихтың даму негізін және мазмұнын құрайды. Сондықтан, қоғамның материалдық және рухани мәдениеті, мәдениеттің ажырамас, міндетті құрамдас бір бөлігі болып табылады.

Дене мәдениеті, дене жаттығулары мен қимыл-қозғалыстары арқылы, сонымен бірге табиғаттың табиғи күштерін, тазалығын және еңбек тәртібін, тұрмысын, демалысын ескере және тиімді пайдалана отырып, адамдарды өмірге және еңбекке баулып дайындауға бағытталған.

Сонымен оқушыларға жаңа мәліметтерді, ұғымдарды меңгеруге, әр түрлі жай-күй, жағдай, ережелерді сын көзбен қабылдауға, әр түрлі шектес ғылыми пәндердің дене тәрбиесінің мақсаттарын іске асырудағы рөлін бағалауда дұрыс бағыт беріп, олардың жеке педагогикалық шығармашылығының негізін құрайды.

Дене мәдениетінің адам қызметтерінің әртүрлі саласымен күрделі, әрі жан-жақты байланысы, өзінің ой-санасы мен даму заңы, өзара ішкі күрделі байланысы мен өзара тәуелділігі, өзінің әдісі мен тарихы бар.

Адам қоғамының тарихында тіршілік етіп өмір сүрген халықтар мен мемлекеттердің қайсыбірін алсақ та, дене мәдениетінің ең қарапайым түріне болса да, қатысы болған. Дене мәдениетінің даму деңгейі мен оның қалыпты деңгейі қай кезде болғанда да географиялық ортаға, еңбек пен тұрмыстық өмірдің шарттары мен жағдайына, өндірістік күш пен мәдениеттің, әлеуметтік экономикалық және әртүрлі қозғаушы күштердің даму мен жетілу дәрежесіне байланысты болып келген.

Адамның дамуы мен жетілуі барысында дене және рухани күштері, олардың адамгершілік, интеллект құндылықтарымен жүйелі үйлестірілуі жоғары бағаланып келді. Ұлы ойшылдар мен ғалымдар жастардың жан-жақты дамуы қажеттілігін, олардың денені немесе рухани тәрбиелеу беделін бөліп қарамай дененің қандайда бір сапасын басымырақ дамытып қалыптастыру, артық бағалау жеке тұлғаның үйлесімді дамуының бұзылуына әкелетінін терең

түсініп, өз еңбектерінде атап көрсетті. Сонау адам қоғамының қалыптасу кезеңінде қолданысқа енген «мәдениет» термині бір мағыналы емес, яғни «жерді өңдеу», «тәрбиелеу», «дамыту», «қадірлеу» сияқты ұғымдармен тығыз байланыста. Бұл термин қазіргі заманғы қоғамдағы қайта құру қызметі аясында және оның нәтижелері сәйкес келетін құндылықтар, соның ішінде «өзінің жеке жаратылысын қайта құру» түрінде кең аясын қамтиды [2].

Тәрбиенің негізгі мақсаты-дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу. Тәрбиенің мақсаты төңірегіндегі пікірталас ежелгі дәуірдің өзінде-ақ басталған. Ежелгі ойшылдар тәрбиенің мақсаты ізгі, рақымшыл азаматтарды тәрбиелеу деп түсінді. Сократтың түсінігінше, тәрбие заттардың табиғатын зерттеу емес, өз-өзінді тану, аса құлықтылықты жетілдіру. Сократтың шәкірті Платон ақыл-ой және сезімді тәрбиелеуге көп ықылас білдірген [3].

Біздің қоғамымызда дене мәдениеті мен спорт бүкілхалықтық игілікке айналды, ал оны одан әрі дамытып өркендетуге атсалысу - қоғамның әрбір саналы да зерделі азаматтарының міндеті мен құқығы.

Сонымен бірге, дене мәдениеті қызметінде тәжірибенің жинақталуы мен оның кейінгі ұрпаққа таралып отыруы, жаңа әдістердің, амалдар мен тәсілдердің жарыққа шығып пайдаланылып жүзеге асырылуы, адамдардың ақыл-ойына, психологиясына ықпал етілуі үнемі айқын көрінетіні байқалады.

Жеке тұлғаның рухани дамып жетілуі, оның жұмыс уақытындағы қызмет түрінде ғана емес, сол сияқты бос уақытында да анықталады. Адамның мәдени деңгейінің қаншалықты екені оның демалыс уақытының өзін ұтымды, әрі тиімді және толыққанды пайдалана білуінен байқалады. Дене мәдениеті және спорт, әлеуметтік-тұрмыстық және мәдени қызметтер жүйесінде бос уақытты тиімді пайдалануды қамтамасыз етуде маңызды орын алады.

«Дене мәдениеті» деген ұғым жалпы мәдениеттің бір бөлігі. Тұжырымдап айтқанда дене мәдениеті жалпы халық мәдениетінің құрамдас бір бөлігі болып, қоғамның материалдық, рухани құндылықтарының жиынтығын құрап, ол адамдардың дене шынықтыру жүйесін жетілдіру үшін құрылып және оларға қызмет етуі тиіс.


Дене мәдениетінің қызмет ету жүйесі дене тәрбиесі деп аталады. Дене тәрбиесі адамдардың мәдени қызметінің аясы, оларға мәдениет жетістіктерін беру, игеру және жетілдіру түрлері болып саналады.

*Дене тәрбиесі дегеніміз* – жасөспірім, қазіргі ұрпақтың өсіп жетілуіне, олардың денсаулығын нығайтуға, тіршілік үшін маңызды қимыл-әрекеттерін меңгеруіне, ой және дене еңбегімен айналысуына, еңбек етуіне дайындалуға жәрдемдесетін жетілдіруші және түзетуші шаралар жүйесі болып табылады. Сонымен қатар, дене тәрбиесі табандылық, жігерлілік, мақсатқа талпынушылық сияқты қасиеттердің де дамуына жәрдемдеседі.

Спорт – адам психологиясының орнықтылығын, дене қуатының жетілуін қамтамасыз етеді. Спорт қимылының негізгі мақсаты – спорттың бір түрінен

жоғары жетістіктерге жету, сол арқылы адамның қабілет-қарымын, ептілік қасиеттерін қалыптастыру, сайыстық бәсекелестік жағдайындағы адамның қозғалыс мүмкіндіктерін ашуға бағытталған ойындық, жарыстық, шығармашылық қызмет [4].

1-кесте - Дене мәдениеті туралы негізгі ұғымдардың арақатынасы



*Кәсіби-қолданбалы* дене дайындығы белгілі бір кәсіптің талаптарымен ерекшеліктеріне сәйкес іске асырылатын дене тәрбиесінің ерекше мамандандырылған түрі. Кәсіби қызметтің қозғаушы күштерін зерттеумен және оның жағдайлары, адамның дене және қолданбалы дайындығының басқа жақтарының талаптарының басымырақ ескерілуіне байланысты (белгілі бір қозғалыс және психикалық сапаларға, ағзаның сыртқы орта әсеріне қызметтік төзімділігі, қолданбалы біліктілігі, дағдылары және осыларға байланысты білімді меңгеруі).

*Жалпы дене дайындығы* спортшының дене сапаларының, қызметтік мүмкіндіктері мен ағза жүйелерінің жан-жақты дамуын, олардың бұлшық ет қызметі процесінде үйлесімді көрінуін болжайды, яғни, табысты қызмет үшін негізгі алғы шарттарды жасайды, яғни денсаулық жағдайын, дене дамуы деңгейін, ағзаның қызметтік жүйелерінің аэробты және анаэробты қуатының деңгейін, күшін және бұлшық ет төзімділігін және т.б. сияқты дене жұмыс қабілеттілігінің қозғаушы күштері көрінеді.

*Спорттық дайындық* ұғымы қазіргі кезде спортшыны спорттық әдіске және тәсілге оқытып, үйрету және оның дене сапаларын дамыту кіретін жоспарланған педагогикалық жүйе.

*Спорттық жаттығудың* негізгі мақсаты алдын-ала жоспарланған жарыстық іс-әрекеттің және спорттық жарыс нәтижелеріне жетуді қамтамасыз етуге кепілдік беретін белгілі бір спортшы үшін дайындық деңгейінің барынша



жоғары мүмкіндігінше жетуге бағытталған спорттық сайыстарға дайындалу болып табылады.

*Дене мәдениеті* - дене дамуы, сауықтыру және адамдар тәрбиесі аясында басымырақ өткенді меңгеру және жаңа құндылықтарды жасау бойынша шығармашылық қызмет болып табылатын қоғамның жалпы мәдениетінің бір бөлігі.

Дене мәдениетінің құндылықтары - әлеуметтік және кәсіби бағдарланған, сол сияқты жеке тұлғаның міндеттерін шешуге бағытталған дене мәдениетінің іс жүзіндегі маңызды негізі.

Дене жетілдірілуі - адамға дене мәдениетінің ерекше әсер етуінің барынша көрінуі.

Денені тәрбиелеу - спецификасы адамның дене сапаларын дамыту және жетілдірілуін басқару, сол сияқты қозғалыс әрекеттерін үйретумен қорытындыланатын тәрбие үрдісінің түрі [5].

Қорыта айтсақ, *тұлғаның дене мәдениетін қалыптастыру* мақсаты- оқушы дене тәрбиесін жетілдіру үшін ғана емес, қоғамдағы тәрбиенің кешеніне сәйкес (адамгершілік, эстетикалық, еңбек, ақыл-ой тәрбие түрлерімен қатар) жоғары деңгейдегі жалпы дене тәрбиесі жүйесінің мақсаты құрайды.

Ал *тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз ету мақсаты* - тәрбие жұмысының жалпы бағыты ретінде қоғамдағы тәрбие жүйесінің ортақ мақсаты болып табылады.

Біздің пікірімізше, дене тәрбиесінің негізгі мақсаты – қоғамдағы кешенді тәрбие процесінің бөлігі ретінде, адамгершілік, рухани, ақыл-ой, еңбек т.б. тәрбие бағыттарымен бірге тұлғаны дамыту. Аталған мақсат пен бекітілген оқу бағдарламаларына сәйкес мектептегі дене тәрбиесі міндеттері төмендегідей:

- оқушылардың дене мәдениеті саласындағы ғылыми-жаратылыстану дүниетанымын қалыптастыру;
- еңбек ету қабілеті мен денсаулықты нығайту, спорттық жаттығуды ұйымдастыруға қажетті әдістемелік-нұсқаулық білікті қалыптастыру;
- дене жаттығулары арқылы адам ағзасы мүмкіндіктерін кеңейту;
- түрлі қозғалыста білік және дағдылар негізінде оқушылардың дене тәрбиесін байыту;
- қалыпты дене дамуы арқылы денсаулықты нығайту;
- адамгершілік ерік-жігер сапасын арттыру, тұлғаның жеке қасиеттері мен психологиялық процестерді жетілдіру;
- дене жаттығулары мен жүйелі айналысуды қалыптастыру, олардың денсаулыққа пайдасы мен нәтижелі өмір әрекетіне тигізер ықпалын сезіндіру.

Дене тәрбиесі міндеттері осымен шектелмейді. Аталған жалпы міндеттер негізінде оқу, қалыптан тыс, мектептен тыс және кәсіби-қолданбалы дене тәрбиесі саласында арнайы міндеттер қойылады.

Жалпы орта мектептерде оқушылардың дене мәдениетін қалыптастыру үшін мынадай іс-әрекеттер атқарылады:

- денсаулықты нығайту, қалыпты денені шынықтыруды дамыту;

- өмірлік мәнді қозғалыс қабілеттері мен дағдыларын қалыптастыру;
- қозғалыс қабілеттерін дамыту және үйлестіру;
- дене мәдениеті және спорт саласында қажетті білімдерді игеру;
- денені шынықтыру жаттығуларымен өз бетінше шұғылдануға қажетті қабілетті үйрету, тәрбиелеу, денсаулықты нығайту, жұмыс қабілеттерін арттыру;
- адамгершілік және ерік-жігер қасиеттерін тәрбиелеу, психикалық үдерістер мен жеке тұлғаның қасиеттерін дамыту.

Сонымен қатар, дене тәрбиесі жүйесінің жалпы міндеттеріне сәйкес тек төменгі сынып оқушы үшін (бастауыш дене тәрбиесі білімі), орта мектеп жасындағы оқушы үшін (негізгі) және жоғары сынып оқушысы үшін (жалпы орта дене тәрбиесі білімі) жас ерекшеліктері мен дене дамуына сәйкес арнайы жекеленген міндеттер белгіленеді. Одан әрі міндеттер оқу жылына, оқу мақсаты мен сабақтар жүйесіне сәйкес тақырыптарға біріктіру арқылы әр сабақтың өзіндік міндеттері айқындалады. Яғни, дене тәрбиесі жүйесінің негізгі мақсаттары бірнеше ондаған және жүздеген санқырлы және деңгейлі міндеттерден құралады.

#### **Әдебиеттер**

1. Лукьяненко В.П. Физическая культура: основы знаний. – М., 2005.- 224с.
2. Физическом воспитании. – М.: Физкультура и спорт, 2000. – 244с.
3. Визитей Н.Н. Физическая культура личности. – Кишенев, 1989. – 200с.
4. Ұ.Б. Мұхамеджанова «Дене тәрбиесі пәнінің әдістемесі» Астана 2004ж
5. Оразов Ш.Б. Дене тәрбиесі сабағында оқушылардың дене мүмкіндіктерін дамыту. //Оқу- құрал. – Түркістан, 2005. – 70 б.

ОӘЖ

### **ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК -МӘДЕНИ ҚҰЗЫРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БЕЛСЕНДІЛІГІ**

**Кульбаев Сейтбек Қашымұлы** п.ғ.к., доцент  
**Изабаева Жазира Нургалиевна** магистрант  
**Санау Мейірман Еркінұлы** магистрант  
 ОҚМПУ Шымкент қ.

*Резюме*

*В статье рассматриваются активность формирования социокультурной компетентности студентов физической культуры.*

*Summary*

*The article deals with the activity of formation of socio-cultural competence of students of physical culture.*

Еліміздің қоғамдық - экономикалық өміріндегі елеулі өзгерістерге байланысты саяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени, рухани жағдайлар жастарды тәрбиелеу проблемасын дұрыс бағытта ойластыруды талап етуде. Әсіресе, әлемдік деңгейде әлеуметтік-мәдени проблемаларының шиеленісіп отырған шағында адамның адамға қатынасын ізгілендіру, оны жоғары мәдениеттілік деңгейіне көтеру қажеттілігі байқалып келеді.

Білім беру мен тәрбие мақсатын көздеген осындай мемлекеттік құжаттар аясында мәдени, рухани жаңару мәселесі ерекше маңызға ие бола бастады. Сондықтан жоғары оқу орындарында дене тәрбиесі болашақ мамандарының кәсіби даярлығын жетілдіруде олардың әлеуметтік-мәдени құзырлығын қалыптастыру мақсатында оқу-тәрбие үрдісінің мазмұнын жаңғырту қажеттілігі айқындалып отыр. Осы орайда, әлеуметтік-мәдени құзырлығының проблемаларын зерттеу әлеуметтік және мәдени дағдарыспен бірдей көтеріліп отырған өзекті мәселелердің бірі екені белгілі.

Жалпы, дене тәрбиесі мұғалімдерінің әлеуметтік-мәдени құзырлығын қалыптастыру мәселесі “әлеуметтік-мәдени құзырлығы” ұғымының бірлігі мен ерекшеліктерін қарастырумен тығыз байланысты. Болашақ мұғалімдердің әлеуметтік-мәдени құзырлығын қалыптастыру және дамыту үшін оның ғылыми әдебиеттерде қайнар көздерін, негізгі тұғырларын анықтау қажет екені байқалды.

Болашақ мұғалімдердің әлеуметтік-мәдени құзырлығын қалыптастыруның негізгі жолы-тұлғаны дамыту, тәрбиелеу, қалыптастыруда оның қоршаған дүниені қабылдауы, меңгеруі және табиғи, әрекеттік, әлеуметтік қатынасы [1].

Адамға қартайған шағында зейнеткерлік өмірге, қартайғандыққа байланысты туындаған жағдайларға бейімделуге, кейбір іс-әрекеттерге дағдылануға тура келеді. Яғни әлеуметтену процесі үздіксіз жүре береді. Әлеуметтену ұғымы мен қатар әлеуметтендіру деген ұғым бар. Әлеуметтену- бұл үйрену, білім алу, тәрбие алу, меңгеру, бейімделу болса, әлеуметтендіру- бұл үйрету, білім беру, тәрбиелеу, меңгерту, бейімдеу болады. Жоғарыда айтқанымыздай алғашында ата-анасы, содан соң мұғалімдер, достар, жұмыс ұжымы, т.б. әлеуметтендіреді.

Адам әлеуметтену процесін өту арқылы қоғамдағы тәжірибені, құнды бағалы нысандарды, бағыттарды өз бойына сіңіріп, меңгеріп өмірде қолданады. Сөйтіп қоғамды одан әрі жетілдіріп, дамыта отырып өзі жаңа сапа, қасиетке, тұлғалыққа ие болады.

Әлеуметтендірудің нақтылы жолдары болады. Олар:

- а) іс әрекет, қызмет, бұған ойын, оқу, еңбек ету жатады.
- ә) қарым-қатынас, бұл- адамдардың бір бірімен ұдайы, үздіксіз алуан түрлі қатынастарда болуын талап етеді.
- б) өзіндік сана-сезімді дамыту, бұған ми және жүректің өз бетінше қызымет етуі жатады.

«Мәдениет» ұғымы (латын тілінен *cultura* – өңдеу, өсіру, тәрбиелеу, білім беру, дамыту, жетілдіру) барлық адамзаттың ақыл-ойы, күш-жігерімен пайда болатын рухани өсуін білдіреді. Ғылым, техника, өнер, әдебиет, қоғамдық даму т.б. да осыған жатады. Мәдениет тасымалдаушылары ішінде белсенді тұлға педагог болып табылады. Бұл жағдай оларға өзін-өзі жетілдіруге үнемі ұмтылысын көрсететін, тәжірибелік іс-әрекет үрдісінде педагогикалық

мәдениет негіздері бойынша белгілі бір талаптар жүйесін меңгеруін айқындайды [2].

В.С.Библер пікіріне сүйенсек, жалпы мәдениет дүниетанудың жалпы заңдылықтарына сүйене отырып, адам қызметінің барлық салаларында байқалады, ал кәсіби мәдениет тұлғаның белгілі бір салада іс-әрекетін жаңарту қабілеті мен таным ретінде қарастырылады [3].

Сонымен, жалпы мәдениет білімділіктің жоғары деңгейі ғана емес, сонымен қатар адамның рухани күш-жігерінің жан-жақты дамуы, белсенді ұстаным мен тұлғаның өзін-өзі және қоршаған ортаны жаңғыртуға бейімділігі, яғни іс-әрекет барысында кешенді жүзеге асырылатын қабілеттерден тұрады.

Бүгінгі оқу орнын бітіргелі отырған жас маман мемлекетіміздің кадр саясатындағы мақсаттарына сайма-сай болып шығуы қажет, яғни олар еліміздің әлеуметтік экономикалық жоғарғы қарқынмен дамуын қамтамасыз етуге қабілетті, интеллектуалдық ойлау белсенділігі жоғары тұлға тәрбиелейтіндей кадр болып шығуы бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі.

Дәстүрлі білім беру жүйесінде мамандықтар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты - мамандықты игерту ғана болған болса, ал қазір әлемдік білім кеңістігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну негізгі мақсат болып отырғаны баршамызға аян.

“Құзыр”, “құзырлылық” және “құзырлы” түсініктері бұрынырақта тұрмыста, әдебиеттерде кеңінен пайдаланылды, сөздіктерде түсіндірмелері берілді. Мысалы, әдебиеттерде “құзырлы (лат. *competens, competentis* қабілетті) – анықталған аймақта жетекші, білуші; өз білімі деңгейінде бір нәрсені шешу немесе талқылау статусы бар” деп анықтама берілген.

Қазіргі кезде құзырлар/құзырлылықтар негізінде жоғары білім берудің мемлекеттік стандарттары мен оқытушыларды аттестациялау процедураларының мазмұнын өзгерту бойынша жұмыстар кең тұрғыда жалғастырылуда. Осы бағытта жоғары білім берудің дене шынықтыру және спорт мамандығына арналған мемлекеттік стандартының мәтінінде білім беру құзырлары болатын негізгі жағдайлар белгіленген [4].

Білім бағдарламасының мақсаты Қазақстан Республикасы дене шынықтыру және спорт саласында креативті ойлайтын, үнемі спорттық-педагогикалық, арнайы және кәсіби маңызды білім, дағды мен қабілетті жетілдіретін, еңбек нарығында тұрақты орын иеленуді қамтамасыз етуді түсінетін қоғамның жаңа формациядағы маман қажеттілігінен тұрады.

Білімгерлердің ұтымды өзін-өзі іске асыруға қабілеттерін қалыптастыру мақсатында білім беру нәтижелерін бағалау кредиттік оқыту технологиялары стандарттарына сай білімгердің өздік жұмысын ұйымдастыруымен, білімгерлердің оқыту траекториясын тандауымен қамтылады.

Құзіреттілік амал – бұл білім беру мақсаттарын анықтайтын білімгердің әлеуметтік ортаға нәтижелі бейімделуін, өзін-өзі көрсете білуін, өзін-өзі

талдауын, өзін-өзі тұрғызуын есепке алып, жалпы тәсілдердің жиынтығы, білім беру мазмұның тандауы, білім беру үдерісінің ұйымдастыруы және білім беру нәтижелерін бағалауы.

5B010800 «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасының түлектері әртүрлі оқу түрін қосатын (күндізгі, қашықтықтан, ЕЖБ ҚБТ, КК ҚБТ) оқыту жылдары бойы мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының жалпы білім алу талаптарына сай меңгерген:

-кең көзқарастағы және ойлау мәдениеті бар жоғары білімді тұлғаның қалыптасуына көмектесетін жаратылыстану-ғылыми, әлеуметтік-гуманитарлық және экономикалық пәндер бойынша базалық білімдерді;

- дене шынықтыру және спорт саласында міндеттерді құрастыруға және практикалық түрде шешуге, кәсіби қызмет саласында ақпараттық технологияларды қолдануға, орта және орта-кәсіби оқу орындарында сабақ беруге үйренген, зерттеу және өндірістік қызметтерін ұтымды іске асырып отыр, кәсіби қызметтеріне және оқуын магистратурада жалғастыру үшін қажет өзіне өзі білім беруі, өзін-өзі тәрбиелеуі, өзін-өзі тануы және т.б. арқылы жаңа білімдер алады.

Әлеуметтік – этикалық құзіреттер саласында:

- этикалық және рухани құндылықтары, тұлғаға әлеуметтік жағынан жақындауы, әлеуметтік тәртіптің негізгі заңдылықтары мен реттеу формасы, билік негізі және саяси өмір, саяси қатынастар мен үдерістер, қоғам және әртүрлі әлеуметтік топтар өміріндегі саяси жүйелердің ролі, адамдардың тәртібі, қатынасы және қызметіндегі сана мен өзіндік сана ролі, тұлғаның қалыптасуы және өсуі туралы түсінігі бар;

- өркениеттің дамуындағы ғылымның ролін, ғылым мен техниканың арақатынасын, психиканың негізгі механизмдерін, тұлғаның қалыптасуындағы табиғи және жасанды факторлар, адамзаттың тіршілік әрекетіндегі мәдениеттің ролін, адамзат тұлғасының қалыптасуында және маманды дайындаудағы дене шынықтырудың ролін түсінуі;

- қоғамдық пікірге, дәстүрге, әдеп-ғұрыпқа, қоғамдық нормаларға негізделген әлеуметтік-этикалық құндылықтарды біліп, кәсіби қызметінде оларға сүйенеді; Қазақстан халықтарының дәстүрлері мен мәдениетін, адам мен адамзаттың құқықтары мен бостандықтарын, Қазақстан республикасының заңнамасының және құқықтық жүйесінің негіздерін, қоғамның әлеуметтік даму тенденцияларын, дене шынықтыру негіздерін және адамның салауатты өмір сүру қағидаларын біледі;

- әртүрлі әлеуметтік жағдайларда өз орның таба алады; өткен тарихқа құндылық көзқарасты білдіруге қатысты мәселелер бойынша өз пікірін білдіріп, тұжырымдай алады; келісім таба алады, өз пікірін ұжым көзқарасымен байланыстыра алады;

- этикалық және құқықтық тәртіп нормаларына ие; алу, даму, жетілдіру және психофизиологиялық қабілеттер мен сапаларды белсендіруге қамтитын практикалық білім мен дағдылар жүйесіне ие; денсаулықты қалыптастыруға,

сақтауға және бекітуге, командада жұмыс істеу қабілетіне ие, өз көзқарасын мейірімді қорғауға, жаңа шешімдер ұсынуға ие;

- басқа ілем халықтарының дәстүрлері мен мәдениетіне толерантты;
- тұлғалық және кәсіби өсуге ұмтылған [5].

Құзырлылық – жұмыскердің өз білімі, біліктілігі және дағдылары негізінде нақты кәсіп аясында жоғары сапалы және мөлшерлік еңбек нәтижелеріне жету үшін нақты жұмыс түрлерін білікті атқара алу қабілеті.

Біліктілік – адамның қандай да бір кәсіби- еңбек қызметін орындауға деген дайындық деңгейі немесе біліктілік – кәсіпті меңгеру деңгейі. Біліктілік мінездемесі – қандай да бір біліктілік деңгейі бар нақты бір кәсіп маманы оны игеруге қажет білім, білік және дағдыларға қойылған талаптар тізімі белгіленген мемлекеттік құжат.

Мұғалім құзырлығы жоғары, әлеуметтік тұрғыдан жетілген, әдіс-тәсілдерді меңгерген, шығармашылықпен жұмыс істейтін, өзін-өзі кәсіби жетілдіруге ұмтылған маман. Мұғалім мамандығы, зиялылар ішіндегі көп топтасқан мамандықтардың ірі тобына жатады. Білім беру жүйесінде педагогтар мемлекеттік қызметкерлер болып табылады. Педагог өз мамандығының сапасын, біліктілігін арттыруды психологиялық тұрғыдан қамтамасыз етуі үлкен рөл атқарады. Педагогтың іс-әрекеті көбінде оның кәсіби шеберлігінің кеңістігіне қатысты, педагогикалық қарым-қатынас механизмдеріне, білімгерлердің психологиялық ерекшеліктерінің табиғатына да байланысты. Педагогикалық іс-әрекеттің дамуының жоғары деңгейі мынада – педагог өзін-өзі дамыту механизмдерін қалыптастыруға мақсат қояды және оқушыларға (болашақ мұғалімдерге) өз қабілет-қарымы бойынша даму бағыттарын ұштайды.

Әлеуметтік-мәдени іс-әрекет - адамның ерекше іс-әрекеті ретінде өз мәні бойынша шығармашылық іс-әрекет болып табылады. Адам өз іс-әрекетінің тарихи сипатының арқасында ғана бар мәдениетті меңгерумен шектелмейді, мәдениетті де, оны құрушы ретінде өзін-өзі де өзгертетін, дамытатын, жетілдіретін жасаушы тұлға болып табылады.

Сөйтіп, жоғарыда баяндалған мәселені жалпылай келе, мынадай тұжырымдарды жасауға болады: біріншіден, әлеуметтік-мәдени мәнін ашу көп аспектілі тәсіл негізінде мүмкін болады; екіншіден, мәдениет - әлеуметтік тәжірибені сақтау мен жеткізудің әмбебап құралы болып табылады; үшіншіден, мәдениеттің мәнін анықтауға орай, жеке тұлға мәдениетін, кәсіптік және педагогикалық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру үшін әдіснамалық негіз ретінде қабылдауға болады деп есептейміз.

Қорыта келе, әлеуметтік-мәдени негізінде терең психологиялық-педагогикалық танымдар, әр бағыттағы білімділік, үнемі педагогикалық ойды жетілдіру, жұмыс нәтижесіне іштей қанағаттанушылық, өзіндік сыншылдық, жүйелі кәсіптік әрекетке ұмтылыс (оқытуға, тәрбиелеуге, дамытуға), мәжбүрлеусіз оқу-тәрбие ісіне толық берілу жатады да, ал ішкі қажеттіліктерге

назар аударсақ, өзіндік еркіндік; рухани байлық, ұнамды тазалық, педагогикалық этика, шығармашылық, жаңашылдық, ізденімпаздық жатады.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Қазіргі кезеңдегі педагогтардың кәсіби құзіреттілігі: проблемалары және даму болашағы. Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 16 қазан 2009ж. Б.403-420.

2. Б.А. Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе // Алматы. 2005, 174-бет

3. Ниязова Г. Студенттердің кәсіби құзырлығын қалыптастыру құралдары. Професионал Казахстана, №12(79). Алматы, 2009.—Б.34-37.

4. Уанбаев Е.К., Уанбаева Ф.Ж. Дене тәрбиесі және спорттың теориясы мен әдістемесі. - Өскемен: ШҚМУ баспасы, 2006. – 270 б.

5. Белицкая, Г. Э. Социальная компетенция личности//Сознание личности в кризисном обществе / Г. Э. Белицкая, М.: Научный мир, 1995. 170 с.

ӘОЖ

## **ФУТБОЛШЫЛАРДЫ ОҚЫТУ-ЖАТТЫҒУ ПРОЦЕСІНДЕ СПОРТТЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫНДАҒЫ ТАЛАПТАР**

**Тұрысқұлов Өмірәлі Жүсіпұлы** п.ғ.к., доцент

**Мырзақұл Мейірбек Батырбекұлы** магистрант

**Мәуіз Мерей** студент ОҚМПУ Шымкент қ.

*Резюме*

*В статье рассматриваются требования к спортивной подготовке футболистов в учебно-тренировочном процессе.*

*Summary*

*The article discusses the requirements for the sports training of football players in the training process.*

Футбол ойынының мақсаты екі коллективтің арасындағы бәсекелесте екеуінің де мақсаты бір ғана – жеңіс. Жеңіске деген ұмтылыс футболшыларды коллективтік әрекетке, өзара көмекке, достық және жолдастық сезімді тәрбиелейді. Футбол ойыны кезінде әрбір ойыншы өзінің жеке іс – қабілетін көрсете білуге, мүмкіндік ала отырып, сонымен бірге жеке ұмтылысты жалпы командалық мақсатқа жетуді талап етеді.

Футболдан оқу жаттығу және жарыстар жыл бойы өтетін болғандықтан, климаттық және метрологиялық жағдайлардың жиі өзгеріп отыруы, дененің шынығуына ағзаның қарсы тұруын көтеріп және бейімделу мүмкіншілігін кеңейтуге септігін тигізеді.

Спорттың басқа түрінен өткізілетін жаттығуларда, көбінесе қосымша спорт түрі ретінде футбол ойынын қолданылады. Бұл дегеніміз футбол дененің дамуына ерекше әсер етеді, тандаған спорт түрі бойынша жақсы дайындыққа септігін тигізеді. Футбол ойыны жалпы дене дайындығының жақсы бір құрал болып қызмет атқарады. Әртүрлі бағытты өзгертіп жүгіру, түрлі секіру, құрылымы жағынан әртүрлі сипаттағы дененің қозғалысы, допты алып жүру, қозғалыс жылдамдығы, ерік сапасының дамуы, тактикалық ой – осының барлығы жиылып көптеген бағалы сапаларды жетілдіреді.

Олимпиадалық ойындардың қатарындағы футбол ойыны бойынша Қазақстан футболшыларының дене-күш, техникалық және тактикалық дайындығын жетілдіру, жаттықтыру әдістемесіндегі әлі пайдаланылмаған қордағы жаңа мүмкіндіктерді іздестірумен тығыз байланысты. Сондай мүмкіндіктердің бірі болып футболшылар ағзасының оқу-жаттығу жүктемесіне жеке бейімделуі [1].

Спорттық дайындықтың барлық процесін оқыту және жаттығу деп бөлуге болады. Оқыту деп – шұғылданушылардың қозғалыс пен дағдылардың арнайы білім беру жүйесінің бастапқы кезеңін меңгеруін атаймыз. Ойынның техникалық элементтерін, жекелей немесе топтық тактикалық іс-әрекеттер, қозғалыс дағдыларын қалыптастыруды меңгеру – оқытудың негізгі мазмұны – техникалық әдістердің, жеке, топтық және командалық тактикалық іс-әрекет, дене күш дамуы, ерік-жігер сапаларын жетілдіру. Спорттық жаттығу бұл – басқару әдістеме негізінде құрылған спортшының дайындығы. Оқыту және жаттығу процесінің тәрбиелік бағыттағы сипаты болуы тиіс. Сондықтан да оқу-жаттығу сабағына үлкен талап қойылады. Оқу-жаттығу сабағы шұғылданушыларды жан-жақты дайындауға лайықты құрылуы қажет.

Футбол шеберлігін меңгерудің негізгі тірегі болып футболшылардың денсаулығы болып саналады, олардың жақсы дене-күш дайындығы, жоғары ерік-жігер сапалары.

Футболшыларды оқыту-жаттығу процесінде төмендегі қойылатын талаптарды шешеді:

- а) Қозғалыс дағдылары мен ерік-жігер сапаларын жетілдіру
- ә) Спортшылардың функционалды мүмкіншілігін кеңейту (тыныс алу, жүрек қан тамырлары және басқа да жүйелері)
- б) Спорттық жұмыс қабілеттілігін сақтау және көтеру.
- в) Спорттағы білімін көтеру, тәртіптілікке, сезімталдыққа, белсенділікке тәрбиелеу.

Осы талаптарды жаттығу процесінде ретімен шешу адам ағзасының мол мүмкіншілігін жоғары спорттық көрсеткішке жету үшін барынша көп пайдалануға болады. Қарсылас командалардың шеберлігінің деңгейін үнемі өсіп отыруы футболшылардың жан-жақты дайындығына қойылатын талаптарды жыл сайын күшейтіп отырады. Осы қойылатын талаптардың жағымды әсері педагогикалық қағидаларды ретінен іске асыру арқылы шешіледі.

Дағдылардың қалыптасуы мен жетілуі дене жаттығуларын жүйелі түрде орындауда ғана жүзеге асады. Олар көп жақты болып келеді, оларды таңдау оқу-жаттығу процесінің талаптарына сай болады. Дене жаттығулары дене тірегіне, күштің көбеюіне, жылдамдық, төзімділік және ептіліктің жақсаруына әсер етеді. Сондай-ақ жүрек қан тамырларының жұмысына, тыныс алу және басқа да ағза жүйелерінің, спорттық жұмыс қабілетінің өсуіне жүктемеден кейін қайта қалпына келтірудің жылдам жүруі жетілдіреді. Әрбір жаттығу дағдының және сапаның өсуіне әсерін тигізеді. Сондықтан да дене-күш жаттығуларын басымды әсер етуіне қарай іріктелінеді [2].



Футболшының оқу-жаттығуындағы барлық жаттығулар шартты түрде үш топқа бөлінеді: 1) жарыстық, 2) арнайы дайындық, 3) жалпы дайындық.

*Жарыстыру жаттығулары* – бұл ережеге толық сәйкес футбол ойынының біртұтас қозғалыс іс-әрекеттері.

*Арнайы дайындық* – жарыстыру қимыл-әрекеттің элементтерінен тұратын нұсқаулары, сондай-ақ сипаты жағынан ұқсас жаттығулар жиынтығы. Арнайы дайындық жаттығуларының құрамы футбол дайындығы жаттығуларымен анықталады. Олар футболшыларға қажет дағдылар мен сапаларды дамытуға ықпал жасайтындығын есептей отырып іріктеледі.

Өз кезегінде арнайы дайындық жаттығулары жуықтатылған және дамытушы болып екіге бөлінеді. Жуықтатылған жаттығулар негізінен қозғалыс техникасының формаларын игеруге септігін тигізеді. Дамыту жаттығуларының басты міндеті дене-күш сапаларын дамытуға арналған.

Жалпы жетілдіру жаттығулары футболшылардың жалпы дайындығына бағытталған.

Жалпы дайындық жаттығулары көмегімен футболшылардың қозғалыс дағдыларын, негізгі дене-күш дайындығының дамуына тиімді түрде әсер етуге болады.

Футболшылардың оқу-жаттығуындағы қолданылатын жаттығулары негізгі және қосалқы болып екіге бөлінеді.

*Негізгі жаттығуларға жататындар:*

а) Қозғалыс сапаларының жалпы және арнайы дамуына арналған жаттығулар.

б) Допты игерудегі техниканы оқыту және жетілдіру жаттығулары.

в) Тактикалық әдістерді, комбинацияларды және ойын жүйесін үйрету және жетілдіру жаттығулары.

*Қосалқы жаттығуларға жататындар:*

а) Шартты рефлексінің жаңа жүйесінің құрылуына, ағзаның негізгі қозғалыс дағдысын іске асыруға арналған жаттығулар.

б) Қозғалыс дағдысының бөлшектеріне жақын немесе сәйкес арнайы жаттығулар.

в) Ағзаның функционалды мүмкіншілігінің кеңеюіне және қозғалыс дағдысының қалыптасуына септігін тигізетін спорттың басқа түрлерінен алынған жаттығулар.

Қолданылатын жаттығулардың жалпы көлемін көбейткеннен бір ғана жаттығуды қолдану арқылы бірнеше міндетті шешу маңызды.

Шұғылданушылардың ағзасына жаттығулардың және басқа да құралдардың тиімді әсер етуінетабиғи күш пен гигиеналық факторлардың тигізер септігі зор. Әрине бұл жерде берілгенін жүктеме мен демалыстың алмасуы, өз уақытында тамақтануы, ұйқы режимі, тұрмыс және еңбек гигиенасы маңызды роль атқарады [3].

Жоғарғы спорттық жетістікке жетуді міндет қойған футболшы үшін, өз мүмкіншілігін барынша сарқып қолдану заң болып табылады. Бұл футболшы

спорттық жүктемені орындау кезінде, шығармашылық ұмтылысын көрсете отырып, прогрессивті формалары мен әдіс құралдарды мейлінше көп пайдаланылады.

Футболда үлкен жетістік, басқа да спорт түрлеріндегідей, жалпы және арнайы дайындық бірлігін сақтаған жағдайда да мүмкіншілік туғызады.

*Жалпы дайындық* жаттығуы кезінде спорттық мамандықты басты мақсат етіп қоймайды, ал жоғарғы көрсеткішке жету алдағы уақыттың межесін сипаттауға болады.

*Арнайы дайындық* процесінде таңдаған спорт түрінің жетілуі үшін уақыт пен күштің бөлінуі сипатталады.

Футболшы жаттығуында жаттықтырушы жалпы және арнайы дайындық бірлігін сақтай отырып, жалпының ішінде арнайы, арнайының ішінде жалпы деп ұғынып жан-жақты дайындықтың қағидасын қатаң сақтауы тиіс.

Жалпы және арнайы дайындықтың ара қатынасын іздестіру, жаттықтырушы, дәрігердің, ғылыми қызметкердің және спортшының шығармашылық іс-әрекетінң үздіксіз талабы.

Футболшының жаттығуы – бұл үздіксіз жарыс пен оқудың және демалыстың алмасып отыруының жыл бойғы процесі. Футболшылар арасында сабақ пен жарыс көбінесе қалпына келмеген жағдайларды өтеді [4].

Жалпыға белгілі адам ағзасы - динамикалық жүйе, ол тез арада стандартты жағдайға тез бейімделіп, жүктеменің біртіндеп өсуіне немесе кемуіне көндігеді. Осындай стандартты жұмыс жағдайында дәрежесі үлкен жүктеменің футболшы ағзасына орташа, орташа-аз болып көрінеді. Жоғары дәрежелі футболшының таңертеңгілік стандартты жаттығуын жасау, ойын алдындағы дене қыздыру жаттығуларының ролі футболшының ағзасын жарыс алдындағы ұрыс дайындығына келтіре алмайтын болды. Жүктемені біртіндеп көбейту мен жүктемені барынша сарқып қолданудың ара-қатынасын қайта өзгертуді талап ете бастады. Бұдан шығудың жолы табылды, кезеңдерде стресстік жүктемені қолдану, ағзаны тепе-теңдік қалпынан шығаруға әкеліп соқтырады. Одан кейін орта және аз мөлшерде жүктемені қолдану арқылы ағзаның қалпына келуіне және жоғары қалпына келуіне жағдай жасауға болады. Бұлардың барлығы біртіндеп жүктемені ұлғайту және динамикалық толқын тәрізді сипаттағы жаттығулар өзара байланыста болады.

Футболшыларды дайындау кезінде жаттығу жүктемелердің біртіндеп және барынша көп ұлғаюына қойылатын талаптарды шешу үшін жүктемені жаттығу кезінде және ойын арасында толқын тәрізді өсуін нақты бөлу қажет.

Төмендегі жағдайларды қарастыру керек:

Спорттық жүктемені көтерген кезде ағзаның бұдан да жоғары жүктемені қабылдау дайындығы;

Жарыста ағзаның барлық ресурстарын жұмылдыру үшін жаттығудың дағдылы емес құралдарын пайдалану;

Қайта қалпына келтіруді процесін жылдамдату үшін қалпына келтіру жаттығуларын және құралдарын кеңінен қолдану;

Жаттығу жүктемесінің біртіндеп және барынша көбейту талаптары жұмыс бірлігі мен қайта қалпына келтірудің органикалық өзара байланысына сүйенеді.

Іс тәжірибе жүзінде бұл талапты пайдалану жаттықтырушыдан жақсы ілімдік және тәрбиелік дайындықты, жаттығу өткізуге жақсы жағдай туғызу және футболшылардың жалпы және спорттық режимді қатаң сақтауды көздейді [5].

Спорттық жүктеменің және демалыстың, шалдығу мен қайта қалпына келтіру процесінің өзара әсерін есепке ала отырып, спорттық жүктеменің көлемі мен қарқынын дұрыс бөлу үшін футболшылар жаттығуына толқын тәрізді жүктемені қолдану тиімді.

Қорыта келе, футболшылардың жаттығу процесінің негізгі заңдылығына оның циклдік сипаты жатады. Апталық, бір айлық және жылдық циклдерде жарыс кестесінің тығыздығына байланысты кезеңдік жүктемені азайту, жаттығудың кезеңдері мен сатыларына байланысты көлемді және қарқынды жаттығулардың өзара әсері, жаттығуды жоспарлауды қажет етеді.

При подготовке специалистов дизайна (по специализациям) основное внимание отводится изучению рисунка, как выразительного языка изобразительного искусства и является приоритетной задачей профессионального образования студентов. Изобразительная деятельность, являясь образной формой познания действительности, служит действенным средством совершенствования творческих способностей, активно способствует эстетическому воспитанию и становлению мировоззрения обучаемых. Очевидно что, на современном этапе подготовки специалистов в области дизайна происходит деление целостного образовательного процесса на «ведущее» – развитие изобразительного мастерства и «сопутствующее» – развитие профессионального умений в профессиональном рисунке.

Одной из главных задач художественного образования является, в первую очередь - формирование творческой личности, творческого мышления, Для современного образования важно не только дать какое-то количество знаний, а воспитать умение самостоятельно приобретать знания и пользоваться ими в своей профессиональной деятельности

В современных условиях развития общества произошли изменения в образовании, как общего цивилизационного процесса. Художественное образование в нашей стране обладает большим потенциалом, способствующим освоению новых перспективных современных технологий обучения рисунку. В направлении методики обучения рисунку существует традиционно сложившаяся методика преподавания рисунка, разработанная педагогами различных художественных школ. Академическая школа обучения рисунку строится на длительном «штудировании» в процессе которого, студент последовательно подходит к пониманию законов построения конструктивной основы рисунка и передачи объемной формы в тоне, овладевая приемами и навыками «классического рисунка». Второе направление обучения рисунку строится на особом изучении объемной формы. Творческий поиск и модернизация программ по рисунку в разных направлениях изображения привела к преобразованию методик обучения, которую можно охарактеризовать двумя направлениями: «академического», «тонального» рисунка, и рисунка «конструктивного».

Первая модель обучения рисунку, заключается в подробном анализе форм природы и ее светотеневого изображения в тщательной проработке объема, уделяя особое внимание технике штриха и законам перспективы. Данная методика обучения используется в процессе обучения на художественно-графических специальностях. В учебных заведениях, готовивших художников прикладников, дизайнеров, архитекторов, академический рисунок был непосредственно связан с проектированием, созданием проектов содержащих в своей основе конструкцию изделия, наглядно выразить проектную идею. Основная цель данной модели рисования заключается в понимании рисующим конструкции предмета и моделировании объема. Исходя из этого принципа, рисунок не выглядит как два отдельных этапа, конструкция и тональный объем, а строится при постоянном поиске формы на основе ее конструктивной основы. Линии накладываются на конструкцию, создавая каркасный объем постепенно образующий тональную форму. Применение разных моделей методики построения изображения обусловлено специализацией вузов, а именно подготовка художников-прикладников и дизайнеров где требуется в первую очередь рисунок с пониманием конструктивных особенностей изображаемого предмета. Разница в подходе к обучению рисунку на стадии завершения обучения дает и схожие результаты: хорошо проработанный «конструктивный» рисунок приближался к «академическому», «тональному». Рисунок же «тональный» был вполне конструктивен. В обеих методиках происходило как рисование классических античных образцов, так и натюрмортов, пейзажей, интерьера, живой природы. В обоих случаях изучалась пластическая анатомия. И все же разница в подходе на



первом этапе обучения была существенной для освоения принципов рисования. В программах отводился большой объем времени на освоение каждой постановки, что позволяло длительную отработку техники рисунка, всестороннему изучению натуры.

Рисунок в художественном образовании претерпевал различную трактовку в названии дисциплины, например: «Рисунок», «Учебный рисунок», «Академический рисунок», но, по сути, содержание и методика оставались неизменными, и придерживались методики академического рисунка. С появлением новых стандартов образования и создание образовательных программ при подготовке специалистов по направлениям дизайна, (дизайн интерьера, дизайн одежды, дизайн рекламы), возникла проблема решения вопроса в преподавании рисунка для подготовки специалистов различных направлений.

В настоящее время, существующие в педагогических вузах специальности делятся на группы: художественно-педагогические, и специальности дизайн. Как правило, входят в состав одной кафедры. На всех специальностях программы по рисунку содержат ряд заданий начального этапа рисование объемных геометрических форм, натюрморт, гипсовые маски, и завершающая стадия - рисование человека. Сложившаяся к настоящему времени традиционная методика обучения рисунку, не в полной мере соответствует современным требованиям подготовки дизайнеров по различным направлениям. Сокращен объем аудиторных часов академического рисунка в пользу самостоятельной работы студентов. Сокращение аудиторных часов не приемлемо для данной дисциплины в связи с тем, что организованные аудиторные учебные постановки требуют длительного изучения в процессе рисования, отработки техники рисунка под руководством педагога, особенно при рисовании живой натуры. Для разных специальностей программы и задачи по рисунку различны. Одним из важных направлений в обучении рисунку следует считать разработку новых методик по изучению и изображению натуры в различных пространственных ситуациях, с использованием процессов памяти и представления, что дает возможность совершенствовать методы и приемы изображения, способствует формированию умения передавать на плоскости пространственные объекты в быстрой технике.

Быстрый конструктивный рисунок дает возможность использовать различные системы зрительного восприятия натуры. Речь идет о создании методики обучения рисунку с использованием изобразительного материала позволяющего выполнять рисунок в широкой технике, когда рисующий может прорабатывать форму линией, штрихом, выявлять объем широким тоновым пятном. Такая техника позволяет фокусировать внимание на главной, большой форме. Вырабатывается навык более полного обследования натуры, сокращается время на выполнение рисунка. Такая техника выполнения рисунка должна привести к развитию умений выполнения профессионального *рисунка* по направлениям деятельности дизайнера.

Методические принципы имеют два направления:



- методы работы педагога со студентами, какие методы обучения применять на различных этапах обучения рисунку.

– профессионально-художественный подход студентов к рисунку (как вести работу над рисунком, с чего следует начинать и чем заканчивать рисунок). В методику проведения аудиторной и самостоятельной работы по рисунку кроме рисования с натуры, необходимо: включать упражнения в рисовании по памяти, представлению и воображению, что не всегда практикуется на аудиторных занятиях; использовать методы активизации восприятия в процессе осмысления воспринятой информации при работе над рисунком.

Поэтому в задачи педагога входит стимулировать познавательную и художественно-творческую активность студентов и ее профессиональную направленность с целью получения в результате обучения активную личность с высоким уровнем профессионализма.

Процесс обучения необходимо решение следующих задач:

- подобное сочетание методик при выполнении заданий аудиторной работы и заданий СРС;

- на ранних этапах обучения определять степень развития умений анализа натуры ее объемно-пластических характеристик, определенные способы и приемы рисования; должен преобладать конструктивный подход, вызванный стремлением выявить закономерности образования формы, условность тонального решения, при решении аналитических задач; лаконичностью выразительных средств; разнообразие техник и приемов изображения [1].

Проблема состоит в том, что количество информации, получаемое студентом, постоянно растет, и, располагая меньшим количеством времени на обучение рисунку, преподаватели вынуждены в первую очередь давать ответы на самые насущные вопросы. Так, например, очень важными могут оказаться навыки анализа объекта в различном пространственном положении, нарисовать сложные ракурсы, и т.д.

В обучении рисунку, необходимо не просто копировать внешние формы натуры, а освоить способы анализа формы, ее пространственные характеристики, овладеть техникой объемного рисунка.

Как известно, любой объект обладает определенной формой. В процессе распознавания объектов принято выделять несколько этапов, одни из которых предварительные, другие — завершающие. На предварительных этапах перцептивная система использует информацию с сетчатки глаза и описывает объект на языке элементарных составляющих, таких как линии, края и углы. На завершающих этапах система сравнивает это описание с описаниями форм разного рода объектов, хранящихся в зрительной памяти, и выбирает наилучшее ему соответствие [2].

Таким образом, на первый план выдвигаются задачи развития процесса восприятия, обработки зрительной информации с использованием памяти, представления и воображения.

*В процессе обучения рисунку необходимо определить направленность воздействия:*

- на пути освоения методики выполнения рисунка;
- на самостоятельность изучения природы с последующей оценкой ее характерных особенностей формы в пространстве;
- на способы формирования видов деятельности при анализе природы и отражение в рисунке (организация восприятия зрительной информации, оценка, отбор главного);
- на поисковую деятельность при выполнении рисунков по памяти, представлению и воображению.

Итак, нам представляется важным в обучения рисунку совмещать два исторически сложившихся метода выполнения рисунка - академический и конструктивный. Каждый из этих методов содержит в себе огромный потенциал для совершенствования художественной подготовки студентов. Обучение студентов рисунку с использованием методов развития зрительного восприятия и практических навыков изображения в рисунке должно включать в себя комплекс заданий, позволяющих получить навыки профессионального рисунка.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Савинов, А. М. Особенности обучения академическому рисунку при подготовке дизайнеров / А. М. Савинов // Вестник Вятского государственного гуманитарного университета: психология и педагогика. – 2011. – № 3 (3). – С. 81-85 (0,62 п.л.).
2. Маклаков А.Г. Общая психология Учебник для вузов. Спб.: Питер, 2008. 583 с: ил. (Серия «Учебник для вузов»)

ӘОЖ: 37.00

### **СТУДЕНТТЕРДІ КӨРКЕМ ЕҢБЕККЕ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЕПТІЛІГІ МЕН ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ПӘНАРАЛЫҚ НАҚТЫЛЫҚ ӘРЕКЕТ ҰСТАНЫМЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ**

**Елшибекова А.Т.-магистрант,**

**Узахова А.С. п.ғ.к., аға оқытушы**

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

*Резюме*

*В статье рассматривается место позиции междисциплинарной четкости в формировании умений и навыков в подготовке студентов к художественному труду на основе образовательной программы, ориентированной на художественный труд.*

*Summary*

*The article considers the place of the position of interdisciplinary clarity in the formation of skills and abilities in preparing students for artistic work on the basis of an educational program focused on artistic work*

Пәнаралық нақтылық әрекет ұстанымын жүзеге асыру үшін – көркем еңбек мамандығының оқу жоспары негізінде әзірленетін білім беру бағдарламасына талдау жасау қажет. Білім беру бағдарламасының мазмұны міндетті түрде пәнаралық әрекеттер көрініс табуы қажет. Себебі, әрбір оқытылатын пәндерде білім алушының алатын білімі, ептілігі мен дағдысы ескеріледі. Ол, білім беру мазмұнының төрт құраушылары негізінде жүзеге асады.

Әрбір оқытылатын пәндер мен тақырыптар мазмұнында төрт құраушылар басшылыққа алынуы қажет. Мұнда, оқытылатын пәндердің мазмұны міндетті түрде ескеріледі.

Кей жағдайларда тақырыптар аса маңызды орын алмағандықтан да көмекші сипатта ие болады да, таныстыру мақсатымен шектеледі. Ал, әдістемелік жағдайда, екіден кем емес төрттен аспайтын мақсаттар қойылады. Әрбір сабақты ұйымдастыруда білімділік мақсаты, білім алушылардың жеке қасиеттеріне тән саналы түрдегі тәрбиелік мақсаты, іскерлігі мен тәжіриелік шығармашылық әрекеттерін қалыптастыру немесе дамытушылық мақсаттары айқын көрініс табуы қажет. Осы шығармашылық әрекеттерді біздер таным әрекеттерімен өзара байланыста қарастырамыз. Білім алушылардың танымдық әрекеттерін білім берушінің сабақтың тақырыбына байланысты тірек ұғымдар мен проблемалық ситуациялар арқылы өзі тудара алады.

Пәнаралық нақтылық байланысы студенттердің білім алуын әрі қарай жалғастыруға, өз бетінше еңбек әрекетіне дайындалуына қажетті ептілік пен дағдыны игеру болып табылады. *Пәнаралық нақтылық әрекет ұстанымы* осы кездерде туындайды. Себебі қойылған сұрақтарға білім алушыларда сол сәтте дұрыс жауаптары бола қоймайды. Сол себептен де оқытушы өзінің пәніне мазмұны жағынан жақын пәндер арқылы білім алушылардан нақты жауап алуды көздейді. (Мысалы, «Жалпытехникалық және арнайы пәндерді оқыту әдістемесі», «Кәсіби педагогика», «Педагогика» т.б. пәндерді оқыту барысында). Сол арқылы тақырып мазмұнын түсіндіруге барынша әрекет жасайды. Лекция барысында білім алушылардың белсенділігін арттыру мақсатында оқытушы, оның бірнеше түрлерін (проблемалық, ақпараттық, визуальды т.б) пайдаланумен қатар оқыту құралдарын, оқу тапсырмаларын қолдануы да мүмкін. Мысалы, «Жалпытехникалық және арнайы пәндерді оқыту әдістемесі» [1] пәні бойынша «Оқыту әдістері» атты бір ғана лекция сабығының тақырыбын алайық: оқытушы «оқыту» және «әдістер» ұғымдарын проблемалық сұрақтар ретінде қояды. Студент бұл ұғымдармен таныс болғанымен оның қаншалықты қажет екендігіне толық мәлімет бере алмайды. Оқыту әдістерінің бірнеше түрлерін атап өтуі де мүмкін. Ұғымдарды талдау барысында психология және пәлсапа, жалпы педагогика және кәсіби педагогика пәндерімен байланыста болады, білім алушыларда таным үдерісі жүреді. Егер оларға сол ұғымдарды іс жүзіне асыру міндеті қойылса, онда таным әрекеті жүреді. Осы секілді нақты практикалық іс - әрекетке бағытталған «Салалық материалтану» [2] және «Тігін бұйымдарының технологиясы» [3] пәндерінде жаратылыстану пәндерімен байланыстары байқалады. Атап айтқанда тігін машинасының жұмыс жасауы барысына (механизмдеріне) әсер ететін ауырлық күші, қысым, үйкеліс күші т.б. болып жатқан құбылыстарды студент дер уақытында байқамайды, себебі олар тек іс - әрекет жұмыстарын атқарады. Ал, жоғарыда аталған әдістеме сабағында ол мәселелерге көңіл бөлінеді. Сондықтанда бұл үдеріс білім алушылар үшін танымдық әрекет болып табылады.

Осы мамандықта өтілетін «Салалық материалтану» пәніндегі «киім», «мата», «жіп» т.б. ұғымдарын Әбу Насыр әл Фарабидің пәлсапалық көз қарасы бойынша былай түсіндіруге болады: «киім – кешек кию үшін қолданылады, ол екі нәрсенің арқасында болады: - жіптің және арқаудың өрмекпен тоқылуы нәтижесінде, тоқымасы – оның құрылымы мен формасы, ал жіп – сол тоқыманы жасаушы материя мен субстанция болып табылады».

Фундаментальды және қолданбалы пәндердің оқу бағдарламаларында жалпы мектептегі оқытудың элементар мазмұны енгізілген. Сондықтанда педагогикалық мамандарын даярлайтын жоғары мектептегі білім алушылардың оқыту үдерісінде техника және технологиялық білімдері, осы сала бойынша мектептегі білім беру мазмұнына сәйкес келуі ескеріледі. Ол оқыту үдерісінде әлеуметтік – гуманитарлық пәндері, жалпы кәсіби пәндері, арнайы пәндерді («Тігін бұйымдарының технологиясы» пәнін оқыту бойынша) оқытумен байланысты. Себебі, қазіргі оқушылар ғылым салалары бойынша пікір таластыра алады, кейде ұстаздардың өздерін де сүріндіріп қоятындарына таң қалуға болмайды.

Соның бірі жалпы мектептегі көркем еңбек пәнінің негізінде жүргізілуі және оның мазмұндық бөлімдерінің оқушылар өміріне әсері жайлы айтатын болсақ, бұл Қазақстан Республикасында орта білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы - заманауи ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Елімізде білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Соның ішінде студенттерді ата - баба салт - дәстүрлерін ұрпақтан – ұрпаққа жалғастырушы ретінде тәрбиелеу ерекше орын алады. Бұл мәселелерді қолөнер бағытындағы пәндерде әзірленетін ұлттық бұйымдар арқылы да жүзеге асыруға болады. Мысалы, кесенелерді бейнелеуде «Домалақ ана – Нұрила ана», «Айша Бибі», «Гаухар ана» рухына табыну, мұндағы танымдық мәселелері өз кезеңінде бәрін ақылмен шешіп, отбастары мен қоса бүкіл елінің қамын ойлаған, шапқылықтардан аман сақтап қалған «Аналар» жайлы мәліметтер беріп отыру қазіргі уақытта өте қажет мәселе секілді. Жанұяның шегесі деп саналатын, қызбаларының отбасындағы рөлі жайлы қазақ халқының ғұлама ақын - т.б. Бұл студенттердің ғылыми зерттеу және дипломдық жұмыстарында ескеріліп келеді.

Оқытушының беделі ең алдымен, оның жеке басының қасиеттеріне, ұстаздық қабілетіне байланысты. Соның бірі сабақта оқушылардың қызығушылығын ояту, мағынаны ажырату, ой - толғаныс кезеңдері. Бұл әрине оңай іс емес. Мұндай құрылымда сабақ беру мұғалімнің ізденімпаздығын, білімділігін, шығармашылық қабілетінің ұшқырлығын талап етеді.

Сабақтың көп уақытын оқушыны жалықтырып жіберетін баяндау, түсіндіру, үлгіні көрсету секілді өнімсіз еңбекке жұмсамастан, керісінше олардың шығармашылықпен, ұжыммен жұмыс жасауына мүмкіндік беретін мәліметтермен қамту керек. Мұндай жағдайда көбіне, мектепті дамыту үшін қазіргі инновациялық технологияларына көңіл бөлініп жатады. Ал, біз бала бойында қазақ

поэзиясының атам заманнан қалыптасқан көне дәстүріне өзінің көл - көсір жаңалығын қосқан новатор - ақын, қазақ өлеңін тотының түгіндей құлпыртып, мазмұны мен пішінінің бұрын - сонды ешкім көріп білмеген көркем келбетіне көшірген ұлы реформатор ақын Абайды, қазақ топырағында жаңа жанрлар туғызып дамытқан және сол жанрларда қол еңбегінің үлгілерін сомдап соққан саңлақ суреткер М.О. Әуезовтің «Абай», «Өскен өркен», «Ескілік көлеңкесінде» шығармаларын технология пәнінде пайдалануды негізгі мақсат етіп алдық. Себебі, М.О. Әуезов оқумен қатар тәрбиенің түпкі тамыр тереңіне сүңгіп барып тарихи салыстыру арқылы Отан от басынан басталатынын дәлелдейді. Болашақ ұрпаққа адамгершіліктің негізін берген Ана екенін, өмір өзегі, тіршілік басы да анадан бастау алатынын өсиет етеді. бұл өсиеттер біздің алып жатқан мамандығымыз үшін өте қажет. М.О. Әуезовтың өмірі мен шығармашылығын жете меңгерту, ол М.Әуезовпен мақтана білу - деген сөз.

Көркем еңбек мамандығы мазмұны мен оқыту үдерісінің өзара байланысына бейнелеу өнеріне де тікелей байланысы бар. Бұл үдерісте едәуір рөл атқаратын пәндер: инженерлік графика, құрастыру сызбасы, визуальды өнер.

Осы жалпы түрде берілген мақсаттар әрбір пәннің жоспарында пәндік - мазмұндық сипатта және мүмкіндігі бойынша нақты түрде анықталуы тиіс. Мақсаттар әрбір берілетін білім мазмұнына қарай қойылады. Білім беру мазмұнының іс - әрекет тәсілдерін жүзеге асыру мен шығармашылық әрекет тәжірибелері білімділік мақсатын білім алушылар үшін таным құралы және практикалық іс - әрекет ретінде пайдалануға мүмкіндік беруді қамтамасыз етеді. Білімдерінің бір бөлігін білім алушылар шығармашылық әрекет тәжірибесінде толықтыруға мүмкіндіктері болады, себебі мұнда таным мәселесі мазмұнды, білімді нақты алуға және меңгеруге бағытталады. Сондықтан да білім жүйесі - ақпараттар арқылы берілгенді іс - әрекет үдерісінде қабылдау және меңгеру, іздену үдерісі арқылы қол жеткізу болып келеді. «Білім - көп заттарға қолданылады, бірақ теориялық жағынан белгілі бір ізгілік басатын ол білім болмысы мен өмір сүруі адам шығармашылығына мүлдем тәуелсіз болатын заттардың болмысы жөнінде жанды пайда болатын анық білім».

Ал, Абай 32 - қара сөзінде: «Білім – ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуел бастан керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар. Білім – ғылымды көбейтуге екі қару бар адамның ішінде, бірі - мұлахаза (ойлау, пікір алысу), 2 -ші – мұлафаза (сақтану, қорқу)» - деді [4].

Осы секілді іс - әрекет тәжірибесі құраушысы іздену әрекеттерін меңгеруге қызмет етеді, бір бөлігі осы іздену әрекеті өнімін қабылдайды. Бұл байланыстар әлеуметтік тапсырыс құраушыларының өзара байланыстарына ұқсас келеді.

Пәнаралық байланысқа негізделген сұрақтар әр пәннен алған білімдерін қайта естеріне түсіріп, жаңа оқу материалын меңгеруге, оларды жүзеге асыруға жағдай туғызатын мазмұнда болуы керек. Ең бастысы қазіргі уақытта әрбір ұстаз нақты деректерді, нақтылы оқиғаларды түсіндіріп қана қоюмен шектелмеуі керек. Ол деректердің өзара байланысын, бір - біріне әсерін, басты әлеуметтік, экономикалық немесе ортақ заңдылықтарын ашуды көздеуі тиіс.

Біз әр түрлі пәндер арасындағы байланыстарды және ақиқат шындықты бейнелеудің әр түрлі тәсілдері пайда болатын субъекті - объектілік қатынасы, яғни студенттер мен оқытушылардың қатынасы танымдық әрекеттің негізі болады деп есептейміз.

Танымдық әрекеттің мазмұны қоғамдық және жеке таным әрекеттері тәсілдерінде негізделеді де барынша қорытылған сипат алады. Мұндай субъектілік әрекетті оқу жоспарының әр түрлі пәндерінен алынатын білімдерді интеграциялаушы ретінде қорытылған тәсілдер деп жазуға болады.

#### **Әдебиеттер**

1. 6B01404 - Көркем еңбек және сызу мұғалімін даярлау бойынша білім беру бағдарламасы. (Жалпытехникалық және арнайы пәндерді оқыту әдістемесі пән). Шымкент 2019.ж

2. Жолдасбекова С.А., Байбатшаева А.Е. Салалық материалтану. Кәсіптік оқыту мамандықтарына арналған бағдарлама. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі – Шымкент: М.Әуезов атындағы ОҚУ ОӘБ, 2019. - 10 б.

3. Тігін бұйымдарының технологиясы. Пән бағдарламасы. Кәсіптік оқыту мамандықтарына арналған. – Шымкент: М.Әуезов атындағы ОҚУ ОӘБ, 2017. - 10 б.

4. Абай 32 – қара сөзі. Абай. Қара сөз поэмалары. «Ел» баспасы. Алматы – 1993. - 269 б.

ОӘЖ

## **МУЗЫКАҒА ҮЙРЕТУ ҮРДІСІНДЕ БАЛАНЫ ДАМУДЫҢ ЖЕКЕ БІЛІМ БЕРУ ЖОЛЫН ЖОБАЛАУ**

**Турсынбаева Зулфия Патаевна**

«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша  
ПҚБАИ аға оқытушысы

**Кулбаева Айнура Умирбердиевна**

Арыс қаласы, «Балбөбек» бөбекжай-балабақшасы музыка маманы

*Резюме*

*В данной статье рассматриваются пути проектирования образовательной деятельности для индивидуального развития ребенка в процессе обучения музыке.*

*Summary*

*This article discusses how to design educational activities for the individual development of the child in the process of learning music*

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен тығыз байланысты мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Бала – біздің болашағымыз. Олай болса, балабақшадағы тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі. Ол-үздіксіз білім берудің алғашқы деңгейі. Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты-баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы болуы тиіс. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі тұрақты өзгеріп тұрған әлемде табысты бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар жасайды. Қазіргі таңда адамзат қоғамына ғылыми жаңалықтар мен инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен оқыту саласын заман талабына сай дамыту соншалықты уақыт сұранысын

қанағаттандыратын жаңа бағдарламалармен, технологиялармен қамтамасыз ету болып отыр. Қазіргі білім жеке адамнан прогрессивті ойлай алатын белсенді әрекетті, жан-жақты болуды талап етеді. Өйткені адамның қоғамдағы алатын орны, атқаратын қызметі сол қоғамның дамуымен тікелей байланысты.

Қазіргі білімде «орындаушы» адамнан гөрі «шығармашылық» адамға деген сұраныстың көп екендігін қазіргі өмір талабы дәлелдеп отыр. Білім беру саласында балалардың эстетикалық, этикалық және адамгершілік нормаларын меңгерту міндетін жүзеге асыруда музыка орны ерекше. Музыка тәрбиесі балаларды өнер құндылықтарын жасауға қатыстыра отырып олардың бойында белгілі адамгершілік-эстетикалық мәдениетті, көркемдік талғамды, шығармашылық қабілетті дамытады. Музыка өнері әрбір баланың әсемдік әлеміне үйретіп қана қоймай, оны қорғауға және рухани мәдени деңгейін көтеруге табиғи жағдай жасайды. Сол себепті білім мүшесін өнерпаздыққа тарту білімі объективті қажеттілігі және заңдылығы болуы керек.

Заман ағымының өзгеруіне байланысты мектепке дейінгі білім беру мекемелеріне жаңа талап-міндеттер қойылуда. Балабақшадағы балалардың жан-жақты, рухани бай, жоғары мәдениетті болып қалыптасуына музыка тәрбиесінің қосатын үлесі зор. Нәзік сезімді жас бүлдіршіндерді өнерлі, мәдениетті, білімді болып өсуіне балабақшадағы музыка тәрбиесінің алатын орны зор. Музыка сабағында балалар: музыка тыңдау, ән салу, аспаптарда ойнау, би билеу тәрізді түрлі іс-әрекеттермен айналысады. Балабақшадағы музыка тәрбиесі балаларды дамытуға, оларды мектепке даярлауға бағыттайтын алғашқа саты. Балалардың жеке басындағы дарындылық қасиеттерін, музыкалық ынтасын, қабілетін қалыптастыру процесі бірте-бірте, жүйелі түрде жүргізіледі. Әр жастағы балаларға музыкалық білім беру, оларды жоспарлы түрде мектепке дайындау мақсатымен ұштастыра жүргізіледі.

Өсіп келе жатқан жас буын әдеби ертегілер мен бейнелеу өнері шығармаларындағы, музыка мен әуендегі, табиғаттағы, тұрмыстағы шын мәніндегі көркемдік қабылдау арқылы эстетикалық құштарлықты сезініп қана қоймай, ондай туындыларда кездесетін нәрсіздік пен көріксіздікті де ажырата біледі. Музыка адамның жан дүниесін тебіреніп отырып, оның өмірге деген көзқарасын, әдет, мінез-құлқын қоғам мүддесіне сәйкес қалыптастыруға, әдемілік заңымен өмір сүруге тәрбиелейді.

«Дені саудың – жаны сау» дегендей, тәні де, жаны да сау, рухани бай эстетикалық жағынан сезімтал азаматты тәрбиелеп өсіру – ата-ана парызы, қоғамдық мекемелердің міндеті. Осы міндетті іске асыру балабақша мен мектепалды даярлық тобынан басталмақ. Негізі отбасынан басталған тәлім-тәрбие білім беру мекемелерінде жалғасын тауып, белгілі бір жүйеде өрістеледі.

Бүлдіршіндерді әсемдік әлеміне неғұрлым кеңінен жақындатып өнерге баулитын кезең – мектепке дейінгі ұйымдар. Әсіресе музыка өнерімен

шұғылдану баланың жеке басының жалпы дамуына жәрдемдеседі. Музыка сабақтары балаларды жан-жақты дамыту барысында көптеген мақсаттар қояды. Дәлірек айтсақ: балаларды музыка тыңдай білуге үйрету, оны тұтастай қабылдау, сезіну, музыкалық мәнерлілікке баулу, дыбыстардың типін түсіну және музыкаға қызығушылығын арттыру. Ән айту, музыка тыңдау, музыкалық сауат және қозғалыс (ырғақ) – музыкаға тәрбиелеудің міндетті бөлімдері.

Ән бөлімінде балаларды ырғағына келтіре, әдемі ән салуға тәрбиелейміз. Ән салу арқылы өлеңнің мазмұнын, тәрбиелік мәнін саналы түрде меңгеруіне мүмкіндік береміз. Балаларды хормен ән айтқызып жаттықтыру арқылы, оларды ортақ сезімге бөлендіріп, өздерінің әрекеттерін бір әуенге үйлестіруге төселдіреміз, жауапкершілікке, ұйымшылдыққа баулимыз. Бірлесіп жұмыс істеу дағдысын қалыптастырамыз. Жеке дауыста ән айта білуге, әндерді есте сақтай білуге, музыкалық шығармалардың құрылысын түсіне білуге тәрбиелейміз.

Музыка тыңдау бөлімінде жекелеген музыкалық үндерді және тұтастай музыкалық шығармаларды тыңдай білуге, ондағы музыкалық дыбыстарды ажырата білуге жаттықтырамыз. Дыбыстардың биіктігін, ырғағын, музыкалық бояуын және дұрыс тыңдап, қабылдай білу қабілетін дамытамыз. Сонымен бірге тыңдау арқылы оқушылардың эстетикалық сезімдері, талғамдары дамып, эмоциялық сезімдері оянып ләззат алады. Музыкаға деген қызығушылықтары артып, тыңдау қабілеті дамиды. Музыка тыңдату жайында балалар дамуының бірдей дәрежеде еместігін түсіну маңызын музыка мұғалімі білуі керек.

Би бөлімінде музыканың әуен-ырғағымен орындалатын арнайы жаттығулар жасату арқылы музыкалық ырғақты сезінуін қалыптастырамыз. Әуен сазын түсініп, сәнді қимылдар жасай білуге үйретеміз. Дене жаттығуларын музыкалық әуен ырғағына қосылып, әдемі қозғалыс көріністерін жасауға ынталандырамыз. Би қимылдарын жасатып, мүсін сымбаттылығын қалыптастыруды көздейміз. Музыкалық – дидактикалық ойындар бөлімінде айтылған әннің сөздеріне, әуеніне зер салып, ұқыпты жүруге, әннің сөздеріне сәйкестіре қимыл-қозғалыстар жасауға баулимыз. Ойынның тәрбиелік мәні зор. Бала ойын арқылы дамиды. Ойын білместі – білгірге, орашолақты – іскерге айналдырады. Музыкалық – дидактикалық ойындар арқылы балалардың музыкаға, биге, ән әлеміне деген ынта-ықыласын жас кезінен арттырып қана қоймай, олардың сезімталдығын, кішіпейілділігін, ұйымшылдығын, эстетикалық құштарлығын тәрбиелеуге қызмет етеді.

Нәтижесінде олар музыканы терең түсіне бастайды, ең бастысы – музыканы қабылдау, есте сақтау қабілеті артады, дене қозғалысы арқылы сымбаттылығы қалыптасады. Өсе келе олардың бойындағы табиғи дарын, қабілет, талант мүмкіндіктерінің сөзсіз әсері болатыны белгілі, өйткені бәрі де бала кездегі тәрбиеден басталады.

«Бұлақ көрсең көзін аш» дегендей еліміздің болашақ дарынды ұл-қыздарын тәрбиелеу өз міндетім деп есептеймін.



### Әдебиеттер:

1. Виноградов Л.В. Развитие музыкальных способностей у дошкольников. – СПб.: Речь. Образовательные проекты; М.: Сфера, 2009.-180 с.
2. Гогоберидзе А.Г., Деркунская В.А. Детство с музыкой. Современные педагогические технологии музыкального воспитания и развития детей раннего и дошкольного возраста. Учебно-методическое пособие. – ООО Издательство «Детство-Пресс», 2010. 65с.
3. Домогацкая И.Е. Методика диагностики эстетических способностей детей 3-5 лет. – М.: Издательский дом «Классика-XXI», 2011. – 16 с.
4. Наталья Бузова «Музыка балаларға бақыт пен қуаныш сыйлайды» (әдістемелік құрал) Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау орталығы. Шымкент 2009ж.

ОӘЖ

### БАЛАЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӨНЕРГЕ ҮЙРЕТУДІҢ МАҢЫЗЫ

**Исманова Нурсулу Ержановна**

«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша

ПҚБАИ аға оқытушысы

**Тойманова Жамила Ермекбаевна**

*Арыс қаласы, Айгөлек бөбекжай балабақшасы тәрбиешісі*

*Резюме*

*В данной статье рассматривается развитие творческих способностей у детей дошкольного возраста*

*Summary*

*This article examines the development of creative abilities in preschool children*

Үкіметіміз білім беру мекемелеріне Тәуелсіз мемлекетімізді өркениетті елдер қатарына жеткізетін ұл - қыз тәрбиелеуді талап етуде. Қоғамда, айналамыздағы ортада болып жатқан қарқынды өзгерістер шығармашылық қабілеті бар, қажетті жағдайда соны әрі айрықша шешім қабылдайтын жеке тұлғаның алдына үлкен талаптар қояды. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және оны тәрбиелеу – бүгінгі таңдағы көкейтесті мәселелердің бірі. Шығармашылық – бүкіл тіршілік көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Бұған бүкіл халықтық, жалпы және жеке адамның шығармашылығы арқылы келдік. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс - әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді. Баланың шығармашылығын дамытатын тәрбиеші өзі шығармашылықпен жұмыс жасауы керек. Баланың шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында өткізілетін ұйымдастырылған оқу - іс әрекеті барысында жаңа технология элементтерін пайдалану тиімді. Бұл орайды баланы жалықтырып алмаудың жолдарын қарастырып, төмендегі тәсілдерді тиімді қолдану қажет:

- бала қабілетін ашуда тіл шеберлігіне көңіл бөлу;
- білімін қосымша әдебиеттермен толықтыру;
- жылы сөздер арқылы «сенің қолыңнан келеді», «сенің болашағың зор»- деп, үнемі балаға шабыт беріп отыру.

Әр тәрбиешінің алдындағы сәулелі мұрат шәкіртіне білім, тәрбие беріп қана қоймай, әр баланың «менін» ашу. Сол «менді» шығармашылық тұлғаға айналдыру. Күллі ғажайыптың ішіндегі ең тамашасы – жақсы тәрбиеленген адам. Сәбиді жоғары деңгейдегі білім мен адамгершілікке баулитын тәрбиешінің бойында барлық асыл қасиеттердің табылуы тиіс. Өйткені, тәрбиеші бала болмысын, жүзін көріп түзелер айна іспетті. Бала қабілетінің ашылуы үшін тәрбиеші жанашыл, білімді, іскер, қабілетті, жауапкершілік сезімді, жаңа технологияны толық меңгерген, өз ісінің шебері болуы керек:

Бала қабілетінің ашылуы үшін;

1. Тәрбиеші білімін ұдайы жетілдіріп, кәсібі шеберлігін шыңдауы тиіс.

2. Бала білімі мен қабілетіне сеніммен қарау керек.

3. Баланы ақпарат, жаңалықпен қамтамасыз етіп отыру қажет.

4. Ата - анамен тығыз байланыс орнағаны жөн.

5. Баланы өмірге бейімдеуде дәл, дұрыс бағыт беріп, жеке ерекшелігіне көңіл бөлінуі керек. Оқу мен тәрбиенің егіз екенін бір сәт те естен шығармаған жөн, соның нәтижесінде ғана сапалы білім мен саналы тәрбиеге қол жеткізуге болады. Ол жайлы Әл – Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі»- деген. Баланың ойында не бар, ол не істей алады, жасы өскен сайын ол қалай өзгеріп, нені үйреніп келеді дегенді анықтау, оған әсер ететін себептері іздестіру балалар психологиясының маңызды міндеті. Балалар психологиясын зерттеудің негізгі әдістері: бақылау және эксперимент. Бағдарламаның ерекшелігі баланың жалпы тәрбиесіне, дамуына әсері зор. Бала шығармашылық қабілеттері арқылы өсіп көптеген ойындарға таратылады (сюжетті – рөлдік, драматизация ойындары, сахналау, көріністер).

Блок арқылы құралған бағдарлама:

1 блок – толтырынды кезең (кіріспе)

2 блок – моделдендірілген

Толтырынды кезінде кіріспе шығармашылыққа ерекше көп әсер келтіреді.

Бұл жерде бас рөлде тәрбиешінің өзі болады.

Екінші кезең баланың өз еркіндігімен және тапқырлығымен байланысты.

Моделдік қасиеттер – айналадағы араластықтан және әр түрлі еліктеуден пайда болады. Блок арқылы жұмыс реттік бойынша, жеңілден ауырға немесе біртіндеп жеке өткізіледі (ойнаған, ертегілер қойған кезінде немесе тындаған күйінде). Бұл бағдарлама баланың шығармашылық қабілетін қуыршақ театр ойыншықтар, ойын сахналау, ойын – еліктеуші, сюжетті рөлдік ойындар арқылы дамып отырады.

Реттік жұмыстары:

Шығармашылық қабілеттерін дамыту кезінде тағы да басқа тәсілдер және тәсілден тыс әрекеттерді қолдану.

Коммуникативтік әсерді жою.

Меңгерілген шығармашылық қабілеттерін қолдану және іске асыру.

Оқу кезеңде іс – әрекет аптасына 1 сағат бөлінеді. Жылдық жоспарда 36 сағат ұйымдастырылады. Шығармашылық салалары ауысып отырып театр көрінісі тәсілден тыс, практикалық әрекет т.б.

Музыкалық, яғни, сазды – сахналық өнерге екінші кішкентайлар тобынан даярлық тобына дейінгі балдырғандарды қамту. Мұның барлығы балалардың шығармашылық қабілет - дарынын дамытып, оны қоршаған ортаның ерекшеліктеріне орай бейімдеп, сонымен тығыз байланыстыра отырып ұғындырып, олардың өмірді түсінуіне жағдай жасап, қиял армандарын жетілдіруге тырысу. Осы жұмыстарды педагогикалық талаптарға сай ешбір күштеп, зорлаусыз - ақ, өздерінің әдеттегі ойындарын қызықты да әсерлі етіп ұйымдастырған шақта балалар одан сайын ынталанып, оның жемісі де айтарлықтай болады. Жалпы театрыландырылған ойындарда балалардың шығармашылық қабілет - мүмкіндіктері айқын аңғарылады. Бұған пайдаланылатын шығарманың сюжеті мен ойындық қимылдары оның мазмұны бойынша анықталады, ал рөлдерді орындау тәсілдері мимика, интонация, дене қимылдары арқылы жасалып, іске асырылады. Бұл ойындарда балаларға шығармашылық жағдайлар жасауға, өздеріне тапсырылған рөлдерді толық игеріп, кірісіп кетулеріне көп көңіл аудару. Олардың тиісті бейнелерді дұрыс жасаулары үшін іс - әрекет, қимылдарын көрсетіп, жетілдіруіне көмектесіп, кейіпкерлердің сөздерін, көңіл - күй, сезімін, мінез - қалпының қандай болуы керектігін түсіндіріп, ұғындырып отыру. Сөйтіп ойын барысында олардың тартымды бейнелер жасай білуіне қол жеткізу. Оған тәрбиешілер жан тәндерімен кірісіп, көп еңбек сіңіру керек.

Тәрбиешілер балалардың өздеріне тән жеке қасиеттерін анықтай түсу мақсатымен жылдың басында және аяғында театрландырылған жұмыстар арқылы «Күпия» сынақ (эксперименталдық) ойындар өткізіп отыруы. Бұл ойындардың өн бойында музыканың тигізер әсері мол. Бұл ойындарда қабілеті бар деген балалар өздерін еркін ұстайтын, ал ұялшақ, ұяң балаларға жәй рөлдер беріледі. Бұдан кейін өздерін тиісті рөлдерде ойнай алатын қабілетті балаларды театрландырылған жұмысқа кіргізіп отыру. Осындай 5 - 6 баламен жекелей жұмыс жүргізу. Оларға қуыршақты қалай ұстау керектігін, мимика, дауыс ырғақтарын үйрету. Театрландырылған ойындардың мазмұнына ерекше мән беру. Бұл - негізінен адамгершілік, достық, кішіпейілдік, ерлік, батылдық, адалдық, әділдік, шыншылдық қасиеттерді уағыздаудан тұрады. Әдетте балалардың өздері жақсы көретін кейіпкерлеріне еліктеп өсетіні белгілі. Осыған қарап, шапшаң, ширақ балаларға жуас, қарапайым рөлдер, ал мінездері салмақты байыпты балаларға жағымсыз рөлдер тапсырылады. Бұл арқылы біз балалардың шындық өмірге тереңірек үңіліп, ненің жаман, ненің жақсы екенін айқындырақ ұғынып, жаманнан жиіркеніп, жақсыдан үйренуге, өз қылықтарын дұрыс бағалап, жақсы кейіпкерлерге еліктеуге үйрету. Театрландырылған ойындарды ұйымдастыру үшін қолайлы жағдайлар керек.

Осыны ескере отырып, әрбір топта театрбұрыштары жасалады. Бибабо саусақтары, үстелдік және саусақты - қолғап, тағы да басқа түрлері қолданылып отырады.

Сөздік суреттеме бере отырып, балаларды рөлдерін толық орындауға үйрету, өздерінің рөлдерін қызықты ойнаған балаларды көтермелеп, мадақтап отыру. Естиярлар мен ересектер тобының балалары сахналық өнерді үйреніп, сезіне бастағанда олардың тілі, ойлау түйсігі, өнерге құштарлығы артады. Қандай да сахналық қойылымның алдында балалармен бірнеше кіріспе жұмыс жүргізілу қажет.

Тәрбиешілер балаларға ертегі, әңгімелер оқып, не әңгімелеген кезде ертегідегі кейіпкерлердің мінез - құлқына, дауысының ырғағына, қимылдарына назар аударылып, әр кейіпкерлердің киіміне көңіл бөлінеді. Қуыршақ театрында қуыршақтардың киімі өзгертіліп отырады. Мысалы: орыс ертегілерінде түлкі басына орамал тартады, қазақ ертегілерінде түлкіге жейде кигізіледі. Сұрақ - жауап арқылы кейіпкерлердің қимылын, іс - әрекетін байқап, бағалап отыру қажет. Қимыл мен сөз арасындағы байланысын қадағалау керек.

Мысалы: «Алдар көсе мен Шықбермес Шығайбай» туралы ертегіні оқып бергеннен кейін тәрбиеші балаларға мынадай сұрақтар қойды:

Алдар көсенің мінез - құлқы қандай?

Алдардың жүрісін кім көрсете алады?

Байдың мінезі қандай?

Оның жүріс - тұрысын кім көрсете алады?

Кім бай мен Алдар көсе болып ойнай алады?

Балалардың тілін жаттықтыру үшін, қазақ халқының асыл сөздерімен сусындата отырып, әрбір сахналық қойылымның алдында қазақ әндерін, қазақтың ауыз әдебиетіндегі өтірік өлеңдерді, мақал - мәтелдерді, жаңылтпаштарды, санамақтар мен жұмбақтарды, түрлі ұлттық ойындарды, ән - күйлер мен билерді кіріктіріп отыру қажет. Сосын нәтижесінде олардың шығармашылық қабілеттері оянады.

#### **Әдебиеттер:**

1. Бабаева Ю. Д. Динамическая теория одаренности. Основные современные концепции творчества и одаренности. М. 1997г.
2. Азанбаев Б. Бала біздің болашағымыз. №1-2002ж. //Бастауыш мектеп. №1. 2002 жыл
3. Тұрғынбаева Б. «Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту» //Бастауыш мектеп/ №2-2005ж.

## ВОСПИТАТЕЛЬНАЯ И ОЗДОРОВЛЯЮЩАЯ РОЛЬ НАЦИОНАЛЬНЫХ СПОРТИВНЫХ ИГР

Гусейнов Магомед Гусейн-оглы

*ОСШ .14 им. М.Сапарбаева, Сайрамский район, село Карасу.*

*Учитель физической культуры, заслуженный тренер РК по кикбоксингу,  
судья международной категории, мастер спорта РК, доцент*

*Түйін*

*Мақалада ұлттық спорт ойындарының білім берудегі және сауықтырудағы рөлі*

*Summary*

*The article focuses on the role of national sports in health and education.*

Вопросы развития физической культуры и спорта, формирование здорового образа жизни приобретает в настоящее время особое значение.

Так как общая политика нашего государства направлена на заботу о человеке, о развитии его физического, интеллектуального, нравственного и духовного потенциала, создание благоприятных условий для активизации творческого развития.

История развития любого этноса, большого или малочисленного народа предполагает знание, прежде всего, сущности традиций народного воспитания.

В условия борьбы за независимость и суровой кочевой жизни у казахского народа сложилась самобытная система физического воспитания. В их основе лежали национальные виды спорта и подвижные игры.

Их состязательный характер способствовал развитию у молодёжи силы, ловкости и выносливости, воспитанию храбрости, мужества и других качеств, необходимых кочевнику-шаруа и войну-сарбазу.

Национальные виды спорта, физические упражнения и народные игры формировались и совершенствовались на протяжении тысячелетий, передавались из поколения в поколения, и пользовались, как основное средство заполнения потребности в движении гармоничном физическом развитии организма, приобретению навыков и умений. Характерной особенностью национальных видов спорта является их динамичность, общедоступность, практичность и простота в применении.

В особенности большой популярностью воспользовались конноспортивные игры. Конь составлял подвижную базу кочевого хозяйства и являлся олицетворением красоты, чистоты и скорости. В конноспортивных играх он, совместно с всадником-джигитом, участвовал в активном двигательном процессе.

Разнообразные национальные виды спорта, физические упражнения, игры, которые всесторонне развивают физические качества (силу, быстроту, выносливость и ловкость), а также морально-волевые качества, воспитывают нравственные, эстетические ценности человека. Философией национального вида спорта и подвижных игр становятся пропаганда молодежи к ведению здорового образа жизни, активным занятиям физической культурой и спортом.

Национальные виды спорта и народные игры являются неотъемлемой частью общей культуры нашего народа.

Основываясь на характерные особенности национальных видов спорта и народных игр необходимо их применение на уроках физической культуры, так как они имеют воспитательное, оздоровительное, общеобразовательное, общеразвивающее значение. Поэтому необходимо наполнение содержания программного материала физического воспитания учащихся общеобразовательной школы элементами национальных игр.

Этот материал можно сгруппировать по трём основным разделам:

1. Усвоение знаний (знания об истории, о роли и значении национальных обрядов, игр и видов спорта, совершенствования физического развития, физической подготовленности и укрепления здоровья).

2. Усвоение способов физкультурной деятельности — физические упражнения, большая часть которых ориентирована на сопряжённое развитие не только физических, но и психических качеств; физические упражнения творческого характера, в которых ученики создают новые сочетания элементов двигательной активности; психомоторные упражнения; упражнения на напряжение и расслабление мышц; национальные игры.

3. Использование национальных физических упражнений для подготовки учащихся к выполнению нормативных требований по физической подготовленности.

Национальные виды спорта воспитывают морально-волевые качества, стремление к победе, способствуют преодолевать трудности. Национальные виды спорта, упражнения и игры развивают скоростно-силовые качества, скоростную выносливость, укрепляет сердечно-сосудистую систему, развивает костно-мышечный аппарат, гармонично развивает все группы мышц, особенно в подростковом возрасте, когда идет переломный период в развитии двигательной функции ребенка.

Казахские народные игры для детей ценны в педагогическом отношении, оказывают большое влияние на воспитание ума, характера, воли, развивают нравственные чувства ребёнка, укрепляют, способствуют закаливанию, а так же профилактике заболеваний.

Народные игры доступны для всех возрастов детей. Их можно с успехом использовать при планировании регионального компонента, в учебной программе. Включение игр помогает оживить, разнообразить урок. Специально подобранный комплекс народных игр позволяет достаточно быстро обучить основам любой спортивной игры, а также общей физической подготовке.

Важное значение имеет отбор народных игр для игровой части программы по физическому воспитанию. Игры для урока выбираются, прежде всего, в зависимости от их двигательного содержания: игра с бегом или прыжками, с метанием или передачей, с переноской предметов, с сопротивлением, преодолением препятствий, с ходьбой, элементами строя и т. д. Игры нужно

подбирать так, чтобы их двигательное содержание не повторялось при выполнении других упражнений.

Чтобы успешно провести игру, учителю нужно кратко и точно объяснить учащимся условия игры и сразу же организовать их. Ознакомление учащихся с различными вариантами игры проводится постепенно, к детальному изучению можно переходить только после усвоения учениками основного материала. Таким образом, при проведении всех игр соблюдается принцип постепенного усложнения.

При проведении подвижных игр в 1-4-х классах используются не только повсеместно распространенные, но и национальные игры. Так, например, на уроке для учащихся 4 класса по теме «Подвижные игры» разучиваем подвижные национальные игры «Жапалактар мен карлыгаш» (ястребы и ласточки), «Айголек» (кандалы). «Токта» (стой), так как в этом возрасте продолжается овладение школьниками базовыми двигательными навыками.

Более ярко соревновательный, характер носят игры, в которых участники делятся на группы, команды и где каждая группа или команда, каждый участник команды стремится достичь лучших результатов, победить.

В 5-8 классах внимание уделяю командным играм, которые способствуют взаимодействию игроков, стремление к победе, воспитывают морально-волевые качества. В основной части урока использую игры «Жамбы ату» (стрельба из лука), где учащиеся на бегу должны попасть в обруч, который установлен на стойке мячом; «Аркантартыс» (перетягивание каната) - обучающиеся, держась за концы каната, стараются перетянуть соперников на свою сторону.

В старших классах основное внимание уделяю на развитие силы, скоростно-силовой подготовки, совершенствование техники национальных видов спорта, участие в соревнованиях. Поэтому для развития скоростной выносливости используя быстрые национальные прыжки, танцевальные упражнения «Қаражорға».

В содержание урока включаю игры, игры-эстафеты с национальными элементами, развивающие силу, выносливость, быстроту реакции «Жорга жарыс», «Бэйге» (конное состязание), учащиеся должны быстро пробежать до стойки и обратно; «Кыз-куу» (догони девушку); «Кумис алу» (подними монету), который предполагает на бегу поднять предмет и, обогнув стойку, вернуться в свою команду.

Использование разнообразных форм и методов обучения в совокупности с включением национально-регионального компонента в содержание программы физического воспитания школьников приводит к росту мотивации учащихся для самостоятельных занятий физическими упражнениями, интересу к предмету «физическая культура» что, безусловно, положительным образом отражается и на спортивных достижениях учеников и результативности моей деятельности как учителя.

Мониторинг уровня физической подготовленности учащихся за последние три года показывает, что у учащихся развились такие физические качества как: сила, улучшилась работа дыхательной системы. Увеличились такие физические способности как: координационные, скоростно-силовые качества. Наблюдается рост спортивных достижений учащихся в соревнованиях различного уровня.

Высокий уровень мотивации учащихся к занятиям физической культурой привел к тому, что ученики нашей школы занимают призовые места не только на районном уровне, но и на областных мероприятиях, как по традиционному для нашего региона виду спорта – лыжным гонкам, так и по лёгкой атлетике.

Даже в рамках нашей небольшой сельской школы, где количество учащихся второй и третьей ступени обучения меньше ста человек, окончив школу, они продолжают профессионально заниматься спортом, принимают участие на республиканских и международных уровнях имеют разряды.

Достижение положительных результатов в физическом воспитании учащихся стало возможным благодаря повышению мотивации, роста интереса детей к занятиям физической культурой, на мой взгляд, и за счет введения в преподавание предмета национально-регионального компонента.

Включение национально-регионального компонента в преподавание физической культуры в общеобразовательной школе позволит более успешно решать задачи обучения учащихся жизненно важным навыкам и умениям, необходимым для адаптации в национальной социокультурной среде.

Итак, национальные игры в комплексе с другими элементами урока физкультуры представляют собой основу формирования гармонически развитой личности, сочетающей духовное богатство и физическое совершенство, что в дальнейшем способствует достижению высоких показателей на уроках физкультуры.

#### **Литературы**

1. Теория и методика физического воспитания: Учебное пособие для студентов факультета физического воспитания педагогических институтов / Б. А. Ашмарин, М. Я. Виленский, Г. Х. Грантынь и др.: Под ред. Б. А. Ашмарина – М.: Просвещение, 2006
2. Сухарев А. Г. Гигиенические принципы планирования двигательной активности школьников: автореф. ... докт. мед. наук: 14.00.07. – М., 2007.
3. Теория и методика здорового образа жизни: Учебное пособие / Г. Н. Виноградов, А. К. Кульназаров, В. Ю. Салов – Алматы, 2009.
4. Матвеев Л. П. Теория и методика физической культуры, М., Просвещение, 2007
5. Педагогика мәселелері. Вопросы педагогики. Республиканский научно-теоретический общественный журнал, №3 2013г. 5. Вайнбаум Я.С. Дозирование физических нагрузок школьников. М., 2007.



## ҮЙІРМЕ ТОПТАРЫНА ҚАТЫСУШЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАР ҮШІН ЭКСКУРСИЯ ҰЙЫМДАСТЫРЫП ӨТКІЗУ

**Жуманов Ержан Калдыбекович**

«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша

ПҚБАИ аға оқытушысы

**Таштанұлы Жәнібек**

Шымкент қаласы білім басқармасы

«Экология, өлкетану және туризм орталығының орталығы» КММ

Әдістемелік бөлім меңгерушісі

*Резюме*

*В данной статье рассматриваются организации экскурсий в кружковой деятельности*

*Summary*

*This article discusses the organization of excursions in circle activities*

Экскурсия (лат. excursio-саяхат жол жүру) жалғыз немесе топпен, ұжыммен көрікті жерлерді аралау музейлерге, саябақтарға бару, көрмелерге кәсіпорындарға тарихи-мәдени орындарға т.с.с оқу-танымдық білімдік сипаттағы, ғылыми спорттық немесе көңіл көтеру қызықтау мақсатында аралау.

- Экскурсия әртүрлі жас ерекшеліктегі топтармен бекітілген бағытта әр түрлі қозғалу тәсілдері (көлікпен жаяу) мен құралдарды қолдана отырып жүргізіледі.

- Экскурсия топпен бір немесе бірнеше нысандарды (географиялық, тарихи мәдени т.б.) оқу-танымдық және тәрбие алу мақсатында келіп көруі.

- Жоспарлы түрде экскурсия мекеменің бұйрығы бойынша ұйымдастырылып өткізіледі.

- Экскурсияға қатысушылар өздеріне –өздері қызмет етсе, өз беттерімен дайындалса онда өз бетінше дайындалған экскурсия болып табылады.

- Экскурсиялар өткізілу аймағы бойынша жергілікті және алыс жерлерге жасалынаты экскурсия болып бөлінеді.

-Жергілікті экскурсиялар аудан облыс көлемінде жүргізіледі.

-Өз аумағынан тыс жерлер алыс экскурсиялар.

- Экскурсияларға дәрігерлік тексеруден өткен денсаулығы жақсы азаматтарға рұхсат етіледі.

- Бір күндік экскурсияларға 7-жастан бастап, көп күндік экскурсияларға өз бетінше болатын және жоспарлы экскурсияларға 12-жастан бастап рұхсат етіледі. Экскурсиялық бағыттарды ондағы нысандарды жан-жақты білікті білімді маман гид- экскурсовод жетекші ретінде таныстыруы керек.

Экскурсиялық бағытты дайындау үш кезеңнен тұрады.

1) Алдын-ала істелетін жұмыстар.

-экскурсиялық бағытты таңдап белгілеу,

-экскурсиялық бағыт бойынша мәліметтік мәтінді таңдап алу, оларды жинақтап зерделеу.

2) Экскурсияның бағытын жасау мәліметтерді саралау экскурсия мазмұнын қарастыру, ол негізгі сұрақтарды қамтуы керек, бақылау мәтіні жазылуы керек,

экскурсияны өткізу әдістемесімен жұмыс жасау қажеттігі, экскурсия кезінде нысанды көрсету мен әңгімелеудің керекті тиімді әдіс –тәсілдерін қолдану, экскурсиялық бағыттың әдістемесі, гид-экскурсовод жетекші ретінде экскурсияны жүргізушілердің экскурсиялық бағыт туралы жеке мәтіндерінің болуы.

3) Экскурсиялық бағытты қорғау экскурсиялық бағытқа жіберуші мекеме басшысының экскурсиялық бағытты бекітуі, экскурсиялық бағыт бойынша мәтінді қорғаған гид-экскурсовод жетекшіге рұхсат беруі.

Экскурсиялық бағыт бойынша экскурсияға жауапты азаматтардың жауапкершілігін белгілеп бұйрық шығаруы. Оқушылардың немесе экскурсияға барушылардың тізімін медициналық анықтамасын сұраныс хаттарын дайындау.

Экскурсиялық бағыттың мәтініне және оның өткізілу жағдайына қарамастан барлық экскурсиялық нысандар бойынша экскурсияны өткізілу формасы бірдей болады, кіріспе, негізгі бөлім қорытынды.

Экскурсияны ұйымдастырып өткізу барысында экскурсанттармен танысу, олардың автокөлікке мініп-түсуі жолдағы, нысан маңындағы техника қауіпсіздігімен таныстыру, тәртіп ережесі туралы нұсқама беру. Ақпараттың мәтін туралы қысқаша хабарлама, бағыттың ұзақтығы, шығатын қайтатын уақыты тазалықтың сақталуы.

**Экскурсиялық бағыттың технологиялық картасы**

**Экскурсиялық бағыттың аталуы:** Шымкент-Отырар-Түркістан-Шымкент.

**Экскурсияның мақсаты:** Экскурсияны ұйымдастырып өткізу барысында Отырар мен Түркістан туралы жан-жақты толық мағлұмат беру.

**Экскурсияның міндеттері:** Экскурсиялық бағыттың дайындалған мәтіні негізінде нысанның немесе орынның өткені, қазіргісі және келешегі туралы бар ақпаратты айтып жеткізу.

Экскурсиялық бағыттың жүріп өту уақытының ұзақтығы - 12 сағат.

Экскурсиялық бағыттың жүріп келу қашықтығы - 540 км.

**Экскурсияның мазмұны:** Түркістан облысы, Шымкент қаласы туралы қысқаша мәлімет Отырар ауданы Әл-Фараби музейі, Отырар төбе, Арыстанбаб кесенесі, Түркістан қаласы туралы Әзірет Сұлтан атындағы мемлекеттік тарихи археологиялық қорығы туралы ақпарат беру.

**Экскурсиялық бағыттар:** тарихи-мәдени, сәулеттік, өндірістік, табиғат аясында және экономикалық тақырыптар бойынша өткізіледі.

Қорытынды 5-7 минутта жасалады, оны екі бөлімге бөлуге болады.

-экскурсиялық бағыттың негізгі мазмұнын қорытындысы.

-экскурсиялық бағыттың мақсатын жүзеге асыратын мәтінге байланысты түсінік жасау

**Экскурсиялық бағытты ұйымдастырып өткізу барысында мынадай кезеңдер болады.**

-экскурсиялық бағыт бойынша тапсырыс қабылдап құжаттарын рәсімдеу

-экскурсия жасайтын нысанды орынды анықтау, белгілеу.

- экскурсиялық бағыттың тақырыбы мен мақсаты міндетін анықтау.
- экскурсиялық нысанның ,орынның орналасуы, ол туралы білім беру құндылығы.
- экскурсиялық бағыт бойынша мәліметтердің дереккөздерін анықтау.
- экскурсиялық бағыттың схемасы бойынша жүріп өту жолы.

### **Экскурсия жүргізудің технологиялық картасы.**

- экскурсия жүргізушінің «жеке портфелінің» болуы.
- әдістемелік әдіс-тәсілдерді меңгеру.
- экскурсиялық нысандарын іріктеу мен зерделеуде экскурсиялық бағыт нысандарын дұрыс таңдау,

### **Экскурсиялық нысандар негізгі және қосымша болып бөлінеді:**

- 1) Негізгі экскурсиялық бағыт нысаны экскурсияның тақырыбын анықтайтын нысандар жатады,экскурсияны көрсету барысында тақырыпшаларға бөлінеді.
  - 2) Экскурсиялық бағыттың қосымша нысандары өткен жағдайлар туралы егжей-тегжейлі әңгімемен нақты деректерді толықтырады.
- Экскурсия тәжірибесінде 2,5-3сағаттық шолуда 15-30 тақырыптық нысан, тақырыптық экскурсияларда 10-15 нысандар пайдаланады.

### **Нысан ретінде:**

1.Туған өлкеміздің тарихи-мәдени өміріндегі тарихи оқиғаларға байланысты ұмытылмайтын жерлер(мысалы, Үш жүздің басын қосқан Ордабасы.т.с.с -атақты тұлғалардың өмірі мен қызметіне байланысты мемориалдық ескерткіштер музейлер сәулеттік құрылыстар тұрғын және қоғамдық ғимараттар мәдениет ғимараттары, инженерлік-өндірістік ғимараттар, мекемелердің ғимараттары т.б. құрылыстар.

2.Табиғат нысандары (орындары( өзен, көлдер ,қорықтар, ормандар, тоғайлар саябақтар, жоғалып бара жатқан өсімдіктер, ағаштар.

- мемлекеттік музейлер, көрмелер тұрақты және уақытша көрмелер,
- өнер ескерткіштері, қолөнер бұйымдары мүсіндер, сурет бейнелеу өнері шығармалары т.б.

### **Экскурсиялық нысандар сақталуы жағдайына қарай толық сақталған, жартылай сақталған жойылған болып есептеледі.**

Экскурсиялық нысандарды іріктеу барысында әрбір нысанға жеке карточка толтырылады. Карточкада мынадай мәліметтер болуы тиіс:

- нысанның атауы бұрынғы, қазіргі жұртшылық қалай атайды.
- экскурсиялық нысанға байланысты тарихи оқиға, оның уақыты.
- экскурсиялық нысанның географиялық орны, пошталық мекен жайы орналасқан аймағы (облысы елді мекен)
- экскурсиялық нысанның (ескерткіштің) сипаттамасы (авторы салынған , жасалған пайда болған уақыты, жасалған материалы жазба мәтіні)
- экскурсиялық нысан туралы мәлімет дереккөзі (жазылған әдебиеті мұрағат мәліметі, ауызша айтылған сөз, баспасөз материалдары.
- экскурсиялық нысанның сақталуы орналасқан жердің жағдайы мен қайта өңделген уақыты.

-экскурсиялық нысанды (ескерткіштерді қорғауға алған мекеме ұйым кімге жүктелген).

-қандай экскурсияларда нысан қолданылады.

Карточканың жасалған уақыты, оны жасаған адамның лауазымы мен аты –жөні жазылады, сондай-ақ экскурсиялық нысанның бұрынғы суреттерімен қазіргі суреті болуы тиіс.

#### **Экскурсиялық нысандар негізгі және қосымша болып бөлінеді:**

1) Негізгі экскурсиялық бағыт нысаны экскурсияның тақырыбын анықтайтын нысандар жатады, экскурсияны көрсету барысында тақырыпшаларға бөлінеді.

2) Экскурсиялық бағыттың қосымша нысандары өткен жағдайлар туралы егжей-тегжейлі әңгімемен нақты деректерді толықтырады.

Экскурсия тәжірибесінде 2,5-3сағаттық шолуда 15-30, тақырыптық экскурсияларда 10-15 нысандар пайдалынады.

#### **Нысан ретінде:**

-Туған өлкеміздің тарихи-мәдени өміріндегі тарихи оқиғаларға байланысты ұмытылмайтын жерлер(мысалы, Үш жүздің басын қосқан Ордабасы.т.с.с

-атақты тұлғалардың өмірі мен қызметіне байланысты мемориалдық ескерткіштер музейлер сәулеттік құрылыстар тұрғын және қоғамдық ғимараттар мәдениет ғимараттары, инженерлік-өндірістік ғимараттар, мекемелердің ғимараттары т.б. құрылыстар.

Табиғат нысандары (орындары) (өзен, көлдер, қорықтар, ормандар, тоғайлар саябақтар, жоғалып бара жатқан өсімдіктер, ағаштар.

-мемлекеттік музейлер, көрмелер тұрақты және уақытша көрмелер,

-өнер ескерткіштері, қолөнер бұйымдары мүсіндер, сурет бейнелеу өнері шығармалары т.б.

#### **Шымкент қаласы және Оңтүстік өлкесінде жасалынатын экскурсиялық бағыттардың арақашықтықтары**

1. Бәйдібек ескерткіші, Зообақ-Дендробақ. (40-50км)

2. Облыстық тарихи өлкетану музейі. Ұлттық салт-дәстүр орт.(40-50км)

3. Абай саябағы-Қуғын сүргін құрбандарының мұражайы.(35-40км)

4. Тәуелсіздік саябағы-Ордабасы алаңы,Шәмші алейсы.(30-35км)

5. Шымкент-Тұрлан елді мекеніндегі қолданбалы этног, музейі.(40-50км)

6. Шымкент-Түркістан қаласы-Шымкент.(360-380км)

7. Шымкент-Отырар-Арыстанбаб-Шымкент.(360-380км)

8. Шымкент-Отырар-Арыстанбаб-Түркістан-Шымкент.(410-420км)

9. Шымкент-Біркөлік шатқалы-Шымкент. (120-130км)

10.Шымкент-Сайрамсу шатқалы-Шымкент. (160-18км)

11.Шымкент-Ақмешіт шатқалы-Шымкент.(120-130км)

12.Шымкент-Ақсу Жабағалы-Шымкент. (200-220км)

13.Шымкент-Машат шатқалы-Шымкент. (120-130)

14. Шымкент-Домалақ ана-Ақмешіт үңгірі-Шымкент. (250-260км)

15. Шымкент-Сайрам-Мәртөбе-Шымкент.(100-110км)

16. Шымкент-Ордабасы тарихи-мәдени ұлттық қорығы.(100-110км)

17.Шымкент-Ғайып Ерен-Қырық шілтен-Кеме қалған кешені-Шымкент.(120-140км)

**Әдебиеттер:**

- 1 Ердаuletов Р.С. «География туризма» Алматы 2000 год.
- 2 Веденин Ю.А. «Рекреационная деятельность» Москва 1971 г.
4. Ә.Ә.Жолдасбеков «Қазақстан Республикасына туризм дамытудың әлеуметтік экономикалық мәселелері». Алматы 2003ж.

ОӘЖ

**ОҚУШЫЛАРДЫ ҚОЛДАНБАЛЫ ҚОЛӨНЕРГЕ БАУЛУДЫҢ ЖОЛДАРЫ**

**Абашева Перизат Алпысбаевна**

«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша ПКБАИ «Білім беру процесін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» кафедрасының меңгерушісі п.ғ.к.

**Назарова Бағила Тажметқызы**

Шымкент қаласы, №120 Б.Момышұлы атындағы жалпы орта мектебінің оқу ісі орынбасары, пәні сызу және бейнелеу

*Резюме*

*В данной статье рассматривается глубокое, всестороннее изучение учителями-предметниками с учащимися культуры своего народа, воспитание чувства уважения и гордости к своей нации, уважение к культуре других национальностей*

*Summary*

*This article examines a deep, comprehensive study by subject teachers with students of the culture of their people, fostering a sense of respect and pride for their nation, respect for the culture of other nationalities*

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Назарбаев жыл сайынғы жолдауында білім саласына ерекше басымдылық беріп, жастардың білім-біліктілігін жетілдіру үшін барлық жағдай жасауда «Қазақстан-2050» Стратегиясында: «Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек...». «Біздің басты мақсатымыз – 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру.

Қазіргі таңда білім сапасы мұғалімдер қызметінің сапасына тікелей байланысты. Мұғалім жайлы Ахмет Байтұрсынов былай деген: ... « Мұғалім қандай болса, мектеп те сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі білімді, педагогикадан, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім». Демек білім сапасын көтерудің негізгі тетігі- ұстаз, сондай-ақ, оның теориялық білімі мен кәсіби шеберлігі, шығармашылық қызметі. Бүгінгі таңдағы мектептердің алдында тұрған мәселе онлайн режимде оқушыларды дамыта оқыту, яғни, оқушыны оқу әрекетіне қалыптастыру, олардың оқуға ынтыласын ояту, қызығушылығын арттыру. Сондықтан, мұғалімнің алға қойған

маңызды міндетінің бірі – талабы таудай жеке тұлғаны іздеп табу, оны өсіру. Әр оқушының қабілетін танып біліп, дамытып адам дәрежесіне жеткізу үшін жаңашыл жұмысқа бет бұру керек.

Қазіргі кезде заман талабына сай, мектептің, ұстаздардың алдына қойған мақсаты - мектеп қабырғасында тәрбиеленіп келе жатқан жас ұрпақты ұлтымыздың көнеден келе жатқан салт-дәстүрімен таныстыру, еңбекке деген шеберлігі мен икемділігін, өнерге деген сүйіспеншілігін арттыру. Бұл тек ұстаздардың ғана емес, сонымен қатар қазақтың көне салтдәстүрін, әдет-ғұрпын, тұрмыс-тірліктерін, қолөнерін жадымызда ұстау, келешек ұрпаққа үйрету, ата-бабаларымыздың дәстүрін ұмыт қалдырмау.

Бүгінгі таңда қолөнерді оқыту үрдісінде көшіріп салу, дайын жобалық нобайлармен жұмыс жасау орын алып келеді. Әрбір оқушының қоршаған ортадан алған әсері, көркем дүниені қабылдауы, жүрегімен сезінуі, түсінуі әр алуан. Сондықтан оқушының жеке дара қабілетін ескеріп, өз бетімен ізденуге жағдай туғызу керек және өз ойын еркін жеткізіп бейнелеуге, шығармашылық жұмыс жасауға жұмылдыру біздің басты парызымыз. Осыған орай, қазақ қолданбалы қолөнеріндегі кеңінен тараған қолөнер түрлерін оқушыларға көркем еңбек сабағында таныстыру, осы бағытта баули отырып, эстетикалық тәрбие беру, жастарды халық қолөнерінің көп ғасырлық үрдісіне негіздеу қалыптастырылады. Ұлттық мектептің мәні өз шәкірттеріне халқының мәдениетін терең, жан-жақты үйрету, олардың санасына, ұлтына деген көзқарасын, құрмет пен мақтаныш сезімін сіңіре білуде, басқа ұлттардың мәдениетін қадірлей білуге ұштастыру болып табылады. Оқушыларды әсемдікті сезініп, түсініп, қадірлей білуге баулу эстетикалық тәрбие беру арқылы іске асырылады. Мектепте көркем еңбек сабағын халықтық педагогикамен ұштастырудың маңызы зор. Еңбек оқушылардың ең бірінші өмірлік қажетіне айналу үшін, еңбек ету талабын адамның бойында тәрбиелеудің зор маңызы бар. Бұл міндет - адам өзі ынта қойған еңбекпен шұғылданып, оның бейімделігімен мүддесіне сай келетін және адамгершілік қанағат беретін іспен шұғылданған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Сондықтан да бұл міндеттерді шешу еңбекті дұрыс таңдап алумен аса тығыз байланысты. Еңбекке тек шығармашылықпен қарау ғана, тек жасау мен материалдық игілік алудың құралынан, ортақ рухани және ең алдымен, адамның адамгершілік дамуының құралына айналдыра алады.

Көркем еңбек сабағы - мектеп оқушыларын рухани байытып, дүниетанымын қалыптастыратын пәндердің бірі. Көркем еңбек пәнінде ұлттық қолөнерді, тәрбиені үйрету арқылы мынадай дағдыларды немесе іскерлікті қалыптастырамыз:

- еңбекқорлыққа;
- ұлтжандылыққа;
- рухани мәдениетке;
- іскерлікке;
- шыдамдылыққа;

- ізденімпаздылыққа.

Оқушыларды еңбек қызметіне іс жүзінде даярлау міндетінің де маңызы бұдан кем емес, өйткені адам белгілі бір еңбек дағдыларына ие бола отырып, еңбек ете алмайды, әрі бұдан басқа еңбек үрдісінде ғана, оқушыларды мектептегі сарамандық еңбек қызметіне тарту жолымен еңбекке қатынастық негізін қалауға болады. Халық қолөнерінің бай мұраларын жинап, сұрыптай отырып, заманымызға сай лайықты сапа, түр беру әдісімен оларды ілгері дамыта беруіміз керек. Халық өнерін оқып, оны өмірмен ұштастыра білген адамның жан дүниесі кеңейеді, ой алғырлығы артады, шеберлігі кемелденеді. Ол адамның мәдени, рухани және шығармашылық дәрежелерінің көрсеткіші ретінде адамның күш-қуатының даму үрдісін іске асырады, кісіні сауаттылыққа жетелейді. Сондықтан сол өнерді келешек ұрпаққа жеткізіп түсіндіре дамыта білуді негізгі мәселе деп қараймыз. Оқушыларға өздері оқып үйренетін ғылым негіздерінің іс жүзіндегі маңыздылығын көрсетіп, олардың бойында машықтанып алған білімдерін қолдану дағдыларын жасаудың маңызы зор. Сонымен бірге, оқушы өзін қоршаған ортаның, дүниенің, салт-дәстүріміздің, қолөнеріміздің адам айтқысыз қымбат, замандар бойы тарих жасап қалдырған асыл мұра екенін жете түсінуі керек. Жоғарыда айтылғандардың бәрі кәсіби технология үйірме сабағында үйрету, оқыту, игерту болып табылады. Адамзат дамуының қайсысында болмасын, қоғаммен бірге дамыған қолөнер әр дәуірге өзінің өшпес ізін қалдырып, әлеуметтік көркем жағынан дәуір тынысын қалт жібермей әсерін тигізіп отырған. Қолөнер дүниежүзінің барлық халқына тән. Бұл – халық қазынасы, ғасырлар мұрасы. Соған орай әр елдің, әр халықтың тарихи дамуына байланысты қолөнері өзіндік ерекшелігі мен эстетикалық талғамына байланысты қолөнері өзіндік ерекшелігімен халық өміріне өшпес із қалдырып отырған. Халқымыздың қолөнерінен туған асыл мұраларын әр оқушыға саналы түрде жеткізуге, оның сырын ұқтыруға, түсіндіруге, терең зерттеуге, одан әсер алуға, қазіргі заман талабына сай көркем шығармашылықпен дамытуға тиістіміз. Сондықтан да біз өмір бойы оқып үйренуге тиіспіз.

Сонымен, қорыта келгенде, жасөспірімдерге көркем қолөнердің берер ықпалы өте зор. Мектеп бағдарламасына сәйкес қолөнердің әр түрін үйретудің өзіндік орны бар. Бүгінгі күнде тәуелсіздігіміздің арқасында ата-баба дәстүрі жалғасын табуда. Оқушылар қолынан шыққан бұйымдарды көріп, ата-баба дәстүрі жаңарып жалғасуда. "Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға", - деп қазақ халқының ұлы, кемеңгер, данышпан ақыны Абай айтқандай, зерек те, іскер бес саусағынан өнер таматын шәкірттерді оқытуға, үйретуге біз, ұстаздар, әрқашан да дайынбыз. Бабаларымыздан жеткен асыл мұраны шаң басқан жерінен сілкіп, тот басқан бетін ашып, кейінгі ұрпаққа жеткізетін кез жетті деп ойлаймыз. Ұстаздық - ұлы ұғым, сондықтан ұлттық мектептің ұлы мұратын ұмытпай, бойымыздағы білімімізді, ұрпақтан ұрпаққа жалғастыру міндетіміз.

#### **Әдебиеттер:**

1. Адамқұлов Н.М. Қолөнер бұйымдарын жобалау негіздері. - А., 2007 ж.

2. Нурке М.С. Жүн бұйымдарының технологиясы. – Алматы, 2007.

3. Жәнібеков Ө. Қазақ киімі. – Алматы: Өнер, 1996 ж.

ОӘЖ

## ДЕНСАУЛЫҚ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ САҚТАУ

**Имашева Гульнара Туткабаевна**

«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша

ПҚБАИ аға оқытушысы

**Айдарбекова Зулфима Сергалиевна**

Шымкент қаласы, Б.Момышұлы атындағы жалпы орта мектебінің әдістемелік

ісі жөніндегі орынбасары, пәні биология

*Резюме*

*В данной статье рассматриваются виды здоровья и пути его сохранения*

*Summary*

*The article is considered the types of health and how to preserve it*

"Денсаулық - зор байлық,"- дейді қазақ. Халықтың денсаулығын сақтау аурулардың алдын-алу мен оларды емдеу бағыттары мемлекеттік, әлеуметтік, экономикалық, медициналық және биологиялық (физиологиялық) мәселе. Адамның еңбек пен тұрмыс жағдайын жақсарту беру, аурулардың алдын алу. Халықтың дене және рухани күшінің жан-жақты дамуына қолайлы жағдайлар туғызу, халыққа тегін, жалпыға бірдей, жоғары дәрежедегі мамандандырылған медициналық көмек көрестуді қамтамасыз ету біздің тәуелсіз егеменді мемлекетіміздің аса маңызды міндеттерінің бірі.

Елімізде денсаулық сақтау ісімен денсаулық сақтау министрлігі айналысады. Облыстарда, аудандарда денсаулық сақтау бөлімдері жүргізіп отырады. Кейінгі кезде халықтың денсаулығы өте нашарлап кетті. Оның ең басты себептерінің бірі экологиялық жағдайларға байланысты. Қазақстан жерінің экологиясы басқа мемлекеттермен салыстырғанда, өте нашарлап кетті. Қазақстан Республикасында емдеу практикалық мекемелер арқылы барлық медициналық жәрдем көпшілік жағдайда тегін көрестіледі. Мемлекеттік бюджеттен арнаулы түрде қаржы бөлініп отырады. Балалар дәрігерлік көмекті балалар ауруханасы мен емханалардан тегін алады, ал 3 жасқа дейінгі балалар консультация орындарының бақылауында болады. Денсаулық дегеніміз ағзаның айналы қоршаған сыртқы орта факторларына бейімделуі. Айналы қоршаған сыртқы орта факторлары әсерінен адамдардың денсаулығы қалыптасып, ол даму түседі.

Қазіргі кезде денсаулықтың бірнеше түрі бар екені белгілі болды. Олар:

1. Физикалық денсаулық — ағза жүйесі мен органдардың өсу деңгейі. Оның негізін морфологиялық және функциялық кезектер қалайды. Олар ағзаның бейімделу реакциясын қамтамасыз етеді.

2. Соматикалық денсаулық — Ол адам ағзасы мен органдарының арасындағы биологиялық жағдайы. Оның негізін ағзаның жеке дамуының биологиялық бағдарламасы реттейді.

3. Психикалық денсаулық — ол адамның, психикалық сферасының жағдайы. Ауруды болдырмау, адекватты реакцияларды жасау адам өмірінің мақсатын болжау, мұның бәрі биологиялық және әлеуметтік қажеттіліктен туындайды.



Ағзасында функциялардың өздігінен реттелуі, функциялық үрдістердің келісімді түрде өтуі, айналаны қоршаған сыртқы орта факторларының әсерлеріне бейімделу қасиеттерінің, жоғары дәрежелі жағдайда болуы.

4. Рухани денсаулық — ол адамдардың информацияны қабылдау қабілеттілігі мен мотивациялық іс-әрекетінің арасындағы қарым-қатынастардың сипаттамасын көрсетеді. Оның негізгі бағалық жүйесі, индивидтердің қоғамдағы орны мен оның мотивті түрде орнығуын баяндайды. Ол адамның көңіл-күйін анықтайды. Өйткені рухани денсаулық жалпы адамдардың жомарттылығын, сүйіспеншілігін және жан дүниесінің сұлулығын көрсетеді.

Физикалық, соматикалық, психикалық және рухани денсаулықтардың өздерінің жинақталған көрсеткіштері мен критерийлері болады. Олар:

1. соматикалық және физикалық денсаулықтың критерийі мен бәрін "өзім жасай аламын" деп көрсететін критерий;

2. Психикалық денсаулықтың критерийі - маған қажет заттардың бәрін "өзім тауып аламын";

3. Рухани денсаулықтың негізгі критерийі — мен "өзім жасауым керек". Денсаулықты көрсететін негізгі белгілер:

1) Адам ағзаларында арнаулы (иммунды) және арнаулы емес түрде пайда болып қалыптасқан денсаулық және оны бұзатын факторларға денсаулықтың қарсы тұра алатындығы;

2) Ағзаның өсуі мен дамуының көрсеткіші;

3) Ағзаның қор ретінде (резервте) жиналған және функционалды жағдайын сипаттайтын белгілер.

4) Әртүрлі дефектілерге байланысты дамымай қалған немесе бір ауруларға сәйкес денсаулықтың болмауы және денсаулық деңгейі;

5) Моральді еріктің деңгейі және рухани-мотивациялық белгі.

Адамдардың денсаулығы неге байланысты болады деген сауалға келетін болсақ денсаулықты шартсыз түрде 100 пайыз етіп алсақ оның 20% тектік факторларға 20% айналаны қоршаған сыртқы орта жағдайларына экономикалық факторлардың әсеріне, 10% - денсаулық сақтау жүйелерінің әлсіздігіне байланысты болатыны анықталып отыр. Денсаулық сақтау жүйесі жақсы түрде қызмет жасайтын болса, және дәрі-дәрмектер жеткілікті болса, онда адамдардың денсаулығы арта түсетіні сөзсіз. Неше түрлі түрлі жұқпалы дерттерге адам ағзасы қарсы тұра алады. Өйткені адам ағзасы табиғаттың өзі ерекше түрде жаратқан құбылысы. Денсаулықтың 50%-інің жақсы болуы адамдардың өздеріне байланысты болатының медицина және биология ғылымдары ғылыми тұрғыдан дәлелден шықты. Көптеген адамдар олардың ішінде жас жеткіншектер денсаулықтары өздері бұзатыны байқалып отыр, Олар: ішімдік ішу, есірткі заттармен айналысу және токсикалық уларды иіскеу, немесе денелеріне жағумен әуестену. Қандайда болмасын, олар адам өмірін өте қысқартып жіберетіні сөзсіз.

Салауатты өмір сүру салты дегеніміз не? Осыған біраз тоқталайық.

Салауатты өмір сүру салты дегеніміз - биоэлеуметтік категория. Салауатты өмір сүру салты интегративті түрде қалыптасады. Сондай-ақ, адамдардың іс-әрекеттеріне байланысты болады. Салауатты өмір сүру салты шаруашылық, күнделік үй тұрмысы, материалдық және рухани формаларын қанағаттандыру үшін, қоғамдық ұжымдарда өзін-өзі ұстай білуі, қоғамдық тәртіппен санасу, артық сөз айтпау, орынсыз саясатпен айналыспау, кез-келген адамдарды жамандамау, біреуді-біреуге шағыстырмау, өзін ақылды деп есептеп, басқаларды ақымақ ретінде қору т.б. аулақ болу. Сонымен өмір сүру салты дегеніміз - тұлға мен қоғам деңгейінің прогрессті дамуының көрсеткішінің категориясы.

Салауатты өмір сүру салтының жоғары немесе төмен деңгейде болуы. элеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты болады. Адамның психикасына, денсаулығына, ағзаның функционалды биологиялық қасиеттеріне де байланысты болады.

Адамдардың биологиялық ерекшеліктеріне сәйкес салауатты өмір, сүру салты біркелкі болмайды. Болу керек деп айту да дұрыс емес. Әр адам өзіне тән қалыптасқан өмір салтымен тіршілік етеді. Ол ұрпақтан ұрпаққа "тен" арқылы беріліп отыруы мүмкін. Міне, осыған байланысты "салауатты өмір сүру салтының" үш категориясы болады:

- 1) Салауатты өмір сүру деңгейі:
- 2) Салауатты өмір сүрудің сапасы:
- 3) Салауатты өмір сүрудің стилі:

Салауатты өмір сүру деңгейі дегеніміз – экономикалық категория.

Адамдардың материалдық және моральдық-рухани қажеттілігі толығымен қамтамасыз етілуі.

Салауатты өмір сүрудің сапасы дегеніміз - элеуметтік категория -үй-іші қызмет істейтін орындары (оқу орындары, мектептер) неше түрлі адам денсаулығының қамтамасыз ететін комфортты мебельдер мен лабораториялық жабдықтармен қамтамасыз етілуі.

Салауатты өмір сүрудің стилі дегеніміз – элеуметтік-психологиялық категория — адамның қоғамдық орындарда (мектептерде) өзін-өзі ұстап және көрсете білуі. Белгілі бір қалыптасқан стандартты ұстап, өмір сүру.

Салауатты өмір сүру деңгейі мен салауатты өмір сүру сапасы эквиваленталды болып келеді. Сондықтан да, адам денсаулығының жақсы және жаман болуы салауатты өмір сүру стиліне байланысты болады. Ал салауатты өмір сүру стилі тарихи және ұлттық дағды, дәстүрлер арқылы қалыптасады. Сондай-ақ тұлғаның бейімділігіне байланысты болады.

Адамның жүріс-тұрысы оның тіршілікке қажетті заттарын пайдалануға қарай дамиды.

Адам өзінің жеке басының ерекшелігіне сәйкес өмір сүреді. Белгілі, бір ұжымдарға қалыптасып, сол ұжым мүшесі болып сіңіп кетеді. Қызмет еткен ұжым мүшелерімен бірге өсіп, біте қайнасып кетеді. Адам бір-біріне көмекке келеді. Адамның басына түскен ауыр жағдайлармен бөліседі. Адамның жүріс-

тұрысы біркелкі емес. Ол тәрбиеге байланысты болады. Тәрбиелі үйлердің балалары сүйкімді тәртіпті келеді. Үлкенді аға, кішіні іні деп ерекше көзге түсіп тұрады. Жақсы тәрбие көрген балаларды педагогтар бірден тани кетеді. Ал, тәрбиені аз көрген балаларды бірден ажыратуға болады. Тәжірибелі мұғалім, адам оларды бірден байқап отырады. Жалпы қазақ елін ежелден салауатты өмір сүрудің салтының символы деп есептеуге болады. "Ұяда, не көрсең, ұшқанда соны ілесің" деп егде адамдар өзінің ұрпақтарына үйретіп отырады өмір сүру салты мен денсаулықтың ара-қатынасына салауатты өмір сүру салты туындайды. Салауатты өмір сүру валеология ғылымының негізі болып есептеледі. Салауатты өмір сүру салты адамның профессионалды іс-әрекетінің, қоғамдық қызметімен» күнделікті тіршілік ету функцияларымен дамып отырады. Бұлар денсаулықтың қалыптасуына және оның сақталуына, мықты болып бекінуіне жәрдемдеседі. Осыдан келіп, қоғамдық денсаулық қалыптасады. Жалпы алғанда адам денсаулығы бірінші орында болуы қажет. Бірақ жас жеткіншектер өздерінің денсаулығына онша мән бермейді. Ол жастық өмірдің белгісі, тәрбие жұмыстарының әлсіздігі. Сондықтан да балаларды жас кезінен бастап денсаулығын сақтай білуге тәрбиелеудің қажеттілігі туындайды. "Баланы жастан..." тәрбиелеу керек дейді қазақ. Өмір тәжірибесінен жинақталған қағида екені өзінен-өзі белгілі. Осыдан келіп денсаулық зор байлық деген ұғым қалыптасады.

Жер шары халықтарына әлеуметтік-гигиеналық зерттеу жүргізу нәтижесінде жинақталған орасан көп құжаттарды талдай келіп, дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ), (ВОЗ). Мына төмендегідей тұжырым жасалы. "Жер шарының халықтарының денсаулықтарының сақталуының 49-53% адамдардың салауатты өмір сүру салтына байланысты екенін анықтады. Бір сөзбен айтқанда адамдардың өз денсаулығына деген көзқарасына байланысты, ал 17-20% әлемдік экологиялық факторларға байланысты, әдетте әлемдік экологиялық фактор үнемі өзгеріп отыратын табиғи құбылыс, оны мөлшерден тыс өзгертетін адамдардың өздері (антропогендік фактор). Әсіресе, тәрбиесі мен түсінігі аз адамдар табиғи экологияны үнемі бұзып жіберіп отырады. Ал 18-22% тұқым қуалайтын себептерге байланысты (оны генетиптік себеп деп ғалымдар есептейді), 8-10% денсаулық сақтау орындарының қызмет істеуіне байланысты деп қорытынды жасалған.

Салауатты өмір сүру салты көп факторларға (экономикалық, әлеуметтік, адамның жеке басының тәрбиесі мен біліміне) байланысты екені толығымен анықталды.

Салауатты өмір сүру салтының негізі биологиялық және әлеуметтік принциптері.

1. Биологиялық принциптерге жататындар:

- а) салауатты өмір сүру салты адамдардың жас ерекшелігі;
- б) салауатты өмір сүру салты энергетикалық принциптері;
- в) салауатты өмір сүру салты эстетикалық қызметке;
- г) салауатты өмір сүру салты ритмикалық үрдістер;

д) салауатты өмір сүру салты денсаулықты арттыруға байланысты болу керек.

2. Әлеуметтік принциптерге жататындар:

а) салауатты өмір сүру салты және эстетикалық қызмет;

ә) салауатты өмір сүрудің рухани түрде жеткіліктілігі;

б) салауатты өмір сүру салты еріктігін дамыту;

в) салауатты өмір сүруде адамның "үшінші жағдайда" болмауын қамтамасыз ету;

г) өзін-өзі тежеуіне байланысты болуы.

Осы жоғарыда көрсетілген принциптерді іске асыру оңай шаруа емес. Өйткені, бұл принциптер бір-біріне қарама-қарсы келеді. Әрқашанда көңілдегіден болып шықпайды. Жақсы нәтиже бермейді. Жасыратыны жоқ, біздің егеменді елімізде денсаулық сақтау мәселесіне айтарлықтай көңіл бөлініп отырған жоқ. Халықты нешетүрлі аурулар меңдеп кетті. Кейінгі жылдары жан-дүниелі дерттер адамдар арасына көптеп тарап кеткен. Қантты диабет ауруы екі адамның бірінен кездесе береді. Әрбір мың бала туса, олардың 40-ы кемтар болып туатынын дәрігерлер айтып жүр. Салауатты өмір сүру салты бұзатын факторлардың бірі – дұрыс және жүйелі түрде өз мезгілінде тамақтанбау. Сондықтан да адамның массасы өсіп шеттен тыс семіріп кетеді.

Ол неге әкеп соғады адамды ауыруларға шалдықтырады. Кейіннен өмір мен қоштасуға себепші болады.

Ал қазіргі нарықтық экономика көпшілікке оң эмоциялық жағдай туғызып отыр деп айта алмаймыз. Көптеген адамдар салауатты өмір сүріп отырған жоқ.

Қорыта айтқанда, салауатты өмір сүрудің салты тек табиғат қана емес, ол адамзат баласын асыраушы ана. Табиғаттың келешегі зор, берері мол. Оған бірді берсең онды, онды берсең жүзді, жүзді берсең мыңды, мыңды берсең миллионды аласың, міне табиғат заңы осындай.

#### **Әдебиеттер**

1. М.Т.Матюшонок., Г.Г.Турик., А.А.Крюкова., “Балалар мен жасөспірімдер физиологиясы және гигиенасы” А, Мектеп, 1986ж
2. Р.Шмидт., Г.Тевс “Адам физиологиясы” А.1996ж
3. С.Ж.Жұмабаев “Жас ерекшелік физиологиясы” А.1997ж

## МАЗМҰНЫ

<b>Сүгірбаева Гүлжан Дәулетбекқызы</b> АЛҒЫ СӨЗ.....	3
<b>Исабек Б.Қ.</b> ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ДАМУЫНДАҒЫ АБЫЛАЙ ХАННЫҢ ОРНЫ.....	4
<b>ҰЛТТЫҚ ИДЕЯНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ҚОҒАМДЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ҚОЛДАУ</b>	
<b>Битурсын Г.Ш., Мадалиева А.А., Нуржанұлы А.</b> 30 ЛЕТ НЕЗАВИСИМОСТИ КАЗАХСТАНА: ФОРМЫ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ВЛАСТИ В ПРЕДЕЛАХ ПОЛНОМОЧИЙ ПРЕЗИДЕНТА.....	9
<b>Жарылқасын Ә. Ғ, Умбеталиева А.М, Сейдаева А.Н</b> ҰЛТЫМЫЗДЫ ҰЛЫҚТАУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ МӘСЕЛЕЛЕРІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕРДІҢ ОРНЫ.....	13
<b>Тажитаева Р.С., Қуандық Н.Ж., Қылышбаев А.Д.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ЖАҢҒЫРТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	17
<b>Алдаберген М.Н., Алдабергенова М.К.</b> ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІГІНІҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІНДЕГІ АБЫЛАЙ ХАННЫҢ РОЛІ.....	21
<b>Арынғазиева Б.Б.</b> XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ОЙШЫЛДАРЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ФИЛОСОФИЯСЫ.....	26
<b>Амангелдиев С.Д.</b> МАРКО ПОЛО САЯХАТТАРЫНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ.....	32
<b>Ахмедов Э. И.</b> МЕКТЕП МҰРАЖАЙЫН ҚҰРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ .....	36
<b>Мусаева Қ.А.</b> ЖАЛАҢТӨС БАҒАДУРДЫҢ ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ ОРНЫ.....	39
<b>Нәлібаев К.Қ., Расулов П.</b> ЕЖЕЛГІ ЗАМАНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҒАРЫШТЫҚ-КЕҢІСТІК КӨЗҚАРАСТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ.....	43
<b>Бекманова Д.М</b> ОСНОВНЫЕ ЭТАПЫ ВНЕШНЕЙ ПОЛИТИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В ПЕРИОД НЕЗАВИСИМОСТИ.....	48
<b>Орынбасарова Г.Ж., Жадраева Г. А.</b> ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІНДЕГІ ЖӨРМЕҢКЕ САУДАСЫ МЕН КӨПЕСТЕРДІҢ РОЛІ(ХІХ ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ).....	51
<b>Муждабаева Г. К.</b> ШКОЛЬНИКУ О НАЗВАНИЯХ КАЗАХСТАНСКИХ ГОРОДОВ.....	56
<b>Урманов Х. А.</b> ҰЛЫБРИТАНИЯ ОТАРЛАУ САЯСАТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	59
<b>Шырынбекова О. Д.</b> ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ӨЗДІГІНЕН ЖЕТІЛУІНДЕГІ ІШКІ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	64
<b>Нурманова Ж. К., Қуанышқызы А., Еспулатова Т. А.</b> МӘҢГІЛІК ЕЛ - ТӘУЕЛСІЗДІК ТАУСЫЛМАС ҚУАТ КӨЗІ .....	67
<b>Нурманова Ж. К., Сандыбай А.Ә., Бутаева К.Б.</b> ТАРИХЫН ЖАТҚА БІЛЕР - БІЛІМДІ ҰРПАҚ.....	71
<b>Марина Г.А., Сыздыкова Г.М.</b> ХАН АБЫЛАЙ И ЕГО ВРЕМЯ.....	76
<b>Ибрагимова З.З.</b> НЕОБХОДИМОСТЬ ВЫБИРАТЬ ЧЕЛОВЕЧЕСКОЕ КАК СПОСОБ ОВЛАДЕНИЯ СВОЕЙ ПРИРОДОЙ.....	81
<b>Мукашева Г.М.</b> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ ҰЛЫБРИТАНИЯНЫҢ ГУМАНИТАРЛЫҚ	

САЛА БОЙЫНША ҚЫЗМЕТТЕСТІГІ.....	85
<b>Асқарова А.Т., Асқар А.Т., Асқар А.Т.</b> РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ-ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫ.....	89
<b>Ауелбекова Б.С.</b> ҰЛТТЫҚ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ОТБАСЫНЫҢ РОЛІ.....	93
<b>Кожантаева С.Ж.</b> ОҚУ ТӘРБИЕ ҮРДСІНДЕ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ МАҢЫЗЫ.....	97
<b>Салыбекова А.С.</b> РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК БІЛІМ БЕРУДЕ СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....	101
<b>Сартбаева У.К., Битұрсын Ғ.Ш.</b> ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БОЙЫНША ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫ САРАЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	106
<b>Шырынбек Н.Е.</b> РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДА БІЛІМ БЕРУДІ ІЗГІЛЕНДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	111
<b>Байгулова А.А.</b> РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ҰЛТТЫҚ САНАСЫНЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ	115
<b>Елдибаева Ш.О.</b> ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕНІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ	118
<b>Темиршикова Х.Т.</b> ЖАС ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК МӘСЕЛЕЛЕР.....	123
<b>Айтай Б.С., Дастан Әлішер Асылбекұлы</b> ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДІНТАНУ НЕГІЗДЕРІ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	128
<b>БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МАМАН ДАЙЫНДАУ: ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТ МӘСЕЛЕЛЕРІ</b>	
<b>Нүрпейісов Н.Ж.</b> АБЫЛАЙ ХАН – ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРИХЫНДАҒЫ ҰЛЫ ТҰЛҒА.....	132
<b>А.С.Пазылова, Д.Н. Байғұтова, Ж.С.Қуанбаева</b> МЕЗГІЛ БАҒЫНЫҢҚЫ САБАҚТАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ СЫҢАРЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ МЕЗГІЛДІК ҚАТЫНАСТАР.....	138
<b>Байғұтова Д.Н., Қуанбаева Ж.С.</b> МЕҢГЕРІЛЕ БАЙЛАНЫСҚАН СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ.....	145
Оралбекова А. К., Караева Б. Ж., Исманбеков Ш. Б. ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ ӘДІСІ.....	149
<b>Оралбекова А. К., Алтай Н. А., Айтбаева Ж.</b> ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПРОБЛЕМНОГО МЕТОДА ПРИОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ.....	153
<b>Оралбекова А. К., Амандуллаева Г. К., Аманжол А. Е.</b> THE IMPORTANCE OF E-LEARNING IN FOREIGN LANGUAGE TEACHING.....	156
<b>Оралбекова А. К., Есболова А. Б., Әбілпаттан Ж. Б.,</b> USING INNOVATIVE TECHNOLOGIES ON THE METHODOLOGY OF TEACHING ENGLISH LANGUAGE.....	159
<b>Оралбекова А. К., Құттыбай Ұ. С., Қасымбай Д. У</b> THE COMPARISON OF EDUCATIONAL SYSTEM OF KAZAKHSTAN AND AMERICA.....	164
<b>Байымбетова Ж.А.</b> ӘДЕБИЕТТІК ОҚУДЫ ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА БОЙЫНША ОҚЫТУ.....	168
<b>Егинбаева Г. Б.</b> КОММУНИКАТИВНЫЙ МЕТОД ОБУЧЕНИЯ РУССКОМУ ЯЗЫКУ.....	174
<b>Раймқұлов Н.А.</b> АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ.....	178
<b>Садиков Т. К.</b>	

ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ.....	183
<b>Рысбаева А. Д.</b> КАК ПРЕОДОЛЕТЬ ОШИБКИ В УСТНОЙ И ПИСЬМЕННОЙ РЕЧИ.....	187
<b>Садыкова Р. И.</b> ПРОИСХОЖДЕНИЕ СЛОВ ОДИН ИЗ НАВЫКОВ ИЗУЧЕНИЯ РУССКОГО ЯЗЫКА.....	190
<b>Молдаханова Гаупар Сайдалиевна</b> ӘЛ-ФАРАБИ- ӘДЕБИЕТШІ.....	192
<b>Пазылова А.С., Әбділдаева А.Ф.</b> ҚАЗАҚ ОРФОГРАФИЯСЫНДАҒЫ КЕЙБІР ҚИЫНДЫҚТАР.....	196
<b>Пазылова А.С., Асылбек А.М.</b> БІРЫҢҒАЙ МҮШЕЛЕР АРҚЫЛЫ КҮРДЕЛЕНГЕН ЖАЙ СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ЖАСАЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (Ә.Таразидің «Тасжарған» романы бойынша).....	199
<b>Muratova M.A., Maulenkulova D.E., Alipbekova F.B.</b> PERSPECTIVES OF LEARNING ENGLISH IN THE XXI CENTURY.....	204
<b>Пазылова А.С., Әубәкір А.Т.</b> ҚАРАТПА СӨЗДЕРДІҢ СТИЛЬДІК ҚЫЗМЕТІ.....	208
<b>Маханова Г.Б.</b> ТВОРЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ ПОВЕСТИ «ДЯДЮШКИН СОН»Ф.М.ДОСТОЕВСКОГО (СЕМИПАЛАТИНСКИЙ ПЕРИОД).....	212
<b>Ж.М.Алжанова, Ф.Ш.Асли, Ж.С.Бердимуратова</b> ФОНЕТИЧЕСКАЯ ИНТЕРФЕРЕНЦИЯ В ОБЛАСТИ ВОКАЛИЗМА В РЕЧИ НОСИТЕЛЕЙ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА В УСЛОВИЯХ КАЗАХСКО-РУССКОГО БИЛИНГВИЗМА.....	217
<b>КАРШИБАЕВ И.Т.</b> МАРХАБАТ БАЙҒҰТ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЗМ.....	222
<b>Сейтмұрат Нұрсұлу</b> АБАЙТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ТАРИХЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ.....	227
<b>Тайтелиева М.А. Барысова Н.Т. Бейсенбаева А.А.</b> ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ШЫҒУ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСУЫ.....	230
<b>Ақпанбетова Мейрамкуль Сулеевна</b> ПРИМЕНЕНИЕ МЕТОДОВ И ПРИЕМОВ ГОВОРЕНИЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ.....	235
<b>Алдиярова Инзура Абдалиевна</b> К ВОПРОСАМ ПЛАНИРОВАНИЯ ЭФФЕКТИВНОГО УРОКА.....	239
<b>Әбжапбар О., Қуанбаева К С.</b> МҰҚАНОВТЫҢ «БАЛУАН ШОЛАҚ» РОМАНЫНДАҒЫ ҒАШЫҚТЫҚ ХАРАКТЕРДІҢ БЕРІЛУІ.....	244
<b>Оразғали Р.</b> БЕЙНЕЛЕУШІ ТІЛДІК ҚҰРАЛДАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ СИПАТЫ.....	248
<b>Туранова Г.К., Чингисбаева Акбота Умарбековна</b> ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУЫ- МҰҒАЛІМНІҢ БАСТЫ ҚҰРАЛЫ.....	253
<b>Мынбаева А.П., Әбжапбар О.</b> ҚАЗАҚ РОМАНДАРЫНДАҒЫ МАХАББАТ КӨРІНСІ.....	255
<b>Бегалиева Р.Н., Байырбекова Л.М.</b> ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИКТ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ПРОИЗВЕДЕНИЙКАЗАХСКИХ ПИСАТЕЛЕЙ В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ.....	259
<b>Жиеналиева Жанар Кудайбергеновна</b> ЭФФЕКТИВНОСТЬ РЕФЛЕКСИВНЫХ МЕТОДОВ И ПРИЕМОВ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ.....	264
<b>БІЛІМ КЕҢІСТІГІНДЕГІ СПОРТ, МӘДЕНИЕТ ПЕН ӨНЕРДІҢ ЗАМАНАУИ БОЛАШАҒЫ</b>	
<b>Оспанов М.Ж., Ториев А.Ш., Шегенбаев Н.Б.</b>	

ТҮЛҒАНЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМУДА ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ МӘНІ.....	267
<b>Құрбанбекова З.М., Жәукен А.Қ, Шегенбаев Н.Б.</b> МЕКТЕПТЕГІ СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	271
<b>Сейсембек Ә.Б., Бақтыберлиева И.М.-</b> БОЛАШАҚ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АЛҒЫШАРТТАРЫ.....	275
<b>Ториев А.Ш., Оспанов М.Ж.</b> ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МҰҒАЛІМІНІҢ ШЕБЕРЛІГІН ЖОҒАРЫЛАТУ ӘДІСТЕМЕСІ .....	279
<b>Рахым А.Е., Қуантай Ж.А., Шегенбаев Н.Б.</b> ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ МЕН СПОРТ САБАҚТАРЫНДАҒЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ШАРТТАРЫ.....	283
<b>Шегенбаев С.А., Құрманбай Қ.А., Шегенбаев Н.Б.</b> ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ПӘНІН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ ҮРДІСІН ЖЕТІЛДІРУ.....	287
<b>Жақсылық А.Қ., Қырықбай Б.М., Шегенбаев Н.Б.</b> ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ҮДЕРІСІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ.....	292
<b>Куленова И.М., Сырайлова Р.Т.</b> АЛЬ-ФАРАБИ И МУЗЫКА.....	297
<b>Ахметова Ж.О.</b> МУЗЫКА ПӘНІН ОҚЫТУДЫҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР.....	301
<b>Шыршикбаев Ж.Т.</b> ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІНІҢ ОҚУШЫ ТӘРБИЕСІ МЕН ДЕНСАУЛЫҒЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ.....	304
<b>Тұрысқұлов Өмірәлі Жүсіпұлы, Байқожа Ғалымжан Дәуітбекұлы, Сотов Виктор Викторович</b> БҰҚАРАЛЫҚ РАЗРЯДТЫ БАСКЕТБОЛШЫЛАРДЫҢ ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	308
<b>Тұрысқұлов Өмірәлі Жүсіпұлы, Балабеков Темирхан Туреханович, Жұматаев Ордабек Қанатұлы</b> ВОЛЕЙБОЛШЫНЫҢ ЖАТТЫҒУ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН ИГЕРУДЕГІ ПРИНЦИПТЕРДІҢ МАҢЫЗЫ.....	312
<b>Тұрысқұлов Өмірәлі Жүсіпұлы, Гайбназаров Махсуджон Октамханович, Омарова Анар Темурқызы</b> ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	317
<b>Кульбаев Сейтбек Қашымұлы, Изабаева Жазира Нургалиевна, Санау Мейірман Еркінұлы</b> ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК -МӘДЕНИ ҚҰЗЫРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БЕЛСЕНДІЛІГІ.....	322
<b>Тұрысқұлов Өмірәлі Жүсіпұлы, Мырзақұл Мейірбек Батырбекұлы, Мәуіз Мерей</b> ФУТБОЛШЫЛАРДЫ ОҚЫТУ-ЖАТТЫҒУ ПРОЦЕСІНДЕ СПОРТТЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫНДАҒЫ ТАЛАПТАР.....	327
<b>Тұрдалиев А.М., Календарева Е.Г.</b> МУЗЫКАЛЬНЫЕ СПОСОБНОСТИ КАК ИНДИВИДУАЛЬНЫЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ СВОЙСТВА ЧЕЛОВЕКА.....	331
<b>Тұрдалиев А.М., Дүйсебаев С.Б.</b> ҰЛЫ ОРЫС КОМПОЗИТОРЫ М.П. МУСОРГСКИЙДІҢ ОПЕРАЛЫ ХОР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ.....	335
<b>Асаева К.Т., Калыков А.Ш.</b> "ТҮСТАНУ" ПӘНІНЕН КӨРКЕМДІК-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ БОЙЫНША СТУДЕНТТЕРДІ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ .....	339
<b>Г. А. Бакирова</b>	



КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІНДЕ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	343
<b>М.Ж.Танирбергенов, Л.М. Умралиева</b> КӨРКЕМ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ДАМУ АРҚЫЛЫ ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ӨНЕРТАНУ ТҮСІНІКТЕРІН ЖАҢҒЫРТУ.....	345
<b>Л.М. Умралиева, А.Л Павловский, Қасмырзаев Б.Н</b> К ВОПРОСУ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ БАКАЛАВРОВ ДИЗАЙНЕРОВ .....	350
<b>Елшибекова А.Т., Узахова А.С.</b> СТУДЕНТТЕРДІ КӨРКЕМ ЕҢБЕККЕ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЕПТІЛІГІ МЕН ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ПӘНАРАЛЫҚ НАҚТЫЛЫҚ ӘРЕКЕТ ҰСТАНЫМЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ.....	354
<b>Турсынбаева Зүлфия Патаевна, Құлбаева Айнур Умирбердиевна</b> МУЗЫКАҒА ҮЙРЕТУ ҮРДСІНДЕ БАЛАНЫ ДАМУДЫҢ ЖЕКЕ БІЛІМ БЕРУ ЖОЛЫН ЖОБАЛАУ.....	358
<b>Исманова Нурсулу Ержановна, Тойманова Жамила Ермекбаевна</b> БАЛАЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӨНЕРГЕ ҮЙРЕТУДІҢ МАҢЫЗЫ.....	361
<b>Гусейнов Магомед Гусейн-оглы</b> ВОСПИТАТЕЛЬНАЯ И ОЗДОРОВЛЯЮЩАЯ РОЛЬ НАЦИОНАЛЬНЫХ СПОРТИВНЫХ ИГР.....	365
<b>Жуманов Ержан Қалдыбекович, Таштанұлы Жәнібек</b> ҮЙІРМЕ ТОПТАРЫНА ҚАТЫСУШЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАР ҮШІН ЭКСКУРСИЯ ҰЙЫМДАСТЫРЫП ӨТКІЗУ.....	369
<b>Абашева Перизат Алпысбаевна, Назарова Бағила Тажметқызы</b> ОҚУШЫЛАРДЫ ҚОЛДАНБАЛЫ ҚОЛӨНЕРГЕ БАУЛУДЫҢ ЖОЛДАРЫ .....	373
<b>Имашева Гульнара Туткабаевна, Айдарбекова Зулфима Серғалиевна</b> ДЕНСАУЛЫҚ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ САҚТАУ.....	376